

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

**ОҢДЫ
ОҢДЫ
БҮКПЕЛІК!**

(Хаттар мен сұхбаттар жинағы)



«Тоғанай Т»

2016

ӘОЖ 070.422 (045)

ҚБЖ 76.02я1

Қ 13

Қабышұлы Ғ.

Қ 13 **Оңды ойды бүкпелік!** Хаттар мен сұхбаттар жинағы / Ғаббас
Қабышұлы. – Алматы: «Тоғанай Т», 2016. 458 бет.

ISBN 978-601-7855-38-3

Автордан бір уәж: Бұл жинағыма енгізілген хат-сұхбаттардың бәрі дерлік кезінде газеттерде жарияланды. Ал бір «қызығы»: соларға сыни нысана етілген тиісті ресми орындардан, жеке шенеуніктерден келген жауап бірен-саран ғана. Қайсыбір әсіресауаттыларымыз тілінің жеткенінше қаралап, табалап жүрген кешегі Кеңес өкіметі тұсында қайдан, кімнен болсын келіп түскен хатқа бір аптада жауап қайтару талап етілген, оны елемегендерге әкімшілік шара қолдану ескертілген заңды тәртіп болып еді, өкінішке қарай, ол да тәуелсіздігіміздің талаптарына сай келмей қала берген сияқты.

ӘОЖ 070.422 (045)

ҚБЖ 76.02я1

ISBN 978-601-7855-38-3

© Қабышұлы Ғ., 2016

© «Тоғанай Т», 2016



**ЦК Компартии Казахстана
Отдел пропаганды и агитации**

По поводу фельетона «За критику – в бараний рог!» в пятом номере с. г. журнала сообщаю следующее:

Коммунист Тажибаев А. Т. вот уже четвертый год подвергается гонению за справедливую критику, и за «непослушание» воле своего начальства, о чем рассказал журнал в №7 за 1985 год («Служебный роман в окресностях науки»).

Хотя невиновность Тажибаева А. Т. доказана и его преследователи в конце концов были наказаны (обзор писем «Чудеса самокритики», №8 за 1986 г.), гонения не прекратились. В Алатауское РОВД поступили анонимные письма о его «тунеядстве», «спекуляции» и т. д., что при проверке не подтвердилось.

9 января и 28 февраля с. г. Тажибаев А. Т. обратился в редакцию журнала с новыми жалобами о преследовании его, что послужило поводом для меня написать фельетон «За критику – в бараний рог!».

Коммунист Тажибаев А. Т. четвертый год страдает только потому, что его первая жалоба в журнал «Ара-Шмель» не нашла у руководства КазНИВИ правильного понимания. Как было раньше в частых ситуациях, честь мундира для руководства института оказалось дороже истины и справедливости. И последующие рассмотрения его жалобы проводились комиссиями удивительно однобоко, без его участия, без необходимой с ним и с его недоброжелателями беседы с глазу на глаз, то-есть, судьба его жалобы решалась заочно.

С Тажибаевым А. Т. меня ничего не связывает кроме моего безразличия к судьбе честного коммуниста. Да, я абсолютно уверен в его честности и порядочности. Я ему верил и верю. Поэтому я написал последний фельетон с его слов и на основе его письменных

заявлений в редакцию и в Парткомиссии ЦК КП Казахстана. Если бы Тажибаев А. Т. был способен лгать, то он давно бы приспособился к жанузаковым, наурызбаевым и т. д., а не писал бы жалобы открыто, под своей фамилией вплоть до ЦК КПСС. Кстати, о неблагоприятных делах в Каз НИВИ пишут жалобы и многие другие. И ведь что главное, факты, указанные ими подтверждаются, что хорошо известно отделам ЦК КПК.

Мы обратились 24 апреля с. г. к руководству КазНИВИ с просьбой предоставить нам копии решения партсобрания от 18 и 24 февраля с. г., что упоминается в фельетоне. 24 мая мы напоминали им об этом, но положительной реакции не было. А когда позвонили, то последовал ответ секретаря партбюро Одаренко К. И. о том что «копии всех документов есть в парткомиссии ЦК КП Казахстана, надо будет – редакция оттуда и возьмет». Это – вообще необъяснимая позиция.

Я считаю своим долгом заявить, что Тажибаеву А. Т. нужно верить. Фельетон выслан на проверку в соответствующие органы, ответов ждем к 15 июня с. г.

Я также считаю своим долгом сообщить, что мне, как члену Союза журналистов СССР, небезразлична и дальнейшая судьба коммуниста кандидата наук Тажибаева А. Т., я и впредь буду стараться помочь ему. Как Вам известно, это в традициях партийно-советской печати: возвращаться к напечатанному до тех пор, пока справедливость не будет восстановлена.

**Главный редактор
сатирического журнала «Ара-Шмель» Г. КАБЫШЕВ.**

10. VI. 1987 г.

* * *

Түсінік. Абай Тәжібаев – Қазақ Малдәрігерлік ғылыми-зерттеу институтының қызметкері, жас коммунист. Мәскеудегі Бүкілодақтық малдәрігерлік санитария қызметі ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында үздік оқып, ғылым кандидаты атағын алған маман. Алматыға оралып, қызметке орналасқан күннен бастап білімін іске асыруда белсенділік танытқан. Мал ауруларына қарсы ғылыми негізді күрес тәсілдерін жасап, институттың оқу-тәжірибе бағдарламасына жаңалық енгізуді,

лабораториялық зерттеу жұмыстарды жандандыруды қолға алған. Бірақ мұндағы шен-шекпенділер оны қостаудың орнына кереғар әрекетті бастап, «тәжірибесі жоқ» жас маманның сөзі өтіп, аты жүріп кетуінен сескенген де, аяғынан шалуға кіріскен. Игі ісі өзінен артып бара жатқанға бата бергенді былай қойып, оған өршелене ор қазуға машықтанғандар аз емес екен, солар Абайдың орынды сын-ескертпелерін жаудың найзасындай көріп, оған қарсы тұрған. Директоры, партия, кәсіподақ және лаборатория басшылары – академик, ғылым докторы мен профессоры бар бір топ жымдасып алған да, Абайға ашық та, астыртын да «соққы беруге» кіріскен. В. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымдар академиясы Шығыс бөлімшесінің басшылары институттағы ескікөз дос-жолдастарын дереу шашбаулап, табанды жас ғалымды қоса желкелескен.

Жәбір көрген Абай тиісті орындардан араша таба алмаған соң бізге келіп, басынан кешкенді баяндап берді. Фельетон бөліміміздің меңгерушісі Владислав Маркович Караканы шақырып алып, Абай екеуін таныстырып, мәселенің арғы мәнісін бірлесіп баяндауды тапсырдым. Сөйтіп, тоқ етері: Абай үшін айқасымыз екі жылға созылды. Үш фельетон жазылды. Ақиқат жеңді: ортақ іске адал жас коммунисті ұжым мүддесіне орай әділ сын айтқаны үшін қуғындағандар: институттың директоры, оның ғылыми мәселелер жөніндегі орынбасары, партия және кәсіподақ комитеттерінің басшылары, орталық лаборатория меңгерушісі қызметтерінен босатылды.

Алайда сыбайластық – тамырын тереңге жіберетін арам шөп сияқты бір пәлекет қой, мұрттай ұшқандардың креслоларына олардың «мұрагерлері» қонжитылған екен, солар Абайдың қырсоңына түсіп, ол туралы қайдағы-жайдағы өсек-өтірікті таратып, ақырында Абай ол лас ортадан кетіп қалуға мәжбүр болды. *ҒАББАС.*

ЦК КПСС, Идеологический отдел

Редакции газеты «Правда»

Редакции газеты «Известия»

Редакции «Литературной газеты»

Уважаемые товарищи!

Плюрализм – хорошее дело. Гласность еще лучше. Но когда они извращаются безбожно, превращаются в гнусные сплетни, как их надо называть? Под лозунгом демократии кто-то лично кого-то, даже целый народ, оскорбляет, под флагом того же плюрализма и той же гласности превратив демократию в идиотизм. Тогда как же – перед ним пусть всегда горит зеленый свет!

Прошу Вас прочесть в журнале «Молодая гвардия» бредовые беседы какого-то Н.Кузьмина под заголовком «От войны до войны» (7-8 номера за 1989 год) и дать свою оценку, причем на страницах печати.

Редактор журнала А.Иванов, как мне кажется, собирает себе «команду» из числа тех, кто считает нормальным, грамотным человеком только себя и Н.Кузьмина. Если это будет продолжаться, журнал в недалеком будущем станет вместо «Молодой гвардии» «Белой гвардией!»

Габбас КАБЫШЕВ,
журналист-писатель.

Казахстан, г. Алматы. 19.09.1989 г.

Президиум XVII съезда Компартии Казахстана
от Габбаса КАБЫШЕВА,
члена КПСС с 1963 года

Есть ли у нас справедливость?

Наивный вопрос? Может быть.

Если говорить вообще: справедливость есть, но в отношении кого, то есть, кто ищет эту справедливость, кто он, кому кем приходится. В действительности так, во всяком случае – из фактов, лично мне известных, о чем я упомяну в своем настоящем письме ниже.

Как многие руководители до сих пор на собраниях, в печати, по радио и телевидению умно, горячо, солидно заливаются соловьем насчет справедливости, правды, гласности, перестройки и т.д., а на самом деле, как во времена застоя, остаются непревзойденными болтунами, трепачами, притом абсолютно глухими на просьбы,

страдания и боль других! Именно они таким образом доводят незаслуженно обиженных, оскорбленных высокостоящими чиновниками честных тружеников до крайнего шага вплоть до высылки своего партбилета в ЦК КПСС или до самоубийства, тем самым опорочив Ленинскую партию!

Я не собираюсь высылать свой партбилет или застрелиться, чтобы не оказать слишком большой чести тем лжекоммунистам, которые, используя свои служебные положения, преследовали меня.

Вот что случилось со мною.

В 1983 году бюро ЦК КП Казахстана утвердило меня главным редактором республиканского журнала «Ара-Шмель». От этой должности я был освобожден в ноябре 1987 года, когда пребывал на больничном листе во время трудового отпуска. Зав.отделом пропаганды и агитации ЦК А.Устинов вынудил меня написать заявление об уходе «по собственному желанию», потому что я не старался угодить ему и его патронам, опубликовав в журнале ряд критических материалов, больно задевающих их близких, друзей.

К примеру:

1. В первом номере за 1986 год был напечатан фельетон «История без конца» о стяжательстве первого секретаря Каменского РКП Уральской области Г.Шамшаевой, в результате она была освобождена от занимаемой должности.. А в процессе подготовки номера зам.зав. отделом К.Дуйсеев затребовал к себе гранку материала и велел снять его с полосы. Я не согласился. Тогда он собственноручно убрал «лишние» факты, в том числе фамилии секретаря и двух завотделами обкома КП, которые делали нажим на спецкорра журнала, стараясь его запугать. Спецкорром являлся В.Дмитриев, который и ныне работает в редакции журнала «Ара-Шмель». (Служебный телефон – 63-69-74).

2. Перед открытием XXVII съезда КПСС то же Дуйсеев звонил мне и передал команду секретаря ЦК З.Камалидинова из Москвы, чтобы я снял из находящегося в производстве номера материала по министерству геологии. Я снова оказался непослушным. Позже Камалидинов, выражая свое недовольство, внушал мне, что не вся-

кая критика полезна, что я «не подчиняюсь ЦК». То, что они требовали снять, было официальным ответом Мингео СССР на наш опубликованный фельетон «37 тысяч рублей премии – за приписки». В ответе сообщалось, что журнал выступил правильно, коллегия Мингео Союза постановила отозвать присужденное Мингео Каз.ССР переходящее Красное Знамя и премию в сумме 37.000 рублей. Министр С.Шакабаев отделался выговором и после ушел на пенсию, а гендиректор объединения А.Джакелов был пересажан с одного кресла в другое. Проявившего инициативу в разоблачении очковтирателей главбуха объединения В.Скрипника по сфабрикованному обвинению сумели осудить на 8 лет! Лишь благодаря вмешательству «Литературной газеты» Скрипник был полностью реабилитирован. Однако те, кто сфабриковали «дело», остались «неизвестными», только кое-кто из второстепенных были «наказаны». Это ли справедливость?!

3. После выступления журнала за разгон неугодных им кадров опытных, честных специалистов по туберкулезу и бруцеллезу животных – были освобождены от своих должностей: директор, зам. директора по научной части, парторг, перед.профкома, зав.лабораторией КазНИВИ ВО ВАСХНИИЛа. Но чиновники за «вынос сора из избы» начали преследовать коммуниста, молодого ученого, редкого специалиста, кандидата наук А.Тажибаева и добились его увольнения. Тажибаев вот уже пятый год не может устроиться на работу по своей специальности – срабатывает круговая порука. (Номер домашнего телефона А.Тажибаева – 24-71-34). Это ли справедливость?!

4. Журнал защищал А.Мамаева – главврача Первой Алма-Атинской горбольницы от необоснованных обвинений со стороны горздрави, Алма-Атинского обкома КП. Те, кто очернили врачановатора по чьим-то подсказкам, добились его увольнения, несмотря на справедливое решение нарсуда, хотя сами... сами же через некоторое время были осуждены за воровство, пьянство и другие аморальные поступки! А.Мамаев пострадал, стал без вины виноватым! Это ли справедливость?! (Домашний телефон А.Мамаева – 39-04-17).

5. «Ара-Шмель» раскритиковал самоуправство и порочный метод работы Министра здравоохранения М.Алиева. После первого фельетона «Будь здоров, минздрав!» (апрель 1987 г.) меня пригласили в отдел ЦК В.Срыбных и дал мне прочесть справку «О серьезных ошибках на страницах журнала «Ара-Шмель» (если не забыл), где не было никакого факта, о чем я сказал тогда же Срыбных. А после второго фельетона «Тайна, покрытая браком» (август 1987 г.) зав.отделом ЦК Устинов ознакомил меня с проектом решения Секретариата ЦК о моем освобождении от работы «за серьезные ошибки». Странно! Факты фельетонов подтверждаются, виновные наказываются и... главного редактора вынуждают уйти прочь!.. Устинов сказал буквально следующее: «вы стали неуправляемым, вас освобождаем на бюро, вопрос согласован с товарищами Колбиным и Камалединовым!» Я ответил: буду законно использовать свой трудовой отпуск за этот год, а потом сам уйду... Устинов подумал, согласился, но предупреждал: «Напишите, что вы не справляетесь со своими обязанностями, что вам трудно, что вас много критикуют». При этом присутствовал зав.сектором печати отдела Р.Адуов. А.Устинов, видимо, забыл, что недавно только аттестационная комиссия ЦК под его же председательством единогласно аттестовала меня. Вскоро он же, от имени Камалиденова, предлагал мне пойти, как он выражался, «на повышение» – директором в издательство «Мектеп», позже – редактором газеты «Алматы акшамы», главным редактором журнала «Денсаулық-Здоровье». Но я отказался, мотивируя тем, что я, как старик, работаю по своей профессии, большая зарплата – для меня не цель и не мечта.

Задержанный до невозможности как отделом ЦК, так и анонимными письмами, телефонными звонками на работу и домой со всякими угрозами, я 1 сентября 1987 года просился на прием к Колбину Г.В. «Только после Нового года», – ответил его помощник. Тогда я письменно обратился к Колбину, подробно изложил о том, что меня вынуждают уйти от занимаемой должности. Обращался дважды. Однако никакого ответа не было. Это ли справедливость и чуткость партийного руководителя?!

Разумеется, если бы я не написал заявления об уходе «по соб-

ственному желанию», они легко нашли бы способ заставить меня. Хотя бы на основании постановления ЦК КП Казахстана (март или апрель 1987 г.), где черным по белому было написано о том, что «коммунист, отказавшийся от предложенной работы, исключается из резерва и используется рядовым по специальности». Отражение командно – бюрократического стиля работы! Я трижды отказался от «повышения!». И мне не хотелось испортить биографию не как номенклатурному кадру, а как коммунисту, из-за прихотки чиновников.

Тем более мне было ясно давно, что сотрудникам отдела сверху поступило задание избавиться от «непослушного Кабышева». Например, тот же Р.Адуов после очередного вызова к Устинову признался мне: «Габеке, Вас хотят изолировать, мне дали понять, сами же знаете, – сказал он, – что я могу делать, вы меня извините». А зам.зав.отделом А.Каирбаев запретил выдать мне премиальную за II квартал 1987 года, наложив на ведомость издательства ЦК визу: «...за серьезные ошибки в 4, 5 и 6 номерах журнала. Главный редактор предупрежден». Что за ошибки? Когда он предупреждал меня? Этого, наверное, он и сам не знает, потому что в данном случае он, Каирбаев, действовал вслепую, по указке сверху.

В связи с этим я прошу, уважаемый Президиум, уточнить приведенные мною эти факты относительно поведения Устинова, Срыбных, Каирбекова ко мне, и, надеюсь, что совесть члена КПСС не позволит им отрицать все, что я пишу; в этом случае мой единственный свидетель – их совесть.

Таким образом, я стал жертвой тех, кто только на словах за справедливость, за гласность, за перестройку, а на деле действуют по принципу времен застоя: «Не смей трогать меня и моих!».

В своем заявлении об освобождении от занимаемой должности «по собственному желанию» я, конечно, не писал того, чего требовал Устинов, а ссылаясь на неважность своего здоровья, чтобы было убедительнее. В противном случае камалиденовцы-устиновцы могли со мною поступить так, как они поступили с главным редактором журнала «Билим жане енбек» А.Сейдимбековым (домашний телефон – 53-58-96). Ему в отделе ЦК было сказано: «Или уходишь

по своему собственному желанию или будешь снять с выговором и по линии комсомола и по линии партии!»

Камалиденовцы так же заставили уйти «по собственному желанию» от занимаемых должностей: писателей Саина Муратбекова, Мухтара Магауина, Софы Сматаева, Бексултана Нуржекеева, Аскара Егеубаева, еще бесчеловечнее – Жумагали Исмагулова, Мамадиярова Жакыпова и других. Просил бы Президиум обратить свое внимание и на эти факты.

Камалиденово-устиновцы действовали открыто, нахально. Например, вышеуказанный Р.Адуов дважды звонил мне домой 16-17.09.1987 г., передал требования Устинова немедленно принести заявление об освобождении, что мой вопрос будет рассмотрен 19.09.1987 г. на бюро ЦК, если я откажусь. Думаю, он не будет отрицать и этого.

Я, начиная с письма на имя Колбина, обратился почти во всевозможные инстанции, однако не получил ни одного ответа, так же не было никакой основательной проверки. Догадываюсь, что все мои письма вернулись тем, кто преследовал меня, а они отвечали всем трафаретно: «Кабышев освобожден по собственному желанию».

Уважаемый Президиум партийного съезда!

Я твердо надеюсь, что с Вашей помощью, наконец, будет услышан мой голос, восторжествует справедливость и я буду восстановлен на своей прежней должности главного редактора журнала «Ара-Шмель», чтобы и дальше честно, принципиально, как всегда, исполнять своей долг. Мне до пенсии еще осталось пять лет.

Коротко о себе: член КПСС, сатирик, окончил факультет журналистики КазГУ; член Союза журналистов СССР с 1959 года; член Союза писателей СССР с 1974 года. После года и двух месяцев хождения без работы «благодаря заботе» камалиденовцев, я в январе 1989 года устроился на работу в Главной редакционной Коллегии по художественному переводу и литературным взаимосвязям Союза писателей Казахстана, который меня не удовлетворяет по своему характеру (сугубо переводческая служба), но я был вынужден, чтобы не оказаться в более трудном материальном положении.

Последнее. В конце марта сего года коммунисты (140 человек) Союза писателей на альтернативной основе избрали меня секретарем парткома. Это – высокая честь, которая отвечает на вопрос: «Кто такой Кабышев?» Но все же мне хочется, как любому нормальному человеку, а не как карьеристу, поработать по своей жизненно важной профессии, творчески.

Желаю Вам плодотворную работу!

05.06.1990 г.

(От автора: президиум съезда никак не реагировал. А второго, последнего, экземпляра упомянутого здесь письма к Колбину взял у меня тогдашний заведующий корпунктом газеты «Правда» – фамилию уже не помню – и, как говорится, с концом.)

**Главному редактору «Литературной газеты»
тов. Ф.БУРЛАЦКОМУ**

Уважаемый Главный редактор!

Примите мое поздравление: я – один из тех, кто искренне обрадовался завоеванной независимости нашего главного литературного еженедельника!

Если «ЛГ» действительно становится свободной трибуной писателей и всей интеллигенции страны, то я надеюсь на то, что мое настоящее письмо не останется без должного внимания, как не редко было прежде. Я, изгнанный от должности главного сатирического журнала «Ара-Шмель» чиновниками республиканского аппарата в 1987 году, в 1988 г., дважды обращался «ЛГ» с просьбой защитить честь члена СП СССР, но мне никто из редакции не ответил ни устно, ни письменно.

Еще раз приветствую акт свободы «ЛГ», чьим читателем я являюсь вот уже больше 20-лет!

Но меня теперь настораживает: как бы наш еженедельник не превратился в трибуну нежелательных кривотолков, усугубляющих и без того напряженные вопросы, в том числе межнациональный. Потому что в номере газеты от 18-сентября с.г., в статье писателя Солженицына А.И. «Как нам обустроить Россию» есть вот такое резюме о Казахстане: «...Сегодняшняя огромная его террито-

рия нарезана была коммунистами без разума, как попада: если где кочевые стада раз в год проходят – то и Казахстан... А составлено он – из южной Сибири, южного Приуралья да пустынных центральных просторов, с тех пор преобразенных и восстроенных – русскими, зэками да ссыльными народами...»

Мне думается, что этот писатель в вопросах Востока, кстати, его вообще не касающихся, не намерен смотреть дальше горизонтов последних 70-лет. Если бы он смотрел, то увидел бы абсолютно противоположную его туманному воображению картину. Например: учеными из разных национальностей, разного времени подчеркнута, что на сегодняшней территории Казахстана в черте эпохи бронзы жили саки – предки древнетюркских народов, а в VII-VIII веках она являлась составной частью Западно-Тюркского каганата. Доказать обратное – это просто неграмотная забава. Я нисколько не сомневаюсь в том, что Солженицын, поскольку он считает себя и историком, наверное имеет достаточное сведение о знаменитой «Круглой карте мира» великого ученого Востока Махмуда Кашгари (XI-век), где четко обозначены топонимы, этнонимы тогдашней территории Восточного Казахстана, Западного Казахстана, Семиречье и т.д. Может быть, Махмуд Кашгари по «неопытности» своей упустил, когда появились там зэки и ссыльные народы?

Я, как писатель и как журналист, крайне удивлен, откуда у А.Солженицына такое нежелательное, ненормальное пренебрежение к истории малых народов? Неужели от того, что и его палачом был представитель малочисленной Грузии?

У казахов есть одна пословица, смысловой перевод которой гласит: «Если ты возвысился своим умом, пусть он остается тебе другом!» Прошу Вас, уважаемый Главный редактор, передать это через «ЛГ» Солженицыну!

Габбас КАБЫШЕВ, писатель.

Алма-Ата, Казахстан.

24 сентября 1990 г.

**Редакции газеты «Правда»
лично товарищу И.ФРОЛОВУ**

Уважаемый Главный редактор органа ЦК КПСС!

К Вам, как к новому руководителю редакции, я пишу первый раз. Буду откровенен: я решил больше никогда не обращаться в редакцию газеты «Правда» и никогда больше не выписывать эту газету.

Сам я – журналист с солидным стажем, хорошо знаю кухню газет и журналов.

За смелую, правильную критику на страницах республиканского казахско-русского сатирического журнала «Ара-Шмель» меня в 1987 году Отдел ЦК КП Казахстана освободил от занимаемой должности Главного редактора «по собственному желанию», после чего я куда только не обращался с просьбой разобраться в произволе местных чиновников. В редакцию газеты «Правда» тоже. Никогого ответа.

Что можно сказать после этого? Если крик души коммуниста не будет услышан главной газетой партии, то как это можно расценивать?!

Я абсолютно уверен в том, что не один, не десять коммунистов отказались выписывать бездушную «Правду» именно после таких случаев, а тысячи. «Ну и что? – наверное, скажет обыкновенный чиновник из редакции. – Нас – немного, а писем – тысячи!» Так обычно говорят бестолковые продавцы овощных ларьков: «Я – один, вас – много!».

Я прочитал Ваше «Слово к читателю» («Правда», 30.11.90), что и явилось поводом для меня, чтобы написать настоящее письмо. «К числу важнейших своих задач газета относит социальную защиту человека...» – пишите Вы. Эту защиту ищу и я вот уже три года. Жду от Вас ответа.

Габбас КАБЫШЕВ, писатель-коммунист.

Алма-Ата, Казахстан.

19.XII.1990 г.

**Главному редактору «Литературной газеты»
тов.Ф.БУРЛАЦКОМУ**

Уважаемый Главный редактор!

Я с большим вниманием и интересом прочитал статью «Человек из обоймы» В.Янелиса, Ж.Миндубаева, А.Самойленко и получил большое удовлетворение – наконец-то о Колбине сказано, притом правдиво то,, что у нас было известно только в узком кругу высшего эшелона.

Разумеется, что «ЛГ» не нуждается в защите от ее критиков разных мастей. И все же я – член СП СССР – хочу сказать пару слов в ответ на статью. В Кожемяко, опубликованную на странице газеты «Правда».

Автор статьи «Спросим себя, коллеги» пишет: «...Дело в том, что речь шла о человеке, который, без преувеличения, известен всей нашей партии, да, пожалуй, и всей нашей стране...». А у меня возник закономерный вопрос: чем же «без преувеличения» известен Колбин всем советским людям? Чем он был известен у нас, в Казахстане? Программой «Жилье-91»? Ведь он ради своего престижа использовал все свои возможности, подключил все свои связи, чтобы получить стройматериалы, средства и т.д. Добивался. И добился. По всей республике стали городить крупнопанельные «коробки-близнецы». В темпе работали год, два. А потом? Иссяк пятилетний фонд стройматериалов, средств! У Колбина же не было своего «бездонного» фонда, полученного по наследству от предков?! Таким образом, с фанфарами начатая громогласная кампания «Жилье-91» превратился в фикцию, как и затеянный им же продовольственный вопрос. Ну и пусть! Колбин «сделал свое дело и ушел смело», так сказать – досрочно! И «стал известен всей нашей партии, да, пожалуй, и всей стране» благодаря настойчивости М.С.Горбачева, чудом протащившего его (да, видела вся страна!) в кресло Председателя комитета народного контроля СССР, вместо того, чтобы отправить на пенсию.

Уважаемый тов.Кожемяко! Ваш Колбин стал известен не только в Советском Союзе, но и всему миру. Разрешите уточнить – благодаря чему? Благодаря тому, что первое в нашей стране демократи-

ческое выступление молодежи в декабре 1986 года в г.Алма-Ате он и иже с ними подавили зверски! В этом вопросе Вы, оказывается, придерживаетесь точки зрения тогдашнего Политбюро ЦК КПСС, скоропалительно навесившего имперский ярлык на весь казахский народ, обвинив его в махровом национализме. Вы когда-нибудь слышали или читали о том, чтобы целый народ был назван агрессором, фашистом, даже если народом правили нероны, гитлеры? А постановление ЦК КПСС, на которое Вы с большим удовлетворением ссылаетесь, оно ведь аннулировано в начале 1990 года самим ЦК КПСС как ошибочное! Не верится, что это Вам неизвестно. Наверное, Вам «неизвестно» и то (несмотря на объяснение «ЛП»), что что казахская молодежь тогда, в декабре 1986 года, требовало назначить Первым секретарем ЦК КП Казахстана хотя бы своего земляка-русского, например, Мирошхина или Демиденко, знающих историю, культуру, быт и традицию казахского народа.

Кстати, поведаю Вам об одном случае. Завотделом ЦК КПСС Разумовский Г.П., привезший Колбина в Казахстан, увидив в Госмузее нашей республики казахскую юрту-экспонат «предложил», вернее, потребовал убрать ее, поскольку, как он определил, «она была жильем феодалов». Конечно, его требование тут же было поддержано сопровождающим его Колбиным. Я уверен, что ни Мирошхин, ни Демиденко не поддакивали бы «высокому гостю», потому что они знают, что такое юрта.

Другой случай. Одним из авторов фразы «казахский национализм» был член Политбюро Соломенцев М.С. Он тогда попросту свел свои счета с Кунаевым Д.А. Будучи вторым секретарем ЦК КП Казахстана, Соломенцев однажды попался в неприглядных амурных проделках, за что бы изгнан из республики! Логично – под слепорожденным постановлением ЦК КПСС красовалась и его подпись.

Тов. Кожемяко, Вы пишете по поводу восторга Вашей знакомой журналистики из АПН (вообще, журналистам нашим давно пора отказаться от страдного приема – употребления дешевой фразы: «один знакомый», «один товарищ», «один из читателей»... сказал, говорил, сообщил, звонил и т.д.). Да, Колбин сумел произ-

водить впечатление и на нас. У него богатая практика, незаурядные способности для того, чтобы показать себя демократом, простым собеседником, задушевым, веселым человеком, скромным партруководителем. Он – своеобразный артист на сцене жизни, хотя на самом деле совсем не тот, за кого себя выдает. Приведу два примера. Первое. Он в 1987 году дважды встречался с нами, с писателями, в Алма-Ате и оба раза навязывал нам свою сладкую ложь о том, что якобы он в самом начале декабрьского волнения на площади пригласил Кунаева в ЦК и просил его выступить перед молодежью, а тот категорически отказался. Теперь же стало известно обратное: Кунаев по приглашению тогдашнего второго секретаря ЦК КП Казахстана Мирошхина О. С. приехал в ЦК, его два часа продержали в приемной, потом объявили ему: «Вы свободны, Вас отвезут домой» – Колбин даже не встречался тогда с ним. То есть, Колбин не брезговал неправдой и лгал безбожно. Второй пример. В номере газеты «Правда» от 24 апреля 1988 года было интервью корреспондентов Г. Дильдяева и Т. Есильбаева с Колбиным, в котором на вопрос по поводу жалобы коммуниста Абая Тажибаева, страдавшего за справедливую критику чиновников-очковтирателей из Восточного отделения ВАСХНИЛа, Колбин ответил, что он слышит об этом впервые, что он разберется. Таким образом, он дважды обманывал читателей «Правды». Он прекрасно был осведомлен о деле Тажибаева. Я сам лично в своих письмах от 1 сентября и 15 ноября 1987 года писал ему о мытарствах честного, молодого ученого. Первое свое письмо я лично отнес помощнику Колбина – Такуову К.Ж. Предположим, что мои письма, а также первые письма и телеграммы Тажибаева не дошли до него, а принародно врученное Колбину в зале заседания Союза писателей Казахстана в июле 1987 года самим Тажибаевым письмо неужели тоже «не дошло?» Понятно, и после интервью по жалобе Абая Тажибаева опять не было никакого разбирательства. А вышеупомянутые парткорреспонденты хорошо знали о мытарствах Тажибаева, однако, несмотря на неоднократные его обращения к ним и в редакцию, журналисты «Правды» не желали заниматься «мелкими вопросами».

Тов. Кожемяко, Вы пишете: «...Но дело в том, что Колбин, как он мне сказал, ни одного дня не жил в этой квартире, узнав, во сколько обошелся ремонт». Неужели он раньше не мог дать указание, чтобы ему подыскали скромную квартиру или проконтролировать через помощников, как ту ремонтируют? Да, и мне известно, что он «в этой квартире» не жил, а жил на даче из 11 комнат в урочище Медеу, потому что каждый день – утром и вечером – по проспекту Ленина мчалась его машина – спецлимузин в сопровождении воюющих автомашин караульной службы и ГАИ. Правда, тогда мы не знали о том, что Колбин в той даче велел сделать пристройки для своих двух десятков кур и для выгула любимых собак.

Тов. Кожемяко, в своей статье Вы даже словом не обмолвились и о правдивости или выдумке фактов по поводу переезд колбиных из Ульяновска в Алма-Ату. Молчание – знак согласия? Значит, «ЛГ» права и в том, что груз колбиных от аэропорта в центр города был доставлен на 12 военных грузовиках. Жена Колбина, его дочь, трое внуков с двумя собаками прибыли спецсамолетом! И все расходы взяла на себя партийная касса, поскольку Колбин – «лицо казенное и переезжал по казенной надобности». Может быть, его груз вместимостью в 12 грузовиков, перевезенный с спецсамолетом тоже казенный? И возникает у меня предательский вопрос: может, покупка такой обстановки в свое время тоже оплачивалась казной, так как, по моему соображения, на нее вряд ли хватило бы всей его «ульяновской зарплаты», да предыдущей тоже?! Может быть, дочь Колбина – тоже «казенное лицо», притом архиважное, поскольку она всегда с тремя своими детьми следует за отцом и везде получает, притом – моментально, трехкомнатную квартиру, будь то в Ульяновске, в Алма-Ате, а сейчас – в Москве (пожалуй, не исключение и Тбилиси)?

Кстати, мне пока неведомо, каким образом и каким путем да на каком виде транспорта колбины переехали из Алма-Аты в Москву и какова вместимость их грузов. Ведь Казахстан – не Ульяновская область, возможностей-то было поболее?!

Ну, с каким «моральным грузом» Колбин переехал в Москву, этого ни один статистический центр мира не в силах высчитать!

Используя декабрьские события 1986 года в Алма-Ате, Колбин и по своей инициативе, и по поддакиванию местных холуев, по поддержке друзей из ЦК КПСС поломал тысячи молодых жизней, притом не только казахов (многие казахи срочно были уволены из органов КГБ, МВД и т.д. «за сочувствие хулиганствующей экстремистской молодежи!») В самом ЦК КП Казахстана вместо семи прежних отделов из 15-ти только в одном оставлен заведующим казах). В результате проводимой Колбиным имперской политики между казахами и русскими, веками жившими в дружбе и родстве между собой, появились недоверие, подозрительность, искусственное шовинистическо-националистическое раздражение. Особенно среди молодежи, что сильно беспокоит всех нас, казахстанцев.

При Колбине казах негласно считался второсортным, в республиканской печати, в статьях колбинцев дежурила фраза: «махровый казахский национализм!»

И после всего этого Колбин считает себя нормальным человеком? После всего этого «Правда» берет его под свое крыло, считая «без вины виноватым?» На Колбина возведена напраслина и он оклеветан? Как этот казус напоминает «Правду» времен вседозволенности!

Что касается корреспондента «ЛГ» по Казахстану тов. Самойленко А.П., то я знаю его как честного, трудолюбивого журналиста, вдумчивого писателя. Я абсолютно далек от мысли, что Александр Павлович является беспринципным, неразборчивым в своих суждениях, хотя некоторые с поразительной «проницательностью», причем заочно, думают именно так.

Габбас КАБЫШУЛЫ.

24.12.1990 г.

Уважаемый тов. КАБЫШЕВ Г.!

Благодарим за мужественное и честное письмо, защищающее доброе имя «ЛГ» и ее представителя в Алма-Ате. Редакция получила очень много писем по поводу публикации «ЛГ» и «Правды». К счастью, большинство читателей солидарны в своих оценках с Вами.

Мы не намерены вступать в полемику с «Правдой», потому что глухой все равно никогда не услышит крика.

Еще раз спасибо за поддержку, желаем всего самого доброго!

**В.ЯНЕЛИС, зам.редактора отдела
Общественно-политической жизни «ЛГ».**
06.03.1991 г.

ЖАҢСАҚ ШКІРДІ ЖАЯ БЕРМЕЛІК!

Бекежан Тілегеновке хат

Қадірлі БЕКЕ!

«Жас алаш» жариялаған «Кісілік пен кішілігінді» («ЖА» 18, 21 сандары) оқып шыққан соң, осы бір арнау хатты жазғанды жөн көрдім. Себепші – жұртта қалуға тиіс жаңсақ пікірді жантәсілім халінен арашалап, алдына алып, аузына су тамызғаның. Бұл жазбаңның бісмілләсінде айтқаныңды: «е, ондаған жылдар бойы көсемдеріміз де, көсемшілдеріміз де жатқа соққан, әйтпесе ұпайы түгенделмейтіндей күдіктеніп жүретін күйдің көрінісі шығар, партиялық қызметте – «көсегесі көгерген» Бекежан да ол күйден арыла қоймаған-ау!» – деп жеңіл қабылдай салып едім. «Орыс халқының ұлы халық екеніне ешкімнің дауы жоқ», деп бәріміз үшін үзілді-кесілді тұжырым жасағаныңды айтып отырмын. Ол халықтың мінез-құлқындағы оң мен терісті ой таразысына сала білуді аңғартқаныңа да иек артып, әлібіңнің артын баққанмын да. Олардың ең зиялы дегендерінен зиялылық көре алмағаныңды әңгіменің барысында баса айтсаң да, сөзіңнің соңында, сірә, қателесіп кетуден сақтанғың келген болар, «Әрине, орыс халқының ұлылығына шүбә келтіре алмаймыз», деп бәріміз үшін және бір қосымша тұжырым жасапсың (газеттің 9-ақпандағы санында).

Әу бастағы жеңіл қабылдауымды қайтып алмасқа амалым қалмады. Бірнеше романның бояуы әлі кеппеген «Тұйық өмірдің құпиясы» толғауының авторы Бекежан Тілегенұлы: «Иә, иә! Әрине ұлы ғой, ұлы!» деп қайталай берсе (басқалар аз болып жүргендей!) жас оқырмандарымыз ойланудан қалар, «тақпақты» жаттай түсер, ал өйтудің қажеті жоқ, жас оқырман оң мен солын тезірек танысын, танығанда бықсық ұлтшыл болмай, бірегей ұлтжанды бо-

лып өссін, осыны айту – адами парызым деп білдім. Ұлтжандылық, яғни ұлтынды сүю жөнінде, Беке, сөзіңнің соңында өзің де орынды айтқаның, әне, оныға мен шүбә келтіре алмаймын.

Енді, өзіңнің ыңғайыңа қарай, осы «ұлы» сөзіне қатысты бір естелік ұсынсам, «Жас қазақ» оқырмандары артық екен дей қоймас.

«Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында қызмет істеп жүрген кезім-ді. Бірде газет шығару кезекшілігінен кештеу босап, үйге автобуспен қайтудан күдер үзіп, такси ұстадым. Жүргізушісі Ленин даңғылымен көтеріліп, Абай ескерткіші маңынан бір досын ала кетуге тиіс екенін ескертті. Келістім. Досы әскери адам болып шықты, жасы елуден асқан орыс, подполковник. Жүргізушінің жанына жайғаса бере артқа маған бұрылып қарады да, орындықтың арқалығына артқан қолымен мәшиненің көше жақ терезесін нұсқағандай түсініксіздеу ишарат жасап:

– Жас жігіт, анау тұрған дәу ескерткіш кімге орнатылған? Ол кім өзі? – деді (сұхбатымызды қазақ тілінде келтірейін, жеңіл тисін). Оның үнінен бір сызды аңғардым да, «сыздасудан» бой тартпай:

– Подполковник жолдас, аты-жөніңіз қалай, айтып жіберіңізші, әңгімелескенімізге ыңғайлы болсын, – дедім.

– Сергей Сергеевич! – деді ол, саландаған қолын жинап алып, маған бұрылыңқырай түсіп. Дауысы нығыз шықты. Мен аты-жөнімді айттым.

– Пушкиннің әкесімен аттас екенсіз, олай болса, егер ренжімесеңіз, айтыңызшы, сізге Пушкиннің қай шығармасы ерекше ұнайды? – дедім.

– Бәрі де ұнайды!

– Дегенмен?

– Бәрі де ұнайды, бәрі де! Пушкин – ұлы ақын!

– Білемін. Оны бізге Абай Құнанбайұлы айтқан. Абай – біздің ұлы ақынымыз. Ол Пушкиннің, Лермонтовтың өлең-дастандарын қазақ тіліне аударған. Пушкиннің Татьянасына қазақша ән салдырған...

– «Ән салдырған?» Ол қалай? Қалжыңыңыз қызық екен?! – деп подполковник сезіктене, сенімсіздене сыздаңқырады. Мен

Абайдың аудармашылығын қысқаша айтып бердім де:

– Сіз жаңа жәйін сұраған ескерткіш сол Абайға орнатылған, – дедім.

– Ол Пушкиндей ұлы ақын емес болар, Пушкин – ерекше ұлы ақын! Ол мүлде ерекше! Нағыз ұлы адам! – деді подполковнигім, дауысы таксиге симауға айналып. Өзінің сиып отырғанына іштей аз-маз таңдандым да:

– «Ұлы» деген сезді Пушкинге қатарынан неше айтуға болса, Абайға да сонша рет айтуға болады, – дедім.

– Ұлы адам ұлы халықтан туады!

– Әлбетте.

– Дүние жүзінде үш-ақ ұлы халық бар, олар: орыс, үнді және қытай. Бұл – тарихи факт.

– Қытайды ұлы халықтың тізіміне кіргізбеуші едіңіздер...

– Ол әлгі Хрущевтың ақымақтығынан болды!

– Сіз «ұлы» деген сөзді жақсы көреді екенсіз, сонда оны қай мағынасында түсінесіз, қай мағынасында айтасыз?

– Мен тек тура мағынасында қолданамын.

– Оныңыз қате. «Ұлы» сөзі халықтың жаратылысына қатысты емес, «көп», «мол» деген мағынаны да білдіреді. Санға қатысты.

– Мүмкін емес! Сонда қалай, жас жігіт, сен орыс халқын шын мәнінде ұлы халық дегенге шүбәлісің бе?

– Сергей Сергеевич, сізге бір сұрақ: әлгі Хрущев деген ақымақтың кесірінен біз ғой Қытаймен және Албаниямен араздасып тындық. Қазір Қытаймен соғысып қалмасaq жарар еді деп қалтырап жүрміз...

– Соғыстан құдай сақтасын, ол сұмдықтың сұмдығы болар еді! Әрі дәл іргемізде, әрі бір миллиард халқы бар! Құдай сақтасын!

– Албания ше?

– Ой, соның қай жақта екенін де ұмытып қалдық емес пе?!

– Егер Қытай мен Албанияның орындары ауысқан болса, яғни біздің іргемізде бір миллиард халқы бар Албания тұрса, ал бір миллиондай ғана халқы бар Қытай анау алыста жатса, екеуімен қазіргідей жаулық халде болсақ, онда біз қайсысынан қауіп күтер едік?

– Әрине, Албаниядан! Албаниядан!

– Солай ма?

– Жас жігіт, есінде болсын: бір миллиард халықпен қылжақтасуға болмайды!

– Демек, халықтың қуаты санында екенін жоққа шығаруға болмайды, ал қуатсыз халықты «ұлы халық» деу қисынға келмейді, – деген сәтімде подполковнигім таксисті иыққа түйіп қалып:

– Костя, ей, ей! Жетіп қалыппын ғой, тоқтат! Ертең түске таман хабарласарсың, күтем, салют! – деді де, тоқтаған машинеден түсіп кете барды. Подполковник басымен маған тым құрыса «сау болыңыз!» деген де жоқ...

Міне, Беке, «ұлы» деген сөзді тек тура мағынасында түсіну, оның бір халыққа, ол халықтың тіліне қатысты шынайы мағынасын түсінгіміз келмеу дәл осындай жарымжан жағдайға ұрындырды. Кешегі Кеңес Одағын «ұлы орыс халқына», «ұлы орыс тіліне» табыну сияқты дерт – рухани дерт жайлады. Ол билеп-төстеушілер қолдан жасап таратқан кесапат болатын. Сендерге бұл халықсыз күн жоқ, бұл халықтың тілінсіз жол жоқ деді де, соны шеңгелдеп отырып жүзеге асырды. Одан арылуымызға әлі талай ғұмыр керек. Бірақ арылатын боламыз. Бүгінгі дербестік тіршілігімізде біздің жас ұрпаққа ең алдымен шет елдермен кең байланыс үшін ағылшын, қытай, түрік, француз, неміс, жапон тілдерінің ең керегін білу – міндет. Ал, орыс тілі жасанды жүлделі орынынан ығысатын болады, бұл – заңмен күштеп жасалатын жәйт емес, өмір өзгерісі іске асыратын, болмай қоймайтын жәйт. Мұны орыс жолдастарымыздың тереңірек ойлайтындары қазірдің өзінде мойындап, құптап отыр және олар екі жүз елу миллион халқының тірлігіне, тарихына, тіліне ешқашан ешқандай қауіп-қатер болмайтынын бек жақсы біледі: білгісі келмейтін сергей сергеевичтер, петрушенколар, устиновтар, срыбныхтар... Сен, құрметті Беке, өздеріңмен бірге өскен дерлік анау Устиновтың кешегі желтоқсанда: «қазақтың қараниет ұлтшылдығы!» деп ұрдажықтанып шыға келерін ойладың ба? Ол неме қай қазақтан, қашан, қандай зорлық-қорлық көрді екен? Қайран «сауатсыз» ата-бабамның балта жөніндегі бір мәтелі осындайда есіме еріксіз түседі.

Мен орыстектілерді де, басқатектілерді де жек көрмеймін, Ешбір халықтың елден ерек ұлы еместігі ақиқат екеніндей, ешбір халықты құстаналауға да ешкімнің құқы жоқ. Мұны әсіресе жас ұрпағымыз жақсы ұғынуға бейім болуы керек, біз ұғындыра түсуге тиіспіз, «Ұлы орыс халқы», «ұлы орыс тілі», «...ұлылығына дауымыз жоқ, шүбәланбаймыз...» деген ескі уағызды ұмыталық.

Мен – орыс ағайындардың ортасында туып-өскен қазақтардың бірімін: олардың тыныс-тіршілігін, мінез-құлқын тәп-тәуір білемін, орыс жолдастарым жеткілікті. Өз халқымды осы халықпен салыстырамын да, қазақтың олардан бір мысқал да кемдігі жоғын мақтан етемін. Ал ана тілімнің орыс тілінен бай екенін жақсы білемін және мұны дәлелдеп бере де аламын: елеусіз ғана бір мысалға жүгінсек, қазақтың «аға, іні, апай, қарындас» деген төрт сөзін орысшалап байқашы!.. Рас, қай тілдің болсын өзіндік ерекшелігі бар, бірақ менің білетінім: орыс тіліндегі әдеби, ғылыми... жазбашығармалардың қайсысын болсын қазақ тіліне қапысыз аударуға болады, ол үшін тіл байлығымыздың сыры мен қырына қанық болуымыз қажет. Әйтпесе, рухани салмақсыздықтан құтыла алмай, әлгі «ұлы» деген далбасалықтың ығында қала береміз.

(Автордан: қаламақымды редакцияның қорына қосуды өтінемін.)

(«Жас қазақ» гәзеті. 1993 ж.)

«Заман-Қазақстан» гәзетіне

«ПАРАСАТТЫЛЫҚ»

ПРОФЕССОРЫ БОЛМАСА ҒОЙ...

О, Алла, бергеніңе шүкір! «Парасат» деген сөздің мағынасын білмей қор болып жүр едім, тарих ғылымының докторы, профессор И.Шәмшатов мырзаның ауызымен түсіндіріп, қалған ғұмырымның жолын жарығырақ еткеніңе бір тәубә! Мен оқымысты емеспін, өз пікірімді ұқтыру үшін ананың да, мынаның да жазғандарынан үзінді келтіре алмаймын. Әйгілі Аркадий Райкиннің 1963 жылы «профессор» сөзінің орысша баламасын айтқаны ғана есіме түсіп отыр, бірақ оны қайтем, өзімнің «парасатсыз», «жершіл» болу себебімді өзімнің жекеменшік сөздеріммен баяндап берейін,

егер өйтпесем, газеттің жеті мыңға жуық оқырманының ішінен мені жақтаушылар шығып (біреу-екеу болса да), бірақ сөздерін өткізе алмай, босқа әлектенуі мүмкін. Ал жақтаушылар, кімді болсын, қашан болсын, табылады ғой. Мен, мәселен, КСРО Жазушылар одағы Әдеби қорының Қазақстандағы бөлімшесінде тоғыз жыл директор болып тұрғанымда Қырым, Кавказ, Балтық өңірлеріндегі, Мәскеу түбіндегі, т.б. жерлердегі Шығармашылық үйлеріне мыңдаған жолдама тараттым, жүздеген жазушыларға КСРО көлемінде шығармашылық командировка бердім, эне, солардың көбін алған жерлестерім еместер И.Шәмшатов мырзаны қостап шықса ыңғайсыз болар. «Пәленің түбі жершілдік деген күдікте жатыр ғой деймін» сияқты қыздырма сөзге әуестер менің Өскеменде туып-өскенімді, Әнуар Әлімжановтың Талдықорғанда туып-өскенін қайтеді, көпшілік әрқашанғысынша басым түсіп, екеуімізді, парасатты профессор топшылағандай, жерлес етіп шығара ма деп шошимын. Тыныштық керек. Маған.

Енді тыныштыққа «қол жеткізу» үшін газеттің биылғы 51-санындағы «Парасаттылық» деп аталған мақалаға көз тастайын. Автордың Дүкенбай Досжановқа қорған да, қалқан да болып (әлбетте, «зиялы адам түгіл, қарапайым адамның да» өйтуге құқы бар), алыстан орағытып келіп тірелгені – менің «Сайыңнан сайғақ құрлы сая таппай...» хикаямнан кейін, бір айдан соң, ақын Әбекеңе – Әбділда аға Тәжібаевқа жазған хатым. «Егемен Қазақстандағы» хикаямды оқығандар үн қоса бастады, Әлжаппар Әбішев пен Әбіш Кекілбаев пікірлерінің орынды екенін, ондай пікірді бұрын өздерінің де естігендерін айтты. Әбділда ағаның ол оқиғаға қатысы бар екен дескендер де болды. Д. Досжанов: «Әбділда Тәжібаев өзінің паспортымен Әнуарға самолетке билет алдырып, өзі шығарып салған» деп куә болды да. Мен соның анық-танығын білмекке асықтым. Мұхаңды «Ысқақ Дүйсенбаев құтқарып жіберген» деушілер барын да жазып, Әбекеңнен төрелік күттім. «Хикаямның екінші бөлімі бар, жартылай жазып қойдым» деп, оны аяқтауға бөгелткен себепті де баяндадым. Жазушылық, журналистік тәжірибеде (ғалымдарда да ондай ғадет бар шығар?) деректі дүниені оқырмандарыңнан, оқиғаға қатысты адамдардан ой-пікір күту, егер толықтыру мен

түзетулер болса, оны аяқталған дүниең екінші рет жарияланарда, ал аяқталмаған дүниеңді жалғарда ескеру, түзету, толықтыру бар. Мұны «Егемен Қазақстанда», хикаямның соңғы жағында былайша келтіргенмін де:

«Мен Әнуардың өзінен естігенімді жазып шықтым. Елеусіз қалған ерлігінде Әнекеңе сыры берік болған дос-жолдастарының аты-жөндері жадымда жоқ (күндердің күнінде бұл оқиғаны баяндауға тиіс боларымды біліппін бе?), сол себепті бүркеншік, ұқсас есімдерді қолдандым. Оқиғаның басы-қасында болғандар бүгінде есен-саужүрсе, мына жазбамды оқыса, немесе оқығандардан естісе, әрине, хабарласар, артық-кемді айтар деп ойлаймын».

Ойым орындалды. Өкінішке қарай, И.Шәмшатов мырза басса-лып жазғырып мақала жазса, «Өй, Әлімжановтың қатысы болмаған, ол Мұхана жолай да алмаған, өтірік, мынауың өтірік!» деп тұлан тұтып жүргендер әлі бар. Мұханды Мәскеуге аттандырып жіберуге Әнуардың белсене араласқанын Тәжібаев Әбділда аға ақиқат деп отырғанда, шындықты бүркемелеушілердің, Әлімжановты атағылары келмейтіндердің, ең алдымен бәрін жазғыш Дүкенбайдың мақсаты не? Кезінде Әнуар мен өздерінің араларында салқындық болып, соның есесін қайтарудың қарызы ма? Олай болмас. Әнуармен тең отырып сөйлесуге, пікір таластыруға Дүкенбайлардың өресі жеткен жоқ, жетпейді де. Бұл ой И.Шәмшатов мырзаны маңайламапты. Маңайласа, маған бағыттаған жершілдік, жікшілдік деген күдіктің қайда жатқанын түспалдай алар еді.

И.Шәмшатов мырза менің Д.Досжановқа «сенбеймін» деуге құқым барын жоққа шығаруға, «сенуге» мойындатуға тырысыпты. Мен бүгінге дейін кімге сенетінімді, кімге сенбейтінімді ашық айтуға, ашып жазуға құқым бар деп жүрсем, оным «бекер» екен, о, Тәңірім! «Сенбедің қандай қисыны бар?.. Әбділда сондайда қол ұшын беруге жарамайтын кісі ме?» деп, құдды бар-ау, профессорымыз маған тергеушіше шұқшия сұрақ қойыпты. Әбекеңді жарамсыз кісі деп айтқан, жазған пенде емес едім, әлде іштей солай деп ойлап, ол ойымды И.Шәмшатов мырза сезіп-ақ қойды ма? Мүмкін, мүмкін. Кісінің ойын «оқып қоятындар» көбейіп келе жатқан заманда бәрі де мүмкін!

Д.Досжановтың жазушылық қабілетін де, кісілік қасиетін де жақсылау білетіндердің арасында мен де бармын. Дүкенбаймен таныс-білістігімізге ширек ғасыр. Мен оған ешқашан, ешқандай қиянат жасаған, салқын сөз айтқан емен. Куә – өзі. Рас, бұл інімнің мені кінәлі деп біліп, «Сізді Абайдың аруағына тапсырдым, аруак алдында жауап беретін боласыз!» деп, бәтуәсіз әйелдерше қарғап-сілегені бар. Ол 1995 жылы Абайдың мерейтойын өткізуге Парижге аттанғалы тұрған делегациямыздың тізімінен Дүкенбайдың сызылып қалып, ойда жоқта менің ілігіп кеткенімде болған. Соны ол менен көрді, «Әй, бауырым, бүгін таңертен жұмыста отырғанымда Төлен Әбдіков, Президенттің көмекшісі, телефон соғып: «Екеуміз Парижге баратын болыппыз, тезірек қамданыңыз! дегенде бір-ақ білдім. Не болғанын анау Қалдарбек Найманбаевтан, одақтың басшысынан, немесе үкімет адамдарынан сұрап білсеңші! Менің не жазығым бар, шырағым?» десем де, ол ойланбады.

Енді, «сөзге сөз келгеннен соң айта салдым» дегендей, арашаға зәру емес Досжановқа арашашы болуға ұмтылған профессорға мына екі жәйтті айта кетейін, жадында жүрсін, зияны жоқ.

Сонау бір жылы, «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында қызмет істеп жүргенімде, телефоным шылдырлай қалды. Дүкенбай екен. Есен-саушылық сұрастық. Ол Баспа және кітап саудасы жөніндегі комитетте болатын. Менің әзіл-сықақ әңгімелер жинағымның комитетке түскен қолжазбасын оқып риза болғанын, баспаға жақсы бағалап қайтарғанын айтты. Мен риза болып, алғыс жаудырдым. Ертеңінде баспадан қолжазбамның редакторы телефон шалып, комитеттен: «жинақты бұл күйінде шығаруға болмайды» деп шегеленген шешім келгенін, онда Досжановтың қолы тұрғанын айтты. Не деу керек?.. «Айналайын, өздерің біліңдер, менен әрекет күтпеңдер, жарай ма?» дей салдым. Дүкенбай «жаназасын шығарса» да, кітабым уақытында, шып-шырғасыз жарық көрді.

Екіншісі. 1985-жылы жасым елуге толды. Онда мен «Ара-Шмель» журналында Бас редактормын. Дүкенбай інім Жазушылар одағында әдеби кеңесші. Прозашылардың мерейтойларын қадағалауға міндетті. Ол бір күні таңертен телефон шалып: Ғабеке,

сіздің буклеттеріңізді барлық облысқа, барлық газет-журнал редакцияларына жібердім! – деді. Мен ықыластана рахмет айттым. Анау комитеттегі «жақсылығын» көлденеңдетпедім. Содан арада он шақты күн өтіп, бір шаруамен Жазушылар одағына Қайсар Жорабековті іздеп (хатшы Қалаубек Тұрсынқұловтың көмекшісі) барып, әңгімелесіп отырып шкафына көзім түсіп еді, – уәйдә-ә-ә! – шкаф сөресінің ортаңғысында менің буклеттерім (фотосуретің басылып, өмірбаяның жазылатын дәстүрлі таныстыру құжат) жатыр! Алып санасам – әзірленген 200 данасы түп-түгел!.. Дүкенбайға ол үшін де ренжімедім. Кімнің жаратылысын кім түзеген?! Дүкенбай мені екі рет неге алдады? Әлде өтірік айтқаннан «лэззэт алатын қасиеті» бар ма еді?.. Ол жағынан, профессор мырза, хабарыңыз жоқ па?..

22. 12. 1997 ж.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының хатшысы
Қалаубек ТҰРСЫНҚҰЛОВ мырзаға
Көшірмесі – «Заман-Қазақстан» гәзетінің бас редакторы
Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ мырзаға

Құрметті Қалаубек Құдайбергенұлы!

«Заман-Қазақстан» гәзетінің былтырғы 51-санында И.Шәмшатов деген тарихшы профессор маған жершіл деп айдар тағуға тырысты. Ал гәзеттің биылғы 30-қаңтар күнгі санында жазушы Д.Досжанов пен Күлпара Жұмағали сұхбаты беріліп, онда Досжанов былай дейді: «...Жазушылар одағының жаңа хатшысы Қабышев жолдас әлеуметтік өзгерістерді түсінгісі келмеді ме, партияның беделін сақтап қалуға жанын сала кірісті. Шығармашылықтан партияны жоғары қойды. 37, 51-жылдары дәл осы партия ұйымы НКВД-нің атқосшысы, айтақшысы болғаны белгілі. Бұл жолы да жазушыларды қалтыратқан алтын дәуірін орнатқысы келді. Апта сайын бюро шақырды...»

Партбюроның бір мәжілісі Досжановтың Ұлттық кітапханада, анығын айтқанда – оның дәретханасында Қ.Сегізбаевтың, С.Шаймерденовтің, Қ.Жұмаділовтің, Қ.Ысқақовтың жаңа кітаптарын жыртып тұрғанында (кітапхананың «Жаңа кітаптар»

стендісінен ұрлап алып кетіп) қолға түскені (шақыртылған милиция бөлімі өкілінің актісі бар), одан бұрын көршісінің – жалғызбасты әйелдің жәрдемші қызынан келген 90 сом ақшаны ҚЖО басқармасының хатшысы Ұ. Есдәулетовтің қолын сыртынан қойған жалған сенімхатпен (доверенность) алып алғаны туралы мәселе қарап, коммунист Досжановқа есеп карточкасына жазылып сөгіс берілгені есіңізде шығар. Ол кезде Сіз басқарма хатшысы, партбюро мүшесі ретінде ол мәжілістің басы-қасында болдыңыз. Досжанов соны бекерге шығарып, К.Сегізбаевтың «Жол» романын кітапхана қызметкерінен «Тіркеп жатпай-ақ бере сал, аптадан соң әкеліп беремін» деп алып кеткенін, ешқандай кітапты жыртпағанын айтып, «Әйтпесе кітап жыртатындай жын қағып па мені!» депті. Сөгісті менің жеке басымның өзіне әдейі жасаған қысастығынан алғандай сыңайда.

Бұған ұятсыздыққа не дейсіз? Досжановтың мені күстәнәлауы шындық па, ақиқат па? Ол жолғы бюро мәжілісі Одақ «Ағалар алқасының» талап етуімен өтпеді ме? Ондай талапсыз-ақ, Кітапханадан және Досжановты кітап жырту үстінде ұстаған милиция бөлімінен хат түскен соң оны қарауға, анық-танығын айыруға партбюро міндетті болмады ма? Жалпы партбюро менің еркіммен, өктемдігіммен апта сайын мәжіліс өткізіп тұрды ма, әлде партия Жарғысына сай жұмыс істеді ме? Міне, осы тұрғыда пікіріңізді анық жазып, «Заман-Қазақстан» гәзетіне жолдауыңызды қалаймын. Әйтпеген күнде бұл гәзет мені әлі де ғайбаттай беруі мүмкін, себебі Ж. Шаштайұлы мені жете білмейді.

Досжановтың «жаптым – жала, жақтым – күйесіне» орай оған айта отырарым: республика партия ұйымы тараған соң біздің ұйым да тарауға тиіс болды, партком хатшысы ретінде менің ұйымды сақтап қалу ойым болған емес, болса жиналыс шақырып, әрекет жасай алған болар едім, өйтпедім, біраз коммунистерге телефон шалып, пікірімізде алшақтық болмаған соң «Қазақ әдебиеті» гәзетіне көпшіліктің ұйғарымымен партия ұйымымыздың тарағаны туралы хабарлама бердім. Кейінде қарт коммунист Жаппар Өмірбеков: «Ұйымды қалпына келтірейік. Сен қайтадан хатшы бол, жарай ма?» дегенінде «Жәке, соған енді шаршап қайтесіз, керегі не?..

Төлеген мүшелік жарналарымды есептесем – бір «Волга» алуға болады екен, сол өкіндіріп жүр!» деп әзілдеп, компартия ұйымын қайта құрудан бас тарттым.

Құрметті Қалаубек Құдайбергенұлы, осы хатыма жауабыңызды кешіктірмессіз деп сенемін.

12. 02. 1998 жыл.

(Қалаубек 16.02.98 ж. телефон шалып: «Қайда, кімнің алдында болсын сені қолдаймын. Дүкенбай сөз ұқпайды ғой, оны ұмыта салсайшы», деді. Ж. Шаптайұлы үнсіз қалды.)

Айтпақшы: осы «хикаят» туралы мына бір ақпарды келтірмесем, бәріміздің сөзіміз сөз «болмай» қалар-ау!

Қазақстан Жазушылар одағында ОРТАҚ МҮДДЕГЕ ОРАЙ

Қазақстан қаламгерлері қайта құру ісіне жұмыла үлес қосып жүр. Газет-журналдарымызда жарияланып келе жатқан, неғұрлым мәнді мәселелерді қамтушы очерк, публицистика, сын-пікір, ұсыныс сипатты дүниелер, тарихи-зерттеулер, ғылыми пайымдаулар – мұның нақты айғағы. Бұл тұрғыда әдеби басылымдарымыздың ұйымдастыру іскерлігі елеулі екені ескерілгені жөн. Жазушылар одағы партия ұйымының жақында болып өткен кезекті жиналысында, міне, осы жәйтке көңіл бөлінді. Анығырақ айтқанда: партия комитетінің биылғы жұмыс жоспарында бүгінгі қайта құру, жариялылық, өмір шындығы, уақыт талабы ыңғайында «Жұлдыз» бен «Простор» журналдарының нендей шаруа тындырғандарын коммунист қаламгерлер сарабына салу ұйғарылған. Партком секретары Ғаббас Қабышев жолдас оған қоса атқарылмақ басқа да шаралар туралы хабарлады.

1990 жылы аса күрделі жыл болмақ. СОКП мен республика Компартиясының съездері өткізіледі. Жазушылар съездері және бар. Яғни, біздің партия ұйымы алдында небір келелі мәселелер тұр. Әрине, оның бәрі де қаламгерлерімізбен ақылдасып, ынтымақтасып шешім табары сөзсіз.

Біздің бастауыш ұйымымыздың партия бюросы қазіргі талап негізінде партия комитеті болып құрылған-ды. Соған орай

партком құқы кеңейе түсті, ол ұйым мәселелерінің баршасында, оның ішінде СОКП мүшелігіне қабылдау, кінәлі болған коммунистерге шара қолдану, т.б. істерге соңғы сөзді өзі айтады, бекіту, құптау үшін бұрынғыша жоғарғы ұйымдарға жолдамайды. Бұл парткомның жауапкершілігін арттыра түспек.

Жиналыста хабарланғанындай, парткомның соңғы мәжілісінде коммунист жазушы Дүкенбай Досжанов жолдастың жеке ісі қаралған. Ол А.С.Пушкин атындағы республикалық көпшілік кітапханасында кітап бүлдіріп, жазушыға лайықсыз қылық жасаған, ол туралы Жазушылар одағының секретариатына, партия ұйымына Алматы қаласы Калинин аудандық ішкі істер бөлімінен ресми қатынас қағаздар түскен. Партком мүшелері коммунист жазушының жағымсыз әрекетін айыптап, оған есеп карточкасына жазып, қатаң сөгіс беруді ұйғарды. Осы кінәсі үшін және көршісіне келген почталық аударма-ақшаны жалған сенімхат жасап, оған одақ басқармасы секретарының қолын сырттай қойып алғаны үшін секретариат Д.Досжановты одақ аппаратындағы жұмысынан босатуға шешім қабылдады.

Сондай-ақ, партком одақ әкімшілігі алдына кешегі жаппай жазалаудың жазықсыз құрбаны болған қазақстандық қаламгерлерге Жазушылар үйінде (Коммунистік проспект, 105) ескерткіш тақта орнату жөнінде мәселе қойды.

«ҚӘ», 18.05.1990 ж.

***Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының
бірінші хатшысы Н.ОРАЗАЛИН мырзаға***

Құрметті Нұрлан!

Қазақ әдебиетіне 50 жыл бойы азды-көпті еңбек сіңіріп келе жатқан, қаламынан лирикалық өлең-дастандар, әзіл-сықақ әңгіме-хикаялар туған, өмірдің өзегінен алып бірнеше роман жазған көрнекті қаламгерлеріміз Оспанәлі Иманалиев оқырмандарына ұсынған, сиясы әлі кеппеген «Ақ қайың жарды бүршігін» атты романында өзі туып-өскен, бүгінде де тұратын Талас ауданы еңбеккерлерінің өмірін кеңінен, шындық тұрғысынан суреттеді. Ол романын автордың өз ақшасына біздің Аударма алқамыз шығарып

берген. Соңғы жалдардағы жағдайдың ауырлығында біздің Осекеңе жасаған жақсылығымыз болсын, 1997 жылы жасы 70-ке толатын жазушымызға көрсеткен ілтифатымыз болсын деп романның тиражын (5000 дана) қаламақысының орнына түгел силағанбыз. Жамбыл облысының Әкімі А.Тшанов мырза халқымыздың мәдениетіне, оның ең ауқымды саласы көркем әдебиетке оң көзімен қарайтын азамат деп естіп, ол кісіге Осекең туралы хат жазып едім, сөзімді жерге тастамапты, роман тиражының таралуына ықпал жасапты. Бірақ кейбір шаруашылық басшылары өткен кітап қаражатын Осекеңе әлі қайтармай жүрген көрінеді.

Оспанәлі – жазуын ғана білетін, қақ-соқта жұмысы жоқ, тыныш, адал өмір сүріп келе жатқан адам. Төңірегіне мейілінше сиы. Облыс, аудан басшылары бас-көз болып, оған Ақкөл ауылында үй салып алуына жәрдемдесті. Қатты риза болған Осекең, амал не, сол төрт бөлмелі үйінде алаңсыз тұра алмайтын халге ұшырады. Биыл екі рет сал (инсульт) сырқатына тап болып, әйтеуір, дәрігерлік дұрыс емнің арқасында аман қалды. Мен дәм-тұзымыз араласқалы 25 жыл болған Осекеңнің жағдайын білу үшін Ақкөлге барып, бүгін келдім. Осекең үй ішінде таякпен әрең-әрең жүреді, далаға шыға алмайды. Бәйбішесі Раушанның, 11-кластағы ұлы Жалғастың күтімімен отыр. Алайда бала ертеңді-кеш жанында қайдан отыра алсын – оқуы бар, ал бәйбішесінің жүрегі ауыратын еді, ол да жатып қала беретін болыпты. Үй болса – іштен от жағумен жылытылады. Отын, көмір мәселесі тым-тым қиындап тұр екен.

Нұрлан, мұны тәптіштеп жазып отырған себебім: ауыр сырқатқа кездескен Осекеңе Жазушылар одағы тарапынан жедел көмек көрсетпей болмайды. Менің ұсынысым – Облыс әкімі А.Тшанов мырзамен сөйлесіп, немесе арнайы хат жазып, Осекеңе Жамбыл қаласынан мүмкіндігінше 2- 3 бөлмелі пәтер беруді өтіну қажет. Оты, суы ішінде жайлы пәтер болса, 2-қабаттан, оған Осекеңнің отбасы дән риза болар еді. Қазіргі үйін алушы табылса сатып, аманшылықпен 70 жасын атап өтуіне азынаулақ тиын-тебен жинастырар еді. Жасырып қайтем, аяулы ағамыз «жетпісіме жетсем!» деп әркілы ойда мазасызданып та жатыр. Түсінікті ғой.

Жаңа романының екі мыңдай данасы әлі үйінде жиюлы тұр

екен, оны өткізер шама Осекеңде жоқ, егер бұл жәйтті облыстың кітәп саудасы орындарының басшылары реттеп жіберсе, ол да бір қамқорлық болар еді. Осы да назарыңда болса екен!

15.10.1997 ж.

(Нұрланға барып айтып, осы хатты табыс еттім. «Не осыны өзіңнің қосымша хатыңмен жібер, не осы текстке өз аты-жөніңді қойып хат жаз» дедім. Ақырында ешқайдан ешқандай хабар болмады... Осекең о дүниеге аттанып кетті... 24. 12. 1997 ж.)

АҚЫН ҚАЗАҚ ТҰМАНБАЙҒА ҚҰРДАСТЫҚ ХАТ

ТҰМАШ!

Құдайы бір құрдасыңның бұл хатын не құп аларсың, не құп алмассың, ол – өз еркіндегі жәйт. Мен оны ойламадым және ешқашан ойламаймын да, себебі, мен – өзінің суханы сүйген адамына көңіліндегі бар-жоқты ақтарыла ашық айтатын, ал суханы сүймегеніне енжар қарап жүретін жанмын. Сен – мұның алғашқысындағы адамсың. Бізді құрдастық та жақындастырған шығар, бірақ мені саған жанастырған – сенің сұлу жырларың. Құданың құдіреті: сенің қаламыңнан шыққан, басылым көрген өлең атаулыны түгел оқып жүремін, тек жатталып қалуы қалай да қиын, ол менің жарытылысымдағы бір ақау болса керек, өйткені кейде жақсы прозашылардың сөремдегі бір кітабын оқығым келіп кеткенде ала салып үңілсем – о тұсы мен бұ тұсында бұрын оқығанымды айғақтаған белгілерім тұрады. Сенің кітаптарыңды да кейін үңілген сайын сондай белгілерім бәрекеділеп жатқанын көремін. Әйтеуір, қажет етіп іздегенім жадымда жаңғырып, есіме түсе бастайды, оған да шүкіршілік, ә?

Кең даламызды ертелі-кеш көп кезген, үлкен-кішімен көп шүйіркелескен қазақпын мен де. Тәңірге тәубә: қай жерде, кімдердің арасында болсам да, ести бастаған өсек-аянды дереу тиып тастаймын, ақсақал-қарасақал демеймін. Біреуді сырттан ғайбаттауға да төзбеймін. Тек жақсылықты тыңдағым, естігім келеді, оны ашық айтамын да. Бұл жерде сөз отырған ортамның тұрмыс-тіршілігі ту-

ралы емес, таза адамгершілік сезім, әр адамның басқаға көзқарасы жайында екенін аңғарарсың. Кімге болсын әркімнің өзіндік пікірі, бағасы бар, оны тыңдауға, түсінуге әрқашан әзірмін, бірақ оның пендешілік перделі есепке, анайы айтқанда – кәдімгі жамандауға жалғасуына қарсымын!

Әдебиетті, поэзияны ардақ тұтатын көпшіліктің көңіліндегі ақынның бірегейі – сенсің. Шын көрінісіндегі сыршылсың, тамаша лириксің! Құрдасымның құдай берген бұл қасиет-қырын мен мақтан етіп жүремін. Қайда, кімнің алдында да риясыз көңіл ризашылығымды шоқтықтанып айтып жүремін, бірақ оным сенің құлағыңа жетпейтінін сезіп отырмын – бетке жасанды күлкі болып қана шығатын іштарлықты, әсіресе, ақын аға-інілеріңнің кеспірінен жиі көремін. Мені көзімше қолдап, сені қолпаштап бағады, ал сырт айнала бере не дерін, әрине, өздері біледі. Ойпырым-ай, Абай қарттан «сыбағасын алған» кейіпкерлердің қатары сиремейді-ақ, қайта, кулық-сұмдық түрленіп тұқымданған сайын сан-сапалақ көбейе бере ме деймін!..

Жарар, пәлсәфәні дізгіндеп, негізгі ойыма ойысайын.

Оң ба, теріс пе – нендей құбылыс-әрекеттің де шегі болмақ қой. Пендені тәуіршілік те, татымсыздық та жалықтырып, тойдырып жіберетінін жақсы білесің. Осы ыңғайда қай-қайсысымыздың да не өз басымыздағы, не өзгенің тағдырындағы белгілі бір оқиға-жәйтті жиі айта беру жарасымсыз боларын да теріске шығармасың. Бұл ретте сені сыртыңнан «жылауық» дегендер, әлі де жүргендер аз емес, сірә, оны өзіңе жеткізушілер де болар, даттауды өсіріп отыруға бейілділер әу бастан көп қой! Мен саған сондай мін таққандарға іштей қосылғанымды жасырмаймын, алайда сыртқа шығарып сенің өзіңе де, өзгеге де ештеңе демедім. Сенің «жетім өстім» дей беруің қашанға дейін созылар, көп ұзамай шектелер деп ойладым. 60-қа дейінгі жырларыңда тым көп айтылған ол мұның оқырманыңның, талантыңа табынушылардың біразына күлкілі болып жетіп жатты. «Бұл буында Тұмакеңнен басқа жетім бала болмапты» дегендерге: «Е, сендер түсінбейсіңдер ғой!» деп әзілдей салатынмын. Жасың алпыстан асқан соң, ойлайша мұң шағуың шектелді, бірақ, оның орнына, «жауым көп» дей бастадың. Мұнына мен сенбеймін,

Тұмаш, сенбеймін! Орталарыңда жүргеніме 30 жыл десем, осы уақытта сенің «талай-талай таландым дара қалып» күйінді көрген емеспін, өйткені, ондай күйің болған жоқ, Тұмаш, болған жоқ! Құдайдың бергеніне шүкір, тағдырға тәубә – сен бір күйініштің есесіне жүз сүйініш көрдің, бір қайғының есесіне жүз қуаныш көрдің, рас қой? «Мақсаттың бәріне де жетіп тындым. Енді мен қай шыңдарға ту қадайын» дегенің нақты ақиқатың емес пе? Қолдың кірі – қызметте өсе алмай далада қалмадың, қолжазбаңды кітапқа айналдыра алмай қорлық-зорлық көрмедің, рас қой? Қазақстанда бар атақ та, сыйлық та бұйырды – ғажап емес пе?! Талантыңа тәнті басшының да, қосшының да құрметі, қамқорлығы ғой бұл, Тұмаш-ау! Ақындықтан, адамшылықтан сенің дәрежеңе жете алмаса да өз деңгейі, өз үні бар қаншама аға-інің өзіне лайық қошеметтен құр қалмады?! Мінез-құлқы алай-былай десек те, танып қолдаушыны таба алмаған, іздей алмаған әріптестеріңнің біразы әлі де құр қалары даусыз. Әрине, олар үшін сен де, мен де, басқа да кінәлі демеймін, әркімнің өз жолы, өз тағдыры бар. Ал, сондайлардан айырмаң жер мен көктей сенің, Тұмаш, «Еңіреген жанымды ел ұқпады» деуің тіпті де жөн емес! Қызғанушылар, көреалмаушылар кімде де, қашан да болған және бола береді. Тек ондайлар саған тосқауыл бола алмады, сені жәбірлей алмады – бәрі де күңкіл күресіңіңде қалды. Осыным бекер ме? Бекер емес! Тағы да шүкір, тәубә!

Дәл қазіргі Тұманбай Молдағалиев – «қағанағы – қарық, сағанағы – сарық» қазақ! Тәңір тілеуінді берсін, батыреке, «Көре алмайды көп қазақ, көре алмайды» демеші! Биік жаралдың ба – биік тұр, биік боп өт! «Батырмын ерте тұрып, кеш ұйықтаған» дегеніңнен жаңылма!

Кесекке ұқсақтану жараспайды, ұсаққа кесектенгенсу келіспейді. Сен, Тұмаш, кесек сөйлеуді ғана біл. Бірақ, қайсыбір аға-інілерің, құрбыларыңша кітаптан кітап жазып, данагөйсіме. Осы орайда сенен өтінерім екі нәрсе: 1. Тым шашылып жаза бермеші. «Бүкіл денем өлең боп кеткен тәрізденді» дегеніңмен, сол тасқын өлеңің бүкіл газет-журналды шабуылдай бермесе екен деп ойлаймын. Қойын дәптеріңнен орын тауып, оқырманьңды сағындырып жүрсе дұрыс болмас па? Тәттіні тықпалай берсек, тәттіге тым құмар

бала да жалығады емес пе? Бірер ай іздетіп, күттіріп көргенің оң ба деймін. «Жаза береді, тықпалай береді, мазалай береді» дегендерді кездестіріп жүрмін. Осыны ептеп ойлап көрсең. 2. Сені «астамшылық мінез көрсетіп, артық-ауыс сөйлейтін болды» деушілер бар. Жұматай жөніндегі бір сөзінде: «Мен қоластыма қызметке шақырдым – келмеді. Келсе – ерте өлмейтін еді» депсің. Соны айтушылар: «Сабырхан қоластына барып еді ғой, оны неге алып қала алмады?» деп әжуалайтын көрінеді. Егер мынау сөзің рас болса, оның – шынында астамшылдық. Жазмышпен жағаласып қайтеміз?!. Бұдан соң, Тұмаш, сенің кез-келген жиында, мерей-тойда өлең оқи беруіңді де өз басым қоштамаймын. Өнеріңді өз деңгейіңде сақташы! Сен туралы: «Сарай ақынына айналды!» деген сыпсың сөз бар, абайла, Тұмаш, абайла! Арзандама, қымбатта! Аттанған ауылымыз алыс болғанмен, барар ауылымыз жақындай бастаған тұста өз қадірімізді өзіміз білейік!

Мұның бәрін таза пейілмен ақтарып отырмын. Сенсең де, сенбесең де – еркің. Сенсең – жауап жазам деме, сенбесең – бұл хатымды көрмеген, білмеген адам бола сал. Бірақ, кейде орынды, кейде орынсыз қалжыңымды естіп, басыңды шайқай күліп, немесе бұртия өкпелеп жүре бер. Мен шіркін құрдас атаулымен қалжыңдасуға уақ-уақ құмартып кетемін де, оның төңірегінде кімдердің бар-жоғын елемей қаламын. Сенің «келіншегің» бар кезде қыз-келіншектерді мезгеп бірдеңе деу «қауіпті» сияқты, сірә, сақтанып жүрмесем болмас.

Әңгіме, осы, Тұмаш. Мұның бәрін сені, ақын жаратылысыңды түсінбегендіктен айтқан болуым да мүмкін. Атаққа, сый-сияпатқа үйренбегендігімнен көсемсуім де мүмкін. Олай болса, ренжіме, кешіре сал, шал болғаным бекер ме?

Атақ, сый-сияпатқа қатысты мына бір «қызықты» тыңдағын. Жазушылар одағында отыз бір жыл қызмет істедім, өзің білесің. Әнуар, Олжас сыйлады, 40 жас, 50 жас дегенімді аппаратта қошеметтеді, грамота, т.б. болды. Ал мен өзім өз болып ешкімнен не қызмет, не атақ сұрамаған қазақпын, Одақтың сыйлығы қолымда тұрғанда да өзіме икемдемедім, басқаларға ұсындым. Оным әлде ақымақшылық па еді?..

Жас алпысқа жақындағанда Одақтың бірінші хатшысы – сенің «ғажап інің» – бір күні соны айтып қалған қызметкеріміздің көзінше: «О, Ғабеке, оны мықтап өткіземіз! Менің сізді туған ағамнан кем көрмейтінімді білесіз ғой, мерейтойыңызды қатырамын!» деді. Мен оның сырын алған, оған сенбейтін болған едім, сол себепті: «Баршаға жария етпей-ақ аппаратта атап өтсең де ризамын» дедім. Енді соның ақыры қалай болды десең – ол аппаратта атап өтуді де ұмытып кетті, тым құрыса сыртында «60» деген цифры бар дәстүрлі арзан папка бұйырмай, зейнетке сопиып кете бардым. Қызық па?.. Е, мейлі, денім сау, отбасым аман болсын! Нұрлан III хатшымыз Ғабиден Құлахметов арқылы сәлем жолдап, аппаратта қызметте қалуымды өтінді, ал мен бас тартып, рахметімді айттым. Мұз-ағаң екеуіңше, әй, Тұмаш, жастармен жағаласып жүре бергім келмеді (әзіл ғой, бұртима). Жаман-жақсы, азды-көпті болсын сатирамды серік етіп, өзіңше айтқанда, «жас қатынның» жанындамын, бірақ ол менен гөрі немерелерімізге үйірілгіштей береді, ей!

Осымен – привет!

18.III.1998 ж.

**Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының
бірінші хатшысы Н.ОРАЗЛИН мырзаға,
көшірмесі: «Қазақ әдебиеті» газетінің
бас редакторы Ж.ҚОРҒАСБЕК мырзаға
Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫНАН**

Құрметті Нұрлан!

Ерігіп емес, еріксіз жазып отырмын бұл хатты. Әдебиет газетіміздің соңғы кездегі әрекеттері ішіме сыймай, қатты алаңдата бастады. Оқушысы ретінде де, жазушы ретінде де қиналып, әдебиетіміздің мүшесі үшін айтуға тиіспін. Нені? Өз пікірімше оңды емес-ау дегенімнің бәрін болмағанмен, солардың қайсыбірін. Мысалы:

1. Газет Қ.Жұмаділов пен Б.Нұржекеев «айтысын» бастап, біріне сөзді көп беріп, біріне аз беріп, ешбір тиянақты қорытындысыз қалдырды. Қ.Исабаев пен М.Сәрсекеев «айтысы» тіпті аяқталар емес. Әдетте «айтысушыларға» бір-бірден сөз беріп, үшінші

жақтағы төрешінің пікірімен доғарылушы еді, сол дәстүр ұмыт қалғандай. Алғашқысына «Бітпес дауға бір пікір» деп 100 жол ғана бәтуә ұсынып едім, газет оны қажет етпеген сыңайлы. «Кейін» дейді, ал ол «кейіннің» сыры маған мәлім: қаламақыға бола емес, қоғамның бір «жыртығына жамау» болсыншымен ұсынған үлкен-кіші материалдарым не жоғалады, не «кейінірекпен» сарғайып, мәні кетіп тынады. 1999 жылдың ақпан-мамыр аралығында апарып берген төрт материалымның екеуі редакциядан табылмады. «Коммунизмге иек артып...» дегенімді биылғы мамырдың 29-шы күні жауапты хатшы Е.Жаппасовтан алдым. «Қалам тербеген қос апай» атты жазбам 1999 жылғы ақпаннан бері әлі жатыр. Оны Жүсіпбекке ауызша, жазбаша, орынбасарына да, хатшысына да сан айттым. Ол екі апай – жастары 70-тен асқан, өмірбойы қазақтың ауыз әдебиетін жинаумен, көне жер-су аттарын зерттеумен жүрген тынымсыз жандар, еңбектері еш болып, ескерілмей, басқа бір пысықайларға жем болып келеді. Мен дауларын емес, халыққа керек еңбектерін ғана айтып едім, соған 1 жыл 4 ай бойы газеттен орын жоқ. Ал орынды газеттің кез-келген санынан табуға болады. Мәселен, соңғы –2-маусымдағы «Қоқан хандығының...» деген мақала үзіп-жұлып әкетіп бара жатқан дүние ме? Бірі Атырауда, бірі Ақмолада тұратын екі қария бір мәрте риза болса, газетке, Бас редакторға залал келетін бе еді. Немесе, сонау бір санда Қ.Исабаевтың Ертісі – Қарағанды каналына Қ.Сәтбаев есімі берілуі туралы жазған қосподвал материалы шындығында 50-60 жолдық хабар-түсінік қана, суын сығып тастау оп-оңай еді. Ондай шылқыма су материалдар кете береді-ақ. Өте өкінішті! Ал ақтаулық әдебиетші А.Бисанғалиқызы апайдың кітап боп шыққан еңбегін көшіріп алып, ешбір сілтемесіз меншіктеп кандидаттық диссертация қорғаған көргенсізді әшкерелеңдерші деп, аты-жөнін көрсетіп өтініш жазып, Жүсіпбектің қолына бергелі де бір жыл өтті, одан да хабар-ошар жоқ. Редакцияда хатты тіркеу, уақытылы жауап беру ұмытылған тәрізді, оны Жүсіпбек мойындады да, бірақ, тәртіп орната алмай ма деп күдіктенем. Материалының хабарсыз кететініне, не беталды қысқартылып шығатынына ренжулі жазушы аз емес. Ә.Нұршайықов, мысалы, Р.Тоқтаровтың соңғы кітабына рецензия

жазып беріп едім, тоғызыншы айға кетті, бір ауыз жауап жоқ дейді. Ойпырым-ау, бұл газет сол жазушылардың газеті ме, әлде «өзім білем!» жекеменшік газет пе? Қалада тұрғандарға материалының жарар-жарамасын телефонмен-ақ айта салуға болады ғой? Өзіміз сөйтетінбіз, ешқайсысын шауып алған жоқ болатын.

2. Әдебиет мүддесі ардақты, баршамызға ең қымбат мүдде. Сол үшін қай дәрежедегі болсын қаламгердің кітабына әділ баға беріп отыру талап етіледі ғой. Жақсысын мақтап, нашарын нығытып дегендей. Бірақ, меніңше, «Қазақ әдебиеті» редакциясында 10 жыл істегендегі дағдымша, бағаны қашан, қалай, кімге айтудың жолы, реті бар. Мен, егер Бас редактор болып отырсам, дәл бүгінде, онда Р.Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағына» оқтала бермес едім. Неге? Ол қатты сырқат адам, операция жасатты, бір ауыз жылы сөзге зәру болып жүргеніне екі жыл. Сондай халде еңбек етуі, көлемді кітап шығаруы қаншалық? Кітап болғанда тарихи да, көркемдік те дәні жетерлік. Әдебиет Рамазанның ол туындысына тіреліп, байланып тұрған жоқ. Ендеше қаламдастық-пендешілік ілтипат, мейірім көрсетсек болмас па? Рамазанның халін, Нұрлан, саған бұдан үш ай бұрын айтқанмын, ал Темірхан мен Жүнісбек о бастан хабардар. Әйтсе де, газет ауру адамның жүйкесін жұқарта түсуден тиылар емес. Бізде қандай талқыға, қандай сынға болсын сұранып тұрған жаңа кітап жоқтай. Оны-мұны кемшілігі былай қалсын, тарихи шындықтың өңін айналдырып жіберген «романдар» да бар, сыншылар қауымы оның бәрін біліп отыр, бірақ, ашып жазудан қорқады, олардың авторлары Тоқтаровтай «қауіпсіз» емес, сойыл соғарлары «күдіретті», газеттегілердің ұйытқысын бұзады. Содан секемденбесе, «жыл халтуршигін айтып береміз» деген газет сонысын орындамас па еді? Өз атына бір ауыз сын айтыла қалса, келесі санда оның не мақаласы, не сұхбаты шыға келіп ақталатын «күшті» авторлар жеткілікті, оны бірде Жүсіпбекке жазып та таңданғанмын. Газеттегі інілеріміз «бізге өткір материал керек!» дейді, ал өздері өйтіп жаза алмайды, жасқанады. Мысалға Ә.Мендекенің «Әдебиет! Әдебиет! Әдебиет!» деп аталған мақаласын алалық. Беташарына шетелдіктердің екеуінің бірі орысша, бірі қазақша пікірлерін беріп кіжінген автор, тіпті, орта шенінде «Мысал керек пе? Мінекиңіз!»

деп ширьқса да, «кошканы кошка» дей алмады, негізгі нысанасы еткен «бір прозаик» деп «бір ақынның» аты-жөнін атауға дәті бармады. Оның есесіне жасы 90-нан асып отырған Дихан Әбіловтің бүгінгі әдебиет мәселесіне ешқандай қатысы жоқ «сен бізді сағынба» деген сөздерін бір керемет сұмдыққа айналдырып тынды. Әдебиет мүддесі керек еткен шындық сол ма еді?!

3. Немесе, әдеби сынның батылдығына дәлел газет жариялаған «Қасқыр да қас қылмайды жолдасына» ма? Аманхан Әлімов тірісін қойып, өлі жолдасына қастық істеді, аруағын қорлады. «До живем до понедельника» тәрізді арандатушы газетсымақтың арам астарлы бірдеңесін қазақшалап, есі шыға қуана қостап, үстеп ұсынған көрсоқырлық жазбасын қаламгерлер қауымының маңдайындағы жалғыз газетіміз – «Қазақ әдебиеті» «жерден жеті қоян тапқандай» бассалып, бізге ұсына қойды. Қайдағы бір газетсымақтан сөйтіп үлгі алды, марқұм Марат Қабанбайдың қабірі суып та үлгірмегенін, өлінің артынан топырақ шашу мұсылманшылыққа жатпайтынын, есі дұрыс қазақ ондай көргенсіздік жасап көрмегенін ескермеді. Мен – Маратты көз алдында өсірген ағаларының бірімін. Марат та, оның отбасы да анау суайт газетсымақ түйенің жынынша шашқан өтірік-өсектегі жағдайға жеткен жоқ, жетпейді де! Маратты іздеген, іздейтін де ие – Қазақстанның Жазушылар одағы әзірше аман, ал егер «народная газеталардың» тобырындағылар көксегендей боп бұл Одақ жабылып қалса, онда біз – жерлестері бармыз, біз Мараттың атын өшірмейміз! Марат Қабанбай батыл, адал, әділ, турашыл жазушы болып, жалпақ жұртқа танылды, ешқашан, әу бастан-ақ ешкімнің құлы болған жоқ, ар-ұятын жалғандыққа сатқан жалдамалы сорлы болған жоқ. Заманындағы жамандық атаулыға қарсы күресіп өтті, жас жүрегінің жұлынып түскені де сондықтан. Сондай Адамды, Азаматты, Қаламгерді жоқтауға міндетті, оның азасына әңгімелерінің бірін қайталап басып ілтипат көрсетуі парыз «Қазақ әдебиеті» кереғар әрекет жасады. Мараттың аруағын қорлаған пасықтық материалды жариялады, марқұмның қырқы өтпей жатып қабірін тепкілетті! Бұл неткен қылық? «Қазақ әдебиетінің» негізін қалаған арыстарымыз-ағаларымыз осындайды өсиет етіп пе еді?!.

Мен Жазушылар одағымыздың мүшесі болғалы 30 жыл. Одақтың құзырында 30 жыл, оның ішінде «Қазақ әдебиетінің» редакциясында 10 жыл қызмет істедім. Осы мерзімде мені (мені ғана емес шығар) қатты күйіндірген жәйт, бірінші деп айтарым – Марат Қабанбай аруағына, Маратты түсіне, дұрыс бағалай білген дос-жолдас болған жазушыларға, марқұмның отбасына жасалған мынау қиянат. Бұрған «Қазақ әдебиеті» жауап беруін, «До живем до понедельникадан» өнеге алушы, ол газетсымақтың күлімсі иесіне кеңсірігін тосушы «жазғыштарды» қолтығынан көтеру себептерін түсіндіріп беруді талап етемін! Қаламгерлер қауымынан кешірім сұрауын талап етемін!

«Қаламгерлер қауымы атынан сөйлеуің қалай?» дер болса, онда төрелікті жалпақ жұртымыз – жазушылардан сұрау құқым боларын ескертемін.

Құрметті Нұрлан, өзіңе және бір құлаққағыс етерім: «Қазақ әдебиеті» мен «Солдаттың» арасындағы сөзатысты өз жағымыздан тоқтатуың керек. «Солдаттың» бізді тыңдамасын білесің, ал «ҚӘ» өзінің рөлін төмендетпесін. Исраил мен Иранбек іштеріне симағанда жазса, оны «ҚӘ» қабылдамаса, қайда апаруға да еркі ғой (мен де ішіме симағанды жазып жүрмін), оны бекерге шығару болмасын. Рас, поэзияда дөрекі, анайы сөз қолдану таланттылық, тапқырлық емес, ал олай жазба деп қаққылау керек десек те, кім тыңдап жатыр? Ерегесе түсіп жүрген жоқ па? Бұның ақыры ол ақындардың арасы ашылып, жікшілдік, рушылдық дертіне ұласар, соған жол берме, оларды шақырып алып сөйлес, мәмлеге келтіріп бақ. Тілге келместен теріс айналып кете барса көрерсің, амал не?» «Ел ішінде бір тентек жүреді» де.

02. 06. 2000 жс.

Құрметті Нұрлан!

Саған бұл жолы айтпағым:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлын атеиске айналдырғандық жөніндегі ащы мақалаларым «ҚӘ» бастаған үш гәзетте шықты. Илияс Есенберлиннің «Көшпенділері» ағылшын тіліне сорақы аударылғаны туралы ағылшын тілінің маманы Нұрсәуле Рсалдина,

оны құптап мен бірнеше мақала жарияладық. Оны да «ҚӘ»-нен бастадым. Әдебиетімізге, Шәкең мен Ілекеңнің аруағына нұқсан сол жәйттерді арқау ете пленум өткізулерінді сұрап саған ресми хат тапсырдым. Әңгіме әдеби мұрамызға ұқыпты болу, таңдаулы туындыларымызды шет тілдерге аудармасының сапасы жайында болсын деп. Мүлде жауапсыз қалды. Бұл екі мәселеден салмақты жәйтті әңгімелеген пленум әлі өткізілген жоқ.

2. Одақ бастаған төрт ұжымның 75 жылдық тойына қатыса алмадым, Көкшетауда келін түсіріп, қыз ұзатып жүріп қалдым. Бірақ ештеңеден қағылмаппын. Бір «ерекшелігі» сол төрт ұжымда ұзақ жыл қызмет істеген, әзірше аман-есен жүрген 10-15 аға-апайларыңа бір ауыз жылы лебіз жолдамапсың. Соған басқалар ренжіп жүрген соң айтып отырмын, әйтпесе, Одақ құзырында табан аудармай 30 жыл жұмыс істеген, 2-хатшылықтан зейнетке кеткен (Ғабиден сенің атыңнан сөйлеп, Әдеби қорда директор болып қалуымды өтінгенде: «Тұманбайша жастарға жол бермей жүргім келмейді, ықыластырыңа рахмет!» дегенмін) менің не 70, не 75 жасыма бір ауыз құтты болсын айтпағаныңа да ренжіген пенде емеспін.

3. Алдағы құрылтайда саған қарсы небір шаншу сөз айтылады, қатты әрекеттер болады. Қарсы әрекеттің қазірдің өзінде жобалана бастағанын естіп отырмын. 75 жылдық соңында конференция өткізіп, онда қандай жаңалық жасағандарыңды «ҚӘ»-нен оқып білдім. Одақ басқармасында «Құрметті төраға» деген жаңа лауазым жасапсың. Егер өзің Құрметті төраға болуды қаласаң (жалпы ойлан: бұл төрағалық жұрт күліп жүрген «мәңгілік президентке» еліктеуің болмасын), орныңа кімді ұсынуды осы бастан ойлан. Иә, орынды босатар мезгіл келді.

4. Әнуар Әлімжановтың менен басқа жоқшысы болды ма, бар ма? Әнекеңнің қазақ әдебиетіне, Жазушылар одағымызға сіңірген еңбегі сендер шашбаулап жүрген, қазақтың мүддесіне кереғар сөйлей беретін, «әдебиеттің Ертісбаевы» Олжас Сүлейменов дегеннің еңбегінен кем қойғанда он есе артық (Олжастан ҚЖО-ға келген айтулы пайда болмады, көбінесе Мәскеуде, шетте жүрді. Өзін босатар құрылтайға келуге де уақыт таппады). Мұны өзің білетін де шығарсың.

Әнекеңнің 70; 80 жылдығына естелік кітап әзірлеп жүрмін дегенімді құлшына құптап, Әнекең жайында жақсы лебіз айтып, естелік жазып бермек болдың да, екі жолы да шет қалдың. 2009-жылдың көктемінде ғой, сонау жылы Әнекеңнің 70 жылдығы жетім қыздың тойындай болғанын, енді 80 жылдығын республикалық дәрежеде өткізуге күш салуыңды өтініп саған ресми хат бердім. Дәстүр бойынша Комиссия құрарсың, мен мүшесі болайын, жасар баяндамам дайын деп жаздым. Ләм демедің. Министр Құл Мұхаммед екеуіңе жазған хатыма да жауап болмады. Ал кеше Ахат Жақсыбаев хабарласып, «Әнуардің 80 жылдығына баяндама жасауды Одақ маған тапсырды, түсінбедім, не істеймін?» деп ыңғайсыздана пікір сұрады. Мен қорғанбай жасауын, жинақта шыққан естелігін баяндамаға айналдыруы оңай екенін айтып тілек қостым. Демек, менің Әнекеңе ешбір қатысым «болмағаны». Сірә, соны «жете ескерген» шығар, Жұмабай мырза Әнекеңнің туған күніне (12-мамыр) арнап ең болмаса 1 бет материал берудің орнына («Қазақ әдебиетінде» екі жыл Бас редактор болған, ҚЖО-ны сегіз жыл басқарған еңбегін ол ұмытса да, сен ұмытуға тиіс емес едің, оған айтуың, тіпті нұсқау беруің керек еді) дәнеңе шығармады, кейін бір естелік беріпті. Мен алдын ала мақала беріп едім, ғайып болды. Ұлықбек («Жұлдыз») журналдың екі бетін қиыпты, әйтеуір. Қайран қазекем: «Өлі арыстаннан тірі тышқан артық» деді-ау!..

«Простордағы» Валерий Михайлов бұлардан көш ілгері екен, өзі менімен хабарласып, Әнекеңе қатысты бірнеше материал алып, журналдың 11 бетін берді!

Әнекеңнің 80 жылдығына арнала драмтеатрда болған өте жұтаң жиналыс «атап өтілді» деу үшін өткізілген шығар (солайын сездім де, бармадым). «Қаржы...» дескен боларсыңдар. Керек еткенде миллион теңгелеп табылатын, керек етпегенде мың теңге де табылмайтынын мен де көріп жүрмін ғой!..

Айтпақшы, Әнекең туралы естеліктердің жаңа жинағын шығаруды ойластырғанымда (70 жылдығына) соны қалайда естіген Нұрлан Балғынбаев демеуші болды! Мен ол жігітпен ешқашан сөйлескен де, кедескен де емеспін. Ал Әнекеңнің 75 жылдығын атаусыз қалдырмау ниетіммен облыс әкімі Серік Үмбетовке хат

жазып, «Әлем таныған Әнуарді», өзімнің бір кітабымды силап, поштамен жібердім. «Бюджеттен, қазір жыл басы емес, қиындау болар, бірақ облыстағы бизнесмен жігіттердің біреуінің өкшесін басып қалсаңыз, жетіп жатар» деп әзілдедім. Төрт күннен кейін өзі үйге телефон шалып, жылы да тәтті сөйлеп: «Қызмет бүгін бар, ертең жоқ қой. Әнекеңнің кітабын шығаруға жәрдем беремін, қанша қаржы қажеттігі туралы құжаттарды маған жолдаңыз» деп қуантты. Калькуляцияны жіберттім. 3000 доллар-ау деймін. Арада он шақты күн өткеннен кейін облыстың мәдениет департаментінен: «Ақша жоқтығы себепті Ә. Әлімжановтың кітабын шығаруға көмектесе алмаймыз» деген жауап жетті... Үмбетовтің неге өйтіп құбылғанын түсіне алмадым.

Сонымен, мұның бәрін айту себебім: сені өткен жолына бір қарасын, алдағы уақытқа қажетін ескерсін деп ойладым. Жалпы: күйеу бала атаулыны қарындастарымнан гөрі жақын тартатыным бар және оларға тек жақсылық тілеп жүремін. Сенгені – сенсін; сенбегеніне – тегін сөзімді пұлдамаймын.

26. 10. 2010 ж.

Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы

Нұрлан ОРАЗАЛИН мырзаға

көшірмесі: «Қазақ әдебиеті» гәзетінің бас редакторы

Жұмабай ШАШТАЙҰЛЫ мырзаға

Бас редактордың орынбасары

Еркін ЖАППАСҰЛЫ мырзаға

«Ел құлағы елу», менің әдеби апталығымызда жарияланған «Ақиқат – анық айтылса ғана ақиқат» мақалам (08. 04. 2011 ж.) Астана қаласында, Бұқаралық ақпарат министрлігінде ашу-ыза тууына себепші болыпты. Ол мақаланың осы гәзетте шыққан, маған тіл тигізген былапыт, шайпау мақаласымаққа (З. Қоңырова деген жазған) жауап болғаны белгілі. Екеуін де, Нұрлан, оқыған болсаң, қайсысы не екеніне көзің жеткен шығар. Мен жауапты мейлінше сыпайы қайтаруды ойладым (бүкіл қаламгер қауым алдында өзіме күл шашқанға жауап бермеске болмады).

Бірінші мақаланы редакция әу баста қабылдамағанын, бірақ

бір айдан кейін, Астанадан нұсқау келген соң, жариялауға мәжбүр болғанын естідім. Ал менің мақалам да, Жұмабай мен Еркін, сендердің алдарында бір ай жатты. Алғашқы нұсқасының соңында: «Мақаланы пайдаланасындар ма, жоқ па, – маған жауаптарыңды кешіктірмей бергейсіңдер. Сендер құп көрмесендер, басқа гәзетке ұсынамын» деген ескертпем болды. Ол қорқыту, үркіту емес, не істеуім керектігін жасырмай айту еді.

Мақаламның тағдырына алаңдап, апта сайын телефон шалып отырдым. Жұмабай, әуелде сен: -Танысайын, айтам ғой, – дедің. Одан кейінде онда-мұнда жол жүріп кетіп, екі аптадан кейін өзің телефон шалып: – Аға, жолдан кеше келдім, мақалаңызды сегізінші көкектегі нөмірге беремін, – дедің. Сірә, менен сен жоқта өзіне екі рет телефон соғылып, мазасы кеткен Еркін айтқан соң болар. Сенің хабарласқаның, егер жаңылмасам, наурыздың 24 – 26-күндерінің арасы еді. Мен одан беріде орын жоғына таңдандым, сен: – Аға, маған сеніңіз, мені түсінізіңізші, беріде орын болмай тұр, ал 8-інде шығаруға уәде беремін! – дедің. Бірер сөзіміз артық-кем шығар, бірақ осылайша болғаны рас қой? Рас. Өз сөзіңнен бас тартпассың.

Мақалам шығысымен Алматыда да, Астанада да бұрқасын ба-сталып: «Неге жарияладыңдар?!» деп ашуланушылар, жариялауға кінәліге қатаң шара қолдануды талап етушілер табылыпты. Оны өткен жұма күні Астанадан хабарласқан журналшыдан естідім (кім екені сендерге қажет емес). Жалпы әдеби апталықта кімнің несін және қай нөмірге жариялау жайында нұсқау соңғы айларда жиілеген көрінеді. Сонда қалай, «Қазақ әдебиеті» Астанадағы әлдекімнің жекеменшігі ме? Әлде О. Сүлейменовтің тепкіні бар ма?

Өзіме тіл тигізген мақаласымаққа жауап қайтаруға құқығым жоқтай, мен саяси құқығынан сот арқылы айрылған адам ба едім? Редакцияға: «Неге жарияладыңдар?!» деп әңгіртаяқ ойнату деген неткен сұмдық?! Гәзеттің негізін қалаған ағаларымыз оны кейінгі ұрпағымыз қолжаулық етсін деп пе екен?

Үшеуіңнен осы хатыма нақты жауап беруді өтінемін. Гәзетке қоқаңдап жүрген астаналық шенеуніктің кім екенін айтып берулеріңді талап етемін!

Аталған мақаламды жариялаған Жұмабай ма, Еркін бе, сол үшін қандай да бір жаза көретін болса, Министрлікте цензура орнатушылар бар екенін президент Нұрсұлтан Әбішұлына баспасөз арқылы мәлімдейтінімді ескертемін.

Нұрлан, бұл жағдайды ушықтырмауға, «Қазақ әдебиетін» әлдекімдердің баса-көктеп билеуін тоқтатуға дәрежең жетеді деп білемін және сенемін.

18. 04. 2011 ж.

(Редакцияның электр поштасы арқылы барған бұл хатты қабылдап алушыдан мұны 3 дана етіп шығарып, жоғарыдағы 3 басшыға тапсыруды өтіндім. 20. 04. 2011 ж. Еркін Жаппасұлы телефон шалып: «Жұмабай екеуіміз ақылдастық. Сіз де ашуыңызды қайтып алыңыз, біз де сізді бұдан былай ренжітпейміз», деді. «Астанадағы «құдайларың» кім? Соның аты-жөнін айта аласың ба маған?» дедім. Еркін еркелене күліп: «Ағатай, қайтесіз соларды, құрысын!» деді. Сонымен бәтуаластық. Нұрланнан жауап болмады, әлде ол Жұмабайға ақыл қосты ма екен? Әйтеуір, бұл бәсекең хатымды жауапсыз қалдыра салады.)

Құрметті Нұрлан!

Әнуар Әлімжановтың туғанына 80 жыл толуы биыл облыста аталып өткен күндері, негізгі салтанатты жиында: «Тарихи тұлға Әнекеңнің 85 жылдығын да атап өту – парызымыз. Әнекеңнің мұрағатжайында жұмыс істеп, 70 жылдығына «Әлем таныған Әнуар», ал 80 жылдығына «Біздің Әнуар» атты кітаптар шығарғаным мәлім. Енді 85 жылдығына «Әнуар хаттары» деген жинақ шығармақпын» дегенім есінде болар.

Әнекеңнің аруағына қызметім ғой деп жүріп, алғашқы кітапты шығаруға өз төтемнен қанша қаржы жұмсағанымды есептемеппін. «Біздің Әнуарды» әзірлеуге кіріскенде сол есіме түсті де, бұл жолы бәрін тәптіштеп жазып жүрдім. 25 баспатабақ (390 бет) мақаланы мұрағатжайдан, былайғы гәзет-журналдардан іздеу, жинау, компьютершілерге тергізу, фотолардың көшірмелерін студияларға өңдету, т. б. жұмыстарға төлегенім 263 мың теңге болыпты! Алты-жеті ай бойында 3-5-10 мың теңгеден төлеп жүргенде

білінбепті, жинақтағанда ауырсынып-ақ қалдым (демеушінің ақшасы баспахананың калькуляциясы бойынша кітапты басуға ғана төленетін сома ғой). «Аруаққа қызмет» дегенмен, зейнеттегі мендей шалға оның қайтарымы керек, – кімнен, қашан болады? Одақтан ба, облыстан ба?

«Әнуар хаттары» жинағымыз да кемінде 300 бет болатын сияқты. Мұрағатжайда тағы болып, хаттарды іріктеп келдім, ал тағы төлеу дегенге батылым бармай тұр. Есептеп байқасам, бұған 250 мың теңгедей қажет. Бұл мәселелердің шешімін, Нұрлан, өзіңе қалдырмасам болмайды-ау!

Шамалы ескерту: соңғы жолы ауданға, Сәкен Иманасов арқылы келісім бойынша, «Біздің Әнуар» жинағының 160 данасын сақтап, алып бардық. Орта бағамен 500 теңгеден 80 мың теңге еді, аудан әкімінің орынбасары қабылдап алып: «Аға, ақшаны кешіктірмей беріп жіберемін» деген. Хабар-ошар жоқі.

14. 11. 2012 ж.

(Нұрлан телефон шалып: «Ғабеке, сөйлесемін, айтамын, бәрін де реттейміз!» деді. 16. 11. 2012 ж. Сонымен тынды.)

Билікшілге төрт хат
Республиканың вице-премьері
Бауыржан МҰХАМЕДЖАНОВ мырзаға
БІЗДЕ ЗАҢСЫЗДЫҚТЫ «ЗАҢСЫЗДЫҚ»
ДЕЙТІН ЗАҢ БАР МА?

Істеген және істеп жүрген қызметтеріңіз жайындағы ресми мағлұматтардан білуімше, Сіздің мамандығыңыз заңгерлік екен. Бұған дейін онда-мұнда жолдаған сауалдарыма үлкен-кіші әріптестері-ңізден жауап ала алмаған соң, міне, сол сауалдарымды Сізге қойған-ды жөн көріп, ашық хат жазып отырмын. Бұл хатым Сізге жетпеуі де мүмкін, себебі, естуімше, материалдарында оппозицияның нышаны бар басылым атаулыны біздің жоғары дәрежелі шенеуніктеріміз маңайларына жолатпайтын, тіпті, атын естігісі келмейтін көрінеді. Сірә, ол мырзалар (ішінде Сіздің де болуыңыз әбден мүмкін) оппозицияны қып-қызыл пәле деп білетін болса керек. Әлде көкемнің көзіне түсіп, босқа шатылып

қалармын дейді де. Кресло мен портфель шіркін қымбат қой!

Өзіңіз де жақсы білерсіз, қай елде болсын оппозиция–үкімет-ке сыншы, жәрдемші. «Үкіметтің қай ісінде қандай қате кетті, оны қалай түзету керек?» Оппозицияның халық мүддесі тұрғысындағы әрқашан ашық айтар сөзі, атқарар міндеті осы. Халыққа адал қызмет ететін үкімет оның әділ сөзіне құлақ қойып, оңды ұсынысын қолдап отыруға тиіс. Егер «Біз – оппозициямыз!» дегіш топ үкімет билігіне жетуді ғана көздесе, жұмысын тек сол мақсатпен жымысқылап, не жұртты алдаумен арзан бедел жинауды көздеп жүргізсе, онда ол топ – оппозиция емес, лауазымқұмарлардың тобыры. Ал лауазым құлдарында ар-ұят, адал мақсат болған емес, болмайды да. Оларға ең дұ-рыс заңның өзі – заң емес, лауазым сатысымен жоғарылай беру ғана – «заң». Менің сауалдарым осыдан туындайды, яғни:

1. Соңғы жылдары бізде тәуелсіз басылымның қырсоңына түсу етек алып барады. Таралымы тәркіленетін, республиканың бірде-бір баспаханасына жолатылмайтын, жазылуы (подпискасы) қабыл-данбайтын, гәзет-журнал дүңгіршектерінде сатылмайтын басылым – тәуелсіз гәзеттер. Редакциясы өртелетін, тоналатын, қызметкерлері сабалатын – солар. Олардың қызметкерлерінің үй-лері қоса ойрандала-ды. Бәрін тізіп айтпай-ақ қояйын, Сіз бәрі-нен де хабардарсыз деп ойлаймын. Ал үкімет-өкіметтің, жеке қалталылардың құзырындағы басылымдар ондай сойқандықтан әрқашан аман. Сонда, кейбір заң орнындағы білгіштер айтатын «бұзықтардың» тек тәуелсіз басылымға жауығатыны кездейсоқтық дегенге Сіз сенесіз бе? Алматының «бұзықтары» тәуелсіз гәзет иелерін ит етімен «силаи бастағанына», ал Атыраудың «бұзықтары» – адамның бас сүйегін «асып» беруге кіріскеніне не дер едіңіз? (Алдыңғы жәйт айқайға айналғалы айға болды, соңғысы маусымның 13-і күнгі сағат 23-те «31-телеарнада» айтылды.)

2. Ғалымжан Жақиянов Алматыда Елшілік үйін паналап отырған күндері ол үйді қоршаған бейкүнә жастардың қолында: «Жақиянов–враг народа!», «Выходи, подлый трус!» деген лозунг болды. Оны жиналған көпшілік қана емес, Алматы қаласының сол жерде жанталасқан полиция генералдары мен басқалары да көріп жүрді, бірақ, ол шенеуніктердің ешқайсысы әлгі әдейі әкелінген

жастарға, оларды ұйымдастырып келген «ұстаздарға» қабақ шытқан жоқ, «Бұларың заңымызға қайшы!» деген жоқ. Біреудің кінәлі-кінәсіз екенін сот қана шешетінін, соттың бекітілген үкімі ғана анықтайтынын сондағы студенттер, ұстазсымақтар білмесін-ақ, ал Елшілік үйі маңында «тәртіп орнатып» әлектенген полиция, заң, құқық қорғау орындарының генералдары мен шенеуніктері білмеді ме? 1937-жылғы науқанды жаңғырта жаздаған оларға неге шара қолданылмады?

3. Үй тұтқыны болуға тиіс Ғалымжан Жақиянов неге өз үйінде тұтқын етілмеді? Оны оңаша, ыңғайсыз жатаққа апарып тыққан кім? Жүрек сырқаты белгі берген Ғалымжанның сыралғы дәрігерлерге көріну, ауруханаға дер кезінде жатып емделу құқығын жойған кім? Дос-жолдастары игі ниетпен Мәскеуден арнап шақырған білікті дәрігерге көрсетпеу, жүрегі қысылып жатқан адамды сағаттап тергеу қай елдің қай заңының қай тармағына сай әрекет? Мен де білген кешегі кеңестік заңда да, мен де білетін бүгінгі Қазақстан заңында да тергеуге дейінгі тұтқынға, сотталып түрмеде отырған қарақшыға да мұндай қаражүректі қатыгездік жасауға жол жоқ! Әлде Ғалымжан Жақияновтың ондай сорақы күйге тап болғанынан Сіз бейхабарсыз ба? Бейхабар болмасаңыз, республикамыздың шегінде заңдылықтың кіршіксіз сақталуын бірден-бір қадағалаушы тұлға ретінде әділ сөзіңізді неге айтпайсыз? Қазақстан заңының аяққа басылуына неге жол бересіз? Егер адамгершілікке кереғар, қылмысты әрекетті анау Павлодардың прокуратура, полиция шенеуніктері өздері біліп істеп жатса, оларды тәртіпке көндірер құқығыңыз жоқ па? Тәуелсіз Қазақстанның заңы кім көрінген аяғын сүрте салатын ескі-кұсқы шүбе-рек емес шығар?! Заң, тәртіп, құқық қорғау орындарымызда, сыпайылап айтқанда – шаласауаттылардың, ал анайылап айтқанда – топастардың талтандап жүруіне қашан тиым болады?

Мен бұл сауалдарды ар-ұятымның әмірімен жолдадым. Әділдік, ақиқат мүддесі жолдатты. Әйтпесе, оңды-солды көп партияның ешбіріне мүше емеспін, біреудің, немесе біреулердің шашбауын көтеруші де, колшоқпары да емеспін. Мен, мысалы, Сізбен қандай дәрежеде таныс болсам, Ғалымжан Жақияновпен сондай дәрежеде

таныспын. Маған керегі – Қазақстан азаматының жеке бас құқығының Конституция талабы негізінде құрметтелуі. Тіпті, себеп-дәлелді сотталып кеткен қазақстандықтың да «Қазақстан азаматы» құқығы жойылмайды. Рас қой?.. Рас болса, сотқа әлі тартылмаған, айыбы мойнына әлі қойылмаған Ғалымжан Жақияновты «халық жауы» деуге, оны көрінеу қорлауға неге жол беріліп отыр? Қазақстан азаматының азаматтық құқығының аяқасты етілуі Қазақстанның құқықтық мемлекет болу мақсатына нұқсан емес пе? Халықаралық құқық қорғау, демократия үрдістері ұйымдары алдында Қазақстанның беделін төмендету емес пе?

Вице-премьер мырза, бұл сауалдарыма осы гәзет бетінде жауап қайтара алатыныңызға, әлбетте, сенгім келеді, бірақ... сене алмай отырмын-ау!..

(«Қазақстан», 2002 ж., шілде.)

СІЗДІҢ ДЕ ҮЛЕСІҢІЗ КӨП

Республиканың Ішкі істер министр

Б. Мұхамеджанов мырзаға

Құрметті Министр мырза!

Жаңа орныңыз құтты болсын! Халыққа құтты болуын шын тілеп айтып отырмын. Әйтпесе, кім шығып, кім түспеген тақ ол?! Өздігінен бе, өзгенің әмірімен бе, әйтеуір, Ғалымжан Жақияновтың қырсоңынан қалмай кіжініп өткен генерал Қ. Сүлейменов те, кейін вагон-вагон қару-жарақ сатып алуға қатты асыққан З. Тұрысбеков те бұл министрлікті қыс қыстауы, жаз жаулауы еткен. Алматыда да Конституциямызды жылы жауып қойып, яғни ой еркіндігі мен сөз бостандығын талақ етіп, өздерінен ойы өзге қауымды өршелене өзекке теуіп, «Сарыарқа» кинотетрының ауласына қуып тыққан солар еді. Десем де, әділеттілік мүддесі үшін оларды ғана жазғыру жараса қоймас, себебі оппозицияны оңала алмайтын-дай етіп омақастыруда сол жылдары Әділет министрлігінде көзді жұмып отырғандардың бірі – Сіздің де үлесіңіз жеткілікті болды. Рас қой?..

О, айтпақшы, Әділет министрлігіндегіңіз былай тұрсын, Алматыдағы Елшілер үйін паналаған Ғалымжанды айтаққа ер-

ген есерсоқ тобыр қоршап алып, «Халық жауы, шық, кәне!» деп, 1937-жылды еске түсіріп қиқулаған күндері Сіз Премьер-министрдің орынбасары едіңіз, ә?! Сонда Сізге: «Бізде заңсыздықты «заңсыздық!» дейтін заң бар ма?» деп ашық хат жолдаған едім («Қазақстан» гәзетінің бетінде), сол есіңізде ме? Сіз жауап қайырған жоқсыз. Әлбетте, әділеттілікті тілеген, шындықты жазған ашық-жабық хатымыздың, мақаламыздың жоғарыға, оның ішінде Сізге де тиісті жолдармен уақтылы жетіп жататынынан әрқашан хабардармыз. Жоғарыдағы шенеуніктердің, парламенттегі депутаттардың талайы «қызық» гәзет беретін «қызық» мақалаларды кешкі тамағын ішіп болған соң сол ас бөлмесінде жалғыз өзі қалып, бала-шағасынан жасырып оқып, айыздары қанады екен, оны кейбіреулерінің өз ауыздарынан естіп те жүрмін.

Хатымызға «шынайы мықтылардың» мыңқ демейтінін де, ал олардан төменгілердің сыр бермеуге жанталасып, ертеңді-кеш «шықпа, жаным, шықпа!» деп жалтақтап, креслосы мен портфелін құшақтап жүретінін де білеміз. Демек, Сіздің бұл хатыма да жауап бере алмайтыныңыз анық. Әйтсе де, кеше вице-премьер болғанға бүгін министрдің орыны таңсық емес десек те, құтты болсын айту әбестік болмас деп білдім және, «ортақ өгізден оңаша бұзау артық» дегендей, өз алдыңызға жеке отау болып шықтыңыз, енді оның бұрынғылар бышыратып кеткен шаруасын түзеп алатын шығарсыз деп сенем (тура сөйлегені үшін кейінде жауып тасталған сонау гәзеттегі тақырып-сауалымды мына хатыма неге сол күйінде тақырып-сауал етіп қойғанымды енді түсінген шығарсыз?).

«Бұрынғылар бышыратып кеткен» не шаруа екенін өзіңіз менен артық білсеңіз де, құлағыңызға бағыттап жібергім келгені мынау: басқа жақтағыны білмеймін, ал Алматының полициясы оппозицияны ата жауынан әрмен жеккөретіні қалай? Қолдарында прокуратураның заң талабына сай рұхсат қағазы болмаса да, тәуелсіз гәзетті баспаханадан шығармай немесе тасымал жолында тәркілей салады, ол гәзеттің шыққан сандарын шәй-нанын айыру үшін сатып отырған кемір-шалдардан тартып әкетеді. Тағы бір «өнері»: қайда, қашан болсын оппозиция өкілдерінің бесеу-алтауы

бас қоса қалса-ақ «кет-кеттің» астына алады. Ең соңғы «ерліктеріне» ғана тоқталсам (Сіздің оны да менен артық білетініңізге шүбәм жоқ болса да айта отырайын): сайлаушылармен кезкелген уақытта кездесуге парламенттік заң жүзінде құқығы бар сенат депутаты Зәуреш Батталованың Алматыдағы жиынын полиция неге басалып жұлмалады? Оған қатысқан белгілі саясаткерлерді неге сотқа сүйреледі? 1986-жылғы Желтоқсанның қаһарманы болған марқұм Әркен Уақтың әйелін, Желтоқсанның бір батыры болған марқұм Ләззәт Асанованың анасын үйлеріне қайтып бара жатқандарында орта жолда неге жәбірледі? Тәуелсіз жорналшы Ермұрат Бапидың туысының үйіне заңды ешбір рұхсатсыз неге басып кіріп, бала-шағаны қорқытып-үркітіп, Е. Бапидің барша жазба еңбектерін, жүздеген кассетасын неге тәркіледі және заң бойынша жасалар актіні сол сәтте, сол жерде неге жасамады? Енді Сіз сол күнгі анау «қаһармандардың» өгіз қара күшпен өлермендене қақшып кеткендерін иесіне түп-түгел қайтартқыза аласыз ба? Әй, қайда-а-ан?!. Тәуелсіз гәзеттердің редакцияларын талқандаған (талқандатқан), жорналшыларын тепкілеген (тепкілеткен) сонау қызылкөздер «белгісіз біреулер» болып қала берді емес пе?!

Немесе Жармахан Тұяқбайдың автокөлігін талтүсте, қала көшесінде тоқтатып, асты-үстін түгел шұқылап, иіскелеп тексеру кімге, не үшін қажет болды? Жармахан жасырын бомбы тасып жүр ме екен?!. Сөйтіп маскара болған полицейлердің бәрі дерлік кешегі Бас прокурорымызды таныды, оның таза адам екенін білді, бірақ байғұстар қайтсін-ай, бұйрық қатты, жан тәтті!

Жалпы, айтыңызшы, осы полиция деп аталатын пақырлардың ең бірінші міндеті оппозициямен күресу ме? Біздің полиция жасайтын қысастықтарды біліп отыратын жателдіктердің алдында мемлекетті маскаралау емес пе бұл?

Демократияны шын қастерлейтін шет елдерде әлденеге наразы болған жұршылықтың шеру құрып көшеге шығулары, билікке талап-тілегін айтуы – қалыпты жағдай. Полиция шерушілер сапының екі жағына шығып, көлденең бір бұзақылар кездесіп қалмасын дегендей жан-жақты шолып қойып, бірге келе жатады. Саптың өзінен ойда жоқта әлдебір қияңқылар шыға қалып,

шырықты бұзып, демократия үрдісінен аттап кеткенде ғана тәртіп сақтаудың шұғыл шараларын қолданады. Полиция жиында да мәдениетті, тәртіпті қалпында маңайын шолып, ың-шыңсыз тұрады. Ал демократияның елесі ғана бар елдерде шеру соңы полицияның озбырлығымен тынады. Бізде де шерудің тағдыры полицияға тапсырылғаны неліктен? Ол бізде де демократияның елесі ғана барына дәлел ме?

Полицияның осылайша көпе-көрінеу бейбастақтық, қысастық, зорлық жасауы қашанға дейін созылады?

Конституциямызда жазылған құқықтық заңдылықтарды полицияның қасақана аяқасты етуі Қазақстанның бетіне түкіру емес пе?

(«Жұма-таймс». 2005 ж.)

ЕНДІГІСІ 4 РЕТ АТСЫН

**ҚР Ішкі істер министрі
Б.Мұхаметжанов мырзаға**

Сіз туралы «анау-мынау» сөз аз емес және бәрі де кәдімгі анекдотпен «ағайындас». Солардың бірі былайша («естіген құлақта жазық жоқ»):

Қазақстанның Ішкі істер министрі Мұхамеджанов таныс хирургына барып, былай депті:

– Біз «Заманбек Нұрқаділев өзін өзі үш рет атып өлтірді» деп мәлімдеме жасадық, енді сен бізді қолдап, «как хирург растаймын, дұрыс» деп мәлімдеме жаса!

– Ойпырай, ә?! Ол өзін өзі қалай-қалай атқан?

– Екі рет – кеудесіне, бір рет – басына.

– Ойпырай, ә?! Кеудесіне бір рет атты, шыбын шаққан ғұрлы болмады. Кеудесіне екінші рет атты, ит қапқан ғұрлы ауырсынбады. Содан соң намыскер жігіт қатты ашуланды да, үшінші оқты маңдайына сарт еткізді, ә?!

– О, дәл солай!

– Сен жанында көріп тұрдың...

– Жо-жоқ! Жоқ! Жоқ! Жо-жоқ!

– Көрмесен, неге көйіттің?!

– Енді қайтем?

– Эне, скальпель, барып ал да, үш саусағыңды бір-бірлеп үш рет тіліп көр.

– Ты что, это невозможно! Ты что, дурак?! – деп министр шыға жөнеліпті.

Министр мырза, ақиқатпен астарланған бұл әжуәні естіген адам сізді: «бүйтіп өтірікпен жан сақтағанша, кірпіш қалап адал жүрейін!» деген еркектік оймен сол күннің ертеңінде отставкаға кетіп, құрылысқа жұмысқа барған шығар деп қалғаны сөзсіз. Себебі: демократиялы елдерде өзіне сеніп тапсырылған жүйеде сорақылыққа жол беріп алған қай министр, премьер-министр, президент болсын ұяттан өртене жаздап, креслосы мен портфелін дереу тастап кете барады. Ал сіз Алтынбек Сәрсенбайұлы, оның екі серігі жазықсыздан жазықсыз атып өлтірілгенде де селт етпей отыра бердіңіз. Министрліктің беделі кісі өлтіру көбейген сайын көтерілетіндей-ақ! Сірә, сіздің тіл қорыңызда «отставка», «халықтан, қоғамнан кешірім сұрау» деген сөздер жоқ шығар. Айтпақшы, Алтынбекті, оның серіктерін қазаға ұшыратқан қаскөйлердің арасында президент күзеті тобының бірнеше «арыстаны» болса да, ол сұмдық үшін жауап беруге тиістілер де мыңқ еткен жоқ, рас қой?

Сіздің теріңіздің қалың екеніне менің көзім жеткелі қашан! Өршіп бара жатқан қылмыс жөнінде сізге гәзет арқылы: 2002-жылы «Бізде заңсыздықты «заңсыздық» дейтін заң бар ма?»; 2005-жылы «Сіздің де үлесіңіз көп» деп екі хат жолдадым. Былқ етпедіңіз. Ал ол гәзеттер алдыңызға бармады дей алмаймын, өйткені менің жазғаным былай тұрсын, дос-жолдастарыммен ауызекі не деп сөйлескенімді де «салпаңқұлақтарыңыз» сіздер жаққа іле-шала жеткізе қоятынынан хабардармын («салпаңқұлақтарға» қарсы әрекет ететін «қалқанқұлақтар» да бар екен). Оның үстіне бар болғыр телефонымның да «под колпаком Мюллера» екенін естігенмін.

Сонымен, міне, сіздің былтыр Алматының «Давидофф» клубында бір сырласыңыз – Рахат Әлиевке билік басында Ғалымжан Жақияновқа қарсы тағы бір арамдық өрмегі тоқылып жатқаны

туралы құпия хабар айтқаныңыз 5 – 7-қараша аралығында шыққан тәуелсіз гәзеттерде жарияланды. Сіздердің «елдің, халықтың мүддесі үшін» келесі «тарихи операцияны» дайындап жатқандарыңызды естідік. Ал сіз кезекті мәлімдемеңізді әзірлеп қойған да боларсыз? Мұны сұрап отырғаным: «Заманбек өзін өзі үш рет атқаннан» кейін ендігінің ату санын одан кеміту ыңғайсыз ғой, яғни «төрт рет атқан» деңіз.

Сіздің «Давидофф» клубында болған-болмағаныңыз, онда не деген-демегеніңіз маған беймәлім. Болмасаңыз, демесеңіз, онда мен де: «Е, бәсе!» дер едім, Ғалымжанға қатысты мынау тараған сыбыстың өсек болып тынуын қалар едім. Қазақстанның, қазақтың атына жаманшылықтың жапсырыла бергені кімге керек? Сондай-ақ, бүгінгі «құдайдың көзі түзу болсыншыл» біз ештеңе дей алмасақ та, бізден әлдеқайда сергек болары анық ұрпақтарымыз: «Біздің елде бірінші президенттің, пәленше министрдің тұсында мынадай-мынадай сұмдық-сорақылықтар жасалыпты, масқара!» деп налып жүрсе, аруақтарыңыздан маза кетпей ме? Олай боларын сіз де сезетін шығарсыз, не бопты сезбейтіндей?! Бүгінгі біздің қаламмен жазғанымызды мұрағатжайдан ешкім қайламен қопарып алып, күресінге лақтырып тастай салмайтынын да сезетініңіз сөзсіз.

Иә, «Давидоффтағы құпия хабар» өсек болып шыққай делік!.. Әйтседе, менің есіме бір жәйіттің еріксіз түскенін қараңызшы! Осы жыл туа пойызбен жолаушылап келе жатып бір қартпен аздап әңгімелесіп қалдым. Мені сырттай таниды екен, оны-мұнымды оқып жүреді екен. Бір әредікте ол:

– Жоғарғы жақтағы бір інімнен кеше ғана: «Ғалымжан Жақияновтың мойнындағы жеті жылы бітуге жақындағанда оны қалайда арандатып, тағы срок қосу жөнінде план бар» дегенді естідім, сіздің ондайдан хабарыңыз жоқ па? – деді. Мен іштей тіксіне қалдым, алайда сыр бергім келмей:

– Е, көп өсектің бірі шығар, – дей салдым (ол жәйтті «Қазақстан» гәзеті тілшісінің сұрақтарына орай айтқанмын, ақпанда гәзетте жарияланған, құлағыңызға сол күні-ақ жеткен шығар, а?).

Әлде, министр мырза, сіз басқаша бірдеңе дей аласыз ба?

(Об. X. 2008 ж.)

Маңғыстау облысының әкімі Б. Мұхамеджанов мырзаға

Әкім мырза!

Жап-жана орынға барғаныңызбен, иә, айтпақшы,, апарылғаныңызбен құттықтауға міндетті емес екенімді ескеріп, бірден сіздің жадыңызды жаңғыртып, онда жатқан, иә, егер «жағып жібермесеңіз», бұрынғы үш хатымды есіңізге салғым келді.

Сізге вице-премьер кезіңізде, 2002-жылы, баспасөз бетінде жолдаған хатым *«Бізде заңсыздықты «заңсыздық» дейтін заң бар ма?»* деп аталған. Онда: – «Қазақстанның демократиялық таңдауы қозғалысын» премьер Қ. Тоқаевтың жуан жұдырығымен жөргегінде жаныштап, жетекшілерінің екеуін 6-7 жылдан түрмеге тығып жіберіп, қалғандарын тұқыртып тынған биліктің бейбастақтығы заңсыздықтың ең сорақысы болды, заңгер басшы ретінде соны түсіндіріп беріңізші! – дедім. Ләм-мим демедіңіз.

Ішкі істер министрі кезіңізде жолдаған, *«Сіздің де үлесіңіз көп»* деп аталған 2-хатымда Алматы қалалық полиция басқармасының құзырындағы полицейлердің пасықтық қылықтары шексіз болып бара жатқанын, тәуелсіз гәзеттердің редакцияларын талқандауды, гәзет таралымын тәркілеп, журналшыларын талтүсте таяққа жығып кетуді әдетке айналдырғандарын нақты дерекпен жазып, погонды бұзықтарға қашан тиым болатынын сұрадым. Ләм-мим демедіңіз.

Солминистркезіңізде«Ендігісі төртретатсын» дегентақырыппен жолдаған үшінші хатымда: – Мемлекет және қоғам қайраткерлері Заманбек Нұрқаділев пен Алтынбек Сәрсенбайұлының (екі серігімен қоса) атып өлтірілгендері азат қазақтың ғана емес, тәуелсіз Қазақстанның тарихындағы масқарашылық болғанын ашынып айтып, шынайы қылмыскерлер қашан табылады, әлде биліктің бетперделік түсініксымағын малданып отыра бересіздер ме? – дедім. Ләм-мим демедіңіз.

Сіздің теледидар экранына әрең сиғандай болып отырып: – Заманбек Нұрқаділев өзін өзі үш рет атып өлтірген, – деп мізбақпаған кейпіңіз әлі көз алдымда. Тіпті өшер емес. Неге өшсін: сіз дүниежүзілік қылмыс тарихына өз үлесіңізді қосып, кісінің өзін өзі үш рет ата алатынын «дәлелдеп» бердіңіз. Және атқанда

қандай десеңізші! Тексеру актісінде бадырайтып жазылғандай, З. Нұрқаділев өзін өзі кеудесіне екі рет атып, содан кейін, сіздердің жүйелеріңізде айтылатынша, басына «контрольный выстрел» жасаған! Ешқашан әлемдік ешбір сот-медициналық тексерісте кездеспеген ол «жаңалықтарыңыздың сырын» айтып бере алар-алмасыңызды сұрадым. Ләм-мим демей кете бардыңыз.

Ал жолдап отырған мына төртінші хатым арқылы білгім келетіні:

– Адал еңбегі бағаланудан қалған мұнайшылардың жеті ай бойы төзімі таусылып, компанияның, «бардак» үкіметтің (бұл сөзді кім айтқаны есіңізде шығар) дізгін-шылбырын ұстап отырған тоңмойын дөкейлерге үзілді-кесілді талап қоя алаңға жиналғандарына оқ неге атылды және кім аттырды?

– Өз үкіметінің оғына ұшқан бейкінәнің саны шындығында нешеу екені айтыла ма, әлде мысықша жасырып тастап жүре бересіздер ме?

– Н. Назарбаев «анықтағандай», ереуілшілерге кісі басы 20 мың теңге ақшаны және мөлшерін ол да біле алмаған арақты кім берген? Берілгеннің өзі ақиқат па, қауесет пе? Өзіміздік те, шетелдік те телеарналар көрсеткен бейнежазбаларға қарап отырсам, сонша ақшаны алып, арақты сіміргендер полицейлер сияқты, өйткені олар жараланып шөке түскен көтерілісшілерді есуастана тепкілеп жүрді, рас қой?

– Бейнежазбалардың иелерін жанталаса іздеуге кірісіпсіздер, барыпкел, алыпкел ақкөздеріңізді қай-қай шет елдерге ұшырдыңыздар?

– Көшеде қалтателефоны бар үлкен-кішіні тоқтатып, телефонын тексереді екенсіздер, ол кімнің қай заңының негізінде жүргізілуде?

– Көтерілісшілерге оқ атқан бетпақ билікке қарсылық көрсетуді ойлаған Мұхтар Мұхамбетжан тәуелсіздігіміздің 20 жылдығына шығарылған, сол билік берген медальді қайтарып тастаған екен, сол үшін ол Азаматты бассалып тергепсіздер, ол әсіреіскерлікті қай заңның қай бабы бойынша жүргіздіңіздер? Әлде Қазақстанда азаматтарының құқықтық еркіндігін қорғайтын Конституция іс жүзінде жоқ па?

– Көтерілісшілерге оқ аттырған шенеуніктің аты-жөнін Н. Назарбаевқа атап айтып берген мұнайшыны іздеп жатыр екенсіздер, одан бұрын анау шенеунікті неге іздемедіңіздер?

– Озбыр жүйенің оғынан қаза тапқан боздақтарын жоқтаушы ата-аналардың қайғы-шерлі жоқтау дауысы сіздің құлағыңызға жетті ме? Жетсе, «алған әсеріңіздің» қандай екенін айтып бере аласыз ба?

Алматы. 28. 11. 2011 ж.

(Хаттарым жауапсыз қалды. Жалпы, менің көзім жеткен бір «жаңалық» – жоғарыдағы шенеунік атаулының кімнің болсын хатына жауап бермейтін болғандары. Бүгінде езуін кергілеуден ерінбейтіннің бәрі жамандап жүрген Кеңес дәуірінде «келіп түскен хатқа бір аптадан кешіктірмей жауап беру» ресми міндет болған еді, яғни ол жақсы тәртіп Кеңеспен бірге кетті. Өкінішті ме? Тоңмойындар (бюрократтар) үшін, әрине, өкінішті емес.)

ІНІЛІК БАЗЫНА

Зейнолла аға ҚАБДОЛОВҚА

Құрметті Зеке!

Сіздің 26.VIII күнгі телефон шылдырыңыздан соң еріксіз ойға қалып, осы бір хатым арқылы бірер пікірімді жолдағым келді. Себебі: Сіз хабарласқан сәтте таңертеңгі пойызбен келіп жеткен құдаларыммен есендесіп отырдым да, Сізге жарытып жауап ката алмадым және Сіздің шылдырыңыз ойымда жоқ жәйттерді кешірек қозғады. Қысқа қайырсам:

1. «Әдебиет – ардың ісі» дегенді Мұхаңа теліп, соңуо ІІІ-съезіміздің қалай өткенінен айтылған бір естелікті бұдан 3-4 жыл бұрын журналдарымыздың бірінен оқыдым, оқып қана өткенім болмаса, ондай фактілерді жинамаушы едім, қай журнал, қай автор екенін енді есіме түсіре алмай отырмын. ІІІ-съезд 1954 жылы болса, мен Алматыға 1966 жылы келдім, кімнің не дегенін мен қайдан білем онда, әйтеуір, тәуір сөздің бірі Мұхаңның ауызынан шықты дегенге мен де иланған болсам керек, жадыма тұтып қалыппын. Сіздің тұжырымыңыз екен – кешіріңіз, өзіңізге

айтқанымдай, тіл туралы мақаламда түзетемін (“ҚӘ” бетінде). Мен Сіздің «Өмір ұшқыны» хикаятыңызға Төлеген Тоқбергенов досымның сұрауымен рецензия жазғанмын, есіңізде шығар. Одан соң әдебиет теориясы жайындағы еңбегіңізді оқыдым. Басқа ғылыми дүниелеріңізді оқыған жоқпын, мынау тұжырымыңыздың маған беймәлімділігі содан да.

2. Мен бұл ғұмырымда атақ, силық атаулыға, жалпы – қолпаштау дейтін әдетке үйір болған емеспін. Одақта қызмет істеген әжептәуір бастықтау болған жылдарымда не одақтың ішкі силықтарына (әзіл-сықақ саласындағы) немесе сыртқы силық-марапатқа өзімді ұсынған емеспін, Ұсынылған екі-үш ретте тізімнен сыздырып тастадым. Бір мәрте ғана «жарайды» дедім, ол – жасым алпысқа толып, зейнетке кетіп бара жатқанымда әлгі «еңбек сіңірген» дейтін атаққа Қалдарбек ұсынып болмады, бірақ, соның өзі де аяқсыз қалды. П-хатшы болған 1,5 жылда алдыма талай әріптесіміз келіп, үлкені де, кішісі де: мені пәлен силыққа, пәлен атаққа, пәлен орденге ұсыныңдар! – деп қиғылық салғанда қатты таңданғанмын. Өйтудің де – ем қонбас сырқат екенін түсінгенмін. Өзімнің ондай сырқатқа ұшырамағанымға іштей қуанғанмын. Десем де, Сіз қоңырау шалғанда, «ҚӘ»-дегі жауаптарымды оқығаныңызды айта бастағаныңызда мені де бір пендешілік сезім жағалай қалып: Ә, Зекең менің естеліктердің үш жинағын шығарғаныма, төртіншісін қолға алғаныма қуанып, «бәрежелді, інім!» деп ағалық ризашылық сезімін білдірмек-ау! – деп күттім. Марқұм болып кеткен азаматтардың аруағына менше қызмет етіп жүрген інілеріңіз көп пе еді? Сіздің оны білетін жөніңіз бар еді. Олай болмады. Сізден ағалық ризашылық сезім шықпады. Жасыңыз 70-ке толған жиында, ҚазМУ-да, өзім өз болғалы дұрыс шығарылған жинағымды үлкен құрметпен силап едім. Сізден дәріс алған шәкірт болмасам да, ағалығыңызды қымбат тұтып едім, бірақ: «е, мына кітәбің тәуір шыққан екен, құтты болсын, силағаныңа рахмет!» деуіңізді шын күтсем де, ләм-мим демеген едіңіз. Мына жолы ренішіңізді ғана естіген сәтте баяғы «биография мен география» жайындағы мысқыл-лақап есіме еріксіз түсті. Мейілдеріңіз. Мен жүзге, руға, атаға, тіпті облысқа бөлініп көрмедім. Әрқашан арыма ғана

жүгініп, ақиқатты ғана айтуға бейім тұрдым. Ағаттығым болса, ол да ешбір есепсіз жасалған адал ағаттық деп білем.

3. Р.Тоқтаров романы жөніндегі жиналыста не дегенімнің қысқа нұсқасын айтайын: ...нендей силыққа да ұсынуға қарсы емеспін, алайда, мысалы, мемлекеттік силық комиссиямыздың қазіргі құрамынан да әділеттілік күте алмаймын. Екінші хатшылыққа уақытша бекітілісімен вице-премьер И.Тасмағамбетовке комиссия құрамы хақында наразылық хат жаздым, қазақтың үш жүзі – тарихи қалыптасқан құрылым, оны жоққа шығаруға болмайды, яғни, әдеби мемсилық комиссиясында әр жүзден үш-үштен қаламгер және орыс, ұйғыр, неміс әдебиеттерінен бір-бір өкіл болсын. Комиссия төрағасын үкімет-ақ тағайындасын. Ал құрамды Жазушылар одағы басқармасының секретариаты қаламдастар қауымымен ақылдасып, тандап, бекітіп берсін, эне, сонда заңды да, әділетті де болады дедім. Бұның алдындағы құрамды Олжас басқарды да, ол комиссиядағы 14-15 мүшенің 8-9-ы орта жүзден болыпты. Демек, кімге бергілері келсе, соған берді. Қазіргі құрам да біржақты, кіші жүзден алты мүше отыр деп тоқтадым. Бұл айтқандарым теріс пе, оң ба? Алатындар ала алмайды, алмайтындар алады дегенім ше? Өзіңіз де білесіз ол жағын. Иә, айтпақшы, соңғы жолы Тұрсын Жұртбаевтың екі кітабына беретін жөндеріңіз бар еді, оның екі кітәбінде бір сырлы, сегіз қырлы Мұхтар Әуезов ақиқат ақпар тілімен әрі көркем әңгімеленген, егер тұтас оқыған болсаңыз. Асыл адам, жұмырбасты пенде, ғұлама әдебиетші, қаламгер, сыншы, тарихшы, ұстаз... дейміз бе, Мұхаңның бүкіл болмысы, тірлігі бар ол екі кітапта. Әйтсе де, тым болмаса Сіз: Оу, мына шәкіртімнің еңбегі мол екен-ау! –деп демеп жібергеніңізде жөн болатын еді, алайда...

«Дүкенбайдың жазғаны мардымсыз болса да, қайтейін, шәкіртім болған соң дауыс бердім. Мен ешкімді сызып көрген жоқпын, әйтеуір, бәріне жақсылық жасап жүремін» дедіңіз. Қателестіңіз, Зеке, қателестіңіз! «Әдебиет – ардың ісі» екен, әдебиетке кімнің не беріп келе жатқанын жіті бағдарлап, жақсыны – жақсы деп, нашарды – нашар деп ашып айту, тек жақсыны қолдау парызыңыз емес пе? «Ешкімді сызып көрген жоқпын» деу не дейді?

Әдебиетке қиянат жасағанға да «тәйт!» деп көрмедім демей ме? Қ.Мұқамедханов ақсақал Дүкенбайдың Мұхаң туралы кітабында тарихи жәйттерді бұрмалау көп, біреуін ғана айтайын: Мұхаң өзін сонау жылы тұтқындалғанда аштан өліп қалуымнан сақтаған деп бір кісіні атап, соған алғысын айтса, Дүкенбай мүлде басқа біреуді айтады, құдай-ау, бұл не сұмдық? Мұхаңды бұлайша «түзетумен» аруағына қиянат жасады емес пе?! –деп күйініп еді. Ол факті –жазғыштың «түзетуі» Сізге беймәлім болғаны да. Бірақ, сызбау принципіңізді ұстана бересіз. Атақты да, силықты да кімнің қалай алып жүргенінен мен де хабарсыз емеспін. Мәжілістерге қатысып, дауыс беріп отыратын Г.Бельгердің бірде орыс гәзетінде шыққан мақаласында: мемлекеттік силық алу үшін кейбіреулердің рухани қайыршы, тіленші болып алдыма келгенін көргенімде жанымнан түңіліп кетемін, дегені бар. Кім екенін атап жаза алмаса да, шындықтың шымылдығын бір қозғап қойды. Өз басым басқасын білмесем де, Елубай Смағұловтың «Парасаттың» бас редакторлығынан неге шеттеп кеткенін сеземін. Оны Сіздің менен жақсы білетініңізге де шүбәм жоқ. Әдебиетте арлының, шын таланттың аты озуға тиіс, сонда ғана «әдебиет – ардың ісі» болмақ. Әйтпесе, «құрғақ қасық ауыз жыртадымен» күн кеше береміз де.

Бүгін аруағын әсірелей мақтап жүрген А. Сүлейменовымыз күні кеше бір хикаятында Абай мен Біржанды кәдімгі алқаштар ауылының төріне бір-ақ шығарған. Бейбіт Сапаралин деген жас жазушыдан басқа тірі жан кезінде ол «танымпаздыққа» тойтарыс бермеді. Абай – әдебиетіміздің ары, абыройы. Мейлі, сонда да селт етпедік. Мұндай әңгіме аз емес, тіке өзімізге қатысты болмағанда, амал не, қалыс қала береміз. «Сызуға жоқпыз», оны «жақсылық жасау» дейміз. Меніңше, әдебиет силығы (басқа саладағы да), атақ дегеніміз, әсіресе алғашқы бетте кімнің болсын әдебиетке сіңірген еңбегін адал, әділ бағалау болса керек. Олжасша бір топтама өлеңі үшін мемсилық алу, Т.Әбдірахмановаша Мәриям Хакімжановадан бұрын «Халық жазушысы» атағын алу, «менен пәленекенің еңбегі мол, орыны жоғарыны» айта алмау силыққұмарлық, атаққұмарлық аурудың дәл өзі! Осы ауру асқына бермес үшін «Әдебиет – ардың ісі!» деп нақ шайқас ашу керек, бірақ, ондай азаматтық таныта алар

әдебиетші-сыншы бізде жоқ, біздің шөберемізден шықпаса, одан беріде шықпайды! Оның ыңғайына қарай қаламгерлерді «Халық жазушысы» деп екшейтін, алақөздікке жығып берген сорлылық принципті ұстану күшейіп барады. Ол атақты алғандар халық үшін жазғандар екен де, ала алмағандар халық үшін жазбағандар екен, ә? Саясаттағы, биліктегі, тірліктегі кем-кетікті, қателікті хал-қадари жазып, халықтың көкейіндегісін сықақ әңгімемен де, мақаламен де жарыққа шығарып жүрген, мысалы, мен халық үшін жазбайды екенмін, ал саясат пен биліктің құлы болып жербауырлап жүрген жағымпаз жазғыштар «халық жазушысы» делінеді екен! Анау Дүкенбайдың Абай, Мұхтар Әуезов жайындағы жазғандарында бұрмалаушылық қате көп, аруақтарды қорлаған дегенді сол тақырыпта зерттеу еңбек жазып жүргендердің бәрі айтады. Ауызша дәлелдері қыруар, ал ашық жазудан тартынады. Нендей себептері барын түсінбедім. Ол да бір сорлылық шығар! Жолтапқыш күштілерден қорқу болар. Санамызға сан ғасыр бойы батпандап сіңген құлдық уын сіркелеп сығып шығаруымызға әлі қанша жыл қажет боларын кім білсін!

Зеке, хатпен өзімше кеңірек айтпағым осы еді. Тәптіштей берсем, бұдан бірнеше есе көп болар, осымен тәмәм. Сізден жауап күтпеймін, ондай мақсатпен жазған жоқпын. Бұндағы пікірлерімнің бірі болмаса бірі көкейіңізге қонса, оны өзіңіз білерсіз.

27.VIII. 2000 ж.

Айтпақшы, Зеке, менің халық қамын көздеп жазғандарым «XXI век» пен «Солдатта» жарияланып жүр, жариялана берер де. Ол ісіме өкінбеймін. Уақыт өзі дей жатар, «... бас изеймін шыбындап» гәзет-журналдар мен жеке «мықтылар» туралы шындық та айтылар.

(Автордан: бұл хаттың жазылу себебі былайша: кезекті Мемсыйлықты кімдерге беру әдеттегіше әңгіме болып жатыр, жақында қорытындысы шығады. Бәйгені баяғы «өзі жақсылар мен көзі жақсылар» алар. Соған наразылығымды комиссия мүшелерінен кімге айтуды ойландым да, Қабдолов Зейнолла ағамызға айтайын, сөздің қадірін білетін адам ғой деп түйін, үйіне телефон шалып, көңілімдегіні түгел ақтардым. Бұл жолғы

татымды еңбек Рамазан Тоқтаровтың «Абайдың жұмбағы» кітабы екенін баса айттым. Зекең сөз қыстырмай, бетімнен қақпай тыңдап алды да: «Ғаббасжан, түсіндім, түсіндім. Ескертпе назың, иә, наразылығың орынды. Ескеруіміз керек, ескерермін» деді. Мен риза болдым. «Сау болыңызды» айтар алдында: «Зеке, бұл айтқанымды машинкалап, бір данасын сізге жеткізіп беремін» дедім. Ақырын ғана күліп: «Жарайды» деді.

Желтоқсан айының 11-і күні таңертең жолдастарымыздың бірі: «Рамазанға Мемлекеттік сыйлық берілетін болыпты, комиссияның қаулысы ертеңдер шығып қалар» деді. Қатты қуандым. Ертеңінде іңірде: «Рамазан қайтыс болды» деген суық хабар сумаң етті. Одан төрт күн бұрын хабарласқанымда: «Аллалап, тәуекелдеп жатырмын зой» деген. «Сынық арба көп кешер», әлі талай жерге барамыз, саспа» деп жұбату айтқанмын. Сонда бұрынғы әзіл аралас ашық дауысын ести алмай, тіксініп қалып едім...

Рамазан екеуіміз 1966-жылы танысқанбыз. 8 жыл құдайы көрші болдық. Білімдар, ашық-жарқын мінезді, әзілқой жігіт еді...

Суық хабарды естісімен, жүгіріп жеттім. Бәйбішесі Күлекең, балалары және бірнеше кісі отыр. Ел-жұртқа хабар айтыла бастаған екен. Біраздан соң Зейнолла Қабдолов келді. Жанында бейтаныс жігіт бар, оны танымадым. Зекеңнің қатты абыржып келгені өңінің құқылданып кеткенінен байқалды. «Айналайын келінжан» деп бастап, көзіне жас іркіле отырып, жұбату сөздерін сырбаздап айтты. Содан соң маған бұрыла қарап: «Мына Ғаббасжанның бір айтқаны арқама аяздай батып еді, ауыр тиіп еді, бірақ орынды, жүйесін тапқан сөз болды. Осы жолы Рамазанның романын қолдап, сыйлықтың берілуіне күш салдым. Қай сыйлыққа да лайық үлкен еңбек қой, әділ бағаланды» деді.)

Нұрсұлтан Назарбаевқа жазған хаттарым

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары Н. Ә. НАЗАРБАЕВ жолдасқа

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Партиялық аса жауапты жұмыс жүктеліп, Қазақстан коммунистерінің Басшысы болып тағайындалуыңызбен құттықтаймын! Бұл орында да халық сенімін қалтқысыз ақтап, әрқашан адалдықтың, әділеттіліктің ұйтқысы, жақсылықтың, жаңалықтың жетекшісі болыңыз!

Осы ниетіме қоса Сізге бірер тілек айтпақпын, айып етпеңіз.

1. Өз басым «Тұрғын үй-91» программасының түп мақсатына риза болсам да, оның іске асу сапасына онша қанағаттанбай жүрмін. (Неге екенін Колбинге жазушылармен екінші кездескенінде жазбаша жеткізгенмін, сірә, құптамай, тастай салған шығар).

Тұрғын үй салу, әрине, өте дұрыс. Тек ертеңді ойлап қимылдау керек қой. Мысалы, дәл қазіргі қарқынды құрылыс барысында Алматының көркем бола түсуіне қол жетті ме? Жоқ! Тұрғын үй көбейді, ал көне Шығысқа тән сәнді, сәулетті құрылыс, әртүрлі әсем жобалы сұлу үйлер салу ескерілмеді. Ең жаңа ықшам аудан «1-Самалға» көз жіберіңізші. Ленин проспектінің бойлата 8-9 қабатты «қораптар» қойылды: қолайлы тұрғын үйден гөрі, жатақханаға лайық – әрі тар, әрі алды-артында балалар алаңшасы атымен жоқ, айнала – машина жолы. 14-15 қабатты «мұржалар» самсады. Олар да таршылық. Тұрғын халық «қорап», «мұржа» деп атап жүрген бұл екі жоба СССР-дың кез-келген ойы-қырында жыпырлап тұрғаны даусыз. Келесісі – бес қабатты, томпақ балконды кірпіш үйлер. Рас, кірпіштен екені жақсы, бірақ бас-аяғы бір ғана жоба, тек бірін – батысқа, бірін – шығысқа, бірін – оңтүстікке, бірін – сол түстікке қаратып, ығы-жығы етіп салып жатыр. Балконы томпайса болды – көне Шығысқа тән архитектураға орайласады десе керек. Бұл үйлердің жобасындағы жойдасыздық сол: бірінші қабатының терезесі жерден 2-3 метр биікте, әйтсе де, балкон жоқ, оның есесіне бесінші, ақырғы қабатының терезелері үстінде құдды алтыншы қабаттың балконындай болып кәдімгі балкон тұр. Оның қандай мода, қай тапқырлық

екенін түсінбедік. Қыруар материалды ысырап еткен де қойған; ондай иесіз балконды бірінші қабаттағыларға силаса, қаншама жұрттан алғыс алған болар еді. Сондай-ақ тағы бір «тапқырлықтарды» айтайын. Сол бес қабатты үйлердің іргетасы иықтап қалған: жерден 1,5-2 метр биікте иық (карниз) бар, жалпақтығы 25-30 см., онымен бала да, үлкен кісі де еркін жүріп кете береді, яғни пәтер тонаушыларға қолайлы-ақ, ұрыларға «байғазы». Мұндай үйлер астананың басқа тұстарында да салынып жатыр. Жалпы «қораптар» мен «мұржалар» мол-ақ. Оларды көне Шығыс архитектурасына жатады деп көрсету үшін көше жақ қабырғаларына көк, қоңыр, қызыл бояумен ою-өрнек, мешіт, т.б. суреттерін салатынын айтерсіз! Құрылыстың қаңқасы, жобасы Шығыс сәулетінен аулақ болған соң, оны бояумен «ұқсату» – әлде алдау, әлде мазақ. Ал, бояуларының бірер жылдан кейін онып кетері сөзсіз.

Яғни, Алматының құрылысы ұлттық нақышын, реңін, рухын жоғалтып барады. Саусақпен санарлық бірер объектіні айтпасақ, астанамыз алыс-жақындағы көптеген қалалармен егіз-сыңар сияқты.

Одан кейін: Алматыда мәдениет, сауда, тұрмыстық қызмет мекемелерінің, т.б. объектілердің сыртқы жарнамаларында, плакат пен рекламалық суреттерде қазақша сөз жоқтың қасы, бары – шала сауатты жазылған. Ал көшелердің қиылыстарында былтыр пайда болған қалқима көрсеткіш-сілтемелерде қазақша ат-атау мүлде жоқ. Шеттен келіп түскен басқа ұлт адамдарының әуелі вокзалдағы жарнамаларға, плакаттарға көз салатыны, көше аттарын оқитындары, бір ауыз болса да сөз үйренуі солардан басталатыны неге ескерілмейді?

Объектілерге ат қоюға да селқоспыз. Аузымызға түскен бір сөзден айырылмаймыз. Мысалы: автостанция да, кафе де, ресторан да, кинотеатр да, магазин де «Арман» боп кете барады.

Мен осының бәрін ілгеріректе мақала етіп, республикалық газеттерге ұсынып едім: «Ойбай, Димекеңнің өзі – қаланың құрметті архитекторы. Сынауға болмайды!» деп қабылдамай қойды. Ал Димекеңнің өзіне хат жазғанымнан да ештеңе өзгермеді.

Облыс орталықтарындағы құрылыстың да халі тура осындай.

Сол «қораптар» мен «мұржалар». Көше, объектілердің аттары да – сол. Ол қалаларда туып-өскен, жақсы атағы, даңқы Одаққа, әлемге тараған аяулыларымыздың атын ұрпақ есінде қалдыру, ескерткіш-белгі орнату оларда да дұрыстап ескерілмей келеді. Осы орайда айтпасқа болмайтын бір жәй – республикада Шевченко атында екі қаланың болуы қай жомарттық? Оның бірін бұрынғысынша «Ақтау» деп атаған жөн емес пе? Ал Ермактың кім болғаны, не істегені белгілі. Басқаны пйтпайық, Л.Н.Толстойдың жазғанына ғана жүгінейік. Соның негізінде-ақ Ермак атын жоюға болады. Жою керек те! Ол үшін орыс-интернационалист жазушы, журналист, үгіт-насихатшы жолдастардан өз еріктерімен арнаулы бригада жіберіп, Ермак қаласы мен Ермак ауданы жұртшылығына ақиқатты ұғындыру қажет. Сөйтіп, ұр да жық кезеңдегі қателікті түзету қажет. Мәскеудің қолдамас жөні жоқ.

2. Қазақстан журналистикасының жұмысын жандандыру керек. Баспасөзіміз партияның нағыз жауынгер құралы, көмекшісі, жәрдемшісі болуға тиіс. Әрбір гәзет-журналымыз батыл, әділ, адал сынымен, барды көрсете білетін ұйымдастырушылық іскерлігімен, ақыл-кеңес бере алатын абыройымен танылуы шарт. Партия мерейі, халық мүддесі, қоғам берекесі үшін мықтап күресуі керек. Бұл тұрғыда үлгі-өнеге «Социалистік Қазақстан» гәзетінен тарауға тиіс. Бірақ ол гәзет қазір жә» ғана хабаршының ролін атқарып жүр. Қазақ журналистикасының қара шаңырағына атақ-абыройы, журналистік еңбегі шамалы К.Дүйсеев ие болып отыр. Камалиденов пен Устиновтің көдедей көп жекеменшік кадрларының бірі. Көкелері апарып отырғызған соң, ол да: «Е, мен осы орынға лайық екенмін!» деп отыр. Орталық Комитеттің идеология бөлімі кадр мәселесін шешуде «ұнағаным ұтады!» деген қағиданы ұранына айналдырғалы қашан. Соның кесірінен қазақ журналистикасы батылдықтан, бағдарлылықтан, ұстаздықтан, ұйымдастырушылықтан жұрдай болуға айналды. Карьерист Устинов бөлімге өзі сияқтыларды жинап алды да, әрине, Камалиденовтің тоқпағына арқа сүйеп, жалаң кеңсешілдіктен басқа ештеңе тындырып жарытпады. Өзіне, өзінің әміршісіне ұнамағандардың соңына түсуде ғана белсенділік көрсетті. Әуелі

Камалиденовіне, кейін Колбинге жағынып алды да, теріс бағып кеп отырды.

(Нұреке! Жазушылармен кездескеніңізде Сізге осы орайда хат берген болатынмын. Енді сол хатымды нақтылап, толықтырып, жақында өзіңізге жолдаймын және әділетті шешіміңізді күтемін).

Республика баспасөзінің биік деңгейде болуы Орталық Комитеттің идеология бөлімінде кімдердің отырғанына тікелей байланысты. Ондағы қызметкерлер міндетті түрде танымал журналист болмаған жағдайда журналистиканы ешқашан дамыта, көркейте алмайды. Және, меніңше, бөлім меңгерушісі қазақ журналист, немесе, басқа ұлт өкілі қажет десеңіздер, қазақ тіліне жетік кісі болуға тиіс.

Осыған қатысты бір жәйт: республикалық қостілді газет-журналдардың редакторлары, мысалы, біздегі «Агитатор Қазақстана – Қазақстан үгітшісі», «Агропромышленный комплекс Қазақстана – Қазақстан агроөнеркәсібі», т.б. редакторлары да қазақ немесе қазақ тіліне жетік кісі болуы шарт. Содан соң оларда бүкіл материалды бір тілден екінші тілге аударып қана шығаруды заңға айналдырмай, әрқайсысы оқырмандарының тілек-талабына сай дербес материалдар беріп отыруы керек.

Ауыл-селоларда болған сайын көпшіліктен республикалық ауыл шаруашылық газеті қажет дегенді естиміз. Сөз болғанына талай жыл өткен сол мәселе қашан оң шешілер екен? Жоғарыда аталған агропром журналын газетке неге айналдырмасқа? Қайсысының тиімді, әсерлі болатыны талас тудыра қоймас.

«Алматы ақшамын» тақсіреттен құтқарғайсыздар! Толық штаты, қаламақы қоры жоқ гәзет бола ма екен? «Вечеркаға» қашанғы теліп қоюға болады? Меніңше, бұл гәзетті «Ақшам» деп атап, оңтүстік облыстарға тарайтын дербес гәзетке айналдырған жөн. Кешкі басылымның правосын толық беріп, жеке шығарса – Алматының өзіне де жақсы тарап, бедел алып кетері және сөзсіз.

Облыстық гәзеттер де қиын халде. Журналист кадрлардан бесаппа, батыл жастар жетіспейді.

Облыстық гәзеттердің жағдайын оңдау да, олардың аттарын дұрыстау да керек дер едім. Шетінен қарап отырсаңыз, кілен: «Коммунизм жолы... туы... таңы... нұры», «Ленин туы... жолы... правда-

сы). Қазақшасы да, орысшасы да солай. Шіркін-ау, әр облыстың өзіне сай, ел-жер қасиетіне, тарихына тән ат бұйырмағаны қалай?! Әрине, оларды өзгерту пәленбай мың сом шығын тілейді, бірақ түзету, дұрыстау міндет. Күлкілі халден арылған жөн.

Қазір өте қауырт, аса жауапты шақ. Ұлы өзгерістер кезі. Халық депутаттарының съезі көп мәселенің басын ашып берді. Уақыт талабына орай атқарар міндет қаншама! Мұның бәрінде де республикалық баспасөздің алымдылығы үлкен рольге ие болары даусыз. Ендеше баспасөзіміздің ту ұстары – «Социалистік Қазақстан» гәзетін шын мәніндегі Журналист Маманға тапсыруларыңыз керек. Мен ондай адам – тәжірибелі журналист, халыққа белгілі жазушы Шерхан Мұртазаев деймін. Оны Сізден интервью алған соң, немесе басқадай бір бақал есеппен айтып отырғаным жоқ. Мен Шерханның редакторлық жолын жақсы білемін: оның қолына тиген гәзеттің де, журналдың да құлпырып, суырылып шыға келетіні баршаға мәлім. Сондай адам бармайынша «СҚ» оңала алмайды! Сондай адам басқармайынша Журналистер одағымыз да, бүкіл журналистикамыз да сұрқай өмірінен құтыла алмайды!

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Коммунист ретінде көкейіме қонбағандарды айтып, біраз уақытыңызды алдым. Айтпағым әлі де көп. Яғни, мүмкіндігіңіздің болуына қарай, мені қабылдауыңызды да өтінемін және қабылдайды, жағдайыммен танысады деп сенем.

25 маусым, 1989 жыл.

**Қазақстанның президенті
Н. Ә. НАЗАРБАЕВ* мырзаға**

Құрметті Нүреке!

Сізге елдесіңіз, қандасыңыз, намыстасыңыз ретінде осы бір хатымды жолдай отырып, көкейіме қонбай қойған мына жәйттерді айтқым келді:

1. Сонау жылдары біздің Жоғары кеңес қатесі көзге ұрған екі шешім жасады. «Қазақстан» не «Қазақ Республикасы» деудің орнына «Қазақстан Республикасы» деді. Пікір алысу жарияланған кезде-ақ, мысалы, мен «Қазақстан» деу дұрыс екенін дәлелдегенмін

(басқалар да жазған болар), себебі: итальяндардың «республикасы» мен парсының «станы» мағыналас – белгілі бір халықтың елі, жері, мемлекеттігі дегенді білдіреді. Араб, парсы елдері ешқашан бізше қосақтаған емес, тіпті ауызекі сөйлесіп отырып та олай демейді. Мәселен: Ауғанстан, Пакистан, Үндістан деп қана атайды өздері, ал біз соларға қосақ ат беріп: Ауғанстан Республикасы деп жазып жүрміз. Өте орынсыз! Бұл түзетуді тілейді. Қазіргі парламенттің бе, әлде алда сайланар жаңа парламенттің бе алдына қойып, «Қазақстан» деген ежелгі дәстүрлі атымызды қалыптастырғаныңыз жөн болады.

2. Осылайша түзетуді тілейтін екінші атау – «Қазақстанның Әнұраны» деп жүргеніміз. Кезінде «Гимн» қазақшалануға тиіс болса, ол «Ел әні» делінсе екен деп те жазғанмын.

Көне гректің «гимн» сөзі – салтанатты, мерекелі ән» деген сөз. Яғни, «Қазақстанның Ел әні!» Сіз әуежайда шетелдік әріптесіңізді қарсы алғанда, мысалы, «Менің Қазақстаным осындай ел!» деп іштей мақтанышпен салтанатты күйде тұратын боларсыз, «Қазақстанды көр, бәлем!» деп іштей ұран салып тұрмайтын шығарсыз? Авторы белгісіз ән – халық әні, ал бір мекендегі халық, ұлт, ұлыс өкілдері атынан айтылатын гимн – Елдің әні.

Соңғы кезде «қазіргі гимніміздің әуенін жаңарту керек, бұл кеңестік заманның белгісі» деген сандырақ айтыла да, жазыла да бастады. Ел әніміздің әуені – ұлы композитор Мұқан Төлебаевтың ұлы талантынан туған ұлы әуен! Тек кезінде Мұқаңа Брусиловскийді, Хамидиді қосақтап, «советский бригадный методты» қолданып, Төлебаевты қорладық. Мұқаңның қалай күйінгенін балалары, інілері қазір де көздеріне жас алып айтады. Өйтудің үлкен қиянат болғанын Байғали Досымжанов та, Нұрғиса Тілендиев те ашып айтты. Егер жаңарту керек болса, Ел әнінің қазіргі өлеңін өзгерту керек, бұл да – «бригадный методтың» көрінісі. Мен жаңа тексті қарайтын комиссияға мүше болғанмын. Екі кезең қорытындысында бір жас ақындардың өлеңдері онан соң Қайым Мұхаметхановтың жаңа тексті көп ұпай алған. Үшінші, соңғы қорытынды мәжіліске біздің біразымыз шақырылмадық та, Жоғарғы кеңестің төрелері үш жүзден үш ақынды және әйел ақынды бөлектеп тандап алып, будандастыруға шебер болған Мичуринше, баяғы советтік саяси

тәсілді қолданып шыға берді. Сорақы-ақ! Бізден басқа ешбір елде гимн әуенін де, өлеңін де коллективтендіру жоқ!

3. Мемлекеттік әдеби силыққа ұсынылған шығармалардың арасында бұл силыққа, меніңше, әбден лайық екі туынды бар, олар – Тұрсын Жұртбаев пен Иранбек Оразбаевтың кітәптары. Иранбек – ірі ақын, арқалы ақын. Арқалы болған соң да кесек ой айтады, өткір де көркем айтады. Рас, кейде артық-кем сөйлейтіні бар, бірақ ондай мінез жуас, саясатшыл ақындардан шықпайды, елі, халқы үшін жаны ауыратын, жүрегі ауыратын ірі тұлғалардан шығады. Өкінішке қарай онысын ұсақесепшіл, жағымпаз біреулер көре алмай күндейді, жолын кеседі. Иранбектің басқа жинақтары бұрын да бұл силыққа ұсынылған, бірақ күншілдіктің отына жазықсыз күйіп, лайықты силығынан қағыла береді. Сондай әділетсіздікке осы жолы тағы құрбан болмаса екен!

Тұрсынның «Талқы» мен «Бесігінді түзе» кітәбін оқи алдыңыз ба? Бұл еңбек – ұлы Мұхтар Әуезовтің Адам, Азамат, Күрескер, Қаламгер, Жазушы, Пенде қалпындағы бүкіл болмысын ғажап ашып әңгімелеп берген аса құнды туындылар! Мұндай еңбек, егер ар-иманымыз таза деп Аллаға сиынып айтар болсақ, бізде әлі жазылған жоқ болатын және Тұрсыннан басқа біреулер жаза да алмайды! Силыққа З.Қабдоловтың «Менің Әуезовімі» де ұсынылған, оның бағасын кемітуден аулақпын, алайда ол – Мұқаннның ұстаз ретіндегі бір ғана қырын әңгімелеген бір бағыттағы ғана кітәп, ол жетістігі Қазақ ПЕН-клубы тарапынан әділ бағаланып, 10 000 доллар силық алды да. Т.Жұртбаевтың кең өрісті кемел еңбегі басқалардың атақ-дәрежесіне құрбан болып кетсе, ол – әдебиетке, Мұхтар Әуезов аруағына қиянат!

4. Кешегі және бүгінгі зейнеткерлердің жағдайы. Кешегілер – 40-50 ж. бойы партия мен үкіметтің жегуінде арқа еті арша, борбай еті борша болып жүріп, 5-10 мың теңге зейнетақы алып отыр. Бүгінгілер – «госслужащий» деген статьямен, тіпті жасы алпысқа жетпей шығып жатқандар 20-40 мың теңге зейнетақы алып отыр. Бүгінгілердің көбі бірінші басшы болып та көрмегендер, Президенттің, үкіметтің әкімшілік салаларында істегендер. Сонда кешегілердің жазығы не, бүгінгілердің керемет еңбегі неде? Мұны

ескеруге, дұрыстап түзеуге жол табуға, заң шығаруға болмай ма? Ағалар жыл санап кеміп, азайып барады, құрметті Нұреке! О дүниеге ренжімей, күйінбей, қарғанбай аттанатын болсыншы!

5. Дәл осындай хал дәрігерлердің, мұғалімдердің басында да барын өзіңіз білетін шығарсыз. Кеңес өкіметі орнасымен бұл екі мамандықтың адамдары ең аз жалақы алатын топқа жатқызылып еді, бүгінге дейін сол топта. Ал ең қиын қызмет осылардікі. Мектепте қырық ру баланы оқыту, тәрбиелеу оңай болғаны неткені? Министрліктерде, жоғарғы әкімшіліктерде істеейтін ұсақ шенеуніктер 25-30 мың теңге айлық алады да, дәрігерлер мен мұғалімдер 5-6 мың теңге ғана алады. Бұл қалай?

6. Мұфти Рәтбек қажы туралы небір өрескел сөздер қаулап барады. Соңғы кезде облыстық мешіт басшыларын өзінің руынан тағайындауға кірісті де деседі. Мен о жағын білмеймін, менің білетінім – оның Құранды аударудағы еңбегі 10 процент қана болғандығы. Кезінде Құранды қазақшалауды біз – Жазушылар одағының Аударма алқасы ұйғарып, ол істі жазушы, араб тілін зерттеуші Уаһап Қадырхановқа жүктеп, оған консультанттарды белгілеп, «Жазушы» баспасына ресми хат жазғанбыз. Құран белгілі мерзімде сол тәртіппен аударылып шықты, тек бірінші «аудармашы» рөлін Рәтбек ойнап кетті, сірә, баспа директоры Қ.Найманбаев екеуі тіл табысса керек. Рәтбек «мен аудардым!» деген әнге басып, «Кто есть кто» кітәбіне де солай енді. Онысына жұрт наразы бола бастаған соң, мен оған қатынас қағаз жіберіп, аудармасының қолжазбасын Алқаға тапсыруын талап етіп едім, ол Қадырхановқа жүгіріп барып, «ойбай, аға, арашалай көр!» деп жалыныпты, Қадырханов маған келіп: «Құрысын, сол-ақ мұратына жетсінші» деді де, біз сонымен сөзді доғардық. Әділетсіздікке, залымдыққа тыйым салу тым қиын-ау!

7. Ә.Қажыгелдин екеуіңіздің араңыздың ашылғаны Қазақстанға пайдалы емес-ау, Нұреке. «Мен адам қылып едім» демей, оның күшін, білімін пайдалануды қарастырсаңызшы! «Ер шекіспей бекіспес» дегенді ол да білетін шығар, бауырыңызға тартсаңыз теріс кете бермес. Араларыңызды баспасөз белсенділері ашып отыр, соның салдарынан «Қазақстанда сөз бостандығы жоқ!

Тәуелсіз баспасөз қуғындалуда, жауып тасталуда!» деген айғай-сүрең сонау АҚШ-қа дейін жетіп жатыр, бұл өте өкінішті!

8. Алматыдағы орталық стадионға Мұстафа Өзтүріктің атын бергізсеңіз жөн болар еді. Ол марқұм атамекенін аңсап келіп, бізге бейтаныс күрес туын тігіп, мектебін ашты. Бар ой-арманын орындай алмай арманда кетті. Осыны ескерсеңіз, Түркия мен Қазақстанның туыстығына, достығына жарасымды болар еді.

Нүреке!

Сізге бұдан бұрын І.Есенберлин мен Ә.Әлімжанов аруағын құрметтеу, бүгінгі шын ғұламамыз Қайым Мұхаметхановқа қамқорлық жасау жөнінде бір хат жазғанмын. Мына екінші хаттымды жолдау себебім: қазірде Сіздің емеурін жасауыңызсыз, бұйрығыңызсыз шешілер мәселе азайып кеткені ақиқат. Креслоқұмар шенеуніктер еңштеңеге жауапты болмауды көздейді де, бәрі Сіздің атыңызбен байланыстырып отырады.

Сізге шын тілектес шенеунік Сізге тек шындықты жеткізіп айтып отыруға тиіс. Сіздің төңірегіңізде осындай қасиетке ие шенеунік аз ба деп қорқамын. Ел ішінде болып жатқан ауыртпалық, қателік немесе заңсыздық дегеннің бәрі Сізге аударылып жатады. «Назарбаев сөйдепті де бұйдепті!», «Назарбаев істегіп отырған көрінеді» дегенді ғана естиміз. Басқасын былай қойғанда, Сіздің кандидатураныңызды жақтаушылардың қолын жинағанда жіберілген заңсыздық, ағат әрекеттердің барлығы жағанды ұстатарлық. Кейбір шенеуніктер құдды әдейілеп Сіздің атыңызға кір келтірген қылықтар жасады: қызметкерлерді, студенттерді қорқытып-үркітіп қол қойдырды, сырттарынан тон пішті (тізім жасап, мекеме басшысы ғана қол қойып, мөр басып «толтыра салған» жәйт те бар). Соны ашық айтуға және қорқады. Біз тәуелсіз Қазақстанда отырмаған сияқтымыз. Мен мұндай тірлікті түсінбеймін, түзету қолымнан келмейді, әрине, ал қолымнан келгені, міне, Сізге білген, көрген шындықты жазуым.

Осымен тәмәмдайын. Біраз уақытыңызды алған болсам, ол үшін ғафу өтінемін.

08. XII.1998-жыл.)

Автордан: бұдан кейінгі хаттарыма Н.Назарбаевтың лауазымын қайталай бермей, аты-жөнін ғана жазуды жөн көрдім.

Құрметті Нүреке!

Сізге бұрынырақта бірер хат жолдап, Илияс Есенберлин мен Әнуар Әлімжанов марқұмдар жөнінде әңгіме қозғағанмын. Одан кейінгі жерде Елбасын мазалай бермейін деп тоқтағанмын. Бірақ, қолыма қалам-қағазды тағы алуға тура келді. Бүйтуіме түрткі болған жәйттің негізгісі – Әкежан Қажыгелдиннің «Солдат» газетіндегі сұхбаты. Тамыздың 24-і күнгі 6-7-сандарында. Оқымаған болсаңыз, алдырып, көз жүгіртсеңіз артық болмас еді. Жалпы, естуімше, Сіз оппозиция бағытындағы гәзеттерді оқып жүреді екенсіз. Оныңызды өте дұрыс деп білем. Бұл тірліктегі қателерді ашық айтатындар – солар. Мысалы: «XXI век», «Солдат», «Начнем с понедельника» газеттері. Бір кезде Сіздің «XXI век» пен «Караванға» ілтипат көрсеткеніңіз есімде. «Караван» соңғы кезде ел мүддесіне орай шындықты ашық жазудан қалып барады, сірә, сатып алған қожайынының көзқарасынан солай шығар. Ал мына аталған үш гәзет өкіметке де, үкіметке де пайдасын тигізетін мақалаларды жариялап келеді, алайда бұларға тыныштық жоқ: кеңседен кеңсеге қуып, ұжымын тұрақтатпайды, гәзеттерін басатын баспаханалар шартты бұзып, ат-тонын ала қашады, бұл гәзеттерге жазылу сөз жүзінде ғана, байланыс бөлімшелері «рұхсат жоқ» деп безектейді, шыққан сандары жаймаларда (киоскілерде) сатуға қабылданбайды, аралап жүріп сататындардан әлдекімдер тартып алып кетеді немесе сатуларына тиым салады. Құқықтық мемлекет боламыз, демократияны ұстанамыз дейміз де, осындай сорақылықтарға жол береміз. Осынымыз дұрыс па? Баспасөз бостандығы жоқ мемлекеттер тобына қосылмайық десек, дереу шара қолданғаныңыз, оппозиция бағытындағы гәзеттерге еркіндік бергеніңіз жөн болар еді. Мен жазушы-журналшы ретінде шындықты мәдениетті жазатын баспасөзді тұншықтырмақ құбылыстарға қарсымын. Ол тұрғыдағы ойымды бүкпесіз айтуға да, жазуға да дағдыланғанмын, одан енді айнымасым анық.

Абай айтқандай, қашан болсын: «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?!». Кеменгер Абай ғажап біліп айтты. Ешқашан ескіруі қиын пікір. Жиіркенішпен жазып кетті. Мен – сана-

сезімім оянған сағаттан бастап осы арсыздық пен алдамшылыққа қарсы күрескен адаммын. Әлі де күресе беремін. Мұндай күрес алаңы – бүгінгі оппозициялық газеттердің беттері. Ал осы адами таза ар-ұят күресін жүргізуші газеттерге біздің «белгісіз» органдар тарапынан шабуыл жасалып жүргені жиіркенішті-ақ! Ондай сорақылықтарға кім тыйым салуға тиіс, неге салмайды?! Мен жоғарыда атаған «Солдаттын» соңғы санының бірінші бетіндегі «Бұл – бандитизм!» деген мақалаға көз жүгіртіңізші! Осындай оспадарлық қылықтардың бәрі айналып барып Сіздің атыңызға жапсырылады. «Ойбай, оны Назарбаев істетіп отыр!» дегенді сан естідім. Олай емес дегендерге: «Ендеше, неге тыйым салмайды бұзықтыққа? Анау министрі Сүлейменовке «Тоқтат!» деген бір сөз-ақ жетіп жатқан жоқ па?!» деседі. Меніңше, сөздеерінің жаны бар. Ол сорақылықтарды Сіз біліп жүрген жоқсыз, ал тиісті органдар білдірмейді, жасырады, сөйтіп, Сізге жаманат келтіреді. Менің нық түсінгенім: оппозицияға, оның баспасөзіне ешқандай қысым, кедергі жасалмауы керек. Өйткенді біздің келешегіміз, ертеңгі тарихымыз айыптайтын, кінәлайтын болады. Бұл – тарихтың сабағы!

Сіздің төңірегіңізге өмір көрмеген кілең бір жасөспірім министрлер топтасқан. Мүмкін, олар тәп-тәуір теоретиктер шығар, алайда қашанда іс тағдырын практиктер шешетіні мәлім. Мысалы, Балташ Тұрсынбаевтай тәжірибелі, қажырлы адамның халық үшін қызметі осынау министр-бозбалалардың қайсысының қызметінен кем? Балташты төңірегіңізден алыстатқандар Сізге жақсылық ойлады дей алмаймын. Мен Тұрсынбаевпен де таныс емеспін, алайда, сан мыңдаған қазақстандықтарша, оның мықты қайраткер екенін атқарған игілікті істері арқылы сырттай білемін. Сіздің жантартып, сүйеп жүрген шенеуніктеріңіздің бірі – Ораз Жандосов, мысалы, Тұрсынбаевтың қоғамдық қайраткер дәрежесіне жете алуы екіталай. Ол жақында тілшілермен кездескенінде зейнеткерлерге тағы шүйіліпті: зейнетақының қазіргі жоғары мөлшерін қайта қарау, азайту керек, ал «Ерекше еңбек сіңірген» деген не, ондайды қою керек дегендей бірдеңелерді айтыпты. Жібi түзу жанның сөзі ме ол? Қазақстанды күні кеше нығайтқан ораздар ма, әлде бүгінде

ораздардың мазағына тап болып жүрген ардагерлер ме? Мен бұл өмірде тапқан қаламақыларымды есептеп отырсам, кітәптарымның құнынан ғана мемлекетке қазіргі есеппен бір миллион долларға жуық пайда келтіріппін. Әрбір кітәптің қаламақысынан бізге, авторға, небары 25 процент қана тиесілі болады, оның 10 проценті табыс салығына, түрлі фондтарға, партвзносқа кететін. Сонда ораздардың алдында, мысалы, менің жазығым не? Зейнеткерлерге шүйіле беретін сырқаттан ораздар қашан айығады? «НП», «Жетісу» гәзеттерінің О.Жандосов – Қаржы министрлігі халық қаржысын қалай шашып отырғанын жазғаны көзіңізге түсті ме? Яғни, бозбала-министрлердің біразы Сіздің сеніміңізді өз пайдасына жаратып, Сізді арандатып келеді. Сондайлардан арылуды, іс басына практиктерді жинауыңызды сұрар едім. Бұл бір Қабышұлының емес, мың-миллион қабышұлының тілегі. Мемлекетімізді нығайту мүддесінен туған тілек.

С.А.Терещенко туралы да ойлағаныңыз теріс болмас еді. Кадр мәселесінде батыл серпіліс, сілкініс жасауыңыз қажет-ақ!..

Және бір тілек: балаларыңыздың өзі оқып алған мамандық бойынша қызмет істегені жөн болар. Оны-мұны оймен басқа салаға ауыстыру, көтермелеудің керегі не? Өз мамандығында істесін, ізденсін, ғылым шыңына шығып академик, тіпті Нобель силығын алсын, жол ашық қой?!

Нүреке, ата-бабамыздың: «дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады» дегенін білесіз. Менің мынау пікірлерімнің бәрі де – Сізге тек жақсылық тілеудің нышаны. Сізден өз мүддем үшін ештеңе сұраған емеспін. Әлі де ештеңе сұрамаймын. Сізден бар-жоқ сұрарым: өкімет пен үкімет билігіне, шешуші негізгі салаларға – барлық жерге шынайы іскер, адал, әділ, батыл кадрларды жинаңыз.

Парламент сайлауында әділдік болуын да қатты талап етпейсіз. Ертеңгі парламент те бүгінгідей бейжай бірдеңе болса, одан Сізге нақты жәрдем жоқ. Күшті парламент пен оппозиция – Сізге шын мәніндегі көмекші.

Басы қасқаның бәрі ақылды бола бермейтіні сияқты, тілі тәттілердің бәрі адал бола бермейді. «Нүрекеңе альтернатива

жоқ!» деп көлгірситіндер, Сізді мақтаудан аузы босамайтындар – Сізді арандатушылар, Сізден атак, дәреже, сый-сияпат алады ғана көздейтіндер. Амал не, шындыққа жүгінсек, сондайлар мақсаттарына жетіп те жүр.

Жаныңызда Ақылдастар алқасы болса, көп шаруаңыз жақсы реттеліп жатары хақ.

Осымен тәмәмдайын. Уақытыңызды алыңқырасам, ол үшін кешірім өтінем. Сізге – мерей, Қазақстанға – экономикалық кеңшілік, тыныштық тілеймін!

(30. VIII. 1999 ж.)

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Халықтың мүддесі үшін-ау деген кейбір ойларымды қағазға түсіріп, анда-санда Сізге жолдап тұратын әдетім бар, егер ол хаттарым қолыңызға тиген болса, есіңізде шығар. Сол «дәстүріммен» осы хатты мына бір кітабымды жіберіп отырмын. Сізге айтпағым:

1.Кітабымдағы I-хикаятым Әнуар Әлімжановтың 1953 жылдың сұрапылды көктемінде Мұхтар Омарханұлы Әуезовті КГБ-ның қанды қақпанынан құтқарып жіберген ғажап ерлігі жайында. Шындық жәйт. Әнекеңнің 70 жылдығы ауданында өтті. Орта деңгейде. Енді Астанада, Мәскеуде өтсе, Ұлы Мұханның лайықты Шәкіртінің аруағын анық силау болар еді. Осы ыңғайда көңілді көлеңкелейтіні: Алматыда Әнуар аты қойылған көше өте елеусіз, ұзындығы 300 метрдің шамасы. Әнекеңнің кім болғанын өзіңіз жақсы білесіз. Оның еліне, халқына сіңірген еңбегі Т.Шевченкодан, немесе ғарышкер Г. Береговойдан кем бе еді? Мына екеуінің көшелері көсіліп-ақ жатыр. Шевченкоға ескерткіш-мүсін де орнатылды. Көрнекті әдебиетші, қоғам қайраткері, дипломат Ә.Әлімжанов атын қазіргі Фурманов көшесіне бергізсеңіз, оңтайлы тұсына мүсінін орнатқызсаңыз, Нұреке, бүгінгі де, ертеңгі де жас ұрпақ Сізге мың бір алғыс айтары хақ деп ойлаймын.

Астанада көше атын өтінген хатыма: «Угольная» көшесіне атын қойдық, деген жауап алған едім, оны көрген емеспін, ол да шолтиған бір пәле ме, кім білсін. Осы жәйттерге назар аударсаңыз жарар еді.

2. Ат қоюдан шығады:

Қапшағайда болатын жаңа әуежайға Сіздің есіміңізді бермекші деседі. Нұреке, тийым салғайсыз! Сапармұрад Ниязов жөніндегі қаңқу сөз бізге де «үлгі» болып жетуі кімге қажет? Жағымпаздарға! Ондай «жақсылыққа» жол бермегейсіз! Тарих бағалар еңбегіңізде бұл сияқты ақпар болмай-ақ қойсын!

3. «Халық жазушысы» деген атақты беру тоқтатылса, тағы бір ағаттық түзетілер еді. Хал-қадари еңбек етіп жүрген қаламгерлерді бұлайша бөлектеу ретсіз-ақ. Бұл атақ бұйырмағандар «халық үшін жазбағандар» болмақ па?.. Атақты кейбіреулердің қалай алғаны жұртқа белгілі, небір орынды-орынсыз реніш, алыпқашты сөз, дүмбілезі бар, дұрысы бар өкпе-наз, баяғы кесір өсек-аяң сондықтан өршиді, арыз-шығым сондықтан көбейеді. Ертең халық өзі іздеп оқитын қаламгерлер, әнеки, Халық жазушысы – солар. Бүгінгі қаулымен ол атақты алғандардың бәрінің шығармалары ертең ізделе ме, ізделмей ме, оны бір құдай білер.

4. Әдебиеттегі Мемлекеттік сыйлық комиссиясының құрамы да біржақты болып келеді. Кезінде вице-премьер И.Тасмағамбетовке жазғанмын, бірақ, ол Жазушылар одағы қозғар мәселе, біз араласпаймыз деп жауап берді. Олжастың тұсында комиссияның негізгі құрамындағы 15 кісінің 8-і орта жүзден екен, ал қазірде кіші жүз басым. Мен мынаны ұсындым: қазақтың 3 жүзі – тарихи қалыптасқан құрылым, одан шошуға, оны теріске шығаруға да болмайды, яғни, комиссияда 3 жүздің әділ жазушыларынан үш-үштен, орыс, ұйғыр, неміс, корей жазушыларынан бір-бірден – жиыны 13 адам болсын. Комиссияның төрағасы мәдениет жағындағы вице-премьер болсын. Мүшелерді одақ іріктеп, басқармасының мәжілісінде талқылап, әділ шешіммен бекітіп берсін, сонда ешқандай арыз-шағымға, наразылыққа жол қалмайды дедім. Шынында осылай ұйымдастырса, әділдік болады. Әйтпесе, пендешілік бұра тарта береді. Бүкіл Қазақстанға атағы жайылған әзіл-сықақшы Оспанхан Әубәкіров ешбір сыйлықсыз кете барды. Оның қайсыбір әңгімелері қалың романға бергісіз екенін өзіңіз білетін де шығарсыз. «Қымызхана», «Тамаша» Оспанханның күшімен елге танылған. Осекендей күлкі оздырған әзіл-сықақшы бізде әлі жоқ. Асқар

Сүлейменов аруағы маған ренжімегей, «Адасқақ» хикаятында Абай мен Біржанды алқаштар ауылының төріне бір-ақ шығарған ол марқұмға да берілген Мемлекеттік сұлық қазақтың күлкісін құлпыртқан теңдессіз сөз шебері, ой зергері Оспанханға неге берілмеске? Нұреке, былтыр бір хатымда Сізге бұны тәптіштеп жазғанмын, қолыңызға тимеді-ау деймін, ендігі өтініш: Оспанхан Әубәкіровке алдағы Мемлекеттік сыйлығымызды бергізуді өзіңіз ескермесеңіз, ұсынар да, қолдар да, берер де пенде жоқ қазір. (Сізге 2 кітәбін жолдап отырмын, оқыңыз).

5. Нұреке, Сіз Ақылдастар алқасын ұйымдастырып ұстасаңыз, өте орынды болар. Өзіме мәлім әдебиет саласынан айтқанда: Сізге барып жүрген әріптестерімнің арасында кәдімгі алаяқтар жоқ емес. Олардың Жазушылар одағының жағдайы жайында әңгіме қозғамағанына, өздеріне атақ, сыйлық сұрап, Сізге тілін безеп жағымпазданғандарына, мақтап әлек болғандарына шүбәланбаймын, мен бұлардың ортасында 30 жыл қызмет істедім, одақ басқармасының 2-хатшылығынан зейнетке шықтым, кімдердің қоғамшыл, кімдердің сұғанақ екенін жақсы білемін. Сұғанақтардың бір-екеуі былтыр қабылдауыңызда болғанынан хабардармын. Егер, мысалы, Ақылдастар алқаңызда әдебиетшілерден Сәкен Жүнісов, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев болса (үшеуі үш жүзімізден және әділ пікірлі адамдар), кімді қабылдауыңыз жөн, кімге қандай шарафат жасауыңыз дұрыс боларына ақыл қосып отырар еді.

6. Соңғы кезде Алматыда жатақханаларды сату, сатқанда оларда сан жыл бойы тұрып келе жатқан жұмысшыларды, қызметшілерді шығарып, басқа біреуге, немесе бөгде ұжымға сату, сөйтіп наразылықты күшейту орын алуда. Жатақханаларда тұратындар қазақтар, екі-үш баласы барлар, олардың жазығы не? Ақшаға бай емес екен, қолма-қол төлей алмайды екен – оларды сүтке тиген мысықтай ету керек пе? Меніңше, жатақханаларды сонда тұрған жұртқа несиеге сатқан дұрыс. Халықтың обалы, қарғысы қиын болар, одан біздің ақшақұмар шенеуніктер, әрине, қорықпайды, бұларға тезірек мол ақша керек. Жөн емес! Жатақханаларды әлдекімдердің құлқын жеміне айналдыртпау керек! Тұрып кел-

ген отбасылар өздері алсын да тұрсын. Бөгдеге сатқан қожалар артық ақшаны бәрібір институтының, зауытының, т. б. жыртығын жамауға жұмсамайды, өз қалтасына салады. Демек, жатақхана атаулылар тек сонда тұрған отбасыларға сатылуға тиіс деген қаулы шығартсаңыз, оны бұзғандар қатаң жазаланады дегізсеңіз, Нұреке, мол алғысқа бөленер едіңіз.

7. Тым шырғалаң әңгіме – тәуелсіз газеттердің жабылып жатқандығы. Ол газеттерді шетінен жабу, қызметкерлерін қудалау ыңғайсыз-ақ, сыртқа жем болып жүрміз ғой, баспасөз еркіндігі жоқ дейді, тәуелсіз ақпарат ісі мүлде шектелді дейді және, ең ауыры – «Бәрін Назарбаев істетіп отыр!» дейді. Осы жағына ой жібергейсіз.

Уақытыңызды алыққыраған болсам, кешірім өтінемін. Ортақ мүдде үшін жаздым, басқа ешқандай мақсатым жоқ. Сау-сәлемет болыңыз!

10. IX. 2000 жыл.

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Бұл соңғы хатым шығар. Олай болатын себебі: соңғы жылдары Сізге оннан астам хат жолдадым, бірде-біріне жауап алған жоқпын. Жеке өзіңізге табыс етілсін деп, осы хатым сияқтандырып, «заказной» етіп те жібердім. Ал ол хаттарымда өз басыма атақ та, орден де, силық та сұраған жоқпын, ешқашан сұрамаймын, ондай бишаралық әдеттен аулақпын. Яғни, мен ол хаттардың бәрін ел үшін, халық үшін жаздым. Қысқаша айта берейін:

республикамыздың өнеркәсіп орталықтарынан шалғайдағы ауыл-селолардың халі ауырлап кеткені, елді мекендерде жұмыссыз қалған жастардың қалаларға ағылып, қылмыскер топтарға шоқпар бола бастағаны туралы;

ауыл шаруашылығын көтеруге бөлінетін қаржының қалайда ауылға жетпейтіні туралы;

маңайыңыздағы серіктеріңіздің Сізге қай саладан болсын шын мағлұмат бермейтіні, Сіздің аузыңызға: «Халықта ақша көп, шұлықтарына тығып ұстайды», «Қазақстан еңбекшілерінің орташа айлық-ақысы өсуде», «Өнеркәсібіміз дами бастады» тәрізді сөз салып, көпшіліктің ренішін туғызып келе жатқаны туралы;

жалпы баспасөзіміздің мәймөңке тірлігі, ал тәуелсіз газеттердің неше түрлі «дәлелмен» айыпталып, жабылып қалғаны, журнашылары мен тілшілерінің сабалғаны, сотталғаны, т.б. туралы;

Ә.Қажыгелдиннің орынсыз қуғындалуы туралы (оның қандай кінәсі бар-жоғын сізден артық ешкім білмейді);

парақорлық пен жемқорлықтың, қылмыстың үдеп бара жатқаны туралы;

І.Есенберлиннің 80 жылдығы әдейі аталмағаны, Ә.Әлімжановтің 70 жылдығын өткізуге әзірлік жоқтығы туралы;

«Қазақстанның Халық жазушысы» деген атақтың қисынсыздығы туралы;

«Қазақстанның Халық қаһарманы» атағы Елді қорғаған батырларға ғана берілуі, ал былайғы ересен еңбек иелеріне «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын беру жөн болатыны туралы;

«Қазақстан Республикасы» деу сөз былықтыру, дұрысы не «Қазақстан», не «Қазақ Республикасы» екені, сондай-ақ гимннің оң аудармасы «Әнұран» емес, «Ел әні» екені туралы;

қазіргі гимн әуеніміз бір ғана М.Төлебаевтың туындысы және ғажап серпінді, қуатты, ұлы әуен екені, ал кеңестік «бригадный методпен» құрастырылған төрт авторлық өлеңінің нашар екені туралы пікірлерімді дәлелдеп жаздым.

Енді бұл соңғы хатымда құлағыңызға саларым (мұның да Сізге жетер-жетпесін білмеймін; бергі жақтағы «қамқоршыларыңыздың» бірінен қайтуы да мүмкін):

Құрметті Нұреке, өз басыңызды онды-солды дәріптеуге тиым салғайсыз! Ел әніміздің өлеңін өзгерту өте қажет, бірақ, оған сіздің өлеңіңізді пайдалану шарт емес еді. Жаңадан бәйге жариялатыңыз, адал комиссияның әділ шешімімен озық делінген ақынға жол берілсін, «бригадный метод» қолданылмасын. Сіздің атыңызда орден шығару дегенді қолдамаңыз, бекітпеңіз. Сіздің атыңызда кеше ғана парк жасау рәсімі болғаны да орынды емес. Осындай шаралардың ділгерлігі бар ма? Меніңше, жоқ. Мұның бәрі «Түрікменбашының» жолын көз алдыма келтіреді.

Сіз Қазақстанның тарихында қаласыз. Тұңғыш президентіміз ретінде де, сіңіріп жүрген еңбектеріңізбен де. Мұны ешкім,

ешқашан жоққа шығара қоймас. Ендеше, өзіңзді беталды дәріптеуге жол бермеңіз. Өзіңізге мәлім, әйтсе де, айта отырайын: Сізді мақтаушылардың көбі Сізге жақсылық ойлап жүргендер емес, олар – Сізді арандатушылар! Басыңызға бұлт үйіріле қалса, – ондайды әсте тілемеймін! – Сізге топырақты ең алдымен солар шашады. Ондайды тарих беттерінен оқып жүрміз. Қазекемнің де: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады», деген қанатты сөзі бар ғой! Сізді, Сара қарындасымызды, балаларыңызды тілдерінің жеткенінше, қолдарынан келгенінше қолпаштаушылар, – құдай алдында күнәлі болып кетсем де қайталап айтайын, – Сіздерге жаманшылық жасаушылар. Алдыңызға баратын үлкен-кішінің көбі дерлік – көлгір тірлікті күйттеп үйренгендер: халықтың тұрмысынан шындықты айтпайды, «жауырды жаба токиды», өздеріне атақ, силық сұрайды: «Ел құлағы елу», естіп жүрміз. Қайсыбірі Сізбен сөйлескенін сан құбылтып, Сіз арқылы өзін өркештендіріп әлектенеді. Сіздің алдыңызда болған, Сізден «кітап жазуға заказ алған» кейбір қаламдастарымның жалған оқиғадеректерді көпіртіп, тарихи шындықты бұрмалап, бәрібір оңай мал тауып, атақ та, орден де, силық та алып жүргені анық.

Нүреке! Менің бұл сөзімді дұрыс қабылдағайсыз. Тарих шіркіннің бір күндігі де, бір жылдығы да, бір ғасырлығы да, мәңгілігі де бар. Біз де ертең кетеміз, орнымызды келесі ұрпақ басады. Бүгінгі бізден ертеңгілер сауаттырақ, білімдірек болары хақ. Олар бүгінгі тіршілікке сын көзбен қарайды, оң мен терісті екшейді, керегін ғана алады, ол – ұрпақ жаңарған сайын болатын заңды құбылыс. Сонда өзіміз жоқ болсақ та, атымыз, аруағымыз болады. Оны ұрпағымыз қалай бағалайды, қай ісімізге не дейді, немере-шөберелеріміздің, одан арғылардың алдында аруағымыз ұятқа қала ма, қалмай ма... – осыны ойланғанымыз жөн-ау! Мен сияқты көптің біріне ертең де бәрібір, ал Елбасының аты, аруағы ертең датталмауы қажет.

Осымен тәмәм.

Деніңізге саулық, ісіңізге абырой тілеймін!

2001-жылғы көкек айының 25-і.

**Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі
Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫНА**

Құрметті ҒАББАС ҚАБЫШҰЛЫ!

Сіздің Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атына 2001-жылғы 25-сәуірде жолдаған хатыңызбен Елбасы ден қоя отырып танысқанын хабарлаймыз.

Сіз ел жанашыры жазушы ретінде жұртшылық көкейінде жүрген әр алуан саяси-әлеуметтік мәселелерді қозғаған екенсіз.

Хатыңыздағы ел жайы, мемлекет тағдыры, Елбасы тұлғасы жайындағы дәйекті ой-толғамыңыз көкейге қонды.

Гимн жөніндегі, құрметті атақтар туралы нақты пікіріңіз тұра-сында бұл мәселені шығармашылық одақтар өкілдерін тарта отырып, көп болып шешкен жөн деп санаймыз.

Ал Президенттің атына, беделіне нұқсан келтірмеу туралы ойыңыздың негізінде мемлекет жүйесінде кездесетін келеңсіз жағдайларды болдырмау, қоғамдық келісім мен саяси орнықтылыққа іріткі салғысы келетін қайсыбір саяси күштерге желеу бермеу жағын ойластыру қажеттігі туралы да ой түюге болады.

Сіздің байыпты байламдарыңыз бен азаматтық ұстанымыңызға ризашылық білдіре отырып, шығармашылық табыс, зор денсаулық тілейміз.

**С.ҚАЛМЫРЗАЕВ, Қазақстан Республикасының
Президенті әкімшілігінің басшысы,**

12.V.2001 ж.

* * *

Құрметті Нүреке!

Сіздің жарлығыңызбен Семей полигонының жабылғанына биыл 15 жыл толады ғой, соған орай Сізге айтар бір ауыз тілегім мынау:

Полигонға қарсылық көрсетіп, оны жабу күресін бастап, Кремльдегілерге жеделхат жолдаған адам Кешірім Бозтаев еді. Артына қалдырып кеткен “Семей полигоны”, “Қайнар нышаны” және “29-тамыз” кітаптары – полигонның нақты ақиқат тарихы. Мен со-

ларды оқып отырып, Сіздің обком хатшысының қарсылық пікірін бірден қолдап, “Жазсаң жаз, біз қолдайтын боламыз!” дегеніңізді, Кешірімнің күш салуымен КСРО Министрлер Советінің зардап шеккен семейліктерге жан-жақты жәрдем жасау туралы қаулысы шыққанын біліп, ауданда іссапарда жүрген К. Бозтаевты іздетіп тауып, қуана құттықтағаныңызды оқыдым. Мен осы тарихи оқиғаға ден қойып, бүгінде марқұм Кешірімнің аруағын құрметтеу мақсатында “Централ Азия Монитор” гәзетіне “Он – первый!” деп атап мақала жазып едім, соған Олжас Сүлейменов шамданып, гәзеттердің тілшілерімен сұхбаттан соң сұхбат жасап: – Бозтаев обкомның бірінші хатшысы ғана болды... полигонға қарсы күрестің алдыңғы қатарынан оны ешкім көрген жоқ! – деп, «полигонды мен жаптым!» дегенге барды. Сіздің Кешірімді жасының 60-қа толуымен құттықтағандағы бағаңызды да елемеді. Ақиқаттан, аруақтан аттап кетті.

Полигонның жабылғанын 15 жыл толуына үлкен шаралар белгіленетін болар, салтанатты жиын өткізілер. Сізден өтінеріміз: сол шараларда Кешірім Бозтаевтың жанкештілігі жайындағы шындықты айтқайсыз! Ол азаматтың Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында қатардағы металлург болудан облыстық партия комитетінің екінші хатшысы, облатком төрағасына дейін өскенін білесіз. Сонда еткен 31 жылғы адал еңбегі үшін Өскемен көшесінің біріне атын қойғызсаңыз, кеуде мүсіні ескерткішін орнаттырсаңыз, ерекше бір игілікті ісіңіз болар еді.

Марқұмның үш кітабы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде бір кітап болып басып шығарылса деген де өтініш бар.

23. 03. 2007 ж.

Автордан: Бұл хатым президенттің емес, Мемлекеттік хатшының алдына барған да, ол Мәдениет және ақпарат министрлігіне жолдаған. Оны министрліктің Ақпарат және мұрағат комитетінің төрағасы деп қол қойған **Н. Нұртазин мырзаның** көкек айының 27-сі күнгі мына жасауынан көруге болады:

Құрметті Ғаббас аға!

Сіздің Мемлекет хатшысына жазған хатыңызға байланысты Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитеті Семей ядролық полигонының жабылуына Кешірім Бозтаевтың қосқан үлесін негізге ала отырып, К. Бозтаев атына көше берілуін, Семей қаласында мемориалдық тақта орнатуды және кітабының жарыққа шығуы туралы төмендегідей ақпарат береді.

К. Бозтаев – шын мәнінде Семей полигонының жабуылына ұсыныс жасаған бірінші адам. Елбасы К. Бозтаевтың ұсынысына қолдау көрсеткені де белгілі, осыған орай біз марқұм К. Бозтаевтың артында қалған мұраларын кітап етіп жарыққа шығаратынымызды хабарлаймыз. Ол үшін қолжазбаның дайындығы, көлемі нақты болуы қажет.

К. Бозтаевтың есімін ұлықтау мақсатында Семей қаласында мемориалдық тақта орнату жөніндегі шешімді Шығыс Қазақстан облысының әкімшілігі қарастырып жатқанын, қаржы құрылымдарына тапсырма берілгенін хабарлады. Нақты іс-шараның қорытынды шешімін облыс әкімшілігі Үкіметке ақпарат беріп үлгірмегендіктен қосымша хабарланатын болады.

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Көз бен тіліміз еріксіз үйренген «Қазақстан Республикасының» дегеннің орнынан «Қазақстанның» деуімнің себебін Сізге ресми жана атау бекітілісімен жазғанмын. Сізге сонда айтқан наразылығымды кейінде баспасөз бетінде әлденеше рет қайталадым да. Қазақ елінің бұдан 6-7 ғасыр бұрын «Қазақстан», «Қазахия»... деп аталғаны көне тарихта бар және «республика» мен «стан» сөздерінің негізгі мәні орайлас, яғни бұларды «Қазақстанның Республикасы» деп шабыстырмай, не «Қазақстан», не «Қазақ Республикасы» деу дұрыс болады дедім. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі жерде еліміз қалай аталуы керек деп сауал тастағаныңызда көптеген адамдардың осы екі аттың біріне тоқталу қажеттігін жазғаны есіңізде шығар. Бірақ жұрттың қалағаны, күткені болмады, әлдебір әсіребілгіштердің дегенімен қателік жасалды. Менің хатым ол қателікті түзету керектігін өтінген көп ұсыныстың бірі еді. Амал не, бізде ағаттықты түзетпедің өзі –

ағаттық екені ескеріле бермейді. Жолдап отырған мына ашық хатымның да меңзейтіні осы.

Бұл ыңғайда Сізге арнап айтар бірінші сөзім марқұм Алтынбек СӘРСЕНБАЙҰЛЫН қазаға ұшыратқандарға болған сотқа қатысты.

Алматы қаласында өткізілуге тиіс сот түсініксіз себептермен Талдықорған қаласына көшірілді. Негізгі себеп, меніңше, Алтынбектің кім екенін жақсы білетін алматылық көпшілік сотқа жұмыс істетпей қояды деген орынсыз қорқыныш болды. Алматыдан 300 шақырымдай қашықтықтағы Талдықорғанға екінің бірі бара алмайтыны аян. Ал баруға тиістілерден сот Алтынбектің әкешесінің облыс орталығына келуіне қарсылық білдірді. Сондағы қисынсыз, заңсыз дәлелсымағы – әке-шешесі жәбірленуші болып есептелмейді-міс (мұндай көпе-көрінеу қиянат Мақпал Жүнісоваға да жасалды, Мақпалдың күйеуі Заманбек Нұрқаділовтің қазасын мұқият тексеруді талап ету құқынан айырылып, куә ғана етіп қалдырылған).

Талдықорған соты (төраға Мерекенов), баспасөз күнделікті мағлұмат беріп отырғандай, жәбірленген жақтың сот ісіне жәрдемі тиер талап-тілектерінің ешқайсысын қабылдамай қойды, сыңаржақ жұмыс істеп, әділетсіз үкім шығарды. Ол үкімді республиканың Жоғарғы соты да (Мәми мырза), оның Қадағалау алқасы да (Смолин мырза) тездетіп бекіте салды. Жәбірленген жақтың бұлтартпас дәлелді шағымдарын бұлар да елемеді, ескермеді. Қазаны тексерушілердің, сотты жүргізушілердің жұмыстарынан анық көрінген небір өрескел қателіктерді, заңбұзушылықтарды атап-атап жазған арыз иелерінің жанайқайы әрқашан әділеттілікті үстем етуі парыз прокуратура, сот орындарының шенеуніктерін селт еткізе алмады. Құқықты мемлекет құрушы Қазақстанда мұншалықты тоңмойындық болады деп кім ойлаған!

Жоғарғы соттың Қадағалау алқасы арыздарды Бас прокуратураға сілтеп жіберді. Тиісті өкілдері Алтынбекті, оның екі серігін өлтіргендерді іздестіру, тергеу, соттау істерінің басы-қасында бірінші күннен бастап жүрген, бірақ ақты ақ, қараны қара дей алмаған бұл жоғары мәртебелі ұжым енді ақиқатқа өзі де жүгіне,

өзгені де жүгіндіре алар ма?! Жоқ, өйте алуы екіталай!

Яғни, Президент мырза, бұл іске Сіздің тікелей назар аударуыңыз қажет. Алтынбек көп жыл Сіздің құзырыңызда болды, небір жауапты, үлкен лауазымды қызметтерді мінсіз атқарды. Марқұмның кім болғанын Сізден жақсы білетін ешкім жоқ екені көпшілікке мәлім. «Қазаға Рахат Әлиевтің қатысы бар» деген болжаулар да айтыла бастады. Сондықтан бұл іс қайтадан мұқият қаралуы, кімнің кім екендігіне көз жеткізілуі, нақты айыптылар қатаң жазалануы керек. Осы орайдағы өтініш-тілектің, яғни қайғылы оқиғаның қалай, неліктен болғанын қайтадан тексертсеңіз екен деген хаттардың Сізге барып та жатқаны сөзсіз. Мен сондай өтінішті баспасөз арқылы ашық білдіруді жөн көріп отырған болсам, бүйтуге Қазақстанның азаматы ретінде заңды хақым бар деп білемін.

Екінші сөзім. Тарих жазылып жатыр. Ешкімнің қалауынсыз. Ол – өмір ағымы. Алайда тарихты тарихшылар да, тарихшы еместер де жазады. Өмірі жүріп тұрғанда тарихшы еместерге нұсқаумен жаздыратын күш иелері – өзінің жеке билігіне өзі табынатындар болған, ондайлар қазірде де бар. Тарихтың ала-кұла жазылатыны сондықтан. Бірақ қай ғасырда, қай елдің болсын тарихы бұрмаланған күйінде қала бермеген, кейінде түзетіліп, ақиқат паш етіліп отырған. Бұл да – өмірдің заңдылығы.

Адамның бас сүйегінен сарай салдырған, немесе астындағы атын сенатқа мүше етіп сайлатқандардың заманына көз жібермей-ақ, өзіміз бастан кешкен КСРО тарихын қайта парақтар болсақ, көретініміз: большевиктерге қарсы шыққандарды аяусыз қырып-жоюды бастаған – Ленин; оның кейбір ісін жалғастырған шәкірті Сталин; жүгеріні ту етіп, бір партияны екіге бөліп, елдің ішкі-сыртқы саясатын ірітіп-шіріткен – Хрущев; төбесінен табанына дейін орден-медаль тағумен өткен Брежнев; көбік сөздің көрікшісі Горбачев... бәрі де қолында күш барда «көсем», ал дәурені өткен соң өлісі де, тірісі де «көсеу» делінді. Тарихтың түпқазық қағидасы солай: қай әмірші туралы болсын ақиқат айтылмай қалмайды.

Сіз туралы да мына бүгін айтылып жүрген сөздер мен ертең айтылар сөздердің өзара теңдігі қандай болады, тарих таразысының қай табағы жоғары шығып, қай табағы төмен түседі – оны уақыт

көрсетеді. Сіз – тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш президентісіз, ықшам Ақмоланы әлденеше есе ауқымды Астанаға айналдырып жүрсіз, т. б. Баршаға мәлімді қайталап қайтем, оның бәрін төңірегіңіздегі шашбаушылар қысқа күнде қырық айтып та, жазып та жүр. Олар партияңыздың «Отан» деген атына есіміңіздің бірінші буынын қосып, «Нұр-Отан» деп «ғасыр жаңалығын» ашты. Отанның да нұрлысы, нұрсызы болатынын кім білген!.. Сіз де «білмеген» соң құптадыңыз. Парламенттің Конституцияға өзгеріс енгізіп, Сізді «неше жыл президент болғысы келсе, сонша жыл отыра берсін!» деп ұйғарғандарын да «білмедіңіз». Егер білсеңіз, маңайыңызда күндіз-түні майда жорғалап жүретін «жаңалықшылдарға», шын мәнінде жағымпаздарға: – Бұ не тағы?! Ақылға қонбайтынды айтатындарың не?! – десеңіз, Есілді бірі өрлеп, бірі құлдап ғайып болар еді. Сіз қабақ шытпаған соң: «Нұрекеннің көңілін көншіттік!» деп өздеріне өздері өте риза болып отырған депутаттар (барлығы деуге хақым жоқ) енді өздерін таратып жіберу «қауіп төнгенін» сезісімен қазіргі айлықтарының (2500 доллар!) өсіре сақталып қалуы керектігін айтысып, бұл «аса маңызды мәселені» қызу бопсалауға кірісті. Америка Құрама Штаттарында, Швейцарияда... анау елде, мынау елде таратылған парламент депутаттарының айлығы алайша сақталады, былайша сақталады деп зерттеу жүргізіп, жоба әзірлеп әлек. Қазақстан мен ол елдердің экономикалық жағдайларын салыстырмайды. Ал бұл жұмыссыз, аш қалуы «мүмкін» депутат мырзалардың көбінің туып- өскен ауылдары қылаяғы ауызсуға зәру. Мысалы, Алматы мен Талғар қалаларының арасындағы бірнеше ауыл сондай халде. Кезінде тиісті орындардан қоныстануға рұхсат берген құжат алып, үй салып, басына бас қосылған, бірақ кейінде құжаты «жарамсыз» делініп, Алматы іргесіндегі Шаңырақтағыша баспанасы бульдозермен бұзылып, далада қалып жатқан кәрі-жас, ауру-сырқау қазекемдер қанша ма? Астананың іргесінде де солайша босқынға айнала бастағандар да аз емес. «Әсіресі» депутаттарымыз ондайды байқамайды, байқаса да араша түспейді, олардың мәселесін өздерінің «айлық мәселесіндей» қызына айтып көрген жоқ.

Міне, Президент мырза, осындай ірілі-уақты жәйттердің бәрі

де күні ертең: «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың президент кезінде мынадай жәйттер болдымен» тарихымыздың таразысына салынады. Өкінішке қарай, сол «мынадай жәйттер» болды да: «2005-жылы көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділев «өзін өзі үш рет атып өлді»; 2006-жылы мемлекет және қоғам қайраткері, оппозициялық «Нағыз Ақ жол» партиясының тең төрағасы Алтынбек Сәрсенбайұлы екі серігімен бірге атып өлтірілді», деген, т.б. жазылған қара сөйлемдер болады. Одан соң: «Ол қылмыстық істер дер кезінде заң талабына сай тексерілмеді, нақты қылмыскерлер табылмады. Істі қараған сот үкімі әділ болмады» деген қосымша түсінік жазылары сөзсіз. Ертең бұлай делінуге жол бермеу үшін бүгін ол істерді қайта қаратып, шындыққа бүкіл қауымның көзін жеткізу қажет.

АҚШ-тың президенті Дуайт Эйзенхауэрге қатысты бір гибратты мағлұмат бар. «Бірде Эйзенхауэр көмекшісінен: – Арканзас штатының Литтл-Рок қаласында концерт қойып жүрген атақты Луи Армстронг «Эйзенхауэр нәсілдік кемсітушілікке тиым сала алмай отыр!» депті, – дегенді естиді. Джаз әртісінің неліктен олай дегенін анықтатса, ол өнер көрсетіп жүрген кезде қаланың бір мектебінде ақнәсілділер негр қызды сабақтан қуып шығып, қайыра жолатпай қойғанына куә болып, ашуланған екен. Президент қатты ренжіп, мектепке ұлттық гвардия жасағын жіберіп, негр қыздың құқығын қорғады. Сол күннен бастап Литтл-Рокта ұлттық кемсітушілік жойылды».

Қала мектебінің директоры ден қоймаған жәйтке ел президентінің бұлайша мән беруі – оның Америка Құрама Штаттарының халқы алдындағы конституциялық жауапкершілігін ардақ тұтқаны!

Президент мырза, Заманбек пен Алтынбек негр қыздар емес еді ғой?! Ойланыңыз! Әбден ойланыңыз!

15. 06. 2007 жыл.

(Автордан. Бұл хатым: «Егемен Қазақстан», «Жас қазақ», «Алматы ақшамы», «Айқын», «Жас алаш», «Қазақстан», «Азат», «Тасжарған» газеттерінің редакцияларына жолданды. «Қазақстан» газеті ғана жариялады. Басқалар үнсіз қалды. 15. 07. 2007 ж.)

КЕШІРІМНІҢ КІНӘСІ НЕ?

Көшірмесі: «Егемен Қазақстан»,
«Семей таңы» гәзеттеріне

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Абай жерінің асты-үстін улаған, бүкіл Ертіс өңірі тұрғындарының жүздегенін жалмаған, мыңдағанын мүгедек еткен, әлі де неше ұрпаққа зардабы тиері белгісіз Семей ядролық сынаулар полигонына қарсы күресті 1989-жылы Кешірім Бозтаевтың батыл бастап шыққаны көз алдыңызда. Ол М. Горбачевке жеделхат жолдауға бекініп, Колбинге сенбей, Сізбен ақылдасыпты. Сіз: «Жазсаң жаз, біз қолдайтын боламыз!» депсіз. Сөйтіп, 20-ақпанда Горбачевке жеделхат жөнелтілген. Кешірім оған да сене қоймай, хатын жауып тастайтынын біліп, ертеңінде: Мәскеуге: Жоғарғы Кеңестің төрағасы А. Лукьяновқа, Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. Рыжковқа, Ғылым академиясының вице-президенті физик Е. Велиховке, Бейбітшілікті қорғау комитетінің төрағасы Г. Боровикке, Жоғарғы Кеңестің Денсаулық сақтау комитетінің төрайымы З. Пуховаға, халық депутаты О. Сүлейменовке хат жөнелтіп, полигон зобалаңын оларға да баян етіпті. Сүлейменов сол хат бойынша 24-ақпанда Жоғарғы Кеңеске депутаттық сауал жолдапты («Сборник документов. «Ядерные испытания СССР: современное радиологическое состояние полигона. Кол. авторов под рук. проф. В. А. Логачева». М. Изд. АТ. 2002 г. 639-стр.).

Жеделхаттың Кремльді дүрбелеңге салғаны, ары-бері қаншама сөз, қандай қарекет болғаны, 28-ақпанда Семейге Мәскеуден үкімет комиссиясы келгені, ол комиссияның мақсаты Кешірімді қолдау емес, түтіп жеу болғаны анық еді. Генерал-полковник В. Герасимов келген бетте-ақ: – Біз ядролық қару жасаушылардың есімдерін алтын әріппен жазуға тиіспіз, ал қаруды жойғысы келетіндердің аттарын қара әріппен жазу керек! – деп қоқан-лоққы жасаған.

Комиссия жұмысының қорытындысы 3-наурыз күні облыстық партия комитетіндегі отырыста талқыланған. Мәжілістің стенографиясын оқыған адам онда Кешірімнің мәскеулік әскери де, ғалым да шенеуніктердің озбыр сұрақ-ескертпелеріне білгірлікпен

батыл жауап қайтарып, еріктеріне жібермегеніне көз жеткізер еді. Мысалы, Герасимов полигон бастығы Ильенконға шаң жуытпауға кіріскенде екеуара мынадай шекіс болыпты:

Бозтаев. Владимир Иванович, сіз Ильенконы табандап қорғап отырсыз. Иә, генерал ретінде ол – сіздің адамыңыз, ал коммунист ретінде ол – біздің кісіміз. Коммунистімізден жауапкершілікті талап етуімізге мүмкіндік беретін шығарсыз?

Герасимов. Жұртқа кергілете қоймассыздар деп ойлаймын...

Бозтаев. Генерал Бредихин дабыл қақпаса, 12-нші ақпанда не пәле болғанын біз білмес едік... Ведомостік мүдделердің халыққа қамқорлықтан жоғары қойылып келе жатқаны өкінішті... Ильенко десек, ол енді біраз уақыт істеп, генералдық зейнетке шығады да, тайып тұрады. Семейде бір күн де тұрмайды... СОКП Орталық Комитетіне жолданған жеделхатта баяндағанымыз – ақиқат. Ол – біздің жұртшылығымыздың талабы. Біз одан айнымаймыз!..»

Герасимов кетерінде Кешірімнің бетіне тура қарай да алмады. Айтпақшы, Кешірімнің айтқаны дәл келіп, көп ұзамай Ильенко да табанын жалтыратты.

Горбачев Кешірімнің жеделхатын төңірегіндегілерге танысу, пікір айт үшін берген екен. Бірақ жоғарыда аты-жөндері аталған қайраткерлер жедел-хатты құптап, әңгімені халықаралық деңгейге шығарып жіберген де, Кремль Бозтаевты жазалуға батпаған. Оның үстіне ендігі жерде полигонды ұстап тұруға КСРО-ның экономикалық жағдайы да жоқ еді. Сондықтан КСРО басшылары әдеттерінше «Ядролық сынауларды тоқтатуды КСРО әлемде бірінші болып қолға алды!» деу үшін АҚШ басшыларымен келіссөз бастады.

Елде Семей полигонына қарсы күрес күшейді. Сол күндері Сіздің шақыруыңызбен мейман болып келген Б. Ельцинге Достық үйі алдына жиналған көпшіліктің полигонды жабу туралы талап қойғанын Сіз естідіңіз. Ол талап басқа жерлердегі кездесулерде де қойылды. Соларда Ельциннің: – Көп ұзатпай жабамыз! – дегені де есіңізде болар.

«Азат» қозғалысы, «Невада-Семей» қозғалысы, т. б. қоғамдық ұйымдар іске кірісті.

Осы тұста тікелей Сізге жүгінетін жәйт мынау: меніңше, ақын Олжас Сүлейменов қозғалысты бір өзі біліп, өз төтесінен бастаған жоқ. Оған ең алдымен Сіз ақылшы болдыңыз. Пәленбаев деген ұшқыш ақылшы болған жоқ, себебі ұшқыштардың қай-қайсысы да субординацияны сақтауға тәрбиеленген, нендей мағлұматты болсын, сырттай таныс Олжас тұрғай, жандосына да беталды айтпайды. Яғни радиация бұлты туралыны бір ұшқыш Олжасқа телефонмен айтыпты деу шындыққа жанаспайды. Егер сөз содан басталған болса, Кешірім Кремль комиссиясына: «Генерал Бредихин дабыл қақпаса, 12-ақпанда не пәле болғанын біз білмес едік» демес еді. Ол тек ақиқатты айтатын.

«Сіз ақылшы болдыңыз» деуіме дәлел – К. Бозтаевтың «29-тамыз» кітабындағы мына сөздер:

«...Алматыда Олжастың жолы болмапты. Министрлер Кеңесінің төрағасы Н. Ә. Назарбаев маған телефон шалып, Олжас Омарұлы тап болған жағдайды айтып, оны КСРО халық депутатығына Семей облысынан ұсынып, көмек берсеңіздер жарар еді дей келіп: «Сүлейменов Сізге көмектеседі, ол Сізге полигонға қарсы күресіңізде жақсы сүйеніш болады», деді. Ертеңінде Г. В. Колбин телефон соғып, ол да соны айтты».

Ал Алматыда Олжастың жолы болмағаны – КСРО халық депутаттары сайлауында жеткілікті дауыс ала алмағаны. Ол дауысқа түскен округте Жазушылар одағынан екі өкіл бақылаушы болдық. Дауыс беруде, бюллетенді санауда ешқандай құйтырқы болған жоқ, көпшілік бәсекелес жұмысшы жігітті таңдады.

Сүлейменовтің Абай жеріндегі қияметті Бозтаевтың хатынан біліп, сол хатқа сүйене Жоғарғы Кеңеске депутаттық сауал жолдағаны да оның «НС» қозғалысын өз төтесінен бастамағанын растайды.

Мұрағатжайдағы құжаттарда: 1989-жылдың 7-тамызында Семейде полигонға қарсы жиналысты қай жерде, қалай өткізу, оған қайдан, кімдерді шақыру, қайда ораластыру (жиыны 300-ге жуық мейман), қайтарларына белет алу, қаланы аралату, Абай, Достоевский мұражайларына, Абай ауылына апару, лозунг-траспоранттар жазу, жиынның рәміздерін жасау, ядролық ракеталардың жағып

жіберілетін фанер нұсқаларын дайындау, алаушырағдандар әзірлеу, әйелдер мен балаларды шеруге шығару, ядролық сынауларға қарсы қол жинау, «Невада» қорын ашу, өзен бойында алау жағып, суға гүл шоқтарын тастау және жиналыстан соң тастөбе жасау, бәйтерек бұтақтарына шүберек жыртындыларын байлау, т. б. дәстүрлі-діни рәсімдер түгел жоспарланып, әрбір шара жауапкершілігі кімдерге жүктелгені атап көрсетілген. Бұл – ешбір қоғамдық қозғалыстың шамасы жетер шаруа емес! Яғни Мәскеу мен Алматы бірігіп, келісіп жасаған шара.

Мәскеу демекші, мына бір жазбаға үңілетік:

«...А тут посмотрел по телевизору передачу с участием Евгения Велихова (физик-ядерщик)... Ученый высказался в том смысле, что Сулейменов к закрытию полигона имеет крайне незначительное отношение. Так, мимоходом – артикуляция и шумиха для начала и сопровождения переговоров между Москвой и Вашингтоном.

Главная идея контроля над прекращением ядерных испытаний заключалась в допуске советских специалистов в Неваду, а штатовских в Семипалатинск. Каждый устанавливает свою специальную аппаратуру и держит друг у друга руку на ядерном пульсе.

Евгений Велихов утверждает, что все переговоры с Госдепартаментом, Конгрессом, Пентагоном вел он и высшие офицеры КГБ и ГРУ. И никакого Олжаса Сулейменова там не было. То есть все решалось на оси Москва – Вашингтон, а движение «Невада-Семипалатинск» было не больше чем цветок на обочине дороги. (*Интернет-газета «Zona. kz. 07. 12. 2008 г.»*).

Е. Велихов Семейде бірнеше рет болып, нақты жағдаймен танысып, Горбачевке Кешірімінің талабы орынды екені турал хат тапсырған. Ендеше, ол полигонды жабу негізінен кімнің күш-жігері екенін жақсы білді. Өзінің үлесін атап айтқаны да – жөн. Қай Азаматтың болсын еңбегі дер кезінде өз аузынан ақиқатпен айтылмаса, кейін бұрмаланып, өңі айналдырыл жіберілуі оп-оңай. Соны аңғарған Кешірім былай деп жазды:

“...Полигонды жаптыру күресімнің басталуынан аяқталуы әлдеқайда қиын болды. Әу баста жұртшылыққа арқа сүйеп, өзімді қолдайтынына нық сеніп, қуаттанып кірістім. Енді өзім мүддесін

қорғағандардың, өкіметпен текетіреске бірге шыққандардың көздеріне сүйел бола бастағандаймын. Өкпек желдің қай жақтан соққанын білдім. Ол ең алдымен қоғамдық қозғалыс жетекшілерінен басталды. Олардың кейбіреуі, тіпті Семейге ат ізін бірінші рет салса да, баяғы Юлий Цезарьше: – Бардым, көрдім, жеңдім! – деп шыға келді...

Полигонды жабу мәселесі шешілуге жақындағанда, өкінішке қарай, басқа бір мәселенің шеті – бұл кімнің еңбегі деген сұрақ қылтиды. «Невада – Семей» қозғалысының ғана арқасында осылай болды деген сығаржақ жарнама баспасөз бетін қайызғақша басып кетті. Қозғалыстың әрбір әрекеті аспандата мадақталды. Оның белсенділері (арасында кездейсоқ жүргендер де бар) қозғалысқа басқаша бағыт бере бастады: олар өздерінің міндеті себепті-себепсіз жиын-жиналысты өткізе беру деп білді. Жалған дерек таратып жіберетін де болды. Жиналысқұмарлық кеудемсоқ желпініске, жұлқынысқа айналып, өмір шындығынан ауытқып кетуге апарып соқты...

...Хиросимадағы басқосуға құрлығымыздың үлкен қалаларынан өкілдер жиналды. Олар Хиросимаға атом бомбасының тасталуынан, оның зардаптарынан мол хабардар екен. Ал сонда біздің көзіміз жеткен бір әттең-ай: олар, “Невада-Семей” халықаралық қозғалысы құрылғалы талай жыл өтсе де, Семейдің қасіреті туралы ештеңе білмейтін болып шықты...” *(Хиросима қаласының мэрі Такаси Хираока мырзаның шақыруымен 1993-жылдың тамызында Жапонияда болып қайтқаны жайында айтқанынан).*

К. Бозтаевтың: «Қайнар қасіреті», «Семей полигоны», «29-тамыз» деп аталған кітаптары, құрметті НҰРЕКЕ, өзіңізде бар шығар. Ол үш кітап – полигонның шежіресі. Мен келтіріп отырған үзінділер солардан алынды (басқа ғылыми кітаптарды да пайдаландым). Ал Олжас болса, ол үш кітапты да жылы жауып тастап, «Казахстанская правда» гәзетінің тілшісімен сұхбатында (2005-жыл, 20-қыркүйек) Кешірімнің ролі туралы көпе-көрінеу мынадай жалған ақпарат таратты:

«...Да, он был первым секретарем обкома, но не более того. И уж во всяком случае, среди первых борцов за закрытие полигона его не видели» деді. Астапырал-ла-а!

Мұхаммед пайғамбарымыздың Хадистерінде: «Дүниеден өтіп кеткендердің тек жақсы жақтарын ғана еске алыңдар, жаман жақтарына келгенде тілге тиым салыңдар», делінген. Бірақ Сүлейменов Кешірімнің аруағынан ғана емес, пайғамбарымыздың өсиетінен де аттап кетті.

Ал Кешірімнің көзі тіріде Олжас өзіне қарата айтылған ақиқатты теріске шығара алмады, Кешірімді мойындады. Оны мынау жеделхаты растайды:

«Семипалатинск, Областной Совет народных депутатов.

Уважаемый Кешрим Бозтаевич! Мы знаем Вас как крупного общественного и государственного деятеля, очень много сделавшего для процветания народа Казахстана. Вся Ваша жизнь – это добрый и назидательный пример для молодого поколения.

Особенно ярко Вы проявили силу и волю Вашего характера как активный участник международного антиядерного движения «Невада – Семипалатинск» *(только ли «активный участник движения»? – Г. К.)*.

В те нелегкие годы борьбы за прекращения ядерных испытаний на Семипалатинском полигоне Вы проявили стойкость бойца за интересы народа и мудрость истинного народного лидера.

Мы знаем, что в эти трудные годы Вам пришлось особенно нелегко и на Вашу долю выпали тяжкие испытания, но Вы сумели найти верный путь и сделать немалый *(в сравнении с кем? – Г. К.)* личный вклад в долгожданную победу – закрытие Семипалатинского ядерного полигона.

В день Вашего шестидесятилетия, дорогой Кешрим Бозтаевич, мы выражаем Вам свое глубокое почтение и говорим благодарное спасибо! Олжас Сулейменов». 23-июня, 1993г.»

Енді бұған не деуіміз керек?.. «Бізде Олжас екеу екен» деу ғана қалады.

«Екінші Олжас» Сіздің:

«Құрметті Кешірім БОЗТАЙҰЛЫ!

Өміріңіздегі аса елеулі жәйт – жасыңыздың 60-қа толуымен шын жүректен құттықтаймын!

...Сіздің Семей ядролық полигонын жабу туралы мәселені шешу-

ге, атомдық сынаулардан зардап шеккен жұртшылыққа әлеуметтік қамқорлық жасау жүйесін жасауға қосқан үлесіңіз теңдессіз!..

Кешірім Бозтайұлы, ыстық ықыласпен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, мол бақыт тілеймін!

Қазақстан Республикасының президенті – Н. НАЗАРБАЕВ.

25 маусым, 1993 ж. Алматы қаласы», деп жазған жеделхатыңызға (мәтінін сәл ықшамдап келтірдім) назар аудармады.

Семей полигонын жабу жолындағы күресте «НС» қозғалысының көп жұмыс істегені рас. Біраз елдерді аралап, жиын өткізді. Ол республика тарихына жазылды. Ешкім оны өшірмейді, өшіруге тырыспайды да. Ал Олжастың ақиқатқа кереғар қарекет жасап, Кешірімнің көшбасы болғанын, жанпида ерлік жасағанын теріске шығаруға неге жанталасып жүргенін түсіне алмадым. «Мен!» дегеніне марқұмның: «Қойсаңшы, ұят қой?!» дей алма-сын малданғаны ма? Бүгін әдейі істелген қысастық ертең ашылып қаларын ойлағысы келмегені ме?

Мен Олжаспен дос та, қас та емеспін. Екеуіміз Жазушылар одағында көп жыл қызметтес болдық, тіл табысып жүрдік. Оған алдағы уақытта да жаманшылық ойламаймын. Маған бір ғана керек жәйт: қазіргі ат-атағы да бір басына жетіп жатқан Олжас Семей полигонына қатысты мәселеде өмірде болған ақиқаттан аттап кеткенін ашық мойындап, пендешілікпен кемсіткені үшін Кешірім Бозтаевтың аруағынан жұртшылық алдында кешірім сұрауға тиіс. Бұл –оның азаматтығына сын.

Десем де, өйтіп азаматтық таныту ақынның ойында жоқ сияқты. Бұдан бір ай шамасы бұрын, мамыр айының 19-ы күні, Алматыда «Невада–Семей» қозғалысының 20 жылдығына орай халықаралық конференция болыпты (Олжас оны өзінің туған күнімен сәйкестендіруді ұмытпаған). Сондағы баяндамасында ол Кешірімнің, өзінен көп бұрын қимылдап, Горбачевке талапхат жазғанына 20 жыл толғаны туралы ауыз ашпапты. Оның есесіне: Кейбір гәзеттер полигонды бір обком хатшысы жапты деп жазыпты. Шалғайдағы хатшы не істей алушы еді?! Полигонды ол емес, біз жаптық! – депті. Яғни баяғы: «Мен!.. Мен».. Мен!..».

Егер К. Бозтаевтың жанкештілік қимылы болмаса, «НС»

қозғалысы тумас та еді деп нық айта аламын. Оны Сіздің өте жақсы білетініізге шүбәм жоқ. Ендеше бізде «НС» қозғалысының 20 жылдығынан бұрын Кешірімнің тарихи хатының 20 жылдығы атап өтілуі керек еді. Жоқ, олай болмады. Тіпті Алматының мектептерінде, кітапханаларында «НС» қозғалысын, «ұлы ақын» О. Сүлейменовті мадақтайтын кездесу-жиын өткізіліп жатыр. Мен оның екеуіне қатыстым да, қазақ жерінде ядролық сынауларды тоқтатуға бағытталған күресте Олжастан басқа ешкімнің аты аталмағанына еріксіз таңдандым. Сірә, ол кездесу-жиындар биылғы 29-тамызға дейін бола берер де, бізді шексіз қайғы-қасіретке тап қылған ядролық сынаулардың басталғанына 60 жыл толуын (29-тамыз, 1949 ж.), Сіздің полигонды жабу туралы жарлық шығарғаныңыздың 18 жылдығын (29-тамыз, 1991 ж.) «Невада-Семей» қозғалысы атап өтетін шығар. Әлбетте, алдымен өздерін мадақтап.

Құрметті Нүреке! О. Сүлейменовтің ақиқатпен астаспайтын, ақылға қонбайтын осынау әсіребелсендігіне тосқауыл қойғаныңыз жөн болар. Олжас екеуіңіздің дос екендеріңіз бәрімізге мәлім. Алайда «Платон – жандосым, бірақ ақиқат қымбат» (Аристотель). Семей полигонын жабу күресіміз сөз болғанда марқұм Кешірімнің атын өзінен бұрын атап, адал еңбегін әділ бағалауды талап етсеңіз деймін. Марқұмға одан басқа не керек?..

Сондай-ақ, Кешірімнің үш кітабын мына 60 жылдыққа дейін қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде жинақтап 1 том шығартсаңыз, Азаматтың аруағына лайықты құрмет болар еді.

Сізге 2007-жылғы наурыздың 23-інде К. Бозтаев жөнінде жолдаған хатымда, өзіңіз жақсы білетіндей, Кешірім 31 жыл жемісті қызмет еткен Өскеменде марқұмға көрнекті көше атын беру, кеуде мүсінін орнату, мұражай ашу туралы тілек білдірген едім. Ол – өскемендіктердің тілегі-тін. Ол хатыма көкек айының 27-сінде келген жауапта Сіздің облыс әкімдігіне нұсқау бергеніңіз айтылған еді. Өкінішке қарай, ол жақ күні бүгінге дейін жым-жырт. Осыны ескергейсіз!

К. Бозтаев: «29-ншы тамыз Қазақстанның ядролық сынауларға тап болған күні» деп жылда ресми атап өтілетін болса екен!» деген

ұсыныс жасады ғой, соны ескеру де кеш болмас еді.

Сізге жолданған бұл хаттың көшірмелерін аталған екі гәзетке жіберу себебім: «Егемен Қазақстанның» ұжымдық авторы – «Семей таңы» гәзетінің әзірлеуімен «Егеменнің» 17-маусымдағы санында «Жер жарасы, ел наласы...» деп жалпы тақырыппен берілген бір бет толы материалдарда сол жара мен наланы арқалап күресіп өткен Кешірім Бозтаевтың ауызға алынбағанына қайран қалдым. Апырым-ау, Кешірімнің кінәсі не?

19. 06. 2009 ж.

Хатыма былайша жауап келді:

Жазушы Ғаббас Қабышұлына

Құрметті Ғабеке!

Сіздің қоғам өміріндегі, ел тұрмысындағы көкейкесті мәселелерді үнемі қозғап, өзіңіздің қаламгерлік-азаматтық көзқарасыңызды ашық білдіріп жүретініңіз белгілі. Осындай бір хатты, бәрімізге белгілі «Семей – Невада» қозғалысының 20 жылдығы кезеңінде оның тарихы мен тағылымы туралы мәселе хақында Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлына да жолдаған екенсіз.

Халқымызда: «біткен іске сыншы көп, бітірген ердің кемі жоқ» деген сөз бар екенін өзіңіз жақсы білесіз. Бұл халықтық қозғалыс жұртымыздың тілегі мен ниетінің, арманы мен мұратының жалпыхалықтық іс-шараға айналған көрінісі болды. «Біреу көбірек, біреу азырақ» деп, таразыға тартып, өлшеп-пішіп жатудың қазіргі күнде қажеті бар ма? деген сұрақ төңірегінде ойланып қарасақ, халқымыздың ортақ іске ортақ мүдде танытқаны ақиқат.

Сіз бұл жайында мерзімді басылым беттерінде, бас қосуларда жазудай-ақ жазып, айтудай-ақ айтып келесіз. Мұныңыздан жұртшылық толық хабардар. Енді оны одан әрі қаузап, аруақты қозғап, тіріні мазалап айта бергеннің жөні қалай болар екен? Сынақ алаңын бір адам жапқан жоқ, халық қолдап, Елбасының арнайы шешімімен жабылды. Бұл – тарихи факт.

Сөзге тоқтаған халықпыз. Айтылар сөз айтылды, айттыңыз. Белгілі жайдың белгісіз қырларын тәптіштей бермей, осымен тоқтап, ортақ мүддеге қызмет етейік. Тәуелсіз еліміздің бүгіні мен

болашағы жолындағы игі істер мен ізгі қадамдарға алдымыздағы аға ретінде Сіз әрқашан жол нұсқап, үлгі көрсетеді деп сенеміз.

Құрметпен, **Қазақстан Республикасының**
Мемлекеттік хатшысы Қанат Саудабаев.

Астана қаласы, Ақорда.

09. 07. 2009 ж.

Бұл хатқа мына жауапты жаздым:

Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы
Қанат САУДАБАЕВ мырзаға

Құрметті Қанеке!

Жауап хатыңызды алып, риза болып отырмын. Артық-кем болсын айтылған ойдың елеусіз қалмағаны қаншалық. Рахмет!

Иә, сөзге тоқтаған да, тоқтайтын да халықпыз. Алайда тоқтаған сөзіміздің өзін түрткілеп, сүйрелей беретін мінезіміз де жоқ емес. Мәселен, Кешірім Бозтаевтың тәуекелмен атқарған сонау ісін жұртшылық біле жүрсе екен деп жазғаным айда жоқта Олжас Сүлейменов жыланша жиырылып, Кешірімді полигонға қарсы күресті маңайламаған біреу етіп, марқұмды тарихтан өшіріп тастағысы келді. Мен ол қылығының теріс екенін айттым, бірақ ол, аруақтан аттап кеткені аздай, аруақпен алысуын әлі жалғап жүр. Биыл «НС» қозғалысы басталғанына 20 жыл толғанын халықаралық конференция етіп өткізді де, қозғалыстың тууына Кешірімнің Горбачевке жеделхаты себеп болғаны арыда құдайға, беріде Нұрсұлтан Әбішұлына, Семейдің бүкіл жұртшылығына аян екенін біле тұра, «қайдағыбір обком хатшысын» тағы кемсітті. Онысы енді шектен шығып кету болғанын ескертіп едім, сыңаржақ «Свобода слова» гәзеті бетінде пәленінші рет әләуләйлап, менің аты-жөніме жоламай, «этот назойливый автор» деп атап, мейлінше кекеп-шалды. Ақиқатты талап ету «назойливость» та, сол ақиқатты жоққа шығара беру ол үшін әдептілік көрінеді!

Полигонды халықтық күрес жапты. Нүктені Нүрекең қойды. Алайда қандай істің болсын бірінші бастаушысы болады ғой, бұл тұрғыда бірінші қадам жасаған Кешірім деп шындыққа жүгінсек, полигонға қарсы күрес сөз болған алқалы жиындарда президент

оның аты-жөнін атап, аруағын еске ала жүруді ұмыттырмаса деп едім, аруаққа одан басқа не керек? Кешірімнің аруағы «керекке» тоймайтын, тарихты талақ етіп жүрген Олжас емес қой!

Аруақты қозғай бермеу – менің де ұстанымым. Ал аруақты одан ары-бері аттай беретін арсыздардан қорғау – баршамыздың азаматтық, мұсылмандық парызымыз деп білем!

Біраз уақытыңызды алғанымға ренжімегейсіз.

19. 07. 2009 ж.

НҰРЕКЕ, КЕЛЕШЕКТІҢ СӨЗІН ТЫҢДАҢЫЗ!

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Еліміз тәуелсіз өмір сүріп келе жатқан 19 жылда қай-қайсысымыз да көптеген жаңалыққа куә болдық. Замана талабына орай тірлігіміз өзгерді. Саяси, әлеуметтік құрылысы, бағыты әрқилы алыс-жақын мемлекеттермен байланыс орнап, олардан өзімізге керек жетістіктерді алып, оларға өзіміздің игі істерімізді көрсетіп жүрміз. Біріккен Ұлттар Ұйымындағы іргелі елдің бірі Қазақстан екені дүние жүзіне мәлім, оны біз мақтаныш етеміз.

Ішкі-сыртқа саясатымызда, халық шаруашылығымыздың салаларында, экономикамызда, әдебиетіміз бен өнерімізде, білімде, спортта – баршасында қандай жақсылық бар, соның бәрі бізді де шын қуантады.

«Бізді де» деп отырғанымыз: өзіңізге осы хатты жолдауды ұйғарған біздің алдымыздың жасы 80-нен, соңымыздың жасы 70-тен асты, яғни біздің енді көрерімізден кеше көргеніміз көп, халыққа енді берерімізден кеше бергеніміз көп. Біз – таудан түсіп келе жатқандармыз.

Иә, біз осы жасымызда көпті көрдік. Қуанышымыз мол болды десек, ренішіміз де аз бола қойған жоқ. Халқымызбен бірге тер төктік, бірге тыныстадық.

Тәуелсіздіктің алғашқы қадамынан бастап Сіздің елімізге, халқымызға сіңірген еңбегіңіз де біздің көз алдымызда, ойымызда. Сіздің де «бәрекелді» мен «әттеңіңіз» барын білеміз, түсінеміз, ал оны бағалауда бізден гөрі ертеңгі ұрпақтың әділ болары сөзсіз, бұл – тарихи заңдылық.

Ертеңгі ұрпақтың алғашқы буыны – қазіргі жастарымыз. Олардың өмірге көзқарасында: аңғарымпаздық, талғампаздық, құштарлық, адалдық, әділеттілік, ал іс-әрекеттерінде алымдылық, белсенділік басым. Тәуелсіздік жолында ой-шұңқыр аз болмайтынын біле тұра қоғамның неғұрлым тиімді жолмен тезірек дамуын, ортақ істегі кемістік атаулыны тезірек түзетуді қалайды. Қашан да, қайда да сыни сезім – жастарға тән қасиет. Алдымыздағы көкек айының 11-і күні жер-жерде бас қосуды, жиын жасауды ұйғарысқан жеткіншектеріміз осы қасиеттерін баршаға танытып, қоғамымызда орын алып отырған төзгісіз кемшіліктерді атап-атап айтып, оны жою жөніндегі талап-тілектерін ашып айтпақ. Ол – Келешек иелерінің, Келешектің сөзі десек, Сіз сол сөзді тыңдаңыз!

Ал біздің Сізге айтарымыз: жергілікті билік орындарының жастардың ізгі ниетіне қиянат жасауына, жиынын күштеп тарауына, жаза қолдануына жол бермеңіз!

Құрметті Президент! 1986-жылғы желтоқсанда балаңыздай жастар қырғынға ұшырады, енді немереңіздей жастарды қырғынға ұшыраудан сақтауды ойлаңыз!

(«Жас алашқа». Рысбек, менің жобам осы. Арғы жағын өздерің біліңдер. НӘНге ешбір көпшік қойылмауы керек. Жасы 70-тен асқан тағы кімдер бар, қол қоя ма?.. Фаббас. 04. 04. 2010 ж.)

08. 04. 2010 ж. «Жас алашта» жарияланды. Он шақты ақсақал қол қойыпты... Бұл хатты: «Жас алаштың» жорналшысы Жанболат Мамай бастаған Алматы жастары: «Көкек айының 11-і күні қаланың Астана алаңында жиын жасаймыз, билікке наразылықтарымызды айтамыз! Бетімізден қайтпаймыз!» деп ұйғарған соң, оларды билік жазалап жүрер деген оймен жазып едім. «ЖА» редакторы Рысбек Сәрсенбайұлы екеуіміз келіскенбіз. Бірақ еңбегім далаға кетті. 9-көкекте Ж. Мамайдың жиыннан бас тартқаны хабарланды. Қала әкімдігінде екіжақты кездесу болып, солайша келісім жасалыпты. Билік жастардың талаптарын орындауға уәде беріпті, ал талаптаршын мәнінде тегеуірінді емес те екен. Жастардың, студенттердің хал-жағдайын жақсартуды айтқан, т. б. Талаптарының ең елеулісі «Ресей-Беларусь-Қазақстан Кеден одағына» қарсылық көрінеді. Кедендік одаққа үш президент қояр қолды қойғалы қашан?!

Жалпы бізде бір мәселені көтеріп, ширықтырып алып, содан кейін әлсірете салу әдетке айналды. Былтыр қараша айында Мұхтар Шаханов кабинетінде үлкен мәжіліс болды. «Қазақстан халықтары ассамблеясы» дейтіннің (мен бұл ұйымның көк тиынға керегі жоқ екенін дәлелдеп сөйледім де, мақала жаздым да) «Ел бірлігі» доктринасына ашық қарсылық жиын өткізу әңгімеленді. Оған қоғамдық қозғалыстардың, «Желтоқсан» атты ұйымдарың біраз басшылары қатысып, 16-17-желтоқсанда Орталық алаңда аштық жариялау келісілді. «Желтоқсандықтар»: – Билік ойына келгенді істейтін болды. Халықпен санаспайды. Халықтар ассамблеясы дейтіні «Ел бірлігі» деген доктринаны – қажетсіз бірдеңені ойлап шығарып, қазақ ұлтын қолжаулыққа айналдыруға кірісті. Кеден одағына мүше болып, елімізді Ресей империясына бодан қылды. Бұған төзуге болмайды! 1986-жылғы желтоқсандағымызша қан төгуге даярмыз! Аянар хал қалмады! – деді. Арада бір апта өткенде: «Астанадан үш шенеунік келіп, Шахановпен келіссөз жүргізіп отыр» дегенді естідім де (аты-жөнін айтпауды өтінген бір жігіт телефонмен мәлім етті), ыстығым көтеріліп, жөтеліп, қырылдап жатқанымға қарамай, Мұхтарға қалтателефоныммен дереу хабарласып: «Мұхтар, саған жоғарыдан өкілдер келіп отыр екен ғой, соған орай айтарым: – Олармен келіссөз жүргізбе, билікке сенуге болмайтынын білесің. Мен келіссөзге қарсымын! Осы сөзімді жаныңдағыларға айт, өзің протоколға жаз! – дедім. Ол: – Көреміз ғой, ақылдасамыз ғой, – деді.

Ақырында жиын өтпейтін, аштық жарияланбайтын болды. Билік бір айға мұрсат сұрапты. Мұхтар кейініректе: – Біз билікпен келісім жүргізудің нәтижесінде «қазақстандық ұлт», «үш тұғырлы тіл» дегендердің қолданылмауына келістік, – деді. Жақсы. Бірақ мәселе оның іске асуында. Меніңше, билік алдап кетті. «Үш тұғырлы тіл» саясаты мектептерге үндемей енгізілер. Ал «қазақстандық ұлт» қазақ тілі қашан мемлекеттік мәртебесін алғанша қазіргі қалпында қала берер. Билік ашық істен астыртынға көшеді, ол даусыз. Біз айтқан сөзімізде тұрғанда, бір көзі, бір құлағы екінші президенті елден қуылып жатқан Бішкек жақта болып отырған біздің билік асыра сілтей алмас еді. Біз «Ел бірлігі» деген доктринаның өзін

жоққа шығаруға, ассамблея дейтіннің қажетсіздігін билікке мойындатар едік. М. Шаханов алған беттен бір өзі біліп қайтпауы керек еді, әуелде нық шешім қабылдаған көпшілікпен тағы ақылдасуы қажет еді. Қазақстан ОБСЕ-нің есігін қағып, кіруге рұхсат сұрап тұрғанында ашынып аштық жариялаушы қоғамдық ұйымдардың өкілдеріне, әсіресе желтоқсандықтарға сол халықаралық ұйымның көз алдында жаза қолдана алмас еді.

Сөйтіп, биліктен ұпай арттырудың екі сәті өтіп кетті. Біз де келісімпаз болып шықтық. Көпшілік наразылықтарын ауызша да, жазбаша да білдіріп жүр. Оппозиция атаулыға сенімдері азайды. Ал биліктің ішкі есебі әзірше ішінде, ол көпшілікке «тартар табағын» әлі тартады.

10. 04. 2010 ж.

***Автордан:** Билік «қазақстандық ұлт» деп ашық айтуды, рас, доғарды, бірақ қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі баяғы сиқырсөздің көлеңкесінде жатқан күйінде. Өкімет, үкімет, парламент орыстілді қалпында. Тіл туралы заң, пәлен жылға бағдарлама жасалған болды, алайда жиырма жылға созылған тіл «жыры» тағы он жылға ұзарды. «На месте шаго-о-ом марш!». Бұдан кейін «қазақстандық ұлт» дедің не, демедің не?! Ол аздай, «Үш тұғырлы тіл» қайтадан жанданды: 2013-2014 оқу жылы ағылшын тілін бірінші сыныптан бастап оқытумен басталатын болды. Үкіметтің ымы бойынша Білім министрлігі бағдарлама жасапты. Міне, оппозициялық «күрестің» нәтижесі осындай. 2015 ж.*

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Басқаның бәрінен бұрын өзіңізге өте жақсы мәлім мәселе – Семей полигонының қыры мен сыры. Оны жабуға Жарлық шығарғаныңызға дейін болған сан түрлі айтыс-тартыс Сіздің алдыңыздан өтті. Полигонды жабуды талап ете М. Горбачевке шифрлы жеделхат жолдауды Кешірім Бозтаев анау Колбинмен емес, Сізбен ақылдасқан. Ол ресми күресті қолдап: – Жазсаң жаз, біз қолдайтын боламыз! – дегеніңіз, одан арыдағы әрекетті бағдарлап отырғаныңыз К. Бозтаевтың «Семей полигоны» кітабында нақты

фактімен жазылған. Кешірімге көмекке Олжас Сүлейменовті жібергеніңіз де анық айтылған. Кітап 1992-жылы шықты, ондағы фактілердің бірде-бірін жоғары-төменнен ешкім ешқашан бекер деген жоқ. Кешірімнің жалған сөйлемейтін адам болғаны да ең алдымен Сізге аян.

Өкінішке қарай, К. Бозтаев қайтыс болғаннан кейінгі жерде: «Семей полигонын Мен жаптым!» деп кеудесін керушілер көбейе бастады. Қылаяғы «Аттан!» деген айқай-сүреңнің ұзынтаяқтысына дейін «Мен сөйттім!» деп өзін өзі насихаттап жүр. Ал Сіздің досыңыз – ақын Олжас Сүлейменов болса, марқұм Кешірімнің аруағынан аттай беретінін Сізге жазғанмын, есіңізде болар.

Құрметті Нұреке! Сізге айтар тілек-өтінішім (әрине, бұл мындардың ойындағы сөз дей аламын): Семей полигонын жапқандарыңызға 20 жыл толуымен байланысты сөзіңізде марқұм Кешірім Бозтаевтың тарихи еңбегін ақиқат тілімен айтқайсыз және аруағына лайықты құрмет көрсеткейсіз! Мысалы, көпшілік: «Кешірім Бозтаевқа «Қазақстанның Халық қаһарманы» атағын берсе, өте әділетті шара болар еді», дегенді айтуда.

Және: 2007-жылы өзіңізге жазған хатыма: К. Бозтаевты есте қалдыру ұсынысыңызға орай ШҚО әкімдігіне тапсырма берілді, деген жауап алып едім, бірақ ол жақта ештеңе жасалған жоқ.

08. 08. 2011 ж.

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізге 08. 08. 2011 ж. жазған хатымда Өскемен қаласының бір мектебіне, жоғары оқу орнына, не көшесіне Кешірім Бозтаевтың атын қою қажеттігін айтып едім. Сол мәселеге байланысты тапсырыс берілген болар, жақында ШҚО әкімдігінен жауап келді. Онда Семейде, Аягөзде есте қалдыру шаралары іске асқаны айтылып, Өскеменде ештеңе болмайды делініпті. ҚР үкіметінің 2005 жылғы 21-қаңтарда қабылдаған №45 қаулысына сүйенген. Қаулыны бәріміз силаймыз, орындаймыз. Алайда, кейде жергілікті басшылыққа қосымша нұсқауыңызбен қаулы аясында жеке бір істі атқартуыңызға бола ма? Мысалы, Кешірім Бозтаевтың Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында қатардағы металлургтан облыстық

партия комитетінің екінші хатшысы, облыстық атқару комитетінің төрағасына дейін өсіріліп, жиыны 31 жыл адал қызмет істегенін, НҮРЕКЕ, Сіз жақсы білесіз ғой. 31 жыл! Сөйткен Азаматтың аты Өскеменде ұмыт қалуы жөн бе? Сізден осыған назар аударып, игі шешім жасауыңызды өтінемін!

03. 11. 2011 ж.

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Осы хат өзіңізге жетер, оқуға уақыт табар деген оймен Сіздің төрелігіңізге мына екі жәйтті ұсынып отырмын:

1. Басқаның бәрінен бұрын өзіңізге өте жақсы мәлім мәселе – Семей полигонының қыры мен сыры. Оны жабуға Жарлық шығарғаныңызға дейін болған сан түрлі айтыс-тартыс Сіздің алдыңыздан өтті. Полигонды жабуды талап ете М. Горбачевке шифрлы жеделхат жолдауды Кешірім Бозтаев анау Колбинмен емес, Сізбен ақылдасқан. Ол ресми күресті қолдап: – Баста, біз сені қолдайтын боламыз! – дегеніңіз, одан арыдағы әрекетті бағдарлап отырғаныңыз К. Бозтаевтың «Семей полигоны» кітабында нақты фактімен жазылған. Кешірімнің атом-ядролық сынаулардан зардап шеккен Ертіс өңірі жұртшылығына жәрдем жасау туралы КСРО Министрлер Кеңесінің арнаулы қаулы қабылдауы үшін Кремльдің табалдырығын тоздырғанын да Сіз өте жақсы білесіз. Ол қаулы шыққан күні аудандарды аралап жүрген Кешірімді телефон арқылы құттықтағаныңызды Кешірім кітабында зор ризашылықпен жазыпты. Кешірімге көмекке Олжас Сүлейменовті жібергеніңіз де анық айтылған. Кітап 1992-жылы шықты, ондағы фактілердің бірде-бірін жоғары-төменнен ешкім ешқашан бекер деген жоқ. Кешірімнің жалған сөйлемейтін адам болғаны да ең алдымен Сізге аян.

Өкінішке қарай, К. Бозтаев қайтыс болғаннан кейінгі жерде: «Семей полигонын мен жаптым!» деп кеудесін керушілер көбейіп кетті. Қылаяғы «Аттан!» деген айқай-сүреңнің ұзынтаяқтысына дейін «Мен жаптырдым!» деп өңмендеп жүр. Ал Олжас Сүлейменов болса, оның марқұм Кешірімнің аруағынан аттай беретінін Сізге 2006 және 2007-жылдары жазғанмын, есіңізде болар.

Құрметті Нүреке! Сізге айтар тілек-өтінішім (әрине, бұл

мындардың ойындағы сөз дей аламын): Семей полигонын жапқандарыңызға 20 жыл толуымен байланысты сөзіңізде марқұм Кешірім Бозтаевтың тарихи еңбегін ақиқат тілімен айтқайсыз және аруағына лайықты құрмет көрсеткейсіз! Мысалы, көпшілік: «Кешірім Бозтаевқа «Қазақстанның Халық қаһарманы» атағын берсе, өте әділетті шара болар еді», дегенді айтуда.

Және: 2007-жылы өзіңізге жазған хатыма: К. Бозтаевты есте қалдыру ұсынысыңызға орай ШҚО әкімдігіне тапсырма берілді, деген жауап алып едім, бірақ ол жақта ештеңе жасалған жоқ.

2. Кешегі КСРО-ға, Қазақстанына қаламымен өлшеусіз еңбек сіңірген Әнуар Әлімжановты да Сіздей білетін адам аз қалды. Әлемнің алпыстан аса елінде болып, қазағының тарихын, әдебиетін насихаттаған отансүйгіштігі, қазақы намысы күшті публицист жазушының: әл-Фараби, қазақ жеріндегі тарихи оқиғалар, Махамбет туралы романдар жазғанын білесіз. Мұхтар Әуезовті КГБ-ның қанды шеңгелінен құтқарғанын Мұханның өзі сүйіне айтқаны да мәлім. Өзіміздің әдеби сұлықтарға қоса Дж. Неру, А. Нето, т. б. бірнеше халықаралық сұлықтардың иегері болған сол Әнуардың 80 жылдығы былтыр жыл соңында Алматыда болған бір жиналыспен тынды. Одан беріде: жазушы атындағы мектепті жөндеуден өткізуге, оның алдына қойылар кеуде мүсінін жасауға қаржы болмай қалыпты, Қызылағаш оқиғасы қол байлапты дегендей сөз естіліп жатыр. Ал биыл Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығына ештеңе кедергі болмады. Ақынның туған күнінен бір жыл бұрын басталған тойға, баспасөзде айтылғандай, 1 миллиард теңге мөлшері қаржы бөлінгені өз алдына, мұшайра мен спорттық жарыстарға жиыны 7 автокөлік тігілген. Мұқағалиды кезінде аға тұтып құрметтеген, қызметіне жараған жандардың бірімін, оның ақиық ақындығына ешқандай шүбәм жоқ. Алайда бір облыстың түлектері Әнуар мен Мұқағали аруағын силаудағы жер мен көктей айырмашылықты не деуге болады? Әнуар құрдасы Мұқағалиды ерекше силады, қорғап жүрді. Мәскеуге, Әдебиет институтына оқуға жіберді, өлеңдері мен дастандарын орыс тіліне аударттырып, өзі алғысөз жазған «Зов души» атты жинағын шығарып, орыс оқырмандарына танытты.

Құрметті Нұреке, Сізге айтқым келгені осы. Арғы жағын өзіңіз біліңіз.

17. 08. 2011 ж.

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізге, не басқа басшыларға жазған хаттарымда ешқашан жеке өз пайдама қатысты ештеңе айтқан емеспін, айтпаймын да. Құдай денсаулық берсе, сексенге қараған шағымда ендігі сөзім – тәубә ғана. Ал ішіме симаған кейбір жәйтті паш етіп жүрсем, оным Қазақстанымды, қазағымды құрмет тұтқандығым, Сізге құлаққағысым деп ойлаймын. Өзіңізге жолдаған мына хатымның да сипаты сондай.

Елімізді 1933-1938 жылдары басқарған Л. Мирзоян туралы. Оның кім болғанын тарихшыларымыз дұрыс жазбай келеді. «Мырзажан» деп дәріптей береді. Мирзоянның бір жақсылығын көрген кейбір ағаларымыз таратқан ол атты оған қазақ халқы берген жоқ. Малын қыру арқылы өзін айдамай, атпай тауыса жаздаған Голощекинді «Қу жақ» деп орынды қарғаған қазақ малына тиіспей азаматтарын қырған Мирзоянды қалай «Мырзажан» десін! Осыны барлап ойламай, көшелерімізге, мектептерімізге атын қойып, әлі дәріптеп жүрміз. Сіздің: «Тәуелсіздігіміздің 20 жылдығы алдында оған Астанада ескерткіш ашамыз» дегеніңізді оқыдым.

Ел басшылығында, халық шаруашылығының барлық салаларында жетекші қызмет атқарғандардың қаншасы Мирзоянның тұсында «халық жауы» лақабымен айдалып, атылып кеткенін білмеймін, ал әдебиет ауылымыздағы бас-аяғы қырық шақты жазушы түгел дерлік қасіретке ұшырады. Он жылға Сібірге айдалып, мерзімін өтеп, әйтеуір, отбасына аман-есен оралғандарды атамағанда: Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Әбдірахман Айсарин, Орынбек Беков, Абдолла Асылбеков, Мәжит Дәулебаев атып тасталды. Бұл ақын-жазушылар мен журналшыларды жазалау туралы Кремльден тізім түскен жоқ, бәрі де мирзояндар жасаған, Мирзоян қол қойып бекіткен тізімге іліктірілді. 1937-жылдың соңында тұтқындалып, 4-6 ай азапталып, 1938-жылы атылды. Мирзоянға

арнап мадақ ниетті өлең жазған Мағжан ағамыздың бір кезде Ленинге қарсы жазғандары ескерілген шығар дейік, ал саясатшылар тобына ешқашан қосылмаған, қайта: айтысу-тартысуды, партияға бөлінуді қойындар, деп басалқы өлең жазған Бейімбет Майлин ол тізімге не үшін кіргізілді?

«Ел басшылығында» дегенде, мысалы, Мирзоянның қалауымен Халық ағарту комиссарлығына тағайындалған Темірбек Жүргеневтің Мирзоянның аузымен «халық жауы» делініп, қазаға ұшыратылғаны қалай? Бұл сұраққа бір жауап «Вернуть из забвения» атты кітапта бар (авторы қарт журналшы Мадат Аккозин). Онда былай делініпті: «Мирзоян после такого предшественника (Голощекинді айтады, – Ғ. Қ.) явился как спаситель народа. Появилась работа. Отменили карточки на хлеб, его продавали в магазинах за деньги. Начал налаживаться быт людей. Но на смену массовому голоду пришел массовый арест с расстрелами». Шындық па? Шындық! Оған мына бір деректер және үлкен дәлел:

«Лимиты», запрошенные руководителями региональных парт-организаций и утвержденные ПБ» (Политбюро, - Ғ. Қ.)... Казахстан. Расстрел – 2346. Высылка – 4403». Жиыны – 6749 «халық жауы». Мирзоянның 1937 жылғы шілденің 11-індегі хатынан. «Лимит» сұраушылар арасында «Мырзажан» алтыншы орында тұр (Юрий Жуков, «Иной Сталин. Политические реформы в СССР в 1933-1937 гг.»). 1-орында – Н. Хрущев.

«Таблица эта явилась составной частью приказа Н. И. Ежова по НКВД от 30 июля 1937 г. «Об операции по репрессированию бывших кулаков, уголовников и других антисоветских элементов», делінген кітапта.

Ежов та «мырзажан» болды емес пе?! Ол Мирзоянның «лимитін»: атылатын – 2700, жераударылатын – 4950, яғни жиыны – 7650 кісі етіп бекітіп берген

Мирзоянның аталған кітаптағы екінші хаты жайында:

«13 июля первый секретарь ЦК КП(б) Казахстана Л. И. Мирзоян направил в Москву на имя Сталина шифротелеграмму следующего содержания:

«Во время съезда компартии Казахстана кандидатура председа-

теля Казахского ЦИК тов. Кулумбетова после длительного обсуждения на пленуме съезда тайным голосованием была провалена. Основным мотивом отвода и провала был факт перехода в 1919 г. тов. Кулумбетова с оружием в руках на сторону врага. За последние два месяца после съезда ряд арестованных участников контрреволюционной рыскуловской и нурмаковской организации показывают на Кулумбетова как на одного из активных участников этой национал-фашистской организации. Возможно, в ближайшие дни следствие покажет необходимость ареста Кулумбетова. Мы считаем совершенно необходимым освободить Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа и просим ЦК ВКП(б) утвердить наше предложение об освобождении Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа. Кандидатуру нового председателя ЦИКа внесем на утверждение Политбюро в ближайшие дни».

Спустя два дня ПБ утвердило предложение Мирзояна. У. Кулумбетов был снят, арестован, расстрелян...».

Алматыдан Мирзоян: «мұнда рысқұловшылдар мен нұрмақовшылдар революцияға қарсы топ құрған», «Құлымбетов ұлтшыл-фашистік ұйымның белсенді мүшелерінің бірі» деп дабыл қағып жатса, оған Кремль, Сталин неге сенбесін?

Мирзоян Л. Кагановичке хат жазып, Қазақстанда кадр жоқ дегенді айтып, әр облысқа кемінде 10 адам және Қарағандыға 10-15 адам керек... 17 ауданда прокурор жоқ, 28 ауданда халық сотының төрағасы жоқ депті. Қазақ халқы қаншалықты қырғынға ұшыраса да, мұнша қажет қызметкер өзімізден табылмайтын ба еді? Издегісі келгенге табылатын еді. Мысалы, атып жіберілген жазушылардың қатарында не облысты, не қаланы, не ауданды басқара алатын ешкім жоқ па еді? Осы орайда И. Сталиннің 1937-жылы 5-наурызда БК(б)П Орталық комитетінің пленумында былай дегені бар:

«...Взять, например, товарищей Мирзояна и Вайнова. Первый из них является секретарем краевой партийной организации Казахстана... перетащил с собой в Казахстан из Азербайджана и Урала, где он раньше работал, 30- 40 человек «своих» людей и расставил их на ответственные посты в Казахстане. Есть, стало быть, своя артель

у товарища Мирзояна. Разве нельзя было подобрать работников из местных людей?.. Конечно, можно было... Я его несколько раз предупреждал: не таскай за собой своих приятелей ни из Азербайджана, ни с Урала, а выдвигай людей в Казахстане, не отгораживайся от местных людей в Казахстане, потому что – что значит таскать с собой целую группу приятелей, дружков из Азербайджана, которые коренным образом не связаны с Казахстаном? Что значит таскать с собой целую группу приятелей с Урала, которые тоже не связаны с Казахстаном? Это значит, что вы получили некоторую независимость от местных организации, и, если хотите, некоторую независимость от ЦК. У него своя группа, у меня своя группа, они мне преданы... Это значит недоверие местным кадрам...».

Мирзоянның «құйрығы» 30-40 кісі емес, одан әлдеқайда көп еді. Облыс пен қала, аудандардағы партия, совет атқару комитеттерінің, прокуратура, сот, милиция, хауіпсіздік органдарының басшылары оның ертіп келген дос-жолдастары болды. Әзірбайжан мен Уралдан шыққан солардың бірсыпырасын Сталин сол сөзінде лауазымдарын көрсете атап айтыпты. Мысалы (фамилияларын ғана келтірейін): Бадабашьян, Саакасян, Саркисян, Поузбекян, Айрапетян, Ширазян, Асриян, Саумов, Саркисов, Юсупов, Пинхасик, Свердлов, Киселев, Степанов, Кулиев, Камакидзе, Рзаев, Баранов және басқалар, тоқсан бес пайызы – бірінші басшылар.

Қазақстанның «халық жауларын» тізімдеген солар! «Балтыры сыздамастың жанында басың ауырмасын», келімсектер бізді қашан жарылқап еді?!

Біздің арыстарымызды қырып кеткен қандықолды ардақтауымыз жөн бе? Оның бір ғана тізімімен азапқа, қайғылы қазаға ұшыраған 7650 кісіміздің үрім-бұтағы, Ахмет Байтұрсынов бастаған арыстарымыздың аруағы бізге алғыс айтар ма?!

Үлкен-кіші «тарихшыларымыз» көргенді көрмеген, естігенді естімеген болып, Мирзоянды әлі де «Мырзажандап» жүр. Олар «Левон Мирзоян в Казахстане. Сборник материалов и документов. 1933-1938 гг.» деген кітап шығарып, оны Сізге табыстапты, Сіз оны Арменияның президенті Роберт Кочерянға силапсыз. Мен бұл фактіні Сізді алдағандық, қателестіргендік деп білемін.

Құрметті Нүреке, ойланыңыз. Мирзоянды дәріптеу – өте ұят іс. Өзіңіз жақсы біліп, қадірлеп, Мемлекеттік сыйлық берген Қайым Мұхамедхановтың – абайтанушы, шәкәрімтанушы, мұхтартанушы ғалымның, ақынның атын қоюға Алматыдан, Астанадан көше, мектеп табылмай жатыр, ал Мирзоянға Астанада тіпті ескерткіш орнатылмақ. Сорақылық емес пе?!

27. 11. 2011 ж.

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Елдің, халықтың тарихын шындық талабына сай жазу мәселесін қолға алдырғаныңызбен байланысты мына бір жағдайды Сізге айту өте қажет болды: біздің тарихымызда жалпы мәдениетке, оның ішінде әдебиетке аса мол еңбек сіңірген, әдебиетіміздің іргетасын қалаған үш Тұлға болғанын, олар – Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин екенін жақсы білесіз. Сәкен, Ілияс ағаларымыздың аруағы ардақталып, облыстарының орталықтарында мұражайлары ашылып, ескерткіштері қойылды. Ал Бейімбет ағамызға облыс орталығында әлі не мұражай, не ескерткіш жоқ. Бұл мәселе айтылып, жазылып келе жатқалы 10 жыл болды. Қостанай облысының бұрынғы әкімі көңіл бөлмегеніндей, жаңа әкімі де қозғалмайтын сияқты: бұдан бір ай бұрын ресми хат жазып едім, жауап жоқ. Обләкімнің мәдени жұмыстар жөніндегі орынбасары қазақ әдебиетінің тарихынан хабарсыз кісі тәрізді. Ондай болмаса, әкімнен бұрын сол қимылдауға міндетті емес пе?!

Естүімше, облыс басшылары: «Бейімбет Майлиннің туып-өскен ауданында мұражайы бар, екіншісі керек емес» дейтін көрінеді. Ол «мұражайды» білемін: шағын екі бөлме, экспонат аз. Кімге, қашан болсын шалғай ауылға іздеп бару да оңай емес.

Мәселенің дұрыс шешімі: Б. Майлиннің еңселі, кең мұражайы Қостанай қаласында болуы және алдына ескерткіші орнатылуы керек. Тарихи Тұлғаға солайша әділ баға берілсе, оның шығармаларымен таныс жұртшылық қуана алғыс айтады және экспонаттарды тауып, жинап береді дей аламын. Би-ағаның 15 том жинағы қолымда, мен соны силар едім және ол классик қаламгер

туралы жазылған 10 шақты кітап та бар. Сондай-ақ, өз кітаптарын слайтын ақын-жазушылар көп.

Халқымыз үшін маңызы зор осы істің жүзеге асуын Сізден өтіне отырып, Б. Майлиннің оқырмандары атынан Сізге алдын ала алғыс айтуға рұхсат етіңіз!

18. 09. 2013 жыл.

***Автордан.** Хатым президентке жетті ме, жоқ па, – білмеймін, әйтеуір, Мәдениет және ақпарат министрлігімізден (вице-министр А. Бөрібаев мырзадан) және обләкімдіктен (Мекеме басшысы Л. Сероус мырзадан) жауап келді. «Б. Майлинге мұражай салу мәселесі 2015-2016 жылдардағы бюджетті қарау комиссиясына ұсынылатын болады» десіпті. Екеуінің бірсарынды жауап жазулары – жауап беріп құтылудың көрінісі. Наразы болып, мен де екеуіне былайша жаздым:*

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі.

А. БӨРІБАЕВ мырза!

Бейімбет Майлиннің мұражайы туралы хатыма жауабыңызды алдым, рахмет!

Енді Сізге айтарым: Би-ағамыздың туғанына 2014-жылы 120 жыл толады, облыс орталығында мұражайының ашылуы сол кезге дәл келсе, бек жақсы болады емес пе? Осыны ойластырғайсыздар! Ал Тарандағы мұражайға сол өңірде туып-өскен тарихи басқа бір тұлғаның атын берсеңіздер, «Бейімбет Майлиннің аты облыс орталығында ашылған мұражайына қойылуы себепті өзгертілді» десеніздер, тарандықтар наразы бола қоймас.

Жұртшылық қаламдас болған Үш дос: Сәкен Сейфуллиннің, Ілияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің 120 жылдықтарын белгілібір дәрежеде атап өтер, сонда Би-ағаның аруағы да риза болуын ойластырыңыздар.

21. 10. 2013 жыл.

«Қостанай облысы әкімдігінің Мәдениет басқармасы»

Мемлекеттік мекемесінің басшысы Л. СЕРОУС мырзаға
«2013 ж. 10.10. ФЛ-Қ-32» жауап хатыңызды алдым, түсінігіңізге рахмет! Жазған мағлұматтарыңыздың барлығын бұрыннан жақсы білемін. Ал бұл жолы айтқаным: тағдыры бірдей болған классик жазушыларымыз – Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин үшеуін халық бірдей бағалап, аруақтарын бірдей ардақтап келеді. Олай болса, С. Сейфуллин мен І. Жансүгіровке облыс орталықтарында мұражай ашылады да, Б. Майлинге ауданында ғана ашылады. Айырма бар ма? Бар.

Тарихи бұл үш тұлғаның туғандарына 2014-жылы 120 жыл толады, салтанатты жиын болады, сонда көрші республикалардан келген және өзіміздің жазушылар облыс орталығынан 80 шақырым Таранға барғаны Сіздерге абырой бола ма? Осыны ескеріп, Тарандағы мұражайға басқа лайықты қайраткерлеріңіздің бірінің атын қойып, Б. Майлин мұражайын 120 жылдығы алдында ашуға мүмкіндік табу дұрыс болады емес пе? Ондай игі іске республика басшылары көмек көрсетеді деп ойлаймын.

23. 10. 2013 ж.

* * *

Құрметті Нұреке!

Республиканың мәдениет саласына көп еңбек сіңірген, номенклатурада өткізген 22 жылы ішінде Министрлер Кеңесінің Мәдениет бөлімін басқарған, Мәдениет министрі, Кинематография комитетінің бірінші хатшысы болған Ләйла Ғалиқызы **ҒАЛЫМЖАНОВАНЫҢ** жасы 2014-жылдың қаңтарында 90-ға толады. Қандай марапатқа болсын әбден лайық қайраткерге ілтипат жасауларыңызды өтінемін.

27.12.2013 жыл.

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізге көңілдегі түйткілдердің жиынтығы іспетті осы хатты жазып, бұдан соң мазаламауды жөн көрдім. Уақыт тауып оқитыныңызға сенемін. Мұндағы пікірлерім, меніңше, – Сізге жетпей жататын жәйттер.

Өз әулетіміздің бүгінгі қарты болғандықтан ағайын-туыстардың қуанышына да, қайғысына да ортақтасу міндетімді атқарып, Шығыс Қазақстан, Павлодар, Ақмола облыстарына жылына бір-екі рет барып қайтамын. Сол сапарлардан түйгенім және жалпы ойландыра беретін хал-ахуалдардан Сізге баян етпегім:

1. Соңғы жылдары ауылды қалпына келтіру жөнінде бірнеше шешім болды, ондаған миллиард теңге қаржы бөлінді, бірақ ол қаржының ауылға жеткенін күмәнді. Көптеген ауылдағы ең ауыр хал – ауызсудың тапшылығы. Электр жарығынсыз отырғандар да аз емес. Дәрігерлік жәрдемге, киім-кешекке зәру. Рас, киім-кешек бар, бірақ шетелдік фирмалардікі, удай қымбат. Мектептердің көбі ескірген. Кітапханалары өте кедей. Мұғалім, дәрігер жетіспейді, ал барының, дипломдыларының, айлық еңбекақылары 40-65 мың теңге ғана. Біздің ресми хабарлар республика бойынша айлық еңбекақы орташа есеппен 116 мың теңге дейді, ол бекер. Мұнайлы-газды өңірде одан екі-үш есе көп болуы мүмкін, алайда бүкіл елде олай емес. 1 миллионердің айлық табысына 50 мұғалімнің (дәрігердің) айлығын қосып есептесе, 116 мың теңге шығуы мүмкін.

Нұреке! Келешек ұрпақтың денсаулығын сақтау, жақсарту сияқты ұлы міндетті атқарушы Дәрігерлер қауымына, сол ұрпақтан нағыз Адам-Азаматты тәрбиелеп шығару сияқты ұлы міндетті атқарушы Мұғалімдер қауымына ерекше құрмет-қамқорлық жасауыңыз қажет.

Ауыл жолдарының, тіпті жалпы күрежолдардың (трассалардың) жағдайы көз-көңілді қуантпайды. Мемлекет атаулының мықтылығын көрсететін нәрсе – жол емес пе?

2. Жергілікті әкімдердің, т. б. пысықайлардың қитұрқысымен тиесілі жер алудан қағылып қалған қарапайым жұрт қолындағы малын еріксіз азайтуда. Мысалы, Шығыстың Ұлан ауданында тұратын туыстарымның бұдан 5 жыл бұрынғы: 2-3 жылқысынан, 5-6 сиырынан биыл 1 ат, 1 сиыр, ал 40-50 қойынан 10 ғана қалыпты. Себебі: жер иелері жыл сайын қымбаттатып жүрген шөпті сатып алуға ақшасы жетпеуге айналған.

3. Экономикалық нарық ауқымына қарай қымбатшылықтың бой

бермей келе жатқаны – шындық. Азық-түлік бағасының не халде екеніне бір ғана мысал келтірейін: дүкенде пакетпен сатылатын 1 литр сүт-айран бұдан 5 жыл бұрын 50-60 теңге тұрса, бүгінде 250-320 теңге.

Егер Сіз, Нұреке, 2-3 адамнан бейресми топ құрып, оған ауылдарды түгел аралап, шын жағдайды өзіңізге бүкпесіз мәлімдеуді тапсырсаңыз, жағымпаз, көзбояғыш чиновниктер Сіздің алдыңызға жеткізбейтін біраз жәйттің қыр-сырына қанар едіңіз. Халық үшін солай істеуіңіз өте қажет. Министрдің баруы, әкімнің аралауы көбінесе салтанатты қарсы алу мен шығарып салу болып жүргеніне көзім жетті.

«Нұрлы жол» бағдарламаңыздың негізгі мәні халықтың әлаухатын жақсарту десек, Сіз ең алдымен ауылды дамытуды қатты бақылағайсыз.

4. Ауылдағы да, қаладағы да жұртшылықтың наразылығын тудыра бастаған жалпы қымбатшылықтың бір көрінісі – коммуналдық қызмет ақысының тежеусіз өсуі. Мәселен, 2008-жылы:

1 квт электр қуаты 8, 02 теңге болса, 2014-жылы – 14, 36 теңгеге;

1 куб суық су: 19, 14 теңгеден – 55, 56 теңгеге;

1 куб ыстық су: 30, 32 теңгеден – 350, 30 теңгеге;

1 куб газ: 147, 20 теңгеден – 248, 00 теңгеге;

телефонның абоненттік айлық ақысы: 270, 30 теңгеден – 748, 19 теңгеге жетті!

Меніңше, монополистер билеп-төстеп алды, жоқтан өзге сылтаумен бағасын өсіре береді, ал антимонополиялық департаменттеріміз шеттеп қалған. Сол департаменттеріміздің бірінің басшысы Оспанов дегеннің монополистен 300 мың доллар пара алғаны үшін тұтқындалып, тергеуде отырғанын білетін шығарсыз. Соншама пара берген монополистің салық төлеушілерді қалай, қайтіп тонап жүргенін ойлап көріңізші! Естуімше, олардың айлық ақылары жүз мың теңгелеп кеткен. Бұдан біраз жыл бұрын Сіздің Қазтелекомдағы сондай озбырлықты басшыларының бетіне басып, тәртіпке шақырғаныңыз есімде. Ашынулы халық сондай қамқорлыққа зәру. Монополистерді тұрақты да қатаң бақылауда ұстау керек-ақ!

Озбырлықтың «откат» деген түрі бар екен. Компаниямен шарттасып жобалы жұмыс әстеуші жас мамандарымыз: «Табысымыздан заңды салық төлеуіміз жөн ғой, бірақ компаниялар сол табысымыздан «откат» деп 10-15 пайызын алып қалады. Салықтан соң қолымызға, мысалы, 500 мың теңге тиетін болса, сонша алғанымызға құжатқа қол қоямыз, бірақ соның 50-75 мың теңгесін ешбір құжатсыз, «откат» деп алып қалады. Ол озбырлыққа көңісі келмегендердің шартты ақысын әне-мінемен айлап бермей қояды» дейді. Демек, жемқорлықтың ең жеңіл жолы «откат» болып тұр.

5. Бүгінде насихаттың күшті құралдарының бірі – теледидар. Біздегі телеарналардың саны жүз шамалы. Солардың ішінде қазақ тіліндегі телебағдарламалар қоғамымызға аса қажет түйінді, салмақты, күрделі мәселелерге жоламайды. Үкімет салаларындағы, облыс, қала әкімдерінің қызметіндегі кемшілікті нақты атап сынау, талдау жоқ. «Сын түзелмей мін түзелмейдіні» ескермейді. Оның есесіне шет елдердің, Мәскеудің телеарналарындағы кейбір көпірмесөзді көрсетілімдерді көшіріп ала қоюға шебер. Жастарымызды теріс жолға итермелейтін анайы көрсетілімдерге әуес. Соның салдарынан экранда, сахнада қазақтың қыз-келіншектері шашын жайып жіберіп, омырауын ашып тастап, быртып-тыртып жүретін болды. Поэзиядан хабары аз сахна «ақындары», оларды қолпаштаушы «сазгерлер» қаптап кетті.

Ал шетелдіктердің «Музыка» деген бағдарламасын әдейілеп бір көріңізші, ол – жастарымызды азғындатуды көздеуші тажалдың тап өзі!

Шет елдердің қаңсығына таңсық болу өзімізде барды іздемеуге, елемеуге, тіпті «бар-ау» деп ойламауға апарып соқтырып жүр. Қылаяғы мультфильдерін, әрине, сатып алып, қазақ тіліне аударды, ал сондайды өзімізде неге жасамасқа? Айдаладағы біреулердің әлденесіне жұмсаған қыруар қаржыны өзімізге неге жаратпасқа?

Сондай-ақ, шетелдік телесериялдарға жатып жабысамыз, ақшаны оны сатып алуға бір шашып, қазақшалатуға екі шашамыз, ал не екеніне назар аудармаймыз. Мәселен, түріктің «Ғажайып Сулейман» деген сериялына, тарихтан хабары бар қарапайым түріктердің айтуынша, Түркияда көрсетуге тиым салыныпты. Өйткені: Су-

лейман өмірін елі, жері үшін күреспен үнемі жорықта, ат үстінде өткізген тарихи тұлға екен. Ол елін 46 жыл бойы жақсы басқарып, 13 соғысты басынан кешірген. Османдар әулетінің ұлы сұлтаны болған. Мұсылман жұрты оны Сулейман Кануни, яғни Әділ Сулейман деп атаған. Ал сериялда ол әйелқұмар, гаремшіл ғана емес, орыс нәсілді әйелінің айдап салуымен інісін, балаларын өлтірген жауыз етіліп көрсетілген. Сұмдық-ай! Біздің малтапқыштардың қайсысы сатып алды екен?!

6. Қазақстан жазушыларына берілетін мемлекеттік силық тәрізді марапат журналшыларға да жоғары дәрежеде ресми жасалуы керек деп ойлаймын. Ондай силық... бар екен, бірақ ол, Журналшылар одағының төрағасы С. Матаевтың менің сұрағыма берген жауабына қарағанда, Олжас Сүлейменовтің ұйғаруымен, соның ақшасына (5000 доллар) тағайындалып, Олжастың досы болған Г.Толмачевтің аты беріліпті. Сонда қалай, қазақта: Саттар Ерубасев, Мұқан Иманжанов, Баубек Бұлқышев, Әнуар Әлімжанов, Жүсіп Алтайбаев... сияқты танымал журналшы-көсемсөз шеберлер болмаған ба?! Қазақ елінің, қазақ халқының намысын қадірлеу қайда? Ал мемлекеттік әдеби силығымызда ат жоғындай, журналшылар силығы Сіздің тарапыңыздан заңды тағайындалар болса, ат қою қажет те емес.

Олжас сүйрелеп жүрген баласы Италияны шулатқан Г. Толмачевті жақсы білемін. Жаңбыр-жаңбырдың арасымен жүгіріп жүретін әсіре қу еді. «Д. Қонаевпен 50 кездесу» деген, Олжасты мадақтаған кітап шығарды. Кәдімгі жылмақайдың ешкімге ешбір пайдасы жоқ жазбалары. Ал «Просторда» бас редактор болып тұрғанында алаштың ақталған арыстарын насихаттаудың ырымын ғана жасап, журналдың бірнеше санын «Тайный советник вождя» деген күлдібадам бірдеңеге берді. Ол ертеректе, «Комсомольская правданың» Қазақстандағы меншікті тілшісі болып жүргенінде, 1969-жылы бізге келген югослав журналшысы Марьян Седмакқа атқосшы болып, оның құлағына қазақты өлердей жамандаған былапыт сөздерін құйып беріпті. Седмактың жолжазба-очеркінде мынадай жолдар бар: «Казахстан – самая отсталая из республик, большинство населения неграмотное, казахи даже Достоевского не знают... Преподавателей вузов буквально заставляют принимать

на учебу казахов, вообще ни к чему не способных...». Мен осыны айтып, 19.06.2011 ж. Мәдениет министріміз бен С. Матаевқа, ал 17.06.2014 ж. С. Матаевқа ашық хат жаздым, жауап болмады. Хаттарымды оқыған жазушылар, журналшылар: «Ештеңе өзгермейді, шенеуніктер Олжасқа қарсы әрекет жасай алмайды, «Нүрекеннің досы» деп қаймығады» десіп еді, солай да шығар. «Нүрекенмен дос» деген сөздің күштілігі-ау деймін, үлкенді-кішілі ресми басылымдар, әсіресе «Қазақ әдебиеті» гәзеті мен «Жұлдыз» журналы Олжасқа сын айтылған мақаладан «ат-тондарын ала қашады». Аристотельдің: «Платон – менің досым, алайда ақиқат қымбат» дегенін біздің редакторлар білмейтін сияқты.

Олжас болса, Қазақстанда АЭС салуға қарсы екенін айқайлап айтты («Общественная позиция – ДАТ» гәзеті, 20.11.2014-жыл). Ал «Азаттық радиосындағы» сұхбатында (22. 11. 2014-жыл): «Еуразия Одағы – менің көптен бергі идеяларымның бірі. Мен бұл идеяны Назарбаевтан да бұрын айтқанмын... Қазақстан үшін тәуелсіздік – үлкен қатер. Ежелден көрші келе жатқан елдермен одақтас болған жөн» депті. Бұл не сөз? Идея атаулының іште жүруі бар да, сыртқа шығуы бар. Ал тәуелсіздіктің бізге қатер болуы қалай? Немесе: көршілес Қытаймен, Ресеймен араз болуды аңсап жүрген қазақтар бар ма?

Нүреке, мұны «досын барып досына жамандайдымен» айтып отырған жоқпын, Олжас досыңызға қалай болса солай сөйлеуге болмайтынды Сіз ескертпесеңіз, ол басқаның сөзін сөз деуді қойған. Осыдан екі ай шамасы бұрын ба: қазақтың «мамыр», «желтоқсан» ай аттары дұрыс емес, өзгерту керек, деді. Егер бұл досыңыз Президент болғанда, Түркменбашымен жарысып, қазақтың ай, апта, жыл аттарын өзгертіп жібергендей екен.

7. Құрметті Нүреке! «Шаңырақ» ауылындағы оқиғада «полицейді өлтіруге қатысты» деген айыппен сотталған төртеудің бірі – 16 жылға кесілген ақын Арон Атабектің «денсаулығы нашарлап барады» деген хабар шын көрінеді. Егер ол түрмеде қайтыс болып кетсе, қаншама шу боларын ойлаңыз! Оның жазықсыз екені даусыз. Оған рахымшылық жасап, түрмеден босаттырсаңыз, дұрыс болар еді.

8. Сіз «Қазақ қазақпен қазақ тілінде сөйлессін» дегенсіз, ал 16-ншы қарашада қазақ телеарналары Сіздің А. Дауылбаевпен, К. Қожамжаровпен орыс тілінде сұхбаттасып отырғандарыңызды көрсетті...

Сіздің есіміңіздің бірінші буыны – «нұр» деген сөз, қазағымызша айтқанда, қолжаулық болып кетті. Кезкелген ат-атауға тіркей салынады. Нұранау, Нұрмынау, немесе Анаунұр, Мынауунұр дегендей. Тіпті: Нұр Нұр кафе (Алматының Абай даңғылы мен Саин көшесі қиылысында), Нұрдүкен, Нұрломбард деп те тұрғандар бар. Ондай атқойғыштыққа, меніңше, тиісті орындар арқылы тиым салдыру керек.

Алыпқашты сөз шығарғыштарға бір дәлел табылса, оны он дәлелге айналдыра салады және «тоғыз дәлел» Сіздің атыңызбен тікелей байланыстырылады, – соны ескергейсіз! Сондай-ақ, «Егемен Қазақстан» және басқа ресми республикалық гәзеттер Сіздің фотосуреттеріңізсіз, Сізді жарыса мадақтау мақалаларсыз шықпайды. Хрущев-Брежнев дәуірін еске салатын ондайды жұртшылықтың қалай қабылдайтыны белгілі, содан сақтанғайсыз!

Нұреке! Ат қоюға байланысты мына бір ұсынысымды да айттайын: Алматыдағы Абай даңғылының басталуында Республика Мәдениет сарайы мен Абай ескерткіші тұр ғой, ал сол үшеуі жүйелі, әдемі ансамбль болуы үшін Мәдениет сарайына Абай атын қойса ше? Егер Алматыға Ұлы Ақын атын көпсінер болсақ, шындығында операға, балетке қатысы жоқ Абайдың аты орнына театрға қазақ операсын негіздеген сазгер Мұқан Төлебаевтың атын қойсаңыздар, бәрі де жарасып-ақ тұрар еді!

Мұхтар Әуезовтің дос-шәкірті болған, абайтану мен мұхтартануға мол үлес қосқан, шәкәрімтанудың негізін қалаған ғұлама, жазушы, ақын, драматург, аудармашы Қайым Мұхамедхановтың өмірден озғанына 10 жыл. Сіз ол ағамызды құрметтедіңіз, Абайдың 150 жылдығын өткізерде оны Алматыға алдырып, 3 бөлмелі пәтер бергіздіңіз. Еңбегін бағалап, Мемлекеттік силықпен марапаттадыңыз.

Мәдениет және ақпарат министрлігіміз, әлбетте, Сіздің мақұлдауыңыз болса керек, 2005-2012 жылдары Какеңнің

Таңдамалы шығармаларының 10 томдығын шығарды. Өкініштісі – сонымен доғарды. Ал оның архивінде тағы 4 том болар әдеби-тарихи аса құнды материалдар жатыр. Әсіресе, совет әдебиетінің классик қаламгерлерімен, өзімізде Мұхтар Әуезов бастаған алып-тар тобымен жазысқан хаттары, пікір алмасулары әдебиетші жас ұрпаққа өнеге. Әдеби қауым, Қайым аға әулеті сол қосымша 4 томның жарық көруіне көмек сұрауда.

Ал сол Қакеңе не Алматыда, не Семейде, не Астанада көше аты бұйырмай келеді. Отбасы, жеке тұлғалар хат жазып сұрағалы 5 жыл. Семей қаласындағы Ленин көшесін «Қайым Мұхамедханов көшесі» деуге ұсыныс жасалса да, оны қала мәслихаты әлі шешпей отыр. Ал Алматыдағы «Л. Мирзоян көшесіне» Қакеңнің атын қоюға болар еді. Жалпы жұртшылық Мирзоянның нақты кім болғанын біліп, оның атын өшіруді жөн көруде. Ол билік жүргізген 4 жылда 110 мыңнан аса қазақстандық «халық жауы» делініп тұтқындалып, оның 25 мыңы атылған (оның Кремльге: бірде 5, бірде 8, бірде 10 мың «халық жауын» жазалауға лимит сұрап жазған 3 хатының көшірмесі қолымда. Ежов қосып беріп отырған. Жиыны неше хат жазғаны әзірше белгісіз). Ахмет Байтұрсынов бастаған арыстарымызды аттырған «Мырзажанның» жауыздығы дәлелді. Ол туралы Сізге жазғанмын. Сіздің тапсырмаңыз болар, Астана көшесіндегі аты өшірілді, бірақ Алматыда, басқа қалаларда әлі тұр.

Хатымды Сіздің лауазымыңыздағы «Қазақстан Республикасының Президенті» дегеннің орнына «Қазақстан Президенті» деу себебім, әу баста «республика» қате тіркелген. Парсының «стан» сөзі «саны басым бір халықтың елі, жері» деген мағынаны білдіреді. Баяғыдан: «Хиндустан», «Пәкстан», «Ауғанстан»... делінген заңды екеніндей, «Қазақстан» деу де дұрыс, оны «Қазақстан республикасы», «Қазақия», «Қазақ елі» дегендерге телу қажетсіз сияқты.

Осымен тәмәм.

25. 11. 2014 ж.

(Автордан: Маған 25-желтоқсанда Президент әкімшілігінен хат келді. Онда: «Сіздің 2014-жылғы 05-желтоқсанда №ЖТ-Қ-12480,1 ҚР Президентінің Әкімшілігіне жолдаған арызыңызды қарап, нәтижесі туралы өзіңізге жауап қайтару үшін Қазақстан

*Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне жолдағанымызды хабарлаймыз» депті. Ал мен Президентке «Курьерская почта» дегенмен жіберген жоғарыдағы хатымнан кейін ешкімге «арыз» жазған жоқпын. Сірә, Президент өзіне барған хатымның 5-бөлімін Министрлікке жібертсе керек. Сондай-ақ, Президент, бұдан бірнеше күн бұрын, тікелей үкіметтік ақпарат журналиштарымен сұхбат жасап, сонда: «Мен бір хат алдым» деп бастап, «нұр» деген сөз туралы айтты деп естідім. Хатымдағы пікірлерімді дұрыс қабылдағаны ма?.. Әй, сене қоймаймын-ау!.. Дегенмен, байқай тұрайын...**Ғаббас.** 28. 12. 2014 ж.)*

* * *

Құрметті Нұрсұлтан Әбішұлы!

Сізге мына бірер жәйтті мәлімдеуге тиіспін:

1. 27-маусымда М. Әуезов атындағы драма театрымызда көрнекті жазушы Софы Сматаевтың 75-жылдығы атап өтілді (туған-туыстары мен дос-жолдастары көмектесіп, кеш шығынын өзі төлепті). Онда Сіздің құттықтау жеделхатыңыз оқылды. Софының кім екенін, «Елім-ай» трилогиясынан бастап әдебиетімізге аса мол еңбек сіңіргенін Сіз бек жақсы білесіз. Оның трилогиясы да, басқа роман-хикаяттары да Мемлекеттік силыққа 5 рет ұсынылды, бірақ әлдекімдер қысастықпен өткіздірмей келеді.

С. Сматаев қылтамақ дертіне шалдығып, әйтеуір, Германияда жасалған ота сәтті болып, бүгінде асқазансыз өмір сүріп жүр («прямое соединение»). Қазақтың жалпақ тілімен айтқанда, «бір аяғы – жерде, бір аяғы – көрде». Ал осындай халдегі жазушы биылғы Мемлекеттік силыққа ұсынылғандардың тізіміне тағыда ілінбеді. Сізден осы әділетсіздікке көңіл аударуды, Софыға силық бергізіп, ол үшін ерекше қымбат рухани ем-жәрдем жасауыңызды өтінемін!

2. Сізге жолдаған соңғы бір хатымда Л.Мирзоянның 110 мың «халық жауын» тұтқындатып, оның 25 мыңын аттырғаны туралы айтып, нақты деректі қоса жолдады. Ол Кремльге лимит сұрап жазған бір хатында: «Қазақстанда нұрмақов-рысқұлов-құлымбетовтің ұлтшылдық-фашистік ұйымдары бар!» дегенін келтірдім. Сіздің нұсқауыңыз болар: Астана көшесінен оның аты

алып тасталды. Бірақ басқа жақтар жым-жырт. Әлде Сіздің арнайы Жарлық шығаруыңызды тосуда ма? Бірнеше мақала шыққанына, соңғы екі Әкіміне хаттар жазылғанына Алматы да құлақ қояр емес, қаланың орталықтағы 2 көшесі әлі күнге сол жауыз Мирзоян атында. Өзіңіз жақсы білген, ғалымдығын жоғары бағалап Мемлекеттік силық берген Қайым Мұхамедханов марқұмға, мысалы, орталықтан көше аты бұйырмай-ақ қойды. Мұны не деуге болады?

3. Соңғы жиырма шақты күнде көршілеріміздің екеуі қайтыс болып, артында қалғандары зираттан қабір сатып алуда қиындық көргеніне куәмін. Екеуі де мұғалім отбасылары еді, айлық жалақылары 55-60 мың теңге шамасы. Қабірді 20 мың теңгеге әрең сатып алыпты. Өлікті жөнелтудің шығыны өз алдына салмақ. Соны ойлап отырып: Зират территориясы Сіздің Жарлығыңызбен үкіметтің меншігі делінсе, ол жеке иелікке берілмесе, қабір сатумен баюшы бетсіздердің жолы кесілсе екен! – деп, бұл мәселені де Сіздің назарыңызға ұсынуды жөн көрдім.

14. 07. 2016 ж.

ӘДЕПТІ АДЫРА ҚАЛДЫРМАҒЫН!

Маңғыстаулық тәуелсіз журналист Мырзатай Болатқа

Мырзеке, «Үш қиян» гәзетінің «Кие мен күйе» мақалаң бар бетін біреу үйіме поштамен салып жіберіпті. Нендей жұмбақ екеніне таңдана оқып отырсам, бір тұсында: «Әріптесінің «қадамына» Ғ. Қабышев деген жазушы ашық түрде қарсы болады», делінген екен. Сол «...деген жазушың» – менмін, шырағым, сырттай таныса салайық.

Мақалаңды асықпай оқыдым, бірақ сөзді көбейтпейін, бірер ғана пікір айтайын:

1. Қашан, кімге, не үшін, қалайша қарсы болуды бұған дейін ешкімнен сұраған қазақ емеспін, сұрамаймын да. Әбіштің «Асарға» иек артқанына бөріктестің намысы есебімен қарсылық айтсам, оған сол фракцияға мүше болу мүлде жараспағаны ақиқат: егер ол партияның басшысы Дариға Назарбаева болмай, басқа біреу, мысалы, Ж. Тұяқбай болса, Әбіш оған аяқ баспас еді. Мәселе Дариғада

екенін, Дариға президенттің қызы екенін, Әбіштің президенттің айтқанын екі етпейтінін, дұрысын да «дұрыс!» деп, бұрысын да «дұрыс!» деп жүргенін жалған намысты жамылмай түсіне білгейсің.

2. Әбіштің біраз әрекеті менің ішіме қонбаған, қонбайды да. Жоғарғы Кеңестің төрағасы болып тұрғанында президенттің астананы Ақмолаға көшіру ұсынысы айтыс-тартыс болып, ақырында мақұлданғанда ол шешімді хабарлар мәжіліске келген президентке Әбіштің: – Бұл шешіміміз сіздің туған күніңізге сильығымыз болсын дедік, – дегені, басқа төраға айтса да, Әбіштей төраға айтар сөз бе еді?! Қазак қаласының тарихи «Ақмола» атына алыс-жақын орыстар «могила» деп күлгендіктен оны «Астана» деп өзгертуді ұсынған президентті дереу жақтап, «Егемен Қазақстанға» «астана» деудің дұрыстығын ақтап бір бетке жуық мақала жазу да Әбішке жарасты ма?.. Тарих көне мұнара болса, Әбіш оның бір кірпішін жұлып тастауға, орнына тас қоя салуға көмектесті емес пе?! Немесе, Қазақстанды астыртын тонағандардың шетелдік банктерге астыртын жытырылған ақшаларының бір бөлігі – 480.000.000 доллар (!) астыртын әрекетпен елге қайтарылар болғанда ол қыруар қаржының кімдердікі екенін ешқашан ешкімге айтпау керек, тексерттірмеу керек деп парламенттің теріс қаулы қабылдағанын естіген, оқыған шығарсың. Коммунист депутаттар таза еңбексіз табылған ол ақшаның 12 пайызын табыс салығы деп заңды түрде бюджетке түсіріп, оны айлап-жылдап аш-жалаңаш жүрген мүгедектерге, көпбалалы отбасыларына жәрдем ретінде пайдаланайық деп өте орынды ұсыныс жасағанын, ол ұсынысқа депутаттардың көпшілігі, әлбетте, жемқорларды жақтағандары қарсы шығып, құптамай қойғанын да білетін боларсың? Ал сондай сын сәтте Әбіштің ақиқатшыл үні неге естілмеді? Ел мүддесін қастерлер Азамат көпе-көрінеу қиямпұрыстыққа қарсы шықпас па?! Тіл, жер, т. б. үлкен мәселелер талқыланғанда Әбіш мінберде неге табан тіреп тұрып алып сөйлемеді? Бір рет, А. Чеховтың кейіпкерінше, «как бы чего не вышло» деп сөйлеген болып, дауыс бергенге дейін үнсіз, оң қарекетсіз жүре беретіні несі? Шын ашынса, неге мандатын тастап кете бермеді? Өйтер болса, ол әрекеті президент Назарбаевқа 10-20 депутаттың қарсылығынан да қатты ескерту бо-

лар еді! Аңдап сөйлеп, аяғын ақырын басар еді. Әбіш өз салмағын білмейді, ал президент біледі және білгендігінен Әбішті керек қарекетіне пайдаланып отыр. Алматыдағы әріптестерінің қайсыбірі Әбішті сыртынан «президенттің писарі» дейтін көрінеді. Усойқы тілді болған марқұм Жұматай Сабыржанұлының «Өкпелесең, өзің біл» жинағында осы орайда Әбішті әдемі қағытқаны да бар... Президенттің, оны қоршағандардың ағаттықтарын Әбіш кімнен болсын жақсы біледі, себебі пәленбай жыл бойы президенттің жанында, қай қызметке жіберсе, сонда бара береді. Ел үшін, халық үшін Ақиқатты ардақ тұтса, Қазақстанды, қазақты бүкіл дүние жүзіне мазақ еткен, масқара еткен «Қазақгейт» сот процестеріне себепші сұмдықтарға әу бастан қарсы тұрса, Ақиқат үшін креслосын тастап шықса, Әбіш ағаң көштен қалып, аштан өлетін бе еді? Жылы орындардың бірінен соң бірін сипаламай, көзі жеткен шындықты президентке оңашада батыра айтып отырса, қолынан қаламы түсіп кететін бе еді? Ресейдің қамы үшін партбилетін тапсырып кете барған Б. Ельциннің азаматтық батылдығы, сөйткенінен ешбір қор болмағаны Әбішті бір уақ неге ойландырмайды?

3. Күні кеше «мемлекетке 2 миллион теңге зиян келтірген» Ғалымжан Жақиянов 7 жылға түрмеге жабылды, ал «мемлекеттің 3,2 миллиард теңгесін талан-таражға салған» Абылай Мырзахметов 5 жыл шартты жаза алып, қызмет істеп жүр. Тәуелсіз журналистің ғой, бұл қалай? Кейбір бишара соттардың сондайлық сорақы, дөрекі, қиянат шешімдеріне тәуелсіз көпшілік қатты наразы болды, әлі де наразы. Жақияновтың жемқор болмағаны, саясатшылдардың құрбандығына шалынғаны аян. Ғалымжанның жазықсыз екенін бәрімізден жақсы білгені даусыз Әбіш неге «оу!» демеді? Әлде Ғалымжан оның да орынын алып қоятын ба еді? Жасы баласымен шамалас өрімдей жігіттің–іскерлігі елге мәлім адал Азаматтың тағдыры тәлкекке ұшырағанда Әбіштің оны қорғауға дәті бармағаны, ауызын аша алмағаны неліктен?

Қашан, қай елде болсын биліктің қателігін, озбырлығын сол билікке бауыр басқан шенеуніктердің ғана көргісі, айтқысы келмейді. «Тарысы піскеннің тауығы» деген сөз, сірә, сондайларға қарап айтылса керек.

4. Әбдіжәміл Нұрпейісов ағамыздың жазушылық даңқы алыс-жақын елдердің көбіне мәлім екенін білесің. Сол атақты қаламгер жасы 70-ке толарда Жазушылар одағына келіп: «Менің мерей-тойымды өздерің де өткізбендер, елге де өткіздірмендер, халық ауыртпалық жағдайға тап болып тұрғанда менің оған салмақ салғаным жараспайды, өйтуге арым шыдамайды», деп хат жазып берген. Ол кезде Одақта екінші хатшы едім. Ағаны түсіндік, қарсы болмадық. Ал Әбіштің 60 жылдығы қалай өткенін, неше миллион теңге жұмсалғанын жерлестері «аңыз етіп» айтып жүрді. Жергілікті бір гәзеттің (қайсысы екені есімде қалмапты): Жұрт айлығын, зейнетақысын айлап ала алмай сорлап отырғанда ас та төк той жасады деп, орыстың «пир во время чумы» дегенін келтіре сайқымазақ мақала жазғаны бар, көзіңе түскен де болар? Әбекендердің қайсысы жоғары, қайсысы төмен тұрғанын енді өзің шамалап көргін, егер әділдікке зауқың соқса.

5. Шырағым Мырзатай, сені ашуы атқа жайдақ мінгізіп ала жөнелгенде ақыл-есі ауласында қалып қоятын жігіт деп ойлауға бейтаныс болсақ та қимай отырмын, құдай ондай асығыстықтан сақтасын, бірақ: Эзоптың (И. Крыловтың емес!) қанденін құйрығынан сүйрелегенінді елемей-ақ қойғанның өзінде, мақаланды оқыған қазақты: «...бұрынғы-соңғы қазақтың өлеңінде – Абай! Жазушылығында – Әбіш! Біріншілік – осы екеуінде ғана!..» деген астамшылдығың: – О, тоба! Мұндай да әсіресауаттылар болады екен-ау?! – дегізері анық. Себебі: анау бір жылы мәскеулік Алла Марченко деген сыншысымақ қатынның «Абай жолы» эпопеямызды шаптыға сынағаны («Вопросы литературы» журналында) дені сау қазақтың есінде. Енді сен шығып, шын мәнінде әлемге аян Мұхтар Әуезовтің аруағынан секіріп өтіп, Әбішке «алтын медаль алып бердің». Менің де: – О, тоба! «Естімеген елде көп» деген рас екен-ау!- демеске лажым жоқ.

Әбішті қалай мадақтасаңдар да, әрине, еріктерің. «Кемеңгер жазушы, ұлы ойшыл, көреген саясаткер, алтыннан ардақты, қорғасыннан салмақты, ақыл-ойдың алыбы» дейсіңдер ме, тағы қосымша тың теңеу іздеп те табарсыңдар. Тек: «Сталинге тең таппай қиналған Жамбыл жері осының» аяғын құшып жүрмендер,

кімді болсын мақтағанда да, боқтағанда да адами, журналистік әдепті адыра қалдырмаңдар!

Алматы. 17. 04. 2004 ж.

(Маңғыстауға, «Үш қиян» гәзетінің редакциясына жолдадым.)

***Қазақстан парламенті Мәжілісінің Төрағасы
О. Б. МҰХАМЕДЖАНОВ мырзаға***

Құрметті Төраға!

Республикамыздың қалаларында, әрине, алдымен Алматыда, Астанада қала көліктерінің аялдамаларын жолаушыларға қолайлы ету үшін оларда түр-лі түсті мөлдір шатырлы күркелер салынып жатыр. Бәрінде де: кондитер бұйымдары, печение, балмұздақ, шырын, минерал су, сағыз дегендей ұсақ, жеңіл, ықшам керекті нәрселер, гүл сататын бөлмелер бар. Ксерокс және басқа тез қажет қызметтер де көрсетіледі. Жақсы-ақ! Ал бір жаманы – бәріне дерлік ойын автоматтары қойыла бастады. Кім үшін?.. Әрине, керек көлігін тосып 5-10 минөт тұратын жолаушылар үшін емес, келіп сағаттап ойнағыштар үшін. Неге?.. Себебі: ойын автоматтарының иелері күн сайын мол табысқа кенелуді көздейді. Ал ол ойынға құмар болатындардың дені – жастар, студенттер мен шәкірттер. Жұртты қызықтыру, алдау үшін шығарылған автомат атаулыны «меңгеруге» көп ақша керек қой. Олардың жүз теңге ұтыс бермес бұрын мың теңгені қылғып алатыны белгілі, тек сол үшін шығарылған. Ендеше, әуелі әуестікпен ойнайтын жастар бір ұтып, он ұтылып, бірте-бірте қызынып, құнығып, ызаланып, күйгелектеніп, жүйкесі жұқара бастайтын байғұсқа айналып жүр. Сонсоң, бәлкім, әрбір он жасөспірімнің бір-екеуі есін жиып, одан безсе де, қалғандары «қайтсем де ұтамын!» деген жалған намыспен ақша табуға кіріседі. Әсіресе шәкірттердің белсеніп кететінін көріп жүрмін. Әуелде қыңқылдап әке-шешесінен сұрайды, бірақ олар беталды неге берсін, қашанғы берсін?! Содан кейін ол балалар қала көліктерінде қалтаға түседі, немесе көшеде кәрілердің сөмкелерін, қыз-келіншектердің қолтелефонын ала қашады. Немесе базарға барып «бағын сынайды», құры қайтпауға тырысады. Ойын автомаынан «есе қайтару үшін» ойы жеткен қулық-сұмдықтың, өресі

жеткен бұзықтықтың қандайын болсын жасайды. Ең болмағанда өзінен кіші балаларды оңашада ұстап алып, қорқытып, ұрып-соғып, олардың әке-шешелері, аға-апайлары: «шырын, балмұздақ, кэмпит ал» деп, немесе: «нан әкеле қойшы» деп берген ақшаларын тартып алады. Міне, жасөспірімдердің өмірін өксітіп жүрген қылмыстың бір «оңай» жолы осылай басталып, етек алып барады. Жастар арасындағы қылмыстың көбеюіне бүгінгі ең бір сұмдық себеп осы екенін тиісті күрес-бақылау, тәрбиелеу, жазалау орындары жоққа шығара алмас. Яғни, жолаушылар күні бойы көп шоғырланатын көлік аялдамаларындағы ойын автоматтары сияқты қыздырмалы, өте зиянды ойын орындарының барын, казино дегендерді қоса түгел жабу керек те, жаңадан ашуға мүлде тиым салу керек! Қайтсе тез табыс табуды, жымысқы әрекетпен баюды көздеген пысықайлар таратушы бұл дерт ауыл-селоны жағалай бастаса, ол жақта да қылмыс еселенді дей беріңіз! «Батыстық мәдениеттің» бұл түрі қалайда қажет десек, онда аялдамалардан басқа жерге, шетке орналастырып, оларды маңайлайтындардың жасын шектеу керек. Меніңше, шәкірт пен студентке мүлде рұхсат етпеу жөн болады, мінез-құлқы қалыптаса бастар шақтарында оларды ондай «сынақтан» өткізу өте зиянды. Айлық жалақысы бар қызметкер де емес («өз обалдарың – өздеріңе!» дейтін), мүлде балғын жастың алдамшы ойындарға құмартуы, – жоғарыда айтқанымдай, – көп ұзамай қылмыскер болып шығуына ең төте жол. Ол жол – тым келте ойлайтын ересектерге де үлкен сор. Аялдамалардағы сол ойын автоматтарына бауыр басқан, одан барып анау құжынаған казино дейтіннің алдау-арбауына шырмалған кейбір жеңілтек ерлер мен әйелдердің отбасы берекесінен айырылып, азып-тозып кеткендері де аз емес.

Жасөспірімдеріміздің өміріне теріс ықпал етуші екінші бір жәйт – дүкендерде, жол бойларындағы, базарлардағы жаймаларда сигаретті бір талдап сату, сауда дүңгіршектерінде арақты құйып сату! Ал шетелдік қаңылтыр құтылы сыраны, немесе өзіміздің шишалы сыраны жастарымыздың кез келген жерде, тіпті қала көліктерінде ішіп отыруы сияқты сорақы әдет те етек ала бастады. Темекіні «социалистік жарысқа» түскендей тарту дағды болғалы

қашан?! Жастарды нашақорлыққа, маскүнемдікке жетектейтін мұндай теріс құбылыстарға қатаң тиым салу керек шығар?

Ішімдікке, темекіге құмарланудай теріс әрекеттерге жарнама да түрткі болып жүр. Мысалы, Алматының көше бойларында бұларды насихаттап ілулі тұрған үлкен-үлкен де әлем-жәлем жарнама жастар тұрғай ересектердің де көзін бұлдыратады.

Бізде кейбір шаралардың жұртқа қастандық пиғылмен жүзеге асырылатынына еріксіз таңданамын. Осыдан он шақты жыл бұрын металл қалдықтарын қабылдайтын орындарды жыпырлатып аштық. Металл қалдықтарын кім, қайдан әкеледі, бір кило тапсыра ма, бір тонна тапсыра ма – оған мән беретін тірі жан болсайшы. Оның ақыры зираттардағы құлпытастардың металл бөлшектерін, қола, жез кеуде мүсіндерді қарақшылықпен ұрлауға апарып соқты. Әлі де солай. Ұрылар алып келеді, қабылдайтындар арзанға қақши қояды, «Кімсің? Қайдан алдың?» деп сұрамайды.

Бүгінде қалтателефон да (сотовый) сондай күйде. «Ұсталған, бүлінген қалтателефондарды қабылдаймыз, жөндейміз, сатамыз» деген жарнама, мысалы, Алматыда нөпір. Қабылдайтындар арзанға ала қоюға әзір, олар әкелгендердің бетіне карамайды да. Дәндеген ұрыларға да, анау алақашқыш балаларға да керегі сол, олар пұлдамайды, бергенін тез алып, тайып тұрады. Егер телефонды кімнің жөндетуге әкелгені, кімнің сатып өткізуге әкелгені оның жеке құжат-куәлігін, әдрісін тіркеумен жүргізілсе, сол дұрыс болар еді, жасөспірімдердің осы бағыттағы бұзықтығы, қылмысы тиылар еді.

Құрметті ТӨРАҒА! Бұл менің ғана әншейін бір дабылым емес екенін, бала-немере-шөбере өсіріп отырған әрбір әке-шешенің, ата-әженің күнделікті үрей-уайымы екенін, тіпті көптеген отбасының қайғы-қасіреті екенін түсінерсіз. Олай болса, бұл аса маңызды мәселені Парламент мәжілісі депутаттарына мәлімдеп, көпшілік құптаса (құпталуы керек екенін өзіңіз де аңғарған боларсыз), таяудағы күнтәртібіне қойып, оң шешім қабылдауларыңызды өтінемін.

(«Жас алаш». 2004 ж., қазан айы.)

САБЫРХАНДЫ ІЗДЕП ЖҮРМІН аруақпен алысқыштарға не дейсіз?

*Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі
Болат ЖЫЛҚЫШИЕВ мырзаға ашық хат*

Екеуіміздің телефон арқылы сұқбаттасуымыз әйгілі “Волокалам тасжолының” авторы А. Бектің алғысөзіне ұқсап кетті. Сәлемдесіп болған соң Ол:

– Саған бір жәйтті айтайын ба? – деді, дауысы өзгеріңкіреп.

– “Ауызға келген түкірік...” – дедім, арғысын ойымда әдейі қалдырып.

– Айту – ыңғайсыз, айтпау – обал.

– Көрсетпестің шетін қылтитпас болар.

– Жүдә дұрыс. Мен айтайын, сен оны гәзетке жаз, мақұл ма?

– Сен әуелі айт, арғысын содан соң саудаласайық.

– “Саудаласайық” дедің бе?

– Сен ғой бастаған?!

– Мақұл, – деді Ол, күрсініп алып.

– Кәне, бастап жібергін!

– Бірақ, сен менің аты-жөнімді жазба.

– Оны көре жатармыз, ал бастағын!

Ол бастады...

Қазақ поэзиясына мол үлес қосқан айтулы ақынымыз Сабырхан АСАНОВ 1937 жылы Шымкент өңіріндегі Киров ауданының (қазірде Мақтаарал ауданы) Ынтымақ ауылында дүниеге келіп, 1995 жылы Алатаудың бауырында қайтыс болды. Жерлестері марқұмның жылын туған ауылында беруді жөн көрді. Досы, жолдасы болғандар атынан бірнешеуіміз барып қатыстық. Аяулы ақынның аруағын құрметтеп, Ынтымақтың бір көшесіне, оқыған мектебіне оның атын қойған ауыл, аудан, облыс басшыларына ерекше риза болдық.

Содан биыл сол “Сабырхан Асанов атындағы көше” кенеттен “Асан Піләлов атындағы көше болып” шыға келсін. Көше бойындағы бұрынғы тақташалар жұлып тасталып, жаңалары ілінсін. Неге?! Ол қалай?! Өрескел оқиғаның себебін ауыл әкімі Сейтхан Әбдірақымовтан сұрау керек пе, әлде аудан әкімі Омарбек Нұржановтан сұраған жөн бе?.. Сірә, Омекеңнен сұрау орын-

ды болар, өйткені 1996 жылы мектепке, көшеге Сабырхан есімі берілгенде аудан әкімі болған Омекең қазірде де сол қызметінде. Мынау өзгеріс әкім “Мақұл!” демейінше іске аспақ емес.

Шымкенттен телефон соққан Ол, яғни қарт әріптесім: “Біздің жаққа сұрау жіберіп әуре болма, ештеңе шықпайды, қай-қайсысы болсын: “мақұл, көке, мақұл, айтқаныңыз орынды, ұқтым, көке, ұқтым, өзім хабарласамын!” деп бәйек болудан танбайды да, өз білгенін істейді”, – деді.

Мен де өз білгенімді істеп, құрметті Болат Жылқышиев мырза, Сізге мына әдеби апталығымыз арқылы осы хатты жолдап отырмын. Әлбетте, Сізге: жоғарыдағы “Неге?! Ол қалай?!” дегеніме қосымша мына бірер сұрақты қоюға тиіспін:

– Көзі тірісінде-ақ ақындығына иісі қазақ сүйінген, сан мәрте қошеметіне бөлеген Азамат Сабырхан Асановтың – талантына Шәмші Қалдаяқов тәнті болып, талай өлеңіне ән жазған Ақын Сабырхан Асановтың аруағынан аттап кетіп, оның кіндік қаны тамған ауылындағы көшеден атын өшіріп тастаған кімдер? Олардың бұл әрекеттеріне не дейсіз?

– Сіз Азамат, Ақын Сәкеңнің поэзиясымен таныс шығарсыз, ендеше, “Сабырхан Асанов атындағы көше” туып-өскен ауылы Ынтымақта ғана емес, Шымкент шаһарында да болғаны орынды десек (бұл пікірімді қаламгерлер қауымы толық қолдайтынына шүбәм жоқ), Сіз бізді құптап: “Бәрекелді!” деп қол қоясыз ба?

– Бүгінде республикамыздың барша өңір-өлкесінде қолында күші, қалтасында қаржысы бар кейбір үлкен-кіші шенеуніктер кезінде кім болғанын беріде – ауылы, арыда – ауданы ғана білген өлі-тірі ата-әкелерінің атын көшеге қойдырып, ескерткіш орнаттырып, кітәп жазып та, жаздыртып та жүр. Осы дұрыс па?.. Аруақты силаудың да шегі, әдеби болуы керек емес пе?..

Жер-су атауларын өзгерту жөніндегі республикалық комиссия кімнің болсын атын қайда, неге қою мәселесін тек облыс әкімшілігінің ұсынысымен қарап, әбден зерттеп барып шешсе, тарихымызға керек әділдік сол болмай ма? Осы жөнінде не дер едіңіз, нендей алып-қосарыңыз бар?

– Сондай-ақ, Сабырханның туғанына 2007 жылы 70 жыл тола-

ды. Оңтүстік жұртшылығына ғана емес, барша әдебиетшілерімізге тең ортақ мерейтой болар деп сенеміз. Ал Сәкеңнің артында қалған әдеби мұрасы 4-5 том. Соны уақтылы шығарып, тойға тарту етсеңіздер, аруақ та, оқырман көпшілік те риза болмас па? Ақын-жазушыны сїлау әдебиетті сыйлау ғой!

Игі ниетпен сәлем жолдап, жауап күтемін

*Алматы. 26. XI. 2005 ж.
(«Қазақ әдебиеті».)*

АРУАҚТЫ ДА АЛДАП СОҒЫПТЫ

*Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі
Б. Жылқышиев мырзаға және бір сәлем!*

Құрметті Боке!

Осы әдеби апталығымыздың былтырғы 48-нші санында “Аруақпен алысқыштарға не дейсіз?” деген хатымның жарияланғаны, оған қайтарылған жауаптың гәзеттің биылғы 2-нші санында шыққаны жүдә есіңізде болар. Ал Мақтаарал ауданының әкімі О. Нұржанов мырза қол қойған сол жауаптан, мысалы, мен ештеңе түсінбедім. Марқұм Сабырхан Асановтың есімі өзі туып-өскен Ынтымақ ауылындағы көшеге берілген еді, енді, жауапта айтылғандай, “Өркенді ауылындағы бір көшеге” және “Асықата кентінің екі елді мекенінің шекарасындағы көшелердің біріне де берілген” көрінеді. Сонда ауданда 3 көше “Сабырхан Асанов атында” болғаны ма?! Жауаптың осы тұсында отырып ойланып, тұрып ойланып, ақырында: сірә, Мақтаарал ауданында кейінде аты-жөні, әкімшілік шекарасы өзгерген бір мекендегі ұзын көшелерді үзіп-үзіп алып, керек жеріне керек кісілерінің аттарын қоя беретін “дәстүр” пайда болған да, сөйтіп, “Сабырхан Асанов атындағы көшенің” бір бөлігінен “Асан Піләлов атындағы көше” туылған-ау деп долбарладым.

Жауаптың одан арғы бөлігінен көше атының: “Сол көшеде тұратын көпшіліктің өтінуімен және С. Асановтың ағайын-туысқандарымен, інісі Тұрсынхан Асановпен келісе отырып өзгертілгенін” оқып, Сізге гәзет арқылы хат жолдауыма түрткі болған қарт жорналшы мені әдейі шатыстырған екен ғой, Сабырханның бала-шағасымен, туы-

старымен сөйлесіп алмағанымды қарашы, деп қатты өкіндім. Содан кейін Сәкеннің Алматыда тұратын зайыбы Шолпанға, ауылдағы інісі Тұрсынханға дереу телефон шалып едім, олар өздерімен ешкімнің ешқашан хабарласпағанын, демек, ешқандай келісім болмағанын айтты. Мәссаға-а-ан!.. О. Нұржанов мырза ондағы Сізді, мұндағы бізді былай қойып, марқұм ақынымыздың аруағын да алдап соғыпты-ау, ә?!.

Жансыз қағаз бетімен жеткен бұл жалған жауапқа не дейсіз?

Бұл – бір.

Екінші. Қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы болған ақын Сабырхан Асановқа оның өшпес ізі жатқан Шымкент қаласындағы көшелердің бірінің аты берілсе жөн болар еді деген әдеби қауымның тілегін да айтып едім, құрметті Боке, оған да жауабыңызды күтуліміз!

20. 01. 2006 ж.

(«Қазақ әдебиеті».)

АҚЫРЫНДА АРУАҚТЫ САУДАЛАУҒА КІРІСТІ

Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі

Б. ЖЫЛҚЫШИЕВ мырзаға үшінші ашық хат

Әкім мырза!

Аты шулы кавказдықтар туралы небір қағытпа сөздер шығып жататыны бар ғой, ал солардың бірі: – Құдай денсаулық берсін, қалғанын сатып аламын! – екенін естіген боларсыз. Өзіңізге жолдап отырған мына үшінші хатымның мазмұны соған саяды (алдыңғы хаттарым: “Аруақпен алысқыштарға не дейсіз?”, “Аруақты да алдап соғыпты” деп аталғаны есіңізде болар?). Өйткені Мақтаарал аудандарыңыздан Алматыға ақшаның аспанға атылған дүмпуі жетіп жатыр. Туған ауылындағы көшесінен марқұм Сабырхан Асановтың атын өшіріп тастағандар біз жаққа “жалынды сәлем” жолдап: – Әй, әлгі Асановтың әйеліне, тағы басқаларына қанша ақша керек екен өзі?! Апарып берейік те, ауыздарын жабайық! – депті. Ақынның зайыбы Шолпан: – Естиін дегенім осы ма еді?! – деп қатты қамықты. Біз жағамызды ұстадық. Оңтүстік-те оң мен терістің төрешісі қашаннан бері ақша еді?!

Әкім мырза, тәулігіне 24 сағат қызмет істеп жүрсеніз де, бізге осы әдеби апталық арқылы бір рет жауап беруге уақыт табарсыз деп сенемін.

09. 03. 2006 ж.
(«Қазақ әдебиеті».)

АПАҚ-САПАҚТАҒЫ АРПАЛЫС

Республиканың Премьер-министрі
Даниал АХМЕТОВ мырзаға ашық хат

Өгей кеңестік билік кетіп, өзіміздің қазақы билік орнап, кеңшілікке кенеліп жүрміз. Не істейміз, не қоямыз – еркіміз. Ал бұл еркіндікті еріккендік дегенмен шалаптап, шайқап әлекке түсушілер де көбейіп барады. Әсіресе, бизнестің бөркін қокшырайтқан қалталылар, әмірі күшті әкімдер көкке шапшып тұр. Олардың (әлбетте, бәрінің деуден аулақпын) басқа хикаяттарын былай қойғанда, аман-есен ауылдың көше аттарын қақпақылдаулары – бір “қызық”. Ұзынды-қысқалы, ескілі-жаңалы көше атаулыға арыда ауданы ғана, беріде ауылы ғана білген кешегі белсенді әке-шешелерінің, қайыната-қайын-енелерінің, нағашы-жиендерінің аттарын қойып мээ-мәйрам. Өлісі тұрыпты, тірісіне де үлестіріп жатыр.

Егер, құрметті Даниал, бұған мысал керек етсеңіз, қалыңдығы сынық сүйем кітап боларлық материал жинатып алуыңызға әбден болады. Мен оған өз тарапымнан мына екі мысалды қоса аламын:

1. “Жас Алаш” газетінің биылғы 34-санында /27-сәуір/: “Бірде Ленин, бірде Әпсеметов...” деген тақырыппен шыққан шағын мақаланы көзіңіз шалған болса, Алматы облысының Жамбыл ауданына қарасты Фабричный кентінде бір көше аты көкпарға түскелі жеті жыл болғанын білдіңіз. Қазақ халқының мақтанышына айналған композитор Әсет Бейсеуов марқұмның аты қойылған көшені /1999 жылы/ біреулер қайта-қайта “басып алып”, “Әсет Бейсеуов көшесі” орнына “Қ.Әпсеметов көшесі” деген тақтайшаны іліп-іліп қояды екен, ә? Есіңізде ме?.. Ән өнерімізді көкке өрлетіскен аяулымыздың аруағын аяқасты етіп жүрген кім десек, газеттің мағлұматынша, “...ол аудан әкімінің

сол тұстағы бірінші орынбасары М.Әпсәметовтің әкесі екен. Мұны естіген жұрт: “Көзі тірі адамға көшенің атын берген несі?!” – десіп таңқалысты”. Наразы да болды. Содан соң М.Әпсәметовтің командасы шамданып, тірі көкемізге қимаған көшені өлі Бейсеуовке де бұйыртпайық десіп, көшеге баяғыдағы Ленин атын қайтара салды. Әкім дедім-ау, әкімнің орынбасары да “құдай” болып шыққан жоқ па, мінеки! Фабричнийдағы бұл сорақылық сонау жылдары осы “Қазақ әдебиеті” газетінде де мінелген еді. Бірақ бір жерімен диірмен тартқыштар қыңқ етер емес.

2. Аруақты асықша атудың көкесі Оңтүстік Қазақстан облысында да бар. Исі қазаққа түгел мәлім лирик Сабырхан Асанов марқұмның аты Мақтаарал ауданының ақын дүниеге келген Ынтымақ ауылындағы бір көшеге берілген болатын. Бірақ былтыр “Сабырхан Асанов көшесі” делінген тақтайшалар құртылып, орынын “Асан Пілалов көшесі” деген тақтайшалар басты. Соны естісімен ауылға телефон шалып едім, аты-жөнін айтпауды өтінген кіші шенеунік: “Олай істеп отырған – аудан әкімі, ал ол ешкімді тыңдамайды, өйткені Астанада қолтығынан демеп жүрген құдайы бар”, – деді. Сенбедім де, облыс әкімі Болат Жылқышиев мырзаға осы әдеби апталығымыз арқылы “Аруақпен алысқыштарға не дейсіз?” деп сауал жолдадым /2005 жылғы 48- санында жарияланды/. Ай өтті – ауданнан ары-бері жортақтаған жауап келді. Содан кейін Бөкеңе “Аруақты да алдап соғыпты” деп екінші хатты аттандырдым /осы газет бетінде/. Ай өтті – жауап мүлдем жоқ. Ақынның дос-жолдастары, оқырмандары талап етіп, әдеби газет басшылары құптаған соң Б.Жылқышиев мырзаға “Ақырында аруақты саудалауға кірісті” деп үшінші хатты жаздым /ол да жауапсыз кетті!/. Газеттің биылғы наурыздағы санында шықты, оқи алдыңыз ба? Оқыған болсаңыз, пікіріңізді айтқайсыз!

Премьер-министр мырза, екі заман аралығындағы өтпелі кезеңнің апақ-сапағында көшелерге, сондай-ақ, ауылдарға ат қоюдың зиянды науқан болып бара жатқанына назар аударуыңыз қажет. Көше аты да – тарих кәдесі. Қайда, кімнің атын қою ұсынылса да, ол халқымыздың тарихын құрметтеу тұрғысынан ойластырылуы шарт. “Қолынан келіп тұрғанда қонышынан басқыш” әкімдердің және

басқалардың тарихи тұлға емес, өлі-тірі туған-туысқан атаулысын жоғарыдағы екі мысалдағыша әспеттеулеріне ресми түрде тиым салу керек. “Бізде бәрі қадағаланады, ат қою мәселесімен Республика Ономастика комиссиясы шұғылдануда” десеңіз, оның жер-жерден дайындалып әкелінген құжаттарға қол қоя салатын ғана болғаны, өйтпесе, Әсет Бейсеуов пен Сабырхан Асановтың атын өшіруге немқұрайды қарап отырғаны несі? Комиссия мүшелері, тым болмаса, газет дабылына назар аударсайшы! Көпе-көрінеу жасалып жатқан қиянатқа өз төтесінен дереу қарсылық жасаса, ол қай заңымызға томпақ болмақ? Яғни: көшеге, ауылға, тағы қайда болсын ат қою мәселесін жоғары деңгейдегі үкіметтік орын шешуі жөн болмақ. Егер ол: ауыл, аудан, облыс әкімдерінің билігінде қалса, ботқаның әуресін түбі күйгенде көресің болады да шығады.

“Сөзге сөз келгеннен соң” айта отырайын, бұдан біржарым ай бұрын Туризм және спорт министріңіз Т.Досмұханбетов мырзаға “Ержандай спортшы қайда бар?” деп сұрақ қойдым /“Қ.Ә.”, 07.04.2006 ж./. Егер көзіңізге түссе, Ержандай Азаматтың жағдайына Сіздің де наразы болғаныңызды әбден түсінемін. Ал сол сұрағыма жауап әлі жоқ. Хатты алған адамның авторға қанша мерзімде жауап қайтаруы міндет екені жөніндегі заңнан менің де хабарым бар, алайда, кейбір әкімдеріңіз бен министрлеріңіз ол заңды өзінің бір түшкіргені ғұрлы көрмей ме, қалай?

Сірә, бар-ау, бұларыңыз “Қазақ әдебиеті” газетін оқымайтын да шығар!

12. 05. 2006 ж.
(«Қазақ әдебиеті».)

БОЛСАЙШЫ БӘРІ ОСЫНДАЙ!

«Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясынан

“Қазақ әдебиетінің” биылғы жылғы №21 санында (26.05.2006 ж) жазушы Ғаббас Қабышұлы ”Апақ-сапақтағы арпалыс” атты мақала жариялап, оны тікелей Республикамыздың Премьер-министрі Даниал Ахметов мырзаның атына жолдаған болатын. Онда көптеген елді мекендердегі көшелерге берілетін есімдердің әлі күнге дейін дұрыс қадағаланбай, бұрмаланып келе жатқандығын нақты мысалдармен

атап көрсетіп, осы мәселені жүзеге асырудың жолдарын ұсыныс ретінде айтып өткен еді. Мәселен, Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтаарал ауданына Қарасты Ынтымақ ауылындағы бір көшеге берілген, аты қазақ жұртына мәлім ақын Сабырхан Асановтың есімі көше тақтайшасынан не себептен алынып тасталғандығы туралы облыс әкіміне бірнеше хат жолдағанын айтты, алайда, олардың хатқа жауап қатпай, тым-тырыс жатқандығы қаламгерді аландатқан.

Міне, осыған орай, қаламгердің алаңдауына жауап ретінде Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі жанындағы Облыстық ономастика комиссиясы бұл істі егжей-тегжей қарастырып, төмендегідей жауап хат жолдапты:

“Қазақ әдебиеті” газетінің Бас редакторы

Ұ. ЕСДӘУЛЕТ мырзаға

“Қазақ әдебиеті” газетінің 2005 жылғы 2-желтоқсанындағы (№48) “Аруақпен алысқыштарға не дейсіз?”, 2006 жылғы 27-қаңтардағы (№4) “Аруақты да алдап соғыпты” және 2006 жылғы 17 наурыздағы (№11) “Ақырында аруақты саудаға салды” атты Ғ.Қабышұлының Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі Б.Жылқышиев мырзаға арнап жазған хаттарын облыстық ономастика комиссиясы өз мәжілісінде қарап, талқылай келе, облыс орталығында жаңадан салынып жатқан шағын аудандағы бір көшеге қазақтың көрнекті ақыны Сабырхан Асановтың атын беру туралы қалалық ономастика комиссиясына арнайы ұсыныс енгізу жөнінде ұйғарым жасап, Шымкент қаласының әкіміне №04/1231 хат жолдаған болатын.

Осыған байланысты Шымкент қаласы әкімінің орынбасары, қала әкімінің жанындағы ономастикалық комиссияның төрағасы К.Қадырбеков Облыстық ономастика комиссиясына жіберген №3/21-1509 хатында қалада жаңадан салынып жатқан шағын аудандағы атауы жоқ бір көшеге қазақтың көрнекті ақыны Сабырхан Асановтың атын беру туралы ұсыныстың қала әкімінің жанындағы ономастикалық комиссияның келесі отырысында қаралатынын хабарлаған. Ендеше, Шымкент қаласында “Сабырхан Асанов атындағы» көшені көретін күн де алыс емес деп білеміз.

Облыс әкімінің орынбасары, Облыстық ономастика комиссиясының төрағасы Ғ.ЖҰМЖАЕВ. 09. 06. 2006 ж.

АЗАМАТ АҚЫН ЕДІ

*Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі
Нұрғали ӘШІМЕВ мырзаға*

Құрметті НҮРЕКЕ!

Әдебиет пен өнер таланттарына бай Оңтүстіктің бірегей түлегі Сабырхан АСАНОВ еді. Мен ол Ақын-Азаматпен 30 жыл жолдас болдым. Өмірден ар-ұяты таза қалпында өтті: денсаулығынан, басқа да жағдайдан қаншама ауыртпалық көрген сәттерінде де ешкімге шағынбады, ешкімнен жәрдем сұрамады, емделуіне көп уақыт қажет болған жылдарында «орынды ұстап жатып алғаным ыңғайсыз болады» деп қызметінен өзі сұранып босап кететін де, бала-шағасын өлеңдерінің қаламақысымен, ең жақын туыстарының көмегімен асырайтын (туыстарының көмек бергеніне де көбінесе көнбейтін, ұялатын).

Сабырхан қайтыс болғалы 12 жыл. Туған ауылы Ынтымақта өзі оқыған мектепке, сондай-ақ бір көшеге аты қойылды, ол үшін аудан, облыс басшыларына ақын-жазушылар, оқырмандар қауымы риза болды. Тек көше-ге кейінде біреулер «барымта» жасап, басқаның атын қойып (аруақтан аттап кетіп!), міз бақпай отырып алған соң мен облыс әкімі Б. Жылқышиев мырзаға «Қазақ әдебиеті» гәзеті бетінде үш рет, одан қайыр болмаған соң премьермырзаға-министр Д.Ахметов ашық хат жолдап, ақырында Ақын есімі орнынан оралған. Шымкент қаласындағы көшенің біріне атын беру жөніндегі өтінішіміз де қабыл болды деп естідік, бірақ анығын білмеймін.

Сабырханның жасы биыл 70-ке толатын еді...

Ел-жұрты атап өте ала ма? Нендей әрекет жасалады? Кітаптарын шығарып беруге уәде еткен аудан, облыс басшылары 12 жыл бойы тырп еткен жоқ. Мерейтойы атап өтілсе, оның алдында өлеңдерінің Таңдамалысы шықса ғой! Дос-жолдастарының, жұбайы Шолпанның (Алматыда, телефоны: 267-47-31), балаларының (азамат екі ұлының бірі былтыр қайтыс болды) ойлары осындай.

НҮРЕКЕ, өзіңіз де оқыған боларсыз, егер реті келмеген болса, өлеңдер жинағын алдырып көз жүгіртіңіз: Сабырхан күшеншек ақынсымақ емес, құдай берген талантының арқасында еркін де

көркем жазған Ақын болды. Өзіңізге жолдаған мына естеліктер кітабымда Сабырхан туралы бірер сөзім бар, танысарсыз.

Бұдан арғы әңгімені Сізден күтеміз.

Жаңа орныңыз да құтты болып, ел-жұрттың алғысына бөленуіңізге тілектеспін!

17. 09. 2007 ж.

(Автордан: Шымкент қаласының әкімдігінен телефон шалып, өздеріне облыс әкімі менің хатыма қоса нұсқау түсіргенін айтты. Кім екені есімде қалмады, өйткені былдырлап тез сөйлейтін жігіт екен. Сабырханның 70 жылдығын ол туған ауданда өткізу ұйғарылыпты. Облыс орталығында өткізсеші!)

ЕРЖАНДАЙ СПОРТШЫ КӨП ПЕ?

Республиканың Туризм және спорт министрі

Т. ДОСМҰХАНБЕТОВ мырзаға

Құрметті Министр!

Жаңа орныңызбен құттықтап, спортшыларымызға жайлы болуыңызды тілей отырып, мына тақырыптағы сұрағыма жауап іздетуге уақытыңызды ысырап етпес үшін дайын мағлұмат ұсынуды жөн көрдім:

Ержан ШЕГЕНОВ – жартылай ауыр салмақты кикбоксинг.

Шығыс Қазақстан облысының Өскемен қаласында тұрады.

Өз салмағы бойынша Қазақстанның 1991 жылдан бері жеңілмей келе жатқан 15 мәрте чемпионы!

Әлем біріншілігінің 4 алтын, 4 күміс, 3 қола медалі қолында!

Еуропа біріншілігінің 3 алтын медаліне ие!

Әлем кубогын да жеңіп алды!

Азия және Еуразия біріншіліктерінің 3 дүркін чемпионы!

Мінезі байыпты, ұстамды, ақ көңіл, кешірімді, білімді жігіт.

Мекке-Мәдинеге барып келген. Қажы.

Мен бұл спортшыны жақында ғана кездестіріп, жалын жігерлі жарқын жүзінен оның (жасы отыздың ортасынан асса да) елінің намысын әлі де нық қорғай берер қалпында екенін айқын аңғардым!

Бұрын Ержанның хал-жағдайын дос-жолдастарынан сырттай сұрап біліп, оның айтар ауыздан, естір құлақтан ұят тірлік кешіп

жүргеніне күйінгенмін. Облыстың орта есеппен екі жылда бір жаңаратын әкімдерінің біразына: – ...Кәне, айтыңызшы, Ержан Шегеновтей спортшы қай облыста бар? Басқалар не әлемнің, не Еуропаның бір мәрте ғана чемпионы болып келген спортшысының өзіне де, оның жаттықтырушысына да пәтер, автокөлік силап, төбелеріне көтереді, ал сіздер жерге қаратасыздар, ол қалай?! – деген ренішті хат жаздым, бірақ олардың бірде-бірі ғажап спортшыны қабылдап көрген жоқ, тірлік-жағдайына көңіл бөлген жоқ, ал қолына тиген хатты төмендегілеріне сырғыта салып жүре берді. Даңқы жер жаруға тиіс Ержанның әрі баспанасыз, әрі жаяу жүргеніне, оның бапкері, Қазақстанға Еңбегі сіңген жаттықтырушы Бағлан Райымхановтың көлікке зәру екеніне ешқайсысы құлақ қоймады. Ал әлгі сырғытпаларының бірінің ақыры былай болыпты: бірде Өскемен қаласының әкімі В. Сухорукова (бүгінде республика парламентінің депутаты) әлем чемпионы болып келген Ержанды және Бағланды қабылдапты да, спортшыға 200 доллар, бапкеріне мақтау грамота беріпті. Пах-пах!.. Қазақстан спортшыларының тарихында кездеспеген, кездесе де қоймас “ерекше қамқорлық, теңдессіз жомарттық” фактісі емес пе, ә?!

Былтыр облыс әкімі В. Храпунов мырзаға жолдаған хатым да солайша сырғып, облыстық спорт-туризм басқармасының төрағасы М. Мұзапаров мырзаға жетіп, ол, әйтеуір Сухоруковадан биіктеп, спортшыға 1000 доллар, бапкеріне 500 доллар беріпті.

Алайда ризашылық сезіммен айта отыруым керек бір жәйт мынау: Қажыбаев Аманкелді мырза Өскемен қаласына әкім болып барған бетте, 2004-жылы, Ержан Шегеновтің хал-ахуалы туралы өзі тікелей не хат, не нұсқау алмаса да, оның айрықша спортшы екенін жұрттан естіп, ерлігіне шынайы тәнті болып, шақырып танысып, 3 бөлмелі пәтер беріп құрметтепті! Уа, тусаң – ту!

Десем де, намысқа қамшы басқан сол Азамат, сірә, облыстың жаңа әкімі В. Храпунов мырзаға ұнамай қалса керек, әмірі күшті әкім қаланың дізгінін одан дереу алып, А. Быстров деген мырзасына беріпті. “Өскеменге басшылық жасай алар қазақ әлі туған жоқ!” дегені ме екен әлде? Олай болса, облыс әкімі болған Т. Абайділданов мырзаның тұсынан бері “талқыланып” келе жатқан “күрделі

мәселе” – әлем мен Еуропаның сан мәрте чемпионы Е. Шегеновке автокөлік беру В. Храпуновтың кезінде шешіле қоймас. Республика кикбоксингтер командасының капитаны бола жүре жалақы алып көрмеген, күні бүгінге дейін мамандығы бойынша жұмыс таба алмай отырған жуас жігіт спорттық асай-мүсейлерін салған сөмкесін арқалап, салпақтап жүре берер. Оның жаттықтырушылары Б. Райымханов пен Қ. Мусиннің еңбектерін лайықты бағалау да ұмыт бола тұрар. Айтпақшы, Б. Райымханов та не автокөлік ала алмай, не жаттықтырушы мамандығы бойынша орын таба алмай жүр.

Кәсіпкер Қайрат Мусин ініміз Ержанның тұрақты демеушісі де екен. Республиканың, облыстың спорттық ресми орындары – неге екенін өздері білер – әрқашан көздерін тарс жұмып, құлақтарын тас бітеп, қалталарын қос қолдап басып отырып алатын болған соң, не шара, жігерлі жігіт елінің абыройын, халқының намысын ту еткен де, Чемпионның барша жарыстарға қатысуына қажет қаржыны тауып беруді міндетіне алған!

Талантты спортшыларымыздың жай-күйлерін ауызша айтып, оларға жәрдем жасауларын өтініп байқайын деген оймен облыс әкімін де, оның бірінші орынбасары М. Баяндаров мырзаны да осыдан сәл бұрын екі күн бойы “телефонмен қуалап” таба алмай-ақ қойдым. Қабылдау бөлмелеріндегі қарақтарым: -Ол кісі жоқ, мәжілісте, қашан босайтынын білмеймін, – дегеннен танбады. Тегі әкімдік басшылары мәжілістің жағын айыруды қолға мықтап алса керек.

Сонымен, құрметті Министр мырза, Ержандай спортшы алтынын тас құрлы көрмес Шығыс Қазақстан облысында ғана бар екенін білгейсіз!

Және бір біле жүреріңіз: Е. Шегенов те, Б. Райымханов та басқа облыс спорт басшыларының «Бізге кел, үйді де, шетелдік автокөлікті де қолма-қол береміз!» деп әлденеше шақырғандарынан бас тартыпты.

«Берсең бер, бермесең қой баспананды,

Сонда да тастамаймын астанамды!..» деген ақын ағамыз Аманжолов Қасымның аруағын ардақ тұтқандары ғой!

(«ҚӘ». 2006 ж.)

ДІН – ҚАДІРЛЕГЕНГЕ ДІН

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының Төрағасы Бас мұфти Әбсаттар қажы ДЕРБІСӘЛІГЕ

Мәртебелі Мұфти!

Сізбен дидарласудың сәті түсер емес. Көзбе-көз айтсам деген біраз бұйымтайым бар еді, енді осы хатыммен мәлім етейін.

Егер жаңылмасам, Сіз теледидардағы бір сөзіңізде, 2000-жылдың аяқ шенінде, Дін туралы заң жобаларыңыздың парламентке тапсырылғанын айттыңыз. Халқымыздың рухани жарғысы, бағдарламасы болатын ол жоба әуелі баспасөзде жарияланып, жұртшылықтың пікірін пісіріп алғандарыңыз жөн болатын еді, хайыр, хайыр деп бір түйдім. Содан бері Сіз жақ та, парламент жақ та жым-жырт.

Дін мәселесін тәуелсіздік алысымен-ақ пысықтап, келісіп, тұжырып, шешіп алуымыз шарт еді, олай болмады, дінбасыларымыз, көздері көкті кезіп, етектері далақтап жүріп алды. Соны жіті байқаған шетелдік ұпайшыл уағызшылар төрімізге бір-ақ шығып, әрқайсысы өз дінінің «ұясын» салып, үсті-үстіне «жұмыртқалай» бастады. Олардың ұйым саны бүгінде екі мыңға жуық деп естиміз және ресми тіркеуден өтулері оп-оңай екен, ол қалай? Араларында өз дінін алдағы 5-10 жылда Қазақстандағы үстем дінге айналдыруды астыртын жоспарлаған зымиян әрекетшілдер де бар көрінеді, қазақстандықтарға, алдымен ислам дінді қазақтарға сондай қасіретті таңбақ зәлімдерге қарсы заңды қимыл жасауға болмай ма?

Шетелдік діни ағымдарға беріліп кеткен қазақ жастарының саны жыл санап көбейіп бара жатқан көрінеді. «Егемен Қазақстан» гәзетінде-ау деймін, жарияланған бір мақалаңызда 500.000 қазакемнің басқа дінге бас иіп кеткенін айттыңыз. Сұмдық қой?!. Жұршылықтан естіп жүрмін: бөгде діндарлар қыз-жігіттерімізді жылы сөзімен, қыздырмалы жиын-кешімен, қаржысымен, таңсық діни-әдеби кітаптарымен, ән-би кешімен, тағы басқа толып жатқан насихат ықпалдарымен баурап алады екен. Әсем безендіріліп шығарылған кітап-журналдарын құшақтаған өкілдері көшеде құдды сағынып көріскен жиеніңше жалбақтап бөгеп, күлміндеп

уағыз ағытып, қолындағысының бір-екеуін қоярда-қоймай қойнына тығып, тегін олжалатып та жібереді (екі-үш кітәбін мен де еріксіз алдым). Ондай ілтипатқа жауқазын жастарымыз ғана емес, жасамыстарымыз да еліккенін, тіпті бар-ау, ғылым кандидаты екі қазақ келіншектің үйді-үйді аралап, қазақтарды қайдағы бір «свидетели еговы» деген «ғажайып» ұйымға мүше болуға белсене үгіттеп жүргендерін көрдім. «Бұларың қалай?» деп сөз бастап едім, ислам дінінің «қателіктерін» санап айтып сарнағанда құлағым тұнып кетті. Аузымды аштырар болмады. Ақырында: «Ата-бабаларының дінін сатқан арсыздар, кетіңдер!» деп әрең құтылдым. Ал сол «свидетелилер» мұсылман, христиан, будда, иудей діндерін мүлде жоққа шығарып, өздерінше бірден-бір таза, дұрыс дінді, нағыз құдай жолын ұстанып жүргендерін кеңірдектері күйе жаздағанша дәлелдеп бағады және отбасында құдайға сиынғаннан басқа дырду-думанға, той-томалаққа, тіпті балаңның туған күнін атап жылына бір рет қуаныш дастарқанын жаюға да тиым салады екен. «Адамның бір қызығы—бала дегенге» қарсы. Онысы отбасының берекесін бұзу, мейірімін мансұқ ету ғой?! Иә, әртүрлі жағдайда солардың ықпалына тап болып, күйеуі мен балаларынан, немесе әйелі мен балаларынан безінген қазақтар аз емес сияқты.

Өкінішке қарай, қазағыңыздың отбасын қытайлар да «ойнатып» жүр. Баспасөздегі мағлұматқа сенсек (қай гәзет жазғаны есімде қалмапты), былтырға дейін қазақтың бес жүз қызы Қазақстанға сауда күйттеп келген қытай жігіттерімен некелесіпті және күйеубалаларымыз осында тұрақтап қалатын болыпты. Сіз ондайдан құлағдар болсаңыз, жылара бес жүзден қосылары анық жиендер (әлбетте, бәрінің де ұлты қытай болады ғой!) пәлен жылдан соң қазаққаңіздің санын қалай «көбейтетінін» есептей беріңіз. Дін—халқының ертеңімен дін. Заманның беті, нарықтың салмағы деп, кешегі кеңестік (орыстық) тоқпақ орнына қытай, ағылшын, т. б. тоқпаққа жонымызды тоса берсек, халқымыздың ертеңі қандай болады? Исламға ашық та астыртын шабуылдың кесірінен қайран қазақ бірнеше дінге бөлініп кете барса, қазақ та, ислам да кімге қажет?

Енді Мәруа атты жиеншар қарындасымның мына бір сөзін тыңдаңыз: «Аға, кеше біз, студент төрт қыз, орталық мешітке барып едік, бұдан былай ылғи барып, уағыз тыңдап, құдайға құлшылық етуді үйренейік деп барғанбыз, қоршау қақпасынан өтіп, мешіттің сыртқы есігіне жақындай бергенімізде молда киімін киген бір ағай бізді ішке жібермей, «кет-кет!» деп айқайлап есімізді шығарып, қуып жіберді», - дегені. «Е, неге? Не үшін кіргізбеді?» десем: «Бастарыңда орамал жоқ, сендер қазақ емессіңдер! Шашын кесіп, көзін бояп, төплинен башайлары көрініп жетті ғой, шайтандар!» деп тілдеді. Білмегенімізді түсіндірудің орнына бақырып-шақырып, тіпті... ұят болды, біз тез кетіп қалдық», деді жаси сөйлеп. Мен сендім. Кейбір молдаларыңыздың дәрекілігі бары рас. Мешіт маңында, ауласында мұсылманшылыққа мүлде жат құбылыстар болып тұратынын білемін. Бір барғанымда қақпа сыртындағы сұрамшақтардың біреуіне әлдекім тастай салған жүз теңге қағаз ақшаны «бөліп алуымыз керек!» деп жанжалдасқандарын көрдім. Құдай үйінің айналасында құдайға шын құлшылық ететін пақырлар ғана болуы керек емес пе? Жоқ жерден табыс іздейтіндер жиналатын орын болғаны қалай? Мәруаларды қуалағыш «молда киімділеріңіз» осындай сорақылыққа неге көңіл бөлмейді?

Меніңше, рухани нәріміз–дінді мешіт аясында намаз, құран оқумен ғана насихаттау жеткіліксіз. Ондаған жыл бойы атеизм жайлаған жұртты, әсіресе қазақылықтан еріксіз қол үзген жастар қауымын рухани сауықтыру үшін жалпы мұсылманшылықты, шарифат үрдістерін паш ететін уағыздың, мәдениетті сабақ-түсінік берудің ауызша-жазбаша тәсіл-құралдарын мол пайдалану қажет. Мысалы, мешітте екі-үш айда бір мәрте жастар кешін өткізсе, онда: мұсылман діні, құдай, пайғамбар, құлшылық шарттары, құран, намаз, отбасы, адами қарым-қатнас, той-қуаныш рәсімдері туралы сұрақ-жауап болса ше? Діни әндерді үйретсе, құран оқу мақамдарымен таныстырса, құран жаттатса және құба-құп болмас па? Тіпті қайтыс болған адамды жерлеу, аруақты қастерлей білу жайында айту да қажет. Неге десеніз, құрметті Мүфти, осы шараларда кереғарлық көп. Мысалы: мәйіт үйден шығарылғанға дейін бір жерде қонақасы беріледі, құран оқылады, екінші жер-

де олай етілмейді; бір молда жерлеуге әйелзаттының қатысуына рұхсат бермейді, тіпті ақырып-зекіріп «түсіндіреді», екінші молда денсаулығында кінәраті бар әйелдің де, ердің де үйде қалғаны жөн деп ақыл айтады. Әкесін немесе шешесін жерлеуге ұлының баруына болатыны, қызының баруына болмайтыны неліктен? Құдай қосқан қосағына әйелінің топырақ салуы дінге қайшылық па? Одан соң: бір жерде марқұмның жетісі, қырқы, жылы беріледі, екінші жерде үштігі, жетісі, қырқы, жүз күні, алты айы, жылы беріледі. Бір жерде осы шаралардың бәрінде құран оқыған, құранхатым өткерген молдалар берген ақыны ризашылықпен алады, екінші жерде «мұнша болуы керек» деп кесімді соманы шарт етеді. Бір жерде марқұмның бірер киген жеті киімін еске ала жүру рәсімімен таратса, екінші жерде бәсекемен санын жүзге дейін жеткізіп және тек жаңадан сатып алдыртып таратады. Кейбір молдалар мәйіт оралған кілемді, денені көрге түсірердегі күнкағар матаны: Бері әкел, мешітке тапсырылады,- деп алып алады. Қайсыбір жерде марқұмның артында қалған дүние-мүлкін, малдарын қабір басынан оралысымен молда бастап бөліске салып, отбасын тақырлап тынады. Марқұмның қырқына, жылына құранхатым түсіруі үшін не сиыр, не жылқы талап ететін молдалар да кездеседі. Ал кейбір молдалар құран оқығанда қазақтың үш жүзіндегі хан, би, батыр, әулие-әнбиелердің бәрін білгенінше тізіп атайды да, қол жайып отырған қайғылы, шаршаулы жұртты мезі етеді.

Былтыр әрі көп жылғы көршім, әрі қадірлі жолдасым, Сіз де жақсы білетін жазушы қайтыс болды (марқұмның аруағын мазаламас үшін аты-жөнін айтпай-ақ қояйын, егер менімен жолыққыңыз келсе, сонда айтармын). Балалары бізге салмақ түсірмейік деген игі оймен бар шаруаны өздері жоспарлап атқарды. Дұрыс дедік. Ал бір ғана бұрысы—орталық мешіттен шақырылған молданың ұятсыз шартына көнгендері. Молда (оның кім екенін де, егер қаласаңыз, өзіңізге айтармын): -Мәйітті жуып арулауға бес кісі алып барамын, әрқайсысына 3000 теңге төлейсіңдер, маған да сонша ақша және жағалы киім бересіңдер, сүйекті кілемге ораңдар, оны да бізге бересіңдер,- депті. Мен ести сала қарсы болып, ол молдамен дереу сөйлесуді ниет етіп едім, марқұмның бәйбішесі де, балалары да:

– Оған ештеңе демей-ақ қояйықшы, ұят болар, құрысын, садақа!
– деп азар да безер болды. Ал сол молда шындығында молда ма?!.

Жер-жерде мешіт салу бәсеке-науқанға айналғанын да білесіз. Ауыл басы мешіт орнату керек пе? Кейбір ауылда мешіт пәлен атаның балалары-на арналып салынып, оған сол ауылдағы басқа атаның балаларын кіргізбей-тін өрескелдік те жоқ емес. Ішкі-сыртқы қабырғасында пітір-садақа 300-500 теңгеден аз болмауын ескерткен хабарландыру ілулі тұрған мешіттерді де көргенім бар. «Бұларың қалай?» дегенге иланымсыз жауаптары дайын.

Және бір бәсеке – құлпытас орнату. Мысалға Алматының «Кеңсайын» алыңыз. Атақ-даңқы Қазақстаннан асып алысқа жеткен: әдебиет, өнер, ғылым, саясат... қайраткерлерінің (бәрінің болмағанмен) қабірлері басындағы құлпытасты аты ауылынан, ең арыда ауданнан, облыстан ұзамаған кейбір марқұмдарға қойылған құлпытаспен салыстырсаңыз – таудың етегіндегі төбедей ғана. Әрине, әркім өзінің қалтасына қожа, әркімге өзінің әке-шешесі, басқасы қымбат. Десек те, қалта бәсекесі дінді, арды арзандатып кете бергені қалай болар екен? Сіз шеттегі мұсылман елдерінде болып жүрсіз, оларда да мына біздегідей бәсеке бар ма?

Кейбір облыста әлдекімді мешітке жұмысқа орналастырғаны үшін пара алып, немесе мешіттің өзінде ұрлық жасап, немесе көрінеу сотқар болып, немесе өзінің білімсіздігін сынаған кісіні баскесер жалдап өлтірткізіп тұтылған, сотты болған молдалар – өз алдына бір «жыр».

Осының бәрі, құрметті Мүфти, шындықтың өткір жүзіне тура қарап жауап беріңізші, бізде дінге нақты бетбұрыстың әлі де айтарға ғана екенін аңғартпай ма? Өзіңіз басқарып отырған дін жүйемізде бір орталықтан қадағалануға тиіс тәртіптің, талаптың жоқтығы қалай? Талап бар болса, тәртіп қайда? Әрбір молда өзінше шарифат айтып, мысалы, діни бір қағиданы (жоғарыда мәлім еткенімдей) ала-кұла «түсіндеретіні» несі? Діни кадрлар мәселесі Басқарманың мәжілісінде қаралып, талқыланып көрді ме? Әлде сіздерде мәжіліс жасау, жұмыстарыңыздағы артық-кемді бажайлау болмай ма? Кейбір дүмше молдалардың дінді, мешітті жемқорлық пиғылына пайдалануы туралы жер-жерден дабыл түсіп көрген жоқ па? Түссе,

нендей шара қолданылды? Қысқасы: шынайы шарифат қайсысы, әсіребілгіштер мен дүмшелердің шарифаты қайсысы?

Мен былтыр Орталық мешітке жұма намазына екі рет бардым. Келушілерді жылы қабақпен қарсы алған, жөн сілтеген ешкім көрінбеді. Беломыртқа сырқатының кеселінен жерге малдас құрып отыра алмайтын болған едім, бірінші жолы қабырғаға сүйеніп шыдап бақтым, ал екінші жолы ұшырасқан молда жігітке: – Қарағым, бір орындық табылмас па екен? – деп едім, ол: – Жерге отыру керек, – деп бұрқ етті де, кете барды. Ол ол ма, бірде сенбі күні бардым. Ойым – марқұм әке-шешеме, туыстарыма атап құран оқыту. Кезекші молдаларыңыз шығар, төрде бір қарт отыр екен, барып сәлем беріп, шаруамды айта бастап едім, қартымыз кәдімгі кереннің о жақ, бұ жағындағы жан екен, уағалейкүмі жоқ:

– Не дейсің? – деп кеңірдегін кере сұрақ берді. Бұйымтайымды бес қайталап әрең ұқтырдым. Ол құран оқытар кісілерімнің аты-жөні жазылған қағазымды алмады:

– Мен мұны оқи алмаймын, оданда сен маған айта баста, мен жазып аламын, – деді. Менің айта бастағаным да, оның жазып алғаны да бар болсын, он кісінің аты-жөнін оның құлағына қайта-қайта айғайлап құйып бергенімше қырық минөт өтті. Мен «Қабыш» десем, ол: «Бағыс?» дейді, мен «Гүлзәбиға» десем, ол: «Кұлайша?» дейді... Бір жапырақ қағазына араб һәрпімен жазып отырды, онда қанша қате кеткенін білмедім.

Екеуіміздің «сұхбатымызды» тәптіштеп айтпай-ақ қояйын, сықақ теат-рының сахнасына дап-дайын оқиға болды. «Саңырауға сәлем берсең, атаңның басы дейдінің» өзі!

Маңайымызда менен бұрын «қансорпасы шыққандар» аз емес екен, бәрі де:

– Құлағы ашық молда табылмаған ба, бұлары несі?!

– Әдейілеп келгенде көргеніміз мазак сияқты бірдеңе болды ғой?!

– Құдайдың үйінде осындай сорақылық бола ма екен?! – десті. Жанымыздан өте берген молда жігітке:

– Шырағым, құлағы сау молда бар ма бүгін? – деп едім, ол жүре жауап беріп:

– Андағы молда да табыс табуға тиіс қой, – дей салды.

Сонда мешітті әлеуметтік қамсыздандыру мекемесіне айналдырғаннан саусыздар ма? Өлікке барғандарында кісі басы 3000 теңге беруді талап еткен жемқорларыңыз анау. Төңірегіңізде ондайлардың нешеуі жүргенін бір құдай білсін.

Дінді насихаттау – сіздердің парыздарыңыз, ал дінді, сіздерді құрметтеу – біздің парызымыз. Осы екі парыз да дінді силай білгенде ғана өтелмей ме?

(«Ислам әлемі». 2006 ж.)

АҚ СӨЙЛЕУГЕ ТИІССІҢ!

Мұхтар Мағауинге

Құрметті Мұхтар!

«Ұлтсыздану ұраның» туралы кең көлемде пікір айтпақ емеспін. Тоқ етері – шын мәнінде құнды еңбек, Халықұлы дәрежесіндегі қаламгердің нақ зарлы толғауы! Бек жақсы! Құймақұлаққа, зейіндіге жете бергей! Бірақ, мен елдің, халықтың мұң-мұқтажы, талап-тілегі, ана тіліміз жайында тәуелсіз баспасөз бетінде дер кезінде, ашық жазып жүргеніме көп жыл болса да, түрік құлақты, зерек зейінді көре алмай келемін. Сенің де ой-пікірлеріңді теріс ұғып, текекөзденіп жүрмегей солар.

Дәрежеңе қарай тек ақ сөйлеуге міндеттісің дегенде бірер түйінінде, меніңше, ағаттық барын ескертпекпін. Айтыс ретінде емес, жанайқайыңды түсінген соң түйсігімнің төрелігіне жүгінгім келгендіктен.

Әкежан Қажыгелдинді мұқата беруіңнің жөні жоқ. Рас, ол да тіл туралы бірдеңе деп, кіріспеске кіріскен, тек артынша қателігін түсініп, онысынан тиылған. Ал кітапхана, клуб, т. б. туралы оған телінген теріс істердің «авторы» ол емес, оның кінәсі – өзінен жоғарғының тілін алып, оқыстау қимылдағаны.

Роза апамыздың «ақ патшасынан» ауа жайылған ешкім жоқ (төңірегіне өзі тандап жинап алғандарынан), болмайды да. Көзіміз жетті. Әп дегенде Әкежан да сол қақпанға түсті. Тілі тәттінің айт дегенін айтып, қулығы шексіздің істе дегенін істеп жүрді. Алайда «Ештен кеш жақсы», ортақ шаруадағы шырғаландарды кешірек

аңғарып, қарсы келе бастады. Ең біріншісі, – егер жадында болса, – терещенколар обып жіберген қыруар қаржыны қайтартуға кіріскені. 12 миллиард долларды кімдердің және қалай алғанын «Егемен Қазақстан» мен «Казправдаға» үкіметтік құжат етіп түгел жазып, Бас прокурор Шуткиннен ресми тексеруді өтінген болатын. Бірақ үкіметке бағынбайтын заңгер ақылдасатын көсемімен сөйлескен де, «Қажыгелдин мәселесі» пайда болған. Әйтпесе, халық несібесіне қол сұққан Әкежан жоқ. Ол «жылдық табысымызды жұртқа жария етіп отыруға тиістіміз» деп, «Табыс декларациясын» шығарып, өзінің Ресейде брокерлік қызмет істеген жылдарында 3 миллион доллар тапқанын ашып көрсеткен. Оны обләкім Ғ. Жақиянов, министр М. Әлиев қолдап, декларацияларын жариялады. Содан кейін жариялау тиылды да, жиналған декларацияларды жою жөнінде «ақ патшаның» жарлығымен комиссиясы құрылып, ухит та сухит жасалды. Рас па? Рас!

Ал жолын кесе беретін кадрдан құтылудың совкомпартиялық екі жолы болды ғой: не өсіру, не өшіру. Әкежанды өшіре алмасын білген «ақ патша» өсірудің тәсілі «денсаулығына байланысты өз өтінішімен» аттан түсіріп, орден беру деп шешті. Сөйтіп құтылған соң, өзінің ол білетін құпиялары ашылып қалуы мүмкін екенін ескеріп, оны мүлде құртуды ойлады. Елдегі кәсіпорындардың, кен көздерінің арзанға сатылғанын, тегін дерлік жалға берілгенін түгелдей соған жапты. Ол қулығына ең беделді серігі Заманбек Нұрқаділеві пайдаланды. Заманбек өзі қуғынға ұшыраған кезде соның бәрін кеш те болса түсініп, арына жүгініп, Әкежанға (Лондонға) барып, кешірім сұрап келгенін тәуелсіз гәзетке жазды, оқымасаң да, естіген шығарсың. Шындықты аша бастаған соң Заманбектің неге ұшырағаны, әне!

Әкежанды құрту үшін билік оның соңына мықтап түсті, «шет елдердің банктерінде тығулы қаржысы бар» деген арам оймен ресми тексеруді бастады. Оның ақыры өздерін тауып, «Қазақгейт» шықты. Республика, қазақ халқы маскараға ұшырады. Яғни, гейтті шығарған Әкежан емес, халқыңның жағдайын ондауға жұмса деген жазбаша тарау-тарау келісіммен несиеге берген миллиардтаған долларының қолды болғанын сезісімен қаржысын қайтарып алуды көздеген АҚШ шығарды. Заңды қимыл!

Әкежан Қазақстанның экономикалық хал-ахуалы туралы жазған кітабының қаламақысынан табыс салығын уақтылы төлемеді (ауруханада жатып мерзімінде төлей алмағанын мойындап, кейінірек үстеме айыппен толық төлесе де), деген және басқа жасанды желеумен сырттай сотталды. Сотта біреу шымылдықтың арғы жағында отырып, аты-жөнін айтпастан куә болып: «Қажыгелдин – паракор, мен оған 1 миллион доллар пара беруге мәжбүр болдым» депті. Ол «біреу», кейін мәлім болғанындай, халықаралық полицияның іздеуіндегі алаяқ-қашқын Г. Лучанский деген екен («Дат» гәзеті, «Советник в розыске», 2002-жыл). Оның сол жылдары бізде тығылып жүріп, «қамқоршысының» сотта «былай айт» дегенін айтып берген.

Әкежан шетке еріккеннен кеткен жоқ. «Табыс салығын уақтылы төлемегені» үшін бізде бірінші рет және заңсыз түрде сырттай сотталған ол егер елден кетпесе, түрмеге тығып жіберілер еді де, онда «белгісіз біреудің» қолынан қаза табар еді. Сөз жоқ! Сондай-ақ, ол шет елде Қазақстанның қазағын жамандап жүрген жоқ, «Қазақгейт» процесіне еріксіз куәлікке тартылып, қойылған сұрақтарға жауап беруге мәжбүр болып жүр. Сот енді екі айдан кейін басталмақ, егер біздің «қабырға гәзеттер» мағлұмат бере алса, көре жатармыз мән-жайын. Ал оған дейін тәуелсіз гәзеттердің бәрі жауып тасталатын шығар.

2. «Оңған оппозиция жоқ... бағдарламасы халыққа қарсы» дейсің. Оппозиция әзірше қазақы емес десең, ол бірсәрі болар еді. Қатарын көбейту үшін барша ұлт-ұлыс өкілдерін ішке тартуы керектіктен қазақылығы кемшін болып жүргені анық, оны түсіну керек. Бірден қазақыланып кетсе, басқа нәсілділер үркеді, жоламайды. Яғни күш алу үшін баяғы интернационализмді ұстанбасқа шаралары жоқ. Орталарында болғанымда қазақылану қажеттігін мен де ұқтыруға тырысып жүрмін. Үлкен саясаттың ішінде «кіші саясат» деген болады, біздің оппозиция соны ұстанып отыр, бірақ өйтудің уақытша екенін олар жақсы біледі, басқалардың түсінуін де қалайды. Оппозиция тек билікке құмартатын күш болмауға тиіс. Ол – биліктің көлденең сыншысы, тіпті жәрдемшісі, қамқоршысы. Халық үшін атқарылар істе билік нендей қателік жіберіп жа-

тыр, әне, соны ашып айтып отырушы. Билік онысын жаулық деп білсе, оппозиция сонда ашынып, кесек қимылға көшуі, билік басына баруды қажет етуі керек. Нағыз оппозиция солай. Ал бізде жас оппозицияны жау деп қана санау, оны көзге ілмеу, бара-бара әділ пікірлері үшін жазалау ә дегеннен басталды. Оппозициядағыларды сабап кету, соттап жіберу, өлтіріп тастау болды ма? Болғанда қандай! Тұрған үйлерінің есіктерін түнде сыртынан цементпен шегендеп тастау, кеңселерін талқандау, өртеу, ішіне өлі итті тастап кету, ол иттің басын гәзет редакторының пәтерінің сыртқы есігіне іліп қою, гәзеттерін тәркілеу, жалға алған кеңселерінің суын, электр жарығын, телефонын құртып, одан қалайда қуып шығу... айтар бар ма, сұмдықтың небір «көкесін» көрсетті емес пе? Осы күнге дейін солай! Өстіп «отырса – басқа, тұрса – аяққа» соғу кімді оңдырады? Биліктің адамның ойына келмес озбырлығы кесірінен берекелі жұмыс істей алмай қиналып жүрген оппозицияны қосыла тоқпақтау саған жараспайды. Оппозицияның не екенін біледі екенсің, партиясына мүше болмасаң да, ақыл қос, жөн сілте. Дәтің жетсе, биліктің бұл бағыттағы ағаттықтарын ашып айт, дәлелдеп жаз. Өйтпесең, билік әдейі шығарған өртке шөмшек салмағын!

Демократиялық қозғалысты бастаушылар биліктің, бірінші кезекте күйеубаласы Р.Әлиевтің) озбырлық атаулысын «ақ патшаның» алдына тәуекелмен жайып салып (қажет құжаттың бәрін алып Ғалымжан Жақиянов барған), шыдамның да шегі болатынына оның көзін жеткізіп, құптаған батасын алған. Сол батаға сеніп іске кірісіп кеп кеткен жас демократтар іле-шала премьер-министр Қ. Тоқаевтың дөрекі талабымен (президенттің айтуымен екені сөзсіз!) қызметтен қуылып, екіжүзділік саясаттың жеміне айналды, сотты болды. М. Әбіләзов, жазығы не екенін анық білмеймін, әйтеуір, бір жаны үшін кешірім сұрап, түрмеден шықты. Ғ. Жақиянов адалдығына сенді де, кешірім сұрамады. Ғалымжанның не үшін сотталғанын білмесең, айтып берейін. Ол мемлекеттің қаржысын ішіп-жеп қойған жоқ. Жаңа әкімге Облыстық денсаулық сақтау бөлімінің басшылары Орталық дәріхана қоймасы саздауыт жерде тұрғанын, соның кесірінен дәрі-дәрмек көп бүлініп, шығынға батып жүргендерін мәлімдеген.

Соңғы он шақты жылда қанша айтса да, олардың жанайқайларын Павлодар да, Астана да тыңдамаған. Жаңа әкім Ғалымжан қоймаға барып, ондағы төзгісіз жәйтті көріпті де, жаңа қойма салдыруды қолға алыпты. Оған бюджеттің құрылыс бабынан берер ақша болмаған соң (жыл аяқталып қалған тұс) басқа бабынан 2 миллион теңге алып жұмсауға шешім қабылдаған. Онысы қылмыс па еді? Жоқ! Бірақ жоғарыдан нұсқау алған жергілікті тергеу, сот орындары «Қылмыс!» деп іс қозғады. Сөйтіп, жабыла іздеп, бұрынғы әкім Д. Ахметов, т. б. былықтырғанды жиып-теріп таққан айыбы – «Қызмет пәрменін пайдаланып, мемлекетке 2 млн. теңге зиян келтіргені». Облыстық соттың үкімінде осылай жазылған. Жеке өзі, немесе сыбайласа ішіп-жеген 1 теңге де жоқ, ал егер ондай ілік болса, билік оны ең кемінде 20 жылға соттап жіберер еді!.. Сонымен, павлодарлықтардың денсаушылығына қамқорлық жасаған Ғалымжан 7 жылға сотталып, түрмеге отырғызылды. (Әкежанның табыс салығын «уақтылы төлемегені», т. б. үшін сырттай 10 жылға сотталғанындай!). Ал дәп сол тұста Теміржол министрі Абылай Мырзахметов дегенге сот болып, ол «Қызмет пәрменін пайдаланып, мемлекетке 1, 2 миллиард теңге зиян келтіргені үшін» 5 жыл шартты жазаға кесілді де, көп ұзамай, басқа қызметке қойылды, бүгінде республика кәсіпкерлер бірлестігінің президенті. Оны Рахат Әлиевтің кадры деседі, көпе-көрінеу қылмысы үшін әділ жазадан құтылып кетуі сондықтан болар.

Міне, біздегі «әділеттілік»! Ақ патша бәрін көріп, біліп отыр, бірақ үндемейді, өйтетіні – өкімет пен үкіметтің барлық шарасы оның келісуімен, тіпті нұсқауымен істеледі. Бұл – баршаға мәлім шындық!

Егер билік оппозициямен, ол арқылы халықпен түсінісіп жұмыс істесе, осындай және басқа да болып жатқан сорақылықтарға жол берілмес еді. Ақиқатты айтқызбайтын биліктің адал өмір сүрмейтіні әлімсақтан мәлім ғой. Біздің рухани құл – зиялыларымыздың көбі осыны ойламайды. Ойлағылары келмейді. Өзінің ойлау қабілетін бағалай білген, ойлана білген адам ғана құлдық сезімнен ада болмақ.

3. Толғауында мемлекеттік тілге қатысты орынды түйіндер бар.

Өз тілімізді өзіміз қадірлемей, орыс тілінің көлеңкесінен шықпай жүрген және бір құлдық «қасиетімізді» шабақтапсың. Жақсы. Бірақ осынау топтың бір басшысы болып жүрген Олжас Сүлейменовті аузыңа бір рет те алмауың кәдімгі ағайынгершілігің болса керек. Орыстардың «Бей своего, пусть чужие боятся» қағидасына берік Олжасың аспаннан түскен тәуелсіздігіміздің бірінші күнінен әліге дейін орыс тіліне мемлекеттік мәртебе берілуін талап етіп келеді: – Қазақ тілін білмегендер қызметтерінен қуылғалы жатыр, ұлы орыс тілінің өрісі тарылып, Қазақстанда орыстардың жолы кесіліп жатыр... – деп орыстілді баспасөз бетінде жар салды, сонысынан жаңылар емес. «Қазақ – әлі қалыптаспаған халық» деп те көйітті. «Ақ патшаның» аузына қарап отырады да, ол не десе, бұл соны қайталай қояды. Арғыларын термегенде, соңғы кезде: «қазақта шекара болған жоқ, бүгінгі жерінде мемлекеті болған емес», деп арқырады. Кәне: Солженицын – Жириновский – Сүлейменов бір блок емес деп көрші!

Білікке жағынғанның да, ат-атаққа, дәрежеге, сый-сияпатқа құл болудың да шегі болу керек қой?!.

Сен Олжасқа шаң жуытпайсың. Журналыңда ол туралы шыққан мақаланың бәрінде оны «ұлы ақын» деп бастап аспандатасыңдар (өз басым қазақ поэзиясында Абай ғана Ұлы деп білем!). Сендерше, Олжастың ақындық қуаты қазақтың ешбір ақынында болмағандай және жоқтай. Мен де өлеңді бір кісідей оқимын. Ал Олжасты табынуға тұратын ақын деп мойындаудан аулақпын. Ол – жап-жақсы ортақол ақын. Қазақ поэзиясын ой құдіретімен, тіл көркемдігімен шырқау биікке шығарып қойған ол жоқ, шығаруға шамасы жетпейді де! Жүсіп Аймауытов, Мұхтар Әуезов, мысалы, ұлттың көсегесін ана тілін білетін адам ғана көгертерін айтқан жоқ па? Күні ертең Олжастың әдеби мұрасы қазақ поэзиясының қорынан емес, орыстілді ақындардың кебежесінен ізделетіні сөзсіз. Бүгінде оның қазақ оқырманына жеткен өлеңдерін түпнұсқасымен салыстырып көрсек, әділеттілікке жүгінелік, Қадыр Мырзалиевтің аудармасы оның ұпайын көбейтіп жіберген. Олжас әуелде, өзің білесің, Ю. Гагарин сапарына арнаған саяси өлеңімен бағаланып, содан көтерілді. Ал оның «Адамға табын, Жер, енді!» деуі дұрыс

емес. Жер – Анамыз десек, кейбір шашбаушысы: «Қазақ анадан бұрын атаны, әкені құрметтеген, Жерді анаға теңеуге болмайды» дейді. Қазақтың Ана хақында айтқан асыл сөздерін теріп әуре болмай-ақ, «Алып анадан туады, ат биеден туады» деген қарапайым ғана пайымдауын білу де Ананы қастерлеуге жетіп жатыр! Жер емшегін емуді өсиет еткенінде Абай Жерді Анаға балаған болар?!

Жалпы, мен Олжастың ақындығын сөз еткен жоқпын. Онымен бақталас, бәсекелес емеспін. Ешбір атақ-құрметті одан қызғанбаймын. Оның азамат ретінде бойалдырып жүрген ағаттықтарын нали, намыстана, ашулана айттым, керек болса, әлі де айтамын. Одақта бірге қызметтес болғанымнан білетін солақайлықтары да жеткілікті, егер қуарлап айту керек болса. Бірақ өйте қоймаспын, қажеті не?! «Невада-Семей» қозғалысындағы, іс-қимылы тұсалған партиясындағы «жұмбақтары» – өз алдына бір «жыр». «Партиясы» демекші, сол партиясының бағдарлама жобасын жасап берген қызметші дос-жолдастары «возрождение казахской нации» деген бап енгізген екен, Олжас тас-талқан ашуланып, алдырып тастапты, оның сол «ерлігіне», өз ұлтына солайша «жаны ашыған азаматтығына» Алдан Айымбетов қатты намыстанып, қорланып, орнынан ұшып тұрып, жұрттың көз алдында Олжасқа: «С этого момента я буду бороться против вас – антиказаха!» – деген. Міне, «ұлы» Олжастың сиқы!

Мен Сәду Машақовтың, Сапарғали Бегалиннің, Медеу Сәрсекенің, Қайым Мұхамедхановтың мерейтойларын өткізумен Семейде ресми сапармен ғана төрт рет болдым. Одақта 2-хатшы кезімде. Соның екі жолында бірнеше кісі мені оңаша шақырып: – Анау «Невада-Семейдің» Олжасы полигоннан зардап шеккен семейліктерге деп жиналған қыруар қаржыдан бізге бір тиын да бермей, құр сөзбен, өзін өзі аспандатумен сілемізді қатырып жүр. Қозғалыс қорына қаншама қаржы жинадық, оның келу-кету, әр жолы 10-20 қонағын күту, жиналыс жасау, т. б. шығындарын көтеріп келеміз. Жиналған қаржымызға мектеп, емхана салдыртып беруге уәде етті, бірақ бәрі ұмыт болды. Бірер мүгедекті анда-мында апарып көрсеткіштеп, сол арқылы арзан бедел жинап, мұндағы жұртты ақымақ санап, жүйкемізді тоздырды. Ашынған жұрттың

талап етуімен «Невада-Семей» қоры тексеріліп, ондағылардың жиналған жүздеген миллион долларды өзара бөліске салығаны дәлелденген еді. Ісі сотқа түсірілетін болған. Неге екенін білмейміз, ақыры зым-зия болды. Сіз ашық сөйлеп, анық жазып жүрсіз ғой, біз Олжастың мафиясына КРУ Минфина жасаған 130 беттік актіні сізге берейік, қозғау салыңызшы! Жауып тасталған жерінен таптырып алыңызшы! Оның Беренбаум деген жемтіктес еврей досы бар еді, сонысы іс қозғаларын естісімен Израильге қашып кетіпті. Соны ұстату керек, одан да, Олжастан да, Машкевич, Шодиев, Ибрагимов, тағы басқасынан атомнан зардап шеккен мұндағы мыңдаған мүгедекке тиесілі ақшаны қайтару керек! – деді. Мен егер Олжасқа пәле іздесем, айтқан актілерін алар едім де, «ақ патшаның» досы – Олжастың ол былығын нысана етіп жүрген журналшылардың біріне ұстата салар едім. «Бөріктінің намысы бір» ғой, сасықтау болса да сол намысты қалқалап, ақынды сатқым келмеді де: – Сіздер оны маған ұсынбаңыздар, мен заңға шорқақпын, осында небір заңгерлер бар шығар, солармен кеңесіп көріңіздер, солар жолын айтар, – деп кеттім.

Ал олжастар тобының былық-шылығы бастарынан асып жатқанға ұқсайды. Жақында біреу үйіме телефон соғып, «аты-жөнімді әңгімеден кейін айтам» деп алып: – Сіз Кешірім Бозтаев үшін Олжас Сүлейменовті сынап жүрсіз, гәзеттерден оқыдық, өте дұрыс. Енді бізбен кездесіңіз, менде Сүлейменовтің мафиясына қатысты 130 бет акті бар, соны гәзеттерге беріңіз, олар сіздің тіліңізді алатын шығар, – деді. Мен әдейі аңқаусып: – Ол мафияда кімдер бар екен? – деп едім, анау: – Машкевич, Ибрагимов, Шодиев бар. Бәрі – миллиардер! Бәрі «Невада-Семей» қорынан шыққан. Олжас та миллиардер, бірақ ол тығып ұстайтын болар, білдірмейді ғой! – деді. Кіріскім келмеді: – Менен көмек күтпеңіз, менде қазір ондай-мұндайға жарар денсаулық жоқ, мазаламаңыздар! – деп құтылдым.

Менің Олжасқа бар-жоқ ренжігенім – Семей полигонын жабу күресін Кешірім Бозтаевтың бастағанын жоққа шығаруға тыраштануы. Не үшін? Ат-атақ жетпей жүр ме оған? Марқұм адамды даттау мұсылмандық па? Кешірімнің ерлігін «ақ патша» 1993-жылы жазбаша қуаттаған, растап берген, ал Олжас 2000-жылы

мойындаған еді, енді 5 жылдан кейін кереғар сөйлей бастады. Онысы іске аспайды!

Содан кейін Тұрысбек інім де оны тәуір-ақ қолпаштап роман жазуда екен. Жазсын. Ақындығын әспеттесін, егер шынайы өнегеге татыса. Ал ойқы-шойқы азаматтығын, биліктің ағын да – ақ, қарасын да – ақ деп жағы талмас жаршысы болып жүрген итаршылығын «жаба тоқымасын». Заман өзгергенде ақиқатты білгін ел-жұрттан ұят боларды ойласын.

Анау жылы Сәбит Дөнентаевтың мерейтойын өткізе Павлодарға барған жолымда бес шалдың ортасында бір түн әңгіме тындап рахаттанған едім. Сонда сексен бірдеңе жастағы бір ақсақал Олжабай батыр шежіресін шертіп отырып, оның бір ұрпағы Сүлейменнің Омары, анау ақын Олжастың әкесі болатын деп келіп: – Омар марқұм офицер еді, шекарада бір шатақ болып, сонда оққа ұшты ғой! – деді. Мен оншама мән бермедім, ол ақсақалдың аты-жөні жадымда қалмапты. Егер солай қаза болғаны анықтала қалған күнде (КГБ-ның мұрағатжайынан) Омекеңді «халық жауы» деген жаламен мерт болды деп, анық-қанығына жетпей жаза салған роман авторы ыңғайсыз жағдайда қалар-ау.

4. Мұхтар-ау, сен «ақ патшаның» астананы Ақмолаға көшіруін қаһармандыққа балайды екенсің. Алайда бұл мәселені аяулы арыстарымыз кезінде күнтәртібіне қойды емес пе? Мұныкі соны іске асыру ғой. Әрине, онысы үшін де мадақтауға болады. Бірақ, әр нәрсенің уақыты, жөні бар. Тәуелсіздік бұйырып, бұрынғы одақтық жан-жақты экономикалық байланыс быт-шыт болып, колхоз-совхоз бассалып сатылғандықтан ауыл шоңқиып, халықтың жағдайы күрт нашарлап кеткен тұста көшіру тым асығыстық болды. Қолдағы қаржыны қатаң есептеп, газ-мұнайдан түсер мол кірісті таза, адал жинақтап, халықтың әл-ауқатын көтеруге жұмсап, үш-төрт жыл байсалды әрекет жасау керек еді, ол екіарада солтүстікті ешбір жау басып алмайтын еді. Мен жылда екі-үш облыста, ауылдарда тұратын туыстарымда, дос-жолдастарымда болып қайтып жүрмін. Сонда көретінім: халықтың жағдайының ауырлап бара жатқаны. Ауылға іс жүзінде қамқорлық жоқ. Қылаяғы ауызсуға жарымай отырған ауыл көп. Айтып тауысқысыз тауқымет! Оны

білмейміз, қаржы шөккен қалаға бауыр басып алдық та, құдай берген нәпақаның арқасында шолжаңдап, сонау ауылдың тұрмысы да өзіміздің тұрмыстай ғажап деп ойлаймыз. Ал «ақ патша» астананы көшірумен тарихта қалуға асықпай, халықтың тіршілігін туралап алуды, халықтың көңілі көнши бастаған кезде ғана астананы қолға алса, сонысы әлдеқайда дұрыс болатын еді.

Меніңше, Олжастың биліктің жаршысы болуын да «ақ патша» жасады. Ол «Невада-Семей» қозғалысы қорындағы жемқорлықты жақсы біледі, анау айтылып жүрген актінің бір данасы сейфінде шығар. Олжастың президент болу үмітін де сол актімен үзді, содан кейінгі жерде оны сол актінің күшімен ауыздықтап ұстап, жұбату үшін жылара марапаттап қойып, сөзін сөйлетіп жүр. «Қазақта шекара болмады, бүгінгі жерінде мемлекеті болмады» дегенді бірінші рет «ақ патша» айтты да, іле-шала Олжас қайталады. Олжас «Қазақгейтті» де ақтап сөйлеген, мемлекет қаржысын шетелдік банктерде сақтай тұрмаса, ол талан-тараж болар еді деп кенет «маман финансист» те болған. Ал енді ойланшы, логикаң не дер екен?!

Жазушылар одағы партия ұйымының хатшысы кезімде Мемлекеттік сыйлық жөніндегі комиссияның бір өкілімен әңгімелесе қалғаным бар. Сонда ол комиссияның төрағасы Олжас Сүлейменов болып, оның күшімен (Д. Қонаевтың арқасында) комиссия мүшелерінің 80 процентін Орта жүздің өкілдері еткені тізіп тұрып айтты. Орта жүз ақын-жазушыларының Мемлекеттік сыйлықты тез алуы соның нәтижесі делінді. Ол өзіңе де аян. Олжастың тұсында сыйлық алғандардың бәрі лайықсыз еді дегуден аулақпын. Бірақ Олжастың қиюластырғаны ақиқат қой?! Әлбетте! Сонысы үшін де оны кінәламаймын, тек шындықтың аты – шындық екенін ескеріп отырмын.

Саған айтқым келгендер – осы. Біздің кімді болсын біржақты сипаттаудан тартынғанымыз жөн болар. Халық бар жерде шындық тірі.

Мұны онда-мұнда дереу жариялау үшін емес, әзірше ішіміз білсін, зияны болмас деп жаздым. Кейін жинағымға енуі мүмкін.

03. 07. 2006 ж.

ИӘ, «БҰЛ НЕ?» Нүргүл Қалиеваға

Қарағым Нүргүл!

Жетпістен асқан жасы бар, біразды көрген басы бар менің бірауыз сөзіме назар аударып байқағын. Сенің «Саясат-бизнес» делінген, гәзеттің «Ағаш ат» айдарымен берілген (№32, 4-10 тамыз 2006 ж.) мақалаңның «Бұл не?» бөлігі мені ренжітті (мені ғана болса, бірсәрі ғой). Себебі:

1. «Оппозиция «қаһарман» жасауға тырысқан Ғалымжан Жақиянов көпшілік саясаткері болмай шықты» депсің. Кім, қашан болсын жоспарлап қаһарман да, сатқын да бола алмайды. Егер биліктің екі дізгін, бір шылбырын қарысып ұстап отырғандар елді демократиялық жолмен басқару қажеттігін батыл айта өздеріне ашық қарсы шыққан Ғалымжаннан қорыққандықтан оны ешбір жазықсыз соттамаса (сен ол шындықты білмейтін сияқтысың), онда ол дегіштерге «азық» болмас еді. Ғалымжан кінәсіз екенін дәлелдеп айтудан танбады, биліктің дүлей күшінен қорықпады, түрме тауқыметіне төтеп беріп (ол өзін өлтіруге екі рет әрекет жасалғанын «Аптаға», «Свобода словоға» жазды, сірә, оқымағаның-ау!), шынайы қаһармандық көрсетті, кешірім сұрамай қойды. Яғни, Ғалымжанды қаһарман етуді жоспарлаған оппозиция болмағанындай, «оппозиция «қаһарман» жасауға тырысқан» соң қаһарман болуды жөн көрген Ғалымжан жоқ.

2. «...көпшілік саясаткері болмай шықты» дегенің де–түсініксіз сөз. Саясаткер көпшіліктің де, азшылықтың да өкілі болуға тиіс емес, олай болса, онда ол саясаткер емес. Саясатпен айналысуға шыққандар ар-ұятына қарай не билікке, не оппозицияға қызмет етеді. Екі ортада жүретіндер – сайқалдар, екі жақты да арандатушылар. Ғалымжанның оппозициядағы саясаткер екені баршаға мәлім. Түрмеде отырып та жазған, еркіндікке шыққаннан кейін де жазып жүрген мақалалары, баспасөз тілшілерімен сұхбаттарында анық айтып жүрген ой-пікірлері – мұның айғағы; «бүгінде Ғалымжан оппозицияға керек емес» деген жаңсақ пікіріңе де жауабым – осы.

3. «Ғалымжан әлдебіреулер күткендей атойлап, атқа мініп билікке қарсы шаппады... митингілерге де, қарсылық акциялары-

на да, оппозицияның өз ішіндегі бөлісіне де қатыспады... бүгін оны оппозиция қабылдамады» деген тұжырымдарың мүлде қате, құдды бар-ау, биліктің сөзін сөйлейтіндер ойдан шығарып жүрген кекесін сөздерге ұқсайды. Ғалымжан оппозицияның барлық жиындарына қатысып, батыл ойларын бұрынғыдан да өткір айтып жүр. Заманбек Нұрқаділовтің, Алтынбек Сәрсенбаевтың қазасына қайғырып, ол оқиғаларды бажайлауға арналған әңгіменің барлығына белсене қатысып, қылмыстардың ашылуын батыл талап етуде. Билік апатқа ұшыратып жатқан «Шаңырақ», «Бақай» ауылдарында да болды, жәбір көрген көпшілікпен ашық кездесті, түсінісіп сөйлесті. Бұдан шынымен бейхабарсың ба? Алматыда шығатын тәуелсіз гәзеттердің не жазып жатқанын, Ғалымжанға, оппозицияға қатысты жәйттерді білмесең, онда сырттай және беталды неге жазасың? Оның жорналшыға жараспайтын қарекет емес пе?!

«Оппозицияның көсемі болу Жақияновтың да қолынан келмеді. Ол қоғамдағы өзінің рөлін әлі анықтаған жоқ», дегенің де шынында билікшіл жазғыштардың Ғалымжанға күйе жағу әрекеттерінен аумайды. Қаһарман болуды жоспарламаған Ғалымжан оппозицияның көсемі болуды да көксеген емес. Мұны өзі айтып та, жазып та жүр. «Елдің демократиялық жолмен дамуына үлес қосуды ғана ойладым, сол үшін күреске шықтым, сол үшін әлі де күресемін!» деді.

Қарағым Нұргүл, есінде болсын: жалпы оппозиция туралы жазбастан бұрын оның ішкі-сыртқы тірлігінен жеткілікті ақпар ала білуің керек және сол ақпарды талдап жаза білуің керек. Өйтпейінше бір ауыз болсын сын айта салу кәдімгі кекеп-шалпып шәйпәу сөйлеу болып шығады. Ал Ғалымжан Жақияновты жазғыруға дәл қазір сенің де, менің де, басқаның да құқы жоқ. Себебі: ол кесімді уақытының төртжарым жылын ғана өтеді, алда екіжарым жылы бар. Оның аузы да, қадамы да аңдулы. Өзі тұратын ауданның полиция бастығы рұхсат бермесе, Алматыдан аттап шыға алмайды. Яғни, билікке керегі – оның жаңсақ сөйлегені, аяғын жаңсақ басқаны, билікке ұнамайтын әрекет жасауы. Сөйтсе-ақ бітті – бассалып түрмеге қайтадан тығады да, айыпты үйіп-төгіп

тағы соттап, бірнеше жылды қосымша арқалатып қояды. Бізге солай болғаны керек пе? Ондайдан құдай сақтасын!

Алматы. 10. 08. 2006 ж.

(Нұрғүлдің мақаласы «Алтын орда» газетінде шыққан. Мен мына хатымды сонда жібердім. Бір аптадан кейін редакторы Дәрмен Қуат үйге телефон шалып, автор үшін кешірім сұрап: – Мен кезекті демалыста болып, жұмысқа кеше шықтым. Мынау қажетсіз мақала менің қолымнан өткен жоқ. Кінәлілерге ескерту жасадым. Мұндай келеңсіздік бізде енді болмайды! – деді. Жөн білгеніне рахмет!).

ДҰРЫС-АҚ!.. ДЕГЕНМЕН...

Көпен Әмір Бек мырзаға екі ауыз сөз

Қадірлі Қаламдас Інім! «Көкемнің көзі» делінген жаңа жинағыңның соңғы бетін жапқан соң қолыма қалам алмасқа болмады. Шартты шығарманың кейіпкерімен емес, күні кеше арамызда болған не бүгінде аралас-құралас үлкен-кіші замандастарымызбен сұхбат берілгенде автор нақты деректен алай-былай ауытқымағаны жөн. Ақиқат әсіресе ертеңгі ұрпаққа қажет, оны ойламауға қай автордың болсын құқы жоқ, бірақ кейбір қаламдастарымыз өзінен өзгелерді ұмытып кете береді.

Сенің де ауытқуларың бар екен (әлбетте, әдейі солай жазған жоқ шығарсың), сол туралы пікір айтайын.

1. «Құрманғазы – қазақтың күй атасы» деуіміз қате. Халқымыздың күй өнері Құрекеннен басталған жоқ. Аңыздағы Қорқытты қоя тұрғанда, Шыңғыс ханға ұлы Жошының қазасын күймен естірткен Кетбұғы қайда? Талай беті таспен бастырып тасталғандай тарихымызда домбыраның бұдан 6 мың жыл бұрын болғаны жайында ғылыми дәлелденген дерек бар (Жұмагелді Нәжімеденов, «Қоңыр үнді домбыра»; «Дайк-Пресс» баспасы 2008-жылы қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығарған), яғни қазақтың күй атасы кім екені беймәлім, ендеше Құрекенді «күй атасының міндетін уақытша атқарушы» етпелік.

2. Шәмшінің «қолтаңбасын» сонау бір жылдары естігенмін, Шәкеңнің «баласы» екеніне күмәнданғанмын. Бірде өзіне

айтқанымда басын шайқап, сылқ-сылқ күлген де қойған. Мен қуарламадым. Енді «Көкемнің көзінен» оқыған соң, анығын бір білсе сері ақын Сәкен Иманасов білер деп ойлап, телефон шалып, есен-саулық сұрасқан соң өлеңді оқыс оқи жөнеліп едім, ол мені үшінші тармақта-ақ «ұстап алып»:

– Тоқтай қалыңыз, олай емес, дұрысы былай, – деп өлеңді жатқа айтты. Кітабындағыдан Сәкен нұсқасындағы өзгерістер мыналар: екінші тармақ – «Сұлумен ойнап-күліп жүрді біреу», бесінші тармақ – «Есігін жеті жұмақ ашқандай-ақ», жетінші тармақ – «Сазға біткен солқылдақ самырсындай», сегізінші тармақ – «Алмаспен көк алманы тілді біреу», он бірінші тармақ – «Жылдай таң жылдам атты-ау, уа, дариға!».

Меніңше, Сәкеннің «түзетуі» дұрыс, себебі:

өзіңнің жарыңмен ойнап-күліп жүруің – «обалдау», ал басқа бір сұлумен ойнап-күлуің – сауаптау;

қазақ «сегізге» ділгер болмаған, «жетіні» меншіктеген;

алманы «шымға біткен бүлдіршіндей» деу түсініксіз, ал әлі пісе қоймаған «көк» алманы «сазға біткен солқылдақ самырсындай алмаспен тілу...» – сурет қой, сурет!

Қысқа таң өзінен өзі-ақ ешкінің құйрығынша шолтаң ете салады, ал сұлудың шымылдығына «оқ жыландай атылып кірген» жігіт үшін жылдай таңның жылдам атуы сұмдық өкініш емес пе?!

Сәкен бұл өлеңді ауылда жүрген бозбала шағында жазып алыпты (бүгінде 70 жастағы кісінің бозбала шағы қай жылдар екенін есептегін). Кімнен, қашан екенін білмейді. Мұндай өлеңді жазып алу қай бозбаланың болсын ыстығын көтеріп, есін шығарып жіберер, ә?

Одан соң көпті естіген көне құлақ қой деп Уаһап Қыдырхановқа телефон шалдым. Ол тым-тырыс тыңдап алды да:

– Андағы өлең менде бар, баяғыда, қырық бірдене жыл бұрын, Төкен Әбдірахмановтан жазып алғанмын, авторы кім екенін айтқан-айтпағаны есімде жоқ, архивімді ақтарайын, табылып қалар. Сөз саптау сыңайы Сегіз Серіге сілтейтін сияқты, – деді.

Ал керек болса!

3. Қадыр Мырза Әлидің «Иірімі» оған дейінгі «кітаптары өтпей запы болған» ақынның Велбетси «теориясына» ден қойып жазғаны шығар. Сол «тапқырлығының арқасында» Қадыр құрдасым марқұм болып кеткен қаламдастарымыз: Ілияс Есенберлинді, Әнуар Әлімжановты, Сабырхан Асановты, Жүмекен Нәжімеденовті, Сағат Әшімбаевты, Мұқағали Мақатаевты, Әділбек Абайділдановты... кәдімгі жел сөзге жем қылыпты. Олардың қайсыбірінің әйелдері, балалары, туыстары менің «Жас алаш» гәзетіне: «Әлімжановтың түбіне жеткен Есенберлин емес!» деп Қадырға наразылық мақала жазып, оның жалған мағлұматын «жыртып тастағанымды» оқып, маған телефон шалып, мұңдарын шақты. Сабырханның Шолпаны, Сағаттың Шәрбануі, Жүмекеннің Нәсібі Қадыр құшырланып жазған «фактілердің» мүлде бекер екенін қатты ренжіп айтты. Ол «фактілердің» жалған екені рас.

Қадырдың «қазақ әдебиетінде болуға тиіс жаңа жанрын» ақы берсе де қолдамайтынымды 2005-жылы «Жас алаш» гәзетінің дәстүрлі «Ашық әңгімесінде» мәлімдеп: – Мұхаммед пайғамбарымыздың хадистерінде: «Өмірден өткендердің жақсы жақтарын ғана еске алыңдар. Жаман жақтарына келгенде тілге тиым салыңдар»; «Марқұм болған адамды қорлағандар пәлеге жолығады»; «Марқұм жандарды жамандамандар, олар іс-қылықтарына қарай силық не жаза алатын жерге барды»; «Марқұмдарды ғайбаттап, олардың тірі туыстарын ренжітіп алмандар» делінген, мен – Мұхаммедтің үмбетімін, аруақтан аттамаймын, ал Қадыр аттап кете берсе, өзі білсін, – дедім. Бұныма құрдасым біраз тулаған көрінеді.

Мемлекет, үкімет басында болып кеткен марқұмдардың қателіктері айтылып, жазылып жатуы – саясаттың шаруасы, халыққа тигізген кесірлері келесі басшыға сабақ болсын дегендік, ал күні кеше ғана өзіңмен қатар жүрген қарапайым замандастарыңның бейресми мінез-құлқында болған пәлен-түглен селкеуліктерді олар қайтыс болған соң айтудың қажеті жоқ.

Бір «қызық» дүние: Қадырдың бұл «шығармашылық жаңалығына» Г. Бельгер, Т. Шарманов ду қолшапалақтағанда еріксіз таңдандым.

4. Шота-Аманның «Мыңжылдықтың адамдары», «Жүзжылдықтың адамдары» дегені – жетіайлық нәрестеге ұқсас нәрсе: нәрестені жетілдіру үшін тоғыз ай, тоғыз күннің орны толғанша күту, емдеу керек; соның өзінде біразы шетінеп кетеді. Ал Шотаның «мыңжылдығында», өзгені қоя тұрғанда, Әбунасыр Мұхаммед әл-Фараби, Абылай хан, Бұқар жырау жоқ. М. Қашқари, Ж. Баласағұн... қайда? Есесіне күйші Құрманғазы бар. «Жөн-ақ»!

«Жүзжылдық» дегенінде солтүстік бес облысымызды «Тың өлкесі» деп оңашалап, Ресейге қосып алу сияқты хрущевтік сұрқия жоспарға Кремльде кол қойып берген Д. Қонаев бар, ал дарақы, ұр да жық Хрущевке сол жерде, сол сәтте жалғыз өзі арыстанша атылып қарсы шыққан, «Халықаралық сотқа жүгінеміз!» деп жынын қағып алып, қазақ жерінің ата-бабамыздан бар көлемін сақтап қалған Жұмабек Тәшенев жоқ!

Сондай-ақ, Шота-Аман Уәлихан мырзаның «Жүзжылдығына» илансақ: қазақ кино өнерінің көшбасы Іскендір Тынышбаев, бұл саланың саңлағы болған Шәкен Айманов қазақ халқына Олжас Сүлейменов ғұрлы еңбек сіңірмепті. Егер ақиқатқа жүгінсек, Олжастың орнына Әнуар Әлімжановты қою дұрыс болар еді. Қазақты, қазақ әдебиетін әлемге танытуда Әнуар атқарған «қара жұмысты» ешбір «тірі классик» атқарған жоқ. Мұханның, Мұхтар Әуезовтің: «Егер 1-Петр Еуропаға терезе тескен болса, Әнуар Әлімжанов Азияға шалқаынан ашты, – дегені бар.

Әнуардің мұрағатжайын ақтарғанымда оған: Азия, Африка, Америка елдерінің зиялыларынан көп хат келгенін көрдім. Ол хаттардың авторлары Әнуар арқылы Қазақстанды, қазақ атты халықты танығандарын ерекше ризалықпен айтып: «Тағы келіңіз!» деп тәнті бола шақырған. Өнекең АҚШ-та бір жарым ай болып, бес-алты институт-университетте дәріс оқыған ғой. Сол оқу орындарынан келген хаттар көп сыр шертіпті.

Студент жігіт Әнуардің сүйікті ұстазы Мұхтар Әуезовті КГБ-ның қанды қақпанынан құтқарып, Мәскеудегі А. Фадеев бастаған достарына жасырын аттандырып жібергені ескеруге татымай ма?

Жазушы Әнуардің «екінші Аристотель» – Мұхаммед әл-

Фарабидің бет-бейне суретін, ғылыми жазбаларын атамекеніне алғаш әкелген ғажап еңбегі елеуге тұрмай ма?

Немесе, Әнекеңнің құлдықтан азат бола бастаған Азия-Африка елдері жазушыларына жасаған жәрдемі ше?! Бұл елдердің атақты, көрнекті ақын-жазушыларын, аудармашыларын, сыншыларын 1973-жылы Алматыға жинап, конференция өткізгені қазақ қаламгерлеріне, Қазақстанға зиян болды ма?.. Әнекеңнің Джавахарлар Неру атындағы, Агостино Нето атындағы әдеби силиықтарды, «Лотос» журналының жүлдесін алғаны ештеңені аңғартпай ма? Өзімізде: Абай атындағы мемлекеттік силиықты және Комсомол силиығын алғаны өз алдына.

5. Осыдан бірер жыл бұрын «Елтұтқа» деп аталған, қазанның болмаса да, шөңкенің қақпағындай кітап шықты. Авторлары «пай-пой!»: Мырзатай Жолдасбеков, Ақселеу Сейдімбек, Қойшығара Салғараұлы. Тараздық Сағат Арынұлы оны мұқият оқып, мысалдап талдаған мақаласында кітаптің қазақ арасында алауыздық туғызатын зиянды екенін айтыпты. «Азат» гәзетінде жарияланған ол мақаладан үзінді келтірмей-ақ қояйын, себебі Арынұлының әрқашан ақ сөйлейтінін білем. Алайда бір мысалына тоқталуым керек, ол – найманның сары руынан шыққан тарихи тұлға Ақтанбердінің аруағын саудалаған мынау тарихшы-оқымысты үшеудің оны үйсіннің ошақты руына «өткізгендері». Ол «жаңалыққа» ақын, жырау, батыр, қолбасшы Ақтанбердінің Аягөзді мекендеп отырған кәрі-жас ұрпақтары қатты наразы болып, арыз айта Астанаға дейін барды, «Қазақ әдебиеті», «Жас алаш», т. б. гәзеттерге мақала жазды. «Жас алаш», «Жас қазақ» гәзеттерінде менің де қарсы пікірлерім жарияланды. Тарих талапайға түсе бастаған мынау заманда ақиқатты айқайлап айтпасаң болмайды (төбеде отырғандар тыңдамаса да, төмендегі қалың жұртшылықтың, жас ұрпақтың хабардар болғаны керек, біздің бүгінгі біліп-білмей істеген қателіктерімізді күні ертең тарихи деректерді ар-ұят таразысына сала түзететін әділеттілер жас ұрпақтың сапынан шығады). Алайда, мына «Көкемнің көзінде» айтылғандай, М. Жолдасбеков мырза: «...мен Ақтамбердінің тегінен болам. Тегім – ошақты, оның тасжүрегіненмін» деп

шоқтықтанып («тасжүрегінен» екені рас екен), атам айтқан, әжем айтқандап, барымтасын жалғастырып, Ақтанбердіні бір жол жазба дерексіз иеленіп жүр. Егер оның әдеби барымта тәсілін малдансам, мысалы, мен де, «пайғамбар жасынан асқан соң» шындықты қызыл тілмен шандып тастап: «Сүйімбайдың әкесі Арон – еврей, арғы атасы өткен ғасырда осы жаққа келіп, бір кедей қазақтың қызына үйленіп, қалып қойған саяхатшы екен» деп, Жолдасбековше «дәлелдеп» бере алар едім, өйткені «Арон» – орыстың «Иваны» мен «Василийі» сияқты, еврейлерде жиі кездесетін есімдердің бірі. Алайда, құдай сақтасын, мен аруаққа ауыз салмаймын, оны өтірікпен қайта кебіндемеймін, көргенсіздік жасамаймын!

Айтпақшы, егер Ақтанберді шынында Жолдасбековтің бабасы болса, бірақ тарихта Бекежан, Батыраш сияқтанып аты қалса, Жолдасбеков екі қолын төбесіне қойып: «Ойбай! Ошақтыға үш қайнаса да сорпасы қосылмайды, ол – найман» деп безіп кетер еді.

Сөз ыңғайына қарай айта отырайын: осыдан үш ай шамасы бұрын «Таным» клубының интернет-гәзетін шолып отыр едім, – «Ақселеу Сейдімбек. ЕЛТҰТҚА. Хикая» деген шыға келді! «Е, «Елтұтқаны» Ақселеу жазған да, анау екі дос-жолдасы қосалқы бола салған екен; Ақтанбердіге қатысты қателікті Ақселеу бұл жолы түзеткен шығар» деп ойлап, кітаптың Ақтанберді әуелде бар тұсына көз жүгіртсем, бәз-баяғы қалпында – «ошақты»!.. Ала-құла болса да тарихты маңайлаған бұл кітаптың авторы біресе үш қасқа, біресе бір қасқа болғаны бізде тарихтың шынында көкпарға айналғанын тағы бір дәлелдесе керек!..

Сенімен сұхбатының бір жерінде Жолдасбеков мырза Өзбекәлі Жәнібековті жөнге салғанын, ҚКП Орталық комитетінің екінші хатшысы Меңдібаевты «жаман қорқытқанын» баяндапты. Ол екі «хикаясына» да сенбеймін. Меңдібаевтан бастасам: Колбинге арқа сүйеген ол ешкімнен қорыққан емес, «Алматы обкомын басқарғанда қазақтың бәрін қан қақсатқан» оған қоластындағы көптің бірі Мырзатайды сол сағатта-ақ қызметінен босаттыра салу шырпы сындырудан оңай еді.

«Ара-Шмель» журналының Бас редакторы кезімде обкомның 1-хатшысы М. Меңдібаевқа телефон шалып, Іле ауданында бір

коммунистің (ныспысы жадымда қалмапты) жазықсыз сотталып, түрмеге қамалғанын, біз ақиқатын анықтап мақала жазсақта, онымен егескендер бой бермей жүргенін айтып, шыншыл жас кадрға арашашы болуын өтіндім. Ол: «Журналыңыздағы ол мақаланы байқамаппын, маған бір данасын беріп жіберіңіз» деді. Арада бір апта өткенде өзі хабарласып: «Журнал қорғаған коммунист шынында кінәсіз екен, бастығының жемқорлығын әшкерелеп сөйлегені үшін қуғындалыпты. Ақтадық. Сізге, журнал коллективіне табыс тілеймін!» деді. Айтқандай-ақ, ақталған жігіт ертеңінде кабинетіме тісі ақсия көңілденіп келіп, алғысын жаудырды. Қазақ телерадио комитетінің төрағасы Сағат Әшімбаевты партияның Орталық комитетінің идеология бөлімі ҚазТАГ директорының орынбасарлығына жіберуге ұйғарым жасаған сәтте оны қорғап, орнында қалдырған Меңдібаев екеніне мен куәмін.

Өзбекәлі Жәнібеков болса, оның қазақжандылығы, іскерлігі, ақиқаттан аттамағаны, ұлттық мәдениетімізді өркендетуге өлшеусіз үлес қосқаны иісі қазаққа мәлім. Өзекеңнің «Тағдыр тағылымы» кітабында Мырзатайдың «мықтылығы» айтылған, оқығайсың.

6. Қабдештің депутат бола алмай қалғанына Әкежан Қажыгелдин кінәлі емес. Ол депутаттыққа сұранған жоқ, бірақ, Қабдештің өзі сезгендей, «...сол тұста Қажыгелдин үкіметке қатты қажет болды». Әкежан бұрын он жылдан аса Мәскеуде, КСРО-ның шет елдермен экономикалық байланысы жағында қызмет істеген тәжірибелі, білімдар экономист еді, біздің президент Н. Назарбаев тәуелсіздіктің алғашқы қиын кезеңінде оның шет елдермен қалыптасқан қарым-қатнасын, іскерлігін пайдалануды ойлап, оқшантайына алды. Бірақ, кейін, премьер-министр болған соң, ол өз тәжірибесіне, біліміне қарай екпінді қимылға көшті, үкімет құзырындағы мәселелерді өз төтесінен батыл шешетін болды. Онысы билікшілдер тобына ұнамады, өйткені қитұрқы жолмен келіп қалталарына түсуге тиіс доллар мемлекеттің бюджетіне кете бастады. Егер, менің ойымша, Қажыгелдиннің қаржы саясаты сақталса, бүгінгі жателдік және ішкі миллиардерлер болмас еді. Ал келешек миллионер-миллиардерлер соны сезіп, премьер-министрді айналып өтіп, оның үстінен жоғарыға шағынып, үйдің

төрт бұрышына да өрт салды. Ішінде қалған Қажыгелдиннің ары қарай не күйге ұшырағаны белгілі. Сот оны «жемқор» деуге дәлел таба алмай, оны қайткенде соттау жөнінде жоғарыдан түскен бұйрықты небір жалған айыптаулар арқылы орындады.

«Мына бір жағдайдан қатты қауіптенем: президент айтпай ешқайсысы орнынан қозғалмайды ғой. Президент нұсқағанда ғана бәрі ұйқыдан оянғандай өре түрегеледі...» депті Қабдеш. Компартиялық жүйеде 28 жыл болған тәжірибемнен айтсам: іскер коммунистің лауазым жолымен жоғарылауы ол жұмыс істеп жүрген бастауыш партия ұйымы берер мінездемеге байланысты болды. Ол тәртіп сол жүйемен бірге келмекке кетті де, кадр мәселесін: республика деңгейінде – президент, ал облыс деңгейінде – облыс әкімі шешетін болды. Олардың қоластындағылар өздерін тандап алған «құдайының» құлына айналды. Өз төтесінен әрекет еткілері келмейді, ал келгендердің мұрнына шертпек тиеді. Сондай саясатпен шоғырланған шенеуніктер орындарынан өз төтелерінен неге қозғалсын, олардан жағымпаздықтан басқа дені дұрыс нендей қарекет күтесің?!

7. Соңғы жылдары бізде «қызыл» деген сөз испан тореросындағы (өгізбен ұрыстағы) қызыл шүберекке телініп жүр. «Қызыл әскер, қызыл командир, қызыл директор, қызыл билетті коммунист, қызыл ту...» жетпіс төрт жыл бойы қазақтың сорын қайнатып, бір мысқал жақсылық жасамаған сияқты. «Қазіргі молдалардың кеңес кезеңіндегі қызыл директорлар секілді әлеңкідей жаланып жүргенін көргенде қалай мойынсұнасың?» депті Асанәлі Өшімов мырза, «қызыл директорлардан» құрмет-қошемет көрмегендей болып. Беталды теңеу. Сонау «қызыл директорлардың» көбі қоғам, халық игілігі үшін маңдай терін де, қанын да, жанын да берді. Қазіргі көк директорлардың басым бөлігінше олар өз құлқынын ғана ойламады, халықтың несібесін опырып жемеді.

8. Сен: «Қалтай Мұхамеджанов «Араның» жабылғаны – қазақ сатирасының қара жамылғаны» деп күңіренгендей күй кешті» деген сөзді «Ара» туралы әңгіме басталған сайын айтасың. Кәне, құдайшылыққа жүгінейік: журналдың тәуелсіздікке қадам басқан қазақ басылымдары арасынан ең бірінші болып жабылып қалғанына кім кінәлі? Өзі «Түркістан» гәзетіне Бас редакторлыққа кетерінде

«Араның» дізгін-шылбырын, мысалы, саған немесе Сейітке, Толымбекке... берсе, журнал жабылар ма еді? Жоқ, жабылмас еді! Ал Қалекен қалайда өзі қайда барса, сонда ала жүретін Сайлаубек Жұмабековке берді. Сайлаубек жақсы азамат, әдебиет сыншысы еді, бірақ сатира жағына жоқ болды ғой? «Араның» басқалардан ерекше талабы: оның басшысы әрі істі ұйымдастырушы, әрі сатирик болуы шарт. Қалекен соны ойламады, мән бермеді. Қалтайдың да, Сайлаубектің де «Ара» үшін күрескенін көрген жоқпын. Сөйтіп, «Ара» жабылды. Демек, Қалекеннің «күңіренгендей күй кешкені» мүлде бекер, «қазақ сатирасының қара жамылғаны» жайында айтқаны – қышқыл сөзге шеберлігінің тағы бір нышаны ғана.

Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Қалдарбек Найманбаев бір күні әдетінше кабинетіме келіп: «Ғаб-аға, сізге бір жаңалық айтайын. Қалтай көкем «Арадан» басқа жаққа ауыспақ ойда. Сатиралық журнал сіздің қолыңыз ғой және бұрынғы өз коллективіңіз дегендей, барасыз ба? Ғаб-аға, мұны сізден құтылайын деген ниетпен айтып отырған жоқпын, оллаһи, олай ойлай көрмеңіз, тек журнал үшін айтып отырмын», деп қызарақтап, ыңғайсызданып қалды. Ол кезде мен одақтың құзырындағы Көркем аударма және әдеби байланыс алқасының төрағасымын. «Ара» аталған соң еріксіз елеңдеп: «Қайтадан апара алсаң, барайын!» дедім. Қалдарбек төте телефоны арқылы Қалтаймен дереу байланысып, «Араға» мені апару жайында қолқа сала біраз сөйлесті. Қалдарбектің тұтқаны ыңғайлауымен арғы сөзді анық естіп отырмын, Қалтай көкесі көнбеді: «Қайта барғанмен Ғаббасқа мүйіз шыға ма? Ол жерге свежий кісі керек» деді. Қалдарбек телефонын жауып: «Ғаб-аға, жоғарыға шықсам қайтеді?» деді, ойы іске аспағанына әрі өкінгендей, әрі намыстанғандай үнмен. «Керек емес. Қалтай кімді ұсынса, сол болады, босқа әуреленбе» дедім.

Осымен тоқтайын да, енді бұл хатты жазу себебіме оралайын.

«Көкемнің көзінің» таралымы 2000 дана екен, яғни оны әуелі 2000 кісі оқиды, содан соң әлгі «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайдымен» есептесек, ондаған мың... ойпыр-о-о-ой!.. Сұхбаттарындағы басқаның аузымен айтылған ағат фактілер қанша оқырман мен тыңдарманның құлағына жетерін есептеп көр!..

Оны есептеп әуре болмас үшін ол ағаттықтарға жасалған түзетуді соңынан ілестіріп жіберген жөн. Бұл мына тартымды жинағынды толықтырып, түзетіп, қайтадан шығарсаң деген ой ғой.

Сұхбаттарың сүбелі. «Қазысы жыртақарыс». Ойың – қырман. Тілің дәмді, тұздығы келіскен. Меніңше, әзіл-сықақшының бір жазғанын – бір, екі жазғанын – екі оқып айтшыламай, табақ толы етті алдыға алғандай, жиып-теріп бір-ақ оқысаң, ақ моншада отырғандай рахаттанасың. Сенің жинақтарыңды қос алақанша жайып қойып, «шытырман сызықтарына» қарап отырдым да, Оспанханның бүкіл бет-ауызы күлген сиқын көргендей, қырылдаңқы дауысын естігендей болдым. Ой ойнату, оқиға ойнату, сөз ойнату қырларың Оспанқанның әңгімелерін еске салды. Сен күлкі сабасын күмпілдетіп піскенде ұстазың Оспанханға ұқсайсың, тек бойынның ықшамдаулығы, көзіңнің көкшілдеулігі болмаса. Сірә, В. В. Маяковскийге еліктеп:

«Көпен десек,
Күлкі деп білеміз біз,
Күлкі десек,
ол – Көпен дегеніміз!» –

дейтін мезгіл жетті-ау!.. Жетті емес, сәл кештеу айтып отырмынау. Оқасы жоқ, саған құдай ұзақ ғұмыр, күш-қуат берсін!

Айтпақшы, Көпен-Күлкі, жарыққа шыққысы келіп жатқан сұхбатың аз емес шығар-ау, соларды сортап, мына жинағыңа артып, әзіл-сықақ жәрмеңкесінің жолына салып жіберер болсаң, менің осы «қоржынымды» қоса сал, тек ішіндегісін екшеп уақытыңды ысырап етпегейсің, әділ сөзге әкіреңдемегейсің!

07. 06. 2009 ж.

ЕНДІ ЕШҚАШАН, ЕШҚАЙДА АСЫҚПАҒЫН

«Алпыс» дедің, ә? 60 жас қой? Оны маған не қыл дейсің? Мен оны соңғы рет көргелі онбес жыл... Яғни, алпыстан онбес жыл бұрын қырық бесте болдым-ау!.. Қырық бес – қырма сақал жігіттің жасы. Әй, жақсы кез ғой, жақсы кез! Бірақ сол жылдары өзім ерекше силап жүрген бір қария (оны бүгінде онша силамаймын): «Ғаббас-жан, есінде болсын, адамның ақылы жасы алпысқа

жеткенінде ғана кіреді екен, соған көзім жетті!» деді. Ерекше сйлайтын кісінің сыбырлағаны да сыбызғының сызылған үнідей болып естіледі, – бұл сенің есінде болсын, ақылың кіретін жасқа келіп, иә, жетісіп қалдың.

Ал енді өткен-кеткеннің басын ауыртпай, ертеңді айтайын саған. Алпысымнан кейінгі онбес жылда жинаған ақылымды замана ақшасы – долларға айырбастасам, меніңше, Ұлы Британия принцінің немесе Франция королінің алтын-күміспен сәнделген сарайларын сенің ауылыңның аумағындай жерімен қоса сатып алуға жететін сияқты. Бірақ өйтуге ақылым жетпей-ақ қойды. «Ақылың алпысында кіреді» деген әнеу қарияны қазір онша силамай жүргенімнің себебі сол. Оған сеніп, ақылым толды деп, жетпіске қарай жүгіргенім...

Арқандай сөздің тұсамыстайы: сен, Көпен, алпысыңды тойлай сала жетпіске қарай жүгірме. Анау «Ара-Шмель» журналындағы бастығыңның тілін ал. Мен Бас редактор, ал сен Бас... жауапты хатшы болғаныңда тілімді алатынсың, ұмытпа! Оспанхан көкең «көк көз таксiм» деп атайтын сен, Осекең тағы айтқандай: «Ара» ара болады, шаққан жері жара болады» журналдың арқасында Қазақстанның ойы мен қырын түк қоймай аралап, көмегiңдi күткен қыз-келiншектер... тойыст, көпшiлiкке бiрде семсер, бiрде гүрзi, бiрде садақ фельетондарыңмен жәрдемдестiң. Соның бәрiн шотқа салса, оқығанның да, тыңдағанның да iшек-қарынын араластырып жiберетiн әзiл-сықақ әңгiмелерiңдi, пародияларыңды қосса, – ай-ха-а-ай! – бiрер пойызға жүк-ау, ә?!

Алпыстың аты алпыс қой! Айналайын Алпысым, Көпен, сен де тыңдай отыр, иә, айналайын Алпысым, сен барда аяқ-қолымның буыны майлап қойғандай былпылдап тұратын, көзім қышығанды, суланғанды білмей жарқырап тұратын, тісім де түгел еді, мұртым жоқ болатын, азаннан ақшамға дейін жаяу жүргенде тұлабойымнан шай қасық толар тер шықпайтын, мойным сықырламайтын, арқам сіреспейтін... е, айттым не, айтпадым не, сен, қадірлі Көпен інім, бәрібір сенбейсің. Сен бе де, жетпіске жетуге асықпа да!..

Шірікін, күдіретіне құлдық құдай жұмырбас пенделерін жақсы көрген жасында – елуінде ме, алпысында ма, жетпісінде ме... – бес-он жыл тырп етпей тұратын етіп жаратса ғой!..

Сонымен, Көпеке, саған енді әрқайсысы бір сәйгүліктей 33 жыл, тура 99 жас тілеймін!.. Арғы жағындағы 1 жасты қызғанғанымнан қоспай отырған жоқпын, ондай иттіктен құдай сақтасын! Қоспай алып қалған сылтауым: «жүз» дегенді жүз рет қайталасаң да, әсте айызың қанбайды, ал «то-о-оқса-а-ан то-о-оғы-ы-ыз» деші, – хорға қосылып ән шырқағандай рахаттанасың!

Рахатың мол болсын! Өзіңе, отбасыңа, «Араңның» ұжымына әрқашан тек жақсылық тілеймін!

Алпысын іздеп жүрген Ғаббас ағаң ғой.

(02. 03. 2010 ж.)

ОППОЗИЦИЯ СЕРКЕЛЕРІНЕ

**«Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысының Төрағасы,
Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның ОК
Бірінші хатшысы Ж. ТҰЯҚБАЙ,
Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің
Бірінші хатшысы С. ӘБДІЛДИН,
«Нағыз Ақ жол» партиясының Тең төрағалары
Т. ЖҮКЕЕВ, Б. ӘБІЛЕВ, О. ЖАНДОСОВ,
«Алға!» партиясының Төрағасы
А. ҚОЖАХМЕТОВ мырзаларға**

Елімізді демократиялы, құқықты мемлекетке айналдыру күресімізге жаңа күштің қосылуымен –Жалпыұлттық социал-демократиялық партияның Конституциямызға сәйкес тіркелуден өтуімен баршаңызды құттықтап және бұл партияның басшысы, көрнекті мемлекет, қоғам қайраткері Жармахан ТҰЯҚБАЙ мырзаға аса күрделі, жауапты жұмысында табысқа жетуіне тілектестік білдіре отырып, мына бір ойымызды ортаға салуды жөн көрдік.

Тәуелсіздік алғанына 15 жыл болған республикамыздың алдында тарихи небір іргелі істер тұр. Атқарылғанынан атқарылары әлі көп. Әсіресе демократиялық күштерді топтастыру – қоғамы үлкен сын. Бұл бағытта Сіздердің күш-жігер жұмсауларыңыздың нәтижесінде игі шаралар жүзеге асты. «Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысымыз, оппозициялық партиялар, қоғамдар құрылып, халықаралық демократиялық ұйымдарға танылды. Ендігі жерде ортақ күресті

заман талабына сай неғұрлым қарқынды жүргізудегі игі мақсат – «Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысының демократиялық күштердің жұмысын бағдарлаушы міндетін бірыңғай жеке атқаруының қажеттігі. Бұл қозғалыс пен ЖСДП екеуінің қазіргі басшысы Ж.Тұяқбай мырза мұны түсіністікпен қабылдап, баршаңыз ақылдасып, «Әділетті Қазақстан үшін» қозғалысына бұдан былай жетекшілік етуді Ғалымжан ЖАҚИЯНОВҚА тапсырсаңыздар, ол шешімдеріңіз шын мәнінде орынды болар еді. Сіздер де, күні кеше «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысын ұйымдастырған жас қайраткерлеріміздің бірі – Ғ. Жақиянов мырза да, оппозициялық ниеттегі жұртшылық та бұл ұсынысымызды құптайды деп сенеміз!

Қайролла Адамов, Сапабек Әсіп, Сағат Арын, Назарбек Қанапияұлы атынан.

16.02.2007 жыл.

(С. Әбділдинқұптады, Жармахан, Болат «көрейік, ақылдасайық» деп күбірлеп қалды. Қожаметов «жеке-жеке болған дұрыс» деп телефон шалды. Бастары бірікпес. «Ғалымжан жоғары шығып кетеді» деп сескене бастаған сияқты. 16. 04. 2008 ж.)

ПРИВЕТ ИЗ АЛМАТЫ

Олжас, я решил писать это письмо на русском языке не потому, что могу складно выразить свои мысли, а потому, чтоб тебе легче было понимать меня, а за стилические и орфографические ошибки мои, надеюсь, простишь.

Еще постараюсь быть краток.

В своем интервью с Гүлжан на страницах газеты «СС» 9 июля с. г. ты спустился до такого уровня, чего я от тебя никогда не ждал. На то твое «перевоплощение» мною написан ответ, отправлен и в редакцию «СС» с уверенностью «на опубликование», поскольку Гл. ред. газеты за сохранение положительного баланса, за недопущение авторитаризма в печати. А если у нее есть третий путь, то отошлет мою статью и это письмо тебе или даст мне адрес твоей эл.почты, что для тебя не желательно.

Итак:

Когда, кем, как начата и завершена борьба против Семипалатинского полигона, это скажет История. В наше «не тот прав, кто прав, а тот, у кого больше прав» время нет и не будет справедливого решения вопросов вообще.

Слово «назойливость», хотя тебе очень не нравится, для меня имеет нормальный фон: в деле доказательства правды, когда человек абсолютно уверен что это правда, ему надо быть назойливым, если в один, два приема не может достичь справедливости! В борьбе за справедливость все методы допустимы.

Я по редакциям не хожу, пишу по их просьбе. Удивительно, ты даже не можешь представить, когда ты на странице «СС» выдашь неверную мысль по любому вопросу, редакции независимых газет, кроме «СС», сразу же просят тех своих авторов, которые могут дать правильное суждение, ответить. То-есть, были статьи по поводу того: что ты снял пункт «возрождение казахской нации» с проекта устава своей партии (А. Аимбетов); что в декабрьские дни 1986 года ты отказался выступить перед молодежью на площади (как поступил и Кунаев Д. А. в действительности, может быть ты послушался его совета); что ты первый день волнения молодежи провел у себя в СПК, приказав закрыть двери, никого не впускать из толпами пришедших молодежи, даже когда они зывали: «Олжас аға! Олжас аға!», а также ты вызывал наряд милиции, когда группа студентов КазГУ пришли к тебе домой просить совета (были несколько публикации, газет и авторов не помню, поскольку компромата против тебя не собирал), а второй день ты просидел в ЦК, в кабинете С. Сматаева (он подробно описал твое поведение); не мало было статей по поводу твоего выступления с критикой решения горакима Алматы на счет делопроизводства на казахском языке; против твоего требования госстатуса русскому языку; против твоего поддакивания своему Другу на счет того, что «казахи не имели границы, на нынешней границе не было его государства» (какие глупые мыслишки!); против твоего отрицания роли Кешрима Бозтаева (пишут его соратники).

Наверное ты читал или слышал «мудрейшие открытия» своего Друга о том, что у казахов не было исторических ханов, султанов,

бии и других, все о них – выдумки, сказки, а история начинается со дня нашей независимости, о чем и следует писать по-настоящему. Поддержал ли ты его и в этот раз устно или письменно, я не знаю. К большому сожалению, тебя за такие необдуманные (а может быть вынужденные) шаги, за безмерную (?) любовь к «нашему Великому вождю» людей, называющие тебя «дворцовым поэтом», становятся все больше. А это очень нежелательно, даже страшно! Кстати, ты задумался когда нибудь о том, почему в течение 18 лет в Астане нет памятника хану Абылаю, не говоря о руководителях Алаш? Вот сиди и пой: С кого начинается Родина...

Некоторые журналисты приписали мне фразу: «Олжас не писал «АЗ и Я»! Как много у нас факельщиков! Однажды отвечая на вопросы то ли «Жас алаш», то ли «Азат», то ли «Қазақстан», не помню, я сказал: «Да, я слышал от Ильфа, сестры Азата Сулеева, что он, Азат, посоветовал Олжасу писать эту книгу, дал кое-какие советы, идеи». Я иногда навещаю Ильфа, когда мне понадобится новые данные из жизни Ильяс аға.

После твоего интервью от 9 июля один старый русскоязычный журналист звал меня в гости и во время беседы на разные темы мне показал акт КРУ Минфина (пожалуй он с этим расчетом и звал меня). Предлагал мне взять домой и ознакомиться не торопясь. Я отказался: «Без этого меня уже определили в врага Олжаса, уж достаточно! Мне сейчас и времени жалко, по договору перевожу одну большую книгу». А он, ткнув указательным пальцем на одну страницу говорит: «Слушай, они на деньги своего акционерного общества покупали несколько квартир в нашем районе, «Самале 2», и раздали друзьям, знакомым, вот здесь написано!». Я вдруг очень насторожился, но старался виду не давать, перевел беседу на тему литперевода.

А что меня насторожило тогда? Вспомнил. Один из твоих то ли заместителей, то ли помощников жил в г. Усть-каменогорске. Купил квартиру, магазин, еще что-то. И в Алматы купил квартиру, в «Самале». Фамилию не хочу называть. В здешней квартире живут его сын и дочь – студенты. В один прекрасный день, 5-6 лет назад, к ним приходит твоя сестра, как она представилась, показав доку-

менты. Она живет в Лондоне, у нее больной ребенок, на лечение которого нужны средства и, поскольку эта квартира в свое время была куплена на ее деньги, теперь необходимо возвращать ей квартиру или выложить ее стоимость – 20 000 долларов. Эта семья несколько лет назад сроднилась с нами и я, когда слышал о ЧП у них, предлагал свою услугу, сказал: «Мы с Олжасом вместе работали в Союзе, я поговорю с ним, он не даст вас в обиду!». Они не согласились, почему-то боялись твоей сестры. В конце концов частями выдали 20.000 тысяч. Это, мягко говоря, странный случай.

О акте КРУ. В 1994-1996 годах я несколько раз побывал в г. Семей, в некоторых районах области, в том числе Абаевском. Провели юбилей Саду Машакова, Каюма Мухамедханова, Медеуа Сарсекеева. Вот тогда ко мне два раза, то двое, то трое, подходили мужчины, которые, начиная свое знакомство со мной с похвалы моих новых сатирических рассказов, в конце предлагали взять акт КРУ. Сказали, что «акт был опубликован в газете «Бірлесу – Единение», но ничего не вышло, то-есть, обманувшие населения руководители фонда «Невада» и АО «Невада-Семипалатинск» не понесли заслуженное наказание». Я сказал им: «Жигиты, это ваша проблема, я вам не помощник, пишите, отправьте куда и кому хотите. Қазақта «Бөріктінің намысы бір» деген мәтел бар емес пе, мен Олжасты сата алмаймын, ренжімендер».

Еще один случай. Как ты прекрасно знаешь, когда у тебя проявилось желание выдвинуть свою кандидатуру в президенты, то в газетах сразу же появились статьи, например: А. Тарази, А. Нурпеисова (интервью) и других, которые решили списать тебя из списка казахов (на страницах газет «Жас алаш» и «Казахстанской правды»). И ты притих. Когда в июле 1995 года в Париже я впервые познакомился с Шыңғыс аға Айтматовым на банкете нашего посла в честь 150-летия Абая, и когда тамада Кенжегали Сағадиев предоставил мне слово, я начал, сам не знаю почему, с упрека в адрес Шықаң (марқұмның топырағы торқа болсын!). Что я сказал, то полностью опубликовано в моей книге «Адамның кейбір кездері...». Книгу с автографом сразу же посылал ему по почте. А когда через год мы встретились в Алматы, Шықаң, широко улыбаясь, шутливо

сказал: «Стенографией вашей лекции я доволен». Да, я почти лекцию тогда прочитал ему. Вот суть: «Уважаемый Шыңғыс аға! Как стал Ануар первым секретарем нашего Союза, так Вы перестали заходить в Союз. Побываете у своих друзей – и все. Я слышал, что Ануар по поводу Вашего «Белого парохода» то ли говорил, то ли писал критическое замечание, и Вы отстранились от него, наверное, Ваши друзья, которые всегда козыряют Вами, помогли... Они угробили Есенберлина, теперь взялись за Олжаса». Когда я сказал это, тут помощник президента Т. Абдиков буркнул: «Зачем такие слова здесь?». Я ему ответил: «Кабышев сам знает кому, что и где говорить, а ты не беспокойся!» И продолжал: «...Шықа, так что прошу Вас оградить Олжаса от грязных нападок, Вы это можете...». После банкета мы с ним вернулись в гостиницу на одной машине. Пригласил он. А в гостинице мы побеседовали еще минут сорок на разные темы. Он поблагодарил меня за открытость и сказал: «Да, я слышал, что Нурпеисов на странице «Казправды» обвинил Олжаса в чем-то, газету завтра получу, посмотрю». Я повторил свою просьбу в отношении тебя: «Шықа, – сказал, – Вы в дружбе с нашим президентом, будьте защитой Олжаса!». Он обещал.

Это я пишу как факт, а не словесный флирт с тобой, нет.

Как ты знаешь, казахи говорят же: «Дос жылатып айтады, дұшпан күлдіріп айтады». Можно перевести так: «Друг говорит и горькую правду в глаза, а враг – только лесть». Я не был твоим известным другом, а врагом – тем более. Любое твое ошибочное мнение по любому поводу меня страшно задевает. Гүлжан знает это. По моему суждению, ты не должен сказать то-то и то-то. Особенно в пользу своего Друга. Мы вдвоем с Алтынбеком, а также с Галымжаном сколько раз намеревались встретиться и поговорить с тобой ради народа. Это не громкие пустые слова с задним числом. Не могли. А после встречи с тобой у Ораза и Алтынбек и Болат мне сказали: «С ним беседовать бесполезно!». Алтынбек с горьким юмором рассказывал об одном беркуте, переставшего летать, о чем позже и писал.

Олжас, я тебе не враг, но не могу простить одну вещь – твое

принижение, аннулирование, что ли, роль Кеширима. Положа руку на сердце свое ты спроси сам у себя: не с его ли шифротелеграммы началась действительная борьба за закрытие зловещего полигона?! Что же нужно покойному кроме уважения его аруаха?! Одумайся!

Я хочу встретиться с тобой, сказать тебе все, что у меня на сердце! Хочу вернуть тебя в наш круг ради будущее! Мне больше ничего не нужно! Однако, я понимаю, что пока Друг на коне, тебе ни шагу от него, а ему в своем «ипподроме» нет преграды, были: Заманбек, Алтынбек и другие, теперь нет. Вокруг – одни куклы, сделанные им самим.

Куда идем?!

16. 07. 2009 г.

А Р О Н!

«Жас қазақ үні» гәзетінен арыз хатыңды оқып, әдрісіңді білдім. Хал-ахуалың, шириғып шағымдануың көпшілікке түсінікті. Айттып та, жазып та жақтап жүрген ағайындарың жоқ емес, бірақ айтар ауыз бар, тыңдар құлақ жоқ заман, тіпті тыңдағанда да ұғуға пейіл-зиыны тапшыларға не істерсің! Әлемдік әділеттілік орындарына ресми жол әдейі салынбаған елде сан түрлі кесапатқиянат бола беретіні, өкінішке қарай, өмірдің кесір заңдылығына айналады ғой, оны көріп жүрміз. Мұндайда не айтуға болады? Кесір заңдылықтың құрбаны болған Азаматтарға басамандық, қажыр-қайрат, күш-қуат тілейсің. Өзін Азамат еткен ақыл-рухын ардақ тұта берсе екен, мүмкін болғанынша денсаулығын күтсе екен дейсің. Еріксіз барған, еріксіз жүрген жері санаторий емесін білесің, еріксіздік мерзімінің ұзақтығына күйінесің. Тәуелсіз елді тәумендер билеп, демократияны елес-бұлдырға айналдырып, әділетсіздікті асқындырғандары жас-кәрі жүрегінді сығымдайды. Мұхиттың ортасындағы меңіреу аралда отырғандайсың. «Не болып кетті?! Кім бар?!» деген жанайқайың қайырылып өзінді табады...

Жә, қашанғы бұлай бола берер дейсің! Қазекем: «Дүние – кезек» дегенді бекер айтпаған. Іштейгі нала-наразылық, ашу-ыза

сыртқа шықпай тұрмайды. Мәжбүрлі үнсіздік ащы айқайға, ол дүбірлі дабылға, ал дабыл аттанға айналады, бұл – көне тірліктің заңдылығы. Арон, сенің ащы айқайың – жалынды жансерігің жырың. «Мұса Жәлилдің дәптерін» жырға толтыра бер. Күштілерді табанынан төбесіне дейін жалап жүрген «ұлы ақындар» күні ертең күресінде ұлып қалады, жүрегі «Елім! Халқым!» деп соққан қарапайым ақын Азаматтар қауымының ардақтысы болады! Сенің орының осы қауымда, биікте! Ертең-ақ самғап шығасың биігіңе! Қанатың талмасын!

Жаныңдағы жігіттерге дұғай сәлем! Жасымасын!

Сендерге Аллатағаланың жар болуын тілеп жүрген ағаңмын.

22. 08. 2009 ж.

(Ақын Арон Атабекке хат. 22. 10. 2009 ж. Жауап жоқ. Сірә, әдейі бермей қойған шығар. Әдрісі дұрыс жазылған болатын: 100700. Қарағанды облысы, Қаражол қаласы, УЧ АК 159/22, №3 отряд.)

БЕЙТАНЫСТАН ХАТ

Қ. Құдайбергенов інім, сен екеуіміз бір-бірімізге бейтаныспыз.

Жасым жетпістен асқан кісімін, «сен» деп сөйлегеніме ренжімегейсің.

Мен сені өздеріндегі тұтқын Едігеев Арон Атабекұлының гәзеттерде жарияланған хатынан білдім. Сонымен байланысты өзіңе бір ауыз тілек айтайын. Мұны ресми сөз емес, ағаның ініге өтініші деп қабылдағайсың.

Аронның неліктен сотталғаны туралы әртүрлі түсінік бар, мен олардың ешқайсысына қосылмаймын, себебі не болып, не қойғанын көрген жоқпын. Істің анық-танығы әлі айтылар, өмірде неше түрлі жағдай бола береді ғой, бүгін «Солай!» деп сыңаржақ айта салмайық. Маған әзірше керегі – көпке белгілі ақын, саясаткер Аронның ар-намысына қызметкерлерің нұқсан келтірмесе екен деймін. Оның түрме жазбаларында, қарағым, сенің аты-жөнің ренішпен жазылып қалмасын, ол ең әуелі ұрпағың, одан соң туған-туысқандарың, дос-жолдастарың, тіпті таныстарың үшін өте ыңғайсыз әңгімеге айналады. Мен бұлай дегенде сені шошы-

тайын деген ниетте емеспін. Өзіңнің де өмірден көріп-түйгенің аз емес шығар, шенің полковник екен, ешкімнің ақылына зәру емес боларсың, оған дауым, шүбәм жоқ. Менің бұл хатты жазу себебім: біріншіден, Аронның жазбалары, өлеңдері сыртқа бәрібір шығып жатады, гәзеттерге жетеді, кітаптарына енгізіледі. Қайталап айттайын: оның жағымсыз кейіпкеркері бола көрме! Осыны ойлап, келешегі әлі алда саған ағалық құлаққағыс жасағым келді. Екіншіден, Арон қылмыскер емес, жасы да үлкен кісі, денсаулығы мықты емес. Жан-жақтағы жанашырлары жіберген дәрі-дәрмегін, азық-түлікті заң талабына сәйкес уақытында алып тұрғаны керек. Хатында өзі айтқандай кемсіту, қиянат көріп жүріп, бір күні мерт болып кетсе, артында қандай сөз қалады, ол сөздер кімді табады? Осыны ойлағайсың. Қоластыңдағы жігіттерге де ой салғайсың.

Осымен тәмәм.

Баршаңа жақсылық тілеуші Ғаббас Қабышұлы, журналшы-жазушы.

Алматы. 22. 08. 2009 ж.

(Арон жатқан түрменің бастығына жолданды. 22. 12. 2009 ж.)

Қадірлі АРОН ІНІМ!

Мынау хаттар не саған бармай, не маған қайтарылмай қалды, сірә, мұсылмандықтан безген біреудің қолымен жыртып тасталған болар. Бүгінде «күштінің» табанына тілін төсеп, көзін оның қалтасына салып беріп жүрген байғұстар аз емес, күні ертең заман түзелгенде, жұртқа не дерін, беттеріне қалай қарай аларын ойламайды, ештеңе өзгермейді, мен осылай билікшіл болып өтем деп ойлайды-ау... Жә, интернеттен хатыңды оқып, хабарыңды білдім, жаңа әдрісіңді алдым. Не айтайын?! Мүмкіндігіңше жүйкеңді сақта, маңайыңдағы әбілеттіліктерге салқындау қарап үйрен. Бәрін де өзің білесің ғой, менікі – айтары, қолынан келер жәрдемі жоқтың сөзі баяғы. Ерегес-егес дегеннің дізгінін тартыңқырап жүрмей болмайды, ол пәле жанның жегі құрты ғой. Ертеңгі бостандық үшін, ұрпақтарың үшін бір уақ өзінді өзің салқынқанды етіп ұстағайсың. Ондағы серігің – өлеңің. Оның да үнемі өткір, ширыққан болуы

дәл қазір шын серік емес, қайта шаршатады ол. Жастық шағың, махаббатың, балаларың жайындағы жеңіл, жақсы сәттеріңді жазғайсың. Қаншалықты қиын тірлікте де кейде төңірегінде күлкілі жәйттер болмай қоймайды, соларды әзіл-оспақ өлең етіп, өзіңнің де, өзгелердің де көңілін көтеріңкіреп жүргейсің. Осымен тәмәм. Ақылдымсып кеттім-ау, жөнімді білейін. Бізде оншамұнша жаңалық жоқ. Абекең айтқан: «Бас-басына би болған...» оппиктер жеке-жеке үй тігіп, біріне бірі жапсардан қарап жүр... «Но ничего» десең, жеңіл болады дегендей, ертеңдер жеңіл болады деп сенеміз! Өзіңе өзің – доссың, Інім! Қолыңнан келгенінше өзіңді сақтағайсың!

*Ғаббас ағаң.
08. 06. 2010.*

АРОНҒА АРАШАШЫ БОЛАЙЫҚ!

Қалың қауымға ашық хат

Беу, ағайын, мына бір шумақ өлеңді оқиық:

...Кто я? Лишь ответ твоего пожара,

Отвага сердца да прямая речь.

Нас ждет в веках мамлюков карма –

Предписанных судьбою встреч.

«Дауылдай, өртке тиген, өлеңімді Қасымның өзі емес деп кім айтасың?!» (Қасым Аманжолов) дегенмен рухтас бұл шумақ қай қазақтың жүрегін бір бұлқынттып қалмайды?! Аз жырында осындай көп қуат пен жалын бар, адами адал мақтанғыш пен намыс гуілі бар адуынды ақынның аты-жөні – Арон АТАБЕК. Күні кеше, 2006-жылдың шілдесінде, Алматының іргесіндегі «Шаңырақ» ауылына биліктің қара шоқпары сілтенгенде ондағы жазықсыз жұртын жақтап жанпидалық жасағаны үшін 18 жылға сотталып, бүгінде Аркалықтағы түрмеде қорлық-зорлық көріп отырған Азаматымыз!

«Қорлық-зорлық» деген сөз құлақтарыңызға қатандау естілуі мүмкін, себебі, біздегі ресми бұқаралық ақпараттардың ертеңді-кешкі «жырларында» Қазақстан «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» ел болып суреттеледі, яғни оның түрмелерінде де

адам құқығы аяқасты етілмейді деп ойлаймыз. Биліктің сөзі мен ісі кереғар бола беретініне көндігіп те кеткенбіз. Жоқ, олай емес, біздегі заң – «молданың айтқанын істе, істегенін істеменін» дәп өзі. Оның бірер дәлелін соны басынан өткеріп отырған Арон айтсын:

«...Мені мұнда ең қатаң инструкциямен қарсы алды. Жалғыз адамдық камерада бейнебақылау орнатылған. Телефон соғуға болмайды. Төсекке күндіз екі сағат қана жатуға болады, қалған уақытта жантайып жатуға да тиым салынған...» (Қаражал түрмесінен Арқалық түрмесіне апарылған күні, биылғы көкек айының 23-інде, жұбайы Жайнагүлге жазған хатынан).

Кинофильмдерден қаншасын көрсем де, гәзет-кітаптардан қаншасын оқысам да, анау гестапоның түрмелерінде мұндай «тәртіп» болғанын білмеймін.

Арқалыққа айдар кезде Қаражал түрмесінің «қайраткерлері» Аронның өлең дәптерін тартып алыпты. Өлең – ақынның жүрек сезімі, ой-сана перзенті! Оған шеңгел салу – адами әрекет емес, роботтық қысастық! Адам, ар-ұяттан қаншалықты ада болған күннің өзінде, бір сәт оң-терісті ойлайды, ал робот бұйрықты орындаушы ғана.

2006-жылғы шілдеде Шаңырақ ауылына таң атар-атпаста (1941-жылғы 22-маусым еске еріксіз түседі) шабуыл жасаған полицейлер – сол роботтар. Сол сұмдықтың кесірінен бейбіт жатқан жазықсыз жүздеген кәрі-жас соққы-тепкі көрді, жараланды, мүгедектікке ұшырады, баспанасынан айрылды. Сол сұмдықтың салдарынан жазықсыз жап-жас шенеунік Әсет Бейсенов қаза тапты, – марқұмның топырағы торқа болсын!

Билік өзінің кешіргісіз қателік жасағанын мойындауды ойлаған да жоқ. Әсеттің опат болғанын Шаңырақ жұртынан, оны қорғауға барған Арондай азаматтардан көріп, әрқашанғысынша, дереу алақұйын арпалыс бастады. 24 адамды бассалып жауапқа тартты. «Бейсеуовті өлтірген» Аронды, Ерғанат Тараншиевті, Құрманғазы Өтегеновті, Рүстем Тұяқовты 18-14 жылға соттатып тынды. Алматы қалалық соты «ләппәй, тақсыр!» деді, дәлелдің жеткіліксіз екеніне қарамады, тергеу кезінде айыптаушылардың ырқымен жалған куә болуға көнген Айбатыр мен Бауыржан Ибрагимовтердің

ол қателіктерін мойындап, сөздерін қайтып алатындықтарын мәлімдегендеріне сот тіпті назар аудармады да. Жоғарғы сот та қыңбады. Меніңше, жалынды ақын Аронның ел-жұртының мүддесін көздей батыл сөйлеген сөздерінен, жазған жырларынан секем алған билік одан құтыла тұрудың сәті түскенін пайдаланды.

Сонымен, кінәсі дәлелденбеген төрт азамат ұзақ мерзімді қамауда тауқымет тартып отыр. Түрме «қайраткерлерінің» қарадүрсін билеп-төстеуіне қарсы дауыс көтерген Арон қосымша екі жылға және сотталды. Төртеуінің де денсаулығы нашарлап бара жатқаны тәуелсіз баспасөзден белгілі болып отыр. Біркісілік камерадағы Аронның күндіз төсегіне екі сағат қана жатуына тиым салынса, іс-қимылы тәулік бойы бақылауда болса, одан өткен қиянат болуы мүмкін бе? Жоқ! Ондай сұрқиялық жағдайдағы адамның денсаулығынан айрылуына көп уақыт керек пе? Жоқ!

Ендеше, қадірлі қауым, Аронға және оның серіктеріне арашашы болайық! Түрмеден босатуды, істерін әділдік жолымен қайта қарауды талап етейік! Ол үшін қоғамдық қозғалыс құру керек! Оған: жігерлі, намысты, ақиқатшыл, батыл, табанды, білімді жас күрескерлерміздің бірі ұйытқы, бастаушы болса екен! Қостаушы табылады. Жасы ұлғайған біздер де қолымыздан келгенінше көмектесеміз.

Қадірлі қауым, не дейсіз?

15. 07. 2010-жыл.

(«Қазақстан» гәзеті.)

(15. 08. 2010 жыл. Ешбіреу үн қоспады.)

ҚҰТТЫҚТАУ ХАТ

Герольд БЕЛЬГЕРГЕ

ГЕРА! 74 – 75-тің ағасы, шапанының жағасы, көңілінің күймесі, көйлегінің түймесі, бөркінің тысы, дауысының пысы, шалбарының белбеуі, бәтіңкесінің бауы, қамшысының сабы, тұлпарының тағасы, қымызының сабасы, ойының ұясы, қаламының сиясы. Беу, 75 – Гера! Жас арамыз – сен бұрын тоздырған 6 ғана жаялық (бір жаялық екі айғы шыдайды деседі). Сен – алдымда, мен – соңыңда, 85-ке бірге баралық, арғысын көріп алалық. Көңіліміздің жоқ қой

аласы, қалған сөзімді сонда айтамын, аман бол, Неміс-Қазақ баласы!

ФАББАС.

2009-жыл, қазанның 27-ші күні.

Құлаққағыс

ГЕРА, ОЙЛАНҒАЙСЫҢ!

«ДАТ, тақсырдың» 36-санынан (11. 10. 2012 ж.) мен үшін Гераның – Герольд Бельгердің – марқұм И. В. Сталинді «қатырған» тұжырымын оқып: «Е, шал-ай, шалқыған «шабытың» шалмаған ештеңе қалмады, ә?» деп іштей күлдім. Күлмес едім, Герекем Стекеңе «бағыштап» былай демесе: «На Западе его и духа нет».

Күні кеше Батыста КСРО-ны, Сталинді Солженицынның бастауымен ит-шошқалап 1300 кітап шыққан екен, одан беріде Сергей Хрущевтың (алаяқ әкесінің зұлымдықтары әшкерелене бастағанына шыдай алмай 1991-жылы елден қашып кетіп, АҚШ-қа барып пана тапқан баласы), тағы басқа қашқындардың ол «алтын қорға» түк қоспай жүргеніне Гераның көзі жеткен бе? АҚШ-та «Сталин институты» барын, ондағылардың ақ пен қараны айырмай қол қусырып отырмағанын Гера «естімеген, білмеген» бе?

Гера, сен тіпті: «Сталин – кумир лишь крайне отсталых элементов отсталого общества и невежственных стран». «Он – кумир безмозглых и рабов» деп «очень крутой» болыпсың. Өйдә-ә-ә!.. Яғни мына пікір иелерінің бәрі «безмозглые и рабы» болған екен ғой:

Архиепископ Лука (Войно-Ясенский. Польша): «Сталин Россияны сақтап қалды, оның дүние жүзі үшін қандай мәні бар екенін көрсетті. Мен – православиелік христианмын және орыс патриотымын, Сталинге бас идім».

А. Керенский: «Сталин күлге көмілген Ресейді тік тұрғызды. Ұлы держава етті. Гитлерді жойды. Ресейді, адамзатты аман алып қалды».

Уинстон Черчилль (Англия): «Сталин туралы кім не десе де, ондай тұлғаны тарих пен халық ұмытпайды».

Шарль де Голль (Франция): «Сталиндік Ресей монархиямен бірге құрыған Ресей емес. Ал сталиндік мемлекет Сталинге лайықты

мұрагерсіз көгермейді... Сталин өлген жоқ. Ол келешекке кетті».

Питер Устинов (Канада): «Адамның қабілет-мүмкіндігінен тыс соғысты ойдағыдай жүргізудің талабына сай икемді, игі мақсатты, қатал қаһарлы бола білу Сталиннен басқаның қолынан келе қоймас еді».

Генри Киссинджер (АҚШ): «Сталин – өзіндік көзқарасы мықты, тарихи шындықты өзінің идеологиясына сай ұстанатын жан, ол кеңестік ұлттық мүддені қатал да үзілді-кесілді қорғады және, өзі айтқандай, екіжүзділік пен жекебастық есепті қажет етпеді».

Збигнев Бжезинский (АҚШ. «Сталин институтының» директоры): «Кеңес қоғамының саяси сана-сезім тұтастығын бұза алатын күшті екі идеология бар, оның бірі – ұлтшылдық, екіншісі – антисталинизм».

Маршал Г. К. Жуков: «Әскери қайраткер И. В. Сталинді қапысыз білемін, өйткені соғысты бірге өткердік. И. В. Сталин әр майданның іс- қимылы мен майдандар тобы жүйесінің іс-қимылдарын үйлестіру мәселелерімен шұғылданды және білгірлікпен басқарды, ірі стратегикалық мәселелерді нық шешіп отырды... Жалпы соғысты жүргізуде И. В. Сталиннің табиғи ақылдылығы, сезімпаздығы толық танылды. Ол стратегияның негізгі тінін білді және соны жау қимылына қарсы қойып, жойқын шабуылдарда іске асырды. Оның нағыз Бас қолбасшы болғаны анық».

Маршал К. К. Рокоссовский: «Мен үшін Сталин – ұлы және теңдессіз, заңғар тұлға».

Иван Бунин: «Орыстар Курскіні азат етіп, Белгородқа бет алды!!! Сталин Персияға ұшып бара жатыр екен, ал менде зәре жоқ. Ендігі тілегім: Құдай-ау, ол жол-жөнекей бірдеңеге ұшырап қалмаса екен!»

Осылайша тұжырым жасағандардың бәрі, Гера, сенің ұқтыруыңша, артта қалған, мидан жұрдай байғұстар болыпты-ау, ә?

Тағы кімдердің «мисыз, құл» екенін біле түсу үшін Гераға, мысалы: *Ю. Емельяновтың* «Сталин перед судом пигмеев», *Г. Феррдің* «Антисталинская подлость», *И. Пыхаловтың* «За что Сталин переселял народы?» кітаптарын оқы дер едім. Орыс тарихшысы Пы-

халов соғыс басталысымен атамекенінен жераударылғандардың «сүттен ақ, судан таза» болмағандарын дерек тілімен баяндаған, ал американдық тарихшы ғалым Ферр Н.Хрущевтың СОКП ХХ-съезінде жасаған «күпия» баяндамасында Сталинге 61 айып таққанын, ал соның бәрі бетпақтық-суайттық, өсекшілдік екенін дәлелдеген.

Немесе «*Беседа И. Сталина с А. Коллонтай*» деген сұхбаттың (1938-жыл) мына бірер тұсын оқы, зияны болмайды:

«Многие дела нашей партии и народа будут извращены и оплеваны прежде всего за рубежом, да и в нашей стране тоже. Сионизм, рвущийся к мировому господству, будет жестоко мстить нам за наши успехи и достижения. Он все еще рассматривает Россию как варварскую страну, как сырьевой придаток. И мое имя тоже будет оболгано, оклеветано. Мне припишут множество злодеяний.

Мировой сионизм всеми силами будет стремиться уничтожить наш Союз, чтобы Россия больше никогда не могла подняться. Сила СССР – в дружбе народов. Острие борьбы будет направлено прежде всего на разрыв этой дружбы, на отрыв окраин от России...

С особой силой поднимет голову национализм. Он на какое-то время придавит интернационализм и патриотизм, только на какое-то время. Возникнут национальные группы внутри наций и конфликты. Появится много вождей-пигмеев, предателей внутри своих наций.

В целом в будущем развитие пойдет более сложными и даже бешеными путями, повороты будут предельно крутыми. Дело идет к тому, что особенно взбудоражится Восток. Возникнут острые противоречия с Западом...».

Осында сен: «Бекер!» дей алатын ой-болжам бар ма?

Гера, сенің тұжырымына наразы болып отырған мен – Сталинді беталды мақтауға да, беталды боктауға да қарсылардың, кім туралы және қашан болсын ақиқаттың айтылуын тілейтіндердің бірімін. Себебі: Сталин басқарған КСРО тарихының ішінде Қазақстан тарихының жетпіс жылы бар. Яғни Сталинді жамандау арқылы КСРО, Ресей тарихының жамау-жасқау етіліп жатқаны – Қазақстан тарихының да ала-құла жазылуы. Өкінішке қарай,

біздің тарихшылардың көбі Н. Хрущевтің иен қалған ауласында: солженицын-волкогнон-резун («суворов»)-сванидзе-авторханов-радзинский-млечин, т. б. «жазғыштардың» жалақорлыққа толы кітаптарынқұшақтап отыр. Жаңазерттеуеңбектерді оқымайды, оқыр болса, өздерінің пәленбай жылғы хрущевшылдық «еңбектерінің» еш болуынан қорқады. Ал Ресейде антисталинизмді кешегі президент, бүгінгі премьер-министр Д. Медведев (арғы атасы – Давид Абрамович Мендель) қыздыра түсті. 2011-жылы «Известия» гәзеті тілшісімен сұхбатында: «...Сталин – преступник!» деді. Естуімше, оның мамандығы заңгер екен. Сонда ол кімді болсын «қылмыскер» деп атауға соттың ғана құқы барын білмеді ме? Білді. Бірақ «Ерікті ауызға бөрікті бас сияды». Мәселен, «Қазақстан екінші Кувейт болады» деген және сол деңгейге «жеткізген» Н. Назарбаевқа Гераның:

«Бүгін қасиетті қазақ елі, мәртебелі Қазақстан да зор қуаныш құшағында (оның төлперзенті ретінде менде, әрине). Елбасымыздың туған күні. Құттықтаймын, Нұреке! Ұлы қазақ халқының бағына сау-сәлемет боп, ұзақ жасай бер! Бар қазақтың болашағын бір қазақтан кем ойламайтын Бельгер туысқаныңның ақ тілегін қабыл ал, інім! 04. 07. 10.» дегеннен («Күнделік беттерінен») кейін: «Ал, інім, қашан «екінші Кувейт» боламыз?» деуге еркі болды ма? Әрине. Бірақ демеді.

(12. 10. 2012 ж.)

Гера, «Парасат» журналында Зәкірдің аударуымен жарияланып жатқан «Күнделік беттеріненінде» оқырманға ұсынбай-ақ қоятындарың бар екен, солардың анау бірі Назарбаевпен «туысқандығың» болса, екіншісі, міне:

«26. 12. 2010 ж. Иманғали Тас. Алда келе жатқан Жаңа жылмен құттықтап, дәстүрлі соғым етін жіберді. Мені төрт-бес айға жылқы етімен жарылқап тастады. Осылай етіп келе жатқанына 15-ші жыл. Ал мен оны немен және қалай жарылқар екенмін. Биыл шыққан жаңа кітаптарым болмаса».

Мен бұларын білмеген едім, 2012-жылы қыста Көкшетауда және Өскеменде болған кездерімде алдымнан шықты. Бірде мұғалім, екінші жолы жас журналшы жігіт журналды көрсетіп, оқып

берді. «Герольд Бельгердің билікті, ешбіреуінің аты-жөнін атамай, анда-санда жалпылап сынап қоятынын кейбір мақаласынан оқып, сонысының өзіне «бәрекелді!» деуші едік, ал мына сөздеріне қарағанда, ол сыны біз сияқтылардың көзін бояу екен. Билікпен астыртын «амандасып» жүр екен ғой?!» десті. «Жаңылмайтын жақ жоқ...», қазбаламай-ақ қойыңдар» дей салдым. Үйге келген соң «Парасатты» алып, оқып, еріксіз ренжіп, ішімнен: «Әй, Гера, Гера! Назарбаевтың қазақтың бағы үшін туғанын сен ғана білгенің қалай? Бізге түсіндіріп айтып бермедің бе? Жағымпаздыққа бет алғаның қартайғандығың ба? Жақсы қартаюды ойламағаның ба?!. «Я – продукт Назарбаева» деген Тасмағамбетов буын-буыныңды босатып тастағалы 15 жыл болған екен. Бәсе, Алматы қаласының әкімі Иманғали (өз еркімен бе, көкесінің бұйрығымен бе, – оны бір құдай біледі): Шаңырақтың үйлерін бульдозермен бұздырып, қаншама қазақтың көз жасын төккенде, Арон Атабек бастаған төрт жігіттің «полицейді өлтірді» деген нақты дәлелсіз айыппен 8-16 жылға түрмеге кесілуіне жол бергенде, сондай-ақ, 1986-жылғы желтоқсанда жастарымыздың қаны төгілген алаңның асты-үстіне әлденелерді салдырып, желтоқсандықтарға арналған ескерткішті алаңға емес, екі көшенің қиылысына апарып тыққанда Гераның үнсіз жүргеніне тандансам, е, бір аяғы Алматыда, бір аяғы Астанада, рахаттанып талтайып тұр екен ғой?!» демеске лажым болмады.

Гера! Менің тандануыма мына бір пікірің де дәлел-ау:

«Елбасымыз туралы пікірім жоғары. Ол – табиғаты бөлектеу адам. Ол ешкімге ұқсамайды. Нұрсұлтан Әбішұлының біздің тәуелсіздік тарихымыздағы рөлі туралы шынайы, сауатты пікір әлі айтылған жоқ. Бәрі мақтау. Қазір Назарбаев мақтауға кенде емес. Болашақ ұрпақ Қазақстанның тұңғыш президенті Нұрсұлтан Назарбаев туралы әділ бағаны менің шығармаларымнан ғана табуы мүмкін. Кемшілігі болуы мүмкін, бірақ жағымпаздану, өтірігі болмайды. Оның біразы күнделіктерімде айтылған. Назарбаевты ХХІ ғасырдың екінші жартысында билік басына келген толқын жақсы түсінеді және баға береді. Тұлғаның тұлғалық қасиеті арада уақыт салып барып ашылады. Мұны мен емес, Пифагор ай-

тып кеткен. Оған көзім жетті. Оның тегін адам еместігі қазір де белгілі. Оның табиғаты бөлектеу. Алдына барған адамның мысы басылып, қауқарынан айырылып, қанаты қайырылып қалады. Елбасымыздың алдында өтірік айту мүмкін емес. Ол алдындағы адамның өзін алдауына жол бермейді. Мен мұны онымен жақын жүздескен жан ретінде айтып отырмын...» («Айқын» гәзеті, 2013 ж.). Айттың-ақ! Пифагордың аруағын куә етіп қатырдың-ақ!..

«ДАТ» гәзетіндегі (18. 07. 2013 ж.) «Чепухиінде» Асанәлі Әшімовтің Жазушылар одағы мүшелігіне өткенін қағытыпсың да, «Назарбаев пен Тоқаев өтпек болса, құптап кепілдеме берер едім, олар Жазушылар одағына абырой болады ғой!» депсің. Әй, Гера, Гера, кейде осылайша «көсілетінің» бар. Назарбаев АҚШқа алғаш барып келісімен: «Америкада Жазушылар одағы жоқ екен!» деп, сол «аңғарымпаздығымен» Жазушылар одағымызды, оған қоса барлық шығармашылық одақтарды: «Өз күніңді өзін көр» деген «теориясымен» 1994-жылы мемлекеттік бюджеттен шығарып тастаған жоқ па еді? Сонысымен Қазақстанның, қазақтың рухани өмірін өксітті емес пе?! Өзі өгей еткен Одаққа ол 19 жылдан соң қалайша, қандай абырой болады?

Жалпы, Гера, сенің бір «қызық» тәсілің бар. Президентті тәуелсіз гәзеттер арқылы анда-санда ақырын ғана «шымшып», сол үшін өз-өзіңнен ыңғайсызданғандай болып, басқа жақтан мақтап-мақтап қоясың. Елдегі ауыртпалықтардың бәріне ол емес, оның айналасы кінәлі деуден танбайсың. Сондай бір «жаңалығыңнан» кейін саған телефон шалып: «Бұның не? Оның қоластына «өзінің қорасынан шықпайтындарды жинап алғанын» шынымен білмейсің бе? Айдағанына жүрмеген: Әкежанға, Ғалымжанға, Заманбекке, Алтынбекке және басқа адал жандарға не істегенінен хабарсызсың ба?» дедім. Сен: «Ол енді... былайша айтқанда... бәріміз де пендеміз ғой» деп зорлана күлдің. «Олжас Сүлейменовті қазақ халқының рухын көтерген, қазақты әлемге танытқан ұлы тұлға» деп дәріптеуден жалықпайсың. Оның «Адамға табын, Жер, енді!» деген саяси одасын әлі де малданып, Жер-Ананы баласына бас идіргісі келген түйсіксіздігін қолдап жүр екенсің ғой? «Қазақтың төл перзентімін» дейсің, олай болса, қазақтың: «Анаңды Меккеге үш рет арқалап

апарын келсең де, перзенттік парызыңды өтей алмайсың» дегенін білмегенің бе?». Немесе Алдан Айымбетовтің өзі шығарып жүрген, сен де автор болған «Казахская правда» гәзетіндегі бір мақаласында Олжастың өзі құрған «Народный конгресс» партиясының жарғысы жобасынан: «Возрождение казахской нации» деген тармақты табандап отырып алдырып тастағанын оқымағаның ба? Немесе Олжасыңның «Невада-Семей» қорына Семей полигонынан зардап шеккендерге, басқа да мұқтаждарға көмек беруге деп он миллиард доллардан аса қаржы жинап алып, семейліктерге бір доллар да бермей, Шодиев, Машкевич, Ибрагимов бар бәрі өзара бөліске салған сұмдығын тәуелсіз гәзеттер жазып жатыр, одан да хабарың жоқ па еді?» дедім. Сен бірер жөткірініп, тағыда зорлана күлген болдың. Мен: «Жарайды, аман бол!» деп телефонымды жаба салдым. Содан кейін екеуіміз тілдескен, көріскен емеспіз. «Күнделігіңнің беттеріненде», анау «Плетение чепухи» деген ала-құла жазбаңда кезінде мен туралы жазған дұрыс сөздерің болса, енді өшіріп, керісінше жазатын шығарсың. Ең болмаса, Ташкент қаласына, ауыр халде жатқан әкеңе барып қайтуыңа сол кезде табынып жүрген ағаң Әбдіжәміл Нүрпейісов те, Жазушылар одағының басшысы Қалдарбек Найманбаев та көмектеспегенде менен жәрдем алып: «Айналайын Ғаббас-жан, бұл жақсылығыңды ешқашан ұмытпаймын!» дегенінді, Оспанәлі Иманәлиевше айтқанда, «түртіп қойғаныңа» тиіспегін. Мен ол оқиғаны «Бітеу бұйрық» деп жазып қойдым, бірақ, гәзет-журналға бермеймін, жинағым шығар болса, соған енгізіледі (сенше кітаптарым жариясыз жарылқаушылардың жәрдемімен жылда шығып жатқан жоқ, бетпақтардың дәуірінде шыға да қоймас, күдай оларға күнімді салмасын).

Ал премьер-министр Қ.Тоқаевтың 2002-жылдың көктемінде Ғалымжан Жақиянов бас болып құрған «Қазақстанның демократиялық таңдауы» атты қоғамдық қозғалысты сол жазда жуан жұдырығымен талқандап, Ғалымжан мен Мұхтар Әбіләзевті соттатып жібергенін, басқаларын жұмыстан қуғанын, Гера-ау, шынымен естіген жоқсың ба? Қазақстандағы демократияны жөргегінде жаныштап тастаған (әрине, «Жанышта! Құрт!» дегеннің құлы болған) Тоқаевқа өмешегің үзілгені қалай?! Оны

сол «шығармашылығы» үшін Жазушылар одағына мүшелікке алу керек пе еді?

Шынымды айтайын: Гера, сенің кейбір ойқастауларыңды түсіне алмай-ақ қойдым. Әу баста, 1990-жылы, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебе алуына академиксымақ І. Кеңесбаев екеуің қарсы болып, «Известия» газеті арқылы қазаққа сес көрсеттіңдер. Мен сонда қайран қалып, Одақта кездескенімізде: «Ау, Гера, оның не? Қазақтан қорлық көріп жүр ме едің?» дегенімде сен, жаныңда маған бейтаныс біреу бар еді, маған тура қарамай, қалайда басыңды изей күмілжіп: «Ол күрделі мәселе ғой, шешіледі ғой» деп жылжып кеттің. Ішінде біраз есеп жатқанын аңғардым, бірақ кейін ол қылығың туралы өзіңе де, өзгеге де ләм демедім. Ал Кеңесбаевтың «академиктігі» жайында Қалтай Мұхамеджановтың «Социалистік Қазақстан» газеті арқылы оған ашық хат жазып, оның «Фразеологиялық сөздігі» өзінің кітабы емесін, қоластындағы аспиранттарының еңбектерінен құрастыртыртып алғаны екенін нақты деректермен масқаралағанын оқыған шығарсың? «Академик» қарсыласа алмады ғой?!

Содан кейін, Гера, Солженицын деген сұмырайды құдайдай көретінің қалай? Тым болмаса, оның «қазақта жер болмаған» деп оттағанын ұмытпасаң еді, жоқ, онысын баяғыда ұмытқандайсың, «ұлы жазушы», «ұлы философ» дейсің, қазақтарды оның кітаптарын оқуға шақырасың, ал өзің қай кітабын оқыдың? Нобель сұлығы берілген «Архипелаг ГУЛАГ» дегенін бе? Солженицының ол романды жазбаған, оны АҚШ ФБР журналшылары жазып, атын да солар қойып берген. КСРО-ға қарсы бомба етіп насихаттап, сан тілге аударып, ақырында Нобель сұлығын алып берді. Сен кумиріңнің ол «романын» оқыған болсаң, өтіріктің «айғырын» көріп, төбе шашың тік тұрар еді. Шын авторлар есі кіресілі-шығасылы кісі де сенбейтін фактілерді әдейі құжынатқан. Солженицының сол «романын» өзі оқыса, ол фактілерге, егер сәл-пәл түйсігі болса, шошына таңданар еді Интернетте ол суайт туралы бірнеше кітап бар, соларды шолып байқасаң, осы айтқанымның бәрін кездестіресің. Ал «атақты романын» кім жазғаны туралы дерек «Правда» газетінің 2011-жылғы 90-санында, А. Орловтың «Почему атакуют побе-

ду» деген мақаласында бар. Бас кітапханамыздағы тігіндісінен көшірмесін алдырып оқығайсың. Солженицыныңның түрме, лагерь тауқыметін ешқашан тартпағаны Н.Решетовскаяның «Спор со временем» деген естеліктер кітабында айтылған.

Солай, Гера. Аман бол!

18. 07. 2013 ж.

* * *

28. X. 2014 ж. «Жас алаш» гәзеті. **Герольд БЕЛЬГЕРГЕ.**

ГЕРА, кімсің осы сен?..

Жаралсаң да немістен

Қазақ болып та келесің.

Құтты болсын СЕКСЕНІҢ!

80 жасап отырған неміс-қазаққа

Енді 20 жыл жасау – «Чепуха!»,

Диваныңнан алыста, бас алға!

90-ның төбесін ойып,

100-дің желкесін қи!

Сонда дейік:

– Вот это – да-а-а!

– Вот это – біздің ГЕРА!

Сәлеммен, – **құрдасың Ғаббас.**

Қаламдасым ГЕРА, 80-ді ерттеп мінген күнінде осылай деп «жыр» жолдап едім. Мен одан кейін кезектескен бір қуанышты, бір күйінішті жағдаяттармен Өскемен, Кереку, Көкшетау, Павлодар кетіп, үйіңе кіріп-шығудың орайы келмей жүрді. Енді сырқаттанып қалғаныңды да осы «Жас алаштан» оқып біліп, тез сауығып шығуыңа тілектес болып отырмын. Қазекен: «Азаматтың ауырғаны – арттың аунап тұрғаны», демеді ме, солай болсын, әкел қолды!

04. 02. 2015.

* * *

Ақпан айының 8-күні... 2015-жыл... Гера қайтыс болғанын «Азаттық радиосының» сайтынан оқыдым... О, жалған-ай! Жасының 80-ге толғанын тойлай алмай кетті-ау!..

* * *

Гера қазақтың «қышыған жерін» айтып та, жазып та жүрді, бірақ: «Қышығанына, міне, мынау кінәлі!» деп жоғарғы жақтағы «мықтыларды» тура нұсқай бермеді, ал өздерінің ашық сөзін емес, өзгелердің астарлы сөзін малдануға бейім тұратын қазекем соның өзіне маз болып, кейбір «білгіштері»: «Қазақтан Бельгердей біреу шықпады!» деп шала бүлінді. Бір ғана Кәрішал Асановтың бес Бельгерге бергісіз екенін еске алмады. Е, әркім басында барымен базар заман...

Солай, марқұм Гера... фәниде біліп-білмей оғаш сөз айтқаныңды құдай кешірсін.

(Мұндағы «Жас алашта» жарияланған құттықтауымды Гераның өзі де, өзгелер де оқыды ғой, ал мына құрдастық ашық пікірлерімді өзі оқып көрсін, не айтар екен деген оймен үйіне беріп жібердім. Жауап қатпады. Не мұрағатына салып қойды, не жыртып тастады. Айтпақшы, «ДАТ» гәзетіндегі (18. 07. 2013 ж.) пікіріне риза болмай, сол гәзет арқылы жауап жаздым, бірақ гәзетте шықпады.

Қырғызстан Радиосына

БІШКЕККЕ БІР СӘЛЕМ!

МАНАСТЫҢ ҰРПАҒЫ, СЕН МЫҚТЫСЫҢ!

Иә, мықтысың сен, мықтысың, Манастың Ұрпағы! Мықты екеніңді, міне, тағы бір дәлелдедің! Билік басына: «Елім! Халқым!» деп келгені елін, халқын алдау болған, шындығында елін тонауды, халқын қанауды көздеген екінші президентіңді де көкек айының 7-сі күні тақтан төңкеріп тастағаның тарихи ерлік болды! Бәрекедді! Жеңісің құтты болсын!

Арғы ғасырларды араламай-ақ, бергіге жүгінгенде: «Манас» дастаны көне қырғыздың әдеби мұрасы екенін Фрунзе қаласында болған бүкілодақтық жиында бұлтақай әсіребілгіштерді бұқтырып дәлелден берген Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шәкірті Шыңғыс Төреқұлұлы Айтматов танытқан мықтылықты исі қазақ ұмыта қоймас, әсте ұмытуға тиіс емес! 1991-жылдың күзінде Мәскеуде, КСРО халық депутаттарының құрылтайында сөйлеген сөзінде аруағыңнан айналайын Шықаң қазақтың да тауқыметті көп тартқан халық екенін, керенау басшылардың кесірінен 1986-жылғы

желтоқсанда тағыда қасірет шеккенін батыл айта келіп: – Қазақты өз үйінде бұрышқа тұрғызғанды тоқтату керек, жетеді! – демеді ме?!.

Ойда жоқта бұйырған тәуелсіздігінің дізгін-шылбырын қырғыз халқы, оның ұлы перзенті Шықаң да сеніп тапсырған Асқар Ақаев сол қырғыз халқына тілін емізіп, тәтті-тәтті сөйлеп, ақырында елдің берекесін кетіріп еді. Ақаев судыраған көп сөзінің бірінде елдің тұрмыс жағдайы жақсарғанын елде пәлен де түтлен супермаркет салынғанымен «дәлелдеген» болатын. Қарапайым көпшілікке супермаркет атаулының қажеті беш тиын екенін, олар маңдайы терлеп көрмеген байлардың мүлкі екенін ескермеді. Халық үшін емес, қанаушы топ үшін жасалып жатқан өзгерістерді мақтан етті. Сөйтіп, өзіне сенген жұртты жұтатты. Оның көпекөрінеу солақайлығына наразы бола бастаған көпшілікті Құрманбек Бақиев бастап шықты, Ақаевтың қателіктерін теріп, оның бәрін де түзете алатынын айтты. Жұрт оған да сенді. Бірақ, «бақсақ, бақа екен» дегендей, Бақиевтың көздегені президенттік биік тақ қана екен. Қолы билікке жетісімен ол да өзін және өзінің жемтіктерестерін қолпаштаушыларды жарылқауға кірісті, халықты керек етпеді, ол үшін де «тобыр» болды.

Ақаевтан қалған ауыртпалықты Бақиев үстей түсті. Қарапайым қырғыз тұрмыстық езгіден тұншыққанның үстіне тұншыға берді. Тәуелсіздік тәтті сөз қалпында қалып, тіршілік нарқы қанаудың қара сойылына айналды – халық жерінен, нәпахасынан айырылды, қымбатшылықтан көз аша алмайтын болды. Биылғы мағлұматқа ғана жүгінсек, мысалы, электр мен жылу төлемі екі есе, ыстық-суық су төлемі бес есе артты! Мұның қандай қиямет екенін басымыздан өткеріп отырған біз жақсы білеміз.

Бізге таныс және бір жәйт: Бақиевтың өкімет пен үкімет құзырындағы жылы-жұмсақ орындарға халықтың өкілдерін емес, інілері мен балаларын, өзінің өкілдерін жайғастырып қойғаны. Мәселен, Максим Бақиевты Даму, инвестиция және иновация жөніндегі республикалық агенттіктің төрағасы креслосына қонжитты. Ол – Қырғызстанға шеттен келетін миллиондаған, миллиардтаған долларды баласының қолына ұстатты деген сөз. Қанша қаржының қайдан түсіп жатқанын біздегіше халықтың құлағы естісе де, көзі көрген жоқ. Бақиев пен бақиевшылардың

сондай соқыр-керең өктемдігіне Манас Ұрпағы неге, қашанғы шыдасын?! Көкек айының 6-7-сі күндері дауылды дариядай толқыды да, бақиевтарды жаңқаша лақтырды! Құрманбек Бақиев алдындағы Асқар Ақаевтың аяғын құшты. Ол да анда-мында «ат шалдырып», содан соң шет елдердің біріне тайып тұратын шығар? Әбден мүмкін! Оның өзінің де, ұлдары мен келіндерінің де, қыздары мен күйеубалаларының да Англия мен Францияда, Швейцария мен Испанияда... ондаған, жүздеген миллион-евроға сатып алып қойған король мен принц сарайлары жоғына кім кепіл? Өзі де, өзгелері де қадірлеп көрмеген, менсінбеген, қанаған, тонаған халықтан түптің түбінде қорыққан обырлар ертең тұра қашпасына болмайтын жаза күні туғанда барып тығылатын апанын неге дайындап қоймасын!

Қысқасы: уа, Манас Ұрпағы! Жеңісің баянды болсын! Енді сақтана біл, тағы бір тажалға тап болып жүрмеуді ойла!

Төңкеріс атаулының «әттең-айы» болатыны – өкінішті заңдылық. Ескі мен жаңаның күресіне шыққандарға ушықтырушы, арандатушы арамзалар жасырын ілесе кетеді де: «Бірің өліп, бірің қал!» деген пасықтығын қару етіп, адамгершілікке кереғар қарекет, қылмыс жасайды. Біз оны жастарымыздың 1986-жылдың желтоқсанындағы толқуында білгенбіз, көргенбіз. Алаңда аутомәшіндердің өртелгені, жиынды таратуға жұмсалған милиция мен әскерге тас, кірпіш, мұз лақтырылғаны – жымысқы арандатушылардың ісі. Ол ол ма, билік жұмысшыларға темір таяқ ұстатып, жастарға қарсы айдап салып, ашық арандату жасады. Кейін анықталғанындай, билік алаңға арақ апарып таратыпты да. Сендердің толқуларыңда да сондай залымдықтың болғаны сөзсіз. Дүкенді тонағандар, үйді өртегендер – арандатушылар. Біздегіше сендерде де қаншама адам қаза болса, ол – бақиевшіл биліктің сендерге оқ атуға бұйрық берген ашықтан-ашық арандатушылығы, жауыздығы!

Халық мүддесі үшін құрбандыққа ұшыраған бауырларымыздың топырағы торқа болсын!

Ағайының Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ,
журналшы, жазушы.

Алматы. 14. 04. 2010 ж.

(«Жас алаш».)

АРАНДАТУШЫЛАР АТҚА МІНДІ-АУ!

Халықтың мүддесін ойламаған, өзін, бала-шағасын, жағымпаздана шашбаулаушы айналасын жарылқауды білген Қ.Бақиевты тақтан тайдырған Ұлы Манас ұрпағына риза болған қазақтардың бірі мен едім. Қырғыз бауырларыма осы гезет арқылы «Бәрекелді!» деп ыстық лебіз жолдап едім. Ал бүгін өкініп отырмын. Өкінішімнің себебі Манас ұрпағының ірі қимылын құптағаным емес, жоқ, ол емес! Себеп – оларды арандатушы сойқандардың атқа мінгені. Өкімет халық өкілдерінің қолына өткеніне ашық қарсылық көрсете алмаған арамзалар дереу астыртын әуейілікке кірісіп, мінез-құлқы қалыптаспаған жастарды жаңа басшылыққа қарсы айдап салды. Тағыда: қирату, тонау, өртеу, ұрып-соғу, өлім... ұлтаралық шиеленіс тудыруға жанталасу. Мұндай сұмдықты қазақ күні кеше, 1986-жылғы желтоқсанда, басынан кешкен. Сол күндері алаңда автокөліктерді аударып өртегендер, басалқы сөз айтқандарды тындамай айқайлағандар, оларға тас, мұз лақтырғандар, милицияға, жасақшыларға тіл тигізіп, қол жұмсап жағдайды ушықтырғандар әдейі арандатушылардың құлдары болғаны сөзсіз. Арандатушы «белгісіздердің» алаңға арақ апарып таратқаны да белгілі болды. Сол жауыздықтың Бішкекте қайталанғаны, әлі де жалғасып жатқаны әнеки. Өте өкінішті! Оны әуелгі бейбіт ереуілшілерге таяқ жұмсапқан, оқ атқызған бақиевшылдар, олардың арандатуына жем болған жалдамалылар істеп жатқаны күмәнсіз дей аламын. Иә, солар! Олар Манастың ұрпағы емес!

Осындай қысылтаяң кезде ел азаматтарының қол ұстаса қалмағаны түсініксіз. Мысалы, кезінде әділетсіз билікке қасқып қарсы тұрып, қайыспай күресіп, ісі қырғызға бек танымал болған Феликстің – бүгінде әйгілі «Ар-Намыс» партиясының басшысы Феликс Куловтың сын сағатта жаңа басшы Роза Отунбаеваның жанынан табылмай, ат арытып Алматыға келіп, «АйтПаркте» клубына, Мәскеу барып, «Эхо Москвы» радиосына жүгінгені қалай? Қырғыз мәселесін сөйтіп шешу керек пе еді? «Отунбаева шақырмаған соң» ба? Шақырту тілеу керек пе еді? Шақырту тілеу Феликске жарасты ма? Роза Отунбаеваның, оның жанындағы

басқа ағайындардың шақырған-шақырмағанын кім біледі? Феликс өзі барып, ондағылар кеудесінен кері итеріп пе? Ал сырттағы жүгінгендерінен қырғыз халқына тиген пайда кәні? Бүгінгі бүліншілікте қайсысы қабырғасы қайыса басу айтты, нендей бітімдік ұсыныс жасады? Қырғыз халқына қандай жәрдем берді? Қайта билікшілдердің әділетсіздігіне, бакиевшы «бөліп ал да, талай бер!» тәртіпке қарсы әп деп бас көтерген жастарды – Манас ұрпақтарын «тентектер, бұзықтар» деп тілдегенін естідіңіздер ғой? Белоруссияға барып бұғып жатқан Бакиев: «Джалал абадтағы, Оштағы сойқандыққа қатысым жоқ» депті, онысы көлгіреу екенін екінің бірі біліп отыр емес пе?

...Ұлы Манастың ұрпақтары, араларындағы арандатушыларды әшкере етіп, аулаққа қуып тастандар! Бүліншілікті тиындар! Манас елінің – Қырғызстанның ертеңі тыныш, тұрмысы түзелуін ойландар! Әлі де кеш емес, ойланындар, айналайындар!

Алматыдан ақ тілек жолдаушы –

қарт жазушы Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.

12. 06. 2010 ж.

(«Жас алаш».)

С КЕМ ФЕЛИКС КУЛОВ?

Когда-то знаменитый борец за справедливость Феликс Кулов был и моим кумиром, хотя заочно. Когда он сидел в тюрьме, я отправил в Верховный Суд Киргизии письмо-протест, копию чего попросил вручить Феликсу, однако никаких вестей оттуда я не получал. А теперь, то-есть, с первых дней изгнания К. Бакиева, Феликс стал непонятным для меня. Он до сих пор в стороне от дел временного правительства Киргизии. Сперва появился в Алматы, дал интервью в АйтПарке; появился в Москве, дал интервью в радио «Эхо Москвы». Потом, недавно, опять появился в Алматы, встречался с Н. Назарбаевым. Что за вояж? Почему он сразу не пошел Розе Отунбаевой, не постарался ей помочь? Ему, что, было нужно специальное официальное приглашение с предложением с ходу занять кресло премьер-министра? Когда народу трудно, надо же помочь ему, его временному правительству, Розе своими советами, кон-

кретными делами, а не непонятными, например, для меня словами из далека?! Если Р. Отунбаева не пожелала принять его и побеседовать с ним, вот тогда надо было ему об этом открыто высказаться, посоветоваться с народом. Теперь он, лидер партии «Ар-Намыс», угрожает власти, правительству Киргизстана каким-то пешим-конным походом. Что за номер? Кто ему посоветовал такую чушь? Разве это дело ар-намыса? Он, что, задумал делать госпререворот, силой, против воли народа стать президентом страны? Я, не только один я, а большинство казахов у нас считает Розу Отунбаеву достойнейшим Президентом!

Каждый гражданин Киргизии, считающий себя патриотом страны Манаса, должен отбросить с себя тень Акаева и Бакиева (которые разорили республику, что доказано) и помочь Президенту Розе Отунбаевой! Она может и будет объединить народ!

Я очень надеюсь, что господин Ф. Кулов обумается и находит общий язык как с Президентом, так и с правительством ради спокойное развитие многострадальной Киргизии!

*г. Алматы.
26. 10. 2010 г.*

* * *

Құрметті Қырғыз радиосы! Мына үш мақаланы жіберу себебім: ағайын қырғыз халқы қияметке ұшырап жатқанда біздің үнсіз қалуымыз дұрыс емес қой. Мақалаларым «Жас алаш» гәзетімізде шықты. Енді бұларды сіздерге жолдадым, ретіне қарай эфирге шығаруды өтінем. Бір ауыз болса да сөзіміз жастардың құлағына жете берсін!

«24kg» эл. поштасын таба алмадым. Табыс еткейсіздер!

Қырғызстан Мәдениет орталығына АРДАҚТЫ ҚЫРҒЫЗ АҒАЙЫНДАР!

Бүбі Мәриям Мұсақызы арқылы Тәңірден берілген «Айкөл Манас» дастанының қазақ тіліндегі және орыс тіліндегі 1-томдарын, Жұмадин Қадыров еңбегінің 1-кітабын алып, Сіздерге ерекше риза бола отырып таныстым. Ұлттық ұлы мұраның авторы Жайсаң Үмөтұлы екені анықталған екен, бұл – мен үшін де шексіз

қуаныш һәм мақтаныш! Осындай ғажап сәтте есіме ұлы жазушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов ағамыз тағы бір түсті. «Манас» қай халықтың мұрасы деген тақырыпта Бішкек қаласында (сол кездегі Фрунзеде) өткізілген конференцияда бүкіл СССР-дан жиналған әдебиетші-зерттеушілер талқылауда әрқалай пікір айтып, тіпті кейбір «білгіштер» дастанды «қырғыздікі емес» дегенге дейін барып, үлкен айтыс болғанын, сонда Мұханның ұзақ та дәлелді сөз сөйлеп: – «Манас» – қырғыз халқының қаһармандық дастаны! – деп жеңіске жеткенін білесіздер. Бүгінгі мынау қуанышқа марқұмның аруағы ортақтасты деп ойлаймын.

Бәрекелді! Қырғыз халқының алтын айдарлы «Айкөл Манас» дастаны ұрпақтан ұрпағымызға жетіп, ұлттық рухымызды асқақтата берсін! Жайсаңы жазған ұлы дастаны бар, манасшы талантты жыршыларының ұлы көші бар қырғыз халқының мәртебесі артып, келешегі жарқын, бақытты болсын!

Сіздерге бас ие сәлем жолдап, әрқашан тек жақсылық тілеймін!

***Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ, жазушы,
Қазақстанның Құрметті журналишысы.
Алматы шаһары. 12. 05. 2011 жыл.***

ҒАЖАП МҮЛІК. КІМДІКІ?

«Жас алаштың» оқырмандарына

Ол екеуіміздің танысуымыз қызық болды. 1968-жылдың көктемі. Бір күні Алматының Гоголь және Сейфуллин көшелерінің қиылысындағы «Көне кітаптар» («Букинист») дүкеніне бара қалсам, қаламгер ағамыз Әнуар Әлімжанов жүр екен. Дүкенде қалыптасқан тәртіпке бағынып, күбірден көтеріңкі, сыбырдан пәстеу үнмен сәлемдестік. Сол әредікте қасымызға нығыз төртпақ жігіт келді. Қолында өзі такілеттес қалың кітап бар. Маған басын бір изеді де, кітапты Әнуарға ұсынып: «Әнеке, бағана айтқаным, міне, осы», деді. Ал Әнекең одан кітапты ала бере:

– Амантай, Ғаббаспен таныссың ба? – деп мені шынтағымнан ұстады.

– Жоқ.

– Ендеше танысып қой, жазушы інің, сатирик Ғаббас Қабышев.

– Ә, сырттай біледі екенмін.

– Ғаббас, бұл ағаң – Амантай Сатаев. Қазақстанның тұңғыш тарихшы-архивариусы.

Бейтаныс екеуіміз қол алыстық. Қолы күректей екен.

– Жігітім, екі кило ет алу үшін дүкенде екі сағат сарылып кезекте тұрып жүрген мынау заманда сенің қолыңды алу қойдың санын ұстата қойғандай екен!- дегенімде Абекең:

– Өй, айналдым! – деп қарқылдап күліп жіберді. Әнекең екі иығы селкілдей үнсіз күле беріп:

– Ақырын, ақырын, – деді бізге.

– Ребята, пожалуйста, потише, – деді сатушы келіншек те.

...Амантаймен сегіз жыл есіктес көрші болдым. Ақкөңіл, кеңқолтық, әңгімешіл еді. Көне тарихтан сөз бастасаң, желкенін жел керген қайықша қалқып жөнелетін марқұм (топырағы торқа болсын!). Ал кітапханасындағы дүниесі жүздеп саналса да, мыңдапқа бергісіз: пәленбайыншы жылдары Қазан, Санкт-Петербург, Омбы... баспаларында шыққандар. Абекеңнің ізі қалмаған тарихи мұрағатжай Кеңес Одағында жоқ дей аламын. Кітап алмасу жолымен алыс-жақын шет елдерден келіп жеткендері қаншама?!

Оның мұрағатжайында көне фотосуреттердің көшірмелері де біраз бар. Өздеріңізге ұсынып отырған мына ерекше фотосурет – солардың бірі. Ол қай жаққа барып қайтса да, келген күні телефон шалып: «Ғаббас, айналдым, тез жет, сарқыт бар!» деп аңқылдап күлетін. «Айналдымы» – сөзінің сыралғысы. Солайша бір қоңыраулатқан соң барғанымда ең алдымен мына суретті көрсетті:



Мен еріксіз таңдандым. Бұрын көрмеген кереметім!

– Абеке, бұл не? – дедім. Ол көңілі көктем бола қарқылдап күліп:

– Айналдым, сен осы сұрағыңмен аялдай тұр. Бәрібір айтпаймын. Гәзетке шығартамын, сонда бәрің бір-ақ білесіңдер, хорошо? – деп қуақылана тағы күлді. Шынында: «Көкшетау жақтан алып келдімнен» басқа ештеңе айтпады.

Ол бұл суретті гәзетке шығартқан жоқ-ау деймін. Шығартса,

маған көрсетсе керек еді. Сірә, жолсапары көп Абекең, әне-мінемен жүріп, ұсынып үлгірмеген болар.

«Көкшетау жақтан алып келдімі» есімде болып, мұны бірде Көкшеге ала барып, ескікөздердің бірнешеуіне көрсеттім, «Бұны бұрын көріп пе едіңіз? Бұл не?» деген сауалыма олардың жауаптары әрқалай болды. Ендігі жауап, құрметті оқырмандар, сіздерден болсын. Естіп-білгендеріңізді нақты дәлелімен жазып, редакцияға жолдағайсыздар.

(«Жас алаш». 06. 09. 2010 ж.)

* * *

Марат ЕРМҰҚАНОВ (Қызылжар қаласынан):

«Бұл мүйіз орындық жазушы Сергей Баймұхамбетовтің арғы атасы Баймағамбет сұлтандікі. Сергейдің қарындасы Венера осыдан он шақты жыл бұрын әкеліп тапсырғаннан беріде Солтүстік Қазақстан облысының Тарих мұражайында тұр».

(«Жас алаш». 16. 09. 2010 ж.)

ҮШБУ СӘЛЕМ ЖОЛДАДЫМ...

**Қазақстан парламенті Мәжілісінің төрағасы
Орал МҰХАМЕДЖАНОВ мырзаға**

Құрметті Төраға!

Бүгінде биліктің басы-қасында, айналасында жүргендердің бәрін дерлік кезінде таңдаған атына мінгізген Кеңес өкіметінің кеңсе-мекемелерінде жұртшылықтан келген хатқа он күннің ішінде жауап беруді міндеттеген тәртіп болғанын жақсы білетін шығарсыз. Ол да өкіметімен бірге кете барды. Тәуілсіздігіміздің жиырма жылы көрсетіп бергеніндей, бізде жоғары-төменді кімге хат жазсаң да, жауап қайтарылмайтын «дәстүр» қалыптасты. Соның бірегей мысалы – Сізге 2004-жылғы қарашаның 10-ында және 2009-жылғы маусымның 16-сында жазған, поштаның өз қолыңызға тигізетін жолымен жөнелтілген, Мәжіліс депутаттарына мәлім етуіңізді өтінген хаттарымның хабар-ошарсыз қалғаны. Соны ескеріп, мына хатымды гәзет беті арқылы ашық жазғанымаренжімегейсіз.

Парламенттің заң шығарушы орын екенін мен де білемін, алай-

да ондағы депутаттар халықтың қалаулылары ғой, сайлаушыларынан барған хаттарға уақтылы назар аударуға, дiттеуге мiндеттi. Сондықтан, сайлаушы ретiнде, бұл хатымның да депутаттарымызға жетуiн қалаймын.

Айтпақшы, екiншi хатымда Сiздiң пiкiрiңiздi бiлгiм келген мәселе бесеу едi (хаттарымда жеке басыма қатысты сөз болған емес), соның екеуiн қайталап айтып, жаңа әңгiмемдi содан кейiн бастайын. Сондағы «ескi» екеу мыналарды:

1. Ақын Шәкәрiм Құдайбердiұлы «халық жауы» деген жаладан толық ақталысымен марқұмның тандамалы туындылары 1988-жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрдi, бiрақ ол жинақ жарым-жан болды, себебi: баспадағы әсiресақтардың «арқасында» ақынның өлең-дастандары: «құдай, алла, тәңiр, тағдыр, иман, мұсылман», т. б. дiни сөздерден «тазартылып», қажы Шәкең кәдiмгi атеистке айналдырылды. Шәкәрiмтанушы бас ғалым-әдебиетшiмiз Қайым Мұхамедханов, сыншы-жазушы Мұхтар Мағауин ол өрескелдiктi қатты сынаған мақалалар жазып, дереу дабыл қақты. Қостаушылар аз болмады.

Шәкең жинағы одан берiде екi дүркiн шығарылды («Аманат» журналының кiтапханасы, Халықаралық Абай клубы, Жидебай, Семей, 2006 ж.). Алайда, ең болмаса Қайым ағаның жанайқайы ескерiлмей, кiтаптың 1988-жылғысы қайталана салды. Аруаққа одан өткен қиянат болуы мүмкiн емес!

Мектептерiмiздiң бiразында шәкiрттерге Шәкәрiм өлеңдерiн жаттату бәйгесi өткiзiлiп, кейбiр оқушылар ақынның 50–80 өлеңiн жатқа айтып, жүлде алып жүр. Бұл ақынның «атеистiк» өлеңдерiн оқытып, жаттатып, жас ұрпақты адастыру емес пе? Әрине! Осы жөнiнде: «Қазақ әдебиетi», «Ана тiлi», «Жас алаш» гәзеттерiнде мақалаларым шықты. Басшылар, жұртшылық құлақтансын деп жаздым. Ақын бабамыздың өлең, дастан, мақала, хаттары автордың өзi барда басылған «Қазақ айнасы» кiтабымен салыстырылып, академиялық жинақ етiлiп, мемлекеттiк баспадан шығарылса деп ұсыныс жасадым. бiрақ, өкiнiшке қарай, тиiстi басшы орындар ғана емес, жалпы зиялы қауымнан тiрi жан үн қатпады.

2. Ресейдiң тарихшы-журналшысы Юрий Жуковтың «Иной

Сталин. Политические реформы в СССР в 1933-1937 гг.» деп аталған кітабында Қазақстанды 1934-1938 жылдары билеген Л. Мирзоянның 1937-жылы Кремльге хат жіберіп, «халық жауларының» 2346-сын атуға, 4403-ін жер аударуға рұқсат сұрағаны айтылған. Жиыны – 6749 кісі (тізім жоқ, сан бар). Ал Ежов оны 7500 кісіге жеткізіп, бекітіп қайтарған. Мирзоян одан соң Сталинге құпия жеделхат жолдап, «рысқұлов-нұрмақовтардың революцияға қарсы ұлшылдық-фашистік ұйымы барын» мәлімдеген. Ол «ұйымның мүшесі», республика Орталық атқару комитетінің төрағасы Ө. Құлымбетовті орнынан босатуды сұраған. Босаттырып алып, атқызып тастады. Яғни Мирзоян 7500 адамды тізімдеп, мысалы, ақын-жазушыларымыздан: Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және басқаларды жұтты. Бірақ казекем, қалайша екенін түсінбедім, малын тартып алып аштан қырған Голощекинді «қу жақ, жауыз» деп дұрыс даттады да, малына тиіспей, азаматтарын қырған Мирзоянды «Мырзажан» деп мақтады. Танымал қарт журналшы Мадат Аққозин «Вернуть из забвения» атты кітабында (Жұмабай Шаяхметов туралы) былай депті: «Мирзоян после такого предшественника (Голощекинді айтады, – Ғ. Қ.) явился как спаситель народа. Появилась работа. Отменили карточки на хлеб, его продавали в магазинах за деньги. Начал налаживаться быт людей. Но на смену массовому голоду пришел массовый арест с расстрелами».

Сөйткен Мирзоян туралы бүгін де мадақтау мақала жазылу-да, Алматы, Астана көшелерінде аты бар. Мен осы кереғарлыққа да ашынып, әр қырынан бірнеше мақала жарияладым. Алматы қаласының әкімдігіне хат жаздым. Ешқайдан ешкім ләм демеді. Баяғы: «әй, қайтесің соны қозғап?».

Осы орайда бабамыз әл-Фарабидің: «Сен досыңнан қауіптенбе, қатты болса сатып кетер; жауыңнан сескенбе, қапыңды тапса өлтірер; сен немкеттіліктен қауіптен, түбіңе сол жетер!» деген қағидасы еске түседі.

Енді бұрынғыларды өз төрелігіңізге тапсырып, жаңа сөзіме кірісsem, ол – қоғам қайраткері ақын Мұхтар Шаханов бастаған

тілжанашырларының халыққа, президентке, парламентке жазған ашық хатымыз. Ол баспасөзде жарияланысымен президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың кеңесшісі Е. Ертісбаевтың оны: «Конституцияға қарсы әрекет», деп шыға келгені мені де еріксіз таңқалдырды. Конституциямыз Қазақстан азаматтарының ой еркіндігі мен сөз бостандығын қамтамасыз еткен болса, президенттің кеңесшісі оны не білмеген, не білгісі келмеген. Әлде біздің: «...жетінші баптағы екінші тармақ алып тасталсын» дегенімізден өлердей шошыды ма екен?

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Конституциясында қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатнас тілі делінді. Өмір ыңғайына сай орынды байлам. КСРО кезінде одақтас республикалардың бәрінде мемлекеттік тіл болған орыс тілінің КСРО ыдырап, әрқайсысы жеке шаңырақ – тәуелсіз мемлекет болған елдерде тағыда мемлекеттік тіл болуы қай қисынға саяды? Көп ұлт-ұлысты Қазақстанда ұлтаралық қатнас тілі болуы орыс тілі үшін үлкен мәртебе емес пе?! Жоқ, ішкі-сыртқы орыс ағайындар оны олқысынып, ренжи бастап еді, біздің «көңілшек» билік пен парламент Конституцияға түзету енгізіп, орыс тіліне «ресми тіл» дәрежесін бере қойды. Меніңше, «мемлекеттік тіл» мен «ресми тілдің» бір-бірінен айырмасы жоқ, аты басқа, заты бір. Бұл шындық па? Шындық! Соның салқыны тигендіктен біздің: өкімет, үкімет, парламент әлі күнге орыстілді ме? Орыс тілді! Мұнымен келіскілеріңіз келмесе, құрметті Төраға, депутаттар, өздеріңіз айтыңыздаршы: парламент 20 жылда жиыны неше мәжіліс өткізді және оның нешеуі мемлекеттік тілде өткізілді? 20 жылда неше Заң шығарды және оның нешеуі мемлекеттік тілде жазылды?

Біз хаттың байыбына бара алмаған бунаковтар өздеріне ұйымдасқан қастық жасалғалы жатқанын көргендей уралады да, солардың ыңғайына бейім бірнеше қазағымыз хатқа білмей қол қойғандарын өкіне мәлімдеді, ал қойылған қолы жоқтар қол қоймағандарын ерлікке балап ерекше өркештене «үн қосты» (өйткендерін өз басым «жағымпаздықтың жалаушасын көрсеткендері» деп білем). Әрине, әркімнің еркі. Әйтседе, осы жерде бір гәп бар.

Әлемге әйгілі түріктанушы ғалым Лев Гумилев «Ұлы дала мен Русь» деп атаған заманнан беріде Ресей патшаларының кеңбайтақ Ұлы даланы – қазақ жерін иемденгісі келмегені жоқ. Мәселен, 1-Петр Ресей бұл кеңістікті өзіне қаратып, халқын қара жұмысқа пайдалануы керек, олар ғылым-білімге қабілетсіз десе, 2-Николай патша қазақтардың көнгендерін православие дініне енгізіп, көнбегенін қырып тастау туралы жарлық шығарған болатын. Жә, шовинистік ол жауыздықтарды тізе бермей, бертінгі солженицын-жириновскийшілдердің ғана Қазақстанға, қазақтарға қарсы айтқан, жазған сандырақтарын санасақ, «көптомдық шығармалар жинағы» болар еді. Сыртқы істер министрлігіміз бірде жалақор Жириновскийді Қазақстанның шегіне жолатпауға шешім қабылдап (зиялы қауымның талабы бойынша), Ресей Сыртқы істер министрлігіне нота тапсырған, бірақ, арада ай өтер-өтпесте, ол шешім далада қалды да, «шешесі – еврей, әкесі – заңгер» жерлесіміз Алматыға келіп, оқыған мектебінде кездесу өткізіп, мейлінше тайраңдап қайтты. Ол қалай? Сыртқы істер министрлігіміз кім көрінгенге қолжаулық болды емес пе?!

Оны да қоя тұрып, осыдан үш апта бұрын Максим Акимов дегеннің (бүркеншік аты-жөн болуы да мүмкін) ресейлік интернет-сайтта жарияланған «К российским соотечественникам в Казахстане... Русские, очнитесь!» деп атаған үндеуінен бірер үзінді келтірейін:

«...Давайте разбираться в чем дело. А дело в том, что до прихода русских в степной край, оседлого населения здесь не было, не было вообще. Возможно, где-то на юге территории нынешнего Казахстана, существовали единичные небольшие поселки, но городов не было, никакой цивилизации не обнаружилось. Русские (и прочие славяне), прибывающие из внутренних губерний России, являлись первыми поселенцами, первым постоянным населением региона. Именно они и могут считаться коренным населением Казахстана...».

Ғұлама бабамыз Махмұд Қашғаридің 1082-жылы «Әлемнің домалақ картасын» («Круглая карта мира») жасап, онда бүгінгі Орта Азия мен Қазақстанның да жер бедерін, қалаларын ғылыми

анық мәнерлеп сызғанынан хабар-ошары болмаған, болған күннің өзінде әдейі білмегенсіп бықсыған Солженицынның сайқалдық елесіне елітіп жүрген көп шуылдақтың бірі – мынау М. Акимов қазақтардың тарихына да, тіліне де, әдебиетіне де жауығып, «мәдениетсіздер, ұлтшылдар» деп түтігіп, казак жеріндегі орыстарға: «Русские, очнитесь, нужно возвращать ситуацию в нормальное русло, возвращать все на круги своя, ведь вы у себя дома, вы первыми начали строить дома в этих степях!» деп ұлып отырып ұран тастады.

Бұл не? Жай ғана сандырақ па? Жоқ, бұл – Қазақстандағы қазақтар мен орыстардың арасына әдейілеп, ашық от тастау! Бұл – қырқысқа, қырғынға шақыру! Бұл – елін, жерін, мемлекеттік тілін құрметтеуші қазақтарды тағыда тұншықтыруды көксеу! Бұл – бізде: казачествосын үстем етуді көздеп қоқырақтап жүрген казактарды; «Отанымыз – Россия, президентіміз – Медведев!» деп мантирап жүрген қайсыбір кеудемсоқ орыстарды желіктіру, ұлтаралық шиеленіс туғызу, арандату! Нағыз шовинизм!

Шын бар-ау, қазақты халық дегісі келмей сандалған мынау Акимов тарихтан мүлде бейхабар екен: «Быт казахов, как мы все прекрасно знаем, находился на уровне кочевников-скотоводов, в то время как в России уже появились Ломоносовы и Менделеевы» депті. Байғұс-ай!.. Аристотельден кейінгі Екінші ұстаз болғанын әлем ғалымдары мойындаған Әбу Нәсір Мұхаммед әл-Фараби бабамыз ғылымда небір жаңалық ашып жүрген кезде ломоносовтар мен менделеевтердің бабалары да бұл дүниеге келмеген еді ғой?!.

Қазақ тілжанашырларының хатын төбелеріне түсетін бомбадай көрген орыстілді гәзеттер: солженицын-жириновский-кузьмин-мироглов-акимов... сияқты сухиттардың сұмпигылды сөздеріне неге назар аудармайды, қанталап тұрған қаскөйлік ниеттерін неге айыптамайды? Жымысқы саясатпен үрритсоқтап қашанғы үнсіз қала береді? Интернет сайттары арқылы қазаққа, Қазақстанға жынкөбігін шашып жүрген көргенсіздеріне неге тиым сөзін айтпайды?

Біздің үкімет ше? Ұлтаралық, тіпті мемлекетаралық қатнасты ушықтыруға белсене, жанталаса кірісіп жүрген ресейлік саясат-

шыларды, журналшы-жазушыларды тәртіпке шақыруды талап ете Ресей үкіметіне неге салмақ салмайды?

Сондай-ақ, біздің хаттан ат-тондарын ала қашқан қазағы бар, басқасы бар «жанашырларымыздың, батырларымыздың» қайсысы ең болмаса мынау Акимовке қарсы бір ауыз сөз айтты?

Жоғары-төмен биліктегі шенеуніктер болса, орыстілді гәзеттердің жеке тілшілерінің сұрақтарына, немесе орыстілді журналшылармен сұхбат жасағандарында, немесе мақалаларында Қазақстанның, қазақтың атына айтылып жатқан бетпақтыққа, жалақорлыққа нақты, құжатты мысалдармен тойтарыс беруді неге керек етпейді? Өйтудің орнына өзімізді іштен шала қосарланып: «Тіл мәселесін саясаттандыруға болмайды... Конституцияға қол сұқпаңдар... парламент тіл мәселесімен айналыспайды... парламент Конституцияға түзету енгізбейді... Қазақстанның тыныштығын орыс тілі сақтап келе жатыр...» десті (Н. Нығматуллин, Қ. Мәми, О. Мұхамеджанов, М. Тінікеев, т. б.). Парламент маңы ерекше белсенділік танытты. Депутат Б. Сыздықова «төрт мемлекеттік тілді Швейцарияны» үлгі етіп, тіпті ағылшын тіліне мемлекеттік мәртебе беру керек деп, Қожанасыр әпенді «аспанға шығарып кеткен» айды жерге түсіре жаздады. Паһ, шіркіндер!

Қазақ жерін ертеде аралаған шетелдік саяхатшы ғалымдар қазақтың: мейманқос, әдепті, еңбеккер, әнші, күйші, өнерлі, момын, кешірімді, аңқау халық екенін жазғаны тарихтан мәлім. Ал оның сырттан келген жауға қаһарланып қарсы тұруға әрқашан әзір болғаны, іштей өзара қақтығыс-қырқысқа бармағаны өзімізге де белгілі. «Көршінді құдайдай сила» – ежелгі қағидасы. Мынау нарықты экономика кезіндегі материалдық-моральдік қиындықтарға да төзіп, шыдап келеді. Еліміздегі тұрақтылық пен тыныштық – қазақ халқының осы қасиетінің жемісі!

Қазақтың жерін жерлеп, суын сулап отырған орыстардың қайсыбірі бізді «ұлтшылдар!» деп айыптап әлек. Иә, біз өз ұлтымызды сүйеміз және ұлтымыздың ұлттық нышаны – тілін құрметтейміз, қорғаймыз! Бізді мазақ еткісі келетін шовинизмді айыптаймыз! Саны аз қай халықтың болсын ұлттық намысын шабақтайтын қара күш – шовинизм!

Құрметті Төраға, депутат мырзалар! Біз орыстарға қарсы болған емеспіз, болмаймыз да. Абай мен Пушкиннің аруақтарын силаймыз.

Іргелес екі үй – қазақ пен орыс сиыспай қалса, бірінің көшіп кетуі мүмкін. Ал құдай табиғи көрші еткен Қазақстан мен Ресей өйте алмайды. Мындаған шақырымға созылған ортақ шекаралы қазақ пен орыс Ұлы дала мен Русь тұсында-ақ құдандалы туыс болған. Яғни екі халықтың арасына ор қазу пиғылынан бас тартқысы келмейтін алыс-жақындағы арандатушыларға кесімді сөздеріңізді ресми түрде қашан айтасыздар? Тіл саясаты десек, халықтың көкейкесті мәселесіне мән бермейтін парламент қай халыққа керек? Бірінші Конституциямыздағы: «Орыс тілі – ұлтаралық қатнас тілі» дегенді кейін «ресми тіл» деп түзеткен парламентіміз емес пе? Иә, парламентіміз! Ендеше, «ресми тіл» деген ағаттығын «ұлтаралық қатнас тілі» деп бастапқы қалпына орайластыра түзетуге тиіс пе? Әрине!

Тілжанашырларына ортақ осы ойларымызды ескеретіндеріңізге сенеміз!

17-қыркүйек, 2011-жыл.

Алматы қаласы.

ІЛТИПАТТЫ ІНІМЕ

СЕРҒАЗЫ-АУ! 50 деген елге келіп қалғаның шын ба? 45-тің о жағы мен бұ жағында шығар деп жүрсем... Мұншама асықпай, 40-тың шекарасынан шықпай, 10-15 жыл жүріп алуың керек еді! Жарайды, енді 60 деген кіші қыстаққа қызықпай, 50 атты жайлаудан түспей қой! Маған ешбіреу бұлайша ақыл айтпаған соң, қайдан білейін, қызықтың бәрі алда екен деп, не 50, не 60, не 70 дегендерде тұрақтамай тарта беріппін. Сөйтсем, бәрінен 50 әлдеқайда артық екен! Қысқасы, қадірлі Інім, ендігі қалған 50-інде де Халқыңа қалтқысыз қызмет етіп, абыройлы Азамат болып жүрген бүгінгідей құрметке бөленген қалпында бол! Отбасыңа тек жақсылық, өзіңе мықты денсаулық тілеймін! Гәзетіңнің әрі авторы әрі оқырманы – шал ағаң Ғаббас. 05.05.2011 ж. («Қазақстан» гәзетінің Бас редакторы Серғазы МҰХТАРБЕККЕ).

* * *

Уа, қаламдас, қанаттас Інім СЕРҒАЗЫ! «Менің құрметті...» деп оны тұзбен атқылап жүріп, еліміздің Құрметті журналшысы атағын алғаның жүдә жөн болды-ау! Ерен еңбегіңнің бағалануы алғы уақытта жалғаса берсін, біз қуана құттықтай берейік! Тұз емес, «қорамсаққа қол салар, бір салғанда мол салар, қозыжауырын оқ алар» кез кешеуілдей бермес деп біліп, сол сәтте саған жолдар құттықтауымның мәтінін ойластырып та отырмын. Қыранкөзді Сейітқазы Матай баласына да әбден ризамын, үш аяғымды тең басып барып, алғысымды ақтаратын шығармын. Алға, Бауырлар, тек алға!

29. 06. 2011 ж.

* * *

Үш сәлем, Серғазы мырза! «Үш» деп отырғаным: сұхбатымыз «Жұмадағы жүздесуде», оның сайты – «Майданда» жарияланды. «Алтын ғасыр» мен «Халық үні» осы аптада жарияламақ. Қажымұратқа, Жұмабай мен Ерболға: «Тәуелсіз гәзеттер ортақ мәселе қозғалған мақалаларыңды бірiңнен бірiң алып, өз оқырмандарыңа ұсынсандар, өрістерің кеңейе түсер, ынтымақты күшейтпей болмайды, «бардақ» билікке қанаттас бола «сыбаға» беріп отырған жөн ғой» дедім. Қыруар ақылдың несін аяйын, а? Сен егер олардың сайттарын білсең, анда-санда мақалаларының қажетін алып, пәлен гәзеттен деп тұрсаң, артық болмас еді.

07. 02. 2012 ж.

(Бұл інім соңғы кезде сырқаттанып жүр. Аураhanaға жиі жата-тын болды. Бүйрегіне операция жасатуы керек пе, қалайда соның шешімін созыңқырап, дәрімен емделуге ден қоюда. Көпшілік си-лайтын нағыз маман дәрігерлермен ақылдасуына кеңес бердім, қолымнан басқа не келеді? Бәйбішем Зада УЗИ аппаратының білгірі, Серғазының жағдайын айтып едім: «Келсін, көріңсін» деді. Серғазыға айтып едім, ол «жарайды» деумен жүр. Гәзет жұмысы тоқтады. Сауығып алған соң қайтадан қолға алады ғой.

15. 02. 2012 ж.)

«СОВЕТСКАЯ РОССИЯ» ЕСТЬ У МЕНЯ ВОПРОСЫ!

Дата: 19/05/2011

Тема: ГОЛОС НАРОДА

**Открытое письмо казахского писателя президенту
Д.Медведеву**

Господин президент Российской Федерации!

Прочитав в интернете материал под заголовком «Президент России Дмитрий Медведев о роли Сталина. Прямая речь», я не мог оставаться равнодушным и решил написать вам это письмо. На вопрос корреспондента газеты «Известия» о роли И.Сталина в Великой Отечественной войне вы ответили: «Есть абсолютно очевидные вещи – Великую Отечественную войну выиграл наш народ, не Сталин и даже не военачальники при всей важности того, чем они занимались... Сталин – преступник...»

По этому поводу у меня возникли вопросы:

1. «Наш народ» – это русский или советский, или какой?
2. Ваши слова надо понимать так: народ сам 22 июня 1941 года стихийно поднялся и организовался против гитлеровских захватчиков, пошел и сражался без комсостава, без командующих и в мае 1945 года победил? Главнокомандующий Сталин, командующие Жуков, Василевский, Рокоссовский, Ватутин, Конев, десятки другие полководцев, сотни, тысячи командиров всех частей и подразделений армии все дни войны сидели в окопах или плелись кое-как за народом?
3. Промежуток времени – конец Гражданской войны и начало Отечественной – достаточен стране, оставшейся с сохой и лопатой для полной подготовки к схватке с гитлеровскими фашистами? Или подготовки к войне вообще не было?
4. В истории СССР вы видите преступником Сталина – не Троцкого, Тухачевского, Власова и многих других, чьи преступления доказаны и признаны ими самими... Интересно в этой связи: как вы относитесь к изменникам Родины? Приговоры по делам «врагов народа» инициировал и выносил лично Сталин? Разве не было таких соратников, как, например, Хрущёв, по личным распоряжени-

ям которого до войны на Украине, а после в Москве были преданы суду тысячи «врагов народа»?

Вы говорите, что не являетесь историком. В таком случае лучше было бы, если вы, президент страны, создали авторитетную комиссию из уважаемых честных историков, военных и гражданских, чтобы подробно проверить все факты по событиям 1932–1933 гг., 1937–1938 гг., а также в отношении Великой Отечественной войны 1941–1945 годов, лично Сталина, всех других руководителей СССР, военных деятелей, и сделали такое историческое заключение, чтобы волгогоновы, резуны, солженицины, жириновские и многие им подобные «архиграмотные» не выдумывали всякую чушь. Например, генерал-«всезнайка» Волгогонов писал, что Сталин не был на фронте, а телохранитель Сталина Рыбин убедительно доказывает противоположное, расписывая сталинские поездки буквально по дням, по часам. Не читали?.. Хрущёв доболтался до того, что Сталин руководил фронтом только по глобусу, не знал положения фронтов. А что говорит маршал Жуков о деятельности Главкомандующего? Кстати, на вопрос одного журналиста на счет роли Сталина в ВОВ Г.К.Жуков ответил: Сталин своей жесткостью добился невозможного – он обеспечил Победу. Или легендарный маршал не прав?

В последние годы выявились писакса разных мастей, которые стараются быть как бы адвокатами самого Гитлера: якобы он, миленький Адольф, даже не думал воевать с СССР, а вот «сволочь» Сталин специально подготовился и начал войну против доверчивого фюрера, вынудил его обороняться... В таком отвратительном тоне они выступают по телевидению и радио, пишут статьи, книги, пьесы, киносценарии. О Сталине говорят и пишут такую белиберду, что даже полоумным не верится.

Да, уважаемый господин Д.Медведев, вы поторопились сказать то, чего не должен был бы говорить глава великой державы – России. Мне не хочется верить, но факт. И факт то, что вы занимаете такое положение, что никто из вашего окружения не осмелился открыто не согласиться с вашими ошибочными мнениями, никто не возразил: уважаемый Дмитрий Анатольевич, вы сказали: «Сталин

– преступник!» Но право делать такой вывод имеет только суд, как принято во всем мире. Вы что, в единственном лице являетесь Верховным судом Российской Федерации?

Я не являюсь ни сталинистом, ни антисталинистом, я всего лишь приверженец истины. По поводу периода «разоблачения врагов народа» могу достоверно сказать, как это происходило в моей стране – Казахстане.

Старший брат моего отца Айтыков Курманбай, колхозный кузнец, однажды набил физиономию уполномоченному райкома партии за то, что тот, пьяный, ночью ворвался в соседний дом, пытался изнасиловать молодую вдову. Ее шестилетняя дочь прибежала к бабушке, испуганно рассказала о ворвавшем страшном «воре». Ясно, Курманбай пошел и кузнецким кулаком заставил распоясавшегося коммуниста уважать женщин. А через два дня из райцентра появились два милиционера и забрали колхозного кузнеца, который был осужден на 10 лет по статье «враг народа». Семье деда Курманбая тоже досталось: его детей выгнали с работы, из школы. Старший сын, Изгутты Айтыков, написал письмо Сталину с просьбой направить его в армию, где он докажет своей кровью в боях с фашистами, что он не враг народа. И доказал, стал Героем Советского Союза в 1944 году при освобождении Прибалтики от гитлеровцев. Там и погиб, похоронен в братской могиле города Зарасай. По всей вероятности, той могилы сегодня уже нет, поскольку в тех краях ныне празднуется день рождения фашиста Гилера.

Враги народа были. Как я убедился, работая с архивными документами, кулаки и баи убивали председателей колхозов, активных коммунистов, комсомольцев; вырезали колхозный скот, сжигали пшеничные поля, грабили колхозные амбары. Надо было их за это судить? Обязательно! Но, к сожалению, местные чинуши – холуи вышестоящих, которым были чужды справедливость, человечность, бестолково соревновались в «разоблачении врагов народа». Какие только поводы и доказательства не придумывали они, чтобы оказаться «на высоте»!

Каждый раз, когда читаю открыто слеповраждебные статьи антисталинистов, сравнивая их с документальными свидетельствами,

все более убеждаюсь в том, что в России какой-то группе, каким-то слоям «историков, журналистов, писателей» любым методом, любой ценой нужно переписать историю СССР и России. А чтобы добиться этого, в первую очередь надо вычеркнуть Сталина из истории. Например, писатель Солженицын утверждал, что когда началась война, Сталин в числе первых удрал в Куйбышев и временами позванивал в Москву, чтобы узнать, как там дела...

Как можно воспринимать такие писания? Только как гнилую сплетню.

И как говорилось выше, я не являюсь ни сталинистом, ни антисталинистом. Мне дорога историческая истина. Как бывшему коммунисту, мне дорога история КПСС без старых и новых извращений. К сожалению, ныне новые извращения во всю стараются, чтобы не оставить ничего святого в истории России. Мне, воспитанному на бессмертных произведениях Пушкина, Толстого, Лермонтова, Чехова, Тургенева, Чернышевского, Чаадаева, Некрасова, Шолохова... дорога великая Родина – Россия, потому что история моего Казахстана была тесно связана с историей России еще со времен Руси и Великой Степи!

Добавлю: мне абсолютно непонятно, по каким причинам вы, уважаемый президент РФ, стараетесь быть главным историком СССР и России, а также главным судьей «в деле» покойного Сталина?

Габбас КАБЫШУЛЫ,
писатель.

Алматы, Казахстан.

***Автордан:** Бұл Ашық хатты алдымен Д.Медведевтің өзіне және «Правда» гәзетіне жолдадым. Олардан ешқандай жауап келмеді. Содан кейін «Советская Россия» гәзетінің редакциясына жіберіп, хатымды бұрын қайда жолдағанымды айттым. Арада ай өтті. Жауап жоқ. «Е, олар да биліктің бетіне қараудан қалған екен!» дей салдым. Бір күні телефоным шылдырлады: «Товарищ Кабышев?.. Здравствуйте! Из редакции газеты «Советская Россия» беспокоит, статью свою читали?» дейді. Не дерімді білмей қалып, гәзеттің біздің жақта болмайтынын айттым. Ол*

газеттің сайтын атап, соны ашып көруімді өтінді. Мен қуана алғыс айттым.

Сайтта елу шақты пікір бар екен, бір автор ғана менің «Троцкий – қылмыскер» дегеніме ренжіпті. Сол пікірлердің бірнешеуін оқыңыздар:

*Разместил demos 1

Справедливейшие слова казахского писателя, поддерживаю и присоединяюсь на все 100%. Хрущев начал войну против покойника и проиграл ее (по Черчиллю), надеюсь Медведеву повезет не больше. Сколько тысяч заводов и фабрик заставил построить Сталин, а при Медведеве их не строят, а только закрывают. Как такой «лидер-разрушитель» может судить Сталина-творца?!

*Разместил parkommuna

Я солидарен с автором обращения к президенту! Его слова – мои слова! Медведев, подбросивший в костер «антисталинизма» геббельсовских дровишек, показал свое истинное лицо, которым гордится, за схожесть с лицом Николая второго. Видимо и судьба его будет схожей с судьбой николая кровавого. А пока, этот бесполезный обществу балаболка занимает высший пост в стране...

*Разместил kapitan_SA

«... в России какой-то группе, каким-то слоям «историков, журналистов, писателей» любым методом, любой ценой нужно переписать историю СССР и России. «Нет им не это надо! Основная их задача – ЗАКРЕПИТЬ ЗА СОБОЙ НАВЕЧНО УКРАДЕННУЮ ОБЩЕНАРОДНУЮ СОБСТВЕННОСТЬ и СВОЁ ГОСПОДСКОЕ ПОЛОЖЕНИЕ! А для этого необходимо расставить «красные флажки» на пути, ведущем в наше советское прошлое и неизбежное будущее... Я 8 лет служил в центральном Казахстане в советские времена и о казахском народе у меня самые хорошие воспоминания.

*Разместил ami_55

Спасибо автору за его письмо. А президенту с его правительственной компанией хотелось бы напомнить слова русского поэта и дипломата Ф.Тютчева: «Не хотят понять, что как бы ни старалось правительство, но если оно перестает быть представителем

и воплощением национальных интересов страны, если оно осуществляет лишь политику личного тщеславия – то оно никогда не заслужит за рубежом ни благодарности, ни даже уважения... Им будут пользоваться в своих выгодах и над ним по праву будут смеяться...»

*Разместил Lev34

Письмо Габбаса КАБЫШУЛЫ написано от всего сердца. Казахская ССР возникла во времена Советской власти. Я, как и капитан SA тоже работал-служил в Казахстане. В Аксу, в новом городе Степногорске... У меня тоже остались только светлые и хорошие воспоминания об этой чудесной земле и её благословенной природе, о казахской «Швейцарии» в районе Щучинска. Там я познакомился по работе с многими достойными людьми, которые оставили вечный след в моей жизни. Солнечный край и безконфликтные местные жители. Охота, кумыс, рыбалка. Но прежде всего работа и товарищи.

Габбас задал правильные вопросы. Судя по тому, что ответить на них по существу президент РФ Медведев добровольно никогда не сможет, надо ждать, когда эти вопросы ему зададут следователи, уполномоченные следующей властью. Там может быть ещё множество неудобных вопросов. Но бывшие советские ребята-капиталисты пошли на риск и в 1991-93 гг. сорвали банк и захватили власть. Почему я так говорю? Потому что именно они и их партия исказили и незаконно изменили прямые нормы Конституции РФ, захватили властные полномочия, фактически отменили всенародные выборы и референдумы и незаконно строят в России капиталистический строй. Ибо нет о нём упоминания в Конституции РФ, как нет и упоминания о том, что социалистический строй в РФ отменяется. Нет по этому поводу и решения всеобщего и всероссийского референдума. Возможно, что они, как и их гуру Ельцин, упокоятся раньше, чем им зададут вопросы в соответствующих органах. Но вопросы эти им всё же зададут обязательно.

А пока, товарищ Габбас, я полностью присоединяюсь к вашим конкретным вопросам, добавив к ним вопросы о незаконном признании Медведевым вины Сталина в Катыни. Ещё я хотел бы

узнать, где припрятаны на чёрный день действительные капиталы г-на Медведева и г-на Путина.

У нас месяца два тому назад был теракт в Домодедово, так только вчера узнали о том, кто владелец этого авиационного гиганта. Оказывается, это некий Дм. Каменщик из офшора о. Мэн.

Я предполагаю, что и Вы в свою очередь не знаете, где находятся капиталы бывшего Первого секретаря ЦК КП Казахстана, а ныне президента Назарбаева. Но я верю, что все вопросы к ним ещё впереди.

*Разместил kistf

«Великую Отечественную войну выиграл наш народ, не Сталин и даже не военачальники при всей важности того, чем они занимались... Сталин – преступник...» Оказывается даже военачальники это не народ, не говоря о их руководителе. Если же нынешний президент оценивает свою работу как шоу, как пиар и как необходимость соблюдения неких правил установленных какими то кукловодами, то становится понятным и его ненависть к абсолютно независимым и истинно народным руководителям.

*Разместил mitrich

Победа в Великой отечественной войне далась тяжелой ценой. Нет ни одной семьи, в которой не погибли бы родственники. Плечо к плечу воевали все – и русские, и казахи, и грузины, и армяне... Светлая память погибшим!

Победа не была хаотичной, всю войну руководство страны, военачальники и ЛИЧНО И.В. Сталин оперативно решали ВСЕ вопросы – и армии и тыла. Если бы этой руководящей роли не было бы, то Победа или не состоялась или война длилась бы гораздо дольше! Об этом написано много книг и исследований самых авторитетных историков. И эту непреложную истину пытаются изменить.

Спасибо автору статьи за это открытое письмо!

Очень больно видеть и слышать то, что сегодня история войны дискредитируется и это происходит так настойчиво.

*Разместил arbalet

Так Медведев и есть полоумный.

Потому что в здравом уме и твёрдой памяти – кто скажет, что войну выиграл народ, а полководцы и полтическое руководство тут не при чём?

Кстати, Медведев вот уже третий год, поздравляет нас с победой. И забывает добавить – с победой советского народа над фашистской Германией. Имени Сталина и полководцев он даже не упоминает. Дурак, одним словом. И к этому дураку обращаться с открытым письмом? А умеет ли он читать?

*Разместил aleksandra

Вы думаете Медведев прочтёт это письмо? Я так не уверена. Зачем ему лишняя головная боль для себя, он всё решил и озвучил.

*Разместил svetlana

Re: Есть у меня вопросы!

По логике Медведева все достижения, в том числе в Великой Отечественной Войне – заслуга только народа, руководство как бы и РОЛИ никакой не играет. Такая логика очень удобная...

Слушаешь нынешнее руководство страны и веришь – им ничего не стоит «доказать», что Земля квадратная, а люди произошли от дождевых червей. Короче не существует утверждений, для которых едрасы не найдут «сильных» аргументов. И ИСТИНА к такому аргументированию никакого отношения не имеет.

*Разместил Klaipeda

Re: Есть у меня вопросы!

Уважаемый Габбас Кабышулы, пишет вам житель Литвы. Хочу сообщить Вам, что братская могила, где захоронен Герой Советского Союза Изгутты Айтыков в городе Зарасай (Литва) находится в полном порядке, присмотрена. Если захотите навестить могилу, то свяжитесь со мной.

БАЗАР НАРҚЫНДАҒЫ СӨЗ

«Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызған» ақпарат құралдарының айтқанына құлақ қойсақ, базар нарқы бағындырмаған ел-жұрт қалмай барады. Дақпыртпен басталып, дағдарыспен аяқталып жатыр. Ол пәле Қазақстанға да соғып, біраз айналдырып көріпті, бірақ біз, өзіміздің БАҚ-ымыз бадырай-

тып мағлұмат бергендей, оның айдаған жағына жүре қоймаппыз. Е, неге жүреміз?! Біз дегенің... қазағымды айтам да... біз шөлді шылқытар селінді де, тасты қуратар шіліңгірінді де сөзбен-ақ шектеп, тоқтата саламыз. Біздің тірлігіміз сөзде! Оғымыз өтпеген жерге сөзіміз өтеді. Аяғымыз жетпеген жерге сөзіміз жетеді. Біздің сөзіміз базар нарқына ешқашан бой бермейді! Сөз – біздің сарқылмас шикізатымыз. Одан не жасағымыз келсе, соны оншама қиналмастан қалыптай саламыз. Оны қайда жұмсағымыз келсе, сонда дедектетіп жібереміз. Онымен не айтқымыз келсе, аузымыз – күні-түні ашық, тіліміз – тәулік бойы дайын! Мысалы, өзімізге жан-жақты танымал жазушымыз, кешегі сенатор Әбіш Кекілбайұлының аса дарынды ақынымыз болған Мұқағали Мақатаев туралы сөзін оқып байқаңыз («Қазақ әдебиеті» гәзеті, 22-28 шілде, жұма, 2011 жыл).

Әбіштің айтқандарынан аңғарғанымыз аз емес. Әлі білмейтініміз баршылық екенін де түйсіндік. «...Абайдан басталған ақындық мектеп Мағжан, Сұлтанмахмұт, Ілияс тұсында салтанат құрып, көп ұзамай бәлду-бәлду бәдік дәуренге қайта тап болыпты» (бірінші рет қашан, қалай «тап болған»?!). Ақындық мектебіміздің Қасым мен Мұқағали арасындағы «дәлду-дәлду» дәлізінде көзге ілерлік ешкім жоқ екен. Кенен, Сәкен, Сәбит, Иса, Асқар, Әбділда, Жұбан, Саин, Сырбай, Дихан, Ғафу, Төлеген, Қадыр... қай сыныпта қалып қойған? Ал Тұманбай бастаған дүбірлі топ қай сыныпта жүр? Мұқағалидың алды-артында «дүлей» (?) ақын неге болмаған?

Дүлей айтқыштарымыздың: «ұлы, дана, данышпан, кемеңгер, әулие, көреген, болжампаз...» деген сөздерді оңды-солды қолданып, «қазақтың өзге жұрттан ұзын сөзін» еселеп өсіріп жүргеніне куәміз. Әбіш олардан озыңқырамаса, қалыспапты. Ол өнері тұрыпты-ау, «Мұқағалиы бар халық өлмейді» деген «мәңгі-бақилық жаңалығын» айтсаңшы! Халық – құдайдың бір аты екенін ескеріп, тарихи Тұлғаларымыз туралы әңгімемізді: «Қазақ халқы аманда Ол тірі» деп тұжырып жүр едік, халқы тірісінде қадірлеген, өлісінде жадында сақтаған ұл-қызының ғана мәңгі тірі болатынына, қандай Тұлғаны болсын халық тудыратынына күмәнданбайтын

едік. Енді Әбіш халықтың өлі-тірі болатыны Тұлғаның бар-жоғына байланысты деп «түзету» жасапты. Әйтеуір, мұнысының, меніңше, президенттің жарлығы емес, сенаттың қаулысы емес, айтылған жерінде қалған арзан сөз болғанына шүкіршілік!

(23. 07. 2011 ж.)

АТТЫҒА ЕРГЕН ЖАЯУ БОЛА БЕРЕМІЗ БЕ?

Премьер-министр Кәрім МӘСІМОВ мырзаға

Құрметті Үкімет Басшысы!

Сіздің назарыңызға әуелі мына бір сөйлемді ұсынайын:

«Председатель республиканского Агентства по регулированию естественных монополий Нурлан Алдабергенов сообщил, что в связи с ожидаемыми новшествами, которые должны произойти в жилищно-коммуальной сфере, тарифы за воду, тепло и свет будут расти по всей республике, поскольку по сравнению с другими государствами они считаются самыми низкими» (*«Народное добро будет прирастать тарифом»*, *«Аргументы и факты. Казахстан»*, №19. 2011г., май).

Монополияның өктемдігіне қарсы тұратын Агенттіктің төрағасы бағаның өсуіне тосқауыл бола алмай жүргеніне өкінеді екен десек, ол пәтерақының қымбаттайтынына қуанып, сүйінші сұраған сияқты ма, қалай? Тіпті: «...поскольку по сравнению с другими государствами они считаются самыми низкими» деп, мысалы: Грузиядан, Ресейден, Еуропа елдерінен «артта қалып қойғанымызға» намыстанып жүрген кісіге ұқсайды. Ең қымбат баға Данияда екенін айтып, соған қызыққандай ма деп ойлауға болатындай. Қазақстан энергетика кәсіпорындарының жұмысы және климат жағдайы өзіндегіге ұқсас елдермен теңесуге тиіс көрінеді. Жылу қуаты үшін төлем бір шаршы метрге шаққанда: мәскеуліктерде – 93 теңге, челябіліктерде – 114 теңге болса, бізде «небары» 67 теңге екен. Сумен жабдықтау ақысы: белорусстарда – 31 теңге, ресейліктерде – 72 теңге болса, біз 25 теңге «ғана» екен.

Осыны оқыған соң, Агенттікті маңайлаудың қажеті жоғын түсініп, Кәреке, сізге бірер сұрақ жолдауды жөн көрдім. Мәселен, былайша:

1. Біздегі тұрмыстық-коммуналдық жүйе, энергетика, байланыс, су және басқа жабдықтау қызметтерінің ақысы еліміз тәуелсіздік алған жиырма жыл бойында бір теңге де арзандамағанын, қайта жылдан жылға қымбаттап келе жатқанын білесіз. Мысалға бір ғана жылу жүйесін айтсақ, Алматыда 2010-жылғы мамырда пәтердің шаршы метрі үшін айлық төлемақысы 53,27 теңге болса, биылғы мамырда – 111,15 теңгеге жетті! Бұл неткен шексіз сорақы құбылыс? Н. Алдабергенов мырзаның «в связи с ожидаемыми новшествами» дегені не? Монополистер кәсіпорындарын жыл сайын модернизациялап отыр ма? Жалпы монополистер компания, холдинг және басқасының жарақтарын жаңалау шығынын салықтөлеушілердің мойнына қашанға дейін сала береді? Оларына жұмсаған қаржысын шынымен әлі өтеп ала алмай жүр ме? Өтеп алғаны болса, айлық төлемақыны неге төмендетпей, немесе бірқалыпта ұстамай, үнемі өсіретіндері несі? «Новшество» болған сайын төлемақы өсе берсе, бүгін қымбатшылықтың қыспағындағы халық ертең не күйге ұшырайды?

2. Өзіміздік, біздегі шетелдік монополистердің кәсіпорындарындағы құрал-жабдық қондырғылары неше жылда бір жаңартылуға тиіс және техникалық ол шарт орындалып жүр ме, әлде негізінен кеңестік кезеңдегі жабдықтар пайдаланылып келе ме? Бұл істі қадағалайтын, бақылайтын орын бар ма? Монополия жұмысын реттеуге, халықтың мүддесін қорғауға тиіс Агенттік өзінің міндетін дұрыс атқарып келе ме, әлде монополистердің жетегінде ме?

3. Қазақстан үкіметі халықтың тұрмысын көтеру міндетін өз төтесінен, өз мүмкіндігін пайдаланып жүргізуге тиіс пе, немесе шет елдерге еліктеуі керек пе? Мәселен, бізде электр қуатының нарқы орташа 6,7 цент болмай, Н. Алдабергенов мырза аузына алған Даниядағыдай 43 цент болуы шарт па? Данияда біздегідей жұмыссыздық бар ма, болса, – халқының неше пайызы? Онда біздегідей кедейлер бар ма, болса, – халқының неше пайызы? Оларда айлық жалақы, зейнетақа мөлшері қанша? Әр адамының айлық тұрмыстық шығыны қандай мөлшерде? Жалпы біздің үкіметтің мақсаты өзімізде тұрмыстық нарықтың төмен болуына, халықтың қабырғасын қайыстырмас жағдай жасалуына қол жеткізу ме, әлде

шетелдіктерге еліктеп, солардағы қымбат нарыққа иек арту ма?

4. Халыққатұрмыстық-коммуналдық қызмет көрсету жүйеміздегі төлемақыны реттеуге бола ма? Мәселен, меніңше, кемінде 6-7 мың доллар айлық алып отырған премьер-министр Сіздің, немесе айына ондаған мың доллар табушы капиталистеріміздің 30-40 мың теңге айлығы ғана бар мұғалімше, дәрігерше, айына 30-35 мың теңге алушы көпшілік зейнеткерше 1 киловатт электр қуаты үшін 11, 40 теңге төлеуі әділдік пе?

Сонымен, құрметті Премьер-министр мырза, қазақтың аттылы мен жаяуға қатысты мәтеліне орай жауабыңызды күтемін.

17. 05. 2011 ж.

ЕМШЕКТЕГІ СӘБИЛЕР ДЕ СҮТТІ САТЫП ІШСІН!

Премьер-министр Кәрім Мәсімовке

Кәрім мырза!

Биліктің шабарман-жаршысына айналмаған баспасөзіміздің айтуынша, сен басқарып отырған үкімет шәкірттерге мектепте бір мезгіл тегін тамақ беруді биылғы оқу жылынан бастап тоқтату туралы қаулы қабылдапты. Оған президент Н. Назарбаевтың 11-ақпанда өткен үкіметтік үлкен мәжілісте: «Қазақстандықтар мектептегі балаларына айран мен тоқашты өздері әперуі тиіс» дегені негіз болыпты. Осы рас па? Рас болса, қаулың қашан және не деп жазылды?

Он шақты жыл бойы сен дізгін-шылбырын ұстап келе жатқан Қазақстан үкіметі қарапайым халыққа он теңгенің жақсылығын жасаған жоқ. «Міне, мынаны жасадық қой?!» дей алсаң, айтарсың. Халық «арзандады» деген сөзді естуден күдер үзді, еститіні, көретіні – «пәлен теңгеге қымбаттады», жасаған жақсылықтарың сол ма?

Айтпақшы, саған 2011-жылғы мамыр айының 5-і күні хат жазып: «Мысалға бір ғана жылу жүйесін айтсақ, Алматыда 2010-жылғы мамырда пәтердің шаршы метрі үшін оның айлық төлемі 53,27 теңге болса, биылғы мамырда – 111,15 теңгеге жетті! Бұл неткен шексіз сорақы құбылыс?» дегенім есіме түсті. Содан кейін ол хатыма жауап келмегені де есіме түсіп: «Оу, оқитын көз, ұғатын зиын

шамалы мынау заманда тағы босқа әуре болып қайтем, жазбай-ақ қояйын» деп бір іркілдім де, қазекемнің: «Ауызға келген түкірік – қайта жұтсаң мәкүріп» дегенін ескеріп, хатымды аяқтауды, жолдауды жөн көрдім. Өзіңе жете ме жоқ па, жеткен күнде жауап бола ма, әлде, аудан әкімінен президентке дейін жазған хат елеусіз қалатын қазіргі «мода» бойынша, жым-жылас кете ме... әй, сөйтетін шығар. Е, мейлі. Алайда, бұл гәзетті жасырып оқитын етжақын шенеуніктеріңнің бірі болмаса бірі құлағыңа сыбырлап: «Кәреке, анау гәзетте өзіңе арнап жазылған хатты оқыдыңыз ба?» дейтін шығар.

Жә, сонымен, сол 2011-жыл мен 2015-жылғы коммуналдық қызметке төлемақымыздың айырмасынан бірер мысал келтірейін:

1 квт электр қуаты 11, 4 теңгеден 15, 4 теңгеге,

1 текше метр ыстық су 274, 2 теңгеден 350, 3 теңгеге,

1 текше метр суық су 23, 5 теңгеден 55, 6 теңгеге,

1 текше метр газ 652, 8 теңгеден 744 теңгеге жетті.

Басқасын айтпағанда, осының өзі-ақ қатты ойландырар жәйт емес пе?

Иә, азық-түлік пен киім-кешектің екі есеге жуық қымбаттағаны өз алдына.

Әрине, қымбатшылық өкімет пен үкіметтің іші-сыртындағы шенеунік атаулыға, парламент депутаттарына ауыртпалық болған жоқ, болмайды да. Мәселен, айына 400-500 мың теңге жалақы алатын, жүріп-тұрулары да тегін депутаттар неге қыңқ етсін. Биыл көктемде жалақыларын сәл азайту туралы сөз айтыла қалғанда бәрі өретүрегеліп: – Ойбай, онда біз жан сақтай алмай қор боламыз!» деп жылап жібере жаздады емес пе?!

400-500 мың теңге. 1 депутаттың бұл айлығы мектеп мұғалімдерінің немесе дәрігерлердің 7-8-і алып жүрген жалақыға тең. Жанды қинап, жүйкені тоздыратын жұмыстағы мұғалім мен дәрігердің еңбегі қандай да, маужырап отырып, күніне пәлен қаулы қабылдап, солардың қайда кеткенін, немен тынғанын өз төтесінен ойламайтын, іздемейтін депутаттың еңбегі қандай?

Кәрім мырза, хатымның әліпбиінде анық-танығын сұраған қаулың бары рас болса, оны да парламент бекіткен шығар, ә? Бекітсе,

қарсылық білдіргені болды ма? Шәкіртке шеңгел салғандарына шынымен біреуі ашынған жоқ па?

Мектептегі бір мезгіл тегін тамақтануларына тиым салып, «Сатып ішін!» дегендерің шәкірттерге шеңгел салған емей немене?!. Бүгінде баланың жұдырығындай ғана самсаның 100-120 теңге екенін сендер білмейсіңдер, ал 50-60 мың теңге айлық алатын, шәкірт баласының мектептегі тамағына күн сайын кемінде 250-300 теңге беріп отыруға мәжбүр қарапайым көпшілік біледі,

Қаулыларыңда: Шәкірттерге сатылатын тамақтан түскен қаржы мүгедек балаларға жұмсалатын болады, делінген көрінеді. Ол рас болса, құдай-ау, бұндай бишаралық шара қолданған билікті бетпақ демей, не деуге болады?! Мүгедек балаларға бұлайша «қамқорлық жасау» сорлылық емес пе?!

Кәрім мырза, мүгедек жеткіншектерге көмек көрсетудің басқаша қаржы көзін шынымен таба алмадыңдар ма? Онда мен айттып көрейін:

Алматыда, Астанада, облыс орталықтарында пәлен миллион долларға супермаркет, 4-5 жұлдызды мейманхана, сән-салтанатты мейрамхана мен қабат-қабат үй мен коттедж салдырып алған, 10-15 мың долларлық аутомәшінді қос-қостан мініп жүрген шылқабайлардан қайыр жоқ па?

Семей полигонынан зардап шеккендерді жарылқайтын боламыз деп, «Невада-Семей» қозалысының арнаулы қорына қыруар қаржы жинап алып, оны бөлісіп алумен миллиард болған Машкевич пен Шодиевтен, Ибрагимов пен басқаларынан қайыр жоқ па?

Миттал, Ким, Өтемұратов, Рақышев пен Құлыбаевтардан ше?

Тағы басқа миллионерлер мен миллиардерлерден ше?

Бұлардың ешқайсысы «табан ақы, маңдай терімен» байыған емес қой? «О, жоқ, олар адал еңбектерімен байыды!» десең, қайсысының қайда, қанша жыл тер төгіп, айына неше доллар жалақы алып жүргендерін есептетіп көрсек қайтеді?

Сондай-ақ, биыл жекеменшік аутомәшіндеріне «ерекше бедел нөмірді» 110-140 мың теңгеге сатып алған пысықайлардың саны мыңнан асыпты, ал сонда олардан түскен миилондаған теңге қаржы қайда жұмсалды?

Сонымен, Кәрім мырза, айтып-айтпай не керек, сендер өзеннің арғы бетіндесіңдер, халық бергі бетінде; сендердің бері өткілерің келмейді, халық ары өте алмайды. Араларың «100 қадам» болса да.

Шәкірттердің «айран мен тоқаш» мәселесін ойлай-ойлай, сендерге мынадай бір ұсыныс жасағым келді:

Бүгінгі шәкірт кеше емшектегі сәби болды, ә? Ендеше, ертең шәкір болатын бүгінгі сәбилерге емшек сүтін сатып ішкізу керек! Есеп-қисапқа жүйрік данышпандар үкіметте, оның бір бұтағы – шәкірттермен тікелей байланысты Білім министрлігінде (министрі А.Сәрінжіпов) жеткілікті шығар, соларды дереу жұмылдырып, «аса маңызды бұл мәселені» қысқа қалдырмай тез шешу керек! Қаулың түске дейін дайын болса, парламент пен президент түстен кейін бекітіп бере салады ғой!

(«Жас алаш». 10. 09. 2015 ж.).

ШҚО Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ мырзаға

Құрметті БЕКЕ!

Баршаңызды Жеңіс күнімен құттықтап, мол жақсылық тілей отыра мынадай өтініш айтуды ұйғардым:

Семей полигоны, оны жаптырудың алғашқы ресми дабылшысы болған Кешірім БОЗТАЕВ хақында деректі шығарма жазып жүрмін. Соған қажет екі жәйтті анықтау үшін Сіздерден көмек керек болып тұр:

1. «Невада-Семей» акционерлік қоғамының Қоры полигоннан зардап шеккен жұртшылыққа қаржылай жиыны қанша соманың жәрдемін берді немесе басқадай қандай хақсылық жасады?

2. «Аттан, Қазақстан!» қозғалысы «Полигонның зағиптарына 10000000 теңге берілді» дейді («Қазақ әдебиеті» гәзеті, 04. 05. 2012 ж.).

Ол қаржылардың берілу-алынуы ресми құжаттар арқылы заңды жүргізілгені сөзсіз және ол құжаттар тиісті мұрағатжайда сақтаулы десек, маған солардан көшірмелер қажет.

Өтінішім орындалады деп біліп, алдын ала рахмет айтамын!

Алматы. 05. 05. 2012 ж.

* * *

Құрметті БЕКЕ! Алдын ала кешірім өтіне отырып айтарым: көркем әдебиеттегі, журналистикадағы еңбегі көпке мәлім Уаһап ҚЫДЫРХАНҰЛЫ алдымыздағы желтоқсан айының 23-і күні 80-мен қоштасып, 90-ға қарай жол тартады. Зайсанның тумасы. «Коммунизм туы», «Социалистік Қазақстан» гәзеттері редакцияларында бөліп басқарды. Қазақ радиосында редактор болды. Араб әрпімен «Шалқар» гәзетін шығарып, дүние жүзі қазақтарын бір-бірімен табыстырды десем, әсте артық айтқандық болмас. Сол гәзет беттерінде жарияланған табысу хаттарын оқыған адамның жүрегі туламай, елжіремей қалмаған шығар!

Уаһаң одан беріде Құран Кәрімді өзімізде алғаш қазақшалады. Қасиетті кітапты аудартуға мұрындық болған, Аударма алқасында ақылдасып, қаулы қабылдаған, «Жазушы» баспасына тарсырған мен едім. Орталық Комитет Рәтбек қажыны саясат үшін жол соңында аудармашы етіп тіркеген екен, оны кітап шыққанда ғана біліп, Қыдырхановтың еңбегі қаналғанына ренжіп, аудармашылардан қолжазбаларын әкеліп тапсыруды талап еттім. Рәтбек қажыға тікелей хат жаздым. Уаһаң берген түсініктемеде Рәтбектің «аударма» үлесі 30-40 шамалы араб сөзін тәржімелегені екен. Аударма алқасының талап хатын алысымен ол Уаһаққа барып, араша сұрапты. Уаһап маған телефон шалып: «Рәтбек қажыны қинамай-ақ қойшы, қайтеміз соны» деді. Келістім.

Кейінде Уаһап президент Нұрсұлтан Назарбаев мырзаның тапсыруымен аудармасын қайта қарап, Құран Кәрім – Президенттің халыққа сыйы деп, екінші рет өз атынан шығарды. Оған Рәтбек қажы шамданып, «менің фамилиямды алып тастауға правоң жоқ!» деп сотқа қағаз түсірген. Аударма алқасының жұмысы жөніндегі бір мақаламды Құран Кәрімді қазақшалау қалай жүргізілгенін тәптіштеп жазған едім, Уаһапқа сотқа соны ала бар дедім. Оны білген Рәтбек жым болды.

БЕКЕ, мұны «Мен!» үшін емес, Уаһап Қыдырханұлының ең елеулі еңбегін біле жүрсін деп айттым. Әділдік керек қой.

Енді 80 жылдығын ойындағыдай атап өткізуге әбден татыр еңбегі бар Уаһаңа құрмет көрсетуге өзіңіз ұйытқы болғайсыз.

Үкіметтік наградаға ұсынсаңыз, Президент қарсы болмас, біледі. Облыс орталығында кездесу кеші өткізілсе... дегендей. Ол қазір көз бейнетіне ұшырап, көңіл күйі пәс болып жүр, бұ дүниеге бәріміз де қонақпыз ғой, ол халін де білгеніңіз теріс болмас.

Және айтайын: бұл пікірлер бейресми айтылды, арғы жағын өзіңіз білерсіз. Мен туралы сөз болмай-ақ қойғаны керек. Жасым 70-ке, 75-ке толғанда үндемеген ауданыма, облысыма мен ренжи «солай болды» деген емеспін, демеймін де. Шын сөзім.

Сау-сәлемет болыңыздар!

07. 07. 2012 ж.

* * *

Құрметті БЕКЕ, Сізден ғафу өтіне отырып айтқым келген әңгімем былайша: Семей полигонын жабу күресін нартәуекелмен бастаған Кешірім Бозтаев екенін жақсы білесіз деп ойлаймын. Оны президент Н. Назарбаев мырза Кешірімді жасы алпысқа толуымен құттықтағанда анықтап айтқан болатын. Полигонға байланысты сөз қозғаған қазақ, орыс – бәрі де сол шындықты айтып та, жазып та жатыр. Кешірімнің туғанына биылғы маусым айында 80 жыл толады, сонымен байланысты жаңа материалдар жарық көретін болар, ол істен «Дидар», «Рудный Алтай» шет қалмас деп білем.

Беке, осы орайда Сіздің назарыңызды мынаған аударайын. Кешірім Бозтаев Өскеменде отыз жыл шамасы қызмет етті. Қатардағы металлург-инженерден облыс басшысы дәрежесіне көтеріліп, 1987-жылы Семейге ауыстырылды.

Бүгінде бір облыс болып тұрған кешегі Шығыс Қазақстан және Семей облыстары жеке-жеке кездерінде олардың өнеркәсібін, құрылысын, ауыл шаруашылығын, мәдениетін – барша саласын дамытуға сіңірген еңбегі мол бұл Азамат – Ұлттық қауіпсіздік мәселелерін зерттейтін академияның, Халықтық «Экология» академиясының (Мәскеу қаласы) академигі, Семей Медицина академиясының Құрметті профессоры болды. «Найзадан қол босаса қалам алып» (Бауыржан Момышұлы), ұрпағына ғылыми негізді бес кітап қалдырды. Олар: «Алғашқы оттан атомға дейін» (1956 ж.), «Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында шикізатты пайдаланудың тәжірибесі» (1972 ж.), «Семей полигоны» (1992

ж.), «Қайнар қасіреті» (1995 ж.), «29-тамыз» (1998 ж.). Бұлардың соңғы үшеуі – Семей полигонының тұтас тарихы. Осы бес кітаптың жалпы көлемі 40 баспатабақ мөлшерінде, яғни 80 жылдығына екітомдық етіп шығаруға болмас па?

Сондай-ақ, К. Бозтаевтың ұлы Нұрлан Бозтаев әкесінің өмір жолы, мемлекет және қоғам қайраткерлігі хақында деректі фильм жасап жүр екен, ол да есіңізде болса, жарар еді.

Сіздерге тек жақсылық тілеймін!

26.01.2013.

* * *

Құрметті БЕКЕ!

«Қырық бес жыл және жалғыз қиянат» деген мақаланы оқып («ДАТ-ОП» гәзеті, 09.07.2014), жағамды еріксіз ұстадым. 45 жылғы адал еңбегі өз бастарын арашалауды ғана білетін біліксіз, ұятсыз, озбыр чиновниктердің арамдықтарына жем болып жатқан Май-шекер БЕКЕНҚЫЗЫНЫҢ ендігі тағдырына Сіз Әкім һәм Азамат ретінде дереу араласады, жасалып отырған қиянатты тия алады, нақты кінәлілерді жазалатады деп сенемін!

13.07.2014 ж.

АЛМАТЫДАН СӘЛЕМ!

Олжас мырза! Сау-сәлеметсің бе? Үй-ішің есендікте ме?

Күтпеген кісіңнен күтпеген хат алғаныңа ренжімегін. Неге жазғанын түсіндіреді. Сабыр сақтап оқып, салихалы жауап қайтарарсың.

Он шақты жыл қызметтес болып, жақсы қарым-қатнаста жүргенімізде саған кенеттен неге наразылық білдіргенім өзіңе мәлім. Сен Кешірім Бозтаевтың аруағынан аттап кеттің. Барлық шындықты бес саусағыңдай біле тұра сөйткенің саған жараспады. Рас қой? Батыл мінездісің ғой, айтшы соны?!

Саған бұған дейін де хат жазғанмын. 16. 07. 2009 ж. Білген-көрген жағдайларды түгел айтқанмын. Түсіндің бе, ашуланып жыртып тастай салдың ба, оны өзің білесің, еркің. Сондағы сөздерімді қайталамай, ендігі айтарым: саған қарсы әрекет істеп, компромат жинап жүрген кісі емеспін, гәзеттерде сенің атыңа сын

айтушылардың ешқайсысымен қарым-қатнасым жоқ және қажет етпеймін. Олар – сенің №1 досыңды жеккөретіндер, оны қолдап сөйлеп жүретініне ренжушілер. Өзің ойлашы: «қазақта шекара болған жоқ, қазіргі жерінде мемлекеті болған жоқ!» деу есуастық сөз емес пе? Оның сандырағы көп. Соны неге қостап сөйлейсің?

Сен досыңның елге, халыққа не істеп келе жатқанын, адамгершілікке сай ештеңесі жоғын білесің. Ең соңғы факт – інісінің Нью-Йоркта 20 миллион долларға апартамент сатып алып, пәленінші қатынымен соған талас бастағаны. Арам жиналған ол ақшаға қазақтың неше ауылын байытуға болар еді? Ал досың мен сыбайластары миллиард долларлап ұрлап жүргеніне осы цифр-ақ сұмдық дәлел емес пе? Осындайды көріп-біліп отырған азаматтар неге күйінбесін? Бас жемқорды мақтай беретін саған да, басқаларға да неге ренжімесін? Билікке қарсы екенімді білетіндері сені мен досың туралы материалдарды маған да поштамен салып жібереді, жариялатуды сұрайды. Мен ешбірінің өтінішін орындаған емеспін, сол үшін қазақ сайттарында бүркеншік атпен маған да тіл тигізіп жүргендер аз емес. Сондықтан «Азаттық радиосынан» басқаны ашқанды қойдым.

Жә, енді негізгі әңгімеге, осы хатты жазу себебіме тоқталайын. Сен «Олжас кітапханасын» ашыпсың, құттықтаймын! Кімдердің кітаптарын шығаратындарыңды айтыпсың. Тұсаукесер, кездесу өткізіпсің, ешкім хабарламаған соң қатыса алмадым. Ал кітапханаңнан Әнуар Әлімжановтың романдарын, хикаялары мен әңгімелерін, кейбір мақалаларын шығаруыңды өтінемін. Екеуіңнің араларыңа кім «қара мысық» тастап жібергенін білмеймін, сұрағанымда Әнекең: «Оны біліп қайтесің?» деп күле салған. Әнуардың халыққа, әдебиетке қандай еңбек сіңіргенін жақсы білесің. Аруағын ардақтап, Таңдамалы жинағын шығарсаң, өте дұрыс болар еді. 5-6 том шамасы. Мен құрастырып, алғысөз жазып беруге дайынмын. Балалары қатыспайды. Себебі не екенін мүмкін білетін шығарсың. Ал мен Әнекеңнің 70 және 80 жылдығына олардан естелік ала алмадым.

Әнекеңнің 70 жылдығы «жетім қыздың тойындай» өтті. Жи-

налыс – ресторан. «Қазақ әдебиеті» гәзетіне жаздым, қалды. Ал 80 жылдығы әлі өткізілген жоқ. Досыңа 2009-жылдың басында бір топ қаламгер арнайы хат жазды. Үкіметке де. Ескерусіз қалды. Неге? Сірә, Әнекең мына пікірлері үшін олардың «қара тізіміне» ілінген шығар:

«...Это страшнее, чем грандиозное стихийное бедствие... во время стихийных бедствий люди проявляют лучшие человеческие качества, свое единство. А декабрьские события вселили в нас тревогу, отчужденность, показали, насколько зачерствели, заплесневели наши души. Зараза приспособленчества и потребительства, протекционизма и родофильства очень живуча. Она порождает клановость, вождизм... В морально-нравственном падении высших кругов нашего республиканского руководства, в коррупции и трайбализме, землячестве и взяточничестве, охватившим высшие сферы нашего общества, нашей АН и центральных алматинских вузов и приведших к трагическим событиям, виновна не молодежь... В этом отчасти виновны и мы с вами, но больше все те же чиновники, сидевшие на хлеме власти» (1987-жыл).

«...бывшие работники партийных верхов стали причастными к дележу – кто в меньшей, кто в большей степени – бывшей партийной казны, ее имущества. На деньги партии открыты коммерческие структуры... Распродается национальное богатство... Мы не против рыночных отношений, но нельзя же допускать безудержного хищничества, тотальной коррупции, вопиющего беззакония – словом, беспредела!.. У нас произошло что-то антиисторическое. Мы уничтожили все до основания. Не только экономику, но и науку, и культуру, и литературу тоже... Полное единоначалие и подчинение сверху донизу... Да, мы все разрушили. А что предложили взамен? Говорят, сейчас переходный период. Но куда переходим-то? К цивилизованному рынку ли? А может, в феодальное прошлое? Пока что переступили порог дикого капитализма, основанный на перекупле, перепродаже, на спекуляции, где утверждается закон джунглей. Стали страной воров...» (1993-ж.).

Міне, мәселе неде!..

Сенімен онаша сөйлесем деймін. Әрине, егер түсініскің кел-

се. Досың тақта отырғанда маған, бізге бұрылуың қиын боларын білемін. Оның көзірі – құрып кеткір анау акт. Ж. Т-ға тапсырма беріп тексерттіріпті ғой. Бірақ қашанға дейін оның әмірі жүре бермек, ерте ме, кеш пе, қатты құлайды, – соны да ойлау керек-ау...

25. 05. 2012 ж.

ҚАЗАҚТА КӨСЕМСӨЗШІ БОЛМАҒАН БА?

Қазақстанның Мәдениет және ақпарат министрі

Дархан МЫҢБАЙ мырзаға

Қазақстан Журналиштылар одағының төрағасы

Сейітқазы МАТАЕВ мырзаға

«Көсемсөз» – «публицистиканың» қазақ тіліндегі нұсқасы. Бұлай деп бастағанда қазақ әдебиетінің осы бір алымды, шалымды, оралымды саласы туралы ой тербеуді көздеген жоқпын, Журналиштылар одағымыз бен «Экспресс К» гәзеті редакциясының Г. Толмачев атындағы сұлулық тағайындаудағы «түсіністіктерін» түсіне алмағанымды айтуды ұйғардым.

Қай гәзет-журнал ұжымы болсын өзінің қалтасына қарай қандай сұлулық тағайындаса да, кімге берсе де, әлбетте, ерікті, алайда қоғамдық әдептен аттап кетпеді ескеруге міндетті деп білем. Қазақстанның, қазақтың үздік көсемсөзшілеріне Геннадий Толмачев атындағы сұлулық тағайындау деген не? Ол Томачев кім еді? Осы тұста мына бір үзіндіні оқи отыралық:

«...Югославтық журналишты-жазушы Мариана Седмак 1968-жылы біздің республиканы аралап қайтқан. Оның не жазарын назарымда ұстап жүрдім. 1969-жылы Югославияның гәзетінде ол мейманымыздың 7 очеркі шықты. Оқып байқасам: Қазақстан – мүлде мешеу ел; билік басындағылар жоғары оқу орындарына шала сауатты қазақ балаларын күштеп алдырады; кітап дүкендерінде орыс кітаптары жоқ, барының өзін қазақтар алмайды, олардың тіпті Достоевскийді оқымақ тұрғай естімегендерін кездестірдім, депті. Өзге өрескелдіктері де көп. Қаным қайнап жүрген бір күндері Седмактың Мәскеуде екенін естіп, мен де сонда едім, әдейі іздеп барып, жолықтырып: «Асымызды ішіп, дастарқанымызды тіліп кеткеніңіз қалай? Соншама өсек-өтірікті жазғаныңыз не?!»

десем, ол аңырып: «Мен ештеңені ойдан шығарған жоқпын. Сол сапарда мені алып жүрген коммунист журналшы Геннадий Толмачевтің түсіндіруімен жаздым» дейді. Толмачев «Комсомольская правданың» Қазақстандағы меншікті тілшісі еді. Үйге оралысымен оны тауып алып: «Әй, Гена, Мариана Седмакқа бізді өлердей жамандағаның не? Қазақтардан қиянат көрген күнің бар ма? Ұят қайда?!» десем, ол жылмақай: «Білмеймін... мен оншама дәнеңе айтқан жоқ едім...» дейді.

...Иә, қит етсе қазақты жамандап шыға келетіндер бар. «Молодая гвардия» журналындағы «жазғыш» Н. Кузьмин сияқтылар. Олар алыста, сөзің жетпейді. Жақындағылар ше десек, мәселен, «Простор» журналымыз қасымызда (*бас редакторы – Г. Толмачев, – Ф.Қ.*), Алматының тап ортасында. Алайда алыстағылардан айырмасы аз. Бұлар да қазаққа «көзжұмбайлық» жасай салады. Біздің арыстарымыз ақталды, журнал И. П. Шуховтың дәстүрін жалғастырады, ортақ қуанышымыздан шет қалмайды, халқына қайтып оралған классиктеріміздің еңбектерін насихаттауды дереу қолға алады дестік. Қайда-а-а?!.. Ж. Аймауытовтың бір өлеңін, М. Жұмабаевтың төрт өлеңін берумен тынды. Журналдың беті «Көсемнің құпия кеңесшісі» деген романсымақтан босамады. Әнуар ӘЛІМЖАНОВ».

Мен Жазушылар одағы құзырында отыз жыл қызмет істедім, оның он шақты жылында Геннадиймен қызметтес болдым. Ортақол ғана журналшы-жазушы. Оны «Простор» журналының бас редакторлығына тағайындатқан Олжас екені сөзсіз. Ал жазба еңбектерінің «жемістері»: «Олжас туралы хикая», «Д. А. Қонаевпен 50 кездесу» және Н. Назарбаев туралы «Жолбасшы» («Лидер») дегендері.

Ал сұлықтың демеушісі кім десек, ол Олжас Сүлейменов екен. Иә, досы атында сұлық тағайындауға, оның ақшалай нарқын белгілеуге (5000 доллар деседі) ол да ерікті. «Невада-Семей» акционерлік қоғамының Қорынан бүгінде атышулы «евразиялық» үш миллиардерді «түлетіп ұшырған» Олжастың қалтасы жұқа деу обал болар. Бірақ ол қазақ көсемсөзіне Толмачевті телімеуге тиіс еді. Журналшылар одағымыз болса, сірә, әрі «Олжекең айтқан соң»

деп, әрі өзінің қоржыны бос болған соң соңынан еріп кетсе керек.

Қазақ әдебиеті мен журналистикасының қара нары Шерхан Мұртазаның: – «Лениншіл жастың» отызыншы жылдардағы тігіндісі сақталса, әр нөмірінен дерлік Саттар Ерубаевтың қайнар публицистикасы табылады, – дегені бар. Дұрыс! Саттар ағамыз өз дәуірінің ту ұстаған көсемсөзшісі болды!

Ол кезеңнен беріде көсемсөзімен бүкіл Кеңес Одағына, оның «Комсомольская правда» гәзеті жеткен шет елдерге де танылған Баубек Бұлқышев ағамыз ше?! Ол жайында:

«...В минуты затишья, перед очередной атакой, между жесточайшими рукопашными схватками он вглядывался в израненные леса и поля, в обожженные хлебные нивы, в далекие звезды, вчитывался в страницы любимых книг и, утоляя неистребимую потребность поделиться своими мыслями со сверстниками, при свете луны или коптилки в землянке писал письма в «Комсомольскую правду»... Письма-исповеди, письма, проникнутые ненавистью к войне, к фашизму, письма, звучащие гимном красоте, любви и дружбе, потрясли меня. Но какова же сила их воздействия на людей была тогда, в дни войны?! . Вся его публицистика, заключенная в письмах с фронта, сродни поэзии, ибо истинно художественная, истинно талантливая публицистика, основанная на знании жизни и на любви к истине, проникновенна, эмоциональна, если хотите, философична не меньше, чем поэзия!» деп жазды Әнуар Әлімжанов (Әнекеңнің ой-тұжырым қызуын бәсеңдетіп алармын деген қауіп болып, түпнұсқасына жүгіндім).

Баукеңнен бертінде көсемсөзіміздің көшбасында Әнуардың өзі болғаны да баршамызға аян емес пе?!

Құрметті Министр! Құрметті Төраға!

Қазақ көсемсөзінің арғы-бергі тарихын тәптіштемей, осы үш арысымыздың еңбектерін еске алсақ, Қазақстан Журналшылар одағының мемлекеттік бюджет есебінен республикалық дербес силығын тағайындау, оған аталған үш көсемсөзіміздің бірінің атын қою – қоғам, жұртшылық және тарихи ақиқат алдындағы парыз!

(19. 12. 2012 ж.)

ҮШЕУІН АЖАЛ ДА АЖЫРАТПАП ЕДІ...

Қостанай облысының әкімі Н. САДУАҚАСОВ мырзаға

Тағдыр құрдас етіп жаратқан, қаламдас етіп табыстырған Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин үшеуінің өзара ынтымағы күшті, силастығы ыстық болған. Оны қызметтес тұтастары жазып қалдырған естеліктерден оқып білдік.

Сәкен ағамыздың саяси белсенділігі басым болып, небір айтыстар тартыстарға қатысып, ашық та астыртын күреске қатысып жүргені «Тар жол, тайғақ кешуінде» айтылған. Күрмеуі тым қиын саяси мәселелердің шешуін іздеп Мәскеуге, И.Сталинге барғаны да белгілі.

Ілияс ағамыз Кеңес өкіметінің құрылуы, беталысы жөнінде пікірлері әрқалай ішкі топтардың жиналыстарына қатысып, ойын анық білдіріп, тірлік құбылыстарын кейде деректі, кейде шартты фельетон тілімен үстеп жүрген.

Ал Бейімбет ағамыз болса, ол екі досына: – Айқай-шуларына өздерің бара беріңдерші! – деп кеңседе қалып қояды екен. Ию-қию жиналысқа барғанда айтар ойын қағаз бетіне әзіл-сықақ өлең-әңгіме, фельетон етіп түсіре берген. Қазан төңкерісі, Алаш жолы, ұжымдастыру, ашаршылық – Би-аға өмірлік осы кезеңдердің бәрін де шығармаларына арқау етіп, білгірлікпен жазған.

Осы үш дос – Сәкен, Ілекең, Би-аға «халық жауы» науқанында, 1938-жылдың күзінде, мирзояндардың жалған айыптарының құрбаны болды. Небары 44 жастарында. Бір жылғы төлдерді ажал да ажыратпады, ал біз...

Сәкең туып-өскен өңірде, Ақмолада, оның мұражайы ашылып, ескерткіші орнатылғанына 19 жыл.

Ілекең туып-өскен өңірде, Талдықорғанда, оның мұражайы ашылып, ескерткіші орнатылғалы 19 жыл.

Би-ағаң туып-өскен өңірде, Қостанайда, оның мұражайын ашу, ескерткішін орнату сөз жүзінде қалғалы 21 жыл!

Бейісқұлов Тоқтар атты журналшы, жазушы, әдебиеттанушы, сыншы болды (биыл көктемде көз жұмды, жаны жәннәтта болғай!). Сол Тоқаң қазақ әдебиетінің іргетасын қаласқан классик қаламгеріміз Би-ағаның өмірін тиянақты зерттеп, бірнеше кітап жазды және

мұрағатжайлардан, гәзет-журнал тігінділерінен Би-ағаның туындыларын мұқияттап жинап, бұрынғы бестомындағыларымен салыстырып, жүйелеп, 14 том етіп құрастырып, «Қазығұрт» баcпасынан 15 томын шығартып үлгірді. Ал Тоқаң Би-ағаның мұражайын ашу, ескерткішін орнату жайында жоғарыға бес хат, гәзеттерге алты мақала жазды. Екеуіміз кеңесіп жүрдік, мен де жаздым. Біздің түсіне алмағанымыз: хаттарымызды алғаны, мақалаларымызды оқығаны даусыз басшылардың селт етпегені! Неге? Неліктен?..

Құрметті Әкім мырза, Сізге осы ашық хатты жолдай отырып, Бейімбет Майлиннің аруағын ардақтаушы жұртшылық қуанатын жауап жазатыныңызға бек сенемін!

Алматы қаласы.
25. 08. 2013 жыл.

Автордан: бұл хаттан үш ай бұрын Мәдениет министрлігімізге осы ой-пікірімді жолдадым. Ол жақтан бір айдан кейін жауап келді. «...Мұражай ашу бюджетте ескерілмеген. Сіздің хатыңыз Қостанай облысының әкімшілігіне жіберілді» депті. Мәселенің сиырқұйымшақтанып кетерін сездім де, облысқа осынау хатты жаздым, бірақ ол жақтағылар да 2015-жылдың бюджетіне иек артып отырған сияқты. Ақмола мен Алматы облысында Сәкен Сейфуллин мен Ілияс Жансүгіровтің 120 жылдықтары атап өтілері анық, ал қостанайлықтар Би-ағанның аруағын әспеттеуді кейінге қалдыра тұратын шығар.

ҚАЗАҚ САХНАСЫНЫҢ СЫРҚАТЫ

*Мәдениет және спорт министрі
А. МҰХАМЕДИҰЛЫ мырзаға*

Құрметті Министр!

Елімізге, халқымызға жаңа орныңызда жасар жақсылығыңыз көп болғай деген тілегіммен ұштастыра мына бір ойларымды жолдауды ұйғардым.

Бүгінде біздің теледидарда не нөпір, – арна нөпір екені баршамызға мәлім десем, сол баршаның басым көпшілігінің ол арналардың иелеріне реніші де аз емес дей аламын. Естіп,

көріп жүрмін. Ал телеарнаның гәзетті де, радионы да басып озып, өміріміздің ақпаршысы сияқтанғанын тәптіштеп айтудың Сізге қажеті жоқ деп біліп, мәдени тірлігімізге ғана қатысты қайсыбір жәйтке тоқталмақпын. Ол жәйттер Сізге – министрліктің байырғы қызметкеріне – бұрыннан белгілі болса да, жаңа басшы атаулы қашанда алдыңғыдан гөрі жаңарақ болуды ойлайды деген түсінігімді малданып отырмын. Сонымен:

Телеарна кәрімізді де, жасымызды да тәрбиелеудің көрнекі бір құралы болуға тиіс. Тәрбиенің қажеттігі жасқа қарамайды және жас талғамайды. Мысалы, кәрінің: «Болдым, толдым!» деуі – тәрбиені мерзімдік деген шалым ұғым. Ал жастар болса, адам ағзасын зерттеуші дәрігер ғалымдардың әу баста-ақ көз жеткізгеніндей, ана құрсағындағы нәресте бес-алты айлық шағында-ақ сыртқы тәрбиеге ыңғайланады екен. Оған шешесінің мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, тіршілік күйі, сөйлеу нақышы, маңайындағы жағымды әуен, жағымсыз дыбыс әсер ететін көрінеді. Біздің ұзын саны 80-90 телеарнаның дізгін-шылбырын ұстап жүрген мырзалардың мұны ескергені жоқ және ескерер емес. Себебі: көптеген телеарналарда, мына айтқан ана құрсағындағы жаратылыстан бастап, жастың да, жасамыстың да, тіпті қарттың да жүйкесін шабақтайтын батыстық даңғыр-дұңғыр, таңқыл-тұңқыл «музыкалы» концертсымақ басым. Ол концертсымақты қоюшылардың не алба-жұлба киінетіндері, не жалаңаштың аз-ақ алды болатындары, алқын да жұлқын шалқақтау-тоңқандаулары, ию-кию қышқыра «әндетулері»: – Ой, тоба-ай! Мыналар жынданған тобыр ма, немене?!» – демесіңе қоймайды. Кинофильдеріндегі айқай-ұйқай, тарс-тұрс – өз алдына бір сойқан-сұрапыл.

Ресейдің кейбір сахына-экран «жұлдыздарының» өнері, сондай-ақ жаугершілік кинолары (боевиктері) батыстан асып-түсіп жатыр. Әсіресе боевиктері – қырғын атыс-шабыс, қан да қан.

Солай боларын білісімен басқа арна іздей бастасам: керегі шамалы қысыр сөз малтасын езіп отырғандардың тобына, немесе бүкіл экранды жайлай сүлікше сорып сүйісіп тұрғандарға, немесе төсектің «шаңын қағып» жатқандарға тап боламын да: «Құрысын!» деп кейіп, өз бөлмеме кетіп тынышталамын. Отба-

сым да ондай «арзан қалжаға» әуес емес, арғы-бергі елдердің байыпты ән-би, әзіл-күлкі концертті, әдепті кинофильмді бағдарламаларын іздеп тауып, жадырасып отырады.

Заманына қарай сорабы ғой: ресейлік «тәуелсіз сахына-экран» өкілдері батыстағы кәсіптестерінің «жаңалығына» жерік болса, бізде екеуінен де жеріктік етек алып барады. Рас, жаугершілік кино жағына «ұятты», бірақ оның орнын сахнада «жаңаша құлпырумен» толтыра бастады. Қыз-келіншек әнші-бишілер омырауды ашып тастап, тіпті біз бала кезімізде ауылда көрген балуандарша, көйлегінің бір жеңін шешіп тастап, сымпиған шалбармен быртып-тыртып шыға келгенде отырған орным ойылып бара жатқандай күй кешемін. Ол ол ма, кейбір қыз-келіншектердің, сол бала кезімізде көргеніміздей, әже-апаларымыз, шешелеріміз ұйықтарда киетін ішкііммен – жаға-жеңі жоқ, иыққа асқан екі бауы ғана бар лыпа көйлекпен, құдды үріккен ешкіше, елбеңдеп шыға келетінін қайтерсің! Жаз шыға Алматының (бір ғана Алматының болмас) көшелерінде осындай «айшықты» көріністер көбейе бастайды.

Әлі есімде: үшінші сыныптағы кезімде бір күні әжем маған: «Мені Дәукеннің үйіне апарып келші» деді. Көзінің мүкісі болғандықтан жалғыз жүрмейтін. Бардық. Алдыңғы бөлмеге кіре бергенімізде жылаған зарлы дауысты естідім де, төргі бөлмеге енгенімізде оң жақтағы төсек алдында Дәукен атаның ұлы Мұхит ағаның келіншегі Сәмештің бұрындағы жуан қос бұрым шашын тарқатып жайып жіберіп, жылап отырғанын көрдім... Үйге қайтып келе жатқанымызда әжемнен Сәмештің бүгін неге өйтіп отырғанын сұрап едім, әжем: «Мұхит ағаң түнде қайтыс болыпты. Қазақта күйеуінің үйде өлгенін көрген, немесе дүзде өлгенін естіген кезде әйелі шашын жайып жіберіп жылайтын бір ғұрып бар» деді.

Қыз-келіншек «жұлдыздарымыз» жалбырап-салбыраған шашы бет-ауызын, иығын жаба сахынада «жарқ» еткенде көз алдыма Сәмеш жеңгемнің сол бір аянышты кейпі келеді.

(Жалпы батыс әйелдерінің жүріс-тұрысында, киім киісінде бір сорақы «мода» қылт етсе-ақ біздің қыз-қырқындар соған

өліп-өшіп ұмтылып, солардың қисық қалыбына жанталасып түсе қояды. Денесінің ықпыл-жықпылы «менмұндалайтын» аламыш жарғақ шалбар кию, омырауды желдетіп қою, көздің асты-үстін шеңберлеп бояу (байғұстар көздің ішін бояй алмай қор болып өтер ме екен!), қас-кірпік пен ерінді әлеміштеу, тырнақты үшкірлеп сорайту сияқты сұрықсыздықты «жанаша еркін өмір сүру» деседі. Сигарет соратындары да көбейіп барады. Олар – өздерінің қазақ екендерін, көне ұлтының сан-салалы тірлігінде қымбат салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы болғанын және барын, оларды сақтау, дамыту парызы екенін ұмытқан намыссыздар! Өздерін өзгеге мәдениетті қазақы болмысымен танытуды ойламайтын, өзгенің қаңсығына құныға құмартатын әуейілер!)

Сахнадағы сапалақ көріністерге сахынаны безендіру бағытындағы «жаңашылдықты» қосып көріңіз: сахына төріндегі экранда шым-шытырық әлдебір сұлделер, сызық-шимайлар, әлде өзен тасығандай, әлде өрт болып жатқандай аласапыран бірдеңелер алмасып, түрлі-түсті электр шамдары айқыш-ұйқыш сызғыласып, көзінді де, көңілінді де қинайды. Ондайда желікпелі жеңіл әуендерді, қыздырмалы билерді тыңдау-көру былай тұрсын, мысалы, Шәмшінің әндерін тындап та жарымайсың. Иә, олардың бағдарламасында кейде бұрынғы-соңғы әсем әндер болады, бірақ анау «безендеруді» еріксіз көріп, әншінің дауысын барымталаған барабан дүңкілінен құлағың тұнып, басың мәңгіруге айналғанда рахаттану қайда?!

Соңғы жылдары сахнамызды малтапқыштар жекешелендіріп алған деуге болар. Өлеңінде поэзиядан нышан жоқ «ақын», әнінде музыкадан хабар жоқ «сазгер» көбейіп барады. Бұл құбылыстың кесапатты екенін баспасөзде, мәселен, әнші Бибігүл Төлегенова, ақын Фариза Оңғарсынова және басқа тұлғаларымыз бұдан екі-үш жыл бұрын айтты. Одан беріде де айтылып, жазылып келеді, тек еститін құлақ, оқитын көз табылар емес. Сондай немкеттіліктің салдарынан өлеңсымақ пен әуенсымақ қынаша қаптап кетті.

Сондай-ақ, халық әндерін «өңдеу» деген пәлеге ән мен өлеңнен «ботқа» жасау жалғаса бастады. Мысалы, бұдан бір апта

шамасы бұрын телеарналарды «аралап» отырып, қыздар тобының сондай «жаңалығына» тап болдым. Қай топ екенін айыра алмадым, концерттің соңы екен. Әлгі топ маған таныс-бейтаныс бір әуенмен:

«Аяғыма кигенім бұлғары етік,
Аяғымнан (?) барады суық өтіп.
«...Жақсы болсаң, келесің судан өтіп,
Жаман болсаң, қаласың суға кетіп», –

дегенді екі-үш қайталап, содан соң ауыздарын жауып, тербеле ыңылдап тұрды да, сағына аһ ұрған кейіпте ауыздарын ашып: «Маңмаңгері-і-іі!» деп тынды. Ал керек болса!..

Құрметті Министр мырза-ау! Қазақы сахына қайда кетіп барады?!

Үлкен-кіші сахналарға ұсынылған өлеңді, әуенді, биді сараптайтын ресми алқа тобы (комиссия) құрылса, оған білікті мамандар мүше болып, анау: әнсымақтың, өлеңсымақтың, бисымақтың жолына тосқауыл қойса деймін.

Батыстың, Ресейдің телебағдармаларынан беталды көшірме-аударма жасау да қажетсіз, – ондайға жұмсаған қаржыны қазақ туындыларын сахналауға пайдалану жөн болар. Ал аударма нұсқаны тыңдағанда қазақылығы кемшін мәтінсымақтарды естимін де: аударманың сапасын қадағалайтын ие жоқтығына да өкінемін. Айтпақшы, телеарнадан «Қып-қызыл күлкі» деген бағдарламаны көрдіңіз бе? Кешегі қазақ: «Қып-қызыл өтірік» деген болса, бүгінгі «қазақ» оның қателігін түзетті ме?

Әзірше осы да жеткілікті болар. Жауап хаттың келер-келмесін білмей отырып, ой-пікірді сапыра беру, бір есептен, уақытыма обал да.

(«Жас алаш». 2014 ж.)

***Қазақтың әл-Фараби атындағы Ұлттық университетінің
ректоры Ф. МҰТАНОВ мырзаға***

Құрметті Ғалымқайыр Мұтанұлы!

Сізге Әнуар Тұрлыбекұлы Әлімжанов туралы көп айту жөн болмас деп біліп, бір ғана ұсыныс жасағым келді.

Мемлекет және қоғам қайраткері болған, әлемнің алпыс шақты еліне сапар шегіп, Қазақстанның, қазағын танытқан, ол елдерде қазақ тарихы жайында бір дерек болса, соны бізге жеткізген, әл-Фараби бабамыздың суретін тауып, еңбектерін насихаттауға көп еңбек сіңірген, Мұхтар Әуезовтей ұстазын КГБ-ның құрығынан құтқарып қалған Әнуардың фәниге келгеніне 2015-жылы мамырда 85 жыл толады.

63 жасында бақилық болған Әнекең шын мәнінде әлемге танылған Азамат, Қаламгер, Дипломат болды. Мұрағатындағы құжаттарды шолып өткен жанның бұған шүбәланбасына көзім жетті дей отырып, Сізден университеттің «Өнегелі өмір» топтамасымен «Әнуар Әлімжанов» кітабын шығартуды өтінемін. Университеттің ең әйгілі түлектерінің бірі болған Әнекеңнің аруағына солайша құрмет көрсету өте орынды іс болар еді.

Бұл ұсынысыма қосарым: ол кітапқа қажет сан алуан тақырыпты материалдар мен фото-суреттердің компьютерлік нұсқасы менде 100 пайыз дайын. Сіздер оң шешім жасасаңыздар, мен материалдарды орналастыруды бір аптада реттеп, электронды поштамен аттандырып жібере аламын (85 жылдығына деп атау міндет болмас).

Алматы. 20. 09. 2014 ж.

Автордан: ректор мырзадан «әу!» деген үн болмағанына қарағанда, оның тізімінде мен, ә, мені қоя тұрайықшы, тарихи тұлға Әнуар Әлімжанов та жоқ шығар. Әнекеңнің аты-жөні аталғанда оның кім болғанынан хабар-ошары жоқ шенеунік қана селт етпейтінін көрген едім, сондайларға, мінеки, тағыда біреу қосылды. 20. 10. 2014 ж.

ЖАЛАҚОРЛЫҚ!

«Трибуна. Саяси Қалам». Ж.Мамай және Б.Әлімов мырзаларға.

Гәзеттеріңде тарих шындығына қарсы, әдейі бұрмаланып жазылған мақалалар шығып келеді. И. Гофман, А. Кириллов, т. б. «всезнайкалардың». Кириллов дегендерің «Гитлер 20 000 000 адамды, Сталин 40 000 000 адамды құртты» деп, өлі фюрерге адвокат болды, ал мынау Гофман да аузына келгенін шатыпты. «Германияның жеріне кірген совет әскері совет жерінде фашистер істеген моральдік айуандықты істеуші болмасын, дүние-мүлік жинап алмасын, совет әскері атына кір келтірмесін! Бұл бұйрықты орындамағандар қылмыстық жауапқа тартылады!» деген сталиндік бұйрық болғанын, оның қатаң қадағаланғанын біле тұра, соны жоққа шығарып, мыңнан бір бұзық болмай тұрмайдыны жалпылап аттандап әлек болушы итаршыларға жауап біреу-ақ. Ол И. Сталиннің 1939-жылғы қарашада А. Коллонтаймен сұхбаттағы мына сөзі:

«...Многие дела нашей партии и народа будут извращены и оплеваны прежде всего за рубежом, да и в нашей стране тоже. Сионизм, рвущийся к мировому господству, будет жестоко мстить нам за наши успехи и достижения. Он все еще рассматривает Россию как варварскую страну, как сырьевой придаток. И мое имя тоже будет оболгано, оклеветано. Мне припишут множество злодеяний.

Мировой сионизм всеми силами будет стремиться уничтожить наш Союз, чтобы Россия больше никогда не могла подняться. Сила СССР – в дружбе народов. Острые борьбы будет направлено прежде всего на разрыв этой дружбы, на отрыв окраин от России. Здесь, надо признаться, мы еще не все сделали. Здесь еще большое поле работы.

С особой силой поднимет голову национализм. Он на какое-то время придавит интернационализм и патриотизм, только на какое-то время. Возникнут национальные группы внутри наций и конфликты. Появится много вождей-пигмеев, предателей внутри своих наций.

В целом в будущем развитие пойдет более сложными и даже

бешеными путями, повороты будут предельно крутыми. Дело идет к тому, что особенно взбудоражится Восток. Возникнут острые противоречия с Западом...».

Біліп айтқандық емес пе? Қазіргі шиеленіс, қантөгістің бәрін кімдер ұйымдастырып отырғаны анық емес пе?! Солар қару мен идеологиялық шабуылды қатар жүргізіп келе жатқан жоқ па?

Сендерде кінә аз шығар, дізгіндерің демеушілеріңде ғой.

Аман болыңдар! Саясатпен айналыса түсетіндеріңе Г. Феррдің «Антисталинская подлость» деген кітабын оқуға кеңес беремін.

2014 ж., қараша.

САХНА СОРАСЫ, ТЕЛЕАРНА «ДОДАСЫ»

Қазақстанның Халық артисі

Бибігүл ТӨЛЕГЕНОВАҒА

Қадірлі БИБИКЕ!

Сізбен аралас-құралас жандар есіміңізді сыпайылап қалай атайтынын білмедім де, өзімше осылай жөн шығар дедім, егер ыңғайсыздау болса, кешіріңіз. Сондай-ақ, өнегелі өнеріңіз үшін алған атақтарыңызды тізіп жазбадым, баршаға белгіліні қайталай беру де қажет емес қой.

Мен – кешегі күміскөмей Күләш Байсейітовадан бастап, бүгінгі бозбала-бойжеткен әншілердің де өнеріне қанық қазақтардың бірімін. Сізге бұл сәлемхатты жолдауым да сондықтан. Мұным – Сізбен хат жазысуды мақсат етуім емес, жалпы қазақ текті қыздардың кескін-келбеті, оның ішінде бүгінгі «сахна жұлдыздарының» сиық-сықпыты және телеарна туралы бірер ой-пікірімді айту, «Жөн екен!» деп құптағандарыңыз болса, оны жоғары билікке жеткізуіңізді өтіну. Сіз – аузы уәлі Тұлғасыз. Билік айтқаныңызды тындайды, жазғаныңызды оқиды.

Сонымен, әуелгі сөз қазақ қыздарының әлпеті туралы. Кешегісі мен бүгінгісі деп ажыратып айту шарт болса, кешегі келбеті ауыз әдебиетімізден бастау алған ән-жырымызда қол жетпес арман сияқтанды: қос бұрымды қолаң шаш. Ақша бет, ашық маңдай, жазық қабақ, қиғаш қас. Қарақат көз; бота көз; таңғы шықтай жәудір көз. Қырмұрын, үлбіреген ерін. Кигені – жағасы мойынын,

жеңі шынтағын, етегі дізесін жапқан жарасымды көйлек... Ал бүгінгі кеспірін күнде көріп жүрміз: биежал шашы шашық, омырауы иен-ашық. Құдай берген қастың орнында қап-қара доға-сызық. Көз шіркіндері де қап-қара шеңберлі. Кірпіктері жалғамалы, қайқы қара. Қайсыбірінің қабақ асты көкке, кейбірінікі жасылға боялған, тіпті күлгін түстісі де кездеседі (айтпақшы, шаштары қызылы да, қоңыраласы да, күлгіні де бар). Еріндері шиқандай қып-қызыл. Он тырнағын екі түске боятқандар да пайда бола бастады. Кейбірінің жеңсіз кеуде лыпасы мықынына жетпей, кіндігі көрініп, алабел болып жүргені. Не тылтиған, не быттиған, ауы томпақ жарғақ шалбарының ышқырын жалпақ қайыс белбеуі әрең ұстап тұрғандай.

Иә, қоғамымыздың өнер қауымындағы осы бір рухани дертті ашынып айттым да, жаздым да, бірақ мұқият тыңдаған, ынтамен оқыған, не «мына пікірің дұрыс», не «мына пікірің қате» деген үлкен-кіші болған емес. Сол селкостық, енжарлық, немкеттілік шыдамымды шабақтаған бір сәтте, өткен жылғы қараша айының 25-і күні, президент Нұрсұлтан Назарбаев мырзаға хат жазып, бүгінде сахналарымыз бен телеарналарымызды түгел дерлік жаулап алған талғамсыздықтың өзім куә «кереметтерін» баян етіп, сол берекесіздікке назар аударуын қаладым. Ол хатыма желтоқсанның 25-і күні Президент әкімшілігінен жауап келді. Онда: «Сіздің 2014-жылғы 05-желтоқсанда №ЖТ-Қ-12480,1 ҚР Президентінің әкімшілігіне жолдаған арызыңызды қарап, нәтижесі туралы өзіңізге жауап қайтару үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігіне жолдағанымызды хабарлаймыз» делініпті... Мен арыз жазған жоқ едім, пікір-ұсыныс айтқан едім. Жә, оны қоя тұрып, министрліктен жауап күттім. Арада 4 ай өтті: министрлік ләм-мимсіз: Президент әкімшілігінің «өзіңізге жауап қайтару үшін жолдағанын» ескерусіз қалдырған болды. Содан кейін министр А. Мұхамедиұлы мырзаға «Жас алаш» гәзеті арқылы «Қазақы сахнаның сырқаты» деп ашық хат жолдадым (биылғы наурыз айының 20-сы күнгі санында жарияланды). Одан беріде тоғыз ай өтті, – министрлік жым-жырт. Меніңше: министрлік хат-қатнас атаулыға жауап беруді қажет етпейтін болған, немесе

ұжым түгелдей бір жылға жалақысыз демалысқа кеткен, немесе А. Мұхамедиұлы не бұл гәзетті оқымайды, не, сахна мен телеарна жақты қымтап тастап, күндіз-түні спорт жақта шаршап-шалдығып жүр. Сірә, спортқа кеткені рас, өйткені, менің естіп-білуімше, құрметті Бибіке, анау футболшы, балуан, штангашы, боксшы, немесе әләуләй-хәләуләй әншісымақ, алабел бишісымақ қыз-келіншектердің айлық табысы Сіз бен біздің айлығымыздан неше есе көп екенін құдай білсін (министр де біледі, әрине).

Қадірлі Бибіке, Сіздің көкейіңізде: «Бұл кісі біздің министрге хатында не айтты екен?» деген сауал туындаған шығар, соған қысқаша жауап берейін. Оған өнеріміздің ғана «көріністері» туралы былай дедім:

«Заманына қарай сорабы ғой: ресейлік «тәуелсіз сахна-экранның саңлақтары» батыстағы кәсіптестерінің «жаңалықтарына» жерік болса, бізде екеуіне де жеріктік бар. Рас, жаугершілік кино (боевик) дегенге «ұяттымыз», бірақ оның орнын эстраданы «жаңаша құлпыртумен» толтыра бастадық. Қыз-келіншек әнші-бишілер кеудесін жалаңаштап, тіпті біз бала кезімізде ауылда көрген балуандарша, лыпа-көйлегінің бір жеңін шешіп тастап, сымпиған шалбармен ойнақтап шыға келгенде отырған орным ойылып бара жатқандай күй кешемін. Ол ол ма, кейбір «жұлдыздардың», сол бала кезімізде көргеніміздей, әже-апаларымыз, шешелеріміз ұйықтарда киетін ішкііммен – жаға-жеңі жоқ, иыққа асқан екі бауы ғана бар түнгі лыпамен, құдды үріккен ешкіше, елбеңдеп жүретінін қайтерсің!.. Әлі есімде: үшінші сыныптағы кезімде бір күні әжем маған: «Мені Дәукеннің үйіне апарып келші» деді. Көзінің мүкісі болғандықтан жалғыз жүрмейтін. Бардық. Алдыңғы бөлмеге кіре бергенімізде жылаған зарлы дауысты естідім де, төргі бөлмеге енгенімізде төсек алдында Дәукен атаның ұлы Мұхит ағаның келіншегі Сәмештің бұрынғы әдемі, білектей бұрымын тарқатып, шашын бетіне түсіре жайып жіберіп, жылап отырғанын көрдім... Үйге қайтып келе жатқанымызда әжемнен Сәмештің бүгін неге өйткенін сұрап едім, әжем: «Мұхит ағаң түнде қайтыс болыпты. Қазақта күйеуінің үйде өлгенін көрген, немесе дүзде өлгенін естіген кезде әйелі шашын жайып жіберіп жылайтын бір

ғұрып бар» деді. Қыз-келіншек «жұлдыздарымыз» жалбыраған, қобыраған шашы бет-ауызын жаба сахнада «жарқ» еткенде көз алдыма Сәмеш жеңгемнің сол бір аянышты кейпі келеді.

Жалпы батыс бикештерінің жүріс-тұрысында, киім киісінде бір сорақы «мода» қылт етсе-ақ болды, біздің қыз-қырқындар соған өліп-өшіп ұмтылып, солардың қисық қалыбына жанталасып түсе қояды, ол сұрықсыздықты «жаңаша еркін өмір сүру» деп біледі. Ал олар – өздерінің қазақ екендерін, көне ұлтының сан-салалы тірлігінде қымбат салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы болғанын және барын, оларды құрметтеу, сақтау, дамыту парызы екенін ұмытқан намыссыздар! Өздерін өзгеге мәдениетті қазақы болмысымен танытуды ойламайтын, өзгенің қаңсығына құныға құмартатын әуейілер!».

Бұл сұрықсыздықтарға сахналарды безендірудегі «жаңашылдықты» қосып көріңіз: сахна төріндегі экрандарда шым-шытырық әлдебір сұлделер, сызық-шимайлар, әлде өзен тасығандай, әлде өрт қаулап, әлдебір қырғын болып жатқандай аласапыран бірденелер жедел алмасып, түрлі-түсті электр шамдары сахнаны да, залды да айқыш-ұйқыш сызғылап, соның бәрі көзінді де, көңіліңді де қажайды. Ондайда желікпелі жеңіл әуендерді, қыздырмалы билерді зорға тыңдау-көру былай тұрсын, мысалы, Шәмшінің әсем әндерін тыңдап та қарық бола алмайсың. Иә, олардың бағдарламасында кейде бұрынғы-соңғы есті әндер болады, бірақ анау «безендеруді» еріксіз көріп, әншінің дауысын естіртпейтін дүңкілдеген аспап дауысынан құлағың тұнып, басың мәңгіруге айналғанда тұра безбеске лажың қалмайды.

Соңғы жылдары сахнамызды арзаннан малтапқыштар жеке-шелендіріп алған деуге болады. Өлеңінде поэзиядан ешбір нышан жоқ «ақын», әнінде музыкадан ырымға хабар-ошар жоқ «сазгер» көбейіп барады. «Сазгердің» домбыраны, немесе гитараны өшін алардай алқын-жұлқын сабалаған, пианиноны төкпештеген сықпытына сәйкес қиралаңдап, секектеп, бір сөзді 10-15 рет қайталаған «әнші» шетінен «эстрада жұлдызы» болып алды. Бұл кері құбылыстың кесапатты екені өнерімізге жанашырлықпен айтылып та жазылып келе жатқалы екі-үш жыл, бірақ өнерге

қамқоршы болуға міндетті ресми басшылар селт етер емес. Сондай немкеттіліктің салдарынан бізде өлеңсымақ пен әнсымақ қынаша қаптап кетті. Солардың бірсыпырасына, тіпті өнерсүйер қауымға танылып үлгімеген тотайларға да жақында ғана үкімет наградалары берілді. Ол марапат тізімнің де Мәдениет министрлігінде жасалғаны даусыз.

Сондай-ақ, «ескі әндерді өңдеу» деген «жаңалық» та өрши бастады. Ол «өнерге» жол беріп қойсақ, ертеңгі ұрпақтарымызға, мысалы, Ақан серінің «Құлагері» «Қара ат» болып жетері сөзсіз, өйткені әннің мәтінін «өңдеуге» сөзін ойша айта беру қосылатын да болды. Бірде телеарналарды «аралап» отырып, әйел әншілер тобының сондай «жаңалығына» тап болдым. Қалай аталатын топ екенін біліп үлгімедім, концерттегі соңғы әннің соңғы қайталауы болып шықты. Әлгі топ маған таныс-бейтаныс бір әуенмен:

«Аяғыма кигенім бұлғары етік,
Аяғымнан (?) барады суық өтіп.
Жақсы болсаң, келесің судан өтіп,
Жаман болсаң, қаласың суға кетіп», –

деп, содан соң ауыздарын жауып, тербеле ыңылдап тұрды да, сағына аһ ұрған кейіпте ауыздарын ашып: «Маңмаңгері-і-ім!» деп тынды. Ал «ботқа» керек болса!.. Ақындардың өлең сөздерін сөйтіп «түзетіп» айтатындар аз емес.

Телеарна десек, бүгінде бізде бар жүзден астам арнаның он шақтысы ғана қазақтыкі, ал сол оншақтының көбінде сахналардағыдай арзанқол дүниелер, шетелдік, ресейлік жынойнақ бағдарламаларға еліктеп-солықтау, айнытпай көшіріп алу басым, тіпті шетелдік «күлкілі көріністерді» көшіріп алу да «модаға» айналды. Сол көшірмелердің бәрі, әрине, қыруар сомаға сатып алынады. Сол қаржыны «жілігі татымасты» берген бөгделерге ұстата салмай, бағдарламаларды қазақы тірліктен өзімізде жасау неге ескерілмейді?

Ресей арналарында шет елге еліктеумен пайда болған: «Пусть говорят», «Говорим и показываем» сияқты қыздырмалы қыңыр бағдармалар бар. Оларда жөні түзу әңгіме оннан біреу, ал көбі – атакты-атақсыз марқұм әлдекімдердің артында қалған

отбастарындағы үйге, дүние-мүлікке талас, ұрыс-керіс, жала-жан-жал, соттасу-қаттасу, сондай-ақ анау мен мынаудың жәлептік, жезөкшелік «құпиялары» дегендей жиіркенішті көріністер. Ондайларда көрерменге, әсіресе жастарға тәрбиелік дән жоқ, қайта қатысушы екідай топтың, оларды жарыла жақтаушылардың өзара араздығын қоздыру ғана бар. Маңайлай бастаған ол пәлекетті қазақстандық телеарнадан аластау, жолатпау керек!

Сахна да, телеарна да халыққа қызмет етуге тиіс қой. Ол қызмет – халықтың көргісі, тыңдағысы келетін, рухани талап-тілегін қанағаттандырар қымбат мән-мағналы оқиға, ақиқат арқаулы ашық әңгіме, орынды ой-пікір тоғысы, сымбатты ортақ шешім жасалуы. Осы нақты ескерілмей, жетіспей жатыр. Әлбетте, өз басым нені болсын жалпылап айтудан аулақпын, ал мынау сын сөздерім – күңгейдегіміз кері кетпес, одан бұрын теріскейдегі келеңсіздік атаулыны тағыда қозғайын деу. Осы ретте сахнамыздағы «әттендерді» біраз тізбектедім, енді телеарналарымызға қысқаша айтарым: жарандар-ау, елімізде жүздеген мың жұмыссыз бар, шаруасы түзік он ауылдың сыртында кетеуі кеткен жүз ауыл жатыр, жылда мемлекеттік және жекеменшік жоғары оқу орындарының дипломдарын алатын жастардың көбі, әсте өздерінің кінәсінен емес, үкіметтің тоңмойындығы салдарынан үйсіз-күйсіз шұбырып жүр. Білім, денсаулық салаларымызда, яғни жалпы қоғамда бұл сияқты кесепат-қиянат жетіп артылады. Оларды бір уақ ойламай, Қазақстанда талайғы арман –коммунизм орнап қалғандай, қашанғы алақай желпіну, мағнасыз мақтану, Астанада күнде жиын, күнде тойшыл күйде боласыңдар? Өздеріңді де, өзгелерді де жеңіл-желпімен алдарката бермей, ең болмаса екі айда бір рет неге «Айтуға қиын» демейсіңдер? «Күндізгі студияда» халықпен неге кездеспейсіңдер?

Қадірлі Бибіке, бұл сұрақтарға жауап болмайтынын сезіп отырсыз дей аламын. Сонау бір жылы өзіңзде де осындай қынжылыс болған. Иә, сонау 2011-жылы мен де ашынып, «Мәдениет министрлігіміз отау тіксе екен!» деген мақаламда жабылып қалған министрлікті қайта ашудың аса қажеттігі туралы айтып, оның құзырында әдебиет пен өнеріміздің сахналық шығармаларын са-

раптап отыратын, оңай малтапқыштықты ғана көздеген жалған, жасанды нәрселерді аластайтын үкіметтік комиссия болуға тиіс дедім.

Енді, міне, дулығасы түңліктей министрлік, оның егесі А. Мұхамедиұлы Президент әкімшілігі арқылы алдына барған хатыма көз жүгіртпей сіресіп қалған соң, өнерімізге орайлас мәселелерді Сізге қысқаша мәлім еттім. Арғысын өзіңіз біліңіз. Сау-сәлеметтігіңізге тілектеспін!

(«Қазақ үні». 2015 ж., желтоқсан.)

**Қазақстанның Бас прокуроры
А. Қ. ДАУЫЛБАЕВ мырзаға**

Құрметті Асхат Қайзоллаұлы!

«Банкі көп ел байымас» деген сөз рас екен. Алматыдағы банктердің ғимараттарын, алды-арты толған қымбат иномарка автомашиналарын көрген сайын банкирлердің жұртты шын мәнінде тонайтындарын, салымшылармен ең көп дегенде 10-12 пайызға ғана шарт жасайтындарын көріп жүр едім, бірақ олардың ар-ұяттан мүлдем безгендерін, пайда табуға құнығып, ойларына келгенді істейтіндерін білмейтінмін. Ал Сізге жолдамасқа болмаған мына деректер жағамды ұстатты. Шолып шығыңызшы, сұмдықтың көкесі!

*«Abai.kz сайты. 23. 12.2015 ж. Нұргелді Әбдіганиұлы
ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕҢ ЖОҒАРЫ ЖАЛАҚЫ*

Жақында «Ranking.kz» порталы Қазақстандағы банк саласы қызметкерлерінің, соның ішінде банк директорлары мен топменеджерлерінің 2015 жылдағы орташа табыстарын есептеп шыққан.

Мысалы, Қазақстандағы екінші деңгейлі банктің активтерінің көлемі 20 триллион теңгеден асып жығылған. Ал Еуразиялық банк жетекшісінің жылдық табысы 2014 жылмен салыстырғанда 90%-дан асқан. Оның үстіне қомағай банктердің бірі де дәл осы банк болып шықты. Банктің 5 бірдей директорлар кеңесіне мүше лауазымдылар орташа есеппен 182 миллион теңге жалақы алған.

Ең жоғарғы жалақы:

«Bank RBK» АҚ директорының орташа айлық жалақысы –

1,2 миллион теңге болса, «Евразиялық банк» АҚ директоры – 15,1 млн. теңге, ал басқарма – 8,3 млн. теңге алып отырған. «Банк Хоум Кредит» АҚ директоры айына – 4,5 млн. теңге жалақы алса, оның басқармасы – 3,5 млн. теңгені «қанағат тұтады» екен. Жоғарыдағылармен салыстырғанда «Казкоммерцбанк» АҚ директорының араны сәл-пәл кішілеу екен. Аталмыш банк директоры бір айда – 736 мың теңге жалақыға «күнелтсе», оның басқармасы – 6,7 миллион теңгені місе тұтпайды екен. «Банк Центр Кредит» АҚ директоры – 2,1 млн., «Халық банкі» АҚ директоры – 11,4 млн. теңге, «АТФ Банк» АҚ директоры – 1 миллион теңге және «ForteBank» АҚ директоры – 2,2 миллион теңге орташа жалақы алып келген...».

Банкирлер мұнша жалақы алатындай Қазақстанға қандай еңбек сіңіріп жүр? Мұғалімдер мен дәрігерлер, мәселен, жүйкелерін жейтін жұмыста айына 60-80 мың теңге ғана алады, ал мынау бетпақтардың істеп жүргендері анау! Оларды адамгершілік нормасына бағындыратын заң жоқ па? Болмаса, ондай заңды шығаруға болмай ма? Халықты қашанға дейін тонай береді?! Айына 15,1 миллион теңге алу дегеніміз – кәдімгі жалмауыздық! Үкіметке пайдалары тиіп жүрген күннің өзінде оны салымшыларды тонау арқылы жасауға болмайды емес пе?!

Меніңше, шетелдік және жекеменшік банк санын мүмкін болғанынша қысқарту керек және қалғандарын салымшыларға кемінде 20 пайыз өсім беретін ету керек!

Шектен шыққан бетпақтыққа ашынбау мүмкін емес!

28. 12. 2015 ж.

АЙТА-АЙТА «АЛТАЙДЫ...»

Алматы қаласының Әкімі Б. БАЙБЕК мырзаға

Құрметті БАУЫРЖАН!

Иә, «Айта-айта «Алтайды», Жамал апай қартайды» дегендей, Алматы қаласының бұрынғы басшыларына жаза-жаза... жалықпаған мына бір жәйтті өзіңе жолдап, төрелігіңді күтуді жөн көрдім («сен» дегеніме ренжімегін, өзімнен жасы кішілерге «сіз» деп сызылмайтын шалмын).

Республиканың зиялы қауымы бұл күндері Қайым Мұхамедхановтың туғанына 100 жыл толуын тойлауда. Ол марқұм ағамыздың кім болғанын білетін шығарсың, алайда қысқаша айтып өтейін: Абай елінің перзенті, әдебиетші, ақын, жазушы, текстолог ғалым, драматург, аудармашы, тарихшы. Аса көрнекті абайтанушы, мұхтартанушы. Шәкәрімтанудың негізін қалады. Қазақстанның тұңғыш «Ел әні» (гимні) өлеңінің авторы. Мемлекеттік және халықаралық «Алаш» сипықтарының иегері болды. Мұхтар Әуезовпен әріптестік, шәкірттік достығы баршамызға аян. Сонау жылдары Абайды «буржуазияшыл, феодалшыл» деп күстәналаған, Мұхтарды «абайшыл» деп қудалаған әсіребілгіш казекемдер Қакеңді де «абайшыл-мұхтаршыл» деп соттатқан-ды.

Сол Қакеңнің өмірден озғанына 11 жыл. Халқымызға, әдебиетімізге ерекше мол еңбек сіңірген Азаматты есте қалдыру рәсімімен Алматы, Семей қалаларының орталықтарында мектеп, көшелерге атын қоюды өтіне тиісті орындарға хат жазып келе жатқаныма 5 жыл. Алматының өзінен бұрынғы басшысы қала шетінде салынатын жаңа шағын аудандағы көшелердің біріне аты қойылатынын айтты. Аудан жобасымен таныстым, орталықтан мөлшері 25 шақырым қашықтықта болмақ. Қала орталығында «бос көше жоқ» екен. Алайда, «бос емес» көшелерді тізіп айтпағанда, әйгілі саяси басшы (политрук) Клочков атында екі көше, Қазақстанды билеп-төстеген 1933-37 жылдары «халық жауы» деп 110 мың адамды тұтқындатып, оның 25 мыңын аттырған жауыз Мирзоянның атында екі көше бар!

Биліктің табанына тілін төсеп күн көргіштер «Мырза-жан» деп атаған Леон Мирзоянның кім болғанын қысқаша айтып берейін. Ол КСРО-ның «халық жауларын әшкерелеу» науқанында 6-орынды алыпты (1-орында 166 адамды «халық жауы» еткен Н.Хрущев!). Оның Кремльге, И. Сталинге, СОКП ОК Саяси бюросына қанша «жауды» тұтқындауға тиіс екенін мәлім ете қолдау (лимит) сұрай жиыны неше хат жазғаны әлі анықталған жоқ, мен Ресейдің Бас мұрағатынан төртеуінің ғана көшірмесін ала алдым. Соның бірі 1937-жылы шілде айының 13-і күні И. Сталинге жолдаған мына хаты:

«Во время съезда компартии Казахстана кандидатура председателя Казахского ЦИК тов. Кулумбетова после длительного обсуждения на пленуме съезда тайным голосованием была провалена. Основным мотивом отвода и провала был факт перехода в 1919 г. тов. Кулумбетова с оружием в руках на сторону врага. За последние два месяца после съезда ряд арестованных участников контрреволюционной рыскуловской и нурмаковской организации показывают на Кулумбетова как на одного из активных участников этой национал-фашистской организации. Возможно, в ближайшие дни следствие покажет необходимость ареста Кулумбетова. Мы считаем совершенно необходимым освободить Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа и просим ЦК ВКП(б) утвердить наше предложение об освобождении Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа. Кандидатуру нового председателя ЦИКа внесем на утверждение Политбюро в ближайшие дни».

Спустя два дня ПБ утвердило предложение Мирзояна. У. Кулумбетов был снят, арестован, расстрелян...».

Алматыда Мирзоян: «**контрреволюционная организация**», «**национал-фашистская организация**» деп дабылдатып жатса, оған Сталин, Саяси бюро қалайша сенбесін?!.

Мирзоянның бірнеше хатына атышулы Ежов бұрыштама соққан және Мирзоян жазған «жау» санын өсіріп, кемінде 1000 қосып қайтарып отырған.

Сөз ретіне қарай келтіре отыруым керек бір құжат міне:

«...Взять, например, товарищей Мирзояна и Вайнова. Первый из них является секретарем краевой партийной организации Казахстана... перетащил с собой в Казахстан из Азербайджана и Урала, где он раньше работал, 30-40 человек «своих» людей и расставил их на ответственные посты в Казахстане. Есть, стало быть, своя артель у товарища Мирзояна. Разве нельзя было подобрать работников из местных людей?.. Конечно, можно было... Я его несколько раз предупреждал, не таскай за собой своих приятелей ни из Азербайджана, ни с Урала, а выдвигай людей в Казахстане, не отгораживайся от местных людей в Казахстане, потому что... – что значит таскать с собой целую группу приятелей, дружков из Азер-

байджана, которые коренным образом не связаны с Казахстаном? Что значит таскать с собой целую группу приятелей с Урала, которые тоже не связаны с Казахстаном? Это значит, что ты получил некоторую независимость от местных организации, и, если хотите, некоторую независимость от ЦК. У него своя группа, у меня своя группа, они мне преданы... Это значит недоверие местным кадрам...» (И. Сталиннің БК(б)П Орталық комитетінің 1937-жылы наурыз айының 5-і күні болған пленумында сөйлеген сөзінен).

Мирзоянның «құйрығы» 30-40 кісі емес, одан екі есе көп болыпты. Облыстардағы партия, совет атқару комитеттерінің, прокуратура, сот, милиция, хауіпсіздік органдарының екінші не үшінші басшылары, бөлім бастықтары ол ертіп келген «артель» болған. Қазақстанның «халық жауларын» әсіресаясатшы қазақтардың көмегімен тізімдеген – сол «артель»! И. Сталин атап айтқандардың кейбіреулері мыналар: Бадабашьян, Саакасян, Саркисян, Рзаев, Пу-узбекян, Айрапетян, Ширазян, Асриян, Саумов, Саркисов, Юсупов, Пинхасик, Свердлов, Киселев, Степанов, Кулиев, Камакидзе...

2013-жылы Алматы Әкіміне осы деректерді келтіре жазған хатыма: «Қалалық мәслихатқа жолдадық» деген жауап алдым. Мәслихаттағылар екі ай бойы ләм-мим демеген соң оларға арнаулы хат жолдадым. Тым-тырыс қалды.

Астанада «Л.Мирзоян көшесі» барын естідім де, Алматы басшылары аруағын алақандарына салып отырған сұрқияға қатысты деректердің көшірмесін қоса президент Н. Назарбаев және Астана Әкімі И. Тасмағамбетов мырзаларға хат жөнелттім. Көп ұзамай Астана көшесінен Мирзоянның аты өшіріліп, ол көшеге Қаныш Сәтбаев аты қойылды. Әлемге әйгілі Ұлы ғалымы Қанышынан бұрын қандықол келімсектің «еңбегін» ескерген қазекемдерге не дауа?! Солардай қазекемдер әлі де бар екенін, олардың халықтың малын қырған Голощекиннен соң жанын қырып, екінші соры болған «Мырза-жанның» атынан айырылмай отырғандарын айтсаңшы!

Құрметті Бауыржан, бұған не дейсің? Әлде президент Н. Назарбаев мырзаның арнаулы жарлығы қажет пе? Әлде Алматыда «Л.Мирзоян атындағы көше» үшеу болуын күтейік пе?!

(«Айқын». 10. 02. 2016 ж.)

БЕС ХАТ

«Егемен Қазақстан», «Қазақ әдебиеті», «Түркістан», «Жас алаш», «Айқын» газеттерінің редакцияларына

Құрметті қаламдас Інілерім: ЖАНБОЛАТ, ЖҰМАБАЙ, РЫС-БЕК, ШӘМШИДИН, НҮРТӨРЕ! Өздеріңе менсіз де белгілі жәйтті айта хат жазып отырғаныма реніш білдірмегейсіңдер, – бұл күнде менің де, құрдастарымның да артық-кем ақыл айтудан артылар қауқары «дефицит» бола бастады, соны ескертінкіреп қойып, мынадай өтініш жасағым келді: Қазақ халқының Ұлы бола біліп, абайтануға аса мол үлес қосқан, Мұхтар Әуезов шәкірт-досы, інісі-тынысы ретінде жоғары бағалаған, шәкәрімтануды негіздеген әдебиетші-зерттеуші ғалым, тарихшы, жазушы, ақын, драматург, аудармашы Қайым (Ғабдулқайым) МҰХАМЕДХАНОВ ағамыздың фәниге келгеніне алдымыздағы – 2016-жылғы – қаңтар айының 5-і күні 100 жыл толады! Шын мәніндегі бұл тарихи датаны газеттерің жақсылап атап өтсе екен! Сендерге «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет орталығы», оның басшысы профессор Дина Қайымқызы Мұхамедхан көмек көрсете алады, телефоны: 264-30-53.

Баршаңа әрқашан тек жақсылық тілеуші Қабышұлы Ғаббас атты шал ағаларың ғой.

10. 12. 2015 ж.

Посольство Соединенных Штатов Америки в Казахстане

Уважаемые Господа!

С Вашего позволения я обращаюсь к Вам с просьбой нижеследующего содержания.

Наш писатель Ануар Алимжанов писал:

«...Создавая фонд «Невада» мы должны решать свои, а не чужие проблемы. Не нужно забывать уже сделанное до нас с вами.

Хотелось бы немного рассказать об этой Неваде. Декабрь 1988 года я провел в Америке. А американский сенатор Мюллен Берлих в июне 1989 года посетил Алматы в сопровождении советника президента США по советско-американским отношениям.

По просьбе сенатора мы встретились, и наш разговор затянулся на три часа.

Посол США в СССР Джек Метлак тоже был в Алматы. Когда 1-секретарь ЦК КП Казахстана т. Колбин Г. В. три раза упомянул о том, что мы инициировали наше движение, посол никак не отреагировал. И позже, на встрече в редакции «Казахстанской правды», на очередное сообщение об этом движении он ответил лишь сухим: «Я в курсе».

Сенатор, в свою очередь, пошутил в разговоре со мной – «Как вы думаете, если некая страна использует частное имя части другой страны – должны ли они платить за это?». Это было ответом на мой вопрос о наших планах основать фонд «Невада»...».

Дело в том, что я работаю с архивом незабвенного А. Алимжанова, пишу книгу о его международной деятельности, и мне очень необходимо получить более полное сведение о его беседах выше упомянутыми господами Мюллен Берлах и Джек Метлак (если они живы-здоровы, дай Бог им здоровья!). Может быть господа сенатор и посол писали статьи или воспоминания о своих тех пребываниях в Алма-Ате, о встречах с Г. Колбиным, о беседе в редакции республиканской газеты «Казахстанская правда»?

Как, когда и по чьей инициативе появилось движение и название фонда «Невада-Семипалатинск»?

Вот об этих событиях мне нужна Ваше содействие, на что я очень надеюсь, и в чем я нисколько не сомневаюсь.

С добрыми пожеланиями Габбас Кабышулы, журналист, писатель.

03. 11. 2012 г.

(Елшіліктің электронды поштасына үй әдрісімді, телефонымды жазып жолдаған бұл хатыма жауап келмеді. Содан кейін: 2013 жылы маусымның 10-ы күні мен қыркүйектің 4-күні тағыда хат жібердім. Хабар-ошар болмады. «О, Америка!» деп тындым.)

ПОЗВОЛЬТЕ ПОДСКАЗАТЬ

Да, уважаемый Главный редактор, господин Бигельды Габдуллин, позвольте мне не согласиться со следующими:

1. Первое предложение статьи «Нацпата понесло...» (Женис Байхожа. №18(594). 16-12 мая 2016 г.): «Казахские националисты не перестают совершать открытия», как заголовок самой статьи, напомнило мне зловещую фразу «махровый казахский национализм» из известного постановления ЦК КПСС по поводу декабрьских событий 1986 года в Алматы. Как я думаю, любого факта, будь он положительный или отрицательный, ни в коем случае нельзя обобщать. Автор данной вещи, если ему сильно захотелось задеть национальных патриотов, мог бы писать: «Некоторые казахи-националисты». А то его «сильные слова» будет сильно действовать не на «некоторого русского-шовиниста».

2. В статье «Флаг над Рейхстагом» (подготовила Галия Шимырбаева) написано: «... После этих слов Кармен как бы опомнился: «Только ты никому про это не говори. Понимаешь, нам поступило распоряжение из Москвы: знамя Победы над рейхстагом должны водрузить представители Грузии и России». Не интересно, а смешно. Во-первых, Москва, то есть, И.Сталин, не мог допустить такую глупость. Во-вторых, любое распоряжение военного характера в то время поступило командующим фронтами, в данном случае – командующему 1-Белорусским фронтом маршалу Г.Жукову, а он не мог то «распоряжение Москвы» передать командиру дивизии, штурмующей рейхстаг, не только что кинорежиссеру Роману Кармену, который начинал свою съемку не 30 апреля, а 2 мая.

По поводу водружения флага над рейхстагом истина сказана начальником отдела связи дивизии Зекеном Термиргалиевым (историк профессор Т. Көлбаев, газета «Түркістан», 2007 г.) следующим образом: «Командир дивизии генерал Шатилов по телефону стал доложить командующему фронтом маршалу Жукову о героизме Кошкарбаева и Булатова, а Жуков холодно оборвал его радостную весть со словами: «Какие еще азиаты?! Чтоб были русский и грузин!». Если бы было указание Москвы, то есть Сталина, на счет

«представителей Грузии и России», начальник связи спокойно мог бы сказать и о том. Мне кажется, что Жуков дал команду Шатилову по своему дальнему расчету.

(06.04.2016 г.)

Қазақстанның Бас прокуроры
Ж. Қ. АСАНОВ мырзаға

Құрметті Жақып Қажманұлы!

Сізге бұл хатты жазбасыма болмады. Өңгімем дінге қатысты.

Дін жүйесіне, қай елде болсын, өкіметтің әмірі жүрмейтіні белгілі, алайда билік оған ықпал етіп отырудың жолын табуға тиіс. Өйтпейінше қоғам рухани тұрақтылыққа жетісе алмайды. Мұны, әлбетте, өзіңіз де жақсы білесіз. Ал мен өзімнің көріп білгенімді ғана қосайын.

1.Былтыр Павлодар қаласының іргесіндегі бір ауылға, немерелес қарындасымның қазасына бардым. Қауға сақал молда жігіт марқұмның жаназасын шығарды, бірақ жерлеуге бармады. Түсінбедім. Жетісінде де сол молда болды. Кісі сиреген кезде молдаға ертең үйге қайтатынымды айтып: «Қарындасымның қабірі басына барып келейік, бір аят құран оқыңыз», дедім. Ол: «Зиратта құран оқуға болмайды» деді. «Ол қалай? Мұсылмандықтың жолы ғой?» деп едім, ол ислам дінінде көп қателік бары туралы сөйлеп кетті. 80 жасқа келгенімше естімеген «шариғат қателіктері» туралы сандырағын 3 минөт шамасы шыдап тыңдадым да: «Молдеке, тоқтаңыз, маған мұндай лекцияның қажеті жоқ» дедім. Ол маған одырая бір қарап, атқып тұрып, шығып кетті. Үйде 4-5 кісі отырғанбыз. Мен күйеубаламызға қарап: «Ау, әлгі қайдан келген молда? Тіпті мұсылман сияқты емес қой?» дедім. Сонда жалпы естігенім: көрші ауылдарда да жаңағыдай қауға сақал, жүріс-тұрысы о жар, үлкен-кішінің сөзіне құлақ қоймайтын молда жігіттер бар екен. «Түркияда оқып келген». Құран оқулары ақылы. Тіпті біреуі марқұмның қырқына, жылына қандай мал сою керектігіне нұсқау береді. «Қарындасыңызбен қызметтес болып едім» деген әйел: «Аға-еке, қалада ма, одан арыда ма білмеймін, бұлардың үстінен қарайтын, «Әулие» дегендері бар. Менің күйеуім сол

әулиелерінің анау елге, мынау елге бару шығынына қосуым керек деп, жаңағы молдаға жылына екі рет ақша апарып береді. Былтыр күзде соғымға деп жинаған ақшаны беріп... қатты қиналып қалдық» деп кемсеңдеді. «Иә, біз де солай» десті басқалар. «Ойпырым-ау, ол сорақылықты біреуің орталыққа барып, имамға ма, мүфтиге ме неге айтпайсыңдар?» десем, «әулиеге қарсы сөз айту үлкен күнә болады ғой» дейді күйеубаламыз. «Е, одан да ерсісі бар. Көрші ауылда тұратын бір бәйбіше осыдан бір ай бұрын қайтыс болып, Астанадан келген қаратаяқ немересі марқұмды «дұрыс шарифат жолы» деп, жүресінен отырғызып жерлетті» деді, мөлшері 70-73 жастағы қария. О, сұмдық-ай!..

2. Қазақстанда шетелдік неше мың діни ұйым ресми тіркеулі екенінен хабардар шығарсыз. Солардың ешбірі қазақты иманға ұйытып жүрген жоқ дей аламын. Мысалы, 18-ғасырда Америкада пайда болып, қоғамды ірітуге кіріскені үшін елден қуылған «Свидетели Егови» деген діни ұйым бар. Талай елге тараған солар бүгінде қазақтарға да тажал болып тұр. Өзім жақсы қарым-қатнастағы, бірақ аты-жөндерін айтқым келмейтін 4 жазушының отбасы морально ауыр жағдайда. Бірінің ұлы, бірінің қызы дегендей, өз алдарына үй болған балалары «Свидетели Еговиның» торына түсіпті. Исламды мүлде жоққа шығаратын ол ұйым әсіресе жастарымызды мүшелікке тартып, кітап, т. б. силық беріп, апта сайын жиын өткізетін көрінеді. Өздерінің принциптерін насихаттайды, дәріспен қатар концерт қояды, неше түрлі тағамды толтыра дастарқан жасайды деседі. Ол қызметтері үшін, әрине, айлық жарна жинайды екен. Оларда кімнің болсын туған күнін, мерейтойын тойлау болмайды. Содан жаңағы жолдастарымның бірі мұсылман, бірі қарсы діндегі ұл мен келіндері, қызы мен күйеубалалары айырылысқан. Азғындық әрекетшіл «Свидетелидің» кесірінен Алматыда, Қазақстанда қанша қазақтың отбасы ойрандалғанын кім біледі? Аздырушылыққа заңды тиым салынбаса, әлі де қаншама ойран боларын ше?

Құрметті ЖАҚЫП ҚАЖМАНҰЛЫ, ойланыңызшы, қатты ойланыңызшы! Мен жазып отырған осы екі сұрқиялықты қалайда оларғасездірмей тексеру, қорытынды жасау керек. Ол қорытындыны

республикалық «Егемен Қазақстан» мен «Казахстанская правда» гәзеттерінің тәжірибелі, беделді журналистеріне әшкере мақала етіп жаздыртып, көпшілік пікірін жинақтап, заң жолымен қатаң шара қолданбай болмайды. «Свидетелиді» Қазақстаннан аластау қажет. Өйтпесеңіздер, «уахавит», «салафит», «джихат»... т. б. ағымдарға ілесіп кетіп, жай бұқара ғана емес, зиялылар жік-жік болып жүрген біздің қазақтың ертеңгі халі мүшкіл болады. Ақтөбеде, Алматыда болған сойқандыққа исламға қарсы ұйым-секталардың қатысы жоқ дей аламыз ба? Бүгінге дейін қанша қазақтың сондай сойқан дінге ауып кеткені белгілі ме?

Ойланыңыз, Жақып мырза!

20. 07. 2016 ж.

Автордан: Бас прокуратураның департамент бастығы М.Сексембаев бұл хатымды Мәдениет және спорт министрлігінің Дін істері комитетіне жолдағандарын, комитеттің іс нәтижесін заңмен белгіленген мерзімде маған хабарлауға тиістігін айта жауап қайтарыпты. 28. 07. 2016 ж. Алып оқысымен қайыра хат жолдап: «Комитеттің дәнеңе істемейтіні, маған жаттанды бірдеңелерін жаза салатыны сөзсіз. Оның жауабын Сізге жіберемін, көрерсіздер. Прокуратураның тікелей өзі тексеру жасамаса, жылы жаба салайық» дедім. Өй немкеттілік-ай!..

02. 08. 2016 ж.

Алматы қаласының Әкімі Б. БАЙБЕК мырзаға

Құрметті БАУЫРЖАН!

Мемлекет қайраткері ретінде де, жай адам ретінде де әрқашан абыройлы бола беруіңізге тілектестігімді тағы білдіре отырып жазған бұл хатым, сірә, соңғым болар. Себебі: өзіңізге жеке жазған 3 хатымнан (былтырғы 28-қазанда, 30-қарашада, биылғы 29-мамырда) және «Айқын» гәзеті арқылы жолдаған (гәзет қиындысы қосулы) хаттарымнан шығуға тиіс оң нәтиже шықпады. Солардан екі деректі қысқаша келтірейін:

Біріншісі. Ә. Мұқаев отбасы туралы. Олар сатып алған үйді заңдастыруға Электросеть: «под красной линией» деп қарсы болған. Сол жағдайы жайында аудандық, қалалық әкімдіктерге

хат жазылады, олардың өкілдері барады да: «линия биікте екен, тұруға болады» деп қайтады. Яғни Электросеть мамандары дәнеңе білмейді, ал әкімдіктердің кішкене шенеуніктері «бәрін біледі!». Отағасы қайтыс болды, ал соңында қалған қызы, ұлы, бір немересі жүрек ауруына шалдығып, «красная линия» астында «аман-есен» жүр.

Екінші. Қазақты қынадай қырған Мирзоян жауыздың атын Алматы ардақтап-ақ келеді. 110 мың «халық жауын» тұтқындатып, 25 мыңын аттырған «тарихи еңбегі» естен шығарылмай, табанын жалаған жағымпаздары қойған «Мырзажан» көшесі менмұндалап тұр. Мен оның екіжүзді зұлымдығы туралы алғаш 2009-жылы «Алматыда Л. Мирзоян көшесі бар» деп мақала жазғанымда қарт журналшылардың үшеуі: «Алматыда подпольный миллионер екі армян бар, олар өзгерттірмейді!» деген еді. Солай да шығар.

Сонымен, Бауыржан мырза, 3 хатымнан да жайына қалғаны - жылдар бойы жымдаса қалыптасқан тонмойындық-бюрократтық ортаның жібімегені деп білем. Оны бұзу, адами түсінікпен жұмыс істету үшін Сізге әлі қанша уақыт, қандай күш қажетін мен білмеймін. Бұл орта өзін қала халқына қызмет етуші деп сезінбейді, «хат иесінің кезкелгеніне жаттанды жауап бере салуға еріктіміз» деп ойлайды. Кісіжанды роботқа айналған мұндай орта қала тіршілігінің басқа да салаларында бары сөзсіз. Ал кері тартқанды бері тарту – қайда да, қашан да қиын шаруа!

07.07.2016 ж.

(Бұл хатыма да жауап келмеді. Алайда, «Вечерний Алматы» гәзетінің 26-тамыздағы санында көшеден Мирзоян аты өшіріліп, академик Ш.Шокин аты қойылғаны туралы хабар шықты. Дұрыс болды! Айтқаным ақыры жеттім: Астана мен Алматы көшесінен жауыздың аты жойылды!)



«МЫСЫҚТА САҚАЛ НЕГЕ ЖОҚ?»

«Сүзеген сөз» жуырда алпыстан асқан Ғаббас Қабышұлының үйіне барып, «өсектесіп» қайтқан еді. Соны назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– Ағасы, жасыңыз алпыстан асып бара жатыр, иә, сонымен, «Халқыңыз қалай?»

– Жасым үшін жауап берер жайым жоқ, келсе – ол келе берсін, ал өзі елу тоғызда екі-үш жыл ат шалдыра тұруды ұйғарғанмын и тұрамын да, тырп етпеймін! Базар нарқымыздың түп-түзу даңғылға түскенін, жекеменшікке ұшақтың түр-түрі шығарылып, кешегі бұзау бағасымен сатыла бастағанын тосамын! Әйтпесе, ауылыма – Өскеменге мемлекеттің ұшағымен барып-қайту, мені қойшы, мемлекеттің өзіне ұяттау болатын сынайы бар. Мені ары апарып, бері әкелгені үшін менен, теріс қарап отырып, жеті мың теңгені санап алуға «мәжбүр» болады екен. Теріс қарамай қайтсін, екі белетінің құны менің екі айғы маңдай тер, табан ақым екенін іші сезеді ол қудың! Егер «Жазушы» баспасында аяқ-қолы буылып, тіл-ауыздан айрылып жатқанына бес жыл болған «Жетім жиналыс» деген жоғалып кетпегір қолжазбам кітәпқа айнала қалса, уәй, дүние-ай, Өскеменге пенжағымды – ұшақпен, шалбарымды – пойызбен, бәтіңкемді – кемемен жөнелтіп, өзім – «Гойота» такси жалдап тартар едім! Менің де, сенің де, оның да... хал-ахуалымыз осылай ғой!

– Адамға өзі туралы мақтап та, даттап та айту қиын, дегенмен, өзіңізге «Мінездеме» бере отырсаңыз?

– «Дегенмен...» Дәнеңе қиындығы жоқ. Мысалы, мен үшін. Бірақ мынадайы бар. «Қазақ әдебиетінде тұңғыш эзіл-сықақ

әңгімені жазған – мына менмін!» дейін десем, Қазақстан Жазушылар одағына сиқымнан айналайын мен шырылдап дүниеге келген жылы-ақ мүше болған сатирик қазақтар бар екен! «Қазақ әдебиетінде тұңғыш жинақ шығарған – мына менмін!» дейін десем, анау аға сұлтан Құнанбайдың Абайының жинағы шыққан жылы менің әкем де әлі тумапты! «Қазақ әдебиетінің қазіргі классигі – мына менмін!» дейін десем, «Мен – классикпін!» деп азу тісі ұртын тесіп, төңірегін түкірігімен түйгіштеп, аспан мен асфальт көше арасын көзімен айғыздап жүргендер жыртылып айырылады! Амал не, ештеңенің тұңғышы бола алмайтынымды алжаспай тұрғанымда түсіндім де, «...ден сау болса – болғаны!» деп тынышталдым. Күнделікті шаруамды білем, ептеп жазғанды білем, балашағамның, бүкіл Қазақстан жұртшылығының аман-есен болуын тіледуді білем. Басқа ешқандай мінезім жоқ.

– *Сізше алтысқа...*

– Тоқтай қал! «Сіздің жасыңызша жасы алтысқа» де!

– *Иә, иә, сіздің жасыңызша жасы алтысқа толған сатириктердің бірі... «Бұл әлгі кім зой...», өзіміздің Үмбетбай ағай зой, Сол құрдасыңыз туралы не айтар едіңіз?*

– Ә, Үмбекең бе?.. Кәне, саусағыңды бүге бер: біріншіден, Уәйдекеннің ұлы Үмбекең – асып-сасудан, төгіліп-тасудан бейхабар кісі. Жер жарықтық Күнді айналмай ақымактанып тұрып алсыншы – Үмбекең алтын тістерін ашып: «е, ертеңге дейін бір айналар» деп отыра береді. Екіншіден, Үмбекең – ұл боп туған қыз. Өзіміз әлдекімге, әлденеге ашуланғанда қазақ, орыс тілдеріндегі тікенек сөздерді тізіп тауыспай тоқтамаймыз, ал Үмбекеңді бір күн, бір түн түрткілеп ұйықтатпай қойшы, бетіңе бей-жай қарап: «өй, имансыз» деп есінеп алады да, «Мәриәм, сен қайда жатырсың?» деп бөлмелерін аралап кете барады. Үшіншіден, Үмекең – шаруақор жігіт. Жазушылар одағы берген саяжайлық учаскесі – альпинистің альпинісі, чемпионы шығатын қия бет. Онда күректі кіндік тұсыңнан жоғары ұстап тұра алудың өзі – қиямет! Ал Үмбекең жылда мамырда сол жерін жайнатып қояды, екпейтін, шығармайтын пәлесі жоқ. Ол ол ма, төбесінен жаңбыр өтсе де күн өтпейтін күркесі бар, маңайлай қалғанымызды шақырып, төріне шығарып, ыстық шәйімен бусан-

дырып жібереді. Төртіншіден, Үмбекең – ғажап әке, ғажап жар, ғажап ата, ғажап ұстаз... жә, жә, өзім ғана білетіндей өңмендемейін. Үмбекеңнің әзіл әңгіме-өлеңдеріндей жұп-жұмсақ, мап- майда, әп-әдемі, сұп-сұлу келіншегі («кемпірі» деп түзете көрмендер, әлі ерте болып жүрер) Мәриәмнің де пікірін білгейсіндер. Мәкең, күндізгісін есептемегенде, түні бойы жанында ғой, мен көріп-білмеген қыры мен сырына қанық – ағынан жарылып айтсын. Күйеуінің алпысында айтпағанды, уәй, шалының жетпісінде айта ма?!.

– *Жөн, жөн, ағасы, сөзіңіздің жаны бар. Енді... базар нарқы бақыртып қыса бастады, «Күлеміз бе, қайтеміз...»*

– Бақыру да – күлкінің бір түрі, так что шошитын, шошытатын түк те жоқ. Бақыруға мұршамыз келмей кетсек, қайтар едік?!

– *Ағасы, Ғабеке, «Тарихта қалғыңыз келе ме?»*

– Жасың зейнеткерлікке жеткен соң, қызмет істеп жүрген ұжымың штатта қалдырмаса, тарихта қалғаннан басқа амал бар ма?

– *Шыныңызды айтыңызшы, осы «Мысықта сақал неге жоқ?»*

– Жақында анау әлгі академиямызда философия ғылымдарының бір кандидаты «Қазақтың ақ бас сиырының артқы сол жақ емшегінің ұзындығы голландиялық қоңыр ала сиырдың оң жақ бақайының оң жақтағы бөлігінің ұзындығымен бірдей екендігін Пржевальский мен Колумбтың тарихи тәсілдері арқылы бұлжытпай дәлелдеудің бірден-бір беймәлім теориялық жолдарының айшықты нышандары» деген тақырыпта ғылым докторы атағын алуға диссертация қорғапты...

– *Қорғай алып па?*

– Қорғанбай қорғасаң – бітіп жатыр деседі. Тек артында банкет болатынын өзінді сүйрейтін академиктерге алдында айтып қою керек көрінеді.

– *Ал «Мысықта...»*

– Хайуанаттар паркіне барып, әлгі жолбарыс деген итің жұлынып отырған тордың есігін ашып қалсаң, привет! – мысекеңнің сақалдан неге жұрдай болғанын сол секөндта түсінесің!

Әбдірайым АЙТБАЙҰЛЫ.

«Жас алаш» гәзеті,

15.06.1996 жс.

ПУТЬ САТИРИКА – СКВОЗЬ СМЕХ И СЛЕЗЫ

Мне давно очень хотелось о многом переговорить с председателем Главной редколлегии по художественному переводу и литературным взаимосвязям Союза писателей Казахстана Габбасом Кабышевым. Но то дело секретарские у него, то повседневная журналистская текучка у меня... Наконец встретились, и вот первый вопрос.

– Читателю всегда интересно узнать, как все начиналось, как писатель стал писателем?

– Начало было, как у многих, стихотворное. Но поэтическая горячка продолжалась недолго, вскоре я перестал изъясняться рифмованным образом, перешел на прозу, которой остаюсь верен и по сей день.

– Но до всего этого, до стихов, до прозы, было детство, то самое, о котором Толстой сказал: «Счастливая, невозвратимая пора детства...» Кстати, когда мы еще подступали к разговору, вы вспомнили о бабушке... И мне кажется, что вы были ее любимчиком.

– Да, угадано верно. Я самый младший и, действительно, любимый бабушкин внук. Она знала наизусть эпос «Алпамыс», «Кобланды» и другие поэмы, в прекрасной природе Горного Алтая все эти эпические сказания воспринимались очень остро и запоминались на всю жизнь.

– А родители: мать, отец?

– Папе сильно хотелось, чтобы я стал музыкантом, чтобы играл на домбре, участвовал в песенных состязаниях. Он и уговаривал меня, и грозил, и музыкантов приглашал – чтобы научили меня. Все напрасно, не вышло из меня ни бомбриста, ни айтыскера.

– Получился сатирик и юморист... Как же вы выбрались на эту неблагодарную стезю? Лавров здесь особенных не снискать, одни синяки и шишки...

– Вот с синяков и шишек все-то и началось еще в Усть-Каменогорске. После школы пригласили меня на работу в газету «Коммунизм туы», теперь она называется «Дидар». Однажды то-

варищ позвал на праздник шильдехана, я там пробыл недолго, вернулся в редакцию – печатался очередной эпохальный доклад Хрущева, а наутро встретил приятелей с припухшими глазами и разукрашенными физиономиями. Оказалось, разгорелся спор, каким именем назвать мальчика. Когда не хватило словесных аргументов, родственник хозяина дома – известный спортсмен – перешел к кулачным доводам. По предложению редактора я сочинил фельетон, герою он не понравился, а мне это ремесло пришлось по душе.

–Тридцать лет, как вы переехали в столицу...

–Пригласили меня, тогда еще студента-заочника факультета журналистики, в «Казак адабиети». За десять лет я и в секретариате поработал, заведовал отделом критики, литературы. Потом возглавлял Литфонд, где еще ближе познакомился со многими писателями. Пять лет работал в журнале «Ара» – «Шмель». Как редактор, не всем я был по вкусу: не то пишешь, не того критикуешь... И я возвратился в Союз писателей, где и работал до недавнего времени, до последнего съезда.

– Но тепер-то вы – свободный человек. Как говорится, «вот вам хомут и дуга, а я вам больше не слуга...»

– Что-то в этом роде, если не считать того, что я по-прежнему возглавляю главную коллегия по художественному переводу.

– Однако, если судить по тоненькой книжечке переводов Абая, работы-то в коллегии немного.

– Работы-то много, и к печати подготовлено немало, да где взять средства? Скажем, нашей основной задачей было – переводить с казахского без всяких подстрочников. К юбилею Абая его произведения вышли на китайском, на русском, монгольском, французском, а остальные переводы так и остались в рукописи. А сколько замыслов так и не реализовано до сих пор! Но все же скажем: удалось издать русский перевод – впервые! – романа Жюль Верна «Курьер царя».

–Переводы переводами, но как обстоит дело с собственным творчеством? За тридцать лет вышли пять ваших сборников на казахском языке, один – на русском, однако новых ваших книг давным-давно не видно ни в магазинах, ни в библиотеках.

– Шесть лет назад позвонил мне директор издательства «Жазушы», сказал, что сатира нужна позарез. Отнес я рукопись в издательство, там она и по сей день «все в той же позиции...».

– *Вы не только сочиняли, но еще и сами переводили...*

– Не так много, как хотелось бы, но все же... Два тома сатирической прозы турецкого классика Азиза Несина, включая роман «Король футбола», сборник молдаванина Аурелиу Бусуйока (повесть «Мой парижский дядя»), блистательные новеллы Остапа Вишни (вдова классика, узнав о моих переводах, написала мне замечательное письмо; мы переписывались).

– *Но и русская проза вас заинтересовала.*

– Переводил я юморески Леонида Ленча, но больше всего нравятся мне мои переводы из Чехова, в творчество которого я влюблен. К сожалению, не осуществилось то, что было моей мечтой, – перевести шесть-семь томов чеховской прозы...

– *Что сейчас на вашем письменном столе?*

– Юмористический роман «Безбожное сватство». Роман о прошлом, которое, к нашему несчастью, зловеще прорастает в настоящем. К роману я приступал в давние годы, однако остановился... Теперь вот надеюсь закончить. Мне давно хотелось обратиться к крупноформатному произведению; и среди своих прежних книг я больше всего люблю тот самый сборник «Как дела?», в котором напечатана повесть «Путники». В ней и лирическая струя имеется, и иронический взгляд на вещи...

– *Каждого профессионала вообще, а в наши дни так в особенности, что-то да заботит, тревожит. Писателя, наверно, судьбы современной литературы, состояние родного языка... Свое собственное место в нынешней интеллектуальной сумятице, когда в читательском обиходе оказались вещи, написанные раньше, но вмешавшиеся в нынешнюю действительность.*

– По натуре я человек спокойный, к славе и прочим подобным вещам равнодушный. Есть у меня круг друзей, с которыми я с удовольствием встречаюсь, и какие только темы мы не затрагиваем!.. Однако же есть вещи, которые не дают мне покоя. Литературы старшего поколения рассказывали, что безвинно лишенные жизни

Сейфуллин, Майлин, Жансугуров писали стихи, поэмы, рассказы, романы, что имелись сундуки рукописей... Где это все? И в какой темнице пребывает до сих пор? Сам я по крупице собирал стихотворное наследие великого Магжана, подготовил к изданию два тома... Впоследствии, когда стихи М.Жумабаева начали выходить, обо мне и не вспомнили. Моего имени вы нигде не найдете. И к этому я отношусь спокойно, а вот к тому, что где-то томится наследие наших классиков, относиться равнодушно не могу.

–И это не единственная наша забота...

–Теперь – о судьбах казахского языка. Не раз писал я, не раз выступал в последние годы вот с какой глубокой болью. Не могу быть беспристрастным свидетелем отношения казахов к родному языку. Казахские школьники на переменках говорят по-русски! Старенькие бабушки встречают своих внуков и внучат у порога детского сада, коверкая русскую речь, все-таки говорят не на родном языке. Я говорю: «Что же вы делаете? Так же нельзя». Отвечают: «Ничего не поделаешь, дорогой, как все, так и мы!..». Воля к возрождению языка должна исходить из сердца, иначе обречен наш язык хиреть и чахнуть.

–А писательская молодежь, у которой были великие предшественники как в нашем столетии, так и в прежние времена, они то не зря, надеюсь, берутся за перо?

– Вообще-то язык нашей литературной молодежи не очень-то радует. Вместо природного казахского выражения «некуда иголку воткнуть», в современной прозе можно встретить буквальную кальку с русского «яблоку негде упасть». И все-таки чувствуется, как начинающие поэты и прозаики потянулись к истокам, возвращают в обиход старинные речения, исконные метафорические обороты.

– Приятно слышать в монологах сатирика и ноту надежды, ноту живого и ясного предчувствия. А то, казалось, только и осталось, что бесповоротность, необратимость.

– Почему же? Читая русскую и казахскую классику, в частности великолепные переводы на казахский язык Данте, Гете, Бернса, я не сомневаюсь, в просветах нелегкой реальности вновь, как это не

раз происходило в истории, сверкнет чудо художественного совершенства. И мы прочтем светлую, душевно чистую прозу, прочтем прекрасные стихи, о нашей жизни, о нас самих. Сила искусства в том, что оно сильнее любых обстоятельств и человека делает сильнее, возвращает ему мужество и веру.

Эдуард ДЖИЛКИБАЕВ.

«Казахстанская правда», №248 (22204),

12 ноября, 1996 года.

ЖАЛПАҚШЕШЕЙЛІК ХАЛЫҚ ПЕН БИЛІКТІ АЖЫРАТА БАСТАДЫ

немесе қазақ өз елінде жәбір көруде

– *Фаббас аға, қазір жазушылардың қоғамдағы рөлі қандай?*

– Қаламгер – зиялы қауым өкілі. Қоғамда қандай да онды не теріс өзгеріс болсын, ол пікір айтып отыруға тиіс. Қазір олардың белсенділігі төмендеу. Тәуелсіздік алдық қой дей ме, әйтеуір, етек-бастарын жинаудың орнына, босаңсып кетті. Анда-санда ғана алыстағы қырдың астынан шыққандай, біреудің жұлмалауымен еріксіз айтқандай, жұқалап жеткізген пікірлерін естиміз. Қандай мақсатты көздегендері маған түсініксіз. Олардың көпшілігі тек өз қамын ойлап, тыныш жүруді көздеуде. Қоғамдағы дұрыстықты ғана айтып, жегі құртын айтпаулары – олардың басты қателігі.

– *Ұлттық мәдениетіміздің деңгейін қалай бағалайсыз?*

– Ұлттық мәдениетіміз деп мақтана айта алатын біраз дүниелеріміз кеңестік дәуірдің қоржынында қалып қойды. Халықты қызықтырған, одақтас республика жұртшылығын бір-бірімен қауыштырған мерейлі әдеби, мәдени кездесулер азайып бітті. Біз де жеке қалдық. Соны сезініп, ұлттық мәдени мұрамызды жаңғыртуға кірістік қой, алайда ол шаруамыз жүйеленбей жатыр, жан-жақты ойластырылған ортақ бағдарлама әлі жоқ, жеке әрекет қана бар. Әдебиет, өнер, ғылым, білім қайраткерлері жиі-жиі бас қосып, ұлттық мәдениетіміз жайында пікір алысып отыруымыз керек. Ал бізде осыны көздеу, ынтымақтасу жеткіліксіз, жиын-тойда болмаса, басымыз қосыла бермейді. Ұлттық мәдениетіміз бүгінгі заман, қоғам талабына сай деу, меніңше, қиын.

– Зиялы қауымның мүдде бірлігі көбіне-көп қабыспай жататынын қалай түсінуге болады? Әсіресе, кешегі Елбасымен кездесуден кейін зиялылар турасында кейбір кереғар пікірлер пайда болды. Тіпті бүгінде зиялылардың бір-біріне деген өкпе-назы ғана емес, ашу-ызасын да жиі еститін болдық.

– Мен ол кездесуге шақырылмадым. Баспасөзден оқыдым, кездесу «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» күйде өтіпті. «Елімізде шетел инвесторлары күшейіп барады, олар қол астындағы қазақ жұмысшыларына жалақыны аз береді» депті біреулер. Онысы жаңалық емес, оған дейін талай рет жазылды, айтылды. Кездесуде зиялылар тың, күрделі мәселелерді көтеруге тиіс еді. Олай болмады. Биліктің араласуымен, әкімшіліктің ат ойнақтатуымен өтіп жатқан әділетсіз сайлау туралы біреуі тіс жармады. Жазықсыздан жеті жылға сотталған Ғалымжан Жақиянов туралы да ешқайсысы жақ ашпады... Біз ұсақталып барамыз. Ел президентімен болған бұл жолғы кездесуде де көңілжықпастық әдетіміз жеңіпті. Әрине, өкінішті!

– Сіз мұны қазір айтып отырсыз. Егер кездесуде болғаныңызда, дәл осылай айтатын ба едіңіз?

– Сөз жоқ, айтар едім. Мен, мысалы, өткен жолғы сайлаудың да әділетсіз болғанын, өзім дауыс берген учаскеде қандай бұрмалаушылық болғанын көргенімді тәуелсіз гәзеттерге жаздым. Басқа да сорақылықтарды, Ғ.Жақияновтың жазықсыз бас бостандығынан айырылып отырғанын да айтар едім. Ол облыстық денсаулық сақтау бөлімінің ойпат жерде тұратын қоймасын құрғақ жерге көшірген. Сол жұмысқа облыс бюджетінің басқа бір бабынан екі миллион теңге жұмсаған. Оның сондағы бар жазығы – үкіметтің ақшасын оң қалтасынан алып, сол қалтасына уақытша салғаны. Соған бола соттауға болады ма? Тергеу құжаттарында, сот үкімінде облыс әкімі өзінің бас пайдасына бола әйтті, бұйтті дегендей бір ауыз сөз жоқ, яғни Ғ.Жақиянов – саяси тұтқын. «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысын құрысқаны үшін жоқ сылтаумен сотталды. Президентке сол әділетсіздікті бүкпесіз айтар едім!

– Елбасының атына басылымдар арқылы ашық хат жазбайсыз ба?

– Кезінде талай рет жазғанмын. Тәуелсіз басылымдар: «Солдат», «Дат», «XXI ғасырда» жарияланды. Осыдан үш жыл бұрын президентке жазған, ел мүддесін көтерген мақалаларымды жинақтап, «Арыңның сөзін айта біл» деген кітап шығардым. Ал президенттің жеке өзіне пошта арқылы жолдаған сегізінші хатымда былай дедім: «Сіз менің хаттарымның бірде-біріне жауап бермедіңіз. Бұл жазғаным – соңғы хатым. Бір данасын тәуелсіз газетке бердім» дедім. Мен президентке жолдаған хаттарымда өнеркәсібіміздің тоқырап тұрғаны, ауылдың әлеуметтік тұрмысының ауырлағаны, мәдени өміріміздегі, ғылым-білімдегі олқылықтар, заң орындарының жауапсыздығы, Әкежан Қажыгелдиннің жазықсыз қудаланғаны туралы ашық жаздым.

– *Бәлкім, жолдағы ұзынқолдар ол кісінің қолына жеткізбеген шығар?*

– Жоқ, олай емес. «Елбасы сіздің хатыңызбен танысты» деген жауаптар алатынмын. Ал соңғы хатыма президент әкімшілігіндегі С.Қалмырзаевтан жауап келді. «Елбасы хатыңызды оқыды. Сізге рахмет айтып жатыр» деген.

– *Демек, бұл – жасыңыз келсе де, саясатпен араласып жүргеніңіз ғой...*

– Сақа саясаткері Черчилль «Сен саясатпен айналыспасаң, ол сенімен айналысады» деген көрінеді. Біздің кейбір зиялылар айтады: «Саясатқа мүлдем жоқпыз. Ол құрығырыңнан қашық жүреміз. Бетін аулақ қылсын!» деп. Мен оларды түсінбеймін. Қоғамда өмір сүріп жүрсең, оның жақсылығы да, жамандығы да, жеңілдігі де, ауырлығы да саған қатысты болмай ма? «Сен тимесең, мен тимеймін» деген жаратылысында бұйығы адамдар болады. Оларды түсіну, әрине, қиын емес. Ал өз басым саясатқа ілініп-шалынып араласып, не бар емес, не жоқ емес болып жүретіндерді, немесе әуелде белсенді болып, одан соң безіп кетуді ұнатпаймын. Зиялылар ұйымшыл болмай, қоғам ілгері баспайды. Қоғамның дамуына ықпал ету – олардың парызы. Дамыған елдердің қаламгерлері қоғамдық пікірлер тудырып, оған бәрі үн қосып, мемлекеттің саясатына араласып отырады.

Адам пенде ғой. Пендешіліктен арылып шығу қиын. Мыса-

лы, біздің ақын-жазушылардың бірі мемлекеттік силық аламын деп армандайды, бірі президенттік стипендиядан, кейбіреуі орден-медальдан, жоғары атақтың дәмелі дегендей. Яғни: «Нұреке, сіздің жолыңыз – нұрлы жол» дегеннен арыға аса алмайды. Мен президентке хат жазсам, сынасам, оған қастық ойлағандығымнан емес, ақиқатты жеткізуге тиіспін деген оймен жазудамын. Ал бізде «жалпақшешейлік» басым. Бұрысын да дұрыс деп, алды-артына қаратпай мақтай беру бар.

– Билік бір бөлек, халық бір бөлек қалып барады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында былай еместұғын. Дамудың орнына кері кетіп бара жатқан жоқпыз ба, қалай?

– Мұның себебі – биліктің сыңаржақ жүйе жасап алып, содан табан аудармай жүргені деп ойлаймын. Халықтан ешбір президент, үкімет алшақ тұрмауға тиіс. Халықсыз олардың күні болмайды. Ал бізде сөз бостандығы, ой еркіндігі салыстырмалы түрде ғана бар. Шындықты жазған қаншама журналистер қуғындалып жатыр. Еркіндік болса, халықтың зары билікке жетер еді. Мәселен, президент демей-ақ, премьер-министрді алайықшы, ол бір облысқа іссапарға шықсыншы, әкімдер сызып қойған шеңбермен жүргізіп отырады. Өздері алдын-ала ретке келтіріп қойған жерлерді ғана көрсетеді. Көше бойлары тазаланып, шарбақтар сырланып қалады. Міне, біздің өміріміздегі көзбояушылықтың сиқы. Онда да саясат жатыр. Президент те, премьер-министр де, тіпті обләкімдер де өздері мұң-мұқтаждыққа тап қылған қарапайым жұмысшы-шаруаның үйіне бас сұқпайды, жағдайын білмейді. Иә, жалпақшешейлік, жағымпаздық халық пен биліктің арасын ажыратып барады.

– Сіздіңше, Қазақстанның идеологиясы қандай бағытта болуы керек?

– Бізде қазір ешқандай идеология жоқ. Менің түсінігімдегі идеология – барлық тіршіліктің адал да, әділ бағытта дамуын көздейтін үгіт-насихат, түсінік жұмыстары. Ондай іс жоқ елде тіршілік алқам-салқам болады. Мысалы, бізде кедейлер саны көбейіп барады. Халқымыздың 60-70 пайызы кедей. Идеология бар болса, дұрыс жолға қойылса, бай-кедей деген ортада ұра қазылған тіршілік бол-

майды. Идеология – елдің, халықтың мүдде-мақсатын көздейтін бағыт, бағдарлама. «Жауырды жаба тоқымдап», «бәрі жақсы» деп өзімізді-өзіміз алдаудың қажеті қанша?! Сөздің ашығы: ұлттық идеологиядан да, мемлекеттік идеологиядан да жүрдаймыз. Мен «Бар мен жоқ» деп атап, өз ұғымымда идеологияның не екені туралы мақала жазуды ойлаудамын, қалай боларын әзірше айта алмаймын.

– *Идеологияны қалай қалыптастырамыз?*

– Қалыптасуы, дамуы халық пен биліктің іс-әрекеттерінің бір арнада тоғысуында жатыр. Сонда ғана идеология пайда болады. Ал идеология кім үшін жасалады? Халық үшін. Халықсыз мемлекет жоқ қой. Біздің мемлекетте идеологияның жоқтығын әлгі мақаламда дәлелдеп беремін.

– *Ұлттық идеология ма, әлде мемлекеттік идеология басым болуы керек пе?*

– Мынадай қағида бар: «Мемлекеттің мемлекеттілігі – басшыларының мемлекеттік тілде сөйлеуі». Іс-қағаздардың бәрі мемлекеттік тілде жүруі керек. Ал бізде қалай болып тұр? Президент те, басқалары да Астанада шетелдік делегацияны қабылдасын, не өздері өзге мемлекетке барсын, тек орыс тілінде сөйлейді. Олар Ресейдің өкілі емес, Қазақстанның өкілі ғой? Оны айтамыз, бізде өкімет, үкімет, парламент – орыстілді. Тіпті ұят! Мемлекеттік тілі құрметтелмейтін елде ұлттық, мемлекеттік идеология болуы мүмкін емес!

– *Ұлттық мемлекетті құру туралы тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында айтылғанымен, қазір оның ауылы алыстап кетті...*

– Оның басты себебі – ұлттық идеологияның жоқтығы.

– *Жер асты байлықтарымызды шетел инвесторлары басып жатыр. Алғашқы кезде жасырғанымен, қазір халық бәрін біледі. Сол иен байлықтың үстінде отырған Маңғыстау, Атырау аймақтарындағы халықтың да жағдайы мәз емес. Тіпті мамандар мұнайдың түбі көрініп қалғанын айтады. Жер асты байлығымызды дұрыс игере алмағанымыздағы экономикалық ахуалымыз мынау, ал ертең таусылғанда ше? Сіз Қазақстанның болашағын қалай елестетесіз?*

– Президент Назарбаев: – Кувейт шетел инвесторларына жер асты байлықтарын 30-40 жыл басқартып, экономикасын түзеп алды. Біз де мұнайымызды өзіміз игеретін боламыз, екінші Кувейтке айналамыз! – деді. Ал министр Школьниктің айтуынша, бізде 30-40 жылдан соң мұнайдың қоры мүлде таусылады. Яғни президент пен министрдің пікірлері тоғыспай жатыр. Ал бәтуәсіздіктен берекесіздік туады. Шет елдерден келген алпауыттарының қоластындағы қазақ жұмысшыларының жалақысы шетелдіктерден 4-5 есе аз екен. Тіпті қытай компаниялары қоластындағы жұмысшыларға өздерінің еләнін айтқызатын көрінеді. Жұмысшыларының көпшілігі қазақтар болса да. Айтпаса, жұмыстан шығарып жібереді екен. Бұл – қарапайым еңбекші қазақтардың өз елінде жәбір көріп отырғаны емес пе?!.

Мұнайдан түскен қаржын әу бастан-ақ халыққа жұмсалса, әлеуметтік тұрмысымыз түзелер еді. Араб елдерінде мұнайдан түскен қаржыны жымқыру, бюджетті тонау мүлде жоқ екен. Олар жаңа туған сәбиіне де есеп шот ашып, мұнайдан түскен қаржыдан белгібір пайызын аударып отырады екен. Ал бізде бәрі керісінше.

Біз күні кеше малды, астықты өлке болдық. Өнеркәсібіміз Кенес Одағы бойынша екінші орында тұрды. Бүгінде бәрінен тек тамтық бар. Бүйтіп кете берсек, ертең мұнай қорымыз саркылса, қайда барып күнелтпекпіз?!

– Сайлау кезінде жершілдікке, рушылдыққа бөліну де кездеспей қалған жоқ. Қазақтың осы сүйексізді әдеті қаншалықты дұрыс не бұрыс?

– Бізде сайлаудың әділетсіз өтетіні жершілдіктен, рушылдықтан ғана емес, биліктің былықтыруынан. Рас, жершілдік болды. Кейбір әкімдер қолдан өз депутаттарын жасап алды. Ол ешқандай құпия емес. Билік демократиядан, иә, шошыды. Бізде сөз жүзінде демократия болмаса, іс жүзінде жоқ. Оның елесі ғана бар. Демократия болса, сайлау әділ өтпес пе еді?! Бұл сайлау бұрынғы сайлаулардан да бетер сорақылықпен өтті. Билік өзіне ыңғайы бар сайлауды өткізді. Мұндайды қазақ «құлақ кесті құл» дейді. Билікке айтқанына қарсы келмейтін, «уа, бәрекелді» деп қолпаштайтын депутаттар керек болды.

Қазақтың ғажап мақалы бар: «Жеті атасын білген ұл жеті жұрттың қамын жер, жеті атасын білмеген құлағы мен жағын жер» деген. Өзіңнің ата-бабаңды білу – тарихыңды білуің. Онсыз қазақ емессің. Бірақ, кімді болсын, «бұл – менің руласым, жерлесім» деп, қолынан дұрыс іс келмейтінді билікке жетелеу – әбестік. Бүгінде жершілдік ауруы асқынбаса, баяулаған жоқ. Ұл-қыздарын, күйеубалаларын, туыстарын билік орындарына, ақшалы жерлерге тықпалау бізде жазылмас сырқатқа айналды.

– *Жақында газетімізге сұхбат берген тарихшы Мәмбет Қойгелді «қазақстандық ұлт келешекте қалыптасуы мүмкін» дейді. Сіз бұған не дейсіз?*

– Америкаға еліктеудің қажеті жоқ. Онда 200-дей ұлт бар. Қазақ ұлтына «станды» жалғап, ондай «ұлт» жасау – қате ұғым. Оны көксеудің қажеті де жоқ. Ондай ұлт ешқашан болмайды. «Станды» жалғаумен мемлекет қана жасалады.

– *Саясаттан хабарыңыз мол. Партияға мүшесіз бе?*

– Коммунистік партияға отыз жыл мүше болдым. Ал қазір ешқандай партияға мүше емеспін. Шақырған партиялар болды. Жасым келді. Төрағаларына «Құрылтайларыңа шақырыңдар. Сөйлеу керекте сөйлермін» дедім. Оларға тек мүше болғаным керек те, содан кейін жиындарына шақырғанды қойды.

– *Сіздіңше, болашақта президент болуға кім лайықты?*

– Тәуелсіздік алған жылдары зиялылардың біразы президентке: «сізге тең келетін балама адам жоқ», дескен. Он бес миллион халқы бар мемлекеттен президент болуға бір ғана адам лайықты дегенге кім сенеді?! Шүкір, бізде президент болуға лайықтылар жеткілікті. Мысалы: Серікболсын Әбділдин, Ғалымжан Жақиянов, Әкежан Қажыгелдин, Заманбек Нұрқаділев, Алтынбек Сәрсенбайұлы және басқа да білікті азаматтар бар. «Нұрсұлтан Назарбаев болмаса, құрып кететін едік» деу – айналасына өзі жинап алған жағымпаздардың жалбақайлық, жағымпаздық сухит сөздері.

– *Қашанда ойыңызды еркін айтып жүресіз. Жоғарыдан ешқандай сөгіс болған жоқ па?*

– Сын мақалаларымнан кейін үйіме әлдекімдер 3-4 рет телефон шалып, қоқан-лоққы жасады. Айтаққа ерген байғұс екендері бірден

білінді. Оларға: «Шалақазақсың, ә?! Бұтып-шатып сөйлемей, кайдансың, кімсің, ашық айт!» деп жауап бердім. Білмеймін, әзірше тыныштық. «Бұл қырсық шалға дауа болмас» деген шығар. Шындықты айтқасын, кімге жағасың?! «Тура айтқан туғанына да жақпайды». Үкіметтің бізді тіркен қоятын қара тізімі бары сөзсіз. Бас жағында болмасам да, бел ортасында тұрған шығармын. Билікке ешқашан жалтақтамаймын да, жалпақтамаймын да.

– *Өзіңіз жаңа айтқандай, сый-сияпаттан, атақ-дәрежеден қағылып қаламын ба деп қорыққан зиялылар билікке қарсы келе алмады. Сіз марапат дегенді ойлап көрдіңіз бе?*

– О бастан мансапқор, шенқұмар адам емеспін. Сый-сияпатқа да құмар болмадым. Кеңес дәуірінде Жазушылар одағында қызмет істеп жүргенімде басшыларымыз, мысалы, Әнуарбек Әлімжанов, Қалдарбек Найманбаев, Қалаубек Тұрсынқұлов: «Мына орденге, мына сыйлыққа ұсынайық» дегендерінде: «Қызметімді пайдаланған сияқты болмайын, зейнеткерлікке шыққасын ұсыныңдар» деп қалжыңдап құтылып жүрдім. Маған керегі – әулетімнің, отбасымның, ел-жұртымыздың аман-есендігі. Алладан ерқашан тілейтінім – сол.

– *Иә, аға, ең үлкен силық есен-саушылық және елдің ықыласы ғой. Әңгімеңізге рахмет!*

– Сендердің ілтипаттарына рахмет!

Аягүл МӘНТАЕВА.

(«Жас қазақ», 25. 11. 2004 ж.)

«Б» ДЕСЕҢ БӘКЕҢЕ ТИЕДІ,

«Т» ДЕСЕҢ ТӘКЕҢЕ ТИЕДІ...»

«Жас алаш» журналшыларымен сұхбат

– *Сіз қоғамдағы көп мәселеге тынбай үн қосып тұрасыз, мақалаларыңыз баспасөз беттерінде жиі жарияланып жатады. Осы неден? Біраз жасқа келдіңіз, сіздің жасыңыздағы адамдардың көпшілігі «қойшы, құрысын» деп тып-тыныш жатыр. Сіз неге мазасызсыз?*

– Бұл адамның жаратылысынан шығар. Адамның не айтып, не қоюы – баяғы «балшығының қалай иленгенінен» дейді ғой. Әкем

жарықтық айтып отыратын: «Балам, қашанда ақиқатты серік ет, тіпті, аштан өлетіндей жағдай болса да, адал өл», – деп. Сол тәрбие шығар. Оның үстіне, қаршадайымнан газет-журнал, кітап оқып өстім. Ондағы жазылғанның қайсысы дұрыс, қайсысы шындық – соны қолдап, қуаттап, үн қосып жүрдім. Журналистикаға, әдебиетке келгелі осы жолды ұстанудамын. Кейбіреулер «саясатпен мүлде шаруам жоқ» дейді. Меніңше, саясат қазір жұтып жүрген ауа, ішіп жүрген суымыз секілді адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналып кетті, сондықтан, оған мән бермеу тіпті мүмкін емес. Саясат деген – халқыңның тұрмысы, еліңнің тіршілігі, отбасыңның жағдайы дейсің бе, бәріне қатысты, біртұтас дүние ғой. Көзді жұмып, құлақты бітеп алып, «менің онда, оның менде шаруасы жоқ» деу қисынға келе бермес. Кеңес заманының өзінде де қаламым қарап отырмаған жанмын, қазір де биліктің кейбір қадамдары, әдебиет, мәдениет мәселелері төңірегінде пікірлерімді жазып, бағамды беріп отыратыным бар...

– *Кейбіреулер «Ғабекеңді тек «Сөзден» көреміз, сонда ол кісіні басқа газеттер баспай ма?» дейді...*

– Менде «Сөз» газетіне ғана жазамын, басқа газетке жазбаймын» деген ой болған емес, болмайтын да шығар. Ашық айтқан пікірімді қай газет жариялайды – мен соған ұсынамын. Мысалы, өздеріңе, «Егемен Қазақстанға» талай мақаламды бергенмін, «Қазақ әдебиетіне» де, басқа басылымдарға да ұсынып жүрмін. Бірақ, көбінесе «Б» десең, Бәкеңе тиеді, «Т» десең, Тәкеңе тиеді» деген себептермен біраз дүнием, әсіресе, «Егеменнен», қайтып келіп жатады. Осындайда «пікірім ішімде өлмесін» дейміндағы, қай газет жариялайтын болса, соған алып барамын. «Азатқа» да, «Сөзге» де жазып тұрамын, кезінде «Солдатқа» да жазғанмын. Бірақ, біреуді беталды жамандап, билікті негізсіз жерден алып, жерге салып, әлдекімнің ар-намысына тиіп, ұрынарға қара таппай жүрген мен жоқ. Саясатта, билікте, әдебиетте көңіліме не ұнамады, не жақпады, нені жөн көрмедім – осының бәрін шамам келгенше айтып жүрмін, жазып жүрмін. Оның аржағында кейбір «ыңғайсыз жағдайлар» да болып жатады. Кейінгі үш-төрт жылда маған бірнеше рет қоңырау шалып, «неге тыныш жүрмейсің?» деп қоқан-лоққы жасағандар болды.

– *Олар кімдер сонда?*

– Кім екенін олар маған айтады деймісің? Осыдан бірнеше жыл бұрын «Қазақгейт» деген әңгіме шықты ғой. Сол кезде «Бұл не өзі: аңыз ба, ақиқат па? Қайдан шығып, қайдан басталған нәрсе бұл? Осыны ағын ақ, қарасын қара деп, халыққа түстеп-түсіндіріп беретін жан бола ма өзі, жоқ па?» деген сыңайда мақала жазғам? Оны әуелі өзіміздің үлкен газеттердің бірқатарына ұсындым, ешқайсысы баспады. Сосын «Солдатқа» апарып бердім, жарық көрді... Әлгі қоңырау шалған жігіт маған орысша сөйледі, бірақ, тілін тістеп тұрғанына қарап қазақ екенін білдім. «Сен тыныш жүр, әлі осы күніне зар боласың!» дейді. «Әй, сен тіліңді тістемей, қазақша сөйлесейші, қазақсың ғой, аты-жөнің кім?» деп ем, тұтқаны қойып қойды. Одан бері бұл жағдай екі-үш мәрте қайталанды. Әзірге тынышпыз. Солар сөйтеді екен деп, ауызымызды буып отыруға болмайды ғой. Ұстанған бағытым осы. Ертеңгі жас буын, жаңа ұрпақ: «Е, мынау шал да тілін тістеп, үндемей кете барған екен ғой» демесін, «бірене болмаса, біріне ой салар» деген үміт. Ол біреуге ұнар, біреуге ұнамас, біреу алғыс айтар, біреу қарғыс айтар, мәселе онда емес. Мәселе – шындықта...

– *Мұндай белсенділік үшін де қажыр-қайрат, денсаулық, жағдай керек қой... Сіздің осы мазасыздығыңыз материалдық тәуелсіздіктен емес пе? Әлде рухани қажеттілік пе?*

– Өздерің білесіндер, қазір газет-журналдың бәрі қаламақы төлемейді. Мен бұрын да қаламақы үшін жазбайтынмын. Баяғы бәріміз бір бағытта өріп, бір бағытта күйсеп жүрген кездің өзінде материалымды басылымдарға ұсынар кезде: «қаламақы үшін емес, тек пікірім жарық көрсін деген ниет» дейтінмін. Құдайға шүкір, әжептәуір жағдайым бар. Сондықтан, рухани қажеттілік деп түсініңдер.

– *Әлгі «қорқытып-үркіту» дегеннен шығады, соңғы жылдарда оппозициялық газеттерге көп атсалысқан мықты журналистің бірі Нури Мұфтах еді. Бәлкім, сатира саласында жүре бергені дұрыс болар ма еді, кім білсін, әйтеуір журналистиканы, онда да оның ең қиын саласын таңдады ғой. Сол кісінің өліміне байланысты әркім әртүрлі әңгіме айтады. Сіз не алып қоса аласыз? Қисынға келетін әңгіме айта аласыз ба?*

– Нуридін өзімен жиырма-жиырма бес жылдай қоян-қолтық араластым. Әңгімеміз жарасып, үнемі пікірлесіп жүретінбіз. Құрдаспыз. Ол кейде қалжындайтын: «Әй, шал, сен сол әңгіменді жаза берсеңші, фельетон жағын өзіме қалдыр», – деп... Енді, оның кім болғаны, не жазып, не қойғаны қалың оқырманға жақсы таныс қой. Шындық деп шырылдап жүретұғын, бір теріс іс көрсе, соны түзеп, орнына келтіргенше шыдамай, тыным таппайтұғын жан еді. Оның қайтыс болғаны туралы алыпқашпа әңгімелерді көп ести қойған жоқпын. «Тосыннан келген өлім, не болмаса, денсаулығынан кінәрат болды» деп те анық айта алмаймын. Әйтеуір, ол маған «басым ауырады, жүрегім ауырады немесе бауырым ауырады» деп ешқашан әңгіме айтқан емес. Өзі үнемі жол үстінде жүретін азамат еді ғой, пойызбен, ұшақпен талай іссапарға шықты. Соның бәріне жарап жүрген денсаулық Тараздан автобуспен келе жатқанда сыр беріп пе?.. Жанында кім болды, не болды, мен білмеймін. Маған Нуридін өлімінде бір жұмбақ бар сияқты болып тұрады. Қазір шындықты айтқанды шырылдатып қамап қою, не оны «белгісіз біреулердің» ұрып-соғып кетуі деген үйреншікті іске айналды. «Сондай бірденеге ұрынды ма екен?» деп ойлаймын кейде.

– Ол кісіге де қысым көрсетушілер, әлгі Сізге қоңырау шалғандар сияқты «өйттем-бүйтем» деп қоқан-лоққы жасаушылар болған жоқ па екен? Сізге бұл туралы ештеңе айтпап па еді?

– Жоқ, ешқашан айтқан емес. Мен бір-екі рет: «Бір күні бір жерде басына бір салады ғой, қойсаңшы, пайғамбар жасына келдің», – деп қалжындағам. «Бәрі Алланың әмірінде, татар дәм таусылған күні бәрібір кетеміз ғой», – деп күлген.

– Нұрекеңнің бір кезде Асанбай Асқаров қатты сын жазғанын білесіз. Кейін «Аққуды атуға болмайды» деп, оны ақтап жазды. Әлгі Бішкекте сот болған кезде... Сол уақыттарда пікірлес болып, «мынауың қалай?» деген кезіңіз болды ма?

– Ол туралы мен жазғанмын да. Ешқандай газет қабылдамай қойды. Асқаров ақталып шыққаннан кейін, Нуридін жаңағы мақаласы жарық көргеннен кейін, онымен жолықтым. «Ей, шал, мұның не сенің? Кеше «ит-шошқалап» іске алғысыз еттің. Енді

әулие қылып отырсың. Сенде принцип деген болмап па еді?» – дедім. Ойланып тұрды да: «Енді адамда қателік деген болады ғой, қазір осы кісінің ақтығына ден қойып отырмын, бірақ әрі қарай сұрап, сен мені қинамай-ақ қойшы», – деді. «Мейлі» дедім. Асқаровты қазір күнәдан пәк, әулие етіп жазып жүр ғой біраз ағайындар, меніңше, ол дұрыс емес. Оның да біраз қиянаттары болғанын білеміз. Мен бес жыл «Ара-Шмельде» бас редактор болдым, сонда Үлкен үймен біраз араласып жүрдік. Аптасына болмаса да, екі аптада бір рет жиналысқа шақырып тұратын. Сонда отырғанымызда, жиналыс аралығында, кейбір жолдастар кімнің не істеп, не қойғанын ашық айтып отыратын. Аты-жөндеріне дейін атап, «сөйтті-бұйтті» дейтін. Асқаров та жұмыр басты пенде, жақсылығы да болған шығар, жаманшылығы да болған шығар. Ал қол-аяғын жерге тигізбей мақтай бергенге иланбаймын.

– *«Қиянаттары да болды» дегенде, нақты білетініңіз бар ма, алде...*

– Жоқ, сондай әңгімелерді көп естідім. Жаңағы қисапсыз жиналыстарда айтылған жайттарды меңзеп отырмын. «Сонда қалай болған?» деп дігерлеп, түп-тұқиянына дейін сұрау менің әдетімде жоқ. «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» дей саламын іштей.

– *«Баспасөз бетінде пікірлерімді үнемі ашық айтып жүрем» дейсіз. Сол пікірлерден қанишалықты қайран бар, әсер-ықпал бар?*

– Журналистикаға қазірде көпшілігіміз сыпыра жамандап жүрген коммунистік партия кезінде келгенмін. Облыстық газетте он жыл қызмет істедім. Сонда бір сын материал шыға қалса, облыстық партия комитетінің не сектор меңгерушісі, не бөлім бастығы телефон соғатын. «Мына мақала шығыпты», анық-қанығын тексертуді тездету керек деп. Қазір кім не жазып жүр, дұрыс жазып жүр ме, бұрыс жазып жүр ме, онда биліктің шаруасы жоқ. Халықтың тұрмысына, көкейіндегі түйткілдеріне байланысты жазылған дүниелердің бірін билік құптапты дегенді әлі естіген жоқпын. Керісінше, «пәленшенің ар-ожданына тиіпті, беделіне нұқсан келтіріпті» деген желеумен авторды сотқа сүйреп жүргендер жетерлік. Олар – пәтуасыздар.

– *«Жас Алашта», әдеби ортада «сенсация» ретінде бағаланып*

жатқан Қадыр Мырза Әлидің «Іірім» атты эссесі жарық көргенін білесіз, сондағы кейбір жайттарға өз көзқарасыңызды білдірген мақала да жаздыңыз, оны біз жарияладық. Жалпы, «Іірім» туралы көзқарасыңыз қандай, осындай дүниелердің болғаны бізге керек пе?

– Менің жеке пікірім – қайтыс боп кеткен адамдардың кем-кетігін тізе беру, тере беру онша жақсы іс емес. Мысалы, Құранда, соның негізінде жазылған Мұхаммед пайғамбардың хадистерінде мынадай үш түйін бар: «Дүниеден өтіп кеткендердің тек жақсы жақтарын ғана еске алыңдар, жаман жақтарына келгенде тілге тиым салыңдар»; «Өліге тіл тигізгендер пәлеге жолығады»; «Өлгендерді жамандамандар, өйткені, олар іс-қылықтарына қарай силық, не жаза алатын жерге барды». Жалпы, осы мұсылманшылық қағида дұрыс. Қадырдың, мысалы, Есенберлинді жамандауы, Сабырхан туралы орынсыз сөз айтқаны, Әнуар Әлімжановпен арадағы кикілжіңді жайып жазып жүргені не үшін қажет екенін мен түсінбедім.

– *Қадыр Мырза Әли жазушылардың тек жаман қылықтарын ғана айтпайды ғой, жақсы жақтарын да жазған жоқ па?*

– Жақсы жағын жазғаны дұрыс, бірақ, халықтың алдағы тағдырына әсер ететін, болмаса соның ұрпағына тәлім-тәрбиелік мәні бар кемшілік болмаса, ұсақ-түйекті тізе бергенді жөн санамаймын. Жалпы, мен жаңағы хадисте айтылатын қағидалардан аттап кете алмаймын. Қадыр одан аттап кете берсе, өзі білсін...

– *Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылып көрдіңіз бе?*

– Менің жаратылысымда атаққа, сый-сияпатқа құмарту деген пәлекет жоқ, болмайды да! Мысалы, «Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясында сегіз жыл, жалпы Жазушылар одағында, басқармасының екінші хатшылығын қоса, жиыны отыз жыл қызмет істедім. Сонда Жазушылар одағының дені дұрыс кезінде сықақ жанрына берілетін силық болатұғын. Қалаубек Тұрсынқұлов әкімшілік-шаруашылық жағындағы хатшымыз болды, екеуміз сырласпыз, сол: «Өзімізсің, Одақтың ішінде жүрген адамсың, мына сыйлыққа сені ұсынайық та», – деп талай айтты. «Қой, батыреке, айтпа ондайды! «Ішінде жүріп өзі алды» деген маған жақпайтын сөз», – деп ондай әңгімелердің бәрінде бас тартып отырдым.

«Анаған ұсынайық, мынаған ұсынайық» деп, обалы қане, айтушылар аз болған жоқ. Бәрінен бас тарттым. 50-ге, 60-қа толғанымда өкімет «Құрмет» грамотасын берді. Жарайды, онысына рахмет, дәстүрлі нәрсе ғой. Бірақ: «мені ұсыныңдар», «маған беріңдер» деп ешкімнің алдына барған емеспін, бара да қоймаспын.

– Қазақ мұндай сөзді жиі айтады ғой, бірақ, силық беріп жатса, «кезінде сөйтіп айтып едім-ау» демейді, ала салады. Сол сияқты, алдағы уақытта ұсынылып жатсаңыз дегеніміз ғой...

– Егер, мысал үшін, маған айтпай, білдірмей ұсынып жіберіп, жарлық шығып қойып жатса, ол жағын көрерміз, бірақ, дәл қазір оған ешқандай ықыласым жоқ. Аанада Әзілхан Нұршайықов ағамыз телефон соғады. «Бүгінгі «Қазақ әдебиетін» оқыдың ба?» – дейді. «Жоқ», – дедім. «Сен оқы, сонда бір әңгіме бар», – деп күлді де қойды. «Қандай әңгіме?» деп едім, айтпады. Кейін қарасам, жақында бір кітабым шыққан, «Сағыныш сазы» деген, соған жақсы пікір білдіріп, ең соңында «қандай силыққа болсын лайық» депті. Оқығаннан кейін Әзекең: «Сіз өйтіп мені силыққа итермелемеңіз, мен ондайға үйренбеген адаммын, ауырып қалуым мүмкін», – дедім, қалжыңға сүйеп.

Кітабым туралы айтар болсам, бұл – жаңағы Қадырдың ұстанымына қарама-қарсы нәрсе. Онда мен бірер жас үлкен аға болған, қатар жүрген, бірер жас кіші іні ретінде силасқан, арамьздан ерте кетіп қалған қаламдастарым туралы толғандым. Тек қана жақсылықтарын жаздым, өмірдегі, жүріс-тұрысындағы әдемі бір қылықтарын жаздым, өйткені, мен оларды шынымен сағынып жүремін. Соны Әзекең оқып, қатты риза болыпты. «Мынаның бәрінің аруағы саған риза шығар, айналайын, бір азаматтық жасапсың. Сен қазақ прозасында реквием жазған бірінші болдың, мақаламда айттым», – деді. Кітаптың әлі жалғасы бар.

– Жаңа бір сөзіңізде «Жазушылар одағының дені дұрыс кезінде» деп қалдыңыз. Қазір Жазушылар одағына бәсекелес ұйым дейміз бе, бақталас дейміз бе, ПЕН-клуб деген бар. Ол туралы көзқарасыңыз қандай?

– «Дені дұрыс кезі» дегенім – тағы да жабыла жамандап жүрген Кеңес кезіндегі жағдайы ғой. Ол кезде Жазушылар одағы қаржыға

зар боп көрген жоқ. 1994 жылы қалай бюджеттен шығарылды, жағдайы қиындаған үстіне қиындап келеді. «Одақты тарату керек» дегенге әсте қосылмаймын. Жақында әлгі осы «Жас Алашта» шыққан мақалаға қарсы хат жазып алып келіпті жігіттер. «Қол қоясыз ба?» – дейді. Қол қойып жіберіп, кейін өкініп қалдым. «Өйткені, менікі – «одақты таратпай, жұмысын жандандыру керек» деген ниет-тұғын, ал, олардың ойы басқаша ма деймін... Қазір «700 жазушы бар, тым көп қой» деушілер де көп. Мұхтар Шаханов бауырымыз бір жерде сөйлеп тұр: «700-дің жетеуі ғана тарихта қалады, қалғанының бәрі мұңлық», – деген сияқты. «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығады», Сендер неге көпсінесіңдер?», дедім.

ПЕН-клуб туралы ә деп әңгіме болғанда, секретариатқа Әбекең, Әбдіжәміл Нұрпейісов, келген. «Біз осылай жасайық деп жатырмыз, пәлен жерден 5 мың сом алдық», – деді. Ол кезде бұл әжептәуір көп ақша, біздің айлықақымыз 130 сом болатын. Содан одақтан бірнеше бөлме сұрады, шығармашылық үйінен бөлме сұрады. Жігіттердің бәрі өре түрегелді: «Бұл қалай, үй ішінен үй тіккеніңіз бе? Жақсылық іс болса, бәріміз бірігіп жасамаймыз ба?» деп. Содан бөлек кеткен. Қазір ПЕН-клубта кімдер бар, жақсы біле бермеймін. Әйтеуір, біздің одаққа қарағанда жағдайлары жақсы деп естимін. Тағы бір естігенім: ПЕН-клуб халықаралық еврейлер қоғамының ашып отырған ұйымы деседі. Оған кіргендерді материалдық жағынан қамтамасыз етеді дейді. «Материалдық жағдай» демекші, менің ПЕН-клубқа бір риза болғаным – 50-ден аса бере қайтыс болған Марат Қабанбайдың жерлеу жұмыстарын да атқарды, жетісін, қырқын, жылын да өткізді. Сонда мен Әбекеңе: «Мараттың аруағын силап, отбасын құрметтеп, осынша жақсылық жасап жүрсіз, рахмет! Кім аруақты сыйласа, мен соған бас иемін», – дедім.

– Қазір не нәрсеге сенбейсіз?

– «Экономикамыз дамып, өркендеп жатыр» деген әңгімеге сенбеймін. Дамыса, қарапайым халықтың тұрмыс-тіршілігінен сезілмей ме, біраз дүние арзандамай ма? Сосын Ауыл жылдарына байланысты ауқымды шаралардың дұрыс ұйымдастырылып

жатқанына сенбеймін. Биыл, міне, ауылға ден қойылғалы екінші жыл: не өзгеріс, не ілгерілеушілік байқадыңыздар? Өз басым қуанатын ештеңе көріп жүрген жоқпын.

– *Бүгінгі баспасөз жайындағы пікіріңіз қандай?*

– Баспасөзде де бейпілауыздық, «тек менікі дұрыс» деген менмендік белең алып бара жатқан тәрізді. Осыдан екі ай бұрын үйдегі пошта жәшігіне біреу хат салып кетіпті. Ашып қарасам, ішінде «Үш қиян» деген газеттің бір беті екен. «Кие мен ие» деген тақырыппен «Әбіш Кекілбайды анау газет анадай депті, мынау газет былай деп сынапты, бәрінікі далбаса» деген сияқты түгел іске алғысыз еткен сұмдық дәрекі мақала басылыпты. Шыны керек, аузына келгенін айтқан. Әбішті «көсем», «кемеңгер», «ойшыл» деген секілді неше түрлі теңеулермен мақтап-мадақтап, әлгі сын пікір айтқандарды қарғап-сілеп келіп, ең соңында былай депті: «Бұрынғы-соңғы қазақтың өлеңінде – Абайға, жазушысында – Әбішке жетер ешкім жоқ!». Авторы – өзін тәуелсіз жорналшы санайтын Мырзатай Болат деген екен. Баяғы Мәскеудің «Литературная газетасынан» келген Алла Марченко деген сыншы «Абай жолын» сынап кетіп еді, «ана жерін алып тастау керек, мына тұсын жөндеу керек» деп. Ол тым болмаса, Мұхтар Әуезовтің аты-жөнін атап еді, мына Мырзатай мырза Әуезовті мүлде есіне алмапты. Сонда Әбіш – Мұхтардан асқан жазушы болғаны ма? Әбішті қатарынан оқ бойы озып кеткен жазушы дегенге иланбаймын. Жақсы жазушы екені рас, оған ешкімнің дауы жоқ. Бірақ, газет-журналдарда небір теңеулер мен мақтауларды Әбіштің басына үйіп-төгіп жатады. Осының бәрі Әбішке керек пе? Әлде оның қыбына жаға ма? Түсінбеймін. «Үш қиян» – Маңқыстауда шығатын газет екен, Әбіштің оны көрмеуі, білмеуі мүмкін емес. Басқа газеттерді де оқып-біліп жүрген шығар. Тым болмаса, «Әй, інім, мынауың ұят тірлік бопты, мен мақтауға зәру адам емеспін, мені бірінші қойғаның не? Тым құрыса Мұхтардың аруағынан аттамасаң қайтер еді?» деп айтса болмас па еді?..

«Азат» және «Сөз» газеттері жақында Нұртай Сабильяновты сынапты. «Ол Желтоқсанның қаһарманы емес, көтеріліс кезінде Мәскеуде оқуда болған» дей ме, «жағымпаз» дей ме, не бол-

са, соны жазыпты. Оның қолына дауыс күшейткіш ұстап алаңда сөйлеп тұрған суреті газеттің бәрінде басылды емес пе? Осы қандай әділдікке, қандай адамгершілікке жатады? Нұртай, бәлкім, сайлауға дауысқа түскелі жатқан шығар, қарсыластары оның мәдениетке, өнерге жасап жүрген жақсылықтарын біледі, халық алдындағы беделін біледі, сонсоң бірден «қарсы шабуылға» шыққан ғой... Сол мақалаларға қарсы жауап жазайын деп отырмын.

– *Кезінде Мұқағали Мақатаевты Жазушылар одағының жиналысына салғанда, оны жалғыз сіз қолдапты деген әңгіме бар...*

– Олжас төртінші хатшы болып тұрған кезінде Мұқағалиға қарсы шықты, ол рас. «Ішеді» деп жиналысқа салды. Сонда мен айтқанмын: «Кәне, ішпейтін қайсысың барсың? Бәрің де ішесің. Үйлеріңде апталап жатып ішетіндерің бар ғой. Бұның бар жазығы көшеде, көптің көзіне көрініп ішіп қоятынында ма? Жарайды, кеше Сәкен Сейфуллиннен, Ілияс Жансүгіровтен, Бейімбет Майлиннен, Ахмет Байтұрсыновтан, Мағжан Жұмабаевтан айрылды. Сонда да, Құдайға шүкір, әдебиетіміз қайта жалғасты, арнасын үзген жоқ. «Мұқағалиды одақтан шығарсақ, қазақ әдебиеті өліп қалады» деп тұрған жоқпын, қазақ әдебиеті онсыз да өлмейді. Бірақ, бүгінгі әңгімеге, Мұқағалиды қажай беруге мен қарсымын!» дедім. Мені Бексұлтан Нұржекеев, Оразбек Сәрсенбаев қостап сөйледі.

– *Түрік сықақшысы Әзиз Несиннің талай шығармасын аудардыңыз, өзімен де таныс-біліс болдыңыз. Бұл кісі туралы Түркияда да екіұдай пікірлер бар деседі.*

– Рас, Несинді жақсы көретін түріктер де, жеккөретін түріктер де бар. Жеккөретіндер: «кәпір» дейді, анау-мынау дейді, бірақ, мен ол түрік әдебиеті классиктерінің бірі ретінде тарихта қалды деп ойлаймын. Әрине, оның Салман Рушдидің «Албастының әуендері» дей ме, мұсылманшылыққа қарсы пікірлі бір кітабын аударғаны – үлкен қателік, ол әрекетін еш құптамаймын. Жасы 70-ке тақағанда мұндай қадамға барудың нендей қажеті болғанын түсінбедім. Былтыр Түркияның премьер-министрі Ердоғанға хат жаздым. Онда: «Елдеріңізде Несин туралы екі түрлі пікір барын білемін, бірақ, оны мүлде өмірде, әдебиетте болмаған жан тәрізді бірыңғай жауып тастауға болмас. Ол халықты жамандаған жоқ, керісінше, биліктің,

басшылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянатын жазды. Қарапайым халық Әзиз Несин десе, «ішер асын жерге қояды», себебі, ол жұрттың көкейіндегі әңгімені айтты», – дедім.

«Хат» демекші, мен өзіміздің президентке – Нұрсұлтан Әбішұлына да бірнеше рет хат жазғам. Елдің басындағы қиындықтарды, халықтың тұрмыс-тіршілігіне, жерге, мемлекеттік тілге, ұлт саясатына байланысты түйткілді мәселелерді сөз еттім. Жетті ме, жетпеді ме, білмеймін, әйтеуір, жауап болмады. Сосын «Соңғы хат» деген атпен Президентке ақырғы рет хат жолдадым. Онда бұрынғы айтқан мәселелерімнің бәрін тізіп келіп: «Сол хаттарымды алдыңыз ба, жоқ па, білмеймін, ешқандай жауап келген жоқ, бірақ, осымен ендігәрі Сізге хат жазғанды доғардым», – дедім. Артынша президент әкімшілігінен Сарыбай Қалмырзаевтың қолы қойылған жауап хат келді. «Нұрсұлтан Әбішұлы сіз айтқан мәселелермен танысып, қолдайтынын білдірді, сізге рахмет айтты», – делініпті онда.

– *Сізді кейбір қаламдасыңыз қалжыңдап «күлдірмейтін сықақшы» деп те атайды. Осыған қалай қарайсыз?*

– Әзіл-сықақ деген ағайынды екеу ғой: «әзілі» – жанашырлықпен, «шіркіннің көңіліне келіп қалмас па екен...» деп барып әңгіме қозғайды, ал, «сықағы» – жер-жебіріне жетіп, күлуге мұршасын келтірмейді. Антон Чеховтың ба, мынадай сөзі бар: «Шын күлкі естіп отырған кезінде емес, ертеңінде күлдіреді». Ал, менің дүниелерім – сатира. Менде әзіл аз десе де болады. Біреуге ұнар, біреуге ұнамас, бірақ, төселген тәсілім осы. Біреуді ыржақтатып күлдірейін деген мақсатым жоқ. Қоғамда өзім байқаған кемшіліктерді сықақ тілімен ащы айтқым, көрсеткім келеді. Оны жұрт қалай бағалайды – еркінде.

– *«Қазақта Оспанханнан асқан классик жоқ» деп бірде өзіңіз де айтып едіңіз. Сол Оспанханның биыл 70 жылдығы. Шығармалар жинағын әзірлеп, алғысөз жазғаныңыздан хабардармыз. Бірақ, әзірге мерейтой жөнінде жөнді әңгіме жоқ қой өзі...*

– Әлгі әзіл-сықақ туралы сөзге байланыстырып айтқанда, Оспанхан сықақшыдан гөрі әзілкешке көбірек жақындайды. Жеңіл жазады, қолма-қол күлдіреді, ертеңінде де күлдіреді, міне, ара-

мыздан кеткеніне де қанша жыл, әлі күліп жүрміз. Бұрынғы-соңғы сықақшыларымызды аласартқандық емес, Оспанхан – расында да қазақ күлкісінің шыңында тұрған және сол биікте қала беретін тұлға. Әрине, жастардың ішінен кейін одан озатын талант табылып жатса, қуананыш болар, бірақ, дәл қазір Осекеннің орнына таласар ешкім жоқ. Құдайдың бергені болар, ол ешқашан тыраштанып, қиналып, басын қатырып жатпайтын. Кез келген оқиғадан алып, отыра қалып тез жазатын. Біз сегіз жыл көрші болдық, жақсы араластық та, сонда бір байқағаным – әзіл-сықақ жазар алдында үстелінен тұрып кетіп, дауысы жарықшақ еді ғой, біртүрлі қырылдап күліп жүріп алатын. Сондай сәтінде бара қалғанымды: «Не болды сонша?» деймін. «Бір қызық момент келіп тұр», – дейді ол одан сайын күліп. «Жазбайсың ба енді, сосын бәріміз күлмейміз бе?» – деймін. Сондай қызық әдеті бар еді. Күлкілі бірдеңе жазар кезде өзі қырылдап күліп қарық болатын. Менің қатты іздейтін адамымның бірі – осы Оспанхан, ол туралы «Сағыныш сазында» бар, жаздым. Оның 70 жылдығына мен 2001 жылдан бастап дайындалдым. Оспанханның атында не көше жоқ, не тұрған үйіне ескерткіш-тақта орнатылмаған. Осекеннің артында қалған мұрасын зайыбы Нұрсұлу екеуміз әбден жинадық, сұрыптадық, кемінде 6-7 том болатын шығармалары бар екен. Қала әкімдігіне, аудан басшыларына, Үкіметке хат жаздым. Үкімет төрт том шығаруға келісті. Бірақ алғашқы екі томы тойынан кейін жарық көрді. Қалған екеуі «қаржы жоқтықтан» шықпай жатыр. Айта-айта, жаза-жаза шаршадым.

– *Осағаң сынға қалай қараушы еді? Кезінде сіз ол кісінің «Жалаңаш оқ» деген әңгімесін сынап жазып едіңіз ғой.*

– Иә, жазбас бұрын өзіне де айтқанмын: «қазақтың бір ауылынан күйеуінің көзіне шөп салмаған бір әйел табылмады деген не сұмдық? Соны жазғаннан не ұттың?» – деп. «Хы-хы-хы» деп күлді де қойды. Жауап берген жоқ.

– *Қазіргі сатира анайылық жағынан барынша «алға кетті» деп ойламайсыз ба?*

– Бүгінде автор оқиды, баспаның корректоры оқиды, сол күйі жарыққа шығып жатқан кітап көп. Оның ішінде неше түрлі бы-

лапыт сөздер жүреді, белгілі сықақшылардың сөз тіркестері сол күйі жүре береді. Оспанханның «Көз майымды көжеқатық етіп...» деген тіркесі бір жас сықақшының әңгімесінде жүр. Ең болмаса, жақшаның ішінде Осекеңнің аты да жоқ, өзі ойлап шығарғандай сілтей берген.

Баспаларға барсам, баяғы Саяси бюро мүшелерінің кітаптарындай дәу-дәу кітаптар жатады. Авторлары да таныс емес. «Бұл кім, ей?» деймін. «Бұрынғы кеңшар директоры». «Мынау ше?». «Бұл – бұрынғы аудан басшысы». «Мынау біреу ше?». «Ауыл-совет». «Бұлар не жазып жатыр?». «Өздерін жазып жатыр». Шолып шықсам, ары кеткенде ауылына ғана белгілі адамдар. Бірақ, баласының қаржысы бар, інісінің қаржысы бар, сосын үрім-бұтағының суреттерін қосып, қалың кітап етіп шығарып жатыр. Мұның бәрі әдебиеттің қадірін кетірмегенде қайтсін? Ал сатирада мұндай «байлық» жоқ және, өздерің атап өткендей, бізді сатирада бадырайған анайылық та жоқ!

– *Қазір нағыз сатираның заманы дейтіндер бар. Ендеше, біздің сықақшылар неге өндіріп жазбайды? Кезінде Кеңес заманының өзінде қуатты күш болған сатираның пәрменін неге дұрыс пайдаланбасқа? Ресейде сықақшылар шығармаларын сахнада өздері оқиды, жатқа айтады, билікті, президенттерін қоса пародиялайды. Бізде де талантты сатириктің нағыз кірісетін кезі емес пе қазір?*

– Таяуда кезінде өткір фельетон жазған жігіттермен сөйлесіп отырып, «неге қойып кеттіңдер?» дедім. Сөйтсем, «босқа басымыз жарылып, көзіміз шығады, қайтеміз оны» дейді. Шынында да солай ғой. Жаңағы өздерің айтқан орыстың сықақшылары Путиннің өзін келемеж етіп, неше түрлі әңгіме айтады. Оларда сөз еркіндігі, ой еркіндігі бар. Ельцинді кезінде жергілікті журналистер әбден сынады, бірақ, Ельцин солардың бірінің де басынан құс ұшырған жоқ. Біздің президентке байланысты сондай сын-сықақ айтылсыншы, ол кісінің өзі мән берер-бермесін білмеймін, бірақ, әу бастан жағымпаз боп туған жалбақайлары бар ғой, солар «Президенттің беделіне нұқсан келтірді» деп әлгі авторды сотқа сүйреп шаршатады. Фельетон, пародия жазған бірер сатирикті тіпті аудан, облыс әкімдері сотқа беріпті, – ондай кесаптан соң кім жазады?

– Сонда сатира Кеңес заманындағы қуатынан айырылып қалды ма қазір? Бәлкім, қазіргі сықақшылар сол замандағыдай уытты ештеңе жаза алмай жүрген шығар?

– Кез келген нәрсенің қостаушысы болмаса, ештеңе өнбейді. Бір ғана мысал айтайын. «Ара-Шмель» журналында Жүсіп Алтайбаев бас редактор болып тұрғанда, Шығыс Қазақстан облыстық денсаулық сақтау бөлімінің бастығын сынаған фельетон шықты. Ол бастық ойына келгенін істеген, обком хатшысымен әмпейлігін пайдаланып, мемлекет қаржысын оңды-солды шашқан, курортқа вертолетпен барып-қайтып жүрген... бейбастақтығына ашынғандар бәрін тізіп жазып жіберген, журналдың тілшісі фактілерді түгел тексерген, анықтаған. Сосын жазған. Фельетон жарық көргеннен кейін обкомның хатшысы Неклюдев ЦК-ға арыз жазған: «Ара-Шмель» біздің абыройымызды аяқасты етті, масқара қылды, жазғанының бәрі жала» деген сияқты. Бірақ, Орталық комитет Алтайбаевты шақырып алып, фактілердің дұрыстығына көз жеткізеді де: «Енді бізге неғыл дейсіңдер?» – деп әлгі сыналғандардың бәріне шара қолданып, сазайын тартқызды. Ал, қазір «облыс әкімі осынша қаржыны жеп қойды» деп біреу жазсыншы, жазған адамның өзінің быт-шыты шығады! Өйткені, сықақшыны сүйеуші жоқ, ал әкімнің тіреуі мықты!

Өз басымнан бір мысал айтайын. Мен «Араға» 1983 жылдан 1987 жылға дейін бес жыл Бас редактор болдым. Барайын деген ойым жоқ еді, ЦК-ның секретары Кәкімжан Қазыбаев: «Көк базарда отырған жоқпыз, саудаласпай-ақ қояйық», – деп күштеп жіберді. Мен ол кезде Жазушылар одағының Әдебиет қорында директормын, «жайлауда» жүргенмін. Кәкең: «Журнал журнал болмай кетті, оны сен түзейсін», – деді. «Ау, басқалар бар ғой» деймін. «Анау партияда жоқ, мынау ішіп қояды, ананың әйел тастағаны бар». Не керек, ең керек адам мен боп шықтым. Барып қарасам, не «Арада», не «Шмельде» біздің айтулы фельетонистеріміздің біреуі жоқ: кілең «барып кел, шауып келге» ғана жарайтын қолбалалар жүр. Үш айдың ішінде олардың біреуін «Жазушы» баспасына, біреуін «Огни Алатауға» деген сияқты, «қолбалалардың» бәріне жұмыс тауып беріп, «Араны» олардан «арашалап» алдым. Сосын: Көпен Әмірбекті, Марат Нұрқалиевті (қайтыс боп кетті жарықтық, ғажап талантты еді), Тоқтархан Шәріпжановты,

Қажытай Илиясовты, Владислав Караканы, Станислав Малоземовты шақырып, кілең «сен тұр, мен атайын» жігіттерді жинап алдым. Сөйтіп, журналдың беделі өсті. Таралымы екі есе өсіп, 400 мың данаға жетті. Айырма саудада 200 мыңға жетіп, жиыны 600 мың дана болды. Ешқайда өтпеген арыз-шағымдарын алып, жұрт бізге келетін болды. Осы өзім істеген төрт-бес жыл ішінде біздің фельетондарымыздан соң үш министр, екі ғылыми-зерттеу институтының директоры орнынан алынды. Бірінің тіпті парторгы, профкомы, зертхана бастығы, ғылым жөніндегі орынбасары, барлығы бес кісі «ұшып» кетті! Жас кадрға жасаған қиянаты үшін. Осының бәрі – бізді, демек, әділдікті қостаушылардың болғанынан.

Бірақ, билік әділдікпен қашанғы дос болсын. 1987 жылы Колбин таққа отырғаннан кейін ЦК-ның идеология бөлімінің бастығы Альберт Устинов шақырды. «Сен номенклатураның адамдарын бізбен ақылдаспай сынай беретінді шығардың, мұның талай адамға ұнамай жүр», – деді. «Әй, Альберт, сен кеше ғана «Казправдада» редактор болып отырғаныңда, есінде ме, «Паутина» деген сын мақала жарық көріп, «ойбай, таяқ жеп жатырмын, сынды кім жақсы көреді дейсің, біз бәріміз бірге болайық» дегенің қайда? Енді кеп 180 градусқа бұрылып отырсың. Сен өзің карьерист екенсің ғой, бұдан былай мені мұндай мәселемен шақырма!» – дедім. Қып-қызыл боп кетті. Бірақ, кейін қайта шақырды. Бардым. Менің қызметіме «лайық еместігім» туралы бір парақ қаулының жобасын әзірлеп қойыпты. Оқып шықтым да, «бірде-бір фактілерің жоқ» дедім. Кейін Зақаш Камалиденов шақырды. Біраз тәжікелестік. Кетпесем болмайтынын түсіндім. «Ақыры құтылғыларың кеп отыр екен, мені әу баста қай жерден әкелдіңдер, сол жерге қайта апарып орналастырындар», – дедім Камалиденовке. Селт етпеді. Ақырында «өз өтінішіммен босап», біржарым жыл жұмыссыз жүрдім. Міне, билік құптап отырса, сен алмайтын қамал болмайды, ал, құптамайды екен – өзің бәлеге қаласың. Алайда: билік емес, «халық қолдаса алынбайтын қамал жоқ, қолдамаса амал жоқ» дейтін уақыттың да көп ұзамай келеріне сенемін!

– *Әңгімеңіз үшін рахмет!*

*Әңгімелескендер – Сәкен СЫБАНБАЙ,
Қали СӘРСЕНБАЙ. 2004.*

«ҚҰДАЙ КӨРСІН ДЕП КӨЗ, АЙТСЫН ДЕП ТІЛ БЕРДІ»

– «Ата, той, той...» дейді Іңкәр атты немерем.

– *Ғаббас аға, мерейтойыңыз құтты болсын! Жетпіс жас қандай екен?*

– Е, рахмет. Жетпіске де кеп қалдық. Былай қарағанда алпыс тоғыздан еш айырмасы жоқ. Ешқандай белгі байқалмайды (күледі). Баяғыда Сәбит Мұқанов ағамыз жетпіске толып, дүркіретіп өткіздік. Арада аз уақыттан кейін Сәбеңе жолығып: «Сәбе, жетпіс қандай екен?» – деп сұрадық. Сонда Сәбең: «Е, ештеңе жоқ. Жетпіс деген мына тұрған жер екен», – деп күлген-ді. Сол сияқты...

– *Кейбір қын-жазушыларымыз мерейтойында жұртты да, туған жерін де әбігерге түсіріп жатады. Артынан мақтау, марапаттау, шапан кигізудің неше түрі дегендей... Жылы-жұмсаққа қалай қарайсыз?*

– Жылы-жұмсаққа онша әуес емеспін. Ондайды байқасам алыстан айналып өтуге тырысамын. Өйткені, адам баласы бір нәрсеге әуестенсе, арылу қиын. Мұндайға бой алдырмасаң, қажет етпейсің де. Атаң, даңқ қуып, жылтырақ үшін ешкімнің есігін қақпаппын. Мәселен, Жазушылар одағында Әдеби қордың директоры қызметін атқарып жүрген кезімде елуге келдім. Той туралы сыбысты естігеннен-ақ, келіспейтінімді аңғарттым. Қашқалақтағаным дес бермей, Әнуар, Олжас, тағы басқалары бар, бастықтың кабинетіне жиналып, оны-мұны сыйлап, дырдулатқаны есімде. Алпысқа толғанымда да бәрінен бас тарттым. Обалы кәне, осы жетпістің табалдырығынан аттағанда да Одақтың қазіргі басшысы Нұрлан Оразалин: «Ғабеке, мерейтойыңызды жасап береміз», – деген-ді. Өзіл-шыны аралас: «Ондайды атама, ауырып қаламын», – дедім. Ал, егер облыс ескеріп, жетпіске келді ғой деп «құда түсіп» жатса, оны да көреміз. Оған да мән беріп отырғаның мен емес.

– *Жылы-жұмсақ демекші, Ғаббас аға, мерейтойына қатыстықызықты жәйтті айтып өтті. Сонымен Ғаббас аға былай дейді:*

– «Екі ұл, екі қызым бар. Жасым жетпіске таяғанда балаларым жиналып, мені орталарына алып: «Жетпісінді тойлаймыз», – деді.

Мен болсам: «Әй, шырақтарым, әкелерің ауырып қалсын десеңдер тойды жасаңдар, ал аман-есен жүрсін десеңдер, тыныш жүріңдер. Біріншіден, сендерге шығын, екіншіден, ондайға үйренбегенмін», – деп бәрін сабасына түсіріп, қайтарып жібергенмін. Сөйтіп тынышталған-ды. Бір күні Маржан деген үлкен қызым телефон шалып: «Сіз өткізбесеңіз де, Мұраттың 49 мүшел жасын атап өтейік, соған ертең сағат үште үйге келесіз», – деді. Мұрат – Маржанымның жұбайы, күйеу балам. Екеуміздің де туған күніміз бір күнде, көкектің тоғызы. Өзі күйеу балам, өзі мүшел жас. Қалай бармаймын. Келістім. Қикулатып елуіне қарай шығарып салайық деп ойладым. Ертесіне машинамен алып кетті. Орта жолда мейрамхананың жанына тоқтады. «Е, ептеп қаржы тауып, ағайын-туғанның басын қосып, шай берейін дегендері ғой» деп ойладым. Ішке еніп, көтеріліп келе жатып, Үмбетбай Уайдинді, Токтарбек Қызықбаевты көрдім. «Бұлардың сендерге қанша қатысы бар?» десем, Маржан: «Сіздің ең жақын дос-жолдастарыңызды білеміз ғой...» дейді. Мейрамхананың үлкен залына кіріп барсам, осындағы Асыл апайым, Өскеменнен келген Шәрбан апайым, жеңгем Роза Ахметқызы бар, тағы да ел жақтағы інілерім, қарындастарым, балдыздарым, көздері жаудырап бәрі мені тосып тұр. Мұраттың тойына жиналған-ау деп ойладым. Олай да, бұлай да қараймын, Мұрат өзі жоқ.

– Мұрат қайда?

– Ол бүгін сменде.

– Онда несіне жиналдындар?

Сонда Асыл апайым: «Сен, ренжіме, сенің жетпіс жылдығыңды өткізейік деп, саған айтпай жиналдық», – дейді. Не дерімді білмей қалдым. Осы сәтте анадай жерден Іңкәр атты ең кіші немерем: «Ата, той, той...», – деп жүгіріп келді. Ашуым тарқап, аяқ астынан тойдың иесі болып шыға келдім».

– *Жазушыларымыз қартайғанда естелік кітаптар мен ғұмырбаяндық ғамсалар жаза бастайды. Бұл заңдылық па, әлде шығармашылық тоқыраудың белгісі ме?*

– Әрине, олар қашан қолынан қаламы түскенінше жазады. Мейлі 60-қа, 70-ке келейік, әрқайсымыз да шамамыздың

жеткенінше сөйтеміз. Адам дегенің жасы ұлғайып, 60-тан асқаннан кейін өткеніне көбірек үніліп, саралай түседі. Бірақ жүріп өткен жолының, іс-әрекетінің, қызметінің кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етерлік тұстары болса, сонда ғана қаламға ерік берген абзал. Әншейін, өзін мақтаудан аса алмаған, кеудемсоққа салынған, тек отбасына қатысты дүниелерді айтар болса, оның қажеті қанша? Мысалы, осыдан екі жыл бұрын «Сағыныш саздары» деген кітап жаздым. Ол кітап күні кеше бірге жүрген өзіміздің қатарымызды, ағаларымызды, інілерімізді сағынып отырып жазылған еді. Олар арқылы атағымды шығарайын деп ойламадым. Керісінше, кейіпкер болған марқұмдардың жақсы сөздерін, жақсы мінездерін, басқаларға қарым-қатынастарын аппақ сағынышпен, адамгершілік жазып шықтым. Мұндай кітаптар жазылуы тиіс. Себебі, біреулердің іздеушісі жоқ, іздеушісі болса да әкесінің немесе ағасының жақсы қырларын жазып көрсететін қабілеті жоқ. Менің ұстанған мақсатым – сол марқұмдардың жағымды жақтарын айтып, жас ұрпақтың жадында қалдыру. Бұл – қазақ үшін, әдебиет үшін қажеті бар шаруа.

...Артық-ауыс сөз байқаса, цензура желкесін үзіп отыратын. Әрі кеткенде кәсіподақ басшысын, яғни ұсақ-түйектерді сынай алатынбыз. Бүгінде бәрі басқаша. Еркін. Кімді сықақтаймын, қалай келекелеймін десек де өзің білесің. Бірақ сатираның жөні осы екен деп шайпаулыққа салынбау керек. Сөз қолданысың, ойың дұрыс болып, әрі әдептіліктен аспағаның жөн. Сондықтан, екі кезеңнің айырмашылығы жер мен көктей. Десек те, сын көтере алмайтын басшылар да жетерлік. Сын жазғандардың алды сотталып, арты таяқ жеуде. Бұл баспасөздің еркіндігіне, қоғамның дамуына кедергі келтіреді. Ой еркіндігі, сөз еркіндігі құрметтелуі тиіс. Мысалы, осы арада бұрынғы Ресей басшысы Б.Ельцинді ерекше атап айтқым келеді. Соңынан алай екен, бұлай екен деген дақпырт ерсе де, ол кісі баспасөз еркіндігіне қылдай қиянат жасамай кетті. Ельцинді жерден алып, жерге салған журналшылар бүгінде оған рахмет айтуда. Билікті Путинге тапсырғанда да «Сен баспасөзді тұқыртпа» деген екен. Бізге де қажеті осы.

– Бүгінде цензура жоқ. Бірақ журналистерге қарағанда, бұл мүмкіндікті сатириктер қаншалықты пайдалануда?

–Тағы қайталап айтамын, Кеңес заманында ресми цензура болды. Қазір сөз жүзінде жоғалғанымен, іс жүзінде әлі бар. Журналистер бекерден-бекер таяқ жеп, сотталып, жазаланбайды ғой? Сатириктерге келсек, әсіресе Үкіметтің тарысына қараған баспасөз жоғары дәрежелі шенеуніктерге «бағышталған» сықақтан шошынады, жуытпайды, баяғы кеңестік «дәстүрге» әлі де беріктер баршылық.

– *Десек те, «бұрындары «Араның» айдарынан жел есіп тұрды» деген сөздерді естиміз. «Ара» журналы қайтадан шығуда. Қазір сын өлмесе де, соған нақты жауаптың берілмейтіні несі?*

–Жалғыз «Ара» ғана емес, газет-журналдың қайсысында да жарияланатын үлкен сынға ешкім оң қарап отырған жоқ. Қит етсе Компартияны, Кеңес Үкіметін кінәлап шыға келеміз. Мен бір жақты қаралауға қарсымын. Әрине, өзім де қуғынды көрдім. Себебі, «Ара-Шмельді» басқарған кезімде біздің сынымыздан кейін екі-үш министр орнынан ұшып кеткен-ді. Қалғандары соңыма түсіп, мені де кетіріп тынды. Партияның бір басымдылығы, газет-журнал бетіне өткір сын мақала жарқ ете қалса, үгіт-насихат бөлімінен болсын, әйтеуір дереу редакцияға телефон шалып, тездетіп тексеруге жіберетін. Шара қолданатын. Әрине, тамыр-таныстық, былықшылық бел алғанда ақиқатты далада қалдыратын. Менің «Арадан» кеткенім – сондайдың бір дәлелі. Ал, енді қазір не айтылып, не қойылып жатыр, түсініксіз. Сынаған сайын өсе түсетіндері бар.

– *Бұл енді жоғары жаққа қатысты. Ал, қарапайым халық телефон оқи ма?*

– Қарапайым халық қолына тигеннің бәрін оқиды. Ел-жерді аралағанда бірден байқалады. Тек, пошта жүйесінің қожырап кетуі кедергі келтіруде. Газет-журнал айына бір-екі рет барады. Күнделіктіні қадағалап оқу мүмкін емес. Мысалы, туған жерім Шығыс Қазақстан облысынан келетін туыстарым: «Аға, мынаны беріңізші, бізде жоқ. Оқиықшы», деп газет-журналдарды қапшық-қапшық қылып салып алып кетеді. Сондықтан, керек нәрселерді көшіртемін немесе қойын дәптеріме жазып аламын. Қалғандарын сақтап қоямын. Шаруаларымен Алматыға келе қалса беріп жіберемін. Артынан айызы қанып айтып жүреді.

– Қоғамның әр саласына қатысты пікіріңізді дер кезінде ашық білдіресіз. Бірақ осы айтқандарым ертең басыма таяқ болып тиеді-ау, деген қорқыныш сезімін кешіп көрдіңіз бе?

– Ондай сезім болған жоқ, болмайтын да шығар. Құдай көр деп көз берді, айт деп тіл берді, аздап ақыл берді, адалын айта жүр деп. Құдайдың бергенін сыйлауымыз керек. Қоғамымыздағы кемшіліктерді компартияның дүрілдеп тұрған шағында да тілге тиек еткенмін. Билікке сын садағымды кезендім. Ешқайсысына өкінбеймін. Қайта, іштей риза боламын. Өйткені, бүгін бармыз, ертең жоқпыз. Артта қалған ұрпақ: «Е, мына кісі тілін тістеп кетпепті. Шындықты айтқан екен...», – деп ризашылығын білдіреді емес пе? Ешкімнен жасқанбаппын. Басшыларды мадақтап, олардың шашбауын көтермеппін. Ештеңе дәметпедім де. Маған арымның ғана таза болғаны керек. Басқасында шаруам жоқ.

– Жазу үстеліне жайғасқанда ең алдымен не ойлайсыз?

– Жазған мақалаларымның көбісі сынға құрылатындықтан, әуелі мұның әсері қандай болады деп ойлаймын. Және оны Үкіметтің алақанына қарап қалған газет-журналдар ешқашан жарияламайды. Сонда да қайтер екен деп барлығына бір данадан беріп шығамын. Атау-ахиретсіз кете барады. Амал жоқ, тәуелсіз газеттерге ұсынамын, олар бірден басады. Мақаланың оқырманға жету жолдарын қарастырамын. Сондай-ақ, бұл мәселе бұрын көтерілген бе, егер қозғалып жүрген болса қай жағынан үстемелеп, таратып, тарқата түссе болады деп түйіндейсің. Ал, сатиралық әңгіме жазғанда көрген-білгенінді, ойыңдағы сюжетті нығырлай түсесің. Мен өзім автобуспен де, жаяу да көп жүремін. Халықтың тіршілігін, көкейіндегі мақтанышын, ренішін бетпе-бет кезігіп байқайсың. Соның бәрін жазу үстеліне отырғанда қорытындылайсың.

– Жаңа кітабыңыз шыққан жоқ па биыл?

– «Нұрлы әлем» баспасынан өмірбаяндық сипатта «Адамның кейбір сәттері...» атты жинағым шықпақ. Оған халқымыздың қалаулысы, әдебиет пен өнердің жомарт жүрек жанашыры, қамқоршысы Нұртай Салихұлы Сабильянов демеушілік жасады. Жүз жасасын!

– Сізде қаламсаптың түр-түрі бар деп естідік?

– Иә, қаламсап жинайтын әдетім бар. Қазірдің өзінде ұзын саны жүз шамасында. Және бір-біріне мүлдем ұқсамайтындарын жинағым келеді. Шетке шықсам да әкелетінім – қаламсап. Менің сырымды білетіндері де шетелге бара қалса маған қаламсап әкеліп силайды. «Тентек шокпар жинайды» десе, мен жазушылық тентектігіме басып қаламсап жинаймын.

Сұхбаттасқан – **Мақсат МӘЛІКОВ,**

«Дала мен Қала» газеті,

22.IV.2005 ж.

ЕНЖАРЛЫҚТАН ШОШЫП ЖҮРМІН

Жазушы Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫНА бірер сауал

– *Ғаббас аға, қатарластарыңыз бейнеттің зейнетін көріп, естелік жазып қана тып-тыныш жүргенде, Сіз саясатқа араласып, өткір-өткір пікірлеріңізбен шенеуніктерді, билікті сынап, саясаттың бел ортасында жүрсіз. Саясат Сізді шаршатпай ма?*

– Біз комсомолдың, партияның оқшантайында болдық. Сөйтіп жүргенде, тәуелсіздіктің лебі келді. Бір күні “Дат” деген газеттің шыққанын естідім. «Бұл қандай газет екен» деп, редакциясына іздеп барып, редакторы Шәріп Құрақбаевпен таныстым, гәзеттің екі-үш санын оқыдым. Сейтсем, ол газет ой еркіндігі, сөз бостандығы дегенді жандандыру, Үкімет басындағылар тарапынан қандай кемшіліктер жіберіліп жатыр, ауыл шаруашылығының сан саласында, әдебиет, мәдениет салаларында бұрынғымен салыстырғанда қандай оң өзгерістер бар, қандай кері кетушілік бар – соның бәрін жаза бастаған газет екен. Осыдан кейін, «көктен тілегенім жерден табылып», саясатқа араласа бастадым.

Біз бұған дейін коммунистік партияның қол астында болдық. Одан көбіміз жақсылық көрдік, біразымыз жаманшылық көрдік. Бірақ мен компартияны бір жақты жамандаудан аулақпын. Қазіргі ғылымда болсын, әдебиетте, саясатта болсын, бүкіл әлемге танылған қазақтардың барлығы да сол партияның арқасында жетілді. Әнуар Әлімжанов, Ілияс Есенберлин, Әбдіжәміл Нүрпейісов, тағы басқалар атағы айдай әлемге танылып, қазақ деген ел бар екенін, оның тарихы көне екенін, мәдениеті үлкен

екенін баршаға танытты. Мұханның – Мұхтар Әуезовтің насихатталуына жол ашылды. Ғылым жағынан айтсақ, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев – қазақ жерінің қаншама ғажап байлық қоры бар екенін, қазақ ғылымының мүмкіндігі көп екенін бүкіл дүниеге танытты. Сондықтан компартияны «халыққа сор болды, халықты құртты» деп бір жақты қаралау – саяси сауатсыздық.

«Енді тәуелсіздік алғаннан кейін тәуелсіз мемлекетіміз қандай болуы керек, қандай теріс әрекеттерге жол берілмеуі керек, осының бәрін ашық айтқан дұрыс шығар, ашық сөйлеу керек шығар» деген қорытындыға келдім-дағы, содан бастап, қазір жолдастарым айтып жүргендей, оппозицияның жолына түсіп кеттім. Бірақ мен бірде-бір оппозициялық партияға мүше емеспін. Компартияға отыз жыл мүше болдым, сол жетеді. Мүше болып, билет алғаннан келіп-кетер ештеңе жоқ қой, онда тек баяғыдай жиналысқа қатысуға міндетті боласың, басқа ештеңе жоқ. Билетті қалтаға салып, үн-түнсіз жүрген адамдар да жеткілікті. Мені де қатарына шақырған партиялар болды. Бірақ оларға: «Сендерге сөзіммен, ойыммен, пікіріммен-ақ көмектесіп байқайын, билеттеріңді қоя тұрындар», – дедім.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап: «Қазақстан Республикасы» деген атақ қарсы болдым. Өйткені «стан» деген тіркес «бір халықтың жері, бір халықтың елі» деген мағынаны береді, олай болса: «Қазақстан» деп айту керек еді, немесе «Қазақ республикасы» деу керек еді. Осыны «Қазақ әдебиеті», «Алматы ақшамы» газеттеріне жаздым.

Тағы бір мәселе – Кеңес өкіметі кезінде «Социалистік Еңбек Ері» деген атақ болған, соны қалай өзгерту керек деген сұраққа: «Социалистік» сөзі енді өз-өзінен қалып қояды, сондықтан «Қазақстанның Еңбек Ері» деу керек» дедім. «Қазақстанның Халық қаһарманы» деген атақ шыға келді. «Қызығы», бұл атақты елін-жерін жаудан қорғаған кешегі Төлеген, Талғат, Әлия, Мәншүк, Бауыржан, Қасым, Рахымжанға... теңестіре: мұғалім, құрылысшы, әнші, күйші, режиссерге берді. Түсінбедім. Түсінуге болмайтынды түсіне алармысың! Ал тағы бір түсініксіз жәйт, неге екенін білмеймін, елінің бұл құрметті атағы Кеңес Одағының екі

мәрте Батыры Талғат Бигелдіновке, бір мәрте Батыры Баукеңе, Бауыржан Момышұлына, берілген жоқ. Жалпы бұл атақты негізсіз беру дұрыс емес. «Қаһарман» деп қазақ елін-жерін жаудан қорғап, қанын төккен, жанын берген адамдарды айтқан, сондықтан бүгінде ерен еңбек етіп жүргендерді: «Қазақстан Еңбек Ері» немесе «Қазақстанның ардақты азаматы» десе, жөн болатын еді. Мұның бәрін айттық, жаздық. Бірақ әзірше елеп-ескерілген жоқ. Елеп-ескеру үшін атақты академикгердің сөздері керек болды ма, немесе «Халық жазушысы», «Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты» деген атағы бар адамдардың сөздері керек пе еді, кім білсін... Бірақ ондай лауазымды адамдардың аузынан төрелік айтқан сөз шыққан жоқ. Ал ешбір атағы жоқ Қабышұлының не айтқанын билік қайте қойсын. Дегенмен, оған қарап отырмадым. Мынау дұрыс емес-ау деген мәселеде өз білгенімді ашық айтып, ашық жазып келемін. Жұртшылық, үлкені бар, кішісі бар: “Бәрекелді, рахмет! Біздің көкейіміздегіні ашық айтып, жазып жүрсіз, бірақ, шіркін-ай, соны естір құлақ, оқыр көз болса ғой!” деседі, – соған бек ризамын.

Мен қынжылатын мәселе көп. Мысалы, қазір мына Қазақстан Халықтарының Ассамблеясы туралы көп айтып жүр. Меніңше, сол Ассамблея дегеннің қажеті жоқ. Сенат пен Мәжілістен тұратын, бүкіл мәселені шешетін Парламентіміз бар ғой біздің. Осыған қосымша Ассамблея ұстау деген түсініксіз нәрсе мен үшін. Парламент елдің, ұлттың мәселесін шеше алмайтын болса, оны таратып, Ассамблеяны ұстау керек те, тыныш отыру керек, екі есе шығын шығармай. Меніңше, сол Ассамблея – қолдан жасалған дүние. Үнемі «Ассамблея көмектесіп, пәлен мәселені шешті» деп, қолпашталып келеді. Соның ешқайсысына иланбаймын.

– Билік қазір оппозицияның беделі төмендеп кеткендігін айтып жүр. Етене араласып жүрсіз ғой, Сіздіңше, қазір оппозицияның ықпалы қаншалықты деңгейде?

– Бізде оппозиция туралы түсінік дұрыс қалыптаспаған. Демократиялық елдердің түсінігімен айтсақ, оппозиция – билік басындағылардың сыншысы деген мағынаны береді. Ол билікте қандай қателік кетіп жатыр, қандай жақсы істер жасалып жатыр, соны айтады. Яғни оппозиция – үкіметтің кем-кетігін түзетіп оты-

ратын, үкіметтің жанашыры болатын күш. Көп елдер өз оппозициясымен санасады. Кейде оппозицияның қайраткерлері Үкімет басына келеді, кейде Үкіметтің құрамына кіреді. Ал бізде, керісінше, оппозиция бірдеңе дей бергеннен-ақ, билік оны қарақұлақ етіп, халыққа жеккөрінішті көрсетуге тырысады. «Оппозиция – билікке таласатындар» деген түсінік тарап кетті.

Біздің оппозиция әлсіз емес еді. Кешегі оппозицияда болған Заманбек Нұрқаділов, Алтынбек Сәрсенбайұлы, Ғалымжан Жақиянов сияқты азаматтар небір күрделі мәселелерді шешуге білімі жететін, сауатты, зиялы азаматтар болатын. Билік оппозициядағы ондай азаматтарды қудалап, соттап, өлтіріп, берекесін кетірсе, оппозиция әлсіремегенде қайтеді? Отырса басқа ұрады, тұрса аяққа ұрады, осындай жағдайда оппозиция қалай күн көруі мүмкін?

Қазірде ұлттың, ел мен жердің, халықтың тағдырын ойлап жүрген партиялар, қозғалыстар баршылық. Көбейе бастады да. Бәрінің айтары – Қазақстанның мерейі, ертеңгі болашағы. Ендеше, халық тағдырын ойлайтын, халыққа жаны ашитын олар неге ортақ бір мәмілеге келіп, жұмылып, бірігіп жұмыс жасамайды? Неге бес саусақ жұмылмайды? Бұл туралы сол партиялар мен қозғалыстарға айттым да, жаздым да. «Ғабеке, дұрыс!» дейді де қояды.

Мен мұны өзімнің жаныма, отбасыма қиын болып жатқандықтан айтып жүрген жоқпын. Құдайға шүкір, зейнетақым бар, балашағам аман. Солардың есендігін тілеп, кітабымды жазып, үйде тып-тыныш отыруыма болар еді, бірақ болашақтағы ұрпақтарым: «атамыз Қазақстанның сол кездегі қиын тағдыры туралы неге бір ауыз сөз айтпай кетті?» деуі мүмкін ғой. Қазір біздің тарихты зерттеп жүргеніміз сияқты, олар да ертең тарихты зерттейді. Сонда осы дәуірде кімнің халық жағында болғанын, кімнің адал сөйлегенін, ақ сөйлегенін олар саралайды деп ойлаймын. Кеше: жерді сату, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесіне көзаларту сияқты әрекеттер төңірегінде айтыс болды ғой. Парламенте. Сонда әуелі ол әрекеттерге қарсы шығып, халық мүддесін алға тарта айқұлақтанып, дүркіреп сөйлеген жазушыларымыз бен ақындарымыз жалт беріп, жер сатылсынға қол қойып берді. Осының бәрін келешек ұрпақ білетін болады. Сол кезде менің шөберелерім: «Е, біздің атамыз

да, қарнының тойғанын ғана ойлап, үндемеген күйі кеткен екен» демесін деп, көзім көріп отырған әділетсіздіктерді айтып, жазып жүрмін. Бар қарекетім сол қазіргі.

– Тәуелсіздік алаңын қорғап, біраз зиялылар қарсылықтарыңызды білдірдіңіздер. Бұдан бір нәтиже шығады деп ойлайсыз ба?

– Әр халықтың өзінің қасиетті ұраны, қасиетті жері болады. Біздің қасиетті жеріміздің бірі осы алаң еді. Күні кеше, 1986 жылғы желтоқсанда ондаған жастарымыздың қаны төгілген, жүздеген жастарымыз мүгедектікке ұшыраған, каншама ата-ананың жүрегіне жара салған жер ғой бұл. Тек біз оның қадірін біле бермейміз. Ал Желтоқсан көтерілісінен хабардар шетелдік озықойлы қаламгерлердің бізге келгендерінің: «Жастарыңыз құрбан болған жерді көрсек, гүл қоялық» дегендеріне куәмін. Өкінішке қарай, алаңда тәу етерге белгі көпке дейін болмады. Былтыр ғана, Желтоқсанның 20 жылдығы қарсаңында, қойды ғой ескерткішті. Бірақ, алаңның көрнекті бір тұсында тұруға тиіс ескерткіш Сәтбаев көшесі мен Желтоқсан көшесі қиылысына орнатылды. Біріншіден, ескерткіште Желтоқсанның рухы жоқ. Ол, халық хиссаларында айтылатындай, махаббат құрбаны болған қыздарға қойылған ескерткіш сияқты, – Желтоқсан жайында жазылған сөздерді алып тастасаң, солай болады да шығады. Екіншіден, ескерткіш жұрттың еркін барып гүл қоюына өте қолайсыз. Оған өту үшін екі көшенің ары-бері тынымсыз ағылып жататын аутотранспортын бақылаушы бағдаршамның «рұхсатын» күтуің керек. Оған қоса: ескерткіштің «ауласына» 15-20 адам ғана сияды. Бұл екі жәйт – бір қысастық: Желтоқсан көтерілісінің мәнін төмендету, оны бірте-бірте ұмыттыруды көздегендік.

Қала билігі алаңды ойын-сауық орталығына айналдыруды жоспарлауда дегенді естідік. Ондай ойсыздыққа қарсымын! Бұл алаң – «Алматы. 1986. Желтоқсан» деп аталуға тиіс қасиетті жер, ал қасиетті жерге тиісуге болмайды! Меніңше, ол әрекет те – Желтоқсан көтерілісін мансұқтауға дайындық.

Мынадай бір көріністі айтайын, Украинаның астанасы Киев қаласында шаңырағы бұдан біржарым ғасыр бұрын көтерілген университет бар. Сол университеттің студент жастары патшалық

Ресейдің оқу жүйесіндегі озбырлығына қарсы көтеріліп, соңы қантөгіспенаяқталған. Содан бастап әлгі университет ғимаратының сырты тек қызыл түспен боялатын болыпты. Ол «студенттердің төгілген қаны» деген ұғымды білдіреді екен. Қазірге дейін сол ғимарат – қызыл түсте. Міне, тарихи орынды қастерлеудің айқын үлгісі. Мен бүгінгі мынау сұхбатымыздан бірнеше күн бұрын саясаткер Жасарал Қуанышәлі бастаған жігіттердің жиналысына барып, Тәуелсіздік алаңы туралы ойымды айтып, тарихи орынды солайша құрметтеу керек дедім.

Жалпы, ұлттың мүддесі жолында көптеген мәселелер туралы айтып келемін. Мәселен: тіл туралы, жер тағдыры, ұлт тағдыры, еліміздің ұлттық рәміздері туралы да талай айтып, жоғарыға жазып та жүрмін. Бірақ соған ешқашан жауап болған емес.

– *Рәміздер жайында қандай пікір айтып едіңіз?*

– Біздің Елтаңбада аңыз-әфсанадағы ұшатын пырақ сияқты аттың бейнесі салынған ғой. Жөн дегеннің өзінде тотықұсша түрлендіру қажет пе еді? Ал «гимнді» «Әнұран» деді, ол – қате. Мен білгенде ешбір елдің гимн өлеңінде ұран жоқ. Ұран – «әйтейік те бүйтейік!» деу ғой. Гректің «гимн» сөзі елді, халықты әспеттеу, яғни, біздіңше, – «мадақ өлең». Мен соны ескеріп, гимнді «Ел әні» деп айтқан дұрыс болар еді деп мақала да, парламенттің мәжілісіне хат та жаздым. Әрине, ескерусіз қалды. Мәселе менің пікірімде емес, ақиқатқа жүгіну керектігінде.

– *Аға, «Тура айтып туғанына жақпаған» деген сөз бар ғой. Шындықты айтамын деп, соның зардабын тартқан кезіңіз жоқ па?*

– Ондай жағдайлар болды алғашқы кездерде. «Сен неге Ғалымжанды қорғайсың, неге олай деп айтасың, бұлай деп айтасың?! Әкежан Қажыгелдин кімің?! Қанша жасағың келеді?!» дей ме-ау, үйге телефон соғып, қоқан-лоқы жасағандар болды. Телефон соққандардың бәрі орыс тілді қазақтар екен, тілін бұрап сөйлегендерінен сездім де, оларға: «Сен қазақ емессің бе, қазақтық намысың, жігерің болса, үйге кел, сөйлесейік. Болмаса, басқа бір оңаша жерде жолығайық. Қай жерге шақырсаң, сол жерге барайын. Бірақ бұлайша телефон соғып, итәуреге түспе, бұл – сорлының

ісі, шала қазағым!»,- дедім. Үндемей, тұтқаны қоя салады. Сондай үш-төрт қоңырау түсті. Бәріне де жауап бірдей болған соң, міне, екі жыл болды, әзірге ешкім ештеңе деп жатқан жоқ. Бәйбішем: «сені бір күні басқа бір салып, қылжитып кетеді ғой» деп шырпыр болады. «Заманбектен, Алтынбектен артық емес шығармын» деймін.

– Біреулер «Тіл мәселесін соншалықты қиын проблема етіп, дабыра қылудың қажеті жоқ, одан басқа да өзекті мәселелер толып жатыр» дейді, Сіз бұл жайында не айтасыз?

– Орыс тілін біресе ұлттық қарым-қатынас тілі дедік, біресе ресми тіл дедік. Сонымен қазақ тілінің бейнесін солғындаттық. Қазір тіл туралы құрылмаған қоғам жоқ. Биылғы жылды «Қазақ тілі жылы» деп жариялапты. Ол қаншалықты дұрыс нәтиже беретінін білмеймін. Өйткені бізде тілге енжар қазақ әлі де басым. Шала сауаттылар көп. Мысалы, қаланың әкімі былтырғы жылдан бастап іс қағаздарын қазақ тіліне көшіру туралы шешім жасаған болатын. Содан нәтижелі болып жатқаны шамалы. Орыс тілі әлі күнге басым болып тұр. Әлі күнге сол тіл бірінші қатарда. Қазіргі қазақ бизнесінің тілі де орысша. Бизнес орталықтарының қай-қайсысына барсаң да, 90 пайызы – әдемі киінген, жүріс-тұрысы ғажап өзіміздің қазақтар. Бірақ 70-80 пайызы қазақша сөйлемейді. Биліктің түсінігінше, қазақтың материалдық жағдайын жақсартатын күш – бизнес. Ал сол бизнестегілер қазақшаны керек етпейді. Бұл да – қорқынышты.

– Дін мәселесі туралы да баспасөз беттерінде біраз мәселелерді қозғаныңызды білеміз...

– Дін төңірегіндегі былықтар жайында Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәліге ашық хат жазғанмын. Бірақ мүфти жауап бермеді. Біздің қазіргі дінімізде ешқандай береке жоқ. Шетелдік кірме діндер қаптап кетті, олардың өкілдері әрбір пәтерге кіріп, аралап жүріп діндерін насихаттайды. Діни оқу құралдарының қазақшаға аударылған нұсқаларын таратады. Көбі: «Діннің ең таза нұсқасы – біздікі» дегенді ашықтан-ашық айтатын болған. Мен осындай берекесіздіктер жайында, өлімді саудаға салып жүрген молдасымақтар туралы, дініміздегі жүйесіздікгер жайлы айттым.

Көп жерлерде қазір дүмше молдалар отыр. Оқып келген жастар аз. Бір кезде бастық болған, бригадир, болғандар зейнетке шығып алып, молда болып кеткен. «Дүмше молда дін бұзар» дегендей, осының бәрі дінді бұзып жүр. Кісі өлтірген, пара алған молдалар туралы сұмдықтарды да айттым. Бас имам сонда да ләм деп жауап қатқан жоқ. Тек бірде, «Жас алаш» газетіндегі мақаласымағында: «өздері білмейтіндер бізге ақыл айтады» депті. Ал «пәлен мешіт аштық, пәлен бала оқыттық» дегені аудандық әкімнің есебі сияқты бірдеңе, діннің қадір-қасиеті туралы бір ауыз сөз жоқ. Мешітті көбейте бергеннен дін түзеле ме? Анда-санда елді аралағанда көретінім – ауыл басы мешіт салатын болыпты. Бұл – жақсы жағы, ал жаман жағы – біреу атасының атын, біреу әкесінің атын қояды екен. Тіпті: «Мынау пәлен деген рудың мешіті, оған анау рудың адамдары келмесін. Әркім өз мешіттеріне барсын» деген әңгіме де шығыпты. Бір ауылда отырып діни қақ жарылу деген не сұмдық?! Бұл – елімізде діннің бетімен кеткендігі! Ойым он сан болады, жаным ауырады.

Жанымды ауыртатын және бір мәселе – Алматыдағы құрылыс. Осы қым-қиғаш құрылыс жөнінде сан мақала жаздым. Алматының құрылысы бей-берекет салынып жатыр. Мына жерде отырып бұрын біз Алатауды, Көктөбені көруші едік. Қазір ештеңе көрінбейді, айнала биік-биік үй салып тастады. Бұрынғы келіп тұратын леп те жоқ. Айқыш-үйқыш етіп, жиырма қабатты, одан да биік үйлер салып жатыр. Осының не керегі бар? Сұрастырып қарасам, осының бәрін салып жатқандар – негізінен шетелдік жекеменшік фирмалар мен компаниялар. Олар Қалалық сәулет-құрылыс басқармасына бағынбайды екен, өздері жобалайды, жерсілкініске қаншалықты берік екендігін де тексерпейді.

Мен баяғыда Жазушылар одағының әдеби қорының директоры болып тұрған кезімде, Жамбыл көшесінен жазушыларға арнап үй салдырдым. Сонда 40 пәтерге 500 000 рубль жұмсалған болатын. Ал енді қазіргі мына салынып жатқан үйлер пәленбай миллион доллар тұрады. Жаңа үлгіде салынып жатқан аз пәтерлі элит үйлердің әрқайсысының орнына бұрынғымыздай 40 пәтерлі он үй салуға болады екен. Соны салса, анау Алматының әйгілі «жетім

бұрышында» не үй. не пәтер таба алмай сандалып жүрген, пәтер жалдаудың кезегінде тұрған қазақ отбасылары үйлі болар еді. Тіпті он үй емес, 40 пәтерден бес үй салғанның өзінде 200 отбасы пәтерлі болады екен. Мен осы мәселені де жаздым. Қала басшылары ләм демеді. Сондай-ақ, қазірде бұрын белгілі бір мекемелерге қараған жатақханалар сатыла бастады, біразын сатып та жіберді. Жатақхананы қалтасы қалың біреу алып, бұрыннан тұрып жатқан тұрғындарды қуып шығатын болды. Мың кісі ме, жүз кісі ме, оларға бәрібір, соттың шешімімен, полицияның күшімен далаға лақтырып тастайды. Ал онда отырғандар – басқа жақтан босып келгендер емес, өзіміздің қазақтар. Сөйтіп, ол жатақханаларды бұзып, орнына казино, ойынхана, сырахана, дүкен салады. Балабақшалар, жатақханалар осындай күйде. Үкімет жатақхананы сатпай болмайды десе, сонда тұрып жатқан отбасыларына сатсын, лайықты бағасына. Отбасыларының қолма-қол берер ақшасы болмаса, қызмет істейтіндерінің жалақысынан ұстап отырып, өндіріп алысын. Қанша жанның көз жасына қалып, жылатып-сықтатқан обал емес пе? Осыны тоқтату керектігін айтып Президентке дейін хат жаздым. Жауап болмады.

Мына казиноларды қаладан әкету туралы да алғаш рет мен парламент Мәжілісінің төрағасы Орал Мұхамеджановқа хат жазып едім. Онда казино, ойын автоматтарының зияны туралы нақты-нақты айтып: «хатымды депутаттарға таратып беріңіз, осы мәселені қараңыздар. Казиноны қаладан алып кетіңіздер» деген болатынмын. Содан екі ай тостым, жауап берген ешкім болған жоқ. Бұл алдыңғы жылы болатын. Содан парламенттен жауап келмеген соң «Жас алаш» газетіне «Мұхамеджанов мыңқ етпеді» деген мақала жазып, хатымды қоса бердім. Бірақ оған да жауап келмеді. Енді былтырдан бері «казиноны қаладан көшіру туралы президент айтты, депутаттар көтеріпті» деп шулап жатыр ғой. Менің ұсынысымды пайдаланғандары даусыз. Ал енді Астанадағы казиноларды Бурабайға көшірмекші болып жатыр. Меніңше, бұл – зиян. Бурабай – табиғаты әсем, жұрт дем алатын тарихи жер. Егер ол жаққа казино баратын болса, ертең ол жерде де қасиет қалмайды. Мен былтыр сол жаққа жолым түсіп барғанмын.

Сөйтсем, күншығыс жағына көп қабатты үйлер салып, қала орнатып қойыпты. Шенеуніктер орманды ойып, үй сала бастапты. Біреулер үйлерін биік дуалмен қоршап, алдына күзет қойыпты. «Мынау кімдікі?» десең, «Пәленшекеңдікі, түгеншекеңдікі» дейді. Бәз-баяғы жылпостарынікі. Енді ертең казино барса, қарапайым жұрт ығыстырылып, шетке шығып қалатын болады.

– *«Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген сөз бар ғой. Сіз неден қорқасыз?*

– Біреулер «Мен ештеңеден қорықпаймын» деп жатады. Меніңше, ол – бос сөз. Адамның қорықпауы мүмкін емес. Батыр ағамыз Бауыржан Момышұлы: «Қорықпаймын» деген адам – дурак!» деген. Менің шошып жүргенім – біздің қоғамдағы енжарлық. Қаламдастарымның, мәдениет, қоғам қайраткерлерінің көбінің болып жатқан түрлі қиын жағдайларға назар аудармайтынынан, үн шығармайтынынан, енжарлығынан қорқамын. Әл-Фарабидің шығармасында «Енжарлық – ең қауіпті нәрсе» деген пікір бар екенін Әнуар Әлімжанов айтып еді. Енжарлық қоғамды жарға жығады. «Қойшы, менсіз де болатын нәрсе болады ғой, менсіз де айтатындар толып жатыр» деп, қарнын сипап, теледидарды көріп жата беретіндерден, «е, құдайдың көзі түзу болсын», «құдай пендесін аштан өлтірмейді» дейтін немқұрайдылықтан қорқу керек. Мен еліміздің көп жерлерінде болып тұрамын. Барған жерлерде неше түрлі мәселелер айтылады. Жасы бар, кәрісі бар, бәрі: «ауыз су жоқ, жылу жоқ, жарық жоқ» деп отырады. Ол жағдайларын көріп те жүрмін. Мен «Енді соларды неге айтпайсындар, неге облысқа немесе одан жоғарыға жеткізбейсіндер?» десең, «бізсіз де айтатындар бар шығар» дейді. Барлық жерде байқайтыным – осы енжарлық. Мен осыдан қорқамын.

Тағы бір қорқынышты нәрсе – екіжүзділік. Көптеген шенеуніктеріміз, депутаттарымыз бүгін былай, ертең олай сөйлейді. Қоғамдық, мемлекеттік маңызы бар мәселелер талқыланған кезде алдын ала «ой, бұл – дұрыс емес» деп отырады да, «кім қолдайды?» деген кезде, үнсіз қолдарын көтере қояды. Жерді сату туралы заң талқыланған кезде біздің парламентте отырған жазушыларымыздың бәрі де қол қойды ғой. Талқылауда: «Жер – Анаң! Жерді сатқаның –

Анаңды сатқаның!» деп арқыраған атақты жазушы ағаңның да қол қойып шыға бергенін білетін шығарсың? Неге? Өйткені олардың бірі – «Парасат», бірі – басқа да орден, медальдармен марапатталатын болған. Содан аса алмай, соңында үнсіз қалды бәрі. Міне, адамның, қоғамның берекесін кетіретін осы екі жаман қасиеттен қорқамын. Мен де осы жаман құбылысқа қарсы күресіп, жазып та, айтып та жүрмін.

– Сізден ақыл-кеңес сұрайтындар көп шығар?

– Бар. Болып тұрады. Мен: «О, менде ақыл деген нөпір және сутегін ғой» деп қалжыңдаймын да, білгенімді айтамын. Біреу – тұрмысын, біреу – баласының оқуын айтады. Енді бірі – арыз-шағымынан ештеңе шықпағанын айтады. Мен олардың жағдайын тиісті басшыларға жеткіземін, әрине, танитындарға. Қазір, бірақ, танитындар қалмай барады, басшылықта жастар көбейді, олардың дені, бізді білмек тұрғай, қазақша сөйлей алмайды. Содан кейін қайтейін, арыз-шағым иелеріне гәзет редакторларына баруға кенес беремін.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан – Үміт ЗҰЛХАРОВА.
(«50/50» гәзеті, № 4. 02.02.2007.)

«ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҰЛТТЫ» КӨКСЕУШІЛЕР – РУХАНИ ҚҰЛДАР!

Қоғамымызда әділеттілікті ту еткен атпал азаматтар баршылық дейтін болсақ, солардың бірі – көрнекті публицист, сатирик Ғаббас аға Қабышұлы екені даусыз. Қоғам тірлігіне үн қосудан талмаған қарт қаламгермен тілдесудің сәті түскен еді.

– «Сатира – күштілер қаруы» деп білгір ғалым Темірбек Қожаскеев айтпақшы, сықақшы Ғаббас ағаның шығармашылығы соңғы уақытта нендей дүниелермен толықты екен?

– Құдай бұйыртқан серігім – сықақ соңғы жылдары анау әлгі... бастықтарының алдап-арбауы, жемқорлығы салдарынан тақырға отырып қалған компания-фирмалардың әуелі 3-4 ай жалақы ала алмай, содан кейін ақысыз, мерзімсіз демалысқа шығарып жіберілген

жұмысшылары сияқты. Алайда мен оны майлығынан еріксіз айырсам да, шайлығынан айырған жоқпын. 2008-жылы «Көшпенділер» баспасы «Анау-мынауизация» деп аталған қолжазба-жинағымды өзі «құда түсіп» алып, қақпақтай кітап етіп берді. Одан кейінде мақаладан мойным босай қалса-ақ Сықаң екеуіміз кездесіп, шүйіркелесіп жүреміз. Айтпақшы, біле жүр, саған түйір зияны болмас, мақалаларымды жинақтап, «Жанайқай» деп ат қойып, былтыр үш баспагерге ұсынып едім, ондағы ағайындар шолып шығып: «Ойбай, ағатай, бұдан соң бізді оңдырмайды, ренжи көрмеңізші!» деп «әндетті». Оларға тажал болғаннан құдай сақтасын мені! Қолжазбамды жылы қымтап қойдым. Жатсын. Ертең ауа райы түзеліп, оны сол баспагерлердің өздері сұрауы да мүмкін ғой.

– *Ғаббас аға, сіз бір сөзіңізде не президенттің, не паремьер-министрдің бетіне тура қарай алатын депутат жоқ деген едіңіз. Сіздіңше сонда халық қалаулыларының ешқайсысы шындық деп шырылдамайтын болғаны ма?*

– Бүгінгі бірпартиялы парламентте «шһәй!» деп қой үркітер депутат бар деу... үркіткісі келетіндер болар, бірақ өйту қайда?! Ұстап отырғандары – біртүсті белет!.. Біздің батпан билік белетінің түсі басқа: Серікболсын Әбділдин, Төлен Тоқтасынов, Зәуреш Баталова, Болат Әбілев, Серікбай Әлібаев, Мұхтар Шаханов және басқа депутаттардан, «қарағайға талды жалғап» дегендей, кезінде жанталасып құтылған. Сақылдап сынай берген соң. Сөйтіп, дұрысын да дұрыс, бұрысын да дұрыс деп отыратындарын иіріп алған. Бір иірілгеннен шашау шығушы ма еді?!

– *Бүгінде дүйім жұрт біздегі Ассамблеяның «доктрина» дегенінің дүрбелеңін көріп отыр. Сіздің Ассамблеяға, ол ұсынған «Ел бірлігі» доктринасына қарсы екеніңізді білеміз. Ол ойыңызға алып-қосарыңыз болса...*

– Шындығын айту керек, «қазақстандық ұлтты» көксеуші билікшілдер – құлдар. Мен жақсылық ниетті көздеген доктрина болғанын естіген емеспін. Қару-жарақ күшіне сенген озбыр мемлекеттерде басқыншылықты, басқаларға өктемдік жасауды көздеген әскери доктриналар болды, қазір де бар. Егер біздегі ассамблеяның доктринасы игі ниетті десек, оған бірлігі баяғыда ұйыған елдің

бірлігін бүгін «қайтадан ұйыту» неге керек болды? Жүйелі ой-кисын қайда? «Ел бірлігі» доктринасының исі қазаққа, сондай-ақ қазақтың ақ ниеттілігіне, достыққа адалдығына тәнті басқа ағайындарға керегі шамалы екеніне көзім жетті. «Әп бәрекелді! Мынау сөзі жаңалық екен!.. Конституциямыздың кетігіне қаланған екен!.. Бәсе осылай болса керек еді!..» дейтіндей жаңалығы жоқ. Сондай доктринашыл «Қазақстан халық Ассамблеясы» дегеннің киіз үйге екі есік, үш шаңырақ орнату сияқты бірдеңе екенін айттым да, жаздым да. Сол пікірім – пікір.

– *Кезкелген істің бір кемшілігі болатыны анық. Үкіметтің кемшілігін айтып та, жазып та жүрген жанның бірісіз. Ал, оппозицияның кемшін тұсын атап көрсете аласыз ба?*

– Оппозицияның кемшілігі – «бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығару» ауадай қажет екеніне мән бермей, бергілері келмей жүргендікте. Соны құрылтайларында айтқаным, мақала етіп жазғаным үшін олар менімен «некелерін» бұзды, «ажырасып» тындық. Жалпы бізде демократияны бағдар етуші серкелер тым көп. Жиыны жиырма шақты. Бір ғана «Желтоқсан» ұранды топтың өзі алтау-жетеу. «Бөлінгенді бөрі жейді» ұмытылды.

– *Оппозицияшыл болғаныңыз үшін «таяқ» жеген сәттеріңіз бар ма?*

– «Таяқ» дейсің бе?.. Әкежан Қажыгелдин, Ғалымжан Жақиянов, «Қазақгейт» туралы мақалам жарияланғанда әлдекімдер үйіме телефон соғып: «Жасың жетпіске жетсін бе, жетпесін бе?!» деп, тағы бірдеңе деп былжырады. Орыс тілінде сөйлесе де, қазақ екеніне шүбәланбай, үш жолы да: «Әй, шалақазақ, кімсің, не керек, ашып айт! Кездескің келсе, кездесуге кел!» дедім. Содан кейін ешкім «хабарласпады».

– *Кейбір ақын-жазушымыздың атақ-даңқ алуға өздерін ұсындырып жүретіні естіліп жатады. Шығармашылық жолдағы жандардың сондай әрекетіне қалай қарайсыз?*

– Пәлен-пәштуән атақ, сый-сияпат дегенге ешқашан көңіл бөлген емеспін. Жазушылар одағында қызмет істеген жылдарымда біраз «жамбас, жілікті мүжуіме» болатын еді, обалы не керек, бірінші басшыларымыз Әнуар Әлімжанов, Қалдарбек Найманба-

ев, Қалаубек Тұрсынқұлов ұжымнан орден-медальге, силыққа ұсынылатындар тізімін жасағандарында өзімді өшіртіп тастап жүрдім. Сөйткен бір күні үшінші хатшымыз Қалаубек: «Награда мәселесінде екеуіміз ағайынды екенбіз», деп жымыңдағаны бар. Қалекеннің де өзін ұсындырмайтынын кейін білдім.

– *Атақ-даңқ іздемейсіз. Әйтсе де, еңбегіңнің ел алдында еленіп жатуы көңіл қуантарлық жәйт емес пе?*

– «Халықаралық «Алаш» әдеби силығының иегері», «Қазақстанның Құрметті жорналшысы» деген мықты екі атағым бар. Әбден жетіп жатыр. Бұларды сұрап алған емеспін. Жазушылар одағымыздың Деректі проза секциясының төрағасы қаламгер Серік Әбдірайымұлының (ақжарқын жігіт еді, топырағы торқа болсын!) және Қазақстан Жорналшылар одағы басқармасының төрағасы Сейітқазы Матаев мырзаның (100 жасасын!) өздері біліп марапаттағандары. Алғысыма Серіктің айтқаны: «Ғаб-аға-ау, қашанғы үндемей жүре бересіз?» болды. Сейітқазы: «Басқа атақтары жеткілікті кейбіреулер «маған әпер!» деп жүйкемді жеді, сізше жаза алмаса да, ал сіз жүрсіз, стажыңыз қырық жыл болса да...» деп реніш білдірді.

– *Өз дініміздің мәселесі шашетектен болса да, Астананы әлемдік діндер орталығына айналдыру қолға алынды, ол мүмкін бе?*

– Астананың әлемдік дін орталығына айналуы мүмкін, егер билік кіріссе. Бірақ одан Қазақстанға, қазаққа бидайдың жалғыз дәніндей пайда келмейді! Санақ орындарының дерегі деп естуімше, қазірдің өзінде мыңдаған қазақ бөгде дінге кіріп кеткен. Бұл – тәуелсіз Қазақстандағы шетжұрттық діни ұйымдар жүргізіп келе жатқан насихаттың кесірі! Бізде ондай ұйымдардың ресми тіркелгені 3 мыңға, ал тіркелу кезегіндегілерінің саны 1 мыңға жуық екен. Солардың алдап-арбауына тап болып, ері мен әйелі екі дінге бөлініп, шаңырағы шағылған қазақ қанша екенін кім біледі? Оның үстіне біздің зиялы қауымдағы әсіресауаттылар исламды «сорттап», сан түрін тауып, жеке-жеке «отау тігіп» жатыр. Ал шетелдік діни ұйымдардың ешқайсысы Қазақстанға исламды ілгерілету үшін, қазақты қазақ ету үшін келеді дей аламыз ба? Жоқ! Керісінше! Демек, әлемдік дін орталығын көксеушілер

мен дәріптеушілер, яғни ислам дінімізді боршалаушылар бізде Мұхаммед пайғамбардың үмбеті басым көпшілік болуына мүдделі емес. Бұған әсіресе мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі қыңқ етпей жүр. Мүфтиге дін шаруасындағы шатқаяқтық туралы соңғы жылдары гәзет арқылы ашық екі хат жолдадым, ал ол бүгін – Алматыда, ертең – Астанада, бүрсүгүні – шел елде... жауап қайтаруға уақыты жоқ.

– *Алдағы уақытта төлқұжатта ұлт көрсетілмейді дейді. Мұның астарында ұлтсыздандыру саясаты жатқан жоқ па?*

– Төлқұжатта ұлтымыздың көрсетілмеуі – біздің ұлтсыздануымызды тездетудің шарасы. «Еуропада солай», «Америкада солай» дейді. Шет елдерге шұлғитын ауруға шалдыққанымыз қашан?!. «Біздің Қазақстанда былай!», «Бізде, қазақта, – былай!» дегенді еститін күн болар ма екен?!

– *Тілдік қолданыста көп сөздердің орынды-орынсыз қолданылып жүрген жайы бар. Осы турасындағы ойыңызды білсек...*

– Тіл туралы ма?.. «Айта-айта Алтайды, Жамал апай қартайдының» аяғын құшып жүрміз. Бүгінде арамызда жоқ ұстазым, қазақы күлкінің қаһарманы Садықбек Адамбеков 1998 жылы:

Басқа емес, үкіметтің үйінде

Ана тілім сол жетімек күйінде...

Қазақтар қазақша сөйлесе таңданып,

Бастықтар қызараңдайды шамданып,

Бас шайқайды паңданып... – деп қыжырта күлген еді.

Өкінішке қарай, бұл шумақ жуықта ескірмейтін шығар.

Ендігі бір әттең – «тіл... тіл...» деген сайын тіліміздің шұбарлана түсетіні. Құдды әлдебіреулер әдейі қарсы әрекет жасап жүрген сияқты. Пәленбай жыл бойы иық көрсеткен орыс тілінің иегі астынан шығудың орнына оның құшағына кіре түстік.

Парсылар ұсақ шегені «мық» депті. Етікшілердің кәсіп мүлкі. Бұл сөздің бір заманда бізден ауысқан болуы да мүмкін. Мысалы, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» дастанымызда:

«...Мығы бар сауыр етік табанында,

Құдайға құлшылық қыл амаңыңда...» – деген бар. Яғни «мық»

– етіктің ұлтанын, тақасын ұстатуға қағылатын шеге. Оның ұсақ болатыны сондықтан. Біз мұны ешқашан майыспайтын, сынбайтын қуатты темір шеге деп түсіндіріп жүрміз. Олай емес. «Мықты» деуіміз «мық» сөзінен шыққан болар деп те ойлауымыз мүмкін ол шеге: қайыңнан, тобылғыдан, аршадан, сексеуілден жасалады.

Қоғам, комитет, департамент, комиссия құрылады, ал тіл мәселесі қойыртпақтала түседі. Мысалы, мен, айтулы тіл маманы болмасам да, 1972-жылдан бастап тіліміздің пәрмені, мәртебесі, тазалығы туралы жазып келем. Оқыған қаламдастарым, тіл мамандары жолыға қалғанда: «Пәлен гәзеттегі түглен мақалаң жақсы екен, дұрыс!» дейді. Бірақ ләм деп қостамайды.

Сонғы үш жыл бойы «жаңағы» деген сөзді сағызға айналдырып алдық, «жаңағы... жаңағы...» деп мінберлерде шайнаңдап тұратындар, телеэкранда шайнаңдап отыратындар көбейіп барды.

Орыс тілінің жетегінен құтылудың орына оған жабыса түстік. Олар сөзді тілінің қалыбына қарай көбінесе: «Вы знаете...» деп бастайды ғой, біз де: «Сіз білесіз бе...» деп бастауға көштік. «Уважение к человеку», «Забота о коллективе» десе, «Адамға деген құрмет», «Ұжымға деген қамқорлық» дейміз, орыс «о», «к» десе-ақ біз «деген» деп дедектейміз. «Құрайды» дейтін құдай атқан сөзді тауып алдық, «10 мың – 100 мыңның 10 пайызы» демей, «...10 пайызын құрайды» дейтін болдық. Ата-бабамыздың «отбасы» деген асыл сөзін «жанұя» деген жасық, қате сөзге айырбастап тындық, «Кеудемде шыбын жаным барда», «кеудемнен жаным шыққанша»... деп, адам жанының ұясы кеуде екенін қай мағынасына сайдырсаң да дұрыс айтқанын бүгінгі біз қажетсіз жаңалыққа айналдырдық.

Гәзет-журналдарымыздың көбі «анонс», «P. S.» деуге әуес. Қазақ тіліндегі баламасын қажет етпейді. Шетелдер тілінің қайсысына болсын сөзбе-сөз балама табылмаған жаңдайда оны қазақтың екі-үш сөзімен беру тілімізді шұбарланудан сақтауға бір мысқал болсын пайдасы тиетінін ескермейді. Француздың «анонсын» «келесі санда», «алдағы санда» десек, несі қате, несі айып? Ал латынның «постскриптумын» (P. S.) – айтып өткен пікірге орай қосымшаны – қазақ тілінде баяғыдан бар «айтпақшы» деп қолданбайтынымыз

қалай? Әлде тіліміздің төл сөзі тілімізге жараспайтын болды ма?

«Үш тұғырлы тіл» саясатының жаушысы ретінде тілімізге нарық жалауымен келіп кірген ағылшын, француз, неміс сөздері мемлекеттік тіліміз үшін ауыр жүкке айналды. Мәселен, бала шағымыздан естіп өскен «басқарма» сөзімізді француздың «департаментіне» асатып жібердік. «Ой-сана өрісі», «ой-сана деңгейі», «мінез-құлқы» деген ұғымды сөз тіркесіміз «менталитетке» жем болды.

Жалпы, біздің қазақтілді баспасөз беттерінде, оның ішінде, әсіресе, әдеби апталықтардың сын-талдау мақалаларында бөгде сөз өріп жүреді. Ол – ана тіліміздің ажарын, байлығын, қуатын білмеушілік, бөгде сөзге лайықты балама іздеп қиналмаушылық. Сондай «құнды» дүниелерді кездестіргенімде әзіл-сықақшы түрік Әзиз Несиннің бір «ғалым» кейіпкерінің: «Жазғаның неғұрлым түсініксіз болса, соғұрлым бағалы болады!» деген өсиеті есіме түседі. ...Қайсыбірін айтарсың! Сылай берсең, жара көп. Кеше: «Тіл өнері дертпен тең» (Абай) деп едік, бүгін: тіл, тіл болғанда – қазақ тілі, Қазақстанның мемлекеттік тілі «әләуләйі бітсе, хәләуләйі бар» (Алдар көсе) «жырмен» тең болып тұр. «Айға адам ұшты!», «Айға адам барып қонды!» деген айқай аспанды жаңғырықтырған кезде әжем: «Ай жарықтықта нелері бар? Сөйтіп жүріп, бір күні құлатып алады ғой?!» деп еді, сол айтқандай, тіл, тіл деп ауыз жаппай күйініп жүргенімізде тіліміздің бір күні ағылшын, орыс тілдерінің атқосшысы міндетін атқаруға мәжбүр болмасына кім кепіл?

– *Дәл бүгінгі күні біздің қазақ барлық салада өзін мемлекет құраушы ұлт ретінде танытып жүр ме?*

– Қазақ мемлекет құраушы ұлт болу үшін: тілі мемлекеттік мызғымас мәртебе алуы, өкіметі, үкіметі, парламенті мемлекеттік тілде сөйлеуі шарт. Бұл бізде қағаз бетінде, ал іс жүзінде – астапыралла! Тәуелсіз Қазақ елінің президенті осы 19 жыл ішінде алыс-жақын ондаған елде болды және соның бәрінде орысша сөйлеуден жаңылмады. Шет елдердің басшыларын Астанада қабылдағанда да сөйтеді. Қазақстан қазақ мемлекеті емес, орыс мемлекеті дерсің. Шетелдік меймандарымыздың бірнешеуі «пәлен күнде бір ауыз қазақ сөзін ести алмадық» дегенді айтып аттанса да, біздің

«көсемдер» селт етпеді. Қазіргі премьер-министр таққа мінген күні қазақ тілін тез үйреніп алуға уәде берген, келесі бір жиында, екі-үш айдан соң, қазақ қызметкері жазып берген сөзін ежіктеп оқып, соңында уәдесін тағы қайталаған. Содан бері үш жыл өтті, ал К. Мәсімов мырза қазақ тілін керек етпеді, орыс тілінде сайрап жүр. Халықты алдау емей немене?

– *Қазақтың бойында немқұрайдылық пен бойкүйездік басым деп жиі айтасыз. Бұлар қазақтың қанына сіңіп кеткен бе? Одан арылуға бола ма?*

– Қоғамымызда орын алған небір келеңсіздіктердің себебі – біздің немкеттіліктің, немқұрайдылықтың батпағында малшынып отырғанымыз. Қазақ елінің, жерінің байлығы неге шетелдік ашқарақтардың құлқынына құйылып жатыр, Нұрсұлтан Назарбаевтың отбасы, ағайын-туыстары, құдалары неге солардың сойылын соғып отыр? «Қазақгейт» шатағы кімнен, неге шықты? Сол пәлекеттің бір белгісі болып, Қазақстан басшылары алған пара делініп қайтарылған 84 миллион доллар үшін кім жазаланды? Ол қаржы қазір қайда, неге, қалай жұмсалуда? Әлде ол сол паракорлардың қалталарына қайтадан түсіп кетті ме?.. Президент отбасындағы былықтың жаңа көрінісі (тәуелсіз гәзеттер айпарадай етіп жазды!) – ортаншы қызының Швейцарияда 8000 гектар жер, үй-жай сатып алуына жұмсалған 74 миллион доллар оған қайдан келді? Күйеуі екеуі жоғарғы оқу орнын бітіргендеріне он жыл болар-болмаста 4 миллиард доллар «еңбекақыны» қалай, қайдан тапты?.. Үлкен күйеу баласы Рахат Әлиевтің істеп кеткені анау!.. Ауыл-селоларымыздың, тіпті бірнеше қаламыздың қаңырап қалғанына кім кінәлі? Көпбалалы отбасылар, еңбек және соғыс ардагерлері мен мүгедектер кеңестік кезде алып тұрған жәрдемнен неге қағылды?.. Міне, бұл сұрақтарға көпшілік жауап берілуін талап етпейді, өйткені немкеттілік, немқұрайдылықтың шымылдығы қалың. Мұхаммед әл-Фараби бабамыз: – Досыңнан сескенбе, – қатты болса сатып кетер; жауыңнан қорықпа, – қапыңды тапса өлтірер; сен немкеттіліктен қорық, – түбіңе сол жетер, – деген екен.

– *Қазақ баспасөзінің хал-ахуалы қалай?*

– Қазақ баспасөзі бүгінде екідай. Мемлекеттің табағына

қарағандар президентті, қоғамды ешбір мінсіз етіп, аспандатып мақтауға әбден төселіп алды. «Көсемдеріміз» бен «көсеулеріміз» шетінен әулие, кемеңгер, дана екен. Ол баспасөздің «қайраткерлері», меніңше, 2030-жылға дейінгі жалақыларына қоса силықтарын да алып алған сияқты. Сыни бағыттағы тәуелсіз баспасөз ұстанымына берік, билікті орынды түйреуден тартынар емес, бірақ биліктің оны тыңдауы басқаша: «белгісіз біреулер» журналшыларын сабайды, өлтіреді, гәзет таралымын тәркілейді, кеңсесін тонайды, өртейді. Хал-ахуал осы.

– *Елді шулатқан «Ел бірлігіне» қарсы М.Шаханов бастаған ұлт патриоттары 2015 жылға дейін іске асырылатын міндеттерді белгілеген Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының тұжырымдамасын жасап шығарғаны белгілі. Үкіметке жолданған бұл тұжырымдамадан белгілі бір нәтиже шығатынына сенесіз бе?*

– Сенгімкеледі-ақ, бірақ сене алмаймын, олжанат тұжырымдаманы қолдай қоймас. Анау да мынау «жаңалық», «жақсылық» науқаны көп болған үкімет халықты тағы несімен дүрліктірсе де... үкімет пен халық көлдің екі бетінде, арақатнастағы қайықтың түбі тесік, паром да, кеме де жоқ.

– *«Тәуелсіздікті қорғау» атты халықтық қозғалыс құрылғалы жатқанынан хабардарсыз. Ұлт жанашырларының басын қосқан бұл қозғалыстан не күтесіз?*

– Бізде не көп, қозғалыс пен партия көп. «Тәуелсіздікті қорғау» да керек болар, бірақ... бар гәп осы «бірақта». Жаңа қозғалысқа көзі ашық азаматтар көп қатыспай жол ашылмайды. Мен қатысармын, шамамның келгенінше көмектесермін. Қаламдастарымды шақырармын, бірақ... көбінің бір көзі ашық, бір көзі жабық және әрқайсысының бір ішкі есебі бар.

– *Ел азаматтарының Шаханов бастаған дабылынан кейін (оның арасында өзіңіз де барсыз), таяуда ғана Мәдениет және ақпарат министрі М. Құл-Мұхаммед Алматы қаласына арнайы келіп Тіл саясатын жүзеге асырудың жаңа кезеңіне арналған Мемлекеттік бағдарламасын әзірлеумен айналысатын арнайы жұмыс тобының алғашқы отырысын өткізіп кетті. Мемлекеттік*

тіл мәселесі бойынша атқарылуға тиіс істерді ұлт жанашырларымен бірлесе талқылаған Үкімет мүшелері айтылған пікірлердің бәрін ескере отырып, қордаланған проблемалардың барлығын шешуге уәде берді. Ал, осы мәселе турасында ел билігіне сенген емес, сенбейтін де Ғаббас аға не айтар екен?

– Ол басқосуға шақырылған жоқпын. Ал екі Мұхтар (Шаханов пен Құл-Мұхаммед мырзалар) ынтымақтасса, әрине, көп мәселе шешілер, талай іс тындырылар. Алайда министр Мұхтар бір өзі үкімет емес, оның бір сөзі не бір әрекеті мұндайда белсене қалатын билікке ұнамаса, оны бұл бағыттан аулақ бір қызметке жылжыта салу екеуіміздің осы сұхбаттан соң «Рахмет!.. Сау бол!» деуімізден де оңай.

– Тәуелсіз ел болғанына жиырма жылға жуықтаған Қазақстан шын мәніндегі демократиялы мемлекет бола алды ма?

– Президенттің «демократия» ұғымын кедейшілік пен бақытсыздыққа дейін құлдыратып, оны солармен қатар көруі мені қатты таңдандырды. Демократия дегеніміз – халықтың билігі, биліктің халық қамын ойлауы, халықпен кеңесіп отыруы, ұлт үшін қызмет етуі, мемлекетке, елге адал болуы. Әлемде демократияның сипаты осындай. Қазақта демократия болған жоқ деп кім айтты? Атам заманнан қазақ хандары мен билері демократиялық үрдістерге сай ел билеген, шешім қабылдаған. Қазақстан президентінің анау сөзін тыңдаған еуропалықтар ЕҚЫҰ төрағасын қалай қабылдар екен? «Елі де, халқы да демократияны түсінбейтін» мемлекет ЕҚЫҰ-ға қалай төраға болмақ сонда? Украина мен Грузияның мысалын келтіріп, елді қорқыту дұрыс емес. Керек десеңіз, бұл мемлекетаралық қарым-қатынасқа да салқынын тигізеді. Біздегі демократия – елес, ол тұман басқан әуежайға қона алмай айналып ұшып жүрген ұшақ сияқты. Президент нағыз демократ екенін көрсеткісі келсе, жазықсыз сотталған саясаткерлерді түрмеден босатсын, шетке кетуге мәжбүр болған азаматтарымызды ақтап, шақырып алсын. Оның сонда ғана елге ақыл айтуға құқы болады.

– Былтыр ғана ЕҚЫҰ дізгінін қолға алған Греция болды. Каролос Популияс ешқандай тілде емес, өздерінің туған тілі грек тілінде сөйледі. 2010 жылы ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету міндетін мойнына

алған Қазақстанның мемлекеттік хатшысы мемлекеттік тілді ұмытып, президентіміз Нұрсұлтан Назарбаев та елу алты елдің алдында бір кезде бізді отарлаған Ресей тілінде сөйледі. Неге?

– Бұл сауалыңа жауапты қайтарып та қойдым-ау, дегенмен қосарым бар. Болатхан атты дипломат болды, білетін шығарсың, фамилиясы – Тайжан. Ол жігіт Мәскеуде оқып жүрген студент кезінде-ақ КСРО Сыртқы істер министрлігіндегі арабшылардың көзіне түсіп, ол араб тілін өз төтесінен үйренген еді, штатқа қызметке алынып, КСРО-ның Египеттегі елшілігіне қызметке жіберілген. Сонда жүріп ағылшын, француз тілін игеріп алды. Кейін тәуелсіз Қазақстанды араб әлеміне танытты, Арабстанның он шақты елінде Төтенше және Өкілетті елші болды. Білімдарлығы мен қазақы намысшылдығы бір қамшының өріміндей жігіт еді. Үкіметіміздің алдына Қазақстанның шет елдердегі елшіліктерінде іс қағаздары мемлекеттік тілде жүргізілуі, қызметкерлері мемлекеттік тілде сөйлеуі керек деп мәселе қойған екен. Әп дегенде-ақ. Астанаға керек қағаздарды қазақ тілінде жазатын болған, Астанадан келетін қағаздардың қазақ тілінде болуын талап еткен. Дұрыс қой! Елін, халқын, мемлекетінің Конституциясын қадірлегені. Сол бағыты Сыртқы істер министрі Қасымжомарт Тоқаев мырзаға жақпаған да, ол Болатханға: – Басымды ауыртпай тыныш жүр! – депті. Бұл – министрдің немкеттілігіне... немкеттіліктің кесапат екеніне бір мысал. Болатханның төзімі таусылған да, мазалап жүрген ойын орайы келген бір жолы президент Назарбаевқа айтқан. Президент: «ойланайық, ақылдасайық» деген де, онысының ақыры Болатханды қызметтен босатып тастау, дипломатиялық жұмысқа жолатпай қою болды. Неткен бейбастақтық?! Неткен сорақылық?! Қазақстанға Болатханнан артық Сыртқы істер министрі керек емес еді, амал не?!

Айтпақшы, қазірде елімізді «Қазақстан республикасы» дегеннің орнына «Қазақ республикасы» деп атау керектігі айтылуда. Тіл саясаты жөніндегі жаңа бағдарламада талап етілді де. Меніңше, «Қазақстан» деу жөн. Парсының «стан» сөзі бір халықтың басым көпшілік болып шоғырланып отырған жері, атамекені, елі деген мағнаны білдіреді, яғни «Қазақстан» – «Қазақтың елі». «Республиканы» қосақтау қажет емес.

– *Өткен жылдың соңғы айында парламент «Босқындар туралы заңды» қабылдап, президент қол қойып бекітті. Осыдан қазақ не ұтты?*

– Халықаралық ұйымдардың талап-тілегіне иі бермейтін билік, сірә, ЕҚЫҰ-ның есігі кеңірек ашылсын деген шығар, бұл заңды тез қабылдады. Онда халықаралық ереже-тәртіпке орай осындай заңымыз болуы, елімізге келген босқындарды кері қайтармауымыз керектігі, оларға берілетін құжаттарды дайындауға, оларға қызмет етер тілмәштарға жалақыға беруге бюджеттен 4 миллион теңге шамасы қаржы бөлінгені айтылған. Ол заңсыз-ақ, былтыр бізге хазар, пуштын, тәжік бар 700-ге жуық босқын келіпті. Енді босқындарға жол кең ашылды, ағылып келулері заңдастырылды. О, қазақ! Төріңді даярлап, ерулігінді пісіре бер! Президент сайлауы 2012-жылы ма еді, әне, сонда сенің дауысың жетпей бара жатса, босқындар мен келімсектер көмектеседі. Ал бұлардың және шетелдік діни ұйымдардың, қазірдің өзінде қазақ қыздарын әйел етіп отырған пәленбай мың қытайдың, қырғиқабақ Қытайдан жайлауы кең Қазақ еліне үдере көшіп келген ұйғырлардың «арқасында» 2030-жылы Қазақстанда қазақ көп пе, кірме көп пе?» деп есеп жүргізуге қағаз-қарындашыңды әзірлей бер.

Солай, шырағым, «Босқындар туралы заң» атқа қонжиды. Ол үкіметтің де, анау сан-сапалақ қозғалыстардың да, партиялардың да жұмысын жеңілдетеді, бәріне «Қазақ қайда?» деген бір ғана сұрақты қалдырады. 19 жыл бойы шын мәнінде билікке – ермек, ұлтшыл перзенттерге – бейнет болып келе жатқан: демократия, ұлт, тіл, дін... мәселелері жайына қалады... «Неге?» дедің ғой, айтайын: соңғы санақ бойынша қазақ 65 пайыз екенбіз, ал «Босқындар туралы заңың» ың-шыңсыз қармаған соң алдағы екі-үш жылда бұл сан 45-50 болады. Әрине, ондайдан құдай сақтасын, біра-а-а-ақ күдекен: «Сақтансаң – сақтаймын!» демеді ме?!

– *Соңғы сұрақ. «Тасжарғанды» соттатқан депутат Мәдиновке деп бес теңгеліктің бір қапшығын дайындап қойғаныңызды оқыған едік. Депутатқа жеткізіп бере алдыңыз ба?*

– Ойда жоқта баюдың «тәсілін» тапқан депутат Мәдиновке «Тасжарған» төлер ақшаның сылдыры болсын деп бес теңгелікті

бір қапшық етіп жинап, оны иесіне гәзет арқылы хабарладым, бірақ ол «аламын!» деп сәлем айтпады, яғни менде жазық жоқ, содан кейін оны мешіттердің айналасында, вокзалдарда, көше бойларында, көкбазар маңында қол жайып отыратын мүгедектерге бес-алты айда үлестіріп болып, ең соңғысына қапшығымды қоса бердім. Мүгедектікке ұшыраған адамдардың ар-ұяты мүгедек бола бермейді, тағдыр тауқыметімен алақан жайғандардың көбі сенің қанша бергеніңе қарамайды, ілтипатыңа риза жүзбен алланы аузына ала бетін сипап, рахметін, ақ тілегін айтады.

Сұхбаттасқан: **Гүлмира САДЫҚОВА.**
(2010 ж. «Жас алаш» гәзеті.)

МҰРАТТЫҢ ОНЫСЫ НЕСІ?!

Газетіміздің тілшісі белсенді авторымыз – белгілі жазушы-журналшы Ғаббас Қабышұлына телефон шалып, бірер сұраққа жауап беруді өтініп еді. Жедел жүргізілген осы сұхбатты назарларыңызға ұсынып отырмыз.

– *Ғаб-аға, сәлеметсіз бе?*

– Құдайға шүкір. Өздеріңде не жаңалық, не жақсылық?

– *Сізге қоймақ сұрағым бар еді.*

– Құлағым өзінде.

– *«Қазақстан халықтарының ассамблеясы», оның «Ел бірлігі» деген доктринасы туралы пікіріңіз сол қалпында ма?*

– Әрине. «Ел бірлігі» доктринасы десек, қазақ жерінде сонау ертеде болып қайтқан шетелдік саяхатшы-ғалымдар да, олардан бертінде болған меймандарымыз да ауызша-жазбаша сүйіне атап көрсеткендей, қазақтың табиғи мейманқостығы мен кеңпейілділігі және кешірімділігі, көнбістігі арқасында қазақстандықтар өзара ешбір алыс-жұлыссыз өмір сүріп келеді. Яғни, бірлігі баяғыда қалыптасқан елдің «бірлігін қалыптастыруды көздеген доктрина» деген бірдеңе пайда болды ғой. Оны шығарып отырған «Қазақстан Халықтарының ассамблеясы» дегеннің өзі немене? Қазақ жерін мекендеп отырған ұлыстардың бәрінің де Мәдени орталығы бар, олар шеше алмаған ұлт-ұлысаралық мәселе болған жоқ, ал «болды» дегеннің өзінде ол орталықтар жүгінетін: ауылдық,

аудандық, қалалық, облыстық Мәдениет департаменттері, одан жоғарыда облыстық әкімдіктер, одан жоғарыда министрліктер, одан жоғарыда қос шатырлы парламент, одан да жоғарыда президент бар. Сірә, солардың ешқайсысының пәрмені мен дәрмені жетпейтін ұлыс-ұлтаралық мәселелер болып жатқан соң, ассамблея құру керек болған-ау! Бұл ассамблея – киіз үйге екінші шаңырақ орнату!

– *Доктринаның гажаптығын насихаттаушылар қатарына Әуезов Мұрат ініңіз де қосылды. Конституциядан гөрі өрісі кең, өресі биік дегендей пікір өрбітті.*

– Мұраттың онысы несі екен? Конституция – қысқа да нұсқа құжат, бірақ оның баптарынан бүкіл тірлігімізге қажет қағидаларды таратып алуға болады. Доктрина-моктрина дегендерді ойлап табу – әсіребілгіштердің ермегі. Ол ертең-ақ жайына қалады. Бізде қабылдануынан ұмытылуы жылдам шешім көп емес пе, сәл шыдалық. Ал, Мұрат қашан, қайда айтқан?

– *«Свобода слова» газетінің 18-наурыздағы санында жарияланған, «Не им, бандерлогам, править бал!» деген сұхбатында.*

– Мен білетін Мұрат өйтіп тым дөрекі тақырып қоймаса керек еді, сірә, редакцияның айғай-сүреңшіл біреуі қойған шығар. Мұраттың иі жұмсақтау, көнген ғой.

– *Ал «бандерлог» дегені не сөз?*

– Ағылшын Киплинг деген жазушы болғанын білесің ғой, Бомбейде туып-өскен. Соның бір әңгімесінде маймылдардың бандерлог дейтін түрі туралы айтылады. Мұрат оны неге жаратып қолданды екен?

– *Мақаласы көлемді, газеттің екі бетін алып жатыр.*

– Көрген жоқпын.

– *Аға, телефон шалып мазалау себебім: сізге сол мақалаға байланысты бірнеше сұрақ қойғым келді.*

– Негізгі бір-екі сұрақ та жетер, көбейтіп қайтесің.

– *Анау аласапыран жылдары Қарағанды лагерінде отырып шыққан, бүгінде әулие атанып жүрген Севастьян дейтіннің: «Наполненная кровью мучеников и освященная их молитвами бесконечная степь Казахстана» деген сөзіне жүгінген Мұрат Әуезов*

былай депті: «Если бы у меня была такая возможность, то в преамбулу доктрины народа Казахстана, я бы с легкой душой включил бы слова старца Севастьяна».

– Жетіскен екен! «Халық жауы» деген жаламен айдалып, әйтеуір оралған жайсандарымыздың мысалы, Қайым Мұхамедханов ағамыздың қарасөзбен де, өлеңмен де паш еткен ойлары севастьяндардың сөздерін он орап алады. Оларды оқымай, қазағын орысқа теліген екен ғой? Мұраттан ондайды күтпеген едім.

– *Тағзы оқыын: «Очень показательны нападки людей с психологией бандерлогов на Олжаса Сулейменова...»*

– Тоқтай қал. Олжас туралы басқа да сөздері болса, жиып-теріп бір-ақ айтқайсың, шашыратпай.

– *Ендеше, теріп-теріп оқыын: «И эти злобные карликовые нападки происходят в Алма-Ате... До сих пор помню строки из первого сборника Сулейменова «Аргамаки»: Бросим робким тропам грохот копыт в лицо... По ряду вопросов я не согласен с Олжасом. Но я видел и помню, в каких условиях создавалась книга «Аз и Я». Тогда Сулейменов отважно шел по лезвию ножа... Олжас поэт от Бога... у Олжаса Сулейменова есть кодекс мужской чести, и он давно доказал, что стоит выше власти...»*

Айтпақшы, бұл пікірлерінің «кіріспесінде» мынадайы бар: «В последнее время они активизировались, что проявляется в нападках на подлинных творцов». Мұнысындағы «они» дегені – әлгі «бандерлогі».

– Кешіргін, тоқтай қалғын. Арғы жағы белгілі. «Культуролог» дегенді «мәдениеттанушы» деуші ме едік, сондай атағы бар Мұраттың аузынан: «бандерлоги», «злобные карликовые нападки» деген сөздер шықты дегенге сенгім келмейді, жоқ! «Карликиді» сонау бір жылы Олжас айтқан. Өзін нигилист деп сынағандар туралы. Олжасты ешкім беталды, жазықсыз сынап жүрген жоқ. Меніңше, кім болса да, бір кезде өзі жақсы көрген, әлі де оны-мұны ағаттыққа қимайтын адамның теріс сөз-ісіне ренжігендіктен ауызша не жазбаша сынап-мінейді, адаспаса екен дейді. Ал, ақын ағаң оны ойламайды, егер ойласа, өз қателігін, ағаттығын мойындар еді. Жаңа сен «в Алма-Ате» деп оқыдың ғой, ақын ағаңның

соңғы қиғаш пікірлерінің бірі сол – Алматыны қайтадан «Алма-Ата» деп атауы керек, жалпы қала аттарын қазақ қазақша, орыс орысша жаза берсін дегені. Халықты тобыр деп атаған сұхбатында солай депті.

– *Оқыдым.*

– Ол Петропавловск мен Павлодар қалаларының ежелгі қазақ аттарын жоқтамайды, сірә, оның ойынша, қазақ даласын жоңғарлардан аман сақтап қалғандар сол Петр мен Павел болса керек... Ал менің оған алғаш ренжу себебімді білесің, алайда ұмытып қалған, немесе естімеген оқырмандарың үшін қысқаша айтып өтейін. Қазақ жеріне қасірет әкелген Семей полигонын жабу үшін күресті ресми бастаған адам Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Кешірім Бозтаев болды. Олжас бастаған «Невада-Семипалатинск» қозғалысы соның дүмпуімен бір аптадан кейін құрылды.

Президент Назарбаевтың жеке басына табынудай болмаса да, ақын Олжастың жеке басына табыну да әжептәуір бар. Сондай қолпашқа еті үйренген кісі «соқыр ұстағанынан айрылмайды, саңырау естігенінен жаңылмайдының» керін құшып жүреді.

Олжастың шығармаларындағы: дала, арғымақ, қыпшақ, тағы басқасына тамсанушылар – қазақтың өзін, даласын, тірлігін көріп-білмеген сырттағылар. Іштегілер болса, олар – қала қазақтарынан шыққан шала қазақтар, бұрынғы-соңғы ақындарымыздың не жазғандарынан бейхабарлар. Ауызша, жазбаша әдебиеттерімізде қалыс қалған қазақы тақырып жоқ. Мысалы, Абайдың аруағын мазаламай-ақ, мысалы, Мәуленов Сырбай ағамызды еске алсақ, ол «қазақ поэзиясының Құлагері» деп мақтаныш еткен Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» дастанындағы арғымақ олжастардың арғымақтарынан кем деп кім айта алады? Құлагердің сымбаты, ол замандағы тірлігіміздің ахуалы қазақ емес оқырманға белгісіз десек, оны дастанның ең болмаса өзіміздегі орыс оқырмандарды тамсантардай дәрежеде аударылмағанын көрейік.

Жалпы бар ғой, Олжас Сүлейменов қазақ поэзиясына ешқандай жаңалық енгізе алған жоқ, енгізе алмайды да. Ол, ең шірегеннің өзінде, «Қазақстанның орыс тілді ақыны» делініп қалады .

Ағаңның көпке танылуына бірден-бір себеп «Адамға табын, Жер, енді!» өлеңі болды. Ғарыш әлемінің есігін алғаш ашқан Юрий Гагаринге тайлы-таяқтымыз түгел уралап қол соғып, төбеміз көкке жеткен. Ортақ отанымыз КСРО-ның АҚШ-қа шаң қаптырып кеткеніне масаттанғанбыз, яғни ол оқиға ғылымидан бұрын саяси жеңіс болды, Олжас өлеңі басылған парақшаны көктен шашудың негізгі себебі де сол еді. Ал той-томалақ қызуы өлеңнің тақырыбы мен түйініндегі қателікті аңғартпады. Ол қателік Адамзаттың Анасы – Жерге: – Балаңа табын! – деп бұйрық беру. «Табын!» – түпнұсқадағы «поклонисьтің» тым өктем баламасы, аудармашы ағаттықты асырып жіберген, алайда «поклонись» – «басыңды ій» деу де Анаға айтылмауы тиіс еді. Қазақта: «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарып келсең де, перзенттік борышыңды өтей алмайсың» деген ғажап ескертпе-нақыл бар. Саяси жайлау төріне шыға қалған ақын да, оның аудармашысы мен қолпаштаушылары да осыны ескермеді.

Мұрат кейбір келіспеушілігі барын айта назар аударған «Аз и Я» кітабын алсақ, ол кітап маңында айғай-сүрең көп болғаны белгілі. Біз, тағы да тайлы-таяқтымыз қалмай, Олжасты қолдадық, қорғастық, намысқа шаптық. Әлі де жақтаушылар аз емеспіз. Мен бұл кітапқа баға беруден аулақпын, тек атақты ғалым Лев Гумилевтің «Спор с поэтом» деген сұхбатында: Количество фактических ляпусов в книге Сулейменова превышает число страниц (304)... Вместо того чтобы отметить десяток другой фактических ляпов и тем самым показать, что перед читателем поэтическая мистификация, Кузьмин пускается в длинное рассуждение о преимуществе диалектического материализма над позитивизмом, что само по себе верно, но в Советском Союзе ни для кого не ново и, главное, не имеет никакого отношения к эмоциональным фантазмагориям Сулейменова. Огюст Кан никогда не предлагал смотреть на историю глазами поэта» дегеніне ден қойдым.

– *Қатты айтқан екен.*

– Қатты болсын, жұмсақ болсын, – көзі жеткен шындықты айтса болды емес пе? Бұған дау айта алмас Мұраттың қашан, қайда болсын Олжасты шашбаулай беретінін шынында түсіне алмадым.

Бір күні «Земля, поклонись великому Олжасу!» деп хикаят жазбаса жарар еді! Осымен тоқталық, ә?

– *Жақсы! Әңгімеңіз үшін рахмет!*

Гүлмира САДЫҚОВА.

«Жас қазақ», 2010 ж.

МҮЛГУИЗМ ТҮБІМІЗГЕ ЖЕТЕР!

Тұрақты авторларымыздың бірі – жазушы Ғаббас Қабышұлы біз жаққа ат басын бұрмағалы бірер ай болған екен. Себебі не деп ойлап, өзімше, біріншіден, жаңадан ашылып жатқаны және бұрынғысы бар дегендей, басқа гәзеттерден бұрыла алмай жүр-ау, ал, екіншіден, біз қыңқылдамаған соң... жә, оны өзінен білелік деп, үйіне телефон шалдық:

– *Аға, хал-ахуалыңыз қалай?*

– *Құдайға шүкір. Бакытгүлсің бе? Өздерің қалайсындар?*

– *Біз де құдайға шүкір деп жүрміз.*

– Е-е... күдекеңнен басқа сенеріміз қалмағалы қашан?! Ата-бабаларымызда есесі кеткен кешегі жоңғарлардың бүгінгі ұрпақтарының кейбір қызылкөз тобы тап-тап беріп жүргендей, бір күні анау жерімізде, бір күні мынау жерімізде тарс-тұрс атыс. Кімдер, қайдан, неге келгені белгісіз, ешқайсысы қолға түспейді, әлде олар түспей ме, әлде Жаңаөзенде жаттыққан біздің «қырандар» түсуге мұршаларын келтірмей қырып тастай ма, әйтеуір, «он лаңкес құртылды!», «онбес лаңкес құртылды!» дегенді ғана естиміз. Араларында балабақша жасындағы, шәкірт жасындағы балалар да болған көрінеді, сонда жаппай жаһандануға жаппай лаңкестену науқаны ұласқаны ма?

– *Аға, бұл сауалды сіздер, зиялылар, билікке неге қоймайсыздар? Жалпы біздің зиялыларда ауызбіршілік неге жоқ?*

– Арыстарымыз оята алмай кеткен қазаққа не жорық? Сол кездегідей, бүгінгі билік те оятпау саясатын аласұра жүргізіп отыр. Ояну «Қазақстанның демократиялық таңдауынан» басталып еді, не болды? Қара күштің қара шоқпары жас демократтарды төкпештеді. Онысына бой бермегендерді қара мылтығына жем қылды. Қарсы шығып сөйледік, жаздық. Иә, бәріміз емес, бірсыпырамыз. Бірақ

билік былқ етпеді. Ол біздегі зиялы қауымның да, оппозицияның да біртұтас бола алмайтынын жақсы біледі: біріншіден, қазекемнің: «Құдайдың көзі түзу болсын», «Құдай аштан өлтірмейді» деген мүлгуизмі баяғыдан барын ұмытқан емес, екіншіден, биліктің жансыздары барлық жерде іріткі жасап жүр. Біле тұра оларға да: «Мұның не?!» демейміз. Мүлгуизм түбімізге жетпесе жарар еді.

– *«Мүлгуизм» дедіңіз бе?*

– Енді солай ғой. Мысалы, бізге тәуелсіздік бұйырғаннан бергі жиырма бір жыл ішінде халық «арзандады» деген сөзді естіген жоқ, еститіні: «қымбаттады», «қымбаттайды». Алайда үндемейді. Билік азаншыларының: «демократиясы ғажап гүлдеп, экономикасы ғажап дамып, бүкіл әлем ас та төк Қазақстанға қызыға, таңдана карап, үлгі алуға тырысып жатқандарын» жалаулатып жазған сайын мүлгіп тыңдайды.

– *Зиялылар бастап?*

– Өкініштің үлкені – сол.

– *Сіз шығысқазақстандықсыз, ал ол облыстан сізше билікті сынауға бел шешіп, білек сыбанып шыққандар көрінбейді ғой? Қалихан Ысқақов, Ұлықбек Есдәулет, Дидахмет Әшімханұлы, мысалы.*

– Бұлай деп қайтеміз... бір де бір кісісі дауыс көтермей, жүз пайыз мүлгіп жатқан облыстар да бар. Одан кейін: әркімнің балшығы әрқалай иленген, қалыптары да әртүрлі. Яғни бәріне кінә таға беруге болмайды. Ал шығысқазақстандықтарды «түгендесек», онда, Бақытгүл, бұл айтарымды «ұмытып кетіп» жүрмегейсің, жерлес, қаламдас інім Ермұрат Бапидың бір өзі бірер батальонға бергісіз күш көрсетіп, шайқасып жүрген жоқ па?! Ермұрат гәзеттің 13-қыркүйектегі «Тағы да Нобель» деген қағытпасында биліктің тағы бір «бұлбұлы» Олжас Сүлейменовтің Мәскеуде жиын жасап, президент Назарбаевқа Нобель силығын қалайда бұйыртуды көздеп жанталасқанын айтып: «Бұл ағамызға да Нобельді әперіп, тыныштық тапқанымыз жөн шығар» деп аяқтапты. Әрине, астарлы сөзі ғой. Ал Назарбаевқа ол силық бұйырмасын іші сезеді.

– *Сіздіңше қалай?*

– Өзің ойлашы, не үшін берілуі керек? Әлгі екі қолымен бірдей

жазатын жалбақайлардың: «Әлемді ядролық қарудан азат ету күресін біздің президентіміз Семей полигонын жабудан бастаған!» деген «жырына» илануға болмайды. Полигонды бір өзі шешіп ол да, «Мен! Мен!» деуші ақын да, олармен қосарлана аттандаушылар да жаба алған жоқ. Ол мәселенің басталуы, аяқталуы кезінде құжатталған, бәрі де Қазақстанның, Ресейдің, АҚШ-тың тиісті мұрағатжайларында сақтаулы, – оны әйгілі физик, академик Евгений Велиховтың бір әңгімесінен аңғардым. Ал полигонға қарсы күресті кімнің, қалай бастағаны, қандай себепші болғаны бізде нақты дерекпен жазылды, баршаға аян деп білем.

– Осыдан бір ай шамасы бұрын Астанада ядролық қарусыздану туралы халықаралық үлкен жиын болды ғой, сонда бәрі Назарбаевты мақтап, Нобель силығына ұсынды. Сонда қалай, Назарбаевтың еңбегі қаншалықты екенін, Қазақстанның экономикасы ойдағыдай дамымай келе жатқанын, жемқорлық, парақорлық, тіпті лаңкестік жайлай бастағанын олар білмей ме?

– Неге білмесін. Көңілдерін көншітіп қойған соң мақтайды. Ондай жиынқұмарлық – бізде «мода» болғалы қашан! Жылда бірекеуі өткізіледі және бәрінің бітіретіні – Назарбаевты мадақтау, Нобель силығына ұсыну. Келіп-кетіп жүрген шетелдің мемлекет басшыларының да ермектері – сол. Оларға керегі – республика халқының ауыр халін білу, жеңілдетуге көмектесу емес, басшыларын мақтау-марапаттау арқылы өздеріне тиімді келісім-шарт жасап, Қазақстанның жер байлығын сора түсу. Жаңағы жиынтойларды шақырушы – Қазақстан. Ендеше алыс-жақын жүздеген мейманның келіп кету шығыны республиканың мойнында. Сыйсияпат ақысы өз алдына. Демек, бізге пайдасы шамалы бір опыртопырға бірер ауданымыздың жылдық қаржысы жұмсалады деуге болар.

– Байлығымыз «тасып» жатқан соң...

– Е, иә, «тасып-ақ» жатыр. Әсіресе ауылда. Ауыл қазақтың алтын бесігі еді. Апыл-ғұпыл реформадан кейін бесіксіз қалған қазақтың жағдайы өте аянышты. Осы айдың бас шенінде Жұмамұрат Шәмші деген тарихшы ғалымның, егер жаңылыспасам, «Түркістан» гәзетінде ауыл жайында зерттеу мақаласы жариялан-

ды. Шындықты батыл айтқан. 600 шамалы ауылда тек қарттар тұрады екен, орта жастағылар сирек. Өйткені жұмыссыз қалған жастары қаланы сағалап кеткен. 5.000 шамалы ауыл ауызсуға жарымай отыр. 2.000 ауылда телефон байланысы жоқ. Жылу жүйесі жоқ ауылдар көмірдің 1 тоннасын 12.000 сомға сатып алуға мәжбүр. Өкеліп берген аутомәшін иесіне 3.000 теңге және төлейді. Енді есептей бер: жылына кем дегенде 2 тонна көмір керек, ал оған шал-кемпірдің біреуінің зейнетақысы кетпегенде ше?

– *Ауылды қалпына келтіргелі жатырмыз деп билік күмнілдейді, парламент дүңілдемеді.*

– Далбаса! 2002-жылы шығар, ауылды үш жылда көтереміз, 150 миллиард теңге бөлдік десті, одан беріде, 2009-жылы-ау, солай деп тағы желпіністі. Соншама қыруар қаржы ауылға жетсе, 5.000 ауыл ауызсусыз тотып отыра ма? Халықтың мүддесін күйттеп қалам тартып жүрген соң осындай мағлұматтарға назар аударатыным бар. Мысалы, қазақтың бір тамағы –ет десек, әлгі ләппәй баспасөзде біздің пәлен елге түглен тонна ет сатқанымыз өлеңмен жазыла жаздайды. Былтырғы жылдың нақты дерегі қолымда жоқ, ал одан арғы жылы Қазақстан шетке 2, 5 мың тонна ет сатып, шеттен 202, 4 мың тонна ет сатып алыпты! Астықтың ахуалы да осылай сияқты. «Айдағаны екі ешкі, ысқырығы жер жарады» деген осы!

– *Мақтаншақтық та өнер шығар.*

– Кешегі Олимпиада 7 алтын медаль алғанда Назарбаев мырза: «Лондонды Қазақстанның әнұраны баурап тұр!» деді. Алтын медальді бізден үш-төрт есе көп алған елдердің әнұрандары баурай алмаса керек. Егер өтірік мақтаннан Олимпиада өткізілсе, біз, сөз жоқ, 77 алтын медаль алар едік!

– *Шынында. Ал Назарбаевтың жеке басына табыну бар ма, жоқ па? Жақында ол кісінің кеңесшісі Ертісбаев «жоқ!» деген көрінеді, естуімше. Сіздіңше қалай?*

– Бар болғанда қандай! Парламент депутаттарының, бишікештердің аузы «Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев» демейінше ашылмайтын болды. Радиотеледидар арналарымыз да солайша. Билік құзырындағы гәзеттердің алғашқы 2-4 беті президенттің сөздеріне, суреттеріне, қолпаштаушылардың там-

саныс пікірлеріне толы болуы әдетке айналды. Еліміз іс жүзінде көркейіп, әу баста Назарбаевтың өзі айтқандай, «екінші Кувейтке» айналған болсақ, онда мақтай бер. Ал халық қымбатшылықтан көз аша алмай, жұмыссыздық етек алып, жұртшылықтың төрттен бірінің тапқаны тамағын жетпей, жемқорлық, қылмыс артып отырған елдің басшысын беталды дәріптеу, бастапқыда таңдап алған Вашингтон мен Ататүрікті қоя тұрып, Мұхаммед пайғамбарға ұқсату, Нұх пайғамбарға теңеу үшін кім болуымыз керек? Көз-құлақсыз жағымпаз! Жеке басқа табынуды жағымпаздар шығарады. Біздің жағымпаздар тірі президентке «Назарбаев орденін» жасаттырды. Ондай сорақылыққа Назарбаевтың неге көнгеніне таңданғанмын. Сталиннің, Хрущев пен Брежневтің жеке бастарына табыну да шексіз болды, бірақ олар өз аттарында орден шығартқан жоқ. Ал жаңа сен атаған әлгі Ертісбаевты көрген емеспін, суреттегі сиқына қарасаң, үнемі бірдеңеге, біреуге ренжіп жүретін кісі сияқты. Оның: «Нүрекеңнің жеке басына табыну жоқ!» дегеніне назар аударудың керегі не? «Мәңгілік президенттің» «мәңгілік кеңесшісінен» өзге пікір күту оған обал емес пе?

– *«Бүкілхалықтық референдум керек» депсіздер, мақсаты не және оған қол жеткізе ала ма?*

– Билік халықпен пікірлеспейді. Мен білгенде бір ғана мәселені – жерді жалға беру мен сатуды «бүкілхалықтық талқылауға» ұсынды, ал оның ақыры не болды? Халықтың қарсылығына қарамастан парламент арқылы өз білгендерін істеді. Жаңаөзеннің жағдайын эп дегенде-ақ халықтың ықпалына сүйене шешсе, «Қайтер екен?! Не істей алар екен?!» деп жеті айға созып отырып алмаса, халықтың өзін атқылап қан төкпесе, заңды талап иесі мұнайшыларды жазалауды жалғастырмаса, сол оқиғаны «төңкеріс жасамақ» Әбілэзевке телу, Козлов пен Сапарғалиды жазықсыз соттау болмас еді. Бұл туралы аз айтылған, аз жазылған жоқ. Мысалы, мен президент аппаратының басшысы Аслан Мусин мырзаға үш мәрте ашық хат жазып, ақиқатқа көз жеткізулерін, Козловты, Сапарғалиды, Мамайды, Атабаевты және басқа әділетшілерді айыптауға жол бермеуін өтіндім. Қыңқ етпеді. Біздің билікте хатқа жауап қайтармайтын «мода» бар. Осындай тұйықтан шығудың бір

ғана жолы – бүгінгі билікті халықпен санасуға, елдің ат-атағына орайлас нендей шараны болсын халықпен кеңесіп шешуге тиісті ету. Мұны билік түсінуге тырыса ма, әлде әдеттерінше тарпа бас-салып, берекені кетіре түсе ме, оны білмеймін.

– *Осы айдың аяқ шенінде сіздердің – жазушылардың кезекті құрылтайы болады, сіз одан не күтесіз?*

– «Америкада, жалпы капиталистік елдерде Жазушылар одағы жоқ екен» деген солықтаумен 1994-жылы мемлекеттік бюджеттен шығарып тасталған одақ қаламмен тірлік еткен қауымға материалдық жақсылық жасай алмай келеді. Қылаяғы қаламақы «жыры» таусылар емес. Құрылтайда сайланған басшылыққа үкімет оң көзімен қарап, одақ мүшелеріне қамқорлық мәселесін шешуді ғана күтемін.

– *Сіз Жазушылар одағында отыз жылдай қызмет істедіңіз, екінші хатшы кезіңізде зейнетке шықтыңыз, кейінгі басшылар ұзақ жылғы еңбегіңізді ескере сізге ілтипат көрсетіп жүрді ме? Бұған қоса қояр соңғы сұрағым: облыс орталығы Өскемен қаласында жылына бір-екі рет үлкенді-кішілі әдеби шаралар өткізіліп тұрады, соларға арнайы шақырылатындардың тізімдерінен сізді көре алмаймыз. Сайлап-тағайындап қойғандай белгілі бір топ ақын-жазушылар: Ұлықбек Есдәулет, Қабдеш Жұмаділев, Иран-Ғайып, Марфуға Айтхожа, тағы басқалар шақырылады. Себебі не?*

– Себебі ме? Күлкілі болса да айтайын. Жасым жетпіске толардан үш ай бұрын өскемендік дос-жолдас құрбыларымның бірі Тоқан Берғалиев іңірде телефон шалып: «Ғабке, кеше обләкім Храпуновтың әуелі орынбасарында, одан соң өзінде болдық. Сенің жетпіс жылдығың туралы айтып едік, екеуі де: «Ол оппозицияда, пәле болады!» деп, ат-тондарын ала қашты. Енді не істеуіміз керек?» деді. «Әй, Тоқа, оларың не? Сендерді кім жұмсады?» деп шын ренжідім. «Енді елге келуің керек қой? Басқа облыстар шақырып, құрметтеп жатады, біздің басшылар жым-жырт отыруға тиіс пе? Сен оппозициялық партиялардың ешқайсысына мүше емессің. Ішіңе симағанды айтып жүрсің, сол үшін кінәлісің бе?» деді Тоқан қызына түсіп. «Тоқан, ей, егер мен ренжімесін

десең, бұл сөз-әрекеттеріңді тоқтатындар, жарай ма?» дедім. Менде мерейтой жасау деген ой болған емес, ешкімге, ешқашан не өзім айтып, не өзгеге айтқызып көрген жоқпын. Сондай салқындығымнан шығар, жасым жетпіске, жетпіс беске толғанда да Жазушылар одағы, өзім құзырында он жыл қызмет істеген «Қазақ әдебиеті» гәзеті егелерінің: «Құтты болсын!» деген екі ауыз сөзді айтпағандарына да күле салдым. Олардың да жазушы Ғаббас Қабышұлынан емес, «оппозиционер Ғаббас Қабышұлынан аулақ жүруді» дұрыс көргендерін білем. Есепке жүйрік әкімдерге де, басқа билікшілдерге де құдай күнімді салмасын! Халқымызға, әдебиетімізге, журналистикамызға сіңірген еңбегімді ертеңгі ұрпақтарымыз еске алып жүрер болса, соған алдын ала шүкіршілік ете берейін. Солай ма, Бәке?

– *«Солай» деуге де болар, демеуге де болар. Ақ адал еңбектің уақтылы ескерілгеніне, дұрыс бағаланғанына не жетсін! Өзіңіз айтқан «мүлгуизм» жақсылық емес.*

– Осымен телефон сымы бойымен ой алмасқанымыздың соңында қол қысысып: «Сау бол!» десек, а?

– *Сау болыңыз! Сұрақтарыма шаршамай жауап қайтардыңыз, рахмет!*

Сұхбаттасқан– **Бақытгүл МӘКІМБАЙ.**
(«ДАТ». 15. 09. 2012 ж.)

АПАН ТЕРЕҢ, ҚАЗА БЕРСЕҢ...

(Интернет арқылы алынған сұхбат)

Сақалын сатып, шаруасын шешіп жүрген өзге қариялар сияқты емес, ой құған, ертеңіміз үшін алаңдап, ұлттың болашағын ойланғандықтан қатты айтатын, батырып айтатын, жеріне жеткізіп айтатын Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ ағамызбен анда-санда болатын басқосуларда болмаса кездесе бермейміз. Бірақ, байланысымыз тым тәуір. Себебі, ол кісі кешегі коммунистік кезеңде айтпағанын айттым деп, істегенін істедім деп көкіп, ата-бабаларынан батыр мен би жасаудан аламан бәйге ұйымдастырып алашапқын болып, аз қазақты рушылдық, жүзшілдік, жершілдік дертімен улап жүрген қырт шалдардан бөлек тұрған, бітімі

басқа, ойы озық, интернетті жақсы меңгерген «продвинутый» жан. Сондықтан да болар, Ұлық мерекенің алдындағы есен-саулық сұрасқан кезекті бір хабарласуымыз аяқ астынан сәті түскен сұхбатқа ұласты. Мен мәңгілік Президентім жайлы билікті жағалаған, сағалаған, паналағандар жиі айтатын таптаурын тіркестерді түзіп отырдым. Ол кісі қашанға әдетінше шамалап шымшып отырып жауап берді. Оқып көріңіздер.

– Нұрсұлтан Назарбаев болмаса, бізге тәуелсіздік жоқ еді!

– Солай ма? Е, «Беловеж қорығында» оңаша бас қосып, КСРО-ны ыдыратуды шешкен топтың басшысы Ельцин емес, Назарбаев екен ғой?! Мәскеуліктердің алдында: «Өздеріңіз білесіздер, КСРО-ны таратпау үшін ақырғы патроным қалғанша соғыстым!» дегенді Назарбаев емес, Ельцин айтқан екен ғой?! Мәскеу телеарнасында көп жыл «Момент истины» бағдарламасын жүргізген Андрей Караулов «Плохой мальчик» деген кітабын шығарыпты. Онда мынадай сөйлемдер бар екен: «...В момент подписания тайного «беловежского сговора» Ельцин решил, что вместе со славянскими лидерами ответственность за развал Союза с ними должен разделить и Назарбаев и пригласили его в Пущу. Но российский «простяга» не учел тонкости азиатской души: казахстанский лидер тут же сообщил Горбачеву по телефону о сговоре. Тот пришел в ярость, но уже было поздно...». Карауловтың шындықты жазғаны сөзсіз. Жалпы оның хабарларынан көресісін көрген ресейлік парақорлардың, жемқорлардың шашбаушылары оның үстіне арызды үйіп-төгіп, ақырында «Момент истины» жауып тасталды.

– Президентіміз халықтың әл-ауқатын жақсартуды ойлайды!

– Солай ма? Халықтың мүддесін ойлаған президент халықты қашанда асыраушы ауыл шаруашылығын астаң-кестең етуді өзі де жасамас еді және жасағысы келгендерге ырық бермес еді. Олай етпеді. Керісінше жарлық шығарды. Ауылшаруашылық «реформалары» тездетіліп, ұжымшарлар мен кеңшарлар қалталылардың бөлісіне салынды. Халық байтақ даласы толы егінінен, өріс толы төрт түлік малынан көз жазды. Ақырында тамақты, су-суанға

шейін, шеттен тасуға мәжбүр болдық. Ақпарат құралдарының соңғы хабарларына сенер болсақ, біз былтыр картопты төңкерістен қолы босамай жүрген Қырғызстаннан, етті жолы алты айшылық Аргентинадан алыпмыз! Биыл қайдан, не алуды бастағанымызды құдай білсін! Сондай-ақ, шетке қалайы қасық шығара алмасақ та, өнеркәсібіміз де «өркендеп барады».

Ауыл қазақтың азық-түлік қамбасы ғана емес, санғасырлық әдет-ғұрпының, салт-санасының құтты ұясы, бүкіл мәдениетінің киелі ордасы еді. Бүгінгі ауыл сол рухынан, сол мән-сәнінен жүрдай. Рухани шаңырақ қалаға «көшті». Иә, сөйтті. Әдет-ғұрып, салт-санамыз «жаңарды»: мәдениетіміз «батыстық өнер мәнеріне» телініп, айқай-ұйқай әнсымақ, алқын-жұлқын бисымақ көбейді. Әнші-биші қыздарымыздың омырауы ашық, шашы шашық, тіпті қайсыбірі сахнаға «төс айбылы» мен «шап айбылы» ғана лыпа болып шығып жүр. Киномыз болса, сценарийін қазақтың тарихынан бейхабар біреулер жазбаған, бас рөлде шет елдің «ұлы» актерлері ойнамаған фильмiмiз есепке алынбайтын әдет шықты. Алынғаны десек, «Қазақфильмнің» басшы-қосшылары Алматы мен Астана арасын ала жаздай шаңдата атойлаған «Көшпенділер», мысалы, «Тақиялы періштемiздiң» тақиясынан садаға кетті. Әдебиетіміз қалтасы қалыңдардың қанжығасына байланды.

– Президентіміз елді экономикалық ауыр кезеңнен алып шықты!

– Солай ма? Тәуелсіздік бұйырған елдің халқы, міне, 19 жыл бойы қылаяғы алдындағы тамағы, үстіндегі киімі арзандағанын көре алмай, үздіксіз қымбатшылықтың қыспағында отыр. Қатар-қатар коттеджі, қос-қос джипі барлар, шет елдердің банктерінде миллиондаған, миллиардтаған доллары барлар – халықтың өзі емес, халықтың нәпақасын қақшушылар! Биліктің күн құрғатпай өткізіп жатқан ас та төк тойына шашылып жатқан қаржы – халықтың нәпақасы! Президентіңіз елді экономикалық ауыр кезеңнен ісімен емес, сөзімен «алып шықты». Соның «арқасында», баспасөз жариялағандай, Қазақстан 123 миллиард доллар сыртқы қарызын құшақтап, мешел балаша мылқиып отыр.

– Президентіміз демократияға жол ашты! Қазақты бүкіл

әлемге танытты! Оның аты тарихымызда алтын әріппен жазылып қалады.

– Солай ма? «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысының талқандалғаны, оның жетекшілері Ғалымжан Жақиянов пен Мұхтар Әбіләзевтің жалған айыппен сотталғандары, демократия туын көтерген Заманбек Нұрқаділовтің, Алтынбек Сәрсенбайұлының өлтірілгені, тәуелсіз журналшылардың соққыға жығылуы, жалынды ақын Арон Атабектің, алғыр жорналшы Рамазан Есіргеповтің және басқа да белгілі азаматтарымыздың түрмеде отырғаны, тәуелсіз гәзет редакцияларының тоналуы, таралымының тәркіленуі, кейбірінің мүлде жауып тасталуы, «Нұрбанктің» ойран-топыр оқиғалары, олардың ұрланған екі қызметкерінің әліге дейін табылмауы, «Қазақгейт», т.б. сұмдықтар, иә, – президенттің Қазақстанға «демократия ауасын әкелгені», Қазақстанды әлемге «танытқаны!». Ал оның өзінің «әлемдік тұлға» екенін өткен аптада халықаралық тәуелсіз «Форбс» журналы айғақтады: дүние жүзі мемлекеттерінің басшылары арасында байлығы жағынан Нұрсұлтан Назарбаев мырза 3-інші орында екен, – 20 миллиард доллар! Ендеше, оның аты қазақтың ғана емес, дүние жүзінің тарихына «алтын әріппен» жазылғанын тойлауды бастаңыздар!..

– Президентімізді кінәлауға болмайды, бәрін бүлдіріп отырғандар – оның айналасындағы жемқорлар мен жағымпаздар!

– Солай ма? Елді бір өзі билеп-төстеп отырған президентіңіз кадр мәселесімен шұғылданбай, оның айналасына жемқорлар мен жағымпаздарды халық күштеп жинап беріп, президент солардан құтыла алмай арып-ашып жүр екен ғой? Қап!

– Президентіміз – қазақ тілінің қамқоршысы!

– Солай ма? «Қазақ қазақпен қазақша сөйлессін!» деген президентіңіз сол ұранын өзінің төңірегіне неге таратпады? Өкімет те, үкімет те, парламент те (қосалқы парламент рөліндегі «Қазақстан халықтарының ассамблеясын атамай-ақ қояйын) орыстілді. Таққа отырысымен мемлекеттік тілді – қазақ тілін тез үйренуге, мәжілісін қазақ тілінде жүргізуге уәде берген премьер-министр ұйғыр Кәрім Мәсімов қазақ тілімен тығылмақ ойнап жүр.

Өзіне «өмір бойы көмекші болуға әзірлігін» уақ-уақ мәлімдеп қойып, мұртынан жымыңдап жүрген оған президенттің кеңшілік жасауы қазақ тілінің қамқоршысы екендігіне бірден-бір дәлел ме? Әлде қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру мәселесінің 20 жыл шешілмей, Алдар көсенің «әләуләйі» мен «хәләуләйіне» айналғаны ма?

– ***Президентіміз – қазақ жерінің қамқоршысы.***

– Солай ма? Қазақ жерінің қаншасына кімдер (мәселен, өзіміздің қапшыққалта алпауыттарымыз, кулық сауған пайдакүнем қытайлар...) ие болып отырғаны, ауылдағы қарапайым жұрттың жер үлесінен қағылып, азын-аулақ малына жайылым таба алмай дағдаруы бекер екен ғой?! Рас, «қазақта шекара болмады, бүгінгі шекарасында мемлекеті болған жоқ!» деген президенттің: «қазақта жер болған емес!» дегені, иә, – «қамқоршы» екендігінің белгісі. Қытайға бір миллион гектар жер беру туралы осы наурыз туа басталған «жырды» да көп ұзамай тыңдайтын сияқтымыз ба, қалай?

– ***Президентіміз сынға төзімді, қысым жасамайды!***

– Солай ма? Президентіңіздің ел басқару тәсіліндегі алақұлалықты, оппозицияны шетке тебуін, демократияны деміктіруін, айналасындағы жемқорлықты тимауын, өзінің, сондай-ақ: қыздары мен күйеу балаларының, іні-келіндерінің Францияда, Англияда, Швейцарияда, Түркияда... ондаған миллион доллар-евро-юаньге салтанатты сарайлар, виллалар, поместьелер сатып алғандарын, оларға ұрлық ақша жұмсалғанын тәуелсіз баспасөз нақты құжаттар мен фотосуреттерді келтіре жазып, сынның астына алып жүрсе де, оның мыңқ етпеуі сынға төзімділігі деңіз?!

– ***Бізде президенттің жеке басына табыну жоқ!***

– Солай ма? Биліктің қойын-қонышындағы теле-радио мен гәзет-журнал «Қазақстан президенті Нұрсұлтан Назарбаев» демейінше, оның суретін беташар жасамайынша «оразаларын ашпайды». Көзі биліктің табағында жатқан тауықтардың... – тфу! – небір атақты саясаткерлердің, ақын-жазушылардың, ғалымдардың, шенеуніктердің алды президентіңізді: Абылай ханға, Вашингтонға, Ататүрікке, тіпті бар-ау, Мұхаммед пайғамбар

мен Нұх пайғамбарға теңеп, соңы: «Әулие! Кемеңгер! Данышпан! деп өлең, мақала жазып, кино жасап әлек. Президентіңіз сол байғұстықтың ешқайсысын көрмей, естімей, білмей отыр, ә? Керісінше, «құлақтан кіріп, бойды алғанына» риза. Немесе «нұр» деген сөздің кезкелген жыртыққа жамайтын қиыққа айналғанына қыңқ етпесе де, партиясының «Нұр Отан» делінерде: – Ей, естерің дұрыс па? Отанның нұрлысы мен нұрсызы бола ма екен?! – дегені несі? Немесе қос шатырлы парламент Қазақстанның бірінші президенті және оның отбасы мүшелері отанға опасыздық жасағаннан басқа ешбір қылмысқа тартылмауға тиіс деп заң қабылдағанда: – Ей, сендер мені, менің отбасымды қылмыскер деп отырсыңдар ма?! Бұларың – менің ар-намысымды аяқасты ету емей немене?! – дегені неліктен? Немесе парламент былтыр оның мәңгілік президент болуына жол аша шешім қабылдағанда: – Ей, он тоғыз жыл президент болдым, кәне шыққан мүйізім?! – дегені қалай?.. Бірақ дейтін түрі жоқ, әлі 10-20 жыл отырғысы бар. Мұның бәрі жеке басқа табынудың ғана емес, табындырудың әлек-шәлегі!

– ***Президентіміздің орнын басар лайықты ешкім жоқ!***

– Солай ма? Қазақта президент те, хан да, патша да, король де, император да бола алатын ұл-қыз жеткілікті, бірақ, дәл сіздердікіндей жоқ екені рас!

– ***Президентіміздің жалпы сайлау және кешегі референдум туралы...***

– Тоқтай қалыңыз... Оның бәрі сценарийі жазылып бітпестен сахналанып жатқан спектакльдің көріністері екенін, сценарийдің авторы, бас режиссері, бас кейіпкері, бас демеушісі... бір-ақ кісі екенін шынымен білмейсіздер ме? Қысқасы, сырттай сұхбатты осымен доғарайық. Апан терең, қаза берсең, батпақ шыға берер. А?.. Кім?.. Төрт сұрақ дейсіз бе?.. Мұныңыз... жо-жоқ, екі сұрақ деп келісейік. Әйтпесе «әр үйде бұлай тұрсақ, таң атады» болады. Кәне, бірінші сұрағыңыз?

– ***Президенттің биыл, көкек айында, болатын сайлауына қатысасыз ба? Биыл оппозициядан үміткер неге жоқ?***

– Президентіңіздің, біріншіден, бітпейтін мерзімдерінің

алдағы жылда бітуге тиістісінен бір жыл бұрын сайлануға неге құлшынғанын түсінбедім. Қайда, неге асығып жүр? Екіншіден, ойда жоқта бұйырған тәуелсіздігіміздің алғашқы сайлауы біздің округте қым-қуыт алдау-арбаумен өткенін көргеннен кейін бұл билік тұсында дауыс беруге қатысу бекершілік екен деп түйгенмін, содан бері «Сайлау участогы» дегенді көрген емеспін. Сексен пәтерлі дәу үйдегі көршілерімнің көбі осылай дейді, Яғни Қазақстанның қақ жартысы қарсы дауыс бермесе де, президенттің биыл да «бүкіл халықтың бірауыздан жақтауы нәтижесінде» сайлаушылар дауысының кемінде 95 пайызын алатыны сөзсіз. Ал өткен жылдардағы сайлауларда, мысалы: Серікболсын Әбділдин, Ғазиз Алдамжаров, Жармахан Тұяқбай, Батырхан Дәрімбетов... үміткер болды. Не шықты? Оларға шын мәнінде алған дауыстарының оннан бірі әрең бұйырды. Гәптің сайлаушылардың қалай дауыс бергенінде емес, сайлау бюллетеньдерінің қалай саналатынында екені белгілі. Яғни, бұл жолы оппозицияның сайлауда тағы қолжаулық болмай, бойкот жариялауды ұйғарғаны дұрыс.

– Қаламдастарыңыздың кейбіреуі өздеріңіз туралы олай-бұлай ой айтады, біріңіздің мерейтой өткізетініңіз, біріңіздің өткізбейтініңіз деген сияқты.

– Әркім балшығының иленгеніне қарай. Біреу тойқұмар, біреу ондайға селқос. Мен – мүлде селкостардың отрядындамын. Той иелерім – ертеңгі оқырмандарым. Олардың артық-кем бағасымен алдын ала келіскен жанмын. Кейбір әріптестерім мерейтойын жасамай-тындарымызды «халықпен кездесуден қашқақтайды, көпшіліктің алдына шығуға өзіне сенбейді» дегендей, шала-пұла пікір айтады, «қарапайымдылық» деген сөздің қасиетіне шүбәланады. Ал Сізге енді қызық үшін мынаны айтайын. 60 жылдығымда екі рет шақырған соң ауданыма бардым. Қаламгер досым Уахап Қыдырханов екеуіміз. Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданына. «Салтанатты» жиын аудан әкімдігі ғимаратының мәжіліс залында өтті. Қарсы алдымызда отырған «көпшілікке» көз тастадым: отыз шақты кісі. Әкімдіктің қызметкерлері ғана екенін түсіндім. Әкім «көпшіліктің» көзінше иығымызға шапан жапты да, екеуімізге бір-бір ат мінгізуді ұйғарғандарын оңашада айтты (ақырында ол аттарының құлағын

да көре алмадық). Ертеңінде аудан орталығында тұратын апа-жеземнің үйіне бардым. Олар да, сондағы құда, нағашы-жиен, дос-жолдас – жиыны қырық шамалы кісінің бір де бірі менің келетінімді естімепті. Өйткені ешқандай ауызша, жазбаша хабарландыру болмаған. Түсіндім: «оппозициядағы адаммын». Ал 70 жылдығымнан көп бұрын, бір іңірде, шәкірт шағымнан досым Тоқан Берғалиев хабарласып: «Сені шақыруды өтіне бір топ болып облыс әкімінің әуелі орынбасарына, одан соң өзіне барып едік, екеуі де: «Ол – оппозиционер, шақырсақ шатақ шығады!» деп ат-тондарын ала қашты, енді не істеуіміз керек?» дейді. Тоқан марқұм болғалы бес жыл, сонда ақкөңіл досыма: «Мен сені жалдаған жоқпын ғой, кім айдап апарды?!» деп сол сәтте қатты ренжігеніме, оның көңілін қалдырғаныма әлі өкінемін. Облыс әкімінің әйгілі жемқор екенін мен де білетінмін, «Тікұшақ сыйлаймыз!» деп шақырса да бармаған болар едім. Осымен, мырзалар, ат басын іркелік!

– Дізгініңізді тарта бергеніңізде: Қасымжомарт Тоқаев Біріккен Ұлттар Ұйымының құзырына бір үлкендеу таққа отыруға аттанғалы жатыр, оған не тілек айтар едіңіз? Рахат Әлиевтің соңғы кездегі қимылдарынан хабардарсыз ба? – деп қалсам ше?

– Тоқаевқа айтарым: «Оу, мырза! Біріккен Ұлттар Ұйымының басшылары сіздің «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысын: «Или – я, или – они!» деген ұранмен, әрине, көкеңіз ымдаған соң, талқандағаныңызды білмейді екен, ең әуелі сол «тарихи еңбегіңізді» БҰҰ-ның биік мінберінен айқұлақтанып айтып, «үздік тәжірибеніңізді» таратуды ұмытпағайсыз!» деймін. Ал Рахат Әлиевті қолдау керек, тек ол өзіне тағылған айыптардың қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екенін батыл ашып айтып, қателіктерін мойындасын. «Алдына келсе, атаңның құнын кеш» деген қазақпыз, егер ол қылмыскер болмаса, қоғамымыздың өзегін шіріткен бүгінгі биліктің қоясын ақтаруға мықтап үлес қосса, жұрт оның кінәсі мен күнәсіне кешірімділікпен қарар. Осымен тәмәм. Биылғы Наурыз еліміздегі жаңа, жақсы өзгерістердің басы болғай!

– Әумин!

(«Қазақстан», 25. 03. 2011 ж.)

АНЫҚ САУАЛҒА – ҚАНЫҚ ЖАУАП

Ауданымыздың аясында туып-өсіп, бүгінде «алматылық» болып жүрген үлкен-кішілеріміздің бірі – қоғам қайраткері, қаламгер Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ. «Уа, 80! Қайдасын?!» деп тура тартып келе жатқан жерлесімізді жақсы білетін сияқтансақта, өзімен еркін әңгімелесуді, өмірінен мағлұмат ала түсуді жөн көргенбіз. Сол ойымыз орындалып, бүгін, міне, тілшіміз әзірлеген сұхбатты ұсындық. РЕДАКЦИЯ.

«Ұлан таңы» гәзетінің тілшісі:

– Қадірлі аға, Сізді көпшілік сырттай білсе де, іштей білуі жеткіліксіз сияқты ма, қалай?

– Солай болуы әбден мүмкін, себебі «Мен!» деген сөзге үйір емеспін. Қаламды серік еткен 60 жылда ешбір гәзет-журналға өмірім жайында ештеңе жазған жоқпын. Өзімді өзім насихаттамайтын сол «дәстүрімді» бүгін бұзбақшы сендерге ренжудің орнына іштей риза болып отырмын. Туған жерімнің жаршысы – «Ұлан таңы» гәзеті редакциясының бұл бастамасы – мен үшін тың құбылыс және қымбат ілтипат.

– Өтінішімізді қабыл алғаныңыз үшін Сізге біз де ризамыз. Шығармашылық жолыңыз абыройлы қалпында жалғаса беруін тілей отырып, енді өміріңіздің өрнектерімен таныссақ дейміз.

– Көп жазсам да, аз сөйлейтін қазақпын. Кешегімді қысқаша ғана айтайын. Осы ауданның Ұранхай атты ауылында, колхозшының отбасында дүниеге келіп, Дүбірән деген ауылында өсіппін. Замана ағымы ғой, бүгінде ол жерлерде бір кезде ауыл болғанын айғақтар ешбір белгі жоқ. Бастауыш мектепті «Қызыл ту» ауылында, орта мектепті «Тарғын» селосында тәмәмдәдім. Шығармашылық жолым өлең жазумен басталып, 8-нші сыныпта оқып жүргенімде «Ізғұтты Батыр» өлеңім «Алтай большевигі» (бертінде – «Коммунизм туы», қазірде – «Дидар») гәзетінде жарияланды. Ізғұттылар мен біздің ұлы аталарымыз – бір кісі.

– «Тарғын» орта мектебі Кеңес Одағының Батыры Ізғұтты Айтықов атында ғой.

– Солай болуына және, әйтеуір мақтанған соң айта отырайын,

Шымқора орта мектебіне ғалым жерлесіміз Сәрсен Аманжолов аты қойылуына кезінде ұйытқы болдым.

– *Ол игі ісіңізден хабардармыз.*

– «Коммунизм туының» редакциясында 10 жыл, одан кейін Алматыда «Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясында 10 жыл қызмет істедім. «Ара-Шмель» журналында 5 жыл Бас редактор, Жазушылар одағының: Әдеби қорында 10 жыл директор; Көркем аударма және әдеби байланыс алқасында 5 жыл төраға; одақ басқармасында екі жыл 2-нші хатшы болдым. Комсомол, коммунист болдым. Жасым 60-қа толысымен зейнетке шықтым. Одан беріде ешбір партияға, қозғалысқа, бірлестікке мүше болған жоқпын. Өзімнің кітаптарымның саны жиырма шақты, соны санап көрмеппін. Шет ел және орыс классиктерінен 5-6 жинақты қазақшаладым. Бұл өмірден өтіп кеткен ағаларымыз: Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Әди Шәріпов, Михаил Есенәлиев, Әнуар Әлімжанов, ініміз Сағат Әшімбаев жайында естелік кітаптарды құрастырдым.

– *Аударма дегенде әлемге әйгілі түрік Әзиз Несиннің екі томын қазақшалап шығарғаныңыз ерекше еңбек болды.*

– О, Әзекең әзіл-сықақтың ғажап шебері еді. 1981-жылы Мәскеуде, КСРО жазушыларының құрылтайында кездесіп, біраз әңгімелестік. Кішіпейіл, күлдіргі әңгімеші кісі екен. «Түркияда түрмеге отырған жақсы. Бос уақытың көп болады. Түрменің қадірін премьер-министрімізді сынап сотталып, екі жыл отырып шыққанда білдім. Әңгіме, пьеса, романдарымның көбін түрмеде жаздым. Үйде қалам ұстауыма жағдай болмауға айналғанда жоғарыдағы бастықтарды бассалып фельетон жаза қоямын да, олар мені түрмеге тығып кеп жібереді. Әйда, отырып та, жатып та, тұрып та жазып қарық боламын!» деп күлдіргені есімнен кетпес.

– *Қазақ әзіл-сықақшыларынан Оспанханды «біздің Әзиз Несин» деп жаздыңыз ғой?*

– Оспанхан Әубәкіров – шындығында классик. Онымен деңгейлесе алғанымыз жоқ еді, соңғы жылдары шымкенттік Мұхтар Шерім деген әзіл-сықақшымыз Осекеңнің нағыз шәкірті екенін дәлелдей бастады. Оспанханды «Әзиз Несиннің Алматыдағы інісі» деп жазған мақалам енгізілген «Күлеміз бе, қайтеміз?» атты

кітабымды тарту еткенімде Әзекең балаша қуанып, дереу бір қызық сурет салып, «Бұл – достық балығы» деп жазып, маған силады. Сөйтіп, Қалтай Мұхамеджанов, Шерхан Мұртазаев төртеуіміз «Россия» мейманхансында бір кеш мәре-сәре болып едік...

– Аға, Сіздің әзіл-сықақ әңгімелеріңізді білеміз, ұнамды. Ал көркем прозаға қосқан он шақты хикаяттарыңыз бар, соның ішіндегі «Гүл аңсаған бір ғұмыр» хикаятыңыздың бас кейіпкері Ораш кімнің әдеби бейнесі, яғни прототипі?

– Ораш па?.. Ол – Оралхан Бөкеев... Қазақ әдебиетінің классигі еді... Өмірден тым ерте кетті... Отыз жылдай аралас-құралас болып, 8 жыл бір үйде тұрдық. Аға мен інідей едік, тарынған тағдырға не шара...

– Аға, кешіріңіз, сұрағым ауыр тиді-ау. Орекең өзім жақсы көретін жазушым болған соң Сіздің Орашыңыз шынымен Оралхан ба деп ойлап жүруші едім.

– Оралхан жазған үлкен-кіші шығарманың бәрі де құнды. Қайсысын оқысам да, не өзіме, не жақын танысыма, жолдастарыма қатысты тәрізденеді. Ораш... оны Ораш деп атайтынмын... ол ойға бай, тілге бай болды және сол байлығын қапысыз пайдалана білді. Сенің «Бүгінгі Оралхан Бөкей кім?» деп сұрағалы отырғаныңды сездім, жауап берейін. Ораштың қаламдас інілерінің жазғандарын түгел оқып жүруге уақытым жоқ, үшеу-төртеуін ғана білемін. Әдебиет сыншысы емеспін және пікірім өзімдікі ғана, оларды түгендеп-түстемей-ақ айтсам, «Бүгінгі Оралхан Бөкей» көрінбейді. Орашта кейіпкерінің тірлігін жасанды күрделілендіру, оқиғаны жасанды қойылту, тіл байлығын ысырапты қолдану болған емес, ал қазіргі ізбасарларында осы бір жасандылықтар бар. Кейбіреуі ділмәрсіп, қызыл сөзден қайық жасап, ескексіз жүзіп кеткіш. Талғампаз оқырманның ондайды керек етпейтінін көріп жүрмін. Әсіреакылшылардың кітаптары дүкен сөрелерінде тапжылмай тұра береді.

– Аға, жалпы осы кітап шығарудың шаруасы қазірде қалай?

– Білетінімді ғана айтайын. Жазушылар одағы, басқа шығармашылық одақтар да 1994-жылы мемлекеттік бюджеттен тыс қалдырылды. Содан бастап кітап шығару әркімнің жеке шару-

асы болды. Бұрын қолжазба екі-үш сыншы оқып, оң баға алған соң ғана кітапқа айналатын. Ол дәстүр жоғалды да, жолтапқыштардың жабылары оза бастады. Көзі тірі жеке авторларды мегзеп отырмын. «Мәдени мұра» бағдарламасы бойынша көне дүниелеріміздің түгендеп шығарылып жатқанына қуаныштымын, ал жеке автор дегенде қалтасының күшімен жазғыштар көбейіп кеткені өкінішті. Кітап дүкені сөрелерінде тұрғанның көбі солардікі. Кезінде ауылы, немесе ауданы ғана білген белсенді болған атасы, әкесі туралы «хикаят», «роман» жазғыштар, тіпті шала-пұла шежіре тергіштер алға шығып кетті. Қайсыбір шежіреге кітаптың жап-жақсы атына бола ден қойсаң, қазақтың сол жүзінің, не сол руының атақтылары арасында сонау бір жылдары сол өңірде басшы болған коммунист орыс, украин, еврей, татар, тағы басқалар жайында баяндаулар суреттерімен қоса тұрады. Сондай-ақ, басқа жүздің, рудың тарихи тұлғаларын өздерінің жүзіне, руына теліп, «ол атамыздың бабасы пәлен ғасырда сол жаққа сіңіп кеткен екен» деп бұтып-шатып жазып жүргендер де аз емес. Олардың кітапсымақтарын екі кісі ғана – ақша иесі мен баспа иесі шығара береді. Бұл теріс құбылыс әдебиетіміздің беделіне нұқсан болса да, әдебиет сыншылары селт етпей жүр.

– *Өз кітаптарыңыздың шығуы қалай?*

– Әсіребілгіштер жамандап жүрген кеңестік кезеңде менің де кітабым баспаның жоспарына енгізіліп, жаңа айтқан екі-үш сыншының сарабынан өтіп, уақтылы шығып жүрді. Ал кейінде замана ағымын өз пайдасына жаратқан әлгі жазғыштарға қосылмадым. Кейбір баспадағы ілтипатты директор інілерімнің, шығармашылығымды бағалай білген таныс-бейтаныс демеушілердің жәрдемімен төрт-бес кітабым жарық көрді. Мәдениет және бұқаралық ақпарат министрлігімізге алғаш рет 2003-жылы, жасым 70-ке толар қарсаңда, хат жазып, әңгімелерімнің, аудармаларымның 2 томдығын шығарып беруін өтіндім. Жауап қатпады. «Оппозицияда жүргеннің пәлесінен аулақ!» деген болар. Одан кейін ол жақты ұмыттым. Айтпақшы, 2005-жылдың басында ғой деймін, Өскеменде тұратын екі дос-жолдасым обләкімге барып, менің мерейтойымды өткізу туралы өтініш жасаған екен,

анау: «Ойбай, ол оппозицияда! Оны шақырсак, оңбай қаламыз!» деп азар да безер болыпты. Маған соны телефонмен айтқан досыма: «Сені кім жұмсады?! Маған ешқандай марапаттың керегі жоқ!» деп шын ренжіп: «Біздің жерлесіміз Ғаббас Қабышұлы обләкімді де шошытқан!» деп жар сала жүрсендер, әй, маған дәл одан артық марапаттың керегі жоқ» деп қалжыңдадым.

– Аға, екі сұрақ қатар келіп қалғаны...

– Қолдарыңа бір түсірген соң, қорғанба, екеу емес, елу сұраққа да жауап беруге әзірмін.

(Екеуміз де күлдік.)

– *Ендеше, біріншісі: Сіз оппозициядасыз ба? Екіншісі: мерейтойыңызды өткізуге шындығында қалай қарайсыз?*

– Оппозициялық партия, бірлестік, қозғалыс, тағы қайсысы бар, ешқайсысына мүше емеспін. Мынау өмір-тірліктің кереғарлықтары мен ауыртпалықтарын көріп жүрген соң, соған шыдамай, кінәлілерді сынап мақала жазудамын. Қазекемшілегенде: «ішіме симағанды» айтамын. Ал мерейтойымды бала-шағамнан басқалармен өткізген емеспін және өткізбеймін, жергілікті арғы-бергі шенеуніктерді шошытып қайтемін? Дұрыс қой, ә? Енді келесі сұрағыңды тыңдайын.

– *Ол сұрағым... сәл ыңғайсыздау, әлде...*

– «Ауызға келген түкірік...» деген бар емес пе, ыңғайсызданбағын.

– *Қаһарман атамыз Қасым Қайсеновтің 95 жылдығын өткізуге қатысып, облыс, аудан орталықтарында болдыңыз, жұрт жақсы өтті деп жатыр...*

– Иә, жақсы өтті. Қаскеннің 100 жылдығына дайындық дестік.

– *Қасым атамыздың соңғы 6-7 жылында ол кісіге хатшы болған Еркін Нұразхан деген журналисты тойға арнап, «Ерліктің ерен тұласы» деп аталған кітап шығарыпты. Оқыдыңыз ба?*

– Үйге барған соң оқимын ғой.

– *Сонда Батыр атамыздың Сізді кінәлаған сөздері бар...*

– Е, ол кісі атақты Батыр болғанымен атақсыз кінәмшіл болған. Не депті?

– *Сізді айтады: Алматыға көшіріп алдым, қызметке орна-*

ластырдым, Жазушылар одағына алып бардым, өзім тұрған үйді бердім, сол жақсылығымды білмеді. «Асқар Егеубаев деген жігітті Жазушылар одағының бірінші хатшылығына сайлайық, көмектесіңіз» деді, ол ұсынысын құптамаған соң өкпелеп, Асқардың мемлекеттік силық ала алмағанын да менен көріп, «Дат» деген гәзетке мені жамандап жасырын атпен мақала жазды» депті.

– Астафыралла-а-а!.. Жарықтықтың бұл сөздерінде бір ауыз шындық жоқ! Ол кісінің сырқаттануынан он ай бұрын шыққан «Адамның кейбір кездері...» деген кітабымда Өскеменнен Алматыға көшуіме облыстық «Жетісу» гәзеті редакторының орынбасары Кәкімжан Қазыбаевтың себепші болғаны, бірақ одан үш жыл бұрын танысып, жолдас болып кеткен Шәмші Қалдаяқовтың, ақын Жүмекен Нәжімеденевтің ақылдарымен «Жетісуға» бармай, «Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясына бұрылып кеткенім айтылды. Оның редакторы Ниғмет Ғабдуллин жауапты хатшының орынбасары қызметіне қабылдады. Пәтерге қатысты сұрағыма Ныған: «Бізде қазір оншама қиындық жоқ, бес-алты айда бұйырғаны боп қалар» деді. Тез қабылдау себебі естелігімде болғанындай айтылса, кейін аралас-құралас бола бастағанымызда бірде Ныған, Ниғмет аға: «Сені қызметке бір қулықпен алдым» деп әзілдеді. Сөйтсе, ол органшы апайым Шәрбану Қабышевамен, оның болашақ күйеуі Қайырғазы Райымхановпен университеттің журналистика факультетінде бір курста оқыпты, Қайырғазы екеуі кейін «Лениншіл жас» гәзеті редакциясында бірге жұмыс істепті. Ауылдан Қайырғазы арқылы беріп жіберген, түрік ақыны Назым Хикметке арнаған өлеңімді оқыпты, бірақ гәзетке жарата алмапты. Соны айтып: «Саған Шәрбанудың шарапаты тиді», деді. Қаскен өзіне силаған сол кітапты оқыған соң: «Ниғымет те мен сияқты ку екен, Мырқымбай!» деп күлген-ді. Алматының «Хрущевский поселок» деген бөлігінде төрт ай пәтер жалдап тұрып, содан кейін қаланың Розыбақиев пен Тимирязев көшелерінің қиылысындағы пәтердің кілтін алдым. Онда бұрын Амантай Байтанаев деген майдангер жазушы тұрыпты. Ныған мені Жазушылар одағының бірінші басшысы Әди Шәріповке алып барып, таны-

стырып: «Әдеке, Шығыстан әдейі шақырып алған қызметкеріміз еді, пәтерсіз қиналып жүр, екі баласы бар» деп мән-жайды айтқан. Әдекең сәл-пәл ойланып отырып: «Жарайды, жақында бір пәтер босайды, соны берейік» деген. Пәтер алуым осылай. Ал Қаскендер орталықта, қазіргі Абылай хан даңғылы мен Қазыбек би көшелерінің қиылысында тұрды. Сұхбатымыз созылып кеткен жоқ па?

– *Ештеңе етпес, басшыларыммен кеңесемін ғой. Жаңағы кітап жеткен жерге, аға, Сіздің сөзіңіздің де жеткені керек.*

– Олай болса, ары қарай кеттік. Бір жылы алты-жеті ақын-жазушы мемлекеттік сылыққа ұсынылып, комиссия талқысынан үш ақын өтпей қалыпты. Біреуі – зайсандық Асқар Егеубаев. Танымал ақын. Ал өтпей қалғандардың бірі мықты қызметте, бірі жолтапқыш, аттарын атамай-ақ қояйын, солар Қаскенмен сөйлесіп, ол кісінің президентке сөзі өтетінін пайдаланып, хат жаздырыпты. Ақырында комиссия қайтадан шешім шығарып, әлгі екеуін де сылыққа ілдіріпті. Соны білгендердің бірі «Дат» гәзетіне мақала жазыпты. Оны бір шаруамен осында, Өскеменде жүргенімде Қаскеннің карта досынан естідім. «Партизан ағаң сені атып тастағалы тосып отыр, байқа!» деп күледі. «Е, неге?» десем: «Ғаббас «Дат» гәзетіне мені жамандап жасырын атпен мақала шығарды. Гәзетке мақаласы жиі шығады, сол жазғанын таныдым деді» дейді. Ал керек болса! Алматыға оралысымен Қаскене бардым. Екеуіміз біраз айтыстық. «Кім туралы болсын ашық атап жазатынымды білесіз. Сізді сынағым келсе, аты-жөніңізді бадырайтып сынар едім, басымды кесіп ала алмас едіңіз!» дедім. «Сен жазды деген жоқпын, оны сылықтан құр қалған Асқар жаздырды» деп жалтарды. «Президентке хат жазған соң, анау екеуінен Асқарды неге бөліп тастадыңыз, сылықты қызғандыңыз ба?» дедім. «Ол «Азаттық радиосына» біздің билікті жамандап мақала жазып тұрады» деді. «Ол мақала жазған емес, елдегі, Жазушылар одағындағы мәдени-әдеби жаңалықтарды ғана жазады. Одан кейін ол да біреуді сыртынан даттап жазатын жігіт емес» дегенді айттым. «Сол жаздырды» деп қалды. Үйге бара Асқарды қолға алдым. Ол: «Датпен» қатнасым жоқ, Қаскен туралы жазатындай, маған не

көрініпті?!» деп кейіді. «Ақ екенінді ағаңа барып айтып шық» деп кеңес бердім. «Бармаймын, ол кісінің мінезі шатақ қой, қорқамын» дейді. Ақырында көндірдім. Барып, сөйлесіп шығыпты. Маған телефон шалып: «Партизан ағамыз әуелі қатты сөйлеп, соңында «догойлап», ол мақаланы әдеби гәзеттің редакторы жаздырған болды, жауапты хатшысын маған жұмсап, президентке хат жазғанымна ренжіген» деп қалды деді. Сол Асқарды Жазушылар одағының бірінші хатшылығына ұсынайық деп Қаскеңе «құда түскен» емеспін. Керісінше, сол жолғы құрылтайымызда біріншілікке ұсынылар басқа жігітті жақтап сөйлеңіз деп қолқаладым. Құп көрді. Ал Асқардың «Азаттық радиосы» үшін сұқпат алуға Қаскеңнің үйіне барғаны, Қаскеңнің келіспей қойғаны да бекер. Асқар ол радионың ресми тілшісі болған жоқ. Міне, әңгіме осылай. Алматыға көшуді ақылдасқанда апайыма қосыла Қаскеңнің қолдағаны ғана рас. Және айта отырайын: азды-көпті әзіл-сықақ әңгімелерімнің тұңғыш жинағын шығартқан кісі – белгілі жазушы Шерхан Мұртаза. Жаңағы естеліктер кітабымда айтылды.

– Сонда, аға, кеіріңіз, Қасым атаның онысы несі?

– Ол кісі – үш жездемнің үлкені. 1966-жылы Алматыға көшіп барғаннан бастап бірге болдық. Ол да – жұмырбасты пенде. Мінезінде, сөзінде ала-құлалық болды. Мен қалайда онысына төзбедім, әуелде ақырындап, оңашада, содан жұрттың көзінше де қатты айтып тастайтын болдым. Сөзім дәлелді болған соң, үндемей қала беретін. Қаскеңнің жекеменшік аутомәшіні болды. «Ай, золотой, барып келейік» дегенінде ағалығын силағандықтан бас тартпай, кейде іштей қиналсам да: Шымкентке, Жамбылға, Талдықорғанға, Аягөзге, Өскеменге бірге барып жүрдім. Бірақ әр жолы екеуіміз жүз шайысып қалып жүрдік. Өзінің асты-үстіне түсіп жүрген жігіттердің біріне қалайда оғаш мінез көрсетеді, қатты сөз айтады. Шыдай алмай кірісем де, білгенімше шындыққа көшем. Қателік көбінесе Қаскеңнен болады. Былайда жайдары, әңгімешіл, әзілқой партизан ағамыздың мінез-құлқында сондай екіжақтылық бар еді. Қара жер айтып бармасын, айтып барса – мейлі. Бір жолы Қаскең мені де, ере жүрген бір жігітті де жұрттың көзінше ұятқа қалдырды да, екеуіміздің сапарлас бо-

луымыз сонда бітті, жалпы қатнасымыз сиреді. Сырқаттанып, жүруге халі болмай қалғанына төртінші күн екенін естіген соң барып, сәлем бердім, хал-жағдайын сұрадым. Селқос болды. «Аға, ренжіскеніміз ұмытылсын. Кінә кімнен екенін бір құдай білер, есептеспейік» дедім, кеудесіне қойып жатқан оң қолын ұстап. Ол маған ойланғанға ұқсас пішінмен қарап жатты, қолын тартып алмады, дәнеңе демеді. Сірә, менде кеткен есесін хатшысына керісінше айтып, иландырып, кейін жазып шығаруды «өсиет» етіп кетуді сонда ойлап жатты-ау деймін. Өлінің сөзі жөн болып қала береді деп түйген шығар. Мен ешқашан ешкімге жасанды мінез көрсеткен, жалған сөз айтқан емеспін. Ешкімге ешқашан жағынған, бас шұлғыған жоқпын, оныма Жаратқан Иеміз куә десем, күпірлік болмас, шындық екенін өзі білетін Иеміз кешірім етер деп сенемін. Қаскеңнің пендешілігін айтуыма әлгі кітаптан өзің келтірген негізсіз сөздері себепші болды ғой.

– Ал сонда, аға, Еркін Нұразхан Қасым атамыздың Сіздің беделіңізге нұқсан болатын жалған сөздерін неге пайдаланды деп ойлайсыз?

– Ол Қаскеңнің «өсиет» сөзіне құлай сеніп, оны орындауды міндет көрген шығар. Мейлі. Ал ол жалған сөздер менің беделіме титтей де нұқсан келтірмес. Құдай өзі берген беделін өзі алмаса, мені шын таныған алыс-жақындағы жолдас-жораларым, оқырмандарым жоққа илана қоймас. Қаскең десек, исі қазаққа керек ол Қаһарманымыз туралы айтуға мәжбүр болған қатқыл пікірім осы сұхбатпен шектеледі, ол кісінің партизандық ерліктерін алдағы уақытта да баяғымша насихаттай беремін.

– Енді соңғы сұрағым...

– Шын ба?

(Екеуіміз де күлдік.)

– Дәстүрлі сауал ғой. Қазір не жазып жүрсіз? Шығармашылық жоспарыңыз қалай?

– Қазір ме?.. Қазірде көпшілікке ұнайтын, азшылыққа ұнамайтын мақала жазуды жалғастырудамын. «Құдайсыз құдалық» деген сатиралық роман жазуды бастап едім, сонау жылдары, бірінші бөлімі «Дидарда» жарияланған, соны аяқтай алмадым, роман жазу

қолымнан келмейтін сияқты. Дегенмен, «Ит мініп, шошқа жетектеп...» деп аталған сатиралық хикаятымды өткен айда жазып болдым, қайта бір оқып, артық-ауысын сылап-сипай алсам, іске жарап қалатын сияқты. Ара-арасында әңгіме жазып, аудармамен де жағаласып қойып жүрмін.

– *Бәрекелді, аға, жақсы! Денсаулығыңыз мықты болсын, шаршамаңыз, Сіз еселеп жаза беріңіз, біз оқи берейік!*

– Келістік! Мен де сендерге тек жақсылық тілеймін!

(«Ұлан таңы» газеті, ШҚО. Мамыр, 2013-жыл.)

МЫРЗАТАЙ ЖОЛДАСБЕКОВТІҢ, ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВТІҢ ЖӘНЕ БАСҚАЛАРДЫҢ ӨРЕСКЕЛ ҚЫЛЫҚТАРЫН НЕГЕ АЙТПАСҚА?

Біз бұған дейін “Оқырман сұхбатты өзі жүргізеді” деген айдармен көрнекті жазушымыз Герольд Бельгердің (“Мәңгі ел” әңгі елге айналып кетпей ме?”, 11.02.2014 жыл), содан кейін белгілі математик-ғалым, академик Асқар Жұмаділдаевтың (“Бізге жалған намыстың керегі жоқ”, 13.03.2014 жыл), бұдан соң атақты жазушымыз, қазіргі заман ғұламасы Мұхтар Мағауиннің (“Антиқазақ саясатқа тоқтау салғызуымыз қажет”, 30.10.2014 жыл) сұхбаттарын жариялаған едік.

Енді осы таңсық айдарымыздың бүгінгі қонағы – қадірлі ақсақалымыз, қоғам қайраткері, жазушы Ғаббас Қабышұлы.

– *Ғабеке, көлемді мақалаларыңыз көрінбегелі біраз уақыт болды, оның себебі не? Мақалалар жинағыңызды шығару ойыңыз бар ма?*

– *Әзіл-сықақ әңгімелерімнің жаңа жинағын дайындауға кірісіп кетіп, басқаға мойын бұра алмай жүрмін. Ал мақалалар жинағым дайын, оны баспаларымыздың екеуіне ұсынып едім, ондағы ағайындар: «сонсоң бізді оңдырмайды!» деп «ат-тондарын ала қашты». Мен: «Кім, не үшін?» деп сұрамадым, – түсінікті ғой.*

– *Ресейдің президенті Путин туралы не білесіз? Украинадағы сұмдыққа оның қатысы бары рас қой? Украинаға әскер кіргізгені, соғыс ашқаны несі? Украина да Ресей сияқты жеке, тәуелсіз мем-*

лекет, ал ол оған неге өшікті? Содан кейін: сіз «Централ Азия Монитор» деген газетті оқисыз ба? Сол газеттің жақындағы №36 санында Олжас Сүлейменов «Ответ на один вопрос» деген мақаласында: «Кстати, добавлю, что Украина до сих пор не утвердила международно свои границы. С правовой точки зрения они не защищены мировым сообществом. Стране с такими карандашно-обозначенными пределами опасно вступать в распри с соседями, у которых могут оказаться грамотные адвокаты. Что в общем и происходит на наших глазах» депті. Онысы Украинаны даттау, Ресейді ақтау емес пе? Ол сол мақаласында президент Назарбаевтың «қазақта шекара болмады, қазіргі шекарасында мемлекеті болған жоқ» дегенін де ақтап: «А слова Назарбаева следовала спокойно прокомментировать специалистами» деп, бізде солай істей алатын тарихшы жоқ депті. Украина да кешегі Совет Одағындағы одақтас республикалардың бірі болды, оның да шекарасы сонда белгіленді, заңдастырылды емес пе? Ал Сүлейменовтің «карандашно-обозначенными пределами» дегені не сөз және, екіншіден, осы Олжас неге қазаққа уақ-уақ шүйіле береді? Оның осыдан екі айдай бұрын: «қазақтың «наурыз, желтоқсан» айларының аттары дұрыс емес» дегенін оқыған шығарсыз? Кеше ғана «Азаттық радиосында: «Біз үшін толық тәуелсіздік қауіпті» деп тағы ширыққаны қалай? Сіздің сол Сүлейменовпен қарым-қатнасыңыз қандай?

– Сұрақ «біртүрлі» екен, әйткенмен, жауап беріп байқайын. Украинаға, Путинге қатыстыға ойым осы газетте Александр Лукашенко туралы айтқан пікірімде бар, қайталамай-ақ қояйын. Әйткенмен, мынадай қосымша ұсынайын:

Путиннің кім екенін Ельциннің кезінде Ресейдің белгілі мемлекет және қоғам қайраткері болған журналшы Михаил Полторанин «Власть в тротиловом эквиваленте» деген екі кітабында дерек тілімен ашып айтыпты. Ол кітап қолыңызға түспесе, егер интернеттің тілін білетін болсаңыз, содан оқыңыз. Полторанин: – Путиннен, путинизмнен құтылмайынша Ресейге күн жоқ, – деген. Меніңше, дұрыс тұжырым! Шошып оянғандай тұра ұмтылып, дербес Украинаға әскер төккен путинизм – кеше КСРО құрамында болған бүгінгі тәуелсіз республикалардың бәріне қауіпті.

Егер Путин Ресейдей үлкен елге лайық басшы болса, ежелден көрші Қазақстанға келген сайын: – Қазақта мемлекет болмаған, Назарбаев нөлден бастады, қазақтың бірінші мемлекетін құрды! – демес еді. Ол оны біздің тарихымызды білмегендіктен емес, қызылкөздікпен үрритсоқтап айтып жүр.

Ал Олжастың «не утверждена международно», «карандашно» дегендерін Орта Азия мен Кавказдағы, Балтық жағалауындағы бүгінгі тәуелсіз республикаларға, Қазақстанға да таңуға даяр шығар. Онысы, – меніңше, Путиннің қолындағы жуан сойылды сүйемелдеп ұстаушы біздің саясатшылдардың ыңғайындағы китұрқы сөзі, өзі айтқандай, Ресейге «грамотный адвокат» болғандығы.

Немесе Назарбаевтың қазақтың мемлекеттігі мен шекарасы туралы қате сөзін «спокойно» түсіндіру дегені не? «Иә, иә, сіз тауып айттыңыз: бізде мемлекет, шекара болмағаны рас. Керей мен Жәнібек, Абылай... хандар туралы сөз басқа, олар хандықты басқарды, хандық дегеніміз мемлекеттік емес, ауыларалық билік қой. Ол хандар да «не утвердили международно свои границы» деуіміз керек пе еді? Шикілі-пысылы сөзді уақ-уақ айта жүру – Олжастың дағдысы. Қазақтың ай аттарына неге шабуыл жасағанын, еуроодақшылдығының себебін, Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағын Мәскеуге апарып, путиндердің босағасына сүйеп қоюды көксеп жүргендей пиғылы барының мәнісін оның өзінен сұрағайсыз.

Ақын құрдасым екеуіміздің арақатнасымыз туралы айтарым: біз көптен таныспыз, Жазушылар одағында, он алты жыл бірге жүрдік. Кейін ол басқа қызметке кетті. Аймаласқан дос та, аңдысқан қас та емеспіз. Менің оған ренішім оның марқұм Кешірім Бозтаевтың аруағынан аттап кетуінен басталды. Семей полигонын жабуды ресми талап етіп М. Горбачевқа алғаш ба-тыл хат жазған адам Семей облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Кешірім Бозтаев екені – тарихи шындық. Оны Назарбаевтан жақсы білетін, Назарбаевтай анық, жоғары бағалаған ешкім жоқ. Олжас оны да, өзінің Семейге Назарбаевтың жөн сілтеуімен Бозтаевқа көмекке барғанын да «ұмытып»: «...Да, он был первым

секретарем обкома, но не более того. И уж во всяком случае, среди первых борцов за закрытие полигона его не видели» деп, марқұм Бозтаевты сегіз жыл өткен соң кемсітіп, атакқұмарлығына басып шыға келді. Өйтіп аруақтан аттап кету – мұсылманшылыққа жат, өрескел қылық.

– *Фаббас Қабышұлы, «Қазіргі жастар сахнасы қандай» деген түсініксіздеу сұрағыма жауап беруге қалайсыз?*

– Түсініктілеу жауап беруге тырысайын. Заманына қарай сорабы ғой: ресейлік «тәуелсіз сахына-экран» өкілдері батыстағы кәсіптестерінің «өнерлеріне» жерік болса, бізде екеуіне де жеріктік етек алып барады. Рас, «жаугершілік» кино жағынан «ұяттымыз», бірақ оның орнын сахнаны «жаңа өнермен» толтыра бастадық. Қыз-келіншек әнші-бишілер көзін қара-көк бояумен қоршап, ернін шикандай етіп, омырауды ашып, шашын шашып, тіпті біз бала кезімізде ауылда көрген балуандарша, көйлегінің бір жеңін шешіп тастап, быртыып-тыртыып шыға келгенде отырған орным ойылып бара жатқандай күй кешемін. Ол ол ма, кейбір қыз-келіншектердің, сол бала кезімізде көргеніміздей, әже-апаларымыз, шешелеріміз ұйықтарда киетін ішкііммен – жаға-жеңі жоқ, иыққа асқан екі бауы ғана бар лыпа көйлекпен, құдды үріккен ешкіше, елбеңдеп шыға келетінін қайтерсің!.. Сахнадағы ол көріністерге сахнаны безендірудегі «жанашылдықты» қосып көріңіз: сахна төріндегі экранда шым-шытырық әлдебір сұлделер, сызық-шимайлар, әлде өзен тасығандай, әлде өрт болып жатқандай аласапыран бірденелер алмасып, көзінді де, көңілінді де қажайды. Оның үстіне, желікпе әуенді тыңдау былай тұрсын, мысалы, Шәмшінің әсем әндерін тыңдап та жарымайсың. Әншінің дауысын басып кететін дойыр-ұрыс аспаптардың (ударные инструменты) дүңкілінен құлағың тұнып, басың айналады.

Соңғы жылдары сахнамызды малтапқыштар жекешелендіріп алған деуге болар. Өлеңінде поэзиядан нышан жоқ «ақын», әнінде музыкадан сыбыс та жоқ «сазгер» көбейіп барады. Бұл құбылыстың кесапатты екенін баспасөзде, мәселен, әнші Бибігүл Төлегенова, ақын Фариза Оңғарсынова және басқа тұлғаларымыз бұдан үш-төрт жыл бұрын айтты. Одан беріде де

айтылып, жазылып келеді, бірақ сахнаның иелері селт етпейді. Сондай немкеттіліктің салдарынан өлеңсымақ пен әуенсымақ қынаша қаптап кетті. Бұған қосарым: бізде телеарналардың шамамен төрттен үші – шетелдік. Олардың көбінесе көрсететіні – біздің ой-санамызға, пайым-түйсігімізге, салтымызға, әдет-ғұрпымызға, яғни қазақы болмысымызға мүлдем кереғар алқын-жұлқын, баж-бұж, екек-секек, киралаң-бұралаң... анайы-тұрпайы бірдеңелер. Біздің ұлттық арналардың кейбірі соларға еліктеуде, – «сынықтан басқаның бәрі жұғады». Телеарналарымыз шетелдік киносериялдарды төрге шығарып қойды. Қайдан, немене екеніне назар аудармайды. Қыруар қаржыға сатып алады, ақысын төлеп қазақшалатады, – «әп, бәрекелді!». Мысалы, түріктің «Сымбатты Сүлеймен» дегеніне, естуімше, Түркияда көрсетуге тиым салыныпты. Өйткені: Сүлеймен өмірін елі, жері үшін күреспен үнемі жорықта, ат үстінде өткізген тарихи тұлға екен. Ол елін 46 жыл бойы жақсы басқарып, 13 соғысты басынан кешірген. Мұсылман жұрты оны Сүлеймен Кануни, яғни Заңшыл, Әділ Сүлеймен деп атаған. Ал сериялда ол – гаремшіл біреу; зұлым әйелдің өсегімен балаларын қырған жауыз.

– *Фаббас аға, телеарналарымыздың бағдарламасы жайында толғап айтарыңыз бар ма?*

– Оларды зерттеуші емеспін, демек, толғап айтар шамам жоқ, ал қысқаша қайырсам: қазақтық телеарналардың көбінде бүгінгі қоғамның тірлігіндегі шындықтан басқаның бәрі бар. Мысалы, былтыр билік: «Дипломмен – ауылға!» деген ұран көтерді. Ресми дерекке сүйенсек, бір мыңнан астам ауыл ауызсусыз отыр. Жүздеген ауылда электр, медпункт жоқ, жеті жүзге жуық мектеп күрделі жөндеуден өткізілмеген әлдеқалай күйде. Жылусызы, телефонсызы, кітапханасызы нешеу? Далбаса биліктің «рухтандыруымен» дипломын құшақтап жетіп барғандарды күтіп тұрған жатақхана бар ма? Барған жас мамандар оларсыз да жұмыссыздық жайлаған ауылда не істемек? Көзбояу үшін үш-төрт ауылды алдын ала дайындап қойып: «Дипломмен келгендерді ауыл құшақ жая қарсы алды! Жас мамандар іске құлшынып кірісіп те кетті!» деп даңғазаландық. Биліктің қабағын баққыш телеарналар бас-

шылары, бағдарлама жетекшілері соны біле тұра қыңқ етпейді. Көрерменді не қымыз, не қымыран емес хабарларымен «сусында-тады». Мәскеудің телеарналарында: «Пусть говорят», «Говорим и показываем»... деген бағдарламалар бар. Көбінесе көрсететіндері – бір отбасының ырың-жырыңы; мұрагерлердің өзара қырқысы; біреудің әйелін біреудің алып кеткені; біреудің бір қызды зорлап қойғаны; тіпті бір жігіттің бір жесірді оның бойжеткен қызымен қоса әйелдікке алып отырғаны сияқты сұмдықтар. «Шындықты айту керек!» деген арзан, сыңаржақ түсінік. Сол пәлекет біздің телеарналарға ауыз салды. Мәскеудің қаңсығы бізге әлі де таңсық қой. Бірде телеарналарды «түгендеп» отырып, қайсысында екенін қадағаламаппын, әлдебір әңгімешіл топқа тап болғаным. Әдемі киінген әсем қазақ жігіт сөз алған екен: «...Онда тұрған не бар?! Шындықты айтуға міндеттіміз! Біздің бір жазушы ағамызды жүрек ауруынан қайтыс болды деп еді, шындығында ол өзінің саяжайында асылып өліпті, соны анықтау керек!» деп екіленді. «Шындықшылдың» мұңкіген сөзінен жиіркеніп, арнаны жауып тұрын кеткеніме ертеңінде өкіндім. Қай арна, қай бағдарлама, әлгі көкіген кім екенін білуім керек еді.

– *Биліктің қарамағындағы үлкен-кіші гәзеттерді оқып отырсаң, Қазақстанда коммунизм орнап қалғандай. Радиомыздан еститініміз де, теледидарымыздан көретініміз де сол. Әлгі гәзеттердің мақалаларының тақырыптары да өрескел, мысалы: «Экономиканы жедел дамытудың қазақстандық жолы – әлем назарында», «Бүкіл әлем Қазақстанға қызыға көз тігуде», «Бүкіл әлем Қазақстаннан тәлім алатын кез келді», «Әлемдік кедейлікпен күрес Астанадан басталады», «Астана – әлем қаласы», «Астана – бақытты шаһар», «Адамзат болашағы Қазақстанда талқыланады»... деп, өй, айқайлап-ақ тұрады. Солай жазғыштардың Қазақстанның, айталық, жыл сайын мыңдаған сиыр мен жылқыны, тонналаған етті шет елдерден алатынынан хабары жоқ сияқты. Кеңестік кезде Қазақстан Ресейге жыл сайын жүздеген тонна ет сататын, ал қазір керісінше. Жалпы экспортымыз импортымыздың жиырмадан біріндей ғана. Сіз, Ғаббас аға, осы туралы не айтар едіңіз?*

– Иә, ағайын, сұрағыңызға қарағанда, статистиканың маманына ұқсайсыз. Біздің экспорт пен импорттың жайын жатқа білетін тәріздісіз. Сондықтан, статистикамен байланысым жоқтықтан да, сіздің сауалыңызға жауабым: иә, біздің дүкен, базар атаулымызда алыс-жақын шет елдердің нәрселері толып тұр және удай қымбат. Қымбат болатыны, меніңше, біздің оларға төтеп бере алмайтындығымыздан. Соның салдарынан біз, өзіңіз де куәсіз ғой, қымбатшылықтан көз аша алмай келеміз. Бір ғана дерек: дүкенде әлгі пакет дегенмен сатылатын бір литр айран бұдан 4-5 жыл бұрын 50-60 теңге еді, бүгінде 250-300 теңге! Бәрі де осылай. Пәтерақы тіпті асқынып кетті, сірә, «Антимонопольный департамент» деген кеңседегілер монополистерге қарсылық жасауды доғарған шығар. Осыдан екі ай шамасы бұрында сол кеңсенің республикалық па, облыстық па, әйтеуір, біреуіндегі бастықтың орынбасары (аты-жөні есімде қалмапты) монополистен 300 мың доллар пара алған сәтінде тұтқындалыпты. Пәтерақымыздың үсті-үстіне қымбаттауының бір себебі біздің мүддемізді қорғауға міндеттілердің сол орынбасарша сатқындық жасауларында жатқан болды. Үкімет ондайды түбірімен жоюды қолға шындап алар емес. Бизнес дегенмен дұрыс шұғылданып жүргендерін кейде маған дәлелдеп әңгімелейтін таныстарым «парақорлық, жемқорлық, салық еңсемізді көтертпей қойды» деп налиды. «Алақанына салмасаң, алдың ашылмайды» дейді олар. Ондайды естіп те, оқып та жүрміз. «Жемқорлыққа қарсы жорық қарқын алуда» дейді әлгі гәзеттер, бірақ қандыауыз қасқырға беттемей, егеуқұйрық аулайтын дағдымыз барын айта алмайды. Ал, өзіңіз жазғандай, «коммунизмді орнатып» қойған билікті, президентті көзді жұмып, құлақты бітеп алып мақтағанда, әсіресе, президенттің «2020 – Нұрлы жол» бағдарламасы айғақталғаннан кейін, өйдейт шіркін, аспанды тілімен айғыздап, Күн мен Айды жолдарынан адастыруға шақ қалатындар жыртылып айырылып мез.

Халқымыздың азық-түлік қоймасы ғана емес, бүкіл тіршілігінің қайнар көзі болған ауыл астаң-кестең «реформамен» тозды. Ұжымшар мен кеңшарды, зауыт-фабрикті, комбинат-тресті, жатақхана мен балабақшаны, тағы басқаны сатуда, жерді сауда-

лауда «қарағайға талжалғағыштар» алдарына қара салмай, арам ақшаны қапшықтап жинап, шетелдік банктерге тоғытып, еселеп байыды, миллионер, миллиардер болды. Алды шет елдерде патша-принц сарайларын сатып алып жатса, соңы өзімізде мейманхана, мейрамхана, супермаркет дегенді бәсекелесіп салып жатыр. Жақында Алматының Достық даңғылы мен Ө. Жолдасбеков көшесі қиылысқан тұста «Достық» супермаркеті ашылды. Үш қабатты. Ондай сән-салтанатты ғимарат ТМД елдерінде жоқ шығар. «Білеміз» дегендер оны билік жақтағы атышулы миллиардердің жекеменшігі, жүз миллион долларға салдырды десті. Қолымда «сонікі» деген құжат жоқтықтан кім екенін түстеп бере алмаймын. Ал аталған сома барша ауыл жұртшылығын қамтамасыз етер су, электр жүйелерін салуға, ойпыл-тойпыл жолдарды жөндеуге жетер еді. Қулық-сұмдықпен баю қалыптасқан қоғамның алпауыттары өздері нәпақасынан айырған көпшілікке қайырыла қарауды ойламайды. Ойлауға, ойлатуға тиістілер басқа жақта, олар Астананы «Әлемдік мейрамханаға» айналдырды: шетелдік пәлен де түглендердің топырлауымен күнде жиын, күнде той, ал оған жұмсалып жатқан есепсіз қаржы – халықтікі.

– *Ғаббас Қабышұлы, біздің елде демократия бар ма? Жоғары-төменді сайлау әділ өткізілетін күн бола ма? Оппозиция қайда? Парламент халықтың материалдық жағдайы жыл сайын ауырлауда екенін неге талқыламайды? Ондағылар: «Астананы Нұрсұлтанқала деп атайтын мезгіл жетті», «Қазақтар бір-бірін Бәке, Мәке, Сәке деп атамауы керек, ол – ескішілдік», «Жалақымыз өсірілуге тиіс», тағы сондай бірдеңелерді айтады, ұят емес пе? Сіз Шығыс Қазақстанның қазағысыз ғой, қазіргі облыс әкімі Бердібек Сапарбаев алғашқыда өзімен бірге көптеген шымкенттік, қызылордалық кадрларын алып барған екен, енді орыстар мен қытайлықтарды қаптата бастады дейді, сол рас па?*

– Бізде демократия сөзде бар, істе жоқ. Ғалымжан Жақиянов бас болған жас демократтарымыз құрған «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қозғалысын сол жылғы премьер-министр, бүгінде сенаттың төрағасы Қасымжомарт Тоқаевтың: «Не

– мен! Не – олар!» деп талқандады емес пе?! Біздің билік басында сондай жуанжұдырықтылар отырғанда демократия бұлт басқан әуежайға қона алмай, айналып жүрген ұшақтың күйін кешеді. Демократия жоқ елде әділ сайлау болуы мүмкін емес, яғни бүгінгі парламент депутаттарының талайы ухит-сухит сайлаумен жол тапқандар екені сөзсіз. Олардың саны – үш жүздің айналасы, ал содан жөні түзу сөз айтып жүргендер он шақты ғана. Өзгелері, Оспанхан Әубәкіров айтқандай, – «көди-сөди». Депутаттық төрт жылы ішінде «әу» деп аузын ашпастан кететіндер де аз емес. Сондай ортада, мысалы: пәленбай ауылда ауызсу жоқ, пәленбай ауылда аурухана жоқ, пәленбай мектеп құлағалы тұр, жұмыссыздық етек алып барады, жастардың қылмысы көбейіп кетті, аналар мен балалар аурулары асқынуда, деген мағлұматтар бар, ал соған орай: «Ол неліктен, кім кінәлі? Осыны тезірек талқылап, анықтап, шара қолдандырайық!» деген әрекет болғанын естіңіз бе? Естіген жоқсыз, себебі ондай әрекет болған емес. Парламент депутаттарының айлығы 3000 доллар шамасы көрінеді. Оны азсынып, тағы өсіруді талап етіп жатса, мәссаған безгелдек! Ең болмаса бірі: – Ау, мырзалар мен ханымдар! Жүйкесі күнде шабақталатын мұғалімдер мен дәрігерлердің айлықақысы 50-60 мың теңгенің о жақ, бұ жағы. Біреуіміз тықыршып, жиырмамыз қалғып-шұлғып отыратын біз олардан 20-30 есе көп айлық алып жүрміз. Осынымыз ұят емес пе?» демейді. Олай дегенше: «Бәке, Сәке дегенді қою керек!», «Бас қаламызға елбасымыз Нұрекеңнің атын қояйық!», «Тәуелсіз гәзеттер бетімен кетіп барады, қатаң бақылауымыз керек!», «Алдар көсе – жұртты алдағыш алаяқ, өтірікші, оны әдебиеттен алып тастау керек!» дегендей оттауизмді үрлеп отыра беру – ақмонша ғой!

«Оппозиция қайда?» депсіз... білмеймін. Сиырдың бүйрегіндей болып кетіп еді, саудасы біткен де!

Облысымыздың әкімі Бердібек Сапарбаевпен бір мәрте ғана жүздесіп: «Сәлеметсіз бе?» дескеніміз бар. Естуімше, кейбір министрдің, әкімнің жаңа қызмет орнына бұрынғы орнындағы қимастарын шұбыртып ертіп баратын «командалық қағиданы» ол да берік ұстанған көрінеді. Сонысын ақтаған сыңайы ма, Шығысқа

барысымен: «Мұнда Өскемен қаласына әкім болуға жарайтын кадр жоқ!» деп төтелепті. Оның жалпы басшылық қырын бағалау әрқилы: біреу аспандатып мақтайды, біреу жербауырлатып сынайды. Ал, қытайлықтарды шақыруында қапы жоқ екенін оқып білдім. Шығыс Қазақстанда ауыл шаруашылығына ие болар қазақ та, орыс та жоқ депті.

Ресейдің Сыртқы істер министрі С. Лавровтың жазда Өскеменде болып қайтқаны есіңізде шығар. Ол неткен сапар? Астанада шешуге болмайтын мәселені Өскеменде шешкені ме? Ол, әрине, Путиннің жұмсауымен барды. Облыстың дізгін-шылбырын орыс нәсілдіге бергізудің тамырын басып қайтуға жасаған шарлау-барлаулары шығар. Біздің билік Путиннің иегі астынан шыға алмас болса, қара да тұрыңыз, ертең Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Павлодар облыстарының әкімдігі не орысқа, не орысқа бергісіз қазаққа бұйырады. Майлы қасықтай Школьниктің ұлы Ресейдің мұнайы жағының бір дәйі деседі, путиндер солар арқылы біздің батыс облыстарымызға да сығырая қарап отырған шығар.

– Құрметті Ғаббас Қабышұлы! Алдыңғы жылы осы «Жас алаш» гәзетінен сіздің «Тониекең келе жатыр!» деген мақалаңызды оқып едім, соған байланысты енді сұрайыншы: сол Тониекеңнен бүгін не хабар бар?

– Тониекеңнің – Англияның бұрынғы премьер-министрі Тони Блэрдің бізге президенттің кеңесшісі болып келгенін (келтірген соң келеді де), күніне 5 миллион теңге жалақы алмағын естіп, «сүйінші сұрай» жазғаным рас. Одан бергі хабарым: Тониекеңнің жылдық жалақысы биыл екі еселеніп, 16 миллион фунтстерлингке жеткізіліпті. Қаласаңыз: оны теңгеге аударып, күндік жаңа «табысын» біле салыңыз. Соншама алуы Қазақстандағы қымбатшылықтың еселенуіне үлес қосқаны үшін бе, әлде не үшін, – білер жоқ. Ал білетінім: қазекем: «Жалғыздық жаратқанға ғана жарасқан» деген ғой, соны біздің басшы-қосшылар жіті ескеріп, Тониекеңнің әйелі Чэри Блэрді де жақында қызметке алыпты. Чэкең алыс-жақында жоқ ағыл-тегіл заңгер көрінеді. Ол кісінің арқасында қазақстандықтар енді заңның бүге-шігесін жатқа біліп, заңды бұзғыштар құриды деседі! Ондай жақсылық иесінен,

яғни Чэкеңнен жалақыны аямау керектігін Заң министрлігіміз күні бұрын ескеріп, сағатына 1000 фунтстерлинг ұсыныпты. 1 фунтстерлингтің нарқы – 301, 52 теңге!

Меніңше, біздің басшы-қосшылар тезірек ескеруге тиіс тағы бір мәнді мәселе бар. Тони мен Чэри Блэрлердің ұлдары мен келіндері, қыздары мен күйеубалалары, немере-шөберелері бар шығар, солардың қызмет істеп жүргендеріне айлықақы, оқудағыларына стипендия төлеуіміз керек! Құда-құдағылары бар болса, оларды да туған күндерінде жыл сайын жарылқап отырайық! Сонда біздің данқымыз, «жер шарын шарлағанына» қоса, көкте қалықтайтын болады!

– *Ғаббас, елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бірінші күйеубаласы Рахат Әлиев «қолынан келіп, қонышынан басып», ақыры Австрияның түрмесінде отыр, ол жағын өзің де білесің. Менің сұрайын дегенім: Нұрекеңнің екінші күйеубаласы, бесіктен белі шықпай жатып миллиардер болған Тимур Құлыбаев туралы. «Жас алаш», басқа да тәуелсіз гәзеттер Тимурдың қылықтары туралы көп жазды. Англияда Гога деген екінші әйелі, екі баласы бар, соларға принц сарайын сатып әперген, Гогасына шағын ұшақ силады деді. Сол шын ба? Өздері гәзеттердің жазғанын не рас, не өтірік демейді, үндемейді, ол қалай?*

– Тимурды көрген емеспін, не істеп, не қойып жүргенін сізше тәуелсіз гәзеттерден оқығаным ғана бар. Тәуелді гәзеттер жалған жазса да, тәуелсіз гәзеттердің жалған жазбайтынын білесіз. «Өздері үндемейді» десеңіз, қазекемнің: «Үндемеген үйдей пәледен құтыладысын» құлыбаевтар да өздерінше білетін болғаны.

– *Ғаббас Қабышұлы, қазаға ұшыраған Заманбек Нұрқаділов пен Алтынбек Сәрсенбайұлы жайында аз айтылған, аз жазылған жоқ, оны өзіңіз де жақсы білесіз, өйткені сіз жұртшылықтың сөзінен шет қалған жоқсыз. Әсіресе Алтынбектің өлімі жұмбаққа айналды, Рахат Әлиев деген «мен білем, менде құжат бар, айтамын» деп сандырақтап тынды. Сол екі оқиға туралы жаңа дерек бар ма? Жалпы сіздің ойыңыз қандай?*

– Қазаға «ұшырау» мен «ұшыратылу» – екі түрлі ұғым. «Ұшырау» – ешкім ойламағанда болатын оқиға, ал «ұшырату» –

біреулердің ұйымдастыруымен болатын оқиға. Біріншісінің мәнжайы сол болған сәтінде, не көп ұзамай анықталады. Екіншісі, иә, жұмбаққа айналады, ұйымдастырған сұмырайлар оның шешімі табылмауын да алдын ала ойластырады. Шешілмейтін жұмбақ жоқ, бірақ оған уақыт керек және, ең алдымен, шешімін іздеуге міндетті орындардың талап-ынтасы таза болуға тиіс. Ұйымдастыру мен іздеу ымдасқан-жымдасқан арамдық болса, оныңыз шылқа батпаққа бөшкелеп су құйғанмен бірдей.

Заманбекті де, Алтынбекті де, іле-шала журналшы Асхад Шәріпжановты да арамдар қазаға ұшыратты. Ол зұлымдықтың қашанәшкере болары белгісіз, нақты дерек жоқ. Заманбек қазасының «дерегі» – сол кездегі Ішкі істер министрі Мұхаметжанов: «Заманбек Нұрқаділовтің өзін өзі үш рет атып өлтіргені анықталды» деген бетпақтық. Актілеріне жазғандай, марқұм өзін екі рет кеудесіне атып, үшінші ретте басына атыпты! Есі дұрыс кісі сенбейтін суайттық! Ал екінші әйелінің фамилиясын сағалап Шораз болған қашқын Әлиевтің Алтынбек қазасы жөніндегі «әңгімесі» – оның өзі ғана білетін жымысқы қулықтарының бірі.

– *Құрметті Габбас Қабышұлы мырза, сіз «Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясында, жалпы Қазақстан Жазушылар одағында ұзақ уақыт қызмет істепсіз. Олар 80 жылдықтарын тойлағалы жатқан көрінеді. Одан не күтесіз?*

– Ештеңе де күтпеймін. Көп тойдың бірі болар. Иә, мен Одақ құзырында 30 жыл болдым. «Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясында, Әдеби қорда, Көркем аударма алқасында. Одақ басқармасының екінші хатшысы кезімде жасым зейнетке жетіп, қызметті доғардым. Сол мерзімде Одақтың бес басшысымен: Әди Шәріпов, Әнуар Әлімжанов, Жұбан Молдағалиев, Олжас Сүлейменов, Қалдарбек Найманбаевпен қызметтес болдым. Бұлардан ризашылықпен бөліп атайтындарым – Әди Шәріпов пен Әнуар Әлімжанов. КСРО-ға белгілі қоғам қайраткері Әдекең Одақтың да, жазушылардың да материалдық жағдайын жақсартты. Еңсесі биік, бөлмелері ерекше кең 16 пәтерлі үй салдырды. Шығармашылық үй салатын жерді белгілетіп, құрылысқа жетерлік қаржы бөлгізді. 40 пәтерлі үй салуға жер алды. Еңбегі елеулі аға

ақын-жазушыларымыздың біразына пәтер, аутомәшін, орден, атақ алып берді. Ал Әнуар КСРО-ға ғана емес, шет елдерге де мәлім қаламгер болатын. Ол Жазушылар одағының ғимаратына күрделі жөндеу жасатып, әдеби жиын өтетін конференц-зал салдырты. Алматыны айтулы әдеби орталықтардың біріне айналдырды. Басқасын теріп айтпағанда, Азия мен Африка жазушыларының V-конференциясын Алматыда өткізуді ұйымдастарғаны біздің халықаралық әдеби өрісімізді кеңейтті. Ал өзбек ағайындар иемденуге кіріскен әл-Фарабидің біздің бабамыз екенін дәлелдеп, «Әлемнің екінші ұстазы» аталған ғұламамыздың туғанына 1100 жыл толуын тойлауды аталған конференцияға жалғастырғанының өзі ғажап емес пе?! Әлдекімдер менің Әдекеңмен, Әнуармен арақатысымды алай-былай деп бұра тартуы мүмкін, ондайда айтарым: егер жазушылар қауымына Әдекең мен Әнуар жасаған жақсылықты Иванов пен Сидоров жасаған болса, оларға да ризашылығымды осылайша айтар едім. Ал Жұбан Молдағалиев, Қалдарбек Найманбаев, Олжас Сүлейменов ресми міндеттерін атқарумен шектелді. Олжастың Мәскеуде, шетте жүруі көп болды, тіпті өзінің екінші мерзімі аяқталар құрылтайға келуге «уақыты болмады». Қалдарбектің тұсында тиісті орындармен келісіп ашылған, кітап шығара бастаған «Шабыт» баспамыз жабылды, Одақтың мәжіліс залы, асханасы, Шығармашылық үйі бөгделерге жалға беріліп, дау-дамай көбейді.

1. – Ғаббас аға, сіз де сықақшылар (сатириктер) ауылынансыз ғой, маған мынаны айтыңызшы. Мемлекетте, жалпы қоғамда жағымсыз жағдайлар көбейіп кетті. Сөйтсе де сатира сарбаздарының үні неге ащы шықпайды? Көпен, Толымбек сияқты жігіттердің батылы жетпей қалды ма, жоқ әлде билік оларды майлап қойды ма? (Б.Мұқанов, Еңбекшіқазақ ауданы, Қазақстан ауылы).

– Кімнің үні, қашан, қайда болсын, шыға алатын кезде, шығаратын жерде шығады. «Ара-Шмель» журналында Бас редактор болғандағы тәжірибемнен айтайын: фельетонымызға, жай ғана сын мақаламызға қарсы шаптыққан кейіпкерлеріміз республика Компартиясының Орталық комитетіне хат жазып: «Жазықсызбын!

Арашалаңыз!» деп безектейтін. Ондайда біз мақаламызды өзіміз сүйенген құжаттармен бірге: «Халықтық бақылау», «Партиялық бақылау» комитеттеріне, «Партиялық комиссияға» жіберетінбіз. Дерегіміз бұлтартпас болған соң, олар бізді қолдап шешім шығаратын. Сондай жағдайда сықақшы-фельетоншылар беделді болды. Қазір ше? «Тәуелсіздік» тәтті сөз ғой, бірақ бізде тәуелсіздік мына аталған комитеттер мен комиссияларды келмеске кетірді де, бар билікті әкімдерге берді. Бүгінде барлық мәселені іс жүзінде әкімдер шешеді. Олардың сын атаулыны дұрыс қабылдағанын естіген де, көрген де емеспін, керісінше, сынның да, сыншының да үнін өшіруге дайын отырады. Мысалы, Орал облысы әкімінің атына ауызша орынды сын айтқан журналшы-жазушы Алпамыс Бектұрғанов төрт жылға сотталды. Солайша жұмысынан қуылған, сотталған сыншы-сықақшы аз емес, Асхат Шәріпжановша қазаға ұшыратылғандар да бар. Сондай «тәртіп» сатириктердің де жолын кесті. «Әкім», «министр» деген бейкүнә сөз бар сықақ өлең-әңгімелерін «тарышыл» гәзет-журнал қабылдамайтын сатириктер деректі фельетон жазуды мүлде қоюға мәжбүр болды.

Әкімнің жергілікті «құдай» екеніне менің, тікелей өзімнің көзім жеткен жәйт болды. 2005-жылдың көктемінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Мақтаарал ауданының Ынтымақ ауылына бардық. Сонда туып-өскен айтулы ақын марқұм Сабырхан Асановтың есімін ол оқыған мектепке, ауылдың бір көшесіне беруге арналған жиынға қатысып, аруақтың ардақталғанына риза болып қайттық. Арада жарты жыл өте бере Сабырханның көшедегі аты өшіріліп, оның орнына аудандағы бір алаяқтың өз әкесінің атын қойғанын естідік. Әкесі ауданнан тыс жерге мәлімсіз көп белсендінің бірі болған екен. Аруақты мазақ еткен арсыздықты анықтап, сол жылғы 26-қарашада облыс әкімі Б. Жылқышиевке хат жазып, қиянатқа жол бермеуін өтіндім. Сөйтіп..., әкімге 2006-жылдың 20-қаңтарында, 9-наурызында тағы екі хат жолдап, бір ауыз жауап ала алмадым, Ақырында, 12-мамырда, премьер-министр Даниял Ахметов мырзаға хат жазып, әкімнің «мықтылығын» толық мәлім еттім. Соның нәтижесінде 6-маусымда облыстан: «Орын алған қателік түзетілді, С. Асанов есімі көшеге қайтарылды» деген жауап келді.

2. – Менің екі сұрағым бар:

Біріншісі, түннің ортасы ауганда болатын «Қазақша концертті» көресіз бе? Қазақ тіліндегі бағдарламалардың көбі сол уақытқа қойылған. Телевидениедегілер қазақтарды жатпайды, ұйықтамайды деп ойлай ма, олары несі?

Екіншісі, ұлттың жағдайына қарайтын зиялылар бар ма бізде? Кімдерді атайсыз? Жағымпаз, сатқын ағалардың көбейіп бара жатқанына жынымыз келеді. Сіз оларға қалай қарайсыз? Аттарын атап, сілікпесін шығарсаңыздар тоқтам болар, бәлкім? (Айдар Есімқұлов, Шымкенттің қазағымын).

– Бірінші сұрағыңызға сай сауал болып, білгенімше толық жауап бердім, арнап қайталау жасамайын, ренжімегейсіз. Екінші сұрағыңызға жартылай жауап болды, әйтседе қосарым: «Елім! Халқым!» деген үлкенжүректі зиялыларымыз бар еді, берекесіз билікке сөзін қадай алғаш шыққан Ғалымжан Жақияновты жалған жаламен түрмеге жауып, кейін, өміріне қауіп төндіріп, оны елден кетуге мәжбүр етті. Заманбек, Алтынбек жайында айтылды, қашан шындық ашылғанша айтылады да, жазылады да. Анық ұлтшыл зиялының бірі болды деп Батырхан Дәрімбетті айтар едім, ол да «оқыстан» қаза тапты. Адуын ақын Арон Атабек 16 жылға нақты дәлелсіз сотталып, түрмеде отыр. Ал бүгінде батыл зиялы деп, мысалы: Софы Сматаевты, Қабдеш Жұмаділовты, Зәуреш Батталованы, Иран Ғайыпты, Ермұрат Бапиды, Жұмаш Көкбөріні, Қасым Аманжоловты айтар едім. Бұларға кереғарлар, иә, толып жатыр, олардың «мандайалдысынан»: Олжас Сүлейменов туралы пікірімді қойылған сұраққа орай айттым ғой. Одан кейінгі «күштінін» бірі – өзін «Мен – Бұхар жырауым!» деп ойлайтын, ол астамшылдығына, мәселен, Асқар Тоқпановтан, Мұхтар Мағауиннен әділ «баға» алған Мырзатай Жолдасбеков. Президентті қолпаштауда алдына жан салар емес. Халықтың хал-ахуалы ауыр екенінде шаруасы жоқ. Ол «Тәуелсіздік тағылымы» деген мақаласында былай депті:

«...Біз ықылым замандардан бері Ұлы дала төсінде сан қилы тағдырды басынан кешкен, осы күнді армандаған ел едік. Сақ Ата дәуірінде де, Қағанат, Хандық заманында да, Әз Жәнібектің, Ер Абылайдың тұсында да еш ұрпақ мұншалықты бақытты,

мұншалықты дәулетті көрген жоқ. Арғы-бергі заманда Ұлы далада Назарбаевтай мемлекет орнатқан, жер жүзіне даңқы асқан тұлға туған жоқ. Не бары 20 жылдың ішінде әлем санасатын елге айналдық. Осының бәріне куә болып отырған, осындай елде өмір сүріп жатқан бәріміз де бақыттымыз!..».

Сақ Ата дәрінен Назарбаевқа дейінгі Қазақ елінің, қазақ халқының тірлігін «өзі көрген», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда» шалқып-қалқып жүрген Жолдасбековтің бұл «теңдессіз тұжырымын» Нұрсұлтан Әбішұлы естіді ме екен, оқыды ма екен?.. Айдар мырза, осындай «ой мен сөз еркіндігінен» кейін кімге, қандай тоқтам болуы мүмкін?

3. – Президенттің айналасындағылар бәрін бүлдіріп жатқан деп Нұрсұлтан көкемді ақтайтындар бар. Сонда ол кісі өзі қызметке қойған адамдарының не істеп, не қойып жатқанын білмегені ме? Олай болса мемлекетті қалай басқарып отыр? Шаршаған шығар, оңай емес қой, көп жыл ел басқару... (Е.Бижанов, Тараз қаласы).

– «Президентте кінә жоқ, айналасындағылар бәрін бүлдіріп жүр» деп сұңқылдап отыратындар – жағымпаздықтың тура жолына симай қалып, оны мырзатайлар босатпайды ғой, айналма жолымен сүрініп-қабынып жүгіріп келе жатқандар. Айналасындағыларды президентке халық іріктеп жинап берген жоқ, өзінің таңдап алғандары. Ендеше, ондайлармен жұмыс істеу жеңіл де, президент шаршай қоймас де ойлаймын.

4. – Сіз Дәриғаның (Нұрсұлтанқызы) президент болғанына қарсысыз ба, әлде жақтайсыз ба? Неліктен қарсысыз немесе неліктен жақтайсыз, соны түсіндіріп берсеңіз. Бірақ турасын, шыныңызды айтыңыз! (С. Сыдықбайқызы, тіл маманы, Алматы қаласы).

– Дариғаның не айтып, не қойғанын үзбей тыңдап та, үнемі оқып та жүрген жоқпын. Алайда, «менің әкем де жұмырбасты пенде ғой, жүргізіп отырған ішкі-сыртқы саясатында, міне, мынадай-мынадай ағаттық бар» деген емес. Яғни Дариғаның да, шындықтың өткір жүзіне тура қарай алмайтын басқа үміткерлердің де президент болғанынан елге, халыққа ешқандай пайда болмайды.

5. – Украина президенті Порошенко «Біз билікті орыспығылдар-

дан (пророссийские) тазартуымыз қажет. Әйтпесе, бұлар бізге жұмыс істетпейді...» деді. Сөйтті де, аз уақыттың ішінде Украина билігін орыстығылдардан тазартып үлгерді. Ал енді біздің билікке дендеп үңіліңізіші, орысы да, қазағы да түгел орыстығылдылар ғой. Енді не істедік? (Сайын Дала, Алматы).

– Егер жаңылыспасам, Мәскеудің «Алгоритм» баспасынан «Гитаны и тираны» айдарымен шығып жатқан топтаманың «Сталин шутит» деген томында былай делініпті:

«– Начальник Главного Политуправления РККА Лев Мехлис, сообщив Сталину о том, что маршал Константин Рокоссовский закрутил на фронте роман с доктором Галиной Талановой, спросил:

– Что будем делать?

– Скажите, – спросил Сталин, – это мешает его служебной деятельности?

– Нет, не мешает.

Сталин молчит...

– Так что же будем делать, товарищ Сталин? – вновь спрашивает Мехлис.

– Будем завидовать, – ответил Сталин».

Сәке, менің жауабым бұған сәл жанасады: Бұған дейін не істедік, енді де соны істейміз.

6.– *«Жазушылар майдаланып, ұсақтап кетті» деген пікір бар. Рас қой? (Думан Ділгірбаев, Кентау қаласы).*

– Жалпылап сөйлеуді жақтамаймын. Қай жазушы майдаланып, ұсақтап кеткені атап айтылса, жауап беріп байқар едім.

7. – *Жазу кабинетіңізде кімнің портреті ілулі тұрады? (Х.Кенесарин, Шымкент қаласы).*

– Абайдың және әкем Қабыштың (Қабдырахманның). Көріпкелділігі бардай кемеңгер Абайға тең ойшыл ақын жоқ. Мен үшін. Ал менің алғашқы сын-сықақ туындыларымды оқығанда әкем: «Балам, құдайға шүкір, аштан өлетін заман жоқ, бола да қоймас, ал бола қалса, адал өле біл!» деген еді. Сол қатқыл да қымбат сөзін өміріме өсиет етіп, шамамның жеткенінше ақтап келемін.

8. – *Кімді пір тұтасыз? (Р.Ниязбеков, Алматы).*

– Абайды және әкем Қабышты (Қабдырахманды). Себебім – алдыңғы сауалға берген жауабымда.

9. – *Жастарға көңіліңіз тола ма? (Самат Сұхбанбердин, Өскемен).*

– Жастарды жазғырудан аулақпын. Дегенмен, олардың бірсыпырасы, әсіресе, қалада тұратындары қазақылықтан айырылып барады. Қыздарымыз бет-ауызын баттастырып бояп, шашын жайып жіберіп, омырауын, белін ашып тастап, быттиып шалбар киіп, сүйреңдеп сөйлеуге әуес. Ұлдарымыздың да оңып тұрғаны шамалы: шашын кекілдеп кестіріп, қалтателефонынан шет елдердің ию-кию әуенсымағын тыңдап ырғаңдап, сигаретін сорғыштап, былш-былш түкіріп келе жатады. Айтпақшы, темекі тарту қыздарға да «өнер» болды. Бұл келеңсіздіктің бәрі бізде жастар тәрбиесінің тапшылығынан. «Бізде Жастар одағы бар! Жастар тәрбиесі жүйелі жүргізілуде!» деп шамданатын басшы-қосшылар табылар. Рас, Жастар одағы, оның төменгі буындары бар, бірақ олар белгілібір салтанатты шаралар сәтінде көзге түседі де, басқа уақытта «жүйелі жұмысты» ұмытады. Жастардың оқу сапасы, жүріс-тұрыс, сөйлеу, киіну мәдениеті, немесе жастардың жұмыссыздық, қылмысты топтарға тартылу себептері, некелесуі мен айырылысу деңгейлерінің теңесіп келе жатқандығы туралы алқалы әңгіме жоқ.

АҚШ-тың белгілі саясаткері, кейінде, президент Дуайт Эйзенхауердің тұсында, мемлекеттік хатшы болған Джон Фостер Даллес 1946-жылы «Соғыс немесе бейбітшілік» деген кітап жазыпты. Онда «Совет Одағын, социалистік лагерьді ыдыратудағы күшті құралымыздың бірі – олардың жастарын аздыру, рухсыздандыру... Ол үшін оларды өмірінің мән-сәнін кетіретін әуейі әуендермен, ар-ұятын арзандататын алабажақ киімдермен, мәңгүрт ететін әдебиетпен жабдықтау керек» депті. Өкінішке қарай, батыстың идеологтары сол жоспарларын орындауда.

10. – *Неден қорқасыз? (Арман Исаұлы, Текелі қаласы).*

– Өміріміздің теріскейі ғана бар, күнгеі жоқ деуден құдай сақтасын. Бірақ теріскейінің салмағы басым. Қарапайым бір ғана мысал – тәуелсіздік бұйырғаннан бергі 23 жылда халыққа:

«Уа, бәрекедді!» дегізген материалдық бір жеңілдік жасалды ма? Жасалған болса, кім: «Міне, мынау!» деп атап бере алар екен? Ал, керісінше, қымбатшылық осы 23 жыл бойы үнемі өсіп, еңбекші қауымды титықтатып келеді емес пе? Бұған жұртшылықтың бір парасы: «Басқа пәле – қызыл тілден» деп қорқып үндемесе, бір парасы немкеттіліктің дертінен айыға алмай жүргендіктен ләм демейді. Менің ең қорқатыным – қоғамымыздағы осы немкеттілік, яғни, – мүлгуизм!

Қайраткер қаламгер ағамыз Әнуар Әлімжановтың айтуынша, ғұлама бабамыз әл-Фарабидің: «Сен досыңнан қауіптенбе, сертінде тұрмаса сатып кетер. Жауыңнан сескенбе, қапыңды тапса өлтірер. Сен немкеттіліктен қорық, түбіңе сол жетер!» деген ескертуі бар екен: Қай қоғамның болсын іштей іріп-шіруі ондағы немкеттіліктен болатынын болжағаны ғой!

(«Жас алаш», 11. 12. 2014 ж.)

«ТІСТІЛЕР МЕН ТЫРНАҚТЫЛАРДЫҢ ЗАМАНЫ» БОЛЫП ТҮР ҒОЙ!..

«Үш қоңыр» гәзетінің тілшісімен сұхбат. 08. 11. 2013 ж.

– Сіз Жазушылар Одағы құзырында отыз жыл шамасы қызмет істедіңіз, басшылығында да болдыңыз. Бұрынғы 1-хатшылар, төрағалар Одақ жарғысында көрсетілген екі мерзімнен, төрт жылдан сегіз жыл ғой, содан артық отырған емес, ал Нұрлан Оразалин төрт мерзім – 16 жыл отырып, бесінші мерзімге тағы сайланып, жуықта президенттің жарлығымен Парламент сенаттына депутат болып тағайындалды. Айтыңызшы, одақты сенатты отырып басқару «механизмі» сізге ұнай ма? Әлде Жазушылар одағын басқаруға Оразалин мырзадан басқа лайықты қаламгердің болмауы ма бұл, қалай?

– Мұндай жағдайда орыстар: «Незаменимых людей нет» дейді. Оны қазекемшілесек: «Ауыстыруға болмас адам жоқ» дейміз бе?.. Жалпы жөн сияқтанғанмен, меніңше, дұрыс түйін емес. Мәселен, арыға бармасақ, химия маманының міндетін тарихшы, немесе физика маманының міндетін әдебиетші атқара ала ма? Келтіре берсек, мысал жетеді. Демек, қай саланы болсын сол саланың ма-

маны басқаруы керек. Бізде, айталық, Білім жүйесін басқаруға экономист, Медицина жүйесін басқаруға педагог дегендей, бөгде кадрлар жіберіледі, – министрлердің, істі мандыта алмай, 2-3 жыл сайын ауысып жататыны сондықтан. Ал Жазушылар одағының дізгін-шылбырын ұстауға лайық кадр жеткілікті. Одақ – өз күнін өзі көруге көшірілген қоғамдық ұйым, яғни оны ұстау үшін, жыл бойғы ішкі-сыртқы шараларына қажет қаржы табуды ұйымдастыра алатын кісі басшы болуы шарт. Ал біздің ақын-жазушылардың арасында қолында қаржысы барлардың қайсысының болсын тілін таба алатындар аз емес. Нұрлан Оразалин мырзаның Одақта ұзақ отыруы оның бейілі мен биліктің таңдауы үйлескендіктен шығар. Мен ол сайланған төрт құрылтайдың екіншісіне, төртіншісіне денсаулығымның «рұхсатынсыз» қатыса алмадым. Одақ жарғысына енгізілген өзгерістерді, басқалардан естігенім болмаса, нақты білмеймін. Жаңа басшы сайлау мәселесі, былайша айтылса да, құрылтайлардың күнтәртібіне нақты қойылмаған. Одақтың бірінші басшысы десек, оның басқа жақта емес, одақтың өзінде, ортамызда отырғаны күнделікті бұйымтайларымызды көзбе-көз шешу үшін керек. Бізде бұйымтай көп. Күнкөрісіміздің негізгі көзі болған қаламақидан қағылғанымызға, одақтың мемлекеттік бюджеттен шығарылғанына, 19 жыл. Гэзет-журнал, телерадио жүйесі еңбегімізге қаламақы төлемейді. Кітабымыз әрі сирек, әрі бұрынғы 40-60 мыңның орнына 1-2 мың таралыммен шығарылады да, «жөктан бар» ғана қаламақы бұйырады. Бұл жағдай өкімет пен үкімет басындағыларға «жыр» болып жетіп жатса да, назар аудармайды. Егер Нұрлан Оразалин сенаторлық күш-мүмкіндігін пайдаланып, одақты осы тығырықтан шығара алса: «Бәрекеді!» дер едім. Шығара алмаса, көп депутаттың бірі болғаны.

– Сіз біраз Тұлғаларымыздың өмірін зерттеп, қасиет-қадірін зерделеп, ақиқатын ажыратып, бағасын беріп келесіз. Кешірім Бозтаев, Әнуар Әлімжанов, Хакім-Михаил Есенәлиев, т. б. біртуар азаматтардың ел білмейтін ерлік істерін алдымызға жайып салдыңыз. Сонымен қатар өз ұлты мен тілін менсіне бермейтін Олжас Сүлейменовтің шынайы кейпін аштыңыз. Жалпы, қазір «зиялы қауым» дегеннен көңіл қалды, тәуелсіз де еркін

ойлы жастарымызға үлгі болсын, бүгінгі заманның нағыз Тұлғасы болу үшін қандай қасиеттер керек деп ойлайсыз?

– Иә, Кешірім Бозтаевтың Семейдегі атом-ядролық полигонды жабуға нартәуекелмен бел байлап, Кремльдегі «құдай» Горбачевқа батыл талапты хат жазғаны – тарихи дерек. Халық үшін ол құресті неліктен, қалай бастағанын, қалай аяқтағанын 1992-жылы шығарған «Семей полигоны» кітабында анық айтты. Ол полигонның зұлматынан 1999-жылы 66 жасында қайтыс болды. Сол-ақ екен: «Полигонды мен жаптым!» деп аттандаушылар шыға бастады. Бірінші кезекте Олжас Сүлейменов туын желбіретті. Сондай әділетсіздікке қарсы тұрдым. Көпшілік, әсіресе Семей жұртшылығы ақиқатқа қанды. К. Бозтаев марқұмның жанкештілік еңбегі, сәл кештеу болса да, тарихи бағасын алды. Мен Олжаспен баяғыдан таныспын, Жазушылар одағында он жылдай қызметтес болдық. Жүз шайысқан емеспіз. Полигон тарихына үңілгенімді ұнатпай жүрген көрінеді. Республикамыздың құрылымы, мемлекеттік тіл, орыс тілі, шекара және мемлекет, т. б. жәйттер туралы да ағат ойлары бар. Бетпе-бет сөйлесуге шақырып жазған хаттарыма жауап қайтармады. Е, мейілі.

Әнуар Әлімжанов әлемнің алпыс шақты елінде болған. Әрқашан Қазақстанын, қазағын насихаттап, ол жақтардан қазақ туралы дерек таба қалса, тәптіштен жазып жүрді. Әл-Фараби бабамыздың сурет бейнесін Пәкістаннан алып келіп, ұрпақтарына алғаш көрсеткенінің өзі қаншалық! «Ұстаздың оралуы» деп атаған романы ғұлама бабамыздың өмірі ғой. Өнекең еліміздегі өзекжарды мәселелердің көбін бірінші болып айтты да жазды. «Литературная газетаның», одан кейін «Правда» гәзетінің Қазақстан мен Орта Азиядағы меншікті тілшісі болғанын еліміз бен халқымыздың пайдасына жаратты. Марқұмның мұрағатжайынан Семейде полигон туралы болған халықаралық конференцияда, Англияның қауымдар палатасында Семей полигонын жабу, жер шарында ядролық жарылыстарды тоқтату туралы сөйлеген сөздерінің жазбасын тауып алып, гәзеттерде жариялады, өзінің мүшелтойларына арналған кітаптарға енгіздім. Билікке тәуелсіз, қоғамдық радиотеле арналар болуы керектігін айтып, «Таң» атты телеарна ашу

жобасын жасаған, бағдарламасы мен жарғысын жазған да Әнекең екен. Арнаның беташарында қазақ және орыс тілдерінде сәт сапар тілеген бейнелі сөздерін тауып, көшіріп алдым. 2015-жылы Әнекеңнің 85 жылдығы, соған арнап кітап шығармақпын, ол сөзін соған енгіземін.

– Әнуар ағаның 70 және 80 жылдығына кітап шығардыңыз.

– Иә, Әнекеңнің бұрын жарияланбаған мақалалары, сөздері және ол туралы естеліктер жинағы болып екі кітап – «Әлем таныған Әнуар», «Біздің Әнуар» – қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді. Нұрлан Балғынбаев, Керімжан Бижанов сынды жігіттер демеуші болып, азаматтық сергектік танытты.

– Есенәлиевтің жазба мұрасымен де жұмыс жасадыңыз ғой?

– Ол кісінің қайтыс болуына жыл толарда естеліктер жинағын шығардым. Сәбілиянов Нұртай атты білімдар, жаны жомарт қайраткер ініміз көмектесті. Ал Хакім-Мәкеңнің 80 жылдығына көлемді етіп екітомдығын шығардық, ол игі ойымыздың іске асуына «Арыс» баспасының директоры Ғарифолла Әнес мырза ерекше мән беріп, бізге демеуші іздетпей, қажет қаржы мәселесін өзі реттеді.

Мемлекет және қоғам қайраткеріміз Хакім ағамен – Михаил Иванович Есенәлиевпен өмірінің соңғы жылдарында сырлас болдым. Әке-шешесінің кімдер екенін, өзінің аты-жөні қалайша орысшаланғанын жаздым. Горбачев кезекті партконференцияда одақтас республикалардың партия басшысы өкіметтің төрағасы да болуы керек деген «жаңалық» ұсыныс жасап, онысын мақұлдатқанда конференцияға қатыспаған Хакең іле-шала КСРО-да бірінші болып қарсы шығып, Горбачевқа хат жазып, бетін қайтарған. Ол ерлігін, -шынында ерлік қой! – Хакім аға (Мәкең) ешкімге айтпапты. Ол батырлығын мәскеулік бір танысымнан ойда жоқта естіп, Хакеңнің өзінен сұрап біліп, хатының көшірмесін алып, қазақ және орыс гәзеттеріне мақала жаздым. Дос-жолдастарының бірсыпырасы: «Бізге неге айтпағансың?» деп таңданысыпты. Хакең қоғамдық «Азат» қозғалысын бастап, тәуелсіздігімізге қыруар еңбек сіңірді. 1986-жылғы Желтоқсан

оқиғасын зерттеу, жұртшылыққа шындықты айту керектігін республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында алғаш талап етіп, арнаулы комиссия құрылуына себепші болды. Ол марқұм да Әнуардай қарапайым еді, ешқашан «мен сөйттім!» деп кеудесін кермеген.

– *Абылай ханның туғанына 300 жыл толуы «Көкшетауда дүркірете тойланды» деседі, Сіз қатыстыңыз ба?*

– Мен билік өткізетін шараларға шақырылмастардың тізіміндемін ғой. Ал ол тойдың «дүркіреп өткені» байқалмады. Телеарналардан көрдім, газеттерден оқыдым. Абылай ханға серік болған батырларымыздың бірінің тойындай ғана. Төле би бабамыздың туғанына 350 жыл толғаны оңтүстік облыстарымызда аптадан аса тойланды емес пе? Ал Абылай хан тойы Көкшетауда бір күннен аспады. Қазақтың елдігін, мемлекеттігін сақтап қалған Бас ханымыздың тойы Бас қаламызда – Астанада өткізілуі, ескерткіш те сонда орнатылуы қажет еді. Ол ол ма, «Абылай аңсаған азаттық» деген сұлу сөзді тәуелсіздік бұйырған 22 жыл бойына айтып, жазып, естіп жүрсек те, Астанада бірінші болып қойылуға тиіс Абылай хан ескерткіші мемлекеттің орталық қаласына бәрібір жолатылмай, «ту тіккен жері» деген желеумен Көкшетау қаласына қойылды. Бұны «Қазақстанның тарихы 1991-жылғы желтоқсаннан басталды» деген сыңаржактықтың салдары деп білем.

– *«Астанада күнде жиын, күнде той» деп жазған едіңіз...*

– Иә, өзіміздің телеарналардың қайсысын болсын кеште ашып қалсаң, қазақша ат бұйырмаған «Конгресс холлда» жиыннан соң жиын өтіп, театрлардың сахнасында концерттен соң концерт болып жатқанын көресің. Жиын атаулыдан көрген пайдамыз шамалы, концерт атаулың айызыңды қандыра бермейді. Ән-биімізде ұшқалақтық, еліктеу-солықтау басым. Қыз-келіншек «жұлдыздарымыз» жартылай жалаңаш жүрсе, сахна көгінде, әлгі не деуші еді, «фоны» дей ме, онда сұрапыл көріністер болып жатады: өрт пе, сел ме, әйтеуір, алас-күлес бірдене болып жатады... би көру, ән тыңдау қайда, зықң шығады. Кейде телеарналарымызды «аралап» отырып, батыстық қайсыбір «концертті» кезіктіре қалғанымда кілең есуастарға тап болғандай шошым: адами сыпайылықтан жұрдай алқын-жұлқын, алапес тобыр;

әйелдердің үстінде «төсайылы» мен «шапайылынан» басқа лыпа жоқ, – арнаны дереу жауып құтыламын. Сол пәлекет біздің сахналарымызды жаулап алмаса жарар еді.

– *Ондайға ұшырамаспыз деп сеніп, мәңгілік рухани мұрамызға – әдебиетке қайта оралайық. «Заманына қарай – адамы» дегендей, бүгінгі санасын құлқыны билеген нарықты кезеңде кешегі уытты сатира байқалмайтын сияқты, әлде... Сатирик ретінде бүгінгі сатираға берер бағаңыз? Өзіңіз не жазып жүрсіз?*

– «Санасын құлқыны билеген» дедің. Қол қоймасқа болмайтын шындық. Сәбит Дөнентаев айтқандай, «тырнақтылар мен тістілердің» заманы болып тұр. Бізде миллион теңгелеп, миллиард теңгелеп ұрлап-жырлайтындар көбейіп бара жатқанын бұқаралық ақпарат құралдарымыз соңғы кезде жиі хабарлай бастады. Тәуелсіз гәзеттер айғақтағандай, шет елдерде хан-патша сарайларын сатып алып, немесе салдырып, онда тоқал ұстап, оның «салтанатына» миллиондап доллар шашып жүрген миллиардер бәтшағарлар бар ғой бізде. Олар қулық-сұмдықпен таптқан ақшасын шеттегі жын-ойнағына лақтырмай, мысалы, Алматыда ма, Астанада ма, әлде басқа қалада ма, көппәтерлі тұрғын үй салдырып берсе, үйсіз-күйсіз жүрген мыңдаған қазағының бірсыпырасы баспаналы болып, оған алғыс жаудырап еді. Е, ондай адамгершілікті іс қайда?! Ол әсіребайлар, «ұрының арты қуыс» деген, арам ақшасының мұнда көрініп қалатынынан қорқады, ал «шет елдерде кім көріп-біліп жатыр».

Енді негізгі сауалына – сатираның хал-ахуалына ойыссақ, тоқ етері, – сатира бүгінде де бар, тек уыты пәстеу екенін мойындамасқа лажым жоқ. Оған сатириктер кінәлі емес, бүгінгі баспасөз, атап айтқанда, гәзет-журналдардың құлағын ұстап отырғандар кінәлі, олар әзіл-сықақшының ащы әңгіме-өлеңдерін қабылдамайды, ал қабылдаса, күзеп шығарады. Ондайға өзім де куәмін. Гәзеттердің сатира беттерін дайындайтын журналшы інілеріміз телефон шалып: «Аға, реті келмей жатыр...» деп себебін еріксіз күмілжіп айтады. Екіншілей мен де салмақ салмаймын.

– *Аға, «салмақ салмаймын» деуіңізге орай бір сұрақ туындай қалғаны.*

– Түзу сұрақ болса, тартынбағын.

– *Сіз мерейтойыңызды өткізбейді екенсіз, оныңыз қалай?*

– Сұрағың қисықтау болды... жарайды, жауап берейін. Мерейтойды ойлаған, өткізуге ден қойған емеспін. Осы жаратылысым өзіме ұнайды. Мен Шығыс Қазақстанның, оның ішінде Ұлан ауданының қазағымын. Жасым алпысқа толарда, 1995-жылдың көктемінде, Өскеменнен облыстық гәзеттің редакторы Жұмаділ Әділбаев бастаған бірнеше інім: «Облыс, аудан басшылары шақырып отыр, келіңіз!» деп болмаған соң бардым. Аудан орталығы Бозаңбай ауылында кездесу өткізілді. Әкімдіктің ғимаратында. Кең залда отыз шақты ғана кісі болды. Ертеңінде сондағы апа-жездеме, құдаларыма сәлемдесе барсам, бәрі: «Қашан келдің?» дейді. Орта мектептегі таныс мұғалімдер де кездесудің болатынын естімепті. Яғни ауыл әдейі хабарланбаған. Ал жетпіс жылдығым одан да «асып түсті». Ұланда мектепте бірге оқыған, Өскеменде тұратын екі жолдасым обләкімнің орынбасарына барып, мен туралы айтып: «Жасы жетпіске толуына үш ай қалды, қалай, шақырасындар ма?» десе, анау ыршып кетіп: «Әкімге барыңыздар, әкім шешеді!» дейді. Әкімге барса, ол: «Ойбай, ол оппозицияда! Жо-жоқ, өйтсек таяқ жейміз!» деп азар да безер болыпты.

– *Ой, алла-ай!*

– Мен әлгі жолдастарыма ренжідім: «Неге бардыңдар? Менімен неге сөйлесіп алмадыңдар?» деп. Олар: «Өйтетіндерін кім білген... енді не істейік, кімге айтайық?» дейді. «Ештеңе істемей, тыныш жүріңдер! Ал ауыздарың қышып әкетіп бара жатса: «Біздің Ғаббас обләкімді де шошытқан!» деп жырлай жүріңдер» деп әзілдедім. Сөйтіп, ол жақтағы басекендер 75 жылдығымда да: «Құтты болсын!» деп бір ауыз сөз айтуға жарамады. Е, мейілдері, биліктің есігін күзетуші солардың маған қажеті не, одан да сатира туралы сөзімді жалғастырайын.

– *Иә, сөйтіңізші!*

– Әлбетте, сатираның уыты мықтап төгілетін саласы – фельетон. Бүгінде кейбіреулер күндіз-түні «кәкәктап» жүретін кенестік кезеңде шалағай басшылар, бойкүйез белсенділер фе-

льетоншыдан кәдімгідей қорқатын. Неге? Себебі: фельетон шығысымен кейіпкерлерінің не істеп, не қойғаны комсомол, коммунист болғанына қарай жергілікті не комсомол, не партия ұйымында талқыланып, тиісті жазасын алатын. Тым күрделі, шиеленісті мәселелер болса, оны «Халықтық бақылау комитеті», «Партиялық бақылау комитеті», «Партиялық комиссия» деп аталған тиісті орындардың бірі қарайтын. Ол орындар ауданнан бастап, республикалық комсомол, партия ұйымдарында болды. Фельетоншы қаламы ілген ақиқат жолын таппай қоймайтын. Ал қазірде олардың бәрінің күші әкім атаулының бір өзінде. Ескі екпінмен сөз найзасын ұстай ұмтылған фельетоншылар ойында жоқ тосқауылға ұшырайтын болды, сабалып, сотталып та кеткендері бар. Жоғарыдағы әкімдерге жолдаған арыз-шағымы айналып келіп өзін табатын болды. Сондай «жаңа тәртіп» ақиқатты аяқасты еткен соң гәзет-журналдарымыздың бетіндегі «Фельетон» деген айдар ғайып болды. Рас қой?

– Рас.

– Ендеше, осы «распен» аялдайық. Құдай қаласа, кейін де кездесерміз. Көңіл бөліп, іздеп тауып, әңгімелескеніңе рахмет дейін, а?

– *Сізге де рахмет айтпас бұрын: «Өзіңіз не жазып жүрсіз?» деген сауалыма...*

– Е, иә, қырғыз бауырларымыз айтатындай, «кешіріп қойғыла». Бірденеден құр қалардай болып, сылти басып сексенге тақап қалғанымда ұмытшақтық та айналдыра бастады. Ал сауалыңа жауабым: әдеттегімше мақала, әңгіме, естелік жазып жүрмін. «Албасты» деген сатиралық хикая жазуға кірістім. Өзірше айтарым осы.

– *Рахмет! Сау-сәлемет болыңыз!*

– Сау болыңдар! Баршаңа тек жақсылық тілеймін!

АШЫҚ ӘҢГІМЕ

Біздің бүгінгі қонағымыз – белгілі жазушы, қоғам қайраткері Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ. Ғабекенді таныстырудың өзі артық. Жоғарыдағылардың «қолын сүюді» мәртебе көретін «зиялылардан» көңілі қалған халықтың Ғабекен сияқты сөзі өткір, ақиқаттың жолынан ауытқымайтын азаматтардан ғана үміт күтетіні анық. Біз осынау құрмет тұтар ағамызбен бірге бүгін ашық әңгіменің тиегін ағытқан едік.

Е. МОЛДАБЕКҰЛЫ: – Ғаббас аға, жуырда ғана Қазақстан Иранға уран сатады екен деген ақпарат пайда болып, оны ресми Астана дереу жоққа шығарумен әлекке түсті де қалды. Оның алдындағы заңсыз қару саудасында да Қазақстан аз аталмады. Дәл осы уран жағынан алғанның өзінде Жәкішевтің ісі де біршама әңгімеге өзек болғаны рас. Тіпті, шетелдік кейбір басылымдар Қазақстанды ядролық қару жасауға үмітті мемлекеттер қатарына жатқызды. Ресми Астана әлемге ядролық қарусыздануды әлсін-әлсін ұсынып жатса да... Мына бір қызықты қараңыз, осындай жаңалықтардың әсері ме, елімізде ядролық қаруды аңсаушылар да пайда болыпты. Кеңес Одағы тараған уақытта бізде ядролық қарулар болды, бірақ біз одан өз еркімізбен бас тартып, оны Ресейге «силап» жібердік. Алайда, кейбір азаматтар ядролық қарусыз біздің елдің беделі болмайды деп санайды. Ядролық қаруымыз болғанда, Қытайға, Өзбекстанға жер беріп қоймас едік деп қынжылады-дағы. «Бізде дайын база бар еді, оның үстіне уран өндіруден әлемдегі жетекші мемлекетке айналып отырмыз... Шикі өнімді сатып өзге елдерді күшейткенше, неге өзіміз ядролық қару жасамасқа?» дейді де... Әрине, МАГА-ТЭ келісімінен ары асып кете алмаймыз. Бірақ, әу баста ядролық қарудан бас тартпау қажет пе еді? Ашық әңгімемізді осы тақырыптан бастасақ деп отырмын.

Ғ. ҚАБЫШҰЛЫ: –Ядролық мемлекет болу-болмау Қазақстан үшін, меніңше, онша мәнді емес. Әу баста болу ұйғарылса да, арада 3-4 жыл өтер-өтпесте бәрібір бас тартар едік, себебі: көпбалалы отбасына, соғыс және еңбек ардагерлеріне, т. б. қаржылай жәрдем жасаудан қалған, елді жұмыссыздыққа тап қылған билік атом-

ядролық жүйені ұстап тұруға қыруар ақшаны қайдан табады? Оған тапса, анау миллиардерлерін, «Қазақгейтін» қайдан, қайтіп шығарар еді? «Өзгенікінен» бұрын «өзінікі» керек болды емес пе? Ал «Ядролық қаруымыз болғанда Қытайға, Өзбекстанға жер беріп қоймас едік» деу – түсініксіз өкініш.

Мұхтар Жәкішевке тағылған айыпты айтсақ, ол азаматты көптен білетін дос-жолдастарының, «ҚазАтомпромда» қызметтес болғандардың пікірінше, ол сотталатындай ештеңе істемеген. «Қаңтарылып қалған жүйеге жан бітірді, әлемдік деңгейге көтерді. Ал уран сату, оның кен орындарын сату не жалға беру мәселесі ел президентінің келісімінсіз шешілмейді» дейді. Иә, меніңше, біздің билікте астыртын әрекетшіл топтар бар да. солардың, Жәкішевке теріс қарайтындары амал-айласын асырып, жазықсызды жазықты етті. Шынайы кінәліні қорғап қалды.

Е. МОЛДАБЕКҰЛЫ: – Екінші жағынан алсақ, қазақ үшін біртуар азаматтарды силаған киелі Семей өңірінің тумасы екеніңізді жақсы білеміз. Расында да, Абайды, Шәкәрімді, Мұхтарды өмірге әкелген қасиетті мекен барша қазақтың кие тұтар орны зой. Кеңес Одағының ядролық алаң ретінде дәл осы Семейді таңдауының астарында сол киелі мекенді тас-талқан етіп, Абайлардың жалғасына нүкте қою мақсаты да жатқан жоқ па еді?

Ғ. ҚАБЫШҰЛЫ: – Естуімше және мәскеулік бір басылымнан оқығанымша (қайсысы екені есімде қалмапты), Совет үкіметі атом полигонын әу баста Бетпақдалаға, басқа бір иен жерге орналастыру жөн деген екен, оған сол саланың Бас қайраткері Курчатов бастаған 3-4 ғалым қарсылық білдіріп: олай болғанда бомбаның жан-жануарға нендей әсері боларын біле алмаймыз, ал бізге әсері керек, деумен Семейді таңдапты. Осы орайда жазушы Әнуар Әлімжановтың мына пікірі ғажап:

«...Кеңес Одағында жасалған жеті жүз он бес жарылыстың 454-і Қазақстанның Дегелең деген жерінде болды. Мен – қазақ, қазақтың ұлы ретінде сіздерге мынаны айтуға тиіспін: бұл жарылыстардың бәрі біздің жеріміздің қасиетті өңірінде, біздің бүкіл көркем өнеріміз бен әдебиетіміз әспеттеп келе жатқан Қозы мен Баян ма-

хаббаты жайындағы көне дастан туған жерде жасалды. Ол өңір – біздің халқымыз, мәдениетіміз үшін ең қасиетті де киелі жер...

454 жарылыстың әрқайсысы біздің жеріміз бен суымызды улады, адамдарымызды қасіретке ұшыратты, тіпті ана құрсағындағы нәрестелерді мүгедек қылды. 454 жарылыстың әрқайсысы менің халқымның мәдени бесігінде, аяулы өңірінде оның келісімінсіз жасалып, намысын аяқасты етті...

Мұншама ашынып сөйлеп, көрген жәбірімізді алдарыңызға жайып салып тұрғанда көкейіме мына сұрақтар оралды:

Осыншама зұлмат-сұмдық Ресейде, Лев Толстойдың отанында, оның Ясная Полянасында болуы мүмкін бе? Шекспир, немесе Диккенс, Бернс, немесе Байрон туып-өскен жерлерде ше? Бұл сұраққа өзім жауап берейін: Жоқ! Мүмкін емес! Ал қазақ мәдениетінің бесігі болған жерде жарылыс жасау жиырмасыншы ғасырда үш рет: 1904-1905-жылдарғы, 20-жылдарғы тауқыметке және отызыншы жылдарғы қасақана жасалған аштыққа ұшыратылған халықты ақыл-есінен тағы бір тандыру!».

«Елім! Жерім! Халқым!» деп өткен аяулы Өнекең бұл тарихи тұжырымын 1990-жылғы қарашаның 13-і күні Англияның Қауымдар палатасының биік мінберінен айтқан. Бұдан асқан жанпида қарсылық сөз болған жоқ!

Е. МОЛДАБЕКҰЛЫ: – Белгілі оппозиционер Төлен Тоқтасынов Семей өңірі қазіргі биліктің де көзіне шыққан сүйел болып отыр деп есептейді. Өйткені, оппозиция қатарында жүрген белсенділердің көпшілігі осы өңірден. Айталық: Қажыгелдин, Жақиянов, Аспандиярова, Тоқтасынов, Әбділдин... Осылай жалғасып кете береді. Биліктің Семейді облыс мәртебесінен айырып, көпшілік қанша талап етсе де, қайтармай отыруының өзі де осындай бір «саясат» емес пе, сіз қалай ойлайсыз?

Ғ. ҚАБЫШҰЛЫ: – Бұл тұрғыдағы ойларың, иә, иланымды. Менің қосарым: Семей, Көкшетау, Жезқазған, Торғай, Талдықорған облыстарын жабуда бұл өңірлердің тарихи мәнін, оларда туып-өскен ұлы тұлғалардың тарихи мәртебесін шектеу тәрізді «керемет тапқырлық жоспар» болған сияқты.

Е.МОЛДАБЕКҰЛЫ: – Айтпақшы, Шығыс Қазақстан облысын

басқаруға Бердібек Сапарбаев тағайындалғанда, көпшіліктің «облыс енді қазақшаланатын болды» деп үміттенгені рас. Осы үміт қаншалықты ақталып жатыр?

Ғ.ҚАБЫШҰЛЫ: – Облыс әкімі Бердібек Сапарбаевпен таныс емеспін, ол Шығысқа барғалы Өскеменге жолым түскен жоқ. Ал жергілікті жұртшылықтың пікірінше, онда «қазақыландыру» мен «шымкенттендіру» қатар жүргізіліп, ақырында соңғысы озық шығып, яғни Шымкент жақтан кадр әкелу, өнеркәсіп-құрылыс материалдарын, көкөніс, т.б. әкелу көп артып кетті деседі. Басқасын білмеймін, ал кімнің болсын қайда басшылыққа барса, соған бұрынғы жерінен кадр тасу бізде тәуелсіздік бұйырысымен пайда болған «лауазымдық сырқат», ол «команда» деп аталады. Бердібек ініміз де сол «сырқатқа шалдыққан» болса, не дейін, шамасы келсе тезірек айығуын тілеймін. Осы орайда есіме түсетіні – өскемендіктердің «облыс әкімі бола келген Храпунов Алматыдан өзімен бірге тоғыз нөкерін және «конверт дәстүрін» ала келді» дегендері. «Көсемі» кеткен соң іле-шала командаластары да тайып тұрыпты, бірақ әбден байып кетіпті: бір автокөлік жүкпен келгендер бір вагонмен қайтыпты, ал Храпуновтың дәу ұшақ жалдап, Швейцариядан бір-ақ шыққанын білесіздер. Бердібек пен оның командасы туралы олай ойлағым келмейді, алайда «команда сырқаты» – жергілікті жұртқа, ең алдымен білікті жас кадрларға моральдік зардап.

Е.МОЛДАБЕКҰЛЫ: – *Иә, бұл біздегі ауыр сырқаттардың бірі ғой. Енді әңгімемізді басқа тақырыпқа бұрсақ. Сіз – «Ел бірлігі» доктринасына қарсы шыққан азаматтардың бірісіз. Нұрсұлтан Назарбаев «Егемен Қазақстан» газетінің 90 жылдығы жиынындағы сөзінде доктринаға қарсылардың, Қытайға миллион гектар жер беру туралы дауларды көтерушілердің мәселесімен заң орындары айналысатынын айтып қорқытты. Сіз содан не түйдіңіз? Қаңтардың 20-сына дейін билік өзі берген уәделерді орындамаса, аштық акциясын қайта жалғастыруды ойлап отырған ұлт зиялылары осы «қорқытудан» кейін қайта бытырап кетпей ме?*

Ғ.ҚАБЫШҰЛЫ: – Қазақтілді гәзеттерге: «Ассамблея», «доктрина» деген не?» атты мақала жолдадым, онда бұрынырақта айтқан

пікірлерімді дәлелдей түстім, оқырсындар. Ал Назарбаевтың «қорқытуына» келсек, Шығыс Қазақстан, Алматы, Ақмола облыстарында қытайларға ма, басқаларға ма, әйтеуір, шетке талай жер әлде сатылған, әлде ұзақ мерзімді жалға берілген деген сөз бар, ол соның қаншалықты рас, бекер екенін халыққа құжат түрінде мәлімдесін. Жер мәселесінде нақты кімнің мақталарын, кімнің боқталарын сонда көреміз. Өзінің: «Қытай 1 миллион гектар жер сұрады» дегені шыны ма, қалжыңы ма, соны айтып берсін. Ал президенттің нұсқауын «өтірікті шындай, ақсақты тыңдай етіп» орындау біздің прокуратура, сот орындарындағы жағымпаздарға «100 грамды» жұта салғандай ғой.

Е.МОЛДАБЕКҰЛЫ: – Қазірдің өзінде біз Алматының қытайланып бара жатқанын көріп жүрміз. Президенттің сөзіне халық алаңдаушылық білдіріп жатса, ол елдің болашағын ойлағандықтан екенін бұл билік басындағылар түсінсе жақсы ғой. Ғабеке, бүгін жақсы бір әңгіме болды деп ойлаймын. Оқырмандарымыз алдағы уақытта бұдан да кең әңгімемізге куә болады деп сенемін. «Ашық әңгіменің» қонағы болып, ойларыңызды ортаға салғаныңыз үшін оқырмандарымыздың атынан алғысымызды айтамыз!

– Рахмет!

(«Қазақстан» гәзеті, 25.03. 2011-жыл.)

«ҚАЗАНШЫ» ЖӘНЕ «АЛА ҚОЙ»

Біздің жаңа да жас авторларымыздың бірі телефон шалып: «Жазушы бір ағамен сұхбаттасып едім, соны сіздерге апарсам қайтеді? – деді. «Бізден ондай тапсырыс болмап еді ғой? Кіммен, не туралы сөйлестің? – дедік. «Қалай, кіммен болғанын барғанда айтайын, апарайын ба?» – дейді. «Құпиясына» таңдандық та, келістік. Ол сұхбатын әкелді, оқыдық. Тілішіміз: «Мұны радиоға деп дайындаған едік, бір бәсекеңі маған тапсырыс берген, бірақ екіншісі оқып: «Әңгімеңе геройды тапқан екенсің?!» деп қайтарып тастады. Егер сіздер қабыл алсаңыздар, аты-жөнімді атамай-ақ қояйыншы, сұхбаттасқан ағаға да осылай болды деп шынымды айтып едім, ол кісі: «Ә, мейлің»

деп күлді», деді. Сұхбатта күлкі жоқ, біраз ой бар екен, оқырмандарызға ұсынуды ұйғардық. «Әңгіме геройы» – байырғы авторымыз, жазушы Ғаббас Қабышұлы. РЕДАКЦИЯ.

– Ғаб-аға, «Қазақ әдебиеті» гәзетінің кешегі, отызыншы тамыздағы, санынан Әубәкіров Оспанхан көкемнің әзіл-сықақ өлеңдерін оқып, айызым қанды. Мен ол кісінің алдын көрген жоқпын, бірақ шығармашылығын жоғары бағалаймын. Аман-есен болғанда алдымыздағы жылы жасы сексенге толар еді, ә?

– Иә, сексенін тойлар едік... бірақ «өзі жоқтың көзі жоқ» деген сөз ескіреп, ұмытылар емес, не шара! Қазақы әзіл-сықақтың Би-ағамыздан, Бейімбет Майлиннен, кейінгі ірі тұлғаларының бірі болған Осекеңнің жетпіс жылдығы аудан деңгейінде ғана өткізілді. Біразымыз білмей де қалдық. Ал прозалық, поэзиялық таңдаулы еңбектерінің төрттомдығын шығаруды екі жыл бұрын өтініп, министрліктен «күп болады» деген жауап алдым да... төрт томның алғашқы екеуі тойынан кейін, екі жылдан соң, ал қалған екеуі төрт жылдан соң шықты. Республикалық Қуыршақ театрының ұжымы театрға Осекеңнің атын қоюды қалап еді, ол ұсыныс та, Осекең тұрған үйдің сыртқы қабырғасына дәстүрлі ескерткіш тақта орнатуды сұрағанымыз да ескерусіз қалды. Алдын ала айтқанымызға, жазғанымызға билік жақтағылар селт етпеді. Сексен жылдығы да Осекеңнің жүздеген мың оқырманы күткендей биік дәрежеде өте қоймас деген күдігім бар.

– Өте ыңғайсыз екен, сонда себебі не?

– Жергіліктісі бар, жоғарыдағысы бар дегендей, сол жылдардағы кейбір шенеуніктердің ішкі есебінен басқа не себеп болсын. Үлкенді-кішілі мәселелер әлдекімдердің қабағына қарай реттелетін заманға тап болдық қой!

– Гәзеттің осы санынан сіздің «Фельетоншы келе жатыр!» деген сықақ әңгімеңізді оқыдым. Жас сыншыларға берген «кеңесіңіз» қызық екен.

– Салмақты, байсалды әдеби фельетонның орнын желпіністі жеңіл сөз басқан соң, өзім әдебиетші-сыншы емеспін, астарлап айтқан ренішім ғой.

– Мұқанова Розаны білесіз бе?

– Білемін. Қаламының қарымын құрметтейтін қарындастарымның бірі. Әрі жазушы, әрі драматург.

– *Әрі сыншы деңіз.*

– Жоқ, сын жазғанын көрген емеспін.

– *«Менің Таразиым» деген мақаласы мына гәзеттің бірінші бетінен басталған.*

– Міне, келген гәзеттерді шолып отырмын. «Қазақ әдебиетін» қолыма ең соңында алып, «өне-бойын түгел тінтетін» әдетім бар. Біздің поштабайлар кейде кешегі гәзеттерді бүгін әкеле береді, жұма күнгіні, міне, сенбінің сәскесінде жеткізді. Кәнеки, қарап жіберейін... «Менің Таразиым». Соңы бесінші бетте... О, көлемді мақала! Иә, авторы – Роза Мұқанова. «Жазушының шығармашылық портреті» деген болатын, бұнысы сол шығар?

– *Меніңше, кәдімгі талдауы бар сыни мақала. Содан кейін, Әкім Тарази мен Роза Мұқанова ерлі-зайыптылар емес пе? Күйеуін мақтап жазғаны, Ғаб-аға, шыныңызды айтыңызшы, жән бе?*

– Мұндайды әзіл-сықақшылар: «нелеу екен...» дейді, бірақ тиянақты талдап жазар сыншы шықпай жатса, Әкімнің жасы биыл сексенге толады ғой, кім жазады деп қашанғы тосуымыз керек, мұны «әріптесінің пікірі» деп қабылдадық.

– *Ал енді мақтауында шек жоқ, оқып көрерсіз. Сіз Әкім Таразидың жазушылығын, азаматтығын қалай бағалайсыз?*

– Сені маған алып келген сылтау «Фельетоншы келе жатыр!» десек, мен онда әдебиет сыншысы еместігімді айттым ғой, яғни жазушы Әкімді «сорттай» алмаймын, «сорттағым» келмейді де. Ал оның азаматтығын...

– *Ғаб-аға, кешіріңіз, сөзіңізді бөлейін, сіз оппозициядасыз ғой, бағаны сол позициядан берсеңіз.*

– Иә, мен оппозициядамын, ал оппозиция – қай елде, қашан болсын биліктің халыққа жайсыз іс-әрекетін сынап отыратын күш. Оны билікке таласушы деп үстірт ойлау – қателік. Мен жалпы саяси партия, қозғалыс, бірлестік, тағы басқасының ешқайсысына мүше емеспін. Тірлігіміздің ішке симас түйткілдерін ашық айтып жүрген кісілердің бірімін. Тірліктің жетістігі ешқайда ғайып болмайды, ал кемшілігін айту арқылы жетістігін көбейтуге

ісімізбен, сөзімізбен қоғамға көмектесуіміз керек. Менің ниетім осы. Әлбетте, жазушы Әкімнің ниеті бөтен деуден аулақпын, бірақ оның бүгінгі қоғамдағы кемшіліктерге кінәлі билікшілдерге қарап: «Сіздің мына ісіңіз қате!» деген қатқыл сөзін естіген емеспін. Айтпағанды есту мүмкін емес қой.

– *«Қатқыл сөз» дегеніңізге орай сұрайын: Әнуар Әлімжановтың туғанына сексен жыл толуын атап өту жайындағы бір сөзіңізде ме, әлде мақалаңызда ма, кешіріңіз, «Қазақ әдебиеті» гәзеті редакциясының басшылығы атына қатқыл сөз айттыңыз, соның себебін толығырақ айтып бересіз бе?*

– Бұл сұрағына жауап қайтарсам ба, қайтармасам ба екен? Қайтармасам, мына сен ренжисің, қайтарсам, – «Қазақ әдебиетінің» дізгін-шылбыры қолында Жұмабай Шаштайұлы бастаған інілерім ренжиді. Алайда «ауызға келген түкірік – қайта жұтсаң мәкүріп» деген. Солай... «Қазақ әдебиеті» біздің гәзетіміз ғой, ол маған ерекше ыстық, өйткені оның ұжымында 1966 – 1974-жылдары жұмыс істедім. Әдеби қызметкер, бөлім меңгерушісі болып дегендей.

– *Сол кезіңізді сағынасыз ба?*

– Рас, кейде сағынамын. Өте ұйымшыл, көңілді ұжым едік. Әнуар екі жыл Бас редакторымыз болды. «Литературная газетаның, «Правда» гәзетінің Қазақстан мен Орта Азиядағы меншікті тілшілігінен келді. Журналшы ретінде де, жазушы ретінде де бүкіл Кеңес Одағына, көптеген шет елдерге де танымал, беделді. Өзі орыстілді болса да, қазақ әдебиетінің жай-күйін жақсы біледі екен, пайымды, іскер жетекшіміз болды.

– *Кешіріңіз, мен ол ағамыздың әңгімелерін, романдарын оқыдым. Сөйлегенін тыңдап көрген жоқпын, қазақ тіліне қалай еді?*

– Әнекеңнің қазақшасы оны «орыстілді» деп оскырынғандардың талайынан көш ілгері болды. Бізден, «Қазақ әдебиетінен» Жазушылар одағының бірінші басшылығына жоғарылатылды. Сол Әнекеңнің, сенің сұрағыңды ескере айтайын, сексен жылдығы қарсаңында Одағымыздың басшысы Нұрлан Оразалинге хат жазып, мүшелтойлық комиссия құру жөн боларын мәлім еттім,

баяндама жасауға дайын екенімді айттым. Содан кейін әдеби апталығымыздың редакторы Шаштайұлы Жұмабайға телефон шалып: «Әнуар Әлімжановтың кім болғанын өзің де білесің, бірақ артық болмас» деп, Әнуарға мамыр айының бас шенінде гәзеттің бір санын арнау жөн болатынын айттым. Өнекең дүниеге мамырдың онекінші күнінде келген еді. «Басшылармен ақылдасамыз, хабарласамыз» деді. Бір ай бұрын мақала жазып бердім. Қысқасы: Өнекеңнің туған күнінде Одақ та, гәзет ләм-мим демеді. Еріксіз таңдандым, қатты ренжідім. «Бұл қалай?!» деп ренжігендер менсіз де аз болмаған шығар. Одақтың, гәзеттің басшыларына: «Ойпырым-ау, әдеби гәзетімізде Бас редактор болған, Жазушылар одағын сегіз жыл басқарған, халқымызға сіңірген барша еңбегін тізбегенде, Алматыда Азия мен Африка жазушыларының көрнекті өкілдері бас қосқан конференцияны өткізу арқылы әдебиетімізді жарты әлемге танытқан, әл-Фараби бабамыздың аруағын қазағына оралтқан екеудің бірі – Әнуар Әлімжановтың мүшелтойы неге аталмай қалды?» дедім.

– Олар не деп түсіндірді?

– Алай десті, былай десті, ештеңесін түсіне алмадым. Менің мақалам жоғалып тынды. Сөйтіп, бір-екі айдан кейін гәзетте, егер жаңылмасам, ақын Қастек Баянбайдың Өнекең туралы естелігі жарияланды. Ал сексен жылдығына арналған жиналыс жарты жылдан соң, қараша айында, драма театрымызда өткізілді. Бармадым. «Өткізілді» деу үшін ғана өткізетіндерін сездім. Өнекең биліктің «ақ тізімінде» жоқ еді, сондықтан ғой.

– *Ресми түрде сексен жылдығы былтыр, екі жылдан соң облыс орталығында өткізілді ғой?*

– Иә, Талдықорғанда. «Ештен кеш жақсы» деген, жұртшылықтың күткеніндей жақсы өтті. Облыстың, ауданның басшылары көпшіліктің қалауына орай жұмыла қолға алды да, іс оңға басты. Шынайы риза болдық.

– *Ал әдеби гәзет ол тойға үлес қосты ма?*

– Жоқ. Жалпы мұнда мен әлі де түсіне алмай жүрген бір ахуал бар. Мұқағали Мақатаевты білесің, мықты ақын, дау жоқ. Кезінде Әнуар құрдасы Мұқағалиға қамқоршы болды, «ішкіш, пәлен-

пәштуан» деп Жазушылар одағының мүшелігінен шығарғысы келгендерге жол бермей, Мәскеуге, Әдебиет институтына оқуға жіберді және отыз шақты өлең-дастанын орыс тіліне аудартып, өзі алғысөз жазып, жинақ етіп шығартты.

– *«Біздің Әнуар» деп атаған кітабыңызда соның бәрін айттыңыз, Мұқағалидың хаты туралы да, оқыдым, шындықтың жұртшылыққа жеткені жөн болған.*

– Шындық қайсысымызға болсын әрқашан керек. Солайша дұрыс қарым-қатнаста болған Әнуар мен Мұқағали туралы ала-кұла сөз айтыла берген соң жазбасыма болмады. Ал сол түйдей құрдас Әнекең мен Мұқанды әлдекімдер «сорттады». Әнуардың сексен жылдығы екі жыл кешіктіріліп өткізілді де, Мұқағалидың тойы бір жыл бұрын басталып, үш жылға созылды. «Қазақ әдебиетінде» Мұқаң туралы әлі де жазылып жатыр, дұрыс. Кім жөнінде де мерейтойынан басқа уақытта жазылмауы керек деген шарт-нұсқау болған емес. Бірақ, «ала қойды бөле қырыққыштардың» кейбіреуі, құдай-ау, «Мұқағали – Абайдан кейінгі екінші ақын» деп «ғасыр жаңалығын» ашты. Тым болмаса, Мұқағалидың өзі ұстаз тұтқан Қасым Аманжоловты керексінбеді. Жаңа бір сөзімде өзіме ерекше ыстық деген «Қазақ әдебиеті» гәзетімізде сондай әлде сауатсыз, әлде арандату пікірлер қылтындап-жылтындап жүретіні мені де қынжылтады. Қай қаламгердің болсын, өлісінің де, тірісінің де, әдебиетіміздің тарихында өз орыны бар, соны хал-қадари адал бағалай білу керек қой. Арзан, жасық, қажетсіз ой-жобамен шатыстыруға болмайды. Жаңа өзің атаған «Менің Таразиым» гәзеттің бір бетінен асқан екен. Әкімнің жасы сексенге толуына дайындықтың басы болар, – жақсы! Ал бұдан екі ай бұрын журналшы-жазушы Сейдахмет Бердіқұловтың туғанына сексен жыл толуына «Қазақ әдебиетінің» төрт беті арналды, – жақсы!

– *«Қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса».*

– Мен, Әкіммен түс шайысып көрмегенімдей, Сейдахмет екеуіміз де әңгімесі, әзілі жарасқан сыйластар болдық. Бірақ Секеңнің аруағы, Әкімнің өзі кешіргей, Әнуардың: мемлекетке, халыққа, әдебиетке көрікті ойымен, қуатты көсемсөзімен сіңірген еңбегі әлдеқайда ауқымды. «Махамбеттің жебесі», «Ұстаздың

оралуы», басқа да романдары мен хикаяттары, әңгімелері мен мақалалары – әлі де бағаланбай жатқан мол қазына! 1990-жылы Ұлы Британияның әйгілі Қауымдар палатасының мінберінен, жетпістен аса мемлекет өкілдері алдында, Семей атом-ядролық сынаулар полигонын жабуды, дүние жүзінде атом қаруларын жасау мен сынауды тоқтатуды талап ете сөйлегені қаншалық?! Кеңес Одағының, тіпті социалистік елдердің қоғам қайраткерлерінің бірде-бірі халықаралық мәні бар ол мінберден сөйлей алған жоқ!

– *Әнуар ағаның ол сөзін мен де оқыдым, гажжап батыл сөз!*

– Қашанда батыл, тура сөйлейтін Әнуар Әлімжанов, бүгінгі билікке жақпағанындай, бұрынғы билікке де жаққан емес. Партияның Қонаев бастаған Орталық комитетін сынағаны үшін 1984-жылы қуғынға ұшырап, 1986-жылдың басында, елу алты жасында, жұмыссыз қалдырылды.

– *Қайран қазағым-ай дейміз де.*

– Дейік те, осымен тоқтайық, ә, мырза?

– *Әлі де...*

– Жо-жоқ, «әлі дені» қоялық. Сен осыған риза бол, жарай ма? Егер сұхбатты тыңдаушыларына осы қалпында жеткізсең, мен де риза боламын. Ал күзеп шығарсаң, байланысымыз үзіледі.

– *Телеарналардың бір тілшісі сіздің сұхбат бермейтініңізді айтқан.*

– Ол рас. Жарты сағат сөйлетіп алады да, жарты минөтін береді, соның өзінде, қатқылдау сөздерімді қырқып тастайды. Содан кейін, төрт жыл боп қалды, оларды манайыма жолатпай жүрмін.

– *Сіздің Шығыс Қазақстаннан екеніңізді білемін. Сол облыс орталығында жылда мүшәйра, ән-жыр фестивалі, тағы сондай бір шаралар өткізіліп тұрады, ол жақсы ғой, бірақ соған Алматыдан шақырылатын ақын-жазушылардың құрамы онша өзгермейді, белгілі төрт-бесеуі жыл сайын барады, ол қалай? Облыс әкімі Бердібек Сапарбаевтың таңдауы ма, әлде тізімжасағыш басқа біреу бар ма?*

– Таңдау мен тізімжасағыштық... бір мұрынның екі тесігі сияқты шығар. Содан кейін әнші апамыз Розаның «ақ патшасы» таққа конжия бере: әрқайсысымыздың өз командамыз болуы ке-

рек, деп өсиет айтқан. Сол «тәртіп» орнады ғой. Ал әкім Бердібек Сапарбаев болса, оған қосымша «идеологиялық команда» құрып алған болар, «керек тастың ауырлығы жоқ» деп, яғни, құрметті мырза, осымен сау-сәлемет бол!

– *Ғаб-аға, соңғы сұрақ, сізге қатысы бар сұрақ, қоймасыма болмайды.*

– Е, ол не тағы?!

– *Жазушылар одағының төрағасы Нұрлан Оразалин парламент сенаторы болып тағайындалды ғой...*

– Мен тағайындаған жоқпын ғой?

(Күлдік.)

– *Сонымен байланысты қызық жағдай болып жатыр, білетін шығарсыз, Оразалинді жақтаушылар мен даттаушылар өзара айтысқа кірісті. «Жас алаш», «Қазақ әдебиеті» гәзеттерінде жарияланды, сол туралы не айтасыз?*

– Ештеңе айтпаймын. Ол топтар дауласқалы бес-алты жыл болды. Өнбес дауға жұмсар уақытым жоқ. Ал енді қол қысысалық, ә?

– *Сау болыңыз, рахмет!*

(«ДАТ» ОП. 12. 09. 2013 ж.)

«Аңыз адам» журналы тілшісінің жазушы Ғаббас Қабышұлымен сұхбаты

ӨМІРІМЕ ӨКІНІШІМ ЖОҚ СИЯҚТЫ

– *Аға, «Әр адамның өмірі – бас-аяғы бар үлкен тарих» деседі. Сіздің тарихыңыз қалай басталған еді? Қай топырақтың тумасысыз? Есіміңізді кім қойған?*

– Алтайдың Өскемен қаласы іргесіндегі Ұлан деген ауданынанмын, Найманның көкжалдысымын. Мына дүниеге 1935 жылы, көкек айының 9-ы күні келіппін. Әжем – Қазына: «Сенің атыңды мұғалім бала қойған» деген, арғысын анықтауды ескермеппін.

– *Адамның ең қимасы – ата-анасы шығар. Ата-анаңыз қандай жандар еді? Отбасында қанша бала болдыңыздар?*

– Әкем – Қабыш, Қабдырахман, 1918-1920 жылдары Азамат соғысына алынып, өзінше айтқанда, «Перекопта Врангельге

қарсы соғысқан». Командирінің: «Қызыл командирлер курсында оқуға қал», – дегеніне: «Ауылда кәрі әке-шешем бар, менен басқа асырап-сақтаушылары жоқ, үйге қайтуым керек», – деп көнбепті. Командирі жаңадан киім, жолына азық-түлік беріпті. Ескерткішке қызылқоңыр былғарыдан тігілген шағын сөмке-планшет силапты, ол менде сақтаулы. Әкем – орта шаруаның баласы. Бойшаң, шымыр бітімді кісі еді. 71 жасында, 1971 жылы, бақиға аттанды. Ұжымшарда, колхозда 40 жыл жұмыс істеді, оның соңғы 15 жылында бастық болды. 1941-1945 жылдарғы соғысқа қатысқан жоқ. Аудандық партия комитеті «бронь» дегенмен ұстап, шаруасы құлдырай бастаған ұжымшарға жіберіп отырды. Мен білгенде алты жерге ауыстырылды, бәрін де ілгерілетіп, аудандық, облыстық Қызыл ту алып, марапатталып жүрді. Ұжым ісіне жан-тәнімен берілген жан еді. Егіс, шөп, егін жұмыстарында топ ортада жүретін. Жылдағы кезекті еңбек демалысына шыққанын, қыдырыстағанын көрген емеспін. Демалыс туралы сөз қозғала қалса: «Азаматсыз қалған ауылдың кәрі-жасын жұмысқа жегіп қойып, дем алып жаттайын, ә?! – деп тиып тастайтын. Батыл, әділ, қайырымды еді. Бір ұжымшардан екіншісіне ауыстырылғанда қалып бара жатқан жұрттың жылап қоштасқанын, қарттардың: «Қабышжан! Қайда жүрсең де жолың болсын! Отбасың аман болсын!» – деп бата бергендерін сан көрдім.

Шешем Зәбиға – Гүлзәбиға, орта бойлы, ажарлы, сабырлы жан еді. Ұжымшарда сауыншы болды. Үй шаруасында ұқыпты еді. Ауылдың үлкен-кішісін өзінің туыстарындай силай білді, өзі де силы болды. Үлкендер: «Зәбиға қалқам» десе, кішілер тәтелеп, апатайлап жүретін. Отбасында бес бала болды. Алдыңғы үшеуі – қыз. Тұңғыштың аты – Асылхан. Журналшы болды. Төрт баласынан он немере, он шақты шөбере сүйіп, осында, Алматыда, есен-сау отыр. Жасы 92-де. Одан кейінгі апайларым: Уазифа – педагог. Шәрбану журналшы мамандығын алса да, комсомол, партия қызметін қузап кетті. Уазифа 71, Шәрбану 86 жасында көз жұмды. Менен төрт жас үлкен Қадес-Хадис, Мәскеудің С. Орджоникидзе атындағы Геологиялық барлау институтының геофизика факультетін бітіріп, Шығыс Қазақстан облыстық геологиялық бар-

лау басқармасы құзырында істеді. Бір апта үйде болса, бір ай далада жүрді. Негізінде алтын іздеген ұжымның, «геологиялық партия» дейді, жетекшісі болды. «Зейнетке шыққанда алтын сарай салып аламын» деп әзілдейтін. Тура жүретін, тік сөйлейтін. Портфелі бар қызметкер болып өспегені сол мінезінен болды. 71 жасында, 2002 жылы қайтыс болды. Жеңгем Роза Ахметқызы – Ленинградтың Тоңазытқыш жүйесі институтын бітірген инженер. Өскеменде, немере-шөберелерінің ортасында.

Енді әкеміздің маған өте күшті әсер еткен қылықтарының бірін айтып берейін. 1944-жылдың қысы болатын. Панфилов атындағы колхоздың орталығы Дүбір ауылында тұратынбыз. Көктемнің шеті қылтиғаннан қашан қыс орныққанға дейінгі аралықта ауыл адамдары демалыс дегенді білмейді. Әкем кезегімен келіп жататын маусымдық қауырт жұмыста көппен бірге жүреді. Үйде аптасына бірер күн ғана болады. Қыста да фермаларды аралап кетеді. Ал жексенбі күні таңертең: «Қанды басың бері тарт!» деп атқа қонып, шоқпарын тақымына қысып алып кетеді де, түс әлетінде қасқыр бөктеріп келеді... Кіші бесін кезі еді. Әкем былтыр қыста соққан жеті қасқырдың терісін үй мен қора арасына тартылған керме арқанға тұмсықтарынан тізіп байлап беріп, мен тазалауға кіріскенмін. Төртінші теріні тарақтай бастағанымда екі кептеркөк атты өсімдеп жеккен көк күйме-шана сықырлай сырғанап кеп тоқтай қалды. Көшір мінберіндегі шоқиған қара тұлып жерге қарғып түсіп, қақ жарылған қауындай ашылып, ішінен түлкі малақайлы, шолақ қызғылт қына тон-шалбарлы, ақ пималы тапал жігіт шыға келгені. Ол маған қарап, тез иек қағып: «Балақай, председатель үйде ме?» – деді. «Үйде», – дедім. Түлкі малақайлым басын бір изеп, бұлт етіп бұрылып, тыпыңдап барып күйме-шананың есігін ашты. Ілкіде іштен қаракүл бөрікті, қара былғары кеудешелі тапалдау семізше сары кісі сіресіңкіреп шығып, үн-түнсіз керіліп-созылып алды да, кермедегі терілерге шалқая қарады. Ал көшір алдыңғы аттың тұмсығындағы сүмбе мұзды уата бастаған-ды, ол маған, неге екенін білмедім, иек қаға күлімсіреп: «Бала, аттарды доғарайық», – деді. Мен шығып тұрған шөркемнен қарғып түсіп, көшірдің қасына бардым да, терілерден көз алмай тымы-

райып тұрған семіз сарыны меңзеп: «Аға, ана кісі тоңбай ма?» – дедім. «Ана кісінің» аяғындағы пима емес, жалтыраған жұқалтаң былғары етік екенін, бұтындағысы тері немесе сырма шалбар емес, галифе дейтін қуық балақ бұлтима екенін байқағанмын. «Жоқ, тоңбайды, іште түлкі ішігі жатыр, соны киіп отырады», – деді көшір, сыбырлай сөйлеп. Сол әредікте үйден шыққан әкем: «О, Сәке! Қош келдіңіз! Ат-көлігіңіз аман ба?» – деп жайдары қарсы ала мейманның жанына барып, екеуі қолдасты. Әкемнің сәлем-сауалына терілерден көз алмай тұрған мейманның қайырған жауабы: «Пай-пай-па-а-ай! Қасқыр ішік киіп қайттым-ақ!» – болды. «Сәке, дәметпеңіз, өзімнің де үмітім бар!» – деп қалған әкемнің үні маған тым қатқыл естілді. «Әй! Кеттік! Калининге тарт!» – деп шаңқ-шаңқ еткен семіз сары жалт бұрылып, күйме-шанасына сүңгіп кетті. «Калинин» дегені – көрші колхоз. Тонын жамыла салған жалаңбас әкем құдды тас мүсінше тіп-тік тұр. Көшір бірдене деп күбірледі де, тұлыбын киіп, мінберіне шапшып шығып, делбесін қақты. Күйме-шана күйінгендей сақыр-сұқыр сырғып кете барды. Мен әкеме қарап: «Әке, жаңағы кісі кім?» – дедім. «Е, қайтесің соны, «жылу жинағыш» деп еді, рас екен, кетсе барсын!» – деп үйге беттеді. Арада үш күн өткенде інірде біздің үйге бес кісі кіріп келді. Абайдың: «Үсті-басы ақ қырау, түсі суық. Басқан жері сықырлап келіп қалды» дегендей, кілең келте қара тондылар. Тондарының жағасын түсірместен қауқайып-қауқайып тұр. Қазағымша не «ассалаумағалейкүмі», не «кеш жарығы» жоқ. Кешкі асымызды ішіп бола бергенбіз. Үндемес ойнауға келгендей бесеу бізге, біз оларға бажырайып қарап қалдық. Әкем мырс етіп күлді де: «Е, ағайындар, төрлетіндер, тілге келіндер!» – деп орнынан көтерілді. Қой бастаған серкеше ілгерірек тұрғаны, сірә, сөз иесі сол болса керек, оң қолын бір қозғап, дауысы жарықшақтана шығып: «Біз ауданнан келдік, аупартком мен ауатком жіберген комиссиямыз, колхоздың соңғы екі жылдағы жұмысын тексереміз. Мейманханаларың болса, соған апарып орналастырғаның дұрыс болады», – деді жағын еркін аша алмайтындай біртүрлі тістене сөйлеп. «Олай болса, қазір шығысымен солға қарай жүріңдер, бір үйден кейін мейманхана тұр, Хасен деген жігіт қарсы алады, сол

барлық шаруаларыңды реттейді, «Қыржыбаевқа барып шықтық» деңдер», – деп әкем орнына қайта отырды. Біріне-бірін сүйеп қойған қанар қаптай бесеу енді ыбыр-жыбыр бұрылысып, ала келген ызғарларын қалдырып, біртіндеп шығып кетті. «Дізе бүкпеді, дәмнен үлкен болғандары ма?» – деп шешем күңк етті. «Жаңа хатшының жандайшаптары болды», – дей салды әкем. Әкемнің Хасен дегені – колхоздың бас есепшісі. Колхозда мейманхана жоқ болатын да, о жақ пен бұ жақтан келген өкіл атаулылар Хасеннің үйіне түсірілетін. Ол әйелі, екі-үш жастағы қызы үшеуі үш бөлмелі үйде тұратын, яғни бір бөлмесі, әкемнен бірде естігенім бар, колхоз ақшасына мейманхана ретінде пайдаланылатын. Әлгі бесеу сонда жіберілгенін ұқтым. Келген бесеу колхоздың бүкіл ішкі-сыртқы жұмысын тексеріп, төрт түлік малын түгендеп санап, қамбадағы астықты өлшеп дегендей, Хасеннің үйінде он күндей жатыпты. Олар кеткеннен кейінде әкем және партия ұйымының хатшысы Сейсен, Хасен үшеуі ауданға шақыртылды. Онда екі күн болған әкем түнделетіп оралды да, таң белгі бере жекеменшік торы жорға атымен салт аттанып кетті. «Өскеменге кетті» деді шешем.

Содан төрт күннен кейін әкем Өскемен сапарынан оралды. Жанында бес кісі бар. Тоқ етерін айтсам, қасқыр ішік кимек болған семізше сары аудандық партия комитетінің 1-хатшылығына жаңадан келген кісі екен. Ол бетін қайтарған әкемнен өш алуды көздеп, тексеруші жіберіп, ақырында әкемді партиядан шығарып, орнынан алып, Сейсен ағаға қатаң ескерту жасап, Хасен ағаның есеп кәртішкесіне сөгіс жазып беріпті. Сонсоң әкем облыстық партия комитетіне барып арызданыпты. Ондағылар екі кісі бөліп, әлгі аудандық комиссияда болған бесеудің үшеуін тағы қосып, колхозды қайта тексеруді ұйғарыпты. Тексерудің нәтижесінде әкем де, Сейсен мен Хасен ағалар да ақталды, ал ауданның жаңа хатшысы колхоздардың біріне бастық етіп жіберіліпті. Бірақ әкем содан соң іле-шала қатты сырқаттанып, Өскеменге, облыстық ауруханаға жөнелтілді. Кейін, әңгімеміздің әдібі келіскен кездердің бірінде: «Әке, қанша қасқыр соқсаң да, не өзің ішік кимедің, не әлгі секретарь «досыңа» кигізбедің, оның қалай?» – дегенім бар. Әкем: «Қасқырдың жолы қатты, оның терісінен ішік, тон киген жігіт бе-

деу болып қалады, есінде болсын. Ал жаңа хатшыны сондайдан сақтайын деп едім, шатқан неме соны ұқпады емес пе?» – деп мырс-мырс күлді. Ал қасқыр терілерін сатып, Қадес екеуімізге әдемі аккордеон әкеліп берген болатын.

– *Рас, қазір сонау балалықтың елінен алыстап кеттіңіз. Бірақ сол бір алаңсыз күндер жиі-жиі түске кіріп мазалап тұратын шығар? Балалық шағыңыз қалай өтті?*

– Бізде балалық шақ болмады. Жаз бойы, демалыс айларында, ұжымшар еңбеккерлерінің арасында боламыз. Жер жырталатын соқаға жегілген өгізге мінеміз. Одан соң егістіктің арам шөбін жұламыз. Содан соң шөп шабатын мәшине – сенокосилкаға жегілген, одан кейін егін оратын мәшине – лабогрейкаға жегілген өгізге мінеміз. Дала қостарында түнейміз. Тек жексенбіде ғана үйде болып, бір уақ дем аламыз, кір-қоңымызды жудырамыз. Мәзмейрам балалық шағым болмағанына өкінген емеспін. Заман бізді еңбексүйгіштікке, ұжымшылдыққа үйретіп, ерте есейтті. Дала қостарында құрдастарыммен, ағаларымыз үшін жұмыс істеген ата-апаларымызбен, жеңгелерімізбен бірге жүрген күндерімді шын сағынамын. Ерекше қымбат өрнекті өмір еді ғой...

– *Шәкірт Ғаббас мектепте қалай оқыды? Жазуға құштарлығын оятқан кім немесе не нәрсе? Алғаш жазған дүниеңіз есіңізде ме? Оқып беріңізші.*

– Мектепте орташа оқыдым. 1941 жылы соғысқа сұранып кеткен аталас ағатайым Ізғұтты Айтықов 1944 жылы жазда Кеңес Одағының Батыры атағын алып, бір аптадан соң, 20 жасында, қаза тапқанын естігенде қатты қайғырдым. Мектепте шахмат, дойбы, мергендер үйірмесіне қатысатынмын. Содан бірде Ізекене арнап өлең шығарғым келіп, әдебиет үйірмесіне жазылдым. Онда шәкірттердің өлеңдері, әңгімелері талқыланатынын білетінмін. Талқылауға қатысып, «Ізғұтты Батыр» деп ат қойып, егізұяқасты өлең жазуды бастадым, бірақ ұялып, ешкімге айтпай, бір жыл бойы жалғастырып жазып жүрдім. Әуелдегі он тармағым елу тармаққа жетті. Бір күні үйірме жетекшіміз, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Ақылбек аға Баймұхановқа көрсеттім. Ол оқып, қуанып: «Келесі жолы талқылаймыз» деді. Мен тағы ұялып, көнбей қойдым

да, Ақана айтпастан, облыстық «Алтай большевигі» газетіне қоя бердім. Он шақты күннен кейін Ақаң сыныптағы сабағына: «Балалар, сүйінші!» – деп, қолындағы газетті жоғары көтере кіріп келіп: «Міне, газетке Ғаббастың «Ізғұтты Батыр» деген өлеңі шықты!» – дегені. Сөйтіп, «жас ақын» болып шыға келдім. Өлең тым ұзақ, оны да, кейінгі өлеңдерімді де оқымай-ақ қояйын, ақын болмаған соң, қайтеміз соны.... жарайды, орта тұсынан бірнеше тармағын айтайын:

Алда – Двина өзені,
Ұрыстың ауыр кезі еді,
Өту керек өзеннен,
Талқандап жауды кезенген.
Бұйрық болды: «Сапқа тұр!».
Сөз алды қазақ – жас батыр:
«Боламын алда ел үшін,
Туып-өскен жер үшін!
Жау бекінісін бұзамын!
Тек қана Жеңіс – ұраным!» –

деп түн жамыла топты бастап, өзеннің қалтарыстау төменгі бір тұсынан қайықпен өтіп шығып, жаудың дзот деген пәлекетін талқандаған.

– *Мектеп бітіргеннен кейін алыс ауылдан Алматыға, оның ішінде маңдайалды институттардың біріне құжат тапсырған екенсіз. Жолыңыз бірден ашылып кетті ме?*

– Мектеп директорымыз Фатих ағай Жәмеловтің бағыттауымен Алматының пединститутына келіп, құжатымды тіл-әдебиет факультетіне тапсырып, емтиханда қажет 19 орнына 20 балл алып... оқуға өте алмай қалдым. «Бұл қалай?!» деп аттандап деканға бардым. Ол мендегі «емтихан парағын» алып, негізгі баға құжатымен (ведомосьтпен) салыстырды. Қазақ әдебиеті пәнінен емтихан парағымда «5» тұр да, негізгіде «3» тұр. «Бұл қалай?» дейді декан шын таңданып. «Мен қайдан білем?! Мектепте әдебиеттің ауызшасынан да, жазбашасынан да «3» алған жоқпын!» – дедім мен, шын ашуланып. «Ректорға бар, сол кісі ғана шешеді», – деді декан. Мен дауласуға жиналғандармен бірге кезекке тұрып, бір жа-

рым сағаттан соң ректорға жеттім. Ректор Кеңес Одағының Батыры Мәлік Ғабдуллин ағамыз екен. Қабылдауына баруыма сылтау табылғанына қуандым білем, келбетінен көз алмадым, сымбаты кісі екен. Алтын жұлдызын тақпағанына таңдандым. Ол кісі өтінішімді оқып, бұрыштама жазып қайтарып: «Деканға барыңыз» деді. «Жолым болдылап», деканға құстай ұшып бардым. Ол өтінішіме үңіліп: «Сырттай оқу бөліміне алынсын» депті ғой деді. «Сырттай оқыған» деген не пәле?» – дедім. Декан түсіндірген болды, мен дәнеңе түсінбедім. «Сырттай оқып қарық болмаспын» деп тулап, құжаттарымды қайтарып алып, ауылға аман-есен қайттым.

– Ауылға қайтып келген соң не істедіңіз? Шығармашылықтағы жолыңызды ақындықтан бастап, кейін жазушылыққа, сатираға бет бұруыңызға не себеп болды?

– Өскеменге оралғаннан кейін, төрт айдан соң, облыстық газет редакциясына жұмысқа алындым... Бірде жауапты хатшының орынбасары кезім, бір жолдасымыздың келіншегі босанып, шілдеханаға жиналды. Нәрестеге ат қоюды маған тапсырысты. Мен «Мұхтар Әуезовтей атақты болсын» деген тілекпен атын «Мұхтар» қойдым. Сонсоң, бес-алты минуттан кейін баспаханаға жөнелдім. Газет шығарылып жатыр, басы-қасында болуым керек. Ертеңінде таңертең кеңсеге келсем, көмекшім: «Сені редактор іздеп отыр, тезірек барғын» деді. Редактордың кабинетіне кіріп, сәлем бердім. Тойға бірге барған төрт жолдасым сонда екен, бірінің көзі көгеріп, бірінің шекесі ісіп дегендей, бытықы-шытықылары шығып отыр. Редактор оларды иегімен меңзеп: «Мыналарға не болған?» деді. «Білмеймін» дедім. Сөйтсек, нәрестелі болған жолдасымыздың қайынағасы: «Баланың аты Алтай болады, Мұхтардың керегі жоқ!» деп қиғылық салып, қарсы сөйлегенге жұдырық жұмсапты. Редактор: «Ақын жолдас, сен осы туралы фельетон жаз, бұлай қалдыруға болмайды!» – деді маған. «Мен фельетон жазып көрген жоқпын ғой, жаза алмаймын» десем, редактор: «Жазасың. Сенде мысқыл бар, жаз, қорғанба, мен оқимын, көмектесемін», – деді. Сонымен «Той-төбелес» деп фельетон жазып, редакторға алып бардым. Ол оқып шықты да: «КГБ-ның капитаны екен ғой?! О, сойқан!» – деп оқыс ойлана қалып, сәлден соң: «КГБ-да қазақ кадр аз. Мынадан

кейін оның шатын айырып, лақтырып тастайды. Қой, обал болар. Мен генералға – бастығына айтып, құлағын бұратайын. Ал сен мұны сықақ әңгімеге айналдыр, дайын тұр ғой, аты-жөнін өзгерте сал, сөйт», – деді. Содан бастап әзіл-сықақ, фельетон жазуға кірісіп, ақындықтың ауылынан көшіп кеттім.

– Алматыға түпкілікті қоныс аударуыңызға не себеп болды?

– 1961 жылы біздің редакцияға екі жігіт келді. Редакторымыз олардың Алматыдан, Қазақтың Сергей Миронович Киров атындағы университетінің журналистика факультетінен келгендерін айтып: «Бізде бір ай стажировкада болып қайтады» деді. Журналшы дайындайтын оқу барын солардан естіп, дайындалып, 1962 жылы журфакқа сырттай оқуға түстім. 3-курстың сессиясына келгенімде газеттің техникалық көркемделуі жөнінде Алматы облыстық «Жетісу» газеті редакторының орынбасары Кәкімжан Қазыбаев лекция оқып, емтихан алды. Мен жасаған макет (газет санының жобасы) ұнаса керек, мені редакциясына, жауапты хатшының орынбасары болуға шақырды. «Алматыда тұрма едім?!» деп іштей армандап жүргенімде ол ұсыныс қанымды қыздырып жіберді. «Ертеңге дейін ойланайын» дедім. Пәтер мәселесінен қауіптендім. Ертеңінде «Жетісуға» бет алдым. Совет көшесінде екен. Ғимаратқа кіре берісте Жұмекен Нәжімеденов пен Шәмші Қалдаяқов ұшырасты. I-II курс сессияларына келгенімде ол екеуімен және ақын Сабырхан Асановпен, сазгер Әсет Бейсеуовпен танысып үлгіргенмін. Екеуіне қайда, неге келгенімді айттым. Қуана құптады. Ал Кәкең мені редакторлары Әбдіуәли Қарағұловқа ертіп барды. Әңгімелестік. Мен пәтер жайын айтқанда Әбекең: «Сізді жауапты хатшылыққа тағайындамақпыз. Тек пәтер жағы қиындау. Былтыр қалалық атқару комитетін сынаған мақаламыз шығып, содан бізге қырын қарап жүр», – деді. «Ойланайын, хабарласайын» деп шықтым. Үйге қайтуыма келесі күнгі кешкі пойызға билет алып қойғанмын. Дәлізде Жұмекен тұр екен. «Бір қызық бар, бері жүрші», – деп жымыңдайды. Сыртқа шықтық. «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында бос бір орын бар екен, сен редакторы Нығмет Ғабдуллинге жолық, сөйлес, жақсы жігіт, жақсы жазушы», – деді. Біраз «саудаласқаннан» кейін айтқанына көндім.

Қысқасы, содан екі аптадан кейін, 1966 жылдың көкек айының 11-і күні «Қазақ әдебиетіне» жұмысқа алындым. Нығаң: «3-4 ай шыдасаң, пәтер де болып қалар», – деген. Бір ай өте бере Нығаң мені Жазушылар одағының басшысы Әди Шәріповке ертіп апарып таныстырып: «Әдеке, бұл жігітті Шығыстан шақырып алуын алсам да, пәтерсіз жүріп қалар ма екен деп мазасыздана бастадым», – деді. Әдекеңнің сауалына орай отбасымда әке-шешем, әйелім мен екі балам барын айттым. Әдекең алақандай көзін Нығаңа «жұмсай» жылы жымыиып: «Сені де, бұл жігітіңді де қиналта қоймаспыз, хабарласып тұрарсың», – деді. Арада үш ай өте бере Розыбақиев пен Тимирязев көшелерінің қиылысынан үш бөлмелі пәтердің кілтін алдым. Жазушы Амантай Байтанаев тұрған пәтер екен. Ол кісі төрт бөлмеліге көшіпті. Орнығып алған соң пәтерімді «жудым». Әдекең мен Нығанды әйелдерімен шақырдық. Сонда Нығаңның: «Мен де кумын. Ғаббастың фамилиясын естігенде Қабышева Шәрбанудың бауыры екенін сезе қойдым. Шәрбану курстасымыз Қайырғазы Райымханпен бас қосқанда мен күйеу жолдас болып, Малая станицада дүрілдетіп той жасағанбыз. Үшеуіміз университетте, журфакта бірге оқығанбыз. Қайырғазы екеуіміз «Лениншіл жастың» редакциясында бірге жұмыс істеді. Сол қулығымды Ғаббасқа, міне, бүгін айтып отырмын», – деп ду күлдіргені әлі есімде.

– *«Қазақ әдебиетінде» жеті жылдай қызмет атқарған екенсіз. Ол кезде газет қандай еді, қазір қандай?*

– Ол кездегі газетті ұшаққа теңесем, қазіргі гәзет – аутомәшине. Ол кезде бізде әдеби сын күшті болды. Дәлелімен, әділдігімен, өткірлігімен күшті еді. Атақты ақын-жазушылардың біразы нысанаға ілігіп, партияның Орталық комитетіне арызданды, бірақ ақты қара дегізе алмады. Әсіресе жас сыншы Мұхтар Мағауиннің Хамза Есенжановтың «Ақ Жайығына» сын пікірі көп сөз болды. Бірде жас сыншылар жиыны өзара даумен аяқталды. Сол туралы жазып, аға сыншымыз Мұхаметжан Қаратаевтың жиында бейжай отырғанын мінеп: «Бізге анда-санда көз алартып қоймайтыны түсініксіз» дегенімді оқыған Мұхаңның телефон шалып: «Ғаббасжан, ренішің орынды, ескеремін» дегені бар. Қазіргі газетте біздің кезіміздегі салмақты сөз жоқ. Әдебиет жанрлары жайында

өнегелі ғылыми мақала жазылмай жүр. Уақ-уақ «Дөңгелек үстел» деген өткізіліп, анау жанр, мынау тақырып дегендей біраз сөз айтылады, ал қорытынды жасалмайды, кейінде ол отырыстан не нәтиже шыққаны да бажайланбайды. Орынды өткір сын жоқ. Бетбет етіп өлең-әңгіме беру де керек шығар, алайда гәзеттің негізгі міндеті әдебиетіміздің бүкіл тыныс-тірлігін барлап, бағыттап отыру ғой. Содан кейінгі бір «қызық» жәйт: біздің қазақтілді гәзеттеріміз «Дөңгелек үстел» дегеннен жаңылмайды, оны кәдімгі қазағымша «Үстел басы әңгіме» деу жөн боларын айттым да, жаздым да. Елемейді, орыс тілінің көлеңкесінен шықпайды.

– *«Ара-Шмель» журналына бас редакторлық еткен тұста, сіздер көздеген сын садағы талай адамды жөнге салған болар?*

– Ол журналға еркіммен бармадым, партияның Орталық комитеті: «Ара-Шмель» сатиралық журнал болудан қалды, сіз түзете алады деп шештік», – деп 1983-жылғы мамырда күштеп жіберді. Ұжымды «ас ішіп, аяқ босатып» отырғандардан арылтып, қазақ жағына да, орыс жағына да «сен тұр, мен атайындарды» іріктеп жинап алдым. Сынды күшейттік. Соны көрген жұртшылық бізге әділдік іздеген, араша сұраған арыз-шағымын ағылтты. Біз де аянбадық. Журнал көтерілді. Жазылу, жай сату таралымдарын қосқанда 180-200 мың дана болып шығып келген журнал екі жылдан соң 600 мың данаға жетті. Жазықсыз жазаланып, қызметінен, партиядан шығарылған, түрмеге қамалған адал, іскер адамдардың оннан астамын ақтап алдық. Қолға түспей қойқандап жүрген жемқорларға, қонышынан басып дәндеген бастықсымақтарға құрық салдық. Журнал сынынан кейін үш министр, талай «тарландар» ұстараға іліккен мұрттай ұшты. Бірақ ол ағынымыз Орталық комитеттегі бәсекеңдерге ұнамай қалды. Біресе бөлім меңгерушісі, біресе хатшы шақырып, арамызда «қырғи қабақ соғыс» басталды. «Біздің кадрларды бізбен келіспей сынайтын болдыңдар» деп бәлсінді олар. Біз жолымыздан таймадық. Сөйтіп, әу баста: «Журналды түзет» деген Орталық комитет енді: «Сені түзетеміз!» деді маған. «Тапқан екен май шелпекті!». Ақырында, 1987-жылдың қыркүйегінде орнымнан «өз өтінішіммен» босадым. «Жердегі құдайларға» жем болғым келмеді. Солай бір жарым жыл жұмыссыз жүрдім.

– Сізге «Таққа мінсе де, атқа отырса да асып-тасуды білмейтін, ызына түскен салмақты һаманда сабырмен көтеретін сырбаз мінезді» деп баға берген екен замандасыңыз Үмбетбай Уайдин ағамыз. Кейбір адамдар қолына билік тисе теріс өзгеріп кетіп жатады. Сізді өйтіп өзгертпей, бірқалыпты етіп ұстап жүрген қандай күш?

– Оны сол Үмбетбай ағаларың толықтырып айтсын. Менің қосарым: кімнің кім болмағы «балшығының иленгеніне» қарай.

– Кенже балаңыздың есімін Әзиз атап, атақты түрік сатиригі Әзиз Несиннің құрметіне қойыпсыз. Әрі оның әзіл әңгімелерін қазақша сөйлеткен де өзіңіз. Әзиз әлемі сізді несімен қызықтырды? Оны аударуыңызға не себеп болды?

– Иә, кенжемнің атын әуелде «Әзизнесин» деп толық қоймақ болдым да, сонсоң «қысқарттым». Ал түрік ағамыз Әзиз Несиннің әзіл-сықағы кәдімгі «мақтамен бауыздайтын» қасиетімен қызықтырды. Оқиға-ойды да, тіл-сөзді де ойнатудың хас шебері еді ғой жарықтық. 1981 жылы Мәскеуде, КСРО жазушыларының құрылтайында кездесіп, құрметті мейман ретінде шақырылған онымен екі мәрте емін-еркін шүйіркелестік. Бірінде Қалтай Мұхамеджанов, Шерхан Мұртазаев төртеуіміз бас қостық та, екіншісінде Әзекең екеуіміз ғана болдық. Мәскеуде Вера Феонова деген тілмашы бар. Мен «Күлеміз бе, қайтеміз?» деген жинағымның алғашқы басылымын ала барған едім. Онда Әзиз Несиннің шығармашылық шеберлігі әңгімеленген «Иә, Әзеке, Сіз кімсіз?» деген және Оспанхан Әубәкіров жайында «Әзиз Несиннің Алматыдағы інісі» деген мақалаларым бар-ды. Соны айтып, жинағымды ұсынғанымда Әзекең балаша мәз болып, қолымды қатты қысып: «Иншалла, үйге барған соң қазақ достарыма оқытып тыңдаймын. Рахмет, бауырым, 100 жаса! Менің әңгімелерімді қазақшалап жүргеніңді Қалтай досым айтты, рахмет! Иншалла, саған кітаптарымды жіберемін», – деді. Әзекең сөзін көбінесе «иншалла» деп бастайды екен. Кейін: «Футбол королі», «Дүңгене дүние» деген жинақтарын алдым. Төртеуіміз бас қосқанда Әзекең қойын дәптерінің үш бетін бөлек алып: «Менен ескерткіш болсын» деп, үшеуімізге сурет салып берген еді, маған силағанын «Бейбітшілік балығы» деп

атап жымындаған. Әзекең орта бойлы, мығым денелі, қоңырқай өнді, қой көзді адам екен. Оның туғанына биыл 100 жыл толады. Сол тойымызға арнап өзім қазақшалаған шығармаларының екі томдығын әзірлеп қойдым, ал ол күлкі достарының қолына қашан тиеді, оны білмеймін.

– *«Үлкен міні: бұл Ғабең бас пайдасын білмейді, ашуланса тақты да қайтып бере салады» деген сөз бар екен. Сізге тақ ұсынған кездер болды ма?*

– Әлгі Орталық комитет «Ара-Шмельден» әуелде ың-шыңсыз алып кету үшін маған жарты жыл бойында үш тақ ұсынды. Олары – «Мектеп» баспасының директоры, «Алматы ақшамының» редакторы, «Денсаулық» журналының редакторы. Бармадым.

– *Неге?*

– Біріншісінде: «Педагог емеспін. Ішін білмеген істі сырттай иемденгім келмейді» дедім. Үшіншісінде де соны айттым: «Дәрігер емеспін» дедім. Екіншісінде: «Облыстық, республикалық гзет редакцияларының қазанында он алты жыл қайнадым, сол жетеді» дедім.

– *Зейнетке шыққаннан кейін, өз шығармашылығыңызды гана күйттеп жатып алмай: Илияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Әди Шәріпов, Әнуар Әлімжанов, Хакім Есенәлиев, Сағат Әшімбаев, Оспанхан Әубәкіров туралы естелік жинақтардың жарық көруін ұйымдастырдыңыз. Себебі не?*

– Ілекеңнің ақындық құдіретіне, Сәбеңнің «алыстан сермеп, жақыннантербегіштігіне», Әдекеңмен Хакеңнің қайраткерліктеріне, Әнуар мен Сағаттың білімдарлықтарына, Оспанханның күлкі қуатына тәнті болдым. Оның үстіне Әдекең Жазушылар одағын материалдық тұрғыда жарылқаған болса, Әнуар моральдік биік деңгейге көтерді. Өзім қызметтес болған өзге бірінші басшылар: Жұбан Молдағалиев, Қалдарбек Найманбаев, Олжас Сүлейменов «таққа шықты, түсті» болды. Әнуарға ерекше ризамын, ол жер шарының алпыс шақты елінде болып, Қазақстанын, қазағын насихаттады. Өйткеніне дәлел – мұрағатында жатқан хаттар. Әнекеңнің туғанына 70 жыл, 80 жыл толуына арнап, демеуші тауып, екі кітап шығардым. Енді 85 жылдығына үшінші кітапты дайындап отыр-

мын, оның негізі – хаттар. Алматы облысының әкімдігі қаржы бөлуге уәде берген, орындайтын шығар...

Сәбеңмен екінші кездесіп әңгімелесіп отырғанымызда: «Әкешешен бар ма?» дегеніне: «Бар. Әкем сізбен жасты, 1931-жылдан коммунист» дегенімде Сәбеңнің: «Ә, старый большевик екен ғой?! Менен сәлем айт!» дегені есімнен кетпес.

Ал көпшілікке «Михаил Иванович», бізге «Хакім Тілегенұлы» деген нақты аты-жөнімен мәлім Хакім Есенәлиевте бір қызық әдет бар еді. Бірде телефон шалып: «Ничто человеческое мне не чуждо» дегенді кім айтып еді?» деді. Үнінен қуақылық нышаны сезілді. «Е, баяғыдан білеміз ғой, Карл Маркс айтқан!» дедім. Ол балаша мәз бола күліп: «Оқу керек, жолдас, оқу керек. Оны көне Римнің драматургы Терренцидің бір кейіпкері айтыпты, онда Карлды қойып, Маркстың да бабасы тумаған!» деді. Енді бірде әлдебір бұйымтайым болып хабарласқанымда: «Мен бір кітап оқып отырмын, осы әлгі «Өмір адамға бір-ақ рет беріледі» деп басталатын өсиетті кім айтып еді, есінде ме?» дегені. Тағы бір «қақпан құрғанын» сездім де, қалай құрсаң да тұтылмаспын деген сеніммен: «Николай Островскийдің «Құрыш қалай шынықтысын» мен де жаттап өскенмін, Хаке!» дедім. Ол тағы күліп жіберіп: «Островский оны орыстың мықты сыншысы Писаревтен алыпты, оқу керек қой, жолдас сатирик!» деді. Осындай өнегелі әзілге де бай еді.

– *Жазушы Әзілхан Нұршайықов сіздің көп жыл қаламдас ағайыны, дос-жолдас болған, бүгінде марқұм ақын-жазушыларымыз хақындағы «Сағыныш сазы» атты естелік кітабыңызды оқып шығып, «Қазақ әдебиеті» газетіне: «Ғаббас қазақ прозасына реквием жанрын әкелді», деп мақала жазыпты. Иттипатты сол Әзағаны іздейсіз бе? Басқа кімдерді сағынасыз?*

– Әзекеңді, иә, іздеп қойып жүремін. Әнуар Әлімжановтың да орны бөлек. Қымбаттарым болған құрдастарым: «Ғаббасия» дейтін Қадыр мен «Ғаббас, ей!» дейтін Тұманбайды, туысқанымдай болған танымал жазушы-тарихшы Естай Мырзахметовті, «мырза» дейтін Шона Смаханұлын, «генерал Тайпаковский» дейтін Оспанәлі Иманәлиевті, «қысқа жігіт» дейтін Қалихан Ысқақты,

«Ғаба-Ғабеке» дейтін Шәмші Қалдаяқовты, «шал-ау» дейтін Сабырхан Асановты, «қайынаға» деп еркелейтін Сағат Әшімбаевты, «Ғаба-ағалайтын»: Оралхан Бөкейді, Тоқтарбек Қызықбаевты, Марат Қабанбаевты, Марат Нұрқалиевті, Таңдай Кенеевті, Сабыржан Жұматаевты, әзілін «кәрия» деп бастайтын Қажытай Ілиясовты сағынып жүрмін.

– *Өміріңздегі қызық оқиғадан туған шығармаңыз бар ма? Сол туралы айтып беріңізі.*

– Әзіл-сықақ әңгімелерім бір нақты себепсіз тумайды. Қайсысын айтсам да, журналдарыңның көлеміне қиянат болар, қоя тұралық.

– *Қиянат болмайды, аға. Біреуін айтып жіберіңіз, ай сайын сұхбаттасып жүрген жоқпыз ғой.*

– Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы», қазір «Дидар», гәзетінің редакциясында жауапты хатшы едім. Совет Одағын мылжың Никита Хрущев мипалауға айналдырып алған кез. Гәзетіміз уақытында шығудан қалған. Көсеу тіл «көсем» күнде көсіліп сөйлейді. Пәлен өлкеде, қалада, далада дегендей. Сөзі гәзет атаулының бәрінде шұғыл шығуға тиіс. Қазақ телеграф агенттігі арқылы келетін құлаш-құлаш сөзін күтіп, алып, оқып, баспаханаға жіберіп, не керек, сілеміз қатып, редакцияда түні бойы отырамыз. Гәзетіміз таңғы сағат 4-5-те шығады. Сөйтіп сарғайтқан түндердің бірінде, сағат 3 шамасында, телефоным шылдырлады. «Алло!» деп едім, «Это Хрущев» деді. «Пошел ты...» деп, орыстың «айналайынын» айтып, тұтқаны қоя салдым. 2-3 минөттен кейін – тағы шылдыр. «Послушайте, это Хрущев...» – сөзін аяқтатпадым: «Я же тебе сказал, пошел...» деп тағы «жол сілтеп» жібердім. Сәлден соң – тағыда шылдыр. «Ә, бұл итке бар-жоқ білетінімнің қалғанын айтып берейін!» деп, одан бұрын қамтып: «Это опять ты, Хрущев?!» дедім. Анау: «Товарищ коллега, здравствуйте! Пожалуйста, трубку не бросайте, я звоню из Алматы. Где Мукан Абуғалиевич?» деп, ақырында екеуіміз түсіністік. Ол Қазақ Телеграф агенттігі директорының орынбасары Павел Петрович, әлде Петр Павлович пе еді, есімде қалмапты, әйтеуір, фамилиясы Хрущев болып шықты. Ол гәзеттің шығу барысын сұрады. Мен одан кешірім сұрап: «Осындайда «Рудный Алтайдың» редакциясындағы кезекші

жолдастар бар, бірімізді біріміз алдап сөйлесетініміз бар еді, сізді солардың бірі шығар деп ойладым» дедім. Ол күліп: «Бұл фамилия мені «жарылқап» жүр» деді. Сол жәйтті кейін сықақ әңгімеге өзек етіп жазып, тақырыбын «Хрущевті боқтаған қазақпын» деп қойдым. Оқыған жолдас-жораларымның, таныстарымның қайсыбірі: «Мынау не сұмдығы?! Қалай құртып жібермеген?! деп қалсам» десіп, күліп жүрді.

– Аға, тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары халықтың мүддесі аяққа таптала бастады ғой. Сондайда зиялыларымыздың басым көпшілігі бұғып қалды, ал сіздің үніңіз батыл шығып жатыр. Күні кеше біздің «Аңыз адам» журналының басына қара бұлт төнгенде де, бастама көтеріп, Елбасыға хат жазғандардың бірі өзіңіз болдыңыз. Билікке жағынған өзге әріптестеріңіз силық пен марапаттың түр-түрін алып жүр. Ал сіздің еңбек лайық бағаланбайды, оған қалай қарайсыз?

– Бұл сұраққа негізгі жауап етіп «әркім балшығының иленгеніне қарай» дегенімді қайталайын. Марапатты керек етсем, біразын алып-тағатын орындарда отырдым, бірақ ешқашан, ешқайда, ештеңеге өзімді өзім ұсынбадым, өзгелерге де ұсындырмадым, соған көңілім тоқ. Ал жауабымның тұздығы – менің сын-сықақ жаза бастағанымды құптаған әкемнің: «Балам! Құдайға шүкір, аштан өлетін заман жоқ, егер болса қалса, адал өле біл!» деген қатал да қымбат өсиеті.

– Аға, алдымыздағы жылы сексеннің сеңгіріне шығады екенсіз. Артыңызға қарайлағанда нені көресіз? Өмірімді қайта бастағанда мынаны істер едім немесе істемес едім дейтіндей өкінішіңіз бар ма?

– Қалайша екенін білмеймін, осы бір сұрақты естігім де, жауап бергім де келмейді. Өзің үшін өзің сәуегейленген сияктанасың. Егер «өкінішсіз адам болмайдыға» сайдырсақ, мынадай бір әттеңім бар: облыстық газетте жұмыс істеуге кіріскеннен бастап фотографиямен шұғылдандым. Түсіру, жасап шығаруды қапысыз меңгердім. Алматыға, әдебиет ауылына келген соң да фотоаппаратым қолымда болды. Сәбит, Ғабит, Ғабиден, Бауыржан, Рахымжан бастаған атақты ағаларымның, сондай-ақ, құрдастарымның,

інілерімнің көбімен сапарлас, табақтас болып, оларды суретке байқатпай түсіріп жүріп, ешбірімен өзімді әдейілеп жеке түсіртіп алуды ойламаппын. Өкінішті. Одан да өткен өкінішім бар. Үлкенкіші қаламдастарымды түсірген екі пленкамды, фототаспамды, 2000-жылы белгілі фотограф жігітке беріп: «Мұндағы жиыны 64 кадрдан маған жақсылап бір-бір сурет шығарып бер де, екі таспаны да өзімдікі деп пайдалан, мен фотограф емеспін ғой, басыбайлы малданбай-ақ қояйын» дедім. Ол ықыластана келісіп, «әне-мінемен» жүре берді. Мазаламадым. Ол қайтыс болды. Балашағасына сол пленкаларымды іздетуге дәтім жетпей жүр.

– *Сұхбатымыздың арнасын осы жерден жеке өміріңізге қарай бұрсақ... Алғашқы махаббатыңыз есіңізде ме?*

– Келесі сұрағың қандай?

– *Жаныңыздағы жеңгемізбен қалай таныстыңыз? Бас қосу туралы ұсынысты қалай айттыңыз?*

– Бұдан кейінгі сұрағың?

– *Ол кісінің сізді баурап алған қай қасиеті?*

– Сексеннің есігін қаға бастағанымда желпілдеп: «Алай да былай» дегім келмейді, ренжімегін. Жалпы бар ғой, осындай және: «Қалай, қашан жазасыз? Қандай тамақты жақсы көресіз? Ұйқыңыз қалай?» сияқты сұрақтарды кімге болсын қоюдың қажеті жоқ.

– *Онда балаларыңыз, немерелеріңіз туралы айтыңызшы. Арасында өзіңізге ұқсап қалам ұстағаны бар ма? Жеңгемізді де сипаттай отырсаңыз?*

– Құдайдың бергеніне шүкір, екі ұл мен екі қыздан он шақты немере, бес-алты шөбере сүйіп отырмыз. Немерелерімнен жолымды қуушы шықпады, шөберелерімнен шықса екен деп тілеп жүрмін. Ал жұбайым Зада Мүкәрәмқызы – өзімшілдікпен мақтауым емес, отбасымның жылуы. Алыс-жақынға мейірімді, қайырымды. Жан-жақты білімді, ұжымына құрметті дәрігер.

– *Аға, адамда арман таусылған ба? Армандарыңыздың біразы орындалған шығар десек те, қазіргі арманыңыз қандай?*

– Е, арман шіркін азбас-тозбас асыл сезім ғой. Менің жазғандарым аз емес, ғұмыр болса әлі де жазармын. Алайда қазіргі бірінші арманым – фәниден бақиға: бала, немере-шөберелерімнің

амандығын, жақсылығын көріп аттану! Құдайдан тілейтінім – осы. Өзімнен жасы егделер өмірден озғанда оны табиғи заңдылық-ау деп жұбанған боламын. Ал маған қатты бататыны – алыс-жақын туыстарымның, жолдас-жораларымның, тіпті сырттай таныстарымның өзімнен жасы кішілерінің көз жұмғаны.

Түйін сөзім: халқымызға, келесі ұрпақтарымызға қажет журналдарды шығарып жүрген, Жарылқап бастаған айналайын іні-қарындастарым, сендерге және сендердің өлшеусіз мол еңбектеріңді, журналды бағалап, қадірлеп жүрген мың сан оқырмандарыңа бақытты ұзақ ғұмыр тілеймін! Менің қарапайым өміріме, шығармашылығымға мән беріп, назар аударғандарыңа рахмет!

(«Аңыз адамның» «Отбасы» бөлігі. 2014 ж. Марфуға.)

ОРАЗА АЙЫНДАҒЫ ОЙБӨЛІС

Жазушы-сықақшы Ғаббас Қабышұлымен сұхбат

Біреулер тілек айтқанда: «Сәкеннің сәнін, Күләштің әнін, Жамбылдың жасын берсін...» дейді зой. Осы тілекке мен: «Ғаббас аға Қабышұлының ұқыптылығын берсін!» дегенді қосар едім. Жұртышылыққа ісімен де, сөзімен де танымал Ғабекеннің жсауапкершілігіне, тиянақтылығына әрқашан риза болып жүремін. Осы қасиеттері кейінгі ұрпаққа жұғымды болса екен!

– Аға, өзіңізден сұхбатты ораза айында алып отырмын. Ауыз бекіттіңіз бе?

– Қазекемнен сөз қалған ба: «Бірінші байлық – денсаулық...» демеді ме, сол байлығым соңғы кезде нелеу бола бастады да, ораза-намазға көлеңке түсіріп алудан жасқанып жүрген жағдайдамын. Ол кінәм күнә болып кетпеуін ойлап, құдайдан кешірім өтініп жүрмін.

– Жалпы қазақтардың дінге бетбұрысы жайлы не ойлайсыз?

– Дін – адамзат қауымының ұйтқысы. Адамдардың бір-біріне, төңірегіндегі тірлікке: адал, әділ, мейірімді, қайырымды болуын қалайды. Заман сонда ғана түзік боладыны ұқтырады. Қазаққа дін қажет. Дінсіз қазақ – рухани дімкәс қазақ. Бірақ бұл бізде нақты

ескерілер емес. Бүгінде Қазақстанда жателдік діни ұйымдар, тіркелген-тіркелмегені бар, қынаша қаптап кетті, саны 4 мыңнан астам. Солардың ешқайсысы қазақтың діни сауатын аша түсуге, исләмді насихаттауға келген жоқ. Қазірдің өзінде, ресми деректер айтып отырғандай, 1 миллионнан астам қазақтың басқа діндерге көшіп кеткені – соған дәлел. Оған ерлі-зайыпты екі қазақтың бірінің басқа дінге енуі кесірінен қаншама отбасы бүлініп-жарылғанын, нешеме баланың тірі жетімдікке ұшырағанын қосып ойлансақ ше? Бүгінде қазақ қызының 60 мыңға жуығы Қазақстанға пайдакүнемдік пиғылмен келген жателдік еркектерге, әсіресе қытайларға әйел болып, алды 4-5 бала тауып алыпты. Солайша отбасын сайлаған күйеубалаларымыздың көбі қайынжұртта тұрақтап қалып жатқан көрінеді. Бөгде діни ұйымдардың, қалта әмірінің күшімен көкпарға тап болған қазақтың саны қазақтың есебінен өспейтін қасіретке ұрынатын шығармыз. Бұл пәлекетке қарсы күрес жоқ. Күресер қазақ зиялылары ислам дінін бұтарлап, жеке-жеке ағым жасап жүргенге ұқсайды. Күресті ұйымдастыруға міндетті мүфти Әбсаттар Дербісәлі мырзаға кезінде «Қас қағым сәт», «Жас алаш» гәзеттері арқылы ашық хат жаздым, алайда Астанадағы, шет елдердегі салтанатты жиындарда жүруі көп ол мүфти хабарласпады. Яғни, бізде дін мәселесі баяғы «бөліп ал да, билей бер» деген саясаттың құрығына ілікті. Қазақтардың дінге бетбұрысы қалай, қандай екенін анықтау үшін тәуелсіз нән комиссия құру керек шығар. Кеш қалмай тұрғанда.

– Өзіңіз мұсылманға парыз саналатын бес парыздың қаншасын орындап жүрсіз?

– Бірер жыл бұрын қаламдас жолдасымның қайтыс болғанын естіп барсам, балалары: «Сіздерге салмақ түсірмейік деп, бәрін өзіміз реттеудеміз, Орталық мешітке барып, молдамен келістім, таңертең алып келеміз» деді. Жолдасымның бәйбішесіне: «Сүйекке кімдерді түсіреміз?» деп едім, баласы: «Оны да келістік, молда «мен сүйекке түсетін бес кісі ала барамын» деді дейді. «Онысы қалай? Одан кім кісі сұрады? Балам, қазақта ондай ғұрып жоқ, ол шаруаны қазір өзіміз реттейміз» дедім. Бала шешесіне қарады, шешесі «иә» деді. Таңертең барсақ, молда мәйітті кебіндеуге

кірісіпті. Жолдасымның бәйбішесі мені оңашалап: «Молда біртүрлі екен. Бес кісі болып келді, сүйекті жуды. Әрқайсысымызға үш мың теңге және бір-бір киім бересіңдер, мәйітті ораған кілемді аламын, мешітке тапсырамын» деді деп тұр. Менің ызам қайнап кетті: «Оттамасын! Көкбазарды тапқан екен! Қазір шықсын, көкесін көзіне көрсетейін!» дедім. Бәйбіше: «Ғаба, өйте көрме! Балалар «жарайды» деп қойды. Берейік, алсын, құрысын! Шалымның садақасы!» деп жалынып, жігерімді құм қылды. Мүфти Әбсаттар Дербісәліге жазған хатымда осы оқиғаны айтып, «сол молдамен көзіңше сөйлесейік» дегенмін. Ал енді өзің айтшы, мұсылманның бес парызын өтеп жүрген анау молдадай арсыздар мұсылман ба, әлде, денсаулық мұрша бермейтіндіктен бес парызды өтей алмай, бірақ әкем жарықтықтың: «Балам, аштан өлсең де, ар-ұятыңды таза сақтап өл!» деген өсиетін орындап жүрген мен мұсылманмын ба?.. Мен ешкімге қиянат жасамадым, ешкімді алдап-арбаған жоқпын. Өтірік-өсекке, немқұрайдылыққа, жағымпаздыққа жаным қас. Ал бес парызға оралсақ, күнде таңертең және іңірде құбылаға қарап алақанымды жайып отырып, құдайдан еліме, халқыма, отбасыма аман-есендік тілеймін.

– Сіз қоғамымыздағы түйіпкілдерге қатысты жеке пікіріңізді ашық білдіріп жүрсіз. Әріптестеріңіз неге сіз сияқты белсенді емес? Әлде еліміздегі келеңсіздіктерге олардың жаны ашымай ма?

– Басқалар үшін жауап беруге зауқым да, құқым да жоқ, заманның ойпыл-тойпылынан онсыз да ашып жүрген миымды шірітіп алармын. Және айтарым: биліктің берекесіздігіне ашынып жүрген құрдас, іні қаламдастарым баршылық, мысалы: Төрежан Мәндібай, Софы Сматаев, Мұхтар Шаханов, Қабдеш Жұмаділов, Иран Ғайып, Рысбек Сәрсенбайұлы, Төлеубек Қарамендітегі және басқалар.

– Кейбір басылымдар сізді қазақтың демократы деп жазып жүр. Бұл теңеуді қалай қабылдайсыз?

– Басылымнан көп нәрсе жоқ: біріне сенсең – Қазақстан Н. Хрущевпен бірге құрыған коммунизмді тауып, қайта алып келіп, соның төрінде шалжиып жатқандай; екіншісіне сенсең – біз құтырынған

капитализмдеміз. Екеуінің мені кім деп жүргендерінде шаруам не, көріп-білгенімді өзімше айтып-жазып жүре беремін.

– *Қазір жер-жерде жемқорлыққа қарсы күрес жүріп жатыр. Бұл науқан нәтиже береді деп ойлайсыз ба? Жемқорлықпен күресудің сіз білетін қандай жолы бар?*

– Соңғы 10-15 жылда 20-30 науқанды көрдім. Аяқталуын айтпағанда, басталып та жарытқаны жоқ. Жемқорлыққа қарсы күрес дегеніміз де – сол «әләуләй-халаулайлардың» бірі. Нендей іс болсын, ол оң ба, теріс пе, – ардың ісі. Жемқорлық – арсыздық! Меніңше, мерейі үстем әділетті қоғамда ғана арсыздықтың аты өшеді. Бізде ондай қоғамның қашан орнығарын білмеймін. Жемқорлыққа қарсы қаулы қабылданады, ресми де, қоғамдық та комиссия құрылады, сөйтіп, «бәлемдерге көресісін көрсетіп жатырмыз!» деу үшін орта шенді бірер шенеункті ұстайды да, ұрандайды.

– *Бәлекеттің көбі Кеден жақтан шығып жатады, егер сіз сол кеденнің бір комитетін басқарсаңыз, пендешіліктің түлені түртіп, параны алып жібергеніңізді байқамай қалар ма едіңіз?*

– Әкемнің өсиетін жаңа айттым. Билікті, қаржылы орындарда басшы болып жүргенімде де әке өсиетіне қиянат жасаған емеспін. Сенбесең, бір кеденге бастық етіп апарғызып байқағын. Кеденнің де, басқаның бастығын түртетін түлені қоластына, маңайына өзі жинап алған жағымпаздар ғой. Жағымпаздыққа жаным қас дедім де жаңа. Егер уақытың болса, сол қасиетімнен таяқ жегенімді айтып берейін. Ол былай болды: Жазушылар одағының бір жаңа басшысы мені айтқанына көндіре, айдағанына жүргізе алмаған соң, өзінің теріс сөз-қылықтарын бетіне баса берген соң менен құтылды. Басшыларда қоластындағы «қыңыр» кісіден құтылудың екі жолы болады, бірі – оны тұқыртып, өшіріп құтылу, екіншісі – өтірік мақтап өсіріп құтылу. Әлгі басшымыз маған бірінші тәсілді қолдана алмады да, партияның Орталық комитеті арқылы «Ара-Шмель» журналына Бас редакторлыққа жібертіп құтылды. Яғни екінші тәсілді қолданды. 1983-жылдың мамырында. Журналды төртжарым жыл басқардым. Беделі күшті болды. Біздің сынымыздан кейін жемқор үш министр, республика мен облыс деңгейіндегі

біраз «дөйлер» тақтарынан, портфельдерінен айырылды. Содан соң әуелде «сенен жақсы ешкім жоқ!» деп апарған Орталық комитет енді «сенен оңбаған ешкім жоқ екен!» деп өзіме ауыз салды. Мені қаралайтын бір дәлелі жоқ екенін былай қойып, бөлімінің шамасы келмеген соң, бюрода қарайтын болды. Жағдайды айтып ақылдасқан достарым: «Оларды жеңе алмайсың, айтыспа. Олар сенен құтылғанға дейін сен олардан құтыл, өтінішінді ұстат та, коштас» десті. Өзімнің ойым да сол еді. Ұстасқанмен ұта алмасыма көзім жеткен. Егер мен сонда кешірім сұрап, «бұдан былай тентек болмаймын!» деп уәде берсем, яғни жағымпаздансам, орнымда отыра берер едім.

– *«Кімнің тарысы болса, соның тауығы» болуға дайын тұратындар туралы не айтар едіңіз?*

– Олар – рухани сорлылар! «Тауықтығының арқасында» күн көріп, қарны қампайып, кекіріп жүргендер аз емес. Маңайын не өрт шалып, не құйын ұрып, не су алып бара жатса да, олар табақтағы тарыдан көз алмай отыра береді. Жиіркенішті-ақ! «Тауықтың» көбі зиялылар қауымымызда. Биліктің ығындағы гезет-журналдардың кез келгенін алып үңілші: президент Назарбаев мырзаны жеркөкке сиғыза алмай «қиналып» жүрген журналшы, жазушы, саясаткер, ғалым дейсің бе, «лебіздерінен» жүрегің айниды. Кімнің болсын жақсылығын жеткізіп айт, бірақ шындық пен өтіріктен ботқа жасама!

– *Қазір қаламгерлердің бәрі оқшауланып кеткен секілді. Кімнің не жазып жатқынан бейхабармыз. Сондықтан өз шығармашылығыңызға байланысты айта отырсаңыз.*

– Қаламгерлер не тойда, не өлімде ғана жүздесетін болды. Бәріне ортақ әңгімеге қатысу, ой-пікір алысу үшін Жазушылар одағында ошарылып кездесетін кешегі қымбат күндеріміз бүгін жоқ. Кімнің не жазып жүргенінен хабарсыз екеніміз рас, себебі ол шаруаны күйттеуге міндетті әдеби сыншылардың қарасы сиреді, барының сөзі сұйылды. Жекеменшік баспа балалап, қалталылардың арзан атақты көздеген шатпақтарын том-том етіп шығару басталған соң сыншылар пәледен қашқан машайыққа айналды-ау деймін. Өзімнің кітаптарым оқырмандарымның арасынан суырылып

шыққан азаматтардың көмегі арқасында үш-төрт жылда біреуі шығып келеді. Ол азаматтарға – мың алғыс; өзіме – шүкіршілік. Кітабымыздың тағдырын шешетін билікке 68 жасымда алғаш рет қолқа салып, 70 жылдығыма екітомдығымды шығарып беруді өтіндім, – қыңқ етпеді. «Құдай саған күнімді түсірмесін» дедім. Ал былтыр баспагер інілерімнің екеуі 80 жылдығыма кітабымды шығарып бергілері келетінін айтып, қолжазбамды алды. Оларға сенсем де, мені «жанындай жақсы көретін» билікке сенбедім. Сенбегеніңнің дұрыс болғаны қызық қой, бүгін соған күліп отырмын: баспагер інілерімнің екеуі де кеше: «Аға-еке, министрліктің тендеріне ілінбей қалдыңыз, маған ренжімегейсіз, білесіз ғой» десті. Білем. Дөкейлерде қашанда екі тізім болады. Сондай-ақ, бүгінгі министрлікте халықтың рухани азығын дәмдеуден бұрын ақшаны үнемдеуді ойлағыштар отыр, дегенді естіп жүрміз.

– *Енді өзіңізге етене әзіл-сықаққа ойыссақ, латынның «сатира» сөзі, қызық, «тарелкадағы жеміс» (тарелка фруктов) деген мағынаны білдіреді екен.*

– «Сатира» сөзінің екі «төлқұжаты» бар. Иә, латындарша дұрысында: «толы табақ». Не толы екенін айтпаған, сірә, қоғамның, жеке адамның қателіктерін қатты сынайтын өткір өлең, ащы әңгіме «толы табақ» болса керек. Асып-тасып кеткенді тәубәсіне түсіретін. Ал гректер қызыққұмар Дионис құдайдың қылжақбас серіктері – «сатирылар» деген болған, «сатира» содан шыққан сөз дейді. Гректердің: сатирик – дырду-думанды жақсы көретін кісі деп те, алақанат көбелек деп те түсіндіретіні бар. Қайсысы қалай десе де, олар, әй, қазекемнің ешбір түсінікті керек етпейтін «сықақ» сөзіне астар да бола алмайды-ау!

– *Сатира әу бастан қоғамдағы келеңсіздіктерді, бетпақ билікті сынап-мінесе, дәл қазір қазақ сатирасы сол міндетінен ауытқыған секілді. Оған себеп бар ма?*

– Сатиралық әңгіме-өлең бар да, фельетон бар. Біріншісінен кенде емеспіз, тек нақты әдрісі болмаған соң ешкімді елең еттірмейді, оқығанның, естігеннің күлкісімен шектеледі. Ал фельетон қоғамның, жұртшылықтың, биліктің қолдауына, қостауына зәру болады. Әйтпесе өрістемейді, күш ала алмайды, беделі аспайды. Оған қазіргі

тірлігіміз куә: фельетонға емес, жай ғана сын мақалаға кейіпкер боп қалғандар авторды, гәзет-журналды бассалып сотқа сүйрелейтін әдет шықты және ол сүйрегiштердiң сүйенетiндерi күштi болады да, ақырында олар жеңiп, авторға, редакцияға миллиондаған теңге айып салдыртады. Сондай солақайлықтан бiрнеше гәзет жабылып та қалды. «Бұл қалай? Сөз еркiндiгiмiз, ой бостандығымыз қайда?!» дейтiн билiк жоқ. Бiз жазып жүрген кезде жағдай дұрыс болды. Фельетонның, немесе сын мақаланың кейiпкерi комсомол мүшесi болса – ұжымның комсомол ұйымы, коммунист болса – партия ұйымы қолға алып, тексерiп, шара қолданатын. Егер олай болмаса, одан арыда мәселенi Халықтық бақылау комитетi, Партиялық бақылау комитетi, Партиялық комиссия қарайтын. Жаңа «Ара-Шмельде» деп айтылған министрдiң бiреуi бiзге бой бермедi, өзiмiзге пәле жапты, оны Орталық комитеттегi дөй-дөй достары қолдады. Содан кейiн бiз арсыздыққа, әдiлетсiздiкке жем болып кете бармас үшiн «Литературная газета» арқылы Мәскеуге қол арттық та, жеңiп шықтық. Қазiр анау комитеттердiң де, комиссиялардың бәрi – әкiм мырзалардың бiр өзi. Үкiм иесi – солар.

– *Сiз саяси сатира жаздыңыз ба?*

– Шығыс Қазақстан облыстық «Коммунизм туы» (қазiргi «Дидар»), республикалық «Қазақ әдебиетi» гәзеттерiнiң редакцияларында жүргенiмде саяси сатира – памфлет жазып, АҚШ бастаған капиталистiк елдердiң талай президентiн, премьер-министрiн, королiн «сорлатып сойып салғаным» бар. Мұрағатымда жатыр, отыз шақты. Жасым ұлғая бастап және ол қуларға «сөзiм өтпейтiн» болған соң тиiскендi қойдым. Ал бүгiнгi әзiл-сықақшы жастардан памфлетшi шыға қоймады. Өздерiмен өздерi әлек болып, фельетон жазуға да дәттерi болмай жүргенде памфлеттi қайтсiн!

– *«Сатириктердi күлдiру қиын» дейдi. Дегенмен соңғы кезде қандай оқиға сiзге езу тартқызды? «Әттеген-ай!» дегiзген жайттар болды ма?*

– Әйгiлi әзiл-сықақшы түрiк Әзиз Несиннiң: Антон Чеховтың портретiне қарасам, құданың күдiретi, жылағым келедi, дегенi бар. Өзекеңмен Мәскеуде 1981-жылы кездесiп, бiраз әңгiмелескенмiн, ол да ашылып күлмейдi. Ал сатириктер әртүрлi, күлегешi де,

күлмесханы да бар. Сатираның өзін айтсақ, «сатира – естіген сәтте емес, ертеңінде күлдіретін ойлы күлкі» деген пікір бар, сол дұрыс шығар. Мені «әттеген-ай» дегізіп жүрген жәйт – соңғы бес-алты жылда «нұр» деген сөздің көрінген тесікке тығатын шүберекке айналғаны. Мекеме-секеменің аттарының не алдына, не артына «нұрды» қосып жазбаса, төбесіне жай түсетіндей. Тіпті «Нұрломбард», «Нұрсалқын» (сырахана) дегендерді көрдім. «Бұларың не?» десем, «Осылай керек!» дейді.

– *Жаңа журналымыздың оқырмандарына айтар тілегіңіз...*

– Оқырмандар сергек, белсенді болса екен! Көзі шалған кемшілікті: озбырлық, жемқорлық, жағымпаздық, паракорлық, дарақылық... атаулыны батыл жазып, журналдың беделді болуына көмектесулері керек. «Басқалар жазар» деген немқұрайдылыққа бой алдырмасын. Ал журналдың өзіне «өткірдің жүзін, кестенің бізін» тілеймін!

Сұхбаттасқан – **Кенже ЖҰМАНҰЛЫ.**

2014ж., қыркүйек айы.

«Япырай» телебағдарламасы.

Мерейтой мүйісі

«БИЛІКТІ БАҒАЛАЙ БІЛМЕЙТІН»

жазушы ағамен мерейтой мезетіндегі сұхбат

Елге етене танымал қарымды қаламгер, ақиқатшыл азамат, әділеттің ақ жолынан жаңылмаған аға, еліне еңбегі сіңер інілеріне жанашыр ақсақал, қазаққа да, қоғамға да қайырымды қайраткер... Тұлғасына тең осындай теңеулер тіркесін тізе берсең, газеттің жарты бетін алар жақсылығы жайсаң Ғаб-ағам – Ғаббас Қабышұлы 80-ге келді.

– *Ғаббас аға, сонымен, «80» деген елдің сеңгірі менмұндалап қалған екен: алдымен мерейтой құтты болсын!*

– Рахмет! «Селкілдетем!» деп жеткен шығар, көрермін. «Желкеңе шығамын!» деген 70 те пәлен жерде қалғалы 10 жыл болды.

– *Өмір зой, аға, «құтты болсынмен» бірге Кәрішал құрдасыңыздың алдынан жарылқасын деудің қатар келгенін айтсаңызшы!..*

– Әділдік үшін жаратылған Азамат еді-ау Кәрекем! Сырлас болдық. Мен сәлемдесуді: «Ей, Жасжігіт!» деп бастайтынмын. «Осы атың маған ұнайды» дейтін еді ол. Жаны жәннәтта болғай!

– *Ғабе, осы сіздің 70 және 75 жылдық мерейтойыңыз Өскемен жақта аталып өтіп пе еді? Анау-мынау емес, Алтайдан шыққан аз жазушының бірі едіңіз – ел-жұртыңыз елеп-ескеріп пе еді дегенім зой... Оны да сұрап отырғаным – бірде Оралхан (Бөкеев) марқұм Жүрсін досына (Ерманов) айтқан екен: біздің жақ орыстанып кеткен халық қой – итпісің-кісімісің деп елейтіндей дағды дағдарып қалған деген екен...*

– Ақын жолдасым Сабырхан Асанов: «Көктем оңтүстіктен басталады» деп өлең жазғанда, мен: «Әй, божбан! Менің Шығысымнан күн шықпаса, сенің Оңтүстігіне көктем көктен түсе ме?» – деп едім. Ал солай перзенттік сезіммен мақтанған Шығыс өзінің топырағында туып-өскен ақын-жазушы, ғалым атаулының бәріне дерлік шырай танытқан емес. Әкім-қарасының кеңсесі қайда екенін біліп алған бірен-саран інілеріміз болмаса, басқалар – «Алматы асып кеткен саяқтармыз». Оралхан шындықты айтты.

Менің жасым 70-ке тақалғанда, бір күні Өскеменнен телефон соғылды. Бала күннен досым – журналшы Тоқан Берғалиев екен. Есен-саушылық сұрасып бола бере: «Ғабе, мен кеше обләкімдікке барып, әуелі әкімнің мәдениет мәселелері жөніндегі орынбасарымен, одан кейін әкімнің өзімен сенің юбилейің туралы сөйлестім, 60 жасында атаған жоқпыз, енді 70 жасында елеп-ескерейік дедім. Әй, ұятсыздар-ай, екеуі де: «Ол – оппозиционер! Жо-жоқ, шақыра алмаймыз!» деп азар да безер болды. Енді кімге айту керек, Астанаға хат жазайық па?» – деді.

Мен күлдім де: «Әй, Тоқа, креслосын әкесіндей, портфелін шешесіндей көретін ол байғұстарға бекер барғансың. Мен саған: «Бар, сөйлес» дедім бе? Деген жоқпын. Ендеше кемпөшкеннің жанында тыныш қана отыр. Астананы да есіңнен шығар, ондағылар да – сенің әкім-сәкімің сияқтылар», – дедім. 75 жасымда да Шығысымыз сол «саясатынан» ауытқыған жоқ. 80 жасымда да солай «ұстамды» болатындары сөзсіз.

– *Басқасын қайдам, ал өзіңіздің төл қара шаңырағыңыз –*

Қазақстан Жазушылар одағы сіздің 80 жасыңызды атап өтерлік қам жасап жатқан шығар? «Шығар» деп, күлбілте күдіктің кебін келтіріп отырғаным – соңғы 20 жылда биліктің шымбайына тиетін біраз сөз айттыңыз: Ақордаға жалтақтаған одақтағы бауырларыңыз осыңызға одырайып жүрмей ме дегенім ғой...

– Иә, қаламгерлердің қара шаңырағына 1966 жылдың көктемінде жас жазушы болып еніп, одан 1996 жылдың жазында зейнеткер болып шығып, содан бері отбасымда немере-шөберелерімнің атасы қызметін атқарудамын. Өткен айдың орта шенінде Одағымыздағы басшы інілерімнің бірі (аты-жөнін айтпай-ақ қояйын) телефон шалып: «Ғаб-аға, сіздің 80 жылдығыңызды алдымыздағы 1 апрельде Күлкі күнімен орайластырып өткізсек деп отырмыз», – деді. Мені жас әзіл-сықақшылардың ортасына аппақ шашым ұйқы-тұйқы күйімде отырғызып қоймақшы-ау деп іштей мырс етіп, жасым 70-ке, 75-ке толғанда, ләм-мим демегендері есіме түсіп: «Мен одаққа 30 жыл еңбек сіңірмеген жай ғана бір сатирик екенмін ғой... рахмет, «атап өтеміз» деп әуре болмай-ақ қойыңдар!» – дедім. Ықыластары жоғын сездім. Ренжімедім. Менде «мерейтойға» әуестік болған емес. 7 сәуірде Одақ ұжымы шақырып, төрағаның бірінші орынбасары Ғалым Жайлыбай інім иығыма шапан жапты, баршасы құттықтады – соған ризамын.

– *Аға, осы 80-нің биігінен қарасаңыз, кейінгі жақта қарауытып, жадыда жатталып қалған не көрінеді? Өткен өмірде өркеш-өркештеніп өкініш көп қалды ма, жанды жадыратар жақсы жол-жылғалар сайрап жатыр ма?*

– Денсаулықтың арқасында жылда бірер облысқа жол тартып, үлкен-кіші туыстарыма, күзгі жапырақ бола бастаған дос-жолдастарыма барып қайтамын. Көбі ауылдарда тұрады. «Табақтағы тарыға» қарық бұқаралық ақпараттар күндіз-түні алақайлап, құлаштап жазып жатқан «Экономикалық дамуы әлемді қызықтырып отырған, демократиясы әлемдік деңгейде гүлденіп тұрған Қазақстанның» белгісі, мысалы, кешегі кең тынысты 100 ауылдың 90-ында жоқ.

Артта қалып жатқан жолдарға қараған сайын, әлгі анау суайт Никита Хрущевтің: «Совет адамдарының бүгінгі ұрпағы 1980-

жылы коммунизмде өмір сүретін болады», – деген сандырағы есіме түседі. Біз сол «коммунизмге» аялдамастан ағып өте шығып, шын мәнінде не екенін өзіміз де білмейтін бір «измде» отырмыз. Айналамыз – желкөбік сөз. Соның тап бүгінгісі – «Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне ерекше қамқорлық». Иә, оларға сыйсыяпат көрсетілер, қаржылай жәрдем жасалар. Пәтер беріліп жатқан көрінеді. Жақсы делік. Бірақ бүгінде аман-есендерінің жасы ең кішісі 90-ға толған ол ардагерлердің ондаған жылдар бойы пәтер тауқыметін тартқандарын үкімет, облыс, қала, аудан басшылары биыл ғана білгені қалай? Белі бүгілген қарт жауынгерге пәтер кілтін беріп, суретке түсіріп, ай-хойлап газетке жазып, «айды аспанға шығарғандарына» айыздары қанатын болса керек.

– *Аға, кезінде сіз басқарған «Ара» журналы жөнінде сұрамасақ, айып болар: сол кездегі партияның Орталық комитеті әр санын сын садағы ретінде қабылдайтын журналды бүгінгі қазақ билігі көзіне ілмейтіні несі?*

– Заман өзгеріп, заң бұзылды ғой. Бүгінгі ерікті екі ауыздың бірі еліріп жамандайтын Кеңес өкіметі кезінде шыншыл, батыл, баспасөз беделді болды. Олардың әділ сынынан жалтарғысы келгендерге: партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдары, Халықтық бақылау комитеті, Партиялық бақылау комитеті, Партиялық комиссия тосқауыл қоятын. Біз, газет-журнал редакторлары, даудамайда солардың төрелігіне жүгініп, әрқашан жеңіп шығатынбыз. Сол әділетшіл ұжымдардың бәрі Кеңес өкіметімен бірге мұрағатқа кетті де, баспасөздің тағдыры әкімдердің қолында қалды. Сын семсерінің орнына шүберек қамшы ілінді. Өзің айта қойшы, газет бетінен «фельетон» деген жанрды көрмегеніңе неше жыл болды?..

– *Шынын айтсам, есімде жоқ. Шамасы, ол «эпосқа» айналған жанрлардың бірі болғаны рас, енді...*

– «Ара» десек, ол «Нұр Отан» партиясының қалауымен «Айқын» газетінің айына екі шығатын қосымшасы болды. Пәтерде тұрған студент сияқты, пәтер иесінің қабағын бағуда. Журнал болуын сұрағанымыздан дәнеңе шықпады.

– *Ал Еуразиялық одаққа қосылып, кеңестік кездің жұртта қалған жыртық шапанын желбегей жамылған бүгінгі қазақты*

жарамсақ жағдайға душар еткен саясатқа айтар сөзіңіз қандай болмақ?

– Тоқ етерін айтсам: Ресейді билеп-төстеп тұрған, әу деп президент болысымен: «Жер бетінің кез келген нүктесіндегі орыс жәбір көре қалса, біз оған қорған боламыз!» – деп ершігештенген, сол пиғылымен Украинаға қарсы ресми соғыс ашып, дүниені дүрліктіріп отырған Путиннің ауласынан шыға алмасақ, алда талай орға тап боламыз. Путин мен премьер-министр Медведев «табандылықтарынан» тартынбаса, Ресей биылғы жылды мүлде қаусап аяқтауы әбден мүмкін.

– *Ежелгі ақсақалдар бас көтеруге лайық ел баласына жанашыр болушы еді. Сіз де заман зықысын шығарған сол даналардың сынығы сияқты боп, Әкежан мен Ғалымжан інілеріңізге шыр-пыр сауға сұраған санаулы зиялының бірі едіңіз: енді олардың және Талапкер Иманбаев, Мұхтар Әбілязов, Болат Атабаев, Төлен Тоқтасынов сияқты азаматтардың елге қайтар күнінен күдеріңіз үзілген жоқ па?*

– Жоқ! Алайда, өкінішке қарай, Әкежан мен Ғалымжанның қоғам мүддесіне адал, әділ, жан-жақты білімді, алғыр тұрпаттарынан сескенген, сондықтан жазықсыз жала жауып, елден кетуге мәжбүр еткен бүгінгі билік арқырап тұрғанда, ол екі Азаматтың елге оралуын өз басым қаламаймын. Себебі – Заманбек пен Алтынбектің тағдырлары көз алдымда. Ал Талапкер Иманбаевты ойласам: арақ ішкен сойқан құтылып, оның бөтелкесін тапсырған бейбақ тұтылды.

– *Бұны сұрап отырғаным – президенттік сайлау өтіп жатыр: 26 сәуірден кейін күніміз оңала ма, жұлымыр заманның бойына жылымық сіңіп, елдің көші түзеле ме деген үміттен құр алақан емес шығарсыз, аға?*

– Қазекем: «Үмітсіз – шайтан» демеді ме. Тірлік керуеніміздің түзу жүруінен мен де үміттімін. Тек үмітіміз, Қожанасыр әпенді айтқандай, «тамақтың иісі мен ақшаның сыңғыры» болып қала бермесе.

– *Президент Нұрсұлтан ініңіз сізден тура бес жас кіші екен: бұйыртса, сіздің сексеніңізге келгенде, оның да кезекті*

президенттік құзіреті түгесіледі. «Базардан қайтқан» жасы бар бауырыңызға нендей елдік тілек айтар едіңіз?

– Нұрсұлтан інімнің бұл сайлауда да 100 пайызға жуық дауыс алатыны шәксіз. Ал соңғы секірісін жасағаннан кейін, оңашаланып, ойланып-толғанса, өткен жолдарына көз салса, ол жолда өзінің біліп-білмей жасаған қателіктерінің салдарынан болған кедір-бұдыр, айқыш-ұйқыш барын көрсе, жалған намысты ысырып қойып, шындықты қару етіп, өткеннің өкінішін түзеуге батыл кіріссе, «бәрекелді!» дер едім. Кезекті мерзімі қандай ағаттықтан болсын арылуға жетеді. Егер Нұрсұлтан өзін сайлаған халықтың соңғы сенімін ақтағысы келсе, арам табыстың тамырына балта шаба алар, «бардақ» үкіметпен ымы-жымы бір озбыр-обыр монополистердің оңай олжасына, арзан қалжасына айналып, уақ-уақ еселенетін қымбатшылық қақпанына тап болған көпшілікті тұрмыс азабынан құтқара алар мүмкіндігі мол, тек ықыласы болсын.

– *Жә делік, ағасы. Соңғы сұрақ: Сіз – әзіл-сықақшы ғана емес, сан қырлы жазушысыз. Осы тұғырыңыздан қарағанда қазіргі қазақ әдебиетінің бет-беделі қандай?*

– «Бет-бедел...». Күтпеген сұраққа күлкіге сайдыра жауап берейін. Тәуелсіз Қазақстанда, Сәбит Мұқанов ағамыз айтқандай, екі «тап» бар. Бірі – жеріміздің асты-үсті байлығын ухиттап-сухиттап миллиардер болып алған: Миттал, Ким, Өтемұратов, ерлі-зайыпты Құлыбаевтар... тобы. «Семей полигонынан зардап шеккендерге керек жәрдемнің бәрін жасаймыз!» деп, 10 миллиард доллардан астам қаржы жинап алып, одан семейліктерге 1 доллар да берместен өзара бөліске салған: Шодиев, Машкевич, Ибрагимов... тобы. Соңғылар – Олжас Сүлейменов құрған «Невада-Семей» қозғалысы акционерлік қоғамының арнаулы қорының «қайраткерлері» – мұны айтқан сайын әйгілі Жазушы-Азамат Әнуар Әлімжановтың 1989 жылғы шілде айында Семей қаласында болған халықаралық конференциядағы мына бір сөзі ойыма оралады (түпнұсқасын оқып берейін): «И, если мы хотим, чтобы борьба против ядерных взрывов не затухла, организация фонда и открытие расчетного счета – это правильный шаг, но необходимо заранее

выработать план расхода средств на этом счету. Деньги на правое дело должны правильно расходоваться. Верхом цинизма было бы простое наглое выбивание денег из народа, и без того хлебнувшего горя. Нельзя допустить нецелевое расходование! Средства должны быть в чистых руках!...».

Пайғамбарлық, көрегендік сөз ғой?! Солай болды да шықты! Ар-ұяты арзан алаяқтар тәуелсіз Қазақстанда ең бірінші ұйымдасқан жемқорлықты жасады, бірақ ешқайсысының мұрты да қисайған жоқ, керісінше, бүкіл Қазақстанды жарылқағандай-ақ шалқып, сый-сыяпатқа кенеліп жүр.

Екінші «тап» – адал еңбегіне сеніп, алданып қалған жүздеген мың жұмыссыздар; азаннан ақшамға дейін төккен тері далаға кетіп, дастарқаны асқа толмай жүргендер; аңғал-саңғал ауылдардың қылаяғы ауызсуға жарымай отырған шарасыз тұрғындары.

Ал әдебиетіміздің бет-беделі десек... бүгінде ойланып сөйлеуді қойған екінің бірі екіленіп жамандайтын Кеңес дәуірінде жазушылар қауымына лайықты құрмет болды. Аудан, облыс орталықтарына бара қалған қаламгерлерді ауданның, облыстың бас басшыларының бірі қабылдап, хал-ахуал сұрасып, әдебиет, халық шаруашылығы жайында ықыласты әңгіме, еркін пікірлесу болатын. Жергілікті басшылар әдебиетті, оның өкілдерін қадірлейтін.

Сол рухани дәстүрдің жоғалып бара жатқанына жақында, 21 наурыз күні, Алматы облысының Еңбекшіқазақ ауданы орталығында еріксіз куә болдым. Тұманбай Молдағалиевтың туғанына 80 жыл толуы атап өтілді. Алматыдан он шақты ақын-жазушы шақырылып бардық. Тұманбаймен көп жыл дос-жолдас, қызметтес болған үлкен-кіші: Оразақын Асқар, Ахметжан Ашири, Кәдірбек Сегізбаев, Рафаэль Ниязбеков (Чешенстанның Батыры) және басқалар. Арамызда Қадыр Мырза Әлидің жұбайы Салтанат болды. Ауданның басшылары бізге ең болмаса: «Қош келдіңіздер!» деген сиықтарын да көрсетпеді. Төрт көзі түгел барған әкім-қаралармен қолтықтасып, бізден бөлек жүрген Одақ басшылары әдебиетті сыйлауды білмеген шенеуніктерге рухани дәстүріміз туралы бір ауыз сөз айтпаған болды. Той жаршысы да, сөйлегендер де: Қадыр мен Тұманбай – қазақ поэзиясының қос қанаты, деп жілпінсе де,

ешқайсысы Салтанатты елеп-ескермеді, тым құрыса бір шоқ гүл ұсынбады... 1994 жылы «өз күніңді өзің көр» деп шетқақпайланған әдебиетіміздің ажары қашан оңаларын білмеймін. Менің білетінім – жоғарыға жолтапқыштардың кітаптары жыл сайын том-том болып шығатыны, «билікті бағалай білмейтін» менің кітаптарым шықпайтыны.

– Енді «80-ге келген осы шалды алдап-сулайықшы» деп, бір кітабыңызды шығарып берер – ол үмітті де үзбейік, аға! Тоқсанға келгеніңізде тағы бір осылай «тоқайласуға» жазсын, аман болыңыз!

Ермұрат БАПИ.

«ОП-ДАТ», 09. 04. 2015 ж.

БІРЕР САУАЛ

Жазушы Ғаббас Қабышұлына:

1. Сіздің анаңыз қандай жан? (еді?)

– Менің шешем (анам) – Зәбиға (Гүлзәбиға) Баянбайқызы орта бойлы, аққұба өңді әдемі әйел еді. Қалың қара шашын бір бұрым етіп өріп, арқасына тастап, басына ашық қоңыр түсті орамал тартып жүретін. Мінезі салмақты, істе де, сөзде де сабырлы. Балажан. Мейманқос. Колхозда (ұжымшарда) сауыншы болды. Зейнетке шығуына екі жыл қалғанда, 48 жасында, аяқ-қолы сырқырайтын ауруға шалдықты. «Бруцеллез» деген сырқат десті. Сонда да жұмыстан қалмады. Отбасында біз бес бала болдық: үш қыз, екі ұл. Ағам – Қадес екеуіміз әлі шәкіртпіз. Апайларымыз тұрмыс құрған, қызмет істейді: Асылхан мен Шәрбану Алматыда, Уәзифа аудан орталығында. Солар шешемізді жылда санаторийға апарып жүрді. Бірақ асқынып кеткен ауру бой бермеді, шешем 1970-жылы, 68 жасында, төсек тартып жатып қалды. Қарашаңырақта кенже – мен қалғанмын. Мен әдеби ортаны сағалап, 1966-жылы Алматыға көшкенбіз. Пәтеріміз тұрмысқа қолайды. Келіншегім талдырмаш бітімді, балаларым кішкене, яғни шешемді ваннаға, дәретханаға апарып-әкелуші мен болдым. Келінінің қолынан келетіні – жуындыру, шомылдыру, шешіндіріп-киіндіру. Шешем әуелде: «Құлыным-ау, кісі жалдап алшы!» деп өтінді. Ұялады да

ғой. Ал мен оны бөтен біреуге кіріптар егуді ойлаған да жоқпын. Қазекем: «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарып келсең де, перзенттік парызыңды өтей алмайсың» деген ғой, соны есімнен шығармадым. Шешемізді Өскемен қаласында тұратын аға-жеңгем – Қадес пен Роза 1972-жылы: «бізде біраз болсын» деп, қолдарына алды. Туған топырағы тартқан Зәбиға Баянбайқызы содан екі жылдан соң бақилық болды.

2. *Анаңызға сыйлық жасап тұрушы ма едіңіз?*

– Өзінің фәниге келген күнінде, мерекелерде, немерелі болған сайын сый-сияпат жасап жүрдім.

3. *Анаңызды өкпелеткен кезіңіз есіңізде ме?!*

– Ешқашан ренжіткен емеспін, құдай куә.

1. *Сіздің әкеңіз қандай жан? (еді?)*

– Әкем Қабыш (Қабдырахман) Қыржыбайұл 1900-жылғы. Бойшаң, балуан бітісті, келбетті кісі еді. Коммунист. 40 жыл колхозшы, оның соңғы 15 жылында бастық болды. 1918-1920 жылдары азамат соғысына алынып, Қырымда Врангель бастаған ақгвардияшыларға қарсы күреске қатысқан. Мінезінің мейірімділігі мен қаталдығы қамшы өріміндей жарасқан жан еді. Әділетсіздікке төзбейтін, арамдыққа жол бермейтін. Қайда болсын тура сөйлейтін. Сол жаратылысы үшін қуғындалып, партия қатарынан екі рет шығарылды, алайда ізденіп жоғары жаққа барып, өзінің ісі де, сөзі де дұрыс екенін дәлелдеп, жеңіп қайтты. Әкемнің арының, жанының таза болғанына бір ғана қарапайым дәлел мынау: мен орта мектептегі оқуымды бітіріп, облыстық газет редакциясына жұмысқа алынып (өлең, хабар-ошар жазғыш шәкірт болғанмын), пәтер жалдап тұра бастадым. Екі аптадан кейін Өскеменнен 60 шақырым ауылдағы әке-шешеме барып, мәре-сәре болыстық. Әкем: «Балам! Мұнда шешен екеуіміз шошайып отыра бермейік, сен қаладан сатып алуға екі-үш бөлмелі үй ізде» деді. Қуанып кеттім. Іздегенімді бір ай шамасында таптым: Белоруссияға көшпек кемпір-шал үш бөлмелі шымкірпіш үйін сатпақшы екен. 9000 сом сұрады. Бір пысық жолдасым: «Асықпа. Ала қоятын кісі жоқ сияқты. Арзандатады, шыда, саудаласайық» деп ақыл қосты. Басқа үй таба алмай, он күннен кейін қайтадан барып, 7000 сомға

келістік. Жолдасымның мотоциклі бар еді, екеуіміз жұмыстан кейін, түнделетіп ауылға жеттік. Жақсы хабарды естісімен әкем: «Ал, Зәке, қарап жіберші, бізде қанша бар екен?!» деді. Шешем төргі бөлмеге барып, қоңыраулап ашылатын үлкен сандығымызды ашып, бір түйіншекті алып келді. Әкем байлауын шешіп ашты – ақша! Санады –1200 сом... 15 жыл колхоз бастығы болғанда жиған байлығы ғой. Көңіліне қаяу түсіруден сақтанып, жорта қуанып: «Бәрекелді! Жетіп қалар!» деп алдым. Ой дегенің ұшқыр емес пе, өзімде 65 сом айлықтан басқа дәнеңе жоқ. ендеше, ақшаны бірер аптадан кейін қайтып әкеліп: «Анау пәлелер айнып қалды, сатпай қойды» демекші болдым.

2. Әкеңіздің өсиеті?

– Сірә, тура сөйлейтіндігінен шығар, мен редакцияға жұмысқа алынғанымды айтып Өскеменге аттанарымда қуанып, ақ батасын беріп, бетін сипап, содан кейін сәл үнсіз отырып: «Балам! Аштан өлетін заман жоқ, бірақ, сонда да айтарым, – аштан өлсең де адал өл!» деді. Ол сөзін, қалай екенін білмеймін, ауырсынған жоқпын. Сол күнге дейінгі 17 жылымда одан теріс қылық көрмеген, қисық сөз естімеген, төңірегіндегі үлкен-кішіден тек қошемет-құрмет көріп жүргеніне куә болғандығымнан шығар.

Әкем әрқашан көңілденіп жүретін. Баукеңнің – Бауыржан Момышұлының: «Найзадан қол босаса, қалам алдым» дегеніндей, қауырт шаруасынан мойны босай қалғанда ауылдың той-томалағына қатысатын, Абайдың «Сегізаяғын» шама-шарқынша айтатын. Немесе келіншектермен айтысып, әйтеуір, айналасын шат-шадыман ететін. Балажан болды, бізді және немерелерін мәпелеп те, тәртіптеп те жүрді.

3. Әкеңіздің қандай мінезін қабылдадыңыз? Қандай болмысын үлгі тұтасыз?

– Бұл сауалға жауап бердім-ау деймін. Әйтсе де, қосымша айтарым: әкем колхоз бастығы болған кезінде барлық жұмыстың күндіз-түні басы-қасында жүрді. Соғыс жылдарғы бізде балалық дәурен болмады ғой. 1-сыныптан бастап, каникул кездерінде колхоз жұмысына жегілдік. Егістіктің арамшөбін жұлдық, масақ тердік. Шөп шабатын «сенокосилканың», егін оратын «лабогрейканың»

өгізіне міндік, – ат болмады. Бізді сол маусымдық жұмыстарға бастап баратын мұғалімге – соғыстан сыңар қол оралған Жұмабай ағайға әкем: «Жұмеке, менің балама «бастықтың баласы» деп жұмсақтық жасама, бригадирге айта бар» дейтін еді. Қанының тазалығы, қоғам мүддесін қымбат тұтатын адалдығы-ау!.. Асқақ арман дегеннен хабарым жоқ кезімде әкеме ұқсауды ойлап жүргенімдей, ат жалын тартып мінгеннен кейінгі өмірімде де үлгі-өнегем – Әкем, Әкемнің Адамгершілігі!.. Ол кісі 71 жасында қайтыс болды.

2014 ж., қыркүйек айы.

(Әдебиет порталы Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметінің және Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен құрылған.

© «Қазконтент» АҚ)

ЖАЗУШЫ-СЫҚАҚШЫ ҒАББАС ҚАБЫШҰЛЫМЕН СҰХБАТ

1. Аға, күйлі-қуаттысыз ба? Биыл сексенге келдіңіз. Сексен жас қандай екен?

Хал-ахуалым, құдайға шүкір, тәп-тәуір, ал 80... 79 сияқты.

2. Оңаша қалған сәттеріңізде өзіңіз туралы ойланып, өзіңізді шын жазушы деп есептедіңіз бе?

Оңашада ойланғанға не жетсін! Тағдырыма ризамын. Шама-шарқына қарайтын жазушымын. Қаламымның қарымын не килограмдап, не метрлеп, не литрлеп өлшеп көруді ойламаппын. Тек сонау жылы бір құрдасым: «Мен – Қазақстанның халық жазушысымын!» деп өркештенгенде оған: «Қазақстанның халық жазушысы» атағы барлар халық үшін жазатындар екен де, ондай атағы жоқтар төрт түлік мал үшін жазатындар екен-ау!» деп күлгенім есімде.

3. Мықты шығарманы жазудың қандай құпиясы бар?

Білмеймін. Өзгелер: «Сенің мына шығармаң мықты!» деген емес, өзім де: «Менің мына шығармам во!» деген емеспін.

4. Жазушы болу үшін қаламгер қандай құрбандыққа барады?

Өзіңіз жазушылық жолында қандай құрбандық жасадыңыз?

Басқалар үшін жауап бере алмаймын, ал өзім ешқандай «құрбандық шалған» жоқпын.

5. Бүгінгі қазақ сатирасының халы қалай?

Жалпы жаман емес, бірақ қай сатирик не жазып, қалай жазып жүгенін қадағалаушы сыншы, Темірбек Қожакеев марқұмдай қамқоршы жоқ. Бүгінгі заманның да оң көзімен қарамайынына бір дәлел: гәзеттерде сатираның оңтайлы сойылы – фельетонның соңғы 20 жылда көрінбей кеткені. Бүгінде кейбіреулер көзін жұмып алып жамандап жүрген Кеңес дәуірінде нақты жазатын фельетоншыны комсомол, партия ұйымдары, халықтық, партиялық бақылау комитеттері қорғайтын. Өкінішке қарай олардың орындарын әкімдер басты да, олардың көбі сын атаулыға атажауындай қарайтын болды.

6. Біз неге арзан күлкіге алданып жүрміз? Қазақ қашан шынайы күледі?

Бұл сауалға жауабым жаңа ғана айтылды. Жанашыр қамқоршы жоқ, қара шоқпар ғана бар жерде айызыңды қандыратын күлкі болмайды.

7. Қазақтың қазақ әдебиеті тарихындағы ең мықты бес сатирикты атап беріңізі. Оларға жеке тоқталсаңыз?

«Алыстан арбалағанша жақыннан дорбалайын» және бесеуін емес, алтауын атап берейін. Ауыз әдебиетімізді, Абай кезеңін араламай, беріден бастағанда даралап айтарым: кері басқанды жұмсақ күлкісімен керіп тастайтын Би-ағаның – Бейімбет Майлиннің, шитімалтығы мен бесатары, қылышы мен найзасы әрқашан бойында болған Асқар Тоқмағамбетовтің, шоқпары мен семсері қолынан түспеген Садықбек Адамбековтің, бас терісі келіспегендерді келекелеудің неше тәсілін қолданғанын құдай ғана білетін Оспанхан Әубәкіровтің болғаны – бір ғанибет! Садағы мен кездігін қатар жұмсайтын Көпен Әмір-Бектің, күлкі жоқ сияқты жерден эзіл-сықақты қапшықтап тауып алып жүретін Мұхтар Шерімнің бары – екі ғанибет!

8. Абай айтады: «Ызалы күлкі, ол да бір қайғы». Сондағысы қандай қайғы?

«Көрмейін десем, – көзім бар». Қоғамның, оның қайсыбір қоқшырайған өкілдерінің көпекөрінеу кемшілік-қатесіне, ағаттығына ызаланып күлгенің құпталмаса, ол қайғы емес пе?!

9. Сіз шын күле аласыз ба?

Бүгінге дейін өтірік күлмегенімдей, әлі де шын күлетін шығармын.

10. Бір сұхбатыңызда «Ұлттық сатираға жалпы жазушы қауымы аса бір қызығушылық танытпайды. Көркем әдебиет қатарында сатираны талдап, сын жазушылар жоқтың қасы» депсіз. Өзіңіз сатира жанрында сын жаздыңыз ба?

«Аса бір қызығушылық танытпайды» деген тәріздімін, менің тілімде мұндай сөз тіркесі жоқ. Бұл 10-сұраққа жауабым 5-сұрақта қайтарылды. Бір ғана қосарым: шұқшия сын жазу ойымда болмады, бірнеше мақала жазумен шектелдім.

11. Жазушылардың ішінде қазақ әдебиеті әлемдік деңгейге жеткен жоқ деп базына айтады. Сонда біздің ұлы деп бас иген Абай шығармалары әлемдік деңгейде емес пе?

Бұл сауалға қаламы әбден төселген әдеби сыншы ғана жауап бере алар. Менің айтарым: Мұхтар Әуезовін, Ілияс Есенберлинін, Әбдіжәміл Нүрпейісовін, Әнуар Әлімжановын, бүкіл әлем демей-ақ, жарты әлем таныды десек, ол қазақ әдебиетінің танылғаны болмай ма? Мен, мысалы, Әнуардің мұрағатын зерттедім. Ол дүние жүзінің алпыс шақты елінде болған, хикаяттары мен романдары қырықтан аса тілге аударылған. Әнекеңе алыс-жақын шет елдерден келген хаттарды оқығанымда өзімнің қазақстандық екеніме, қазақ екеніме іштей шексіз мақтандым. Ал Абай шығармалары десек, Абайды құдай қайталанбас ақындық дарын атты қасиеттен тұндырып жаратқандай. Бүгінде «ұлы» деген сөз әдебиет ауылында ерінбеген екінің бірі айта салатын жаттанды да арзан сөз болып тұр. Мерейтойы, мүшелтойы аталған ақын-жазушының бәрі дерлік «ұлы». Меніңше, қазақ әдебиетінде Абай ғана – Ұлы ақын. Басқаларға: көрнекті, аса көрнекті, аса таланты, классик деу лайық. Абай шығармаларын өзге тілдерге, ең болмаса орыс тіліне құнарын кемітпей аударар ақын-аудармашы әзірше жоқ. Әлемдік деңгейде даусыз танылмауына себеп сол деп білемін.

Мен жаңа атаған төрт классиктің арасынан Әнуар Әлімжановтың ғана шығармалары ол жазған орыс тілінен шет елдер тіліне тікелей аударылды, қалған үшеуінің туындылары орыс тіліне әуелі жолма-жол аударма, одан әдеби аударма арқылы жетті.

12. Бір сұхбатыңызда: «Иық көрсеткен орыс тілінің иегі астынан шығудың орнына орыстың құшағына кіре түстік» депсіз. Ал бүкіл ақпараттық құралдар жыл санап қазақ тілінің деңгейі жоғарылады дейді. Тіл деңгейінің бұл дамуына көңіліңіз тола ма?

Ана тіліміздің тазалығын, қуатын сақтау жөнінде алғашқы мақаламды 1974-жылы жазыппын. Содан беріде жанайқаймен жазғандарым бір кітап болады. Бірақ еленбейді, тіл туралы соңғы 5-10 жылда ғана сөйлеп, жазып жүргендер де ләм демейді, мәселені алғаш өздері қозғағандай. Орыс тілінің ықпалынан шыға алмауға мысал келтіре аз жазған жоқпын, соны қайталауға тіпті зауқым жоқ, ренжімегін. Бізде қазақ тілінің мемлекеттік деңгейі өзінің тиісті дәрежесіне көтерілуі үшін: өкімет, үкімет, парламент қазақтілді болуы керек. Іс қағаздарымыз мемлекеттік тілде жүргізілуі шарт. Олай болмаса, сан-сапалақ сылдыр, сұлу сөзден пайда жоқ. Үкімет құзырындағы бұқаралық ақпарат Қазақстанның әлемдегі ең бай, нағыз демократиялы ел екенін, бүкіл әлем Қазақстанға қызыға қарайтынын ағыл-тегіл жазып келеді, сен соған сенесің бе? Сене алмайсың, себебі ол – даурықпа сөз. Тіл туралы да солай.

13. Бүгінгі халық атынан сөйлеп, ұлт мәселесін тілге тиек етіп жүрген қаламгердің бірісіз. Осы күнге дейін халық пен билік арасын көпір бола алдыңыз ба?

Жоқ, бола алмадым. Кімнің қандай пікірі болсын, оған билік көңіл бөліп, дұрыс-бұрысын өздерінің түсінігіне қарай айтып, ақылдасып отыруы қажет. «Жартасқа бардым, күнде айғай салдымнан» не шықты, не шығуы мүмкін?

14. Тіл туралы, ұлттық мәдениет туралы жан айғайыңызға жоғарыда жүргендер сәлде болсын құлақ асып, сіздердің пікірлеріңізбен санасты ма?

Жауап бердім ғой деймін.

15. Өз қатарластарыңыздың біразы жоғарғылардың шашбауын көтеріп жүр. Оларға деген көзқарасыңыз қандай?

Әркім балшығының иленгенін қарай. Қайта илейтін құдірет-күш жоқ.

16. *«Қаламдастарымның бір көзі ашық, бір көзі жабық» деп көп айтасыз. Бүгінгі жаңа буындардан көзі ашықтар көре алдыңыз ба?*

Өкінішке қарай, «арбаның алдыңғы дөңгелегі қалай жүрсе, соңғы дөңгелегі де солай жүреді». Жаңа буынға жақсы өнеге болуымыз жетіспей жатыр. Бос мақтанда малтығып, өтіріктің өркешіне жармасатын салт шықты, жаңа буын соны көргіш.

17. *Қазіргі қазақ әдебиетінің деңгейіне көңіліңіз тола ма?*

Шығып жатқан кітаптардың саны айтарлықтай көп, ал сапасына төреші бола алмаймын, әдеби сыншы емесімді ескерттім.

18. *Бүгінгі әдебиетте жаңашы жастардан көре алдыңыз ба?*

Ертеңгі Қадыр Мырза Әли мен Тұманбай Молдағалиевты, Тәкен Әлімқұлов пен Сәкен Жүнісовті... көре алмай жүрмін.

19. *Билікке басу айтар билеріміз – әдебиетшілер мен тарихшылар. Бүгінгі әдебиетшілер де ішкі бірігушілік қандай? Қанишалықты билікке жақын? Қанишасы ел мүддесін ойлағьш?*

Бұл сұраққа жауап табу үшін әдеби бухгалтерлер ұжымы керек болар. Меніңше, мысалы, «Егемен Қазақстан» гәзетінің кезектен тыс президент сайлау алдындағы, сайлау күндеріндегі сандарына үңілген адам көрнекті әдебиетшілер мен тарихшылардың бірсыпырасының кімдер екеніне көзін жеткізе алады.

20. *Қазіргі қазақ қоғамында зиялы қауым өкілдері өз ұлтын кінәлап, төмендетушілік басым орын алып барады. Ал сіздің өз ұлтыңызға деген көзқарасыңыз қандай?*

«Төмендетушілік басым» дегенге қосылғым келмейді. Қазекемнің көреалмаушылық, күншілдік, арызшылдық «қасиеттерін» анық айту төмендеткендік болмаса керек. Менің байқауымша, керісінше: қазақтай жомарт, сөзге де, іске де бай, сан қырлы өнерлі, ерекше әнші-күйші, ақылды, сұлу халық жер жүзінде жоқ деушілеріміз көп. Өз басым ұлтымның даналығын да, даурыкпа-дақпыртшылығын да айтып жүремін.

21. *Тәуелсіздікке жиырма үш жыл болды. Осы күнге дейін ұлттық деңгейімізді көтере алдық па? Бүгінгі ұлттық деңгейіміз сіз ойлаған деңгейге жете алды ма?*

Қат-қабаты көп сұрақ екен. 2001-жылы «Бар мен Жоқ» деп аталған мақалам «Қазақстан», «Тасжарған» гәзеттерінде жарияланды. Сол кезде сөз бола бастаған «мемлекеттік идея» мен «ұлттық идея» жайында білген-түйгенімше пікір білдірдім. Республикамыздың кезкелген тұрғыны: «Менің Қазақстаным!» деп мақтаныш ете алатын, әрбір қазақ: «Мен – қазақпын!» деп марқаятын моральдік-материалдық дәрежеге жете алсақ, мемлекеттік те, ұлттық та идеямыздың туы тігілгені сол болар еді дедім. Тәуелсіздік бұйырған 24 жыл бойы азық-түлікті, киім-кешекті, техника атаулыны шет елдерден сатып алып жүрміз, – «Менің Қазақстаным!» сол ма? Қылаяғы әлгі көйлек-дамбал дегендерді қырғыз ағайындардан алып келеміз, – «Мен – қазақпын!» сол ма? Бұлар – материалдық сипатымыз. Моральдік сипат десек: биліктің жаршысына айналған бұқаралық ақпаратты оқып, тыңдап отырсаң, бізде – кәдімгі коммунизм. «Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың арқасында» орнап қалыпты. Оразасын президентті мақтаумен ашатын: Мырзатай Жолдасбеков, Олжас Сүлейменов, Әбіш Кекілбаев, Әкім Тарази, тағы басқаларға дауа жоқ. Олар халықтың мұң-мұқтажын іс жүзінде жоқтап жүрген жоқ. Олар күні кеше: билік Ғалымжан Жақиянов ұйтқы болған қозғалысты – «Қазақстанның демократиялық таңдауын» талқандап, демократиямыз жөргегінде тұншықтырылғанда, Ғалымжан да, Әкежан Қажыгелдин де жазықсыз сотталғанда, немесе Заманбек Нұрқаділев пен Алтынбек Сәрсенбайұл қазаға ұшыратылғанда да тым кұрыса: «Сұмдық-ай? Не боп кетті?!» дей алмады. Ал президентті дәріптеуге қоя бер. Дәлелсіз мақтау – атты дертесіз арбаға жегу екенін сезбейді.

22. Бұрын қазақ ауылына алғаш оқып келген көзі ашық зиялыдан біздің ауыл ақсақалары қорықты: «Бұлар қазақ салт-дәстүріне қиянат жасаушы, қоғамды аздырушы» деді, біз ақсақалдардың осы пікіріне әлі күнге күлеміз: «Қайран надандық-ай» деп. Бірақ сол ақсақалдардың қарсылығында үлкен даналық жатқандай. Бүгінгі зиялысы көп қоғамның зияны да көбейгендей...

Қызды-қыздымен бұл сұрақтарыңа жауап беріп қойған жоқпын ба?

23. *Бұл күнде Жазушылар одағында ауыл халқымен кездесіп, ауыл жайын білуге құштар еместей көрінеді. Туған ауылымен не бір жазушы, не бір ақын кездесу өткізіпті дегенді естімедік. Бұған не кедергі?*

Иә, Жазушылар одағымыздың ғимараты 1994-жылға дейін әдеби әңгіме жәрмеңкесінің орталығы болды. Әдеби жиын-жиналыс, мерейтой, мүшел той, аға ақын-жазушылармен кездесу, пленум, жыл қорытындысы болып жататын. Көрнекті қаламгерлер шығармашылық жұмысы жайында есеп беретін дәстүр болды. Әдеби гәзет-журналдар жанрлар бойынша салмақты сыни мақала жариялап, олардың қайсыбірі одақта талқыланатын. Мысалы, «Қазақ әдебиеті» гәзетінде Ғабит Мүсіреповтің «Авгийдің атқорасынан бастайық» деген мақаласы шығып, ол Жазушылар одағында қазақ тілінің мәселелерін арнаулы пленумда талқылауға ұласқан. Бүгінде ондай игі шаралардың, арифметикаға жүгінсем, оннан бірі ғана бар. 1994-жылы Жазушылар одағы ғана емес, барша шығармашылық одақтар мемлекеттік бюджеттен шығарылды да, «Өз күніңді өзің көр!» деген өресіз «өсиетке» телініп, берекелері кетті. Жазушылар одағымызда Көркем әдебиетті насихаттау бюросы болып, ол қаламгерлер мен халықтың жиі кездесуін жоспарлы ұйымдастырып отырды. Ақын-жазушыларымыз бармаған аудан қалмаған шығар. Ал қазір жылына бір-екі рет қала мектептері мен кітапханаларында кездесу өткізгенге мәзбіз.

24. *Өзіңіз ауыл адамдарымен жиі кездесу өткізесіз бе?*

Мүмкіндігіме қарай жылда екі-үш облысқа барып келемін. Өзімнің, кейбір жолдас-жоралардың бұйымтайымен дегендей. Қайда барсам да, кітапханаларда, кітап сататын дүкендерде боламын, әңгімелесемін, неге мұқтаж екендерін кейін жазамын да. Бірақ ауылдарда арнайы кездесу өткізген емеспін. Біріншіден, кетеуі кеткен ауылда жалғыз өзім кездесу өткізу ыңғайсыз, әлдене дәметкендей көрінуім мүмкін. Екіншіден, жергілікті шенеуніктер маған жоламайды: «Ойбай, ол оппозицияда!» деп шошына шоршып жүреді. Мәселен, өзім туып-өскен облысым – Шығыс Қазақстанның басшылары жасым 70-ке, 75-ке, биыл 80-ге толғанда да жұмулы ауыздарын ашпады. Е, мейілдері, мен

шенеуніктердің қолпаштауына, сый-атағына зәру емеспін, маған оқырмандарымның құрметінен артық ештеңе жоқ!

25. *Биліктің қара бақырынан қайыр жоғын біле тұра жазушылар неге жалбақтауын қоймайды. Әлде бұл тарихта қалудың бірден-бір жолы осы ма?*

«Балшығының иленгеніне қарай» дедім-ау. Және жалпылап айтпағын.

26. *Бүгінгі қаламгерлеріміз қисық мінезді, сыңар жақтылау не халыққа, не билікке жанаспайтын жеке-дара тобыр сияқты елестейді. Мұнымен келісесіз бе?*

«Қисық мінезді, сыңаржак», «жеке-дара тобыр» деу жөн емес. «Біразы жұмсақ, жалбақай» деу шындыққа жанасады. Бірақ, «сыңаржак» деуің... бұныға мен жаңа атаған «көзі тірі классиктер» мысал бола алады, олар қоғамдағы қисынсыздықтарды, өрескелдіктерді көре тұра көрмейді, өйтетіні: биліктің қолында сый-сияпат, атақ, орден-медаль бар, ал олардың мерейтойлары – алда. Өзін сыңаржақтана мадақтаушыларға билік те разы.

27. *Біздің ұлт зиялыларының санасы өскен сайын санасыздық танытады, әсіресе ақын-жазушылардың руга бөлініп алып, ит-мысықша ырылдасып жататынына талай куә болдық. Ал солардың шығармалары бірлік пен берекелік туралы. Олардың халыққа деген шынайлығы аузындағы сөзінде ғана ма?*

Өмірде не болмайды. Өздерің куә жағдаяттарға менен қосымша түсінік күтпей-ақ қойғайсың. Ал жақсылыққа қатысты сөзі мен ісі қабыспайтындар жеткілікті, ол рас.

28. *Бүгінгі тарихи романдарды бұрмалаушылық өте көп, әсіресе өз руына қарай қаламды бұрмалау. Бұл халыққа деген сатқындық екенін біле тұра неге жазушылар ойланбайды? Әдебиеттен шынайылық кете бастаған соң, бүгінде оқырмандар саны азайған сияқты. Жастар неге кітап оқымайды деген сұрақты жазушылар жастардан емес, өздерінен сұрау керек. Солай ма?*

Еліміздің өмірінде тарихи оқиғалар көп болғанындай, бүгінгі бізде тарихшылар да көп. Бір тақырыпты бірі олай, бірі былай жазып жүргендерінен хабарым бар, тек, өзім тарихи тақырыпқа қалам тартпаған соң, оларға төрелік айта алмай, таңданып тынамын.

Меніңше, олар бірінің жазғанын бірі оқи бермейді. Бір ғана мысал: тарихи тақырыпты кузаған кейбір кітаптардан атақты үш биіміздің Абылайды ақ киізбен көтеріп хан сайлағандары туралыны оқып, еріксіз күдіктендім. Себебі: үш бидің фәниге келген, бақиға кеткен жылдарынан (эрқалай делінсе де) хабардар едім. Дәптеріме үңілдім:

Төле би Әлібекұлы (1657-1756 немесе 1663-1756),

Қазыбек би Келдібекұлы (1667-1764 немесе 1665-1765),

Әйтеке би Байбекұлы (1644-1700 немесе 1683-1739 және 1683-1722), - деп жазылған. Яғни, Абылайдың 1771-жылы үш жүзге хан болып сайлануынан:

Төле би – 15 жыл бұрын,

Қазыбек би – 6 жыл бұрын,

Әйтеке би – 49 жыл бұрын қайтыс болыпты!..

Демек, Шәді төре мен Сүйінбай ақынның үш биді «Абылайды хан көтерген» деп неліктен бекер жырлағандарын түсіне алмадым.

«Жастар кітап оқымайды» дегенді интернетке, компьютерге, қыздырмалы алас-күлес телеарнаға иек арта бастаған қала жастарына қарап айтуға болар, бірақ оны да жалпылауға болмас, өйткені Ұлттық орталық кітапханаға, Алматының басқа үш-төрт кітапхасына барып жүріп байқағаным: оларда тұрақты оқырман жас аз емес. Ал ауылдардың өзін көргендеріндегі кітапханаларда, кітап сататын дүкендерде соңғы 5-10 жылдағы жаңа кітап атаулы жоқ, тапсырыспен алдыруға қаржы тапшы. Алматыда 1000 теңге тұратын кітап ауылға 1500 теңге болып барады, жеткізген транспорттық шығын қосылады. Ақшасыз ауылды қилы-қилы жолмен қаржы шөккен қалаға теңеу сорақылық емес пе?

30. Ғаббас аға, өзіңізде рушылдық болды ма? Шығармаларыңызда өз руыңызға бұрмалау болды ма?

Ондай «сырқатым» жоқ. Жазушылар одағымыздың құзырында отыз жыл қызмет істедім. Сол жылдары қарым-қатнаста болған үлкен-кіші әріптестерімнің сау-сәлемет жүргендерінің біреуі менің бұл жауабымды оқып: «Әй, Ғаббас! Мұның қай сөзің? Міне, пәленбайға мынадай қиянатың болды емес пе?!» десе, өз обалым – өзіме.

31. Ғаббас аға, осы уақытқа дейін естен кетпей өкінерліктей өтірік айтып көрдіңізбе?

Әкем Қабыш (Қабдырахман) 1918-1920 жылдарғы Азамат соғысына қатысыпты. Коммунист болды. Әрқилы қызмет атқарды. Батыл, әділ еді. Өзінен жоғарғылардан екі рет қиянат көріп, партиядан шығарылып, екеуінде де: «Шыбындап бас изейтінді» тапқан екенсіңдер?!» деп соттасып, жеңіп шыққанына куәмін. Сондай арпалыста жүргенінде бір күні маған: «Балам, аштан өлер заман бола қоймас, бола қалса, – арыңды сатпа, таза өл!» деген қатқыл өсиет айтты, сол сөзі жадыма құран сөзіндей болып сіңіп қалды. Адамгершілікке жат қылыққа бой беруім – әкемнің аруағынан аттап кету болады деп түйгенмін.

32. Жалпы шығармашылығыңызды қандай бағытта топтастырасыз? Қанша кітаптарыңыз жарық көрді?

16 кітабым жарық көрді. Әзіл-сықақ әңгімелер, аудармалар, естеліктер, кәдімгі прозалық хикаяттар жинақтарым. Ілияс Жасүгіров, Сәбит Мұқанов, Әди Шәріпов, Сағат Әшімбаев туралы естелік кітаптардың шығуына себепші болдым. Хакім Тілегенұлы (Михаил Иванович) Есенәлиев еңбектерінің екітомдығын, Оспанхан Әубәкіров шығармаларының төрттомдығын құрастырдым. Әнуар Әлімжановқа арнап үш кітап шығардым. Аударма дегенде серб әдебиетінің классигі, сықақшы Бранислап Нушичтің бір томын, әйгілі түрік Әзиз Несиннің екі томын қазақшаладым. Жюль Верннің Кенесарымызды сырткейіпкер (прототип) етіп жазған романын аудардым. Үстелімнің суырмасында төрт кітабымның қолжазбасы жатыр. Шығаруға демеуші іздейтін «талантым» жоқ, кеңшілік заман келгенде шығар.

33. Бүгінгі қазақ баспасына, баспа ісіне деген көзқарасыңыз қандай? Олардың шаруасы көңілден шыға ма?

Баспа басшыларының айтуынша, ол жүйеде де береке шамалы. Министрліктерінде «тендер» деген бар екен, менің аңғаруымша, ол – арбаға бесінші дөңгелек орнатқан сияқты бірдеңе: жылдағы шығару жоспарына баспа басшылығы оқырман қауымның талап-тілегіне орай ұсынған кітаптардан бұрын сол тендер құптаған кітаптар еніп кетеді екен. Әне, мәселе қайда!

36. *Отбасында Ғаббас Қабышұлы қандай әке? Жалпы отбасыңыз туралы айтсаңыз.*

Тәп-тәуір әке тәрізді. Зайыбы Зада Мүкәрәмқызы да – тәп-тәуір дәрігер. Құдай берген екі ұл, екі қыздан он шақты немере, төрт-бес шөбере сүйіп, шүкіршілік етіп жүрміз.

37. *Ақсақал жасқа жеттіңіз. Ата болудың қызығы мен қиындығынеде?*

Ата болудың қызығы мол, қиындығы жоқ. Меніңше. Балаларым туған, бақшаға барған, шәкірт, студент болған кезде партия мен үкіметтің шаруасы деп шапқылап жүріп, оған қоса, «найзадан қол босаса, қалам алдым» дегендей, қалт еткен уақытта жазарым бар болып, балаларымды еркелетуге уақыт табыла бермеді, алайда оның есесін немерелерімді аймалап қайтарып жүрдім, ал шөбере дегенің, Айеке, теңдесі жоқ тәтті! Сенбей отырсың, ә? «Басыңа берсін!» деген қазекем мұндайда.

38. *Апамызбен алғаш қалай танысып едіңіз?*

Ол жырды бастамай-ақ қояйын. Сексеннің сегізгіріне шыққан шалды Алтайы жаққа қаратып, «сәулем-айлатып» қайтесің.

39. *Өміріңізде болған ең қиын күндер. Оны қалай еңсердіңіз?*

Ең қиын күндерім аяулы анашым Зәбиғаның (Гүлзәбиғаның) аяқ-қол буындары шодырайған дертке шалдығып, қанша емделсе де шипасы табылмай, ақырында ғұмырының соңғы төрт жылында өздігінен отырып- тұра алмай, төсектартып қалғаны болды. Әкем ертерек марқұм болған-ды. Анашым сүйегі ауыр адам еді, менен өзге көтере алар ешкім жоқ: балалар кішкене, келіншек қагілез, әлсіз. Анамызды шомылдыруға ваннаға көтеріп апарып отырғызамын, келіні шешіндіріп, суды содан кейін ағызып жуындырады, киіндіреді, мен алып қайтамын. Дәретханаға да солай апарып-әкелемін. Әуелде қысылып: «Жаратқан ием-ау, тезірек алсаңшы мені!» деп кемсеңдейтін анашым да, қатты ыңғайсызданған мен де ақыры тағдырға бағынуға мәжбүр болдық. Анашымды сағына еске алған сайын: «Жоқ, ол менің қиын күндерім емес. Қазекем: «Ананды Меккеге арқалап үш рет апарып келсең де, перзенттік қарызың өтелмейді» деген екен, менің анашыма перзенттік қарызым 1001 болса, сол төрт жыл-

да оның ширегін өтей алған шығармын деп, соған бір уақ жұбанамын.

40. Жастық шақтан есте қалған қызықты бір естеліктер айтып беріңізші.

Айеке, менің мынау көңіл күйімді көтергің келе қалған болар, маған ренжи көрме, осымен тоқталық. Сау-сәлемет болыңдар!

Айжамал КӨПЕЕВА.

(Арнайы «Әдебиет порталы» үшін.)

2015 ж., 07. 04.

ҚОҒАМДА ҚҰЛ МІНЕЗДЕН ҚҰТЫЛАР ҚҰЛЫҚ ЖОҚ

Әділдік пен турашылдық. «Қызыл кітапқа» енудің аз-ақ алдында тұрған қасиеттер десек, сөз ұстаған қауым «әсіреайттың» деп сөге қоймас. Пікірі мығым, ұстанымы берік адамдардың саны саусақпен санарлық екенін өздері де мойындайды осы күні. Есімі санаулылар тізімінің бас жағынан табылатын азаматтардың бірі – көрнекті публицист, сатирик Ғаббас аға Қабышұлы. Қаламгермен сұхбаттасуды ойға алғаннан бастап-ақ әңгіменің корреспондент пен респондент арасындағы сұхбатқа ұқсай қоймасын ішім сезді. Ғұмырының 60 жылын қазақ сатирасының, публицистикасының дамуына арнаған қарт журналишы пен бұл сала табалдырығын кеше аттаған жас журналишының әңгімесі қағаз бен қаламның арасымен шектелген жоқ. Жазушы өткен мен бүгінді салмақтап, болашағы тұман тіл мен діл, келешегі күңгірт адами құндылықтар жайлы ойларын ортаға салды.

– Оспанхан Әубәкіров Жазушылар одағының бір құрылтайында қазақ сатирасы туралы сөз болғанда есі шығып: «Біз тірі екенбіз, бар екенбіз! Бізді де еске алды-ау!», – деп қатты қуанғанын сіздің аузыңыздан естіп едік. Қазір ше? Бар екендеріңізді сезініп жүрсіздер ме?

– Бар екенімізді әрқашан сезініп жүреміз, себебі үлкен-кіші гәзеттердің бәрінде дерлік әзіл-сықақтың «шағын ауданы» – «микрорайон» бар. Бір өзі – бір театр Мыңбай Рәш ағамыз бастаған кәрі-жас күлкішілердің әзіл-оспақ, әжуә-сықақ өлең-әңгімелері сонда азаннан ақшамға дейін естіліп тұрады. «Қазақ әдебиеті» гәзетіміздің арнаулы да тұрақты беті «Қалжың қалта» – соған бірден-бір куә. Ал

ол куәнің «Биші қайың» деген телпек киіп жүретіні – өз алдына бір «қызық». Редакциялық алқа гәзеттің әрбір бетіне айдар үлестіргенде сатираны билеп тұрған қайыңға ұқсатқан сияқты. Мәселен, «Ерікті-еріксіз езу» дей салса ғой!..

Заманында күлкіден зымыран жасаған сатиралық «Ара» журналымыз соңғы ширек ғасырда шиыр-шиыр жол кешіп, жабылып-ашылып, ақырында, былтырдан бері, шағын гәзетке айналып тынып, «Айқын» гәзетінің орта шенінде «пәтер жалдап тұрып жатыр». Алайда күлкісі күшті. Тек фельетоны жоқ демесек. Шіркін фельетон кеңес өкіметімен бірге кетті. Батыл да әділ фельетоншыны «Халықтық бақылау», «Партиялық бақылау» комитеттері, «Партиялық комиссия» қорғайтын еді, олар «көз жұмып», фельетоншылар жетім қалды. Бұрынғы әдетімен қаламын қайрап шыға келгендерін жоғарғы-төменгі жалғыз құқай – әкім мырзалар желкелеп қуып тастады да, өткір сынның мәселесі «шешілді». Әрине, өкінішті.

«Жас алаш» гәзетінің «Сөз сойылы» Оспанханның көзі ғой, – оқырман жұртымен бұрынғысынша жақсы қарым-қатнаста. Тек бастапқы орыны, көрінер мерзімі анда-санда өзгеріп қалады.

«Айқынның» күлкі отауы тігілген орнында, отағасы Шайхыұлы Ермахан інімнің жатысы мығым.

«Егемен Қазақстан» гәзетінің «Сөз сойыл» бұрышы да күлкіге кенде емес. Өлеңмен де, қарасөзбен де қағытып бағады. Бұл бұрыштың бір жақсы қыры – өзімен он екі ай бойы шүйіркелескен әзіл-сықақшылардың аты озғанына жыл соңында арнаулы силық беретіні. Күлкіні құрметтейтін өзге гәзеттерге өнеге-ақ! Бірақ ол да фельетон жағына «ұятты».

Ал енді журнал жағы десек, басқаларды айтпағанда, өзіміздің «Жұлдыз» сатираға селқос. 200 беттен астам көлемінен күлкі отауына 4-5 бетін қияр түрі жоқ.

Баспалардан аздап болса да кітаптарымыз шығып тұрады.

Осы хал-ахуалымызды көріп-біліп, артық-ауысын айтатын әдеби сыншы бүгінде қасқалдақтың қанындай. Оспанханды қуантқан – білімдар, танымпаз Әнуар Әлімжанов. Жазушылар одағына бірінші басшы болып келгенінен кейінгі құрылтайда жасаған баяндамасында әзіл-сықақ ауылымызға ат басын әдейілеп бұрып, баршамыздың аты-жөнімізді атап, еңбегімізді барлап, жақсы деп бағалаған. Сонда ғой,

Оспанханның санын шапаттап қуанғаны! Одан беріде құрылтайлық баяндамада, жыл қорытындыларында біздің барымыз расталады. Жақында ғана, 2014-жыл қорытындысында, баяндама жасаған Мұхтар Шерім «Сатира» мырзамен әдемі әңгімелесіпті, ризамыз. Тек бір «но» бар, ол – маған «Маршал атағын бергені». Мақтаншақтық біздің ел деңгейіндегі бір сипат болып тұрғанда «мақтаса, мақтай берсін» десем де, өзімнен бұрын басқаларға ыңғайсыз болды-ау деп ойланып қалдым. Басқалар деп отырғаным: менің жасым 70-75-80-ге толғанда селт етпеген өз өлкемнің – Шығыс Қазақстанның облыстық әкімдігі және мені сырттай алты жыл оқытып, журналшы дипломын берген, алайда соны соңғы 10 жылда мүлдем ұмытқан әл-Фараби атындағы Ұлттық университетіміздің ректораты.

Айтпақшы, университет «Өнегелі өмір» топтамасымен өздерінің марқұм да, тірі де түлектері туралы кітап шығарып келеді, – ерекше игілікті іс! Шынайы ризашылық сезімімнің сілтеуімен былтыр университет ректоры -

Ғ. Мұтановқа хат жазып, сол топтамамен Әнуар Әлімжанов туралы кітап шығаруды және ол шаруаның негізгі жүгін көтеруге әзір екенімді айттым. Одан хабар-ошар болмады. Университеттегі дәстүрге сай «Әнуар Әлімжанов аудиториясын» ашса да болар еді. Әлемнің алпыс шақты елінде болып, Түрік ғаламын, Қазақстанның, қазағын насихаттаған, ғұлама бабамыз хақында жазған «Ұстаздың оралуы» романы бастаған тарихи туындылары қырықтан астам шетел тілдерінде шығып, халықаралық әдеби сұлулықтармен марапатталған қарымды қаламгер, көсемсөз шебері, мемлекет және қоғам қайраткері болған Әнуар Тұрлыбекұлын кім білмейді? Ол сонау студент шағында, 1953-жылдың көктемінде, ұстазы Мұхтар Әуезовті КГБ-ның құрулы қақпанына түсуден сақтап қалған Әнуар емес пе? Ол күні кеше КСРО-ны ыдырату жөніндегі шешімге қол қойған Әнуар Әлімжанов емес пе?! Әлде Әнекең де, мен сияқты, университет түлектерінің тізімінде жоқ па екен?..

– *Әзіл-сықақ театрларының қарасы қалың. Санын ауыз толтырып айтқанмен, сапамен мақтана алмаймыз. Соңғы кездері орыс сөздерін сөз арасына жөнді-жөңсіз тықпалап, күлдібадам қылып сөйлеуді әдетке айналдырды. Олардың сахнаға алып шыққан дүниеелеріне сын айтыла қалса, сапалы шығарма жазып беретін*

сатириктердің жоқтығын, сондықтан өздері жазуға тура келетінін айтып ақталады. Жазып бер немесе түзеп бер деп алдарыңызға келетіні, арагідік іздейтіні бар ма?

– Жазушы Сұлтан Оразалиннің ықпалымен ашылған «Қымызхана» театры бізді күні-түні іздеп еді. Одан соң «Тамаша» театрымыз бізбен екі-үш жыл «құдандалы» болып, содан кейін қаламақыларын «үнемдеу» үшін «өзіміз жазатын болдық» деп жоламай қойған. Кейінгі жылдары «балалап жатқан» театрларымыздың ешқайсысы, мәселен, мені бір авторы болуға шақырған емес, тіпті екеуінің директорларына әзіл-сықақ әңгімелер жинағымды силап, одан керегін алып, сахнаға бейімдеулеріне болатынын айттым. Елемеді. Ал қазіргілерінің көбінің малданып жүргендері: «әй!», «үй!», «ойбай!» деумен бітетін бірер сағаттық күлкісымақ. Заманға, қоғамға қатысты салмақты күлкі жоқ. Олар егер Бейімбет Майлиннің, Асқар Тоқмағамбетовтің, Садықбек Адамбековтің, Оспанхан Әубәкіровтің ... әзіл-сықақтарына назар аударса, бүгінгі тірлігімізді түртіп көрсететін күшті күлкіні қажетінше таба алар еді. Е-е-е... «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса», тіпті шығармай қойса да.

– *Тіл тазалығы туралы айтқан бір сөзіңізде түрік сықақшысы Әзиз Несин кейіпкерінің: «Жазғаның неғұрлым түсініксіз болса, соғұрлым бағалы болады» деген сөзін мысал етіпсіз. Сол айтпақшы, бөгде сөздері көп «бағалы» дүниелерді жиі ұшырататын болдық. Ескі дертімізді бұрынғыдан бетер асқындырып жіберді деп жаһандануды жазғыруымыз орынды ма?*

– «Жаһандану» деген... заманның бір беталысы шығар, біз, әйтеуір, «жаңбырдан үш күн бұрын су болуға» ғадеттеніп алдық қой. Бөгде сөздерді санап тауып, құтылайық деген сайын ол пәле көбейіп барады. Республикалық гәзеттердің мақалалары ішінде кездесетіні былай қалып, бадырайған тақырыптарында: форум, перспектива, стратегия, программа, феномен, съезд, стиль, форма.. сияқты сөздер менмұндалай бастады. Өкіметің, үкіметің, парламентің, анау әлгі халық ассамблеясы дейтінің, болсын-болмасын, – бәрі іс жүзінде орыстілді болып отырған соң, тәтті сөздің ащысын еріксіз татып жүрміз. Тіліміздің тазалығы, мемлекеттік мәртебесі жайында «Айта-айта «Алтайды», Жамал апай қартайды» болатын түріміз бар. Ана тілімізді ардақтау, Абайдың ой мен тіл құдіретін құрметтеу хақында

1974-жылдан бері жазған мақалаларым қалың кітапқа қаптал жүк боларлық. Ал ақын Шәкәрімнің шығармашылық рухын силау парызымыз жайындағы жанайқайым туа кереннің де құлағына естілер болды-ақ. Шәкең «Халық жауы» деген жаладан толық ақталысымен, 1988-жылы, «Жазушы» баспамыздан таңдамалы туындылары жарық көрді. Көргенін қайтейік, түпнұсқасындағы: алла, тәңір, құдай, жазмыш, тағдыр, дін, ісләм... тәрізді діни сөздер түгел дерлік алып тасталып, қажы атамыз атеист боп шыға келді. Ол сорақылық туралы сын сөзді белгілі ғалым Қайым Мұхамедханов бастап, Мұхтар Мағауин қостап, қаншама мақала жазылды. Басшы-қосшы атаулыдан біреу селт етсеші! Қакең өмірден озған соң, сөзін мен жалғап, Жазушылар одағына, Семейдегі әдеби-ғылыми орталыққа, министрлікке жеткізе дабыл қақтым: «Жартасқа бардым, Күнде айғай салдым...». Оңаша отырғандағы сиқымыз осы, ал егер жаһанданудың диірменіне түсіп кете барсақ ше?!.

– *Сөз бостандығы, тәуелсіздік дегенді аузыңа не түссе, соны айтуға еріктілік деп ұғып жүргендерге не айтасыз? «Ерікті ауызға бөрікті бас сиятынын» күнде көріп жүрміз. Сөз мәдениетін ойдың жұтаңдығы төмендете ме?*

– «Тәуелсіздікті» ешкімге, ешқашан, ешқайда тәуелді болмау деп білетін қалыңқалталы бетпақтар, олардың жетегіне ерген қалтасыз байғұстар бар және аз да емес. Солардың құзырларындағы «тәуелсіз» гәзетсымақтар, мысалы, кешегі КСРО-ның 74 жылға созылған өмірінен 7, 4 минут айтуға жетер жақсылық таппайды. Қазақты да патшалық Ресейдің жұтып қоюынан сақтап қалған 1917-жылғы Қазан төңкерісін, гитлерлік фашизмнің құлы болып құрудан аман алып қалған Екінші дүниежүзілік соғыстағы жеңісімізді қара тілінің жеткенінше күстаналайды. Ем қонбас дерт дерсін. Ал ойы жұтаңның сөзі сұйық болатыны әу бастан аян. Мәдениетті адам өзінің де, өзімен сөйлесіп тұрған адамның да әрбір сөзіне мән береді. Мәдениеттен жұрдайдың санасы селдір, ауызы бейпіл болады.

– *Герольд Бельгер бір сөзінде: «Абай біздің заманда өмір сүретін болса, ең бақытсыз адам болар еді. Ол өз заманынан медет тапқан жоқ, біздің қоғамнан да безінер еді» деген екен. Сонда ғасыр жаңарып, жылдар алмасса да қазақ қоғамы өзгермеді ме?*

– Қазақ қоғамы өзгерді. Ресми БАҚ түйдек-түйдек таратып жа-

татын мағлұматтарға сенсек, Қазақстан – коммунизмнің о жақ, бұ жағындағы мәңгілік ел. Бізде: елді мекендерді жылда су басу жоқ, ауызсусыз тотыып отырған ауыл жоқ, жүз мыңдаған жұмыссыз жоқ, қалқып әрең тұрған мектеп жоқ, қирап жатқан құрылыс жоқ, айлық жалақысы жүз мың теңгеден кем қазақстандық жоқ. Яғни біздің елдің экономикалық дамуында мін жоқ. Әдебиетші, тарихшы Мырзатай Жолдасбеков мырзаның сөзіне сенсек: «Халықаралық оқымыстылар қазақстандық ғажайыптың кодын табуға, біздің мемлекетіміздің дамуына ғылыми негіздеме беруге ұмтылып отыр». Енді Герольд Бельгердің сөзіне келсек, өз басым Абай аруағын өйтіп таразыға тартуға о бастан қарсымын. «Абай тірі болса, кітабын шығара алмас еді», «Абай тірі болса, өлеңін өткізе алмай жүрер еді» сияқты сиықсыз сәуегейлік жиі кездеседі. Өзіне жетерлік сауаты бар адам айтар сөз емес. Өмірдің, қоғамның қиямпұрыстықтарына мысалды әрқайсысымыз өз басымыздан, қоғамдас замандастарымыздың тірлігінен тауып, нақтылап атап айту жөн болмақ. Абайға, Шәкәрімге, Мағжанға... қатысы жоқты оларға бүгін телу – құр қыздырмалы қызылсөзділік. Мысалы, Гера құрдасым (топырағы торқа болсын) бұл өмірде денсаулығының кінараттығынан өзге ауыртпалық көрген жоқ. Денсаулығы мазалаған жылдардың өзінде, құдайға шүкір, кітабы ең көп шыққан жазушының бірі болды. Оған қамқорлық жасап жүрген інімізді білемін, рахмет, 100 жасасын! Ал гәзеттен Гераның «Сплетение чепухиін» оқып жүргенімде кейде өзіне наразы бола телефон шалып, тіпті бір рет хат жазып: «Сынау керек шенеунікті орағытпай, тілің де, бедел-салмағың да жеткілікті ғой, аты-жөнін атап айтсаңшы!..», немесе «екі сөйлемесеңші! дегенім бар. Әрқайсымыздың әрбір сөзіміз нақты ашықтығымен бағаланар болар.

– Қазақ өзінің түп-тұқияны, алтын діңгегі – ауылдан ажырап бара жатқандай. Соңғы он жылда бір ғана Шығыс Қазақстан облысындағы ауыл халқы 60 мың адамға азайып, елді мекендердегі 70-тен астам мектеп жабылған. Қалаға үдере көшу осы қарқыннан таймайтын болса, алдағы 20-30 жылда қандай күй кешпек? Өзіңіз туып-өскен Ұранхайдың жағдайы қалай?

– Міне, өзің келтірген осы цифрлар-ақ «қазақстандық ғажайыптың кодын», яғни бүкіл әлем біздің елдің «экономикалық даму кілтін»

іздеп отырғанына дәлел емес пе?.. Қазақстанның экономикалық қана емес, рухани ордасы болған ауылдан сән мен мән кеткелі қашан?! Үкімет: «ауылды қалпына келтіреміз, қайтадан өркендетеміз» деп ауық-ауық ұрандап, әр жолы пәленбай миллиард теңге қаржы бөледі, ал өркендеп кеткен ауыл шаруашылығымыз жоқ. Бөлінген қаржының қайда кетіп жатқаны белгісіз. Менің Ұранхайымның бүгінде орны да жоқ.

– Адамның рухани тазалығын адамзат сан ғасырлар аңсап, соған жету үшін күресіп келеді. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлердің тазалығы біздің қоғам үшін аса өзекті. Жылқы жылының соңында Үкіметте қол астындағы қызметкерлері парамен ұсталған ведомство басшысын отставкаға жіберу туралы ұсыныс қызу талқыланды да, кейін шуы басылып қалды. Мұндай шара жемқорлықтың тамырына балта шабуға мүмкіндік береді деп ойлайсыз ба?

– Жемқорлықты ұйымдастыра білген алаяқ тұтыла қалғанында одан қалай құтылудың айла-әдісін де күні бұрын ойластырып қояды дей аламын. Бізде жемқорлықтың тамырына бүгін-ертең балта шабу мүмкін емес, өйткені залал істің бар екенін еріксіз мойындап даурығуымыз бар да, оны дұрыстауға зауқымыз жоқ. Баяғы ұсқынсыз ұраншылдық.

Адами тазалық үстем ортада арамдықтың ешбір түрі болмайды, ал бола қалса, ұзақ тұрақтай алмайды. Өкінішке қарай, мемлекеттік, үкіметтік қызмет ордаларымызда тазалық жетіспейді. Мысалға «Нұр Отан» партиясын алсақ, ол құрылғаннан беріде неше мүшесі партия қатарынан қуылып, орынды жазаланды? Ол – партияның өзін өзі іштей тазалауы емес, тиісті заң-тексеру орындарының дәлелімен құтылуға мәжбүр болуы. Демек, қалта қағысып, өңеш қасысып жүрген жемқорлар билік партиясына мүше болып алып, құрық салдырмай кетуді көздейді. Ойы орындалып, бұғып жүргендерінің қанша екенін бір құдай білсін. Ешкім бір сәтте жемқор бола салмайды, «көрген көргенін істейді, көсеу түрткенін істейді».

– Алпысым атаусыз қалды, жетпісім еленбеді демедіңіз. Биыл сексенге келіп отырсыз. Тағы да тып-тыныш. Әншейінде ақын-жазушының мерейтойы бола қалса, алаулатып-жалаулатып әкететін БАҚ-та үнсіз. Шығармашылығыңыз туралы пікірдің, еңбектеріңіз туралы ықыласты әңгіменің аздығын сезгенде өзіңіздің

жағынып-жалтақтауды білмейтін турашыл мінезіңізге, ұстанымнан айнымайтын бояусыз болмысыңызға ренжітін кездеріңіз болды ма?

– Бұл сауалыңның аңысын аңдаған соң Абайды ауызға алмасқа лажым жоқ. Абекең: «Арсыз болмай атақ жоқ, алдамшы болмай бақ қайда?!» деді. Бұл тұжырымын ешкім, ешқашан жоққа шығара алмайтынына өмірдің өзі – кепіл, десем, әй, әсте астамшылық бола қоймас. Өзім тіршілік етіп келе жатқан әдеби ортадан бұған мысалды көптеп таба аламын. Бірдің жұмысын істеп, онның тамағын ішіп жүргендер, «қарағайға талды жалғап», ат-атақ, силық-дәреже дегенді сыпыра алып жүргендер жеткілікті. Ойы мұқыл жетекші-жарылқаушысының арқасында жалған даңқ пен дақпыртқа бауыр басып, өзін өзі зор санаушылар ше? Сондай «санаттағы» ақын Олжастың: «Ақын құдайдай сымбатты болуға тиіс» деген сандырағын естіп, жағамды ұстадым. Құдайдай болуы ғана қалған неткен «рухани пайғамбар» еді?! Өз басым ондайларға сырттай аяушылықпен қараймын, көз алдындағы сондай әкесіне қарап өсетін балаларына, немере-шөберелеріне жаным ашиды, рухани мүгедек болады ғой! Қабыштың (Қабдырахманның) әулетінде ондай міскіндер жоқ, бола да қоймайды десем, өзі осылай жаратқан құдай бұл ойымды күпірлікке жазбас. 1918 – 1920-жылдардағы Азамат соғысына қатысқан, өмірде көргені мен түйгені көп болған әкем бірде маған: «Балам, аштан өлетін заман бола қоймас, ал бола қалса, адал өлуді біл», деген еді. Мен куә ғұмырында ешкімнен бір ауыз салқын сөз естімеген әкемнің ол өсиеті маған барлық атақ-силықтан қымбат! Осы болмысыма ризамын!

– Сексеннің биігінен қарағанда көзіңізге не шалынады? Жүріп өткен жолыңыздың бұлдыры басым ба, әлде мөлдірі мол ма?

– Құдайдың бергеніне шүкір, мөлдірі мол. Бұлдыры көзіме ілінер-ілінбес қана. Шығыс Қазақстан облыстық газетінің редакциясында он жыл, Жазушылар одағымыздың құзырында отыз жыл қызмет істедім, – «сен маған мынадай қиянат жасадың» деп ренжіген жан болған жоқ. Тәубә! Сексеннің биігінен о жақ, бұ жаққа ой көзін жібергенде қоғамымыздың бейнесіне көңілім көншімейді. Тәуелсіздік дәуірімізге сай емес: құрсөзділік, мақтаншақтық, даңғойлық, дүниеқоңыздық, жемқорлық, жағымпаздық, қайырымсыздық, астамшылдық, немкеттілік, бастыққа құл, бағыныштыға пұл болушылық... сияқты

пәлекеттер санамды шабақтайды. Оларға сөзіммен де, қаламыммен де қарсылық жасап келемін, бірақ бүгін қанбаған айызым ертең қанар-ау деген үмітті ғана місе тұтуға мәжбүрмін. Содан кейін мені, сірә, мені ғана емес шығар, қатты алаңдатушы жәйіт – жастарымыздың тәрбиесі. Бұл мәселені айтпаған кезім, жазбаған жерім жоқ, Президентке, Мәдениет министріне гәзет арқылы хат та жолдадым. Тәрбие дегенде, мысалы, бүгінгі сансыз дерлік телеарналар мен сахналарға, оның ішінде қазақ телеарналары мен сахналарына шығарылып жүрген әнші, биші қыз-келіншектерге қарасаң, көбі, әсіресе, жасы жиырманың арғы-бергі жағындағылар албастының кебінде. Соларға еліктеп-солықтап, телеарнаны жайлап жүрген қазақ қыздары – қазақы бейнесін жоғалтқандар: көзінің асты-үсті түрлі түске боялып, шашы шашылып, омырауы мен белі ашылып, жырық етек көйлегінен сандары жалтырап секектейді. Бала-шағаңмен отырсаң... арнаны дереу ауыстыртып құтыламын. Мәдени астанамыз Алматының көшелері жазда солайша ашық-шашық, көйлек пен белдемше (юбка) орнына тылтиған жарғақ шалбар киіп, быртыып-тыртыып жүретін қыз-қырқынға толы болады. Ұлттық ажарынан айрылғандардың ұлттық сезім-намысы өшетінін ол қыздардың әке-шешелері, туысқандары, ол шәкірттердің мұғалімдері, ол студенттердің ұстаздары шынымен білмей ме?! Неге білмесін, тек «заман солай» деген немкеттілікке бой алдырғандар болар. Жасым ұлғайғанда осындай оспадарлықты көремін деп ойламаған едім.

– *Нұрсұлтан Назарбаев өткен жылы Ұлытау төріндегі сұхбатында: «Мен қазақтың тілін ғана білемін, басқасы құрысын деп жүргендер – не орыс тілін жөнді білмейтін, не ағылшын тілін мүлде білмейтін адамдар» деген еді. Президенттің осы пікірімен келісесіз бе?*

– Президент мырзаның ол сұхбатын оқымаппын. Ал өз төтемнен айтарым: тіліміздің тағдыры азды-көпті сөз болған жиын-жиналыстарға қатысқан сәттерімде: «Мен қазақтың тілін ғана білемін, басқасы құрысын!» деп жүргендерді көрген емеспін. Президент мырзаға жантықтарының біреуі «жөндеп» жеткізген шығар. Орыс тілін жөнді білмейтін қазақ он мыңнан біреу заманда басқа көзі ашық, көкірегі ояу қазақ басқа тілді менсінбейді дегенге де сенбеймін. Жастарымыздың қатарында ағылшын тілін білетіндер көбейіп те ба-

рады. Өмірдің, тірліктің талабы дейміз. Жалпы, меніңше, қай ұлттың перзенті болсын, әуелі ана тілінің уызына жаруы – табиғи парыз, одан арыда басқа тілдерді білу пайдалы.

– *Ғұмырыңыздың 30 жылын Жазушылар одағына арнаған екенсіз. Өмірбаяныңыз жылдар мен оқиғаларды мұқият мағлұматтағанмен, көргеніңіз бен түйгеніңіздің түймедейін де жеткізе алмасы анық. Одақ десе ойыңызға оралатын тау тұлғалар мен оқшау оқиғалар туралы естелік айта отырсаңыз...*

– «Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105» деген әдрісі бар әсем ғимаратта өткен отыз жылым – тағдыр маған тарту-сый еткен баға жетпес бедерлі шағым... Мен мұнда әдебиетіміздің алыптары: Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Ғабиден Мұстафин, Бауыржан Момышұлы, Мәрия Хакімжанова, көрнекті қаламгерлер: Тахауи Ахтанов, Әди Шәріпов, Қуандық Шаңғытбаев, Хизмат Абдуллин, Сырбай Мәуленов, Әнуар Әлімжанов, Нығмет Ғабдуллин, Қалаубек Тұрсынқұлов, құдайы бір құрдастарым: Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев және басқа көптеген ақын-жазушылармен таныс-біліс, аралас-құралас жүрдім. КСРО Жазушылар одағы Әдеби қорының Қазақ бөлімшесінде директор, Аударма алқасында төраға, Жазушылар одағы басқармасында 2-хатшысы жылдарым өте қарбалас, қызық-шыжығы мол кезеңдер болды. Егер сол отыз жыл туралы кітап жазсам, зейнетке шыққанымда деп ойлап, 1996-жылы жазуды бастадым да: «Жоқ, жазбаймын!» деп тастадым. Қай-қайсымыздың да мінезімізде, іс-әрекетімізде өзгелер білуге де тиіс, білмеуге де тиіс санқилылық бар. Мен, – әдетте, «білуге тиісті» жақсылықты жақтайтындардың бірімін. Сол ұстанымым өзіме ұнайды. Әуелгі ойыма ақырында қайта оралып, марқұм қаламдастарым хақында адами жылы естелік жазуды ниет еттім. 2000-жылы кірістім. Бастапқы бөлігі бұдан он жыл бұрын «Сағыныш сазы» деген атпен кітап болып шыққан. Толықтырылған нұсқасы, әне, кітап сөремде жатыр, қашан кітапқа айналарын білмеймін. Министрлігімізден қайыр жоқ, ал демеуші іздер «талантым» кемшін. Сен, Анар қалқам, маған ренжіме, естелік айтпай-ақ қояйын. Кітабым шыға қалса, алдымен өзіңе силаймын. Келістік пе?

– *Құп. Келесі сауалым: Жастар арасында әдебиетке махаббат, қаламгерге құрмет азайғанын үзеңгілестеріңіз де, өкшеңізді басқан*

інілеріңіз де жиі айтады. Мұндай өзгеріске бірі қарыштап дамыған ақпараттық технологияларды айыптаса, тағы бірі мемлекет тарапынан қолдаудың, үгіт-насихаттың аздығын алға тартады. Бірақ қаламгердің ешқайсысы кінәні өзінен іздегісі келмейді...

– Бұған екі түрлі, жоқ, үш түрлі жауап қайтарайын. Біріншісі. Мен жылда бірер облыстың бірнеше аудандарына барып қайтамын. Оны-мұны себеппен. Ауылды жерде оқырман аз емес, кітап аз. Кітап дүкендерінде де, кітапханаларда да. Барының көбі – ескі. Тапсырыспен алдыруға қаржы тапшы. Оның үстіне, кітап шіркін соңғы жылдары тым қымбаттап кетті емес пе, Алматының дүкенінде мың теңге тұратын кітап ауылға мыңжарым теңге болып барады, оны кім ала қояды? Екіншісі. Алматының кітап дүкендерін екі аптада бір рет аралап шығамын. Сатушы: «Өтпейді, алмайды» деп тұрады. Түсінікті. Жастардың көбі керегін интернеттен тауып алып, тегін оқиды. Кеңестік дәуірде әдебиетті, кітапты насихаттайтын ресми орындар болды, ал бүгінде ондай ештеңе жоқ. Бұл да – бір берекесіздік. Үшіншісі. Бізде бүгінде 800 ақын-жазушы бар десек, егер бизнесші бір миллионер: «Мен – нашар ақынмын! Мен – нашар жазушымын! Менің пәлен кітабым нашар!» деп дәлелдеп айтып беріп, бірінші орын алғанға ұшақ силаймын» деп бәйге жарияласыншы, бірде-біріміз ол бәйгеге қатыспаймыз, өйткені бәріміз өзімізді классик деп білеміз.

– *Кітапханалар оқырмандарымыздың саны артып келеді деп мақтанады ғой? Ал баспалар кітап оқитын адам жоқ деп кітап таралымын шектеп әлек. Бұл қарама-қайшылықты тудырған не?*

– Қала кітапханаларында оқырманның бары рас. Басым көпшілігі – шәкірттер, студенттер, «тірі кітаптың» қадірін білетіндер. Интернет те екінің бірінде бар деймісің. Кітап таралымының шектелуіне ең бірінші себеп – көпшілікке, жастарға рухани жәрдем берудің маңыздылығын ойлау кейінге ысырылғаны. Одан кейін мәселенің бәрі қаржыға тірелген заман келді. Астанадағы күнде жиын, күнде тойға, аквапарк, гольф клубтарын салуға, үкімет шенеуніктерінің шетелдік қымбат аутокөлік мініп жүрулеріне қаржы жеткілікті, кітап таралымын көбейтуге, авторларына тиесілі қаламақы төлеуге қаржы «жоқ».

– *Облыстық «Алтай большевигі» газетіндегі басталған еңбек жолыңызға көз жүгіртсек, қазақ журналистикасына 60 жыл*

қызмет етіпсіз. Әр заманның тынысын өз тілінде, өз құралдарымен хатқа түсіріп келесіз. Жаңа технологиялардың, батыстық үлгілердің ықпалына ұшыраған бүгінгі журналистиканың аяқ алысына көңіліңіз тола ма?

– Жалпылап айту әдетім жоқ, алайда көп жағдайда көңілім толмайды. Ана тіліміздің қадір-қасиетін құрметтеуге, жазу мәдениетін игеруге мейлінше бейім жас журналшылар аз. Сөзді ойнатудың жөні сол деп, сөйлемнің сынын бұза беретіндер бар. Қай гәзеттен оқығаным есімде жоқ, әйтеуір, үлкен гәзеттің бір бетінен «Қазақ енді жаяу жүрмейді» деген «қызық» тақырыпты көзім шалып қалып, ішіне үңілсем: қазақстандықтар жақында шеттен отыз мың шамасы аутокөлік сатып алыпты, былтыр да біраз алған көрінеді. Соған мәз болған журналшы тақырыбын «қатырған» ғой.

– *Тіл мәселесіне қатысты жауабыңызда Абайды атап өттіңіз. Биыл Абайдың туғанына 170 жыл толады. «Абай Құнанбаевтың туғанына 170 жыл толуына орай» деген ұранмен Шығыста бірлі-жарым шара өткенін естігеніміз болмаса, Астана мен Алматы да, басқа аймақтар да құлаққа ұрған танадай тыныш. Өзіңіз көрген екі газырды, бірнеше онжылдықты салыстырып, Абай мұрасына қызығушылық пен Абай есіміне құрмет эволюциясына баға берсеңіз.*

– Бұл сауалдың қиындығы да, оңайлығы да бар-ау деймін. Оңайлығы: Сталиннің «Барлық мәселені кадр шешеді» дегеніндей, бізде мәселе атаулының бәрі Ақордада шешіледі ғой. Ол жақтан Абайдың 170 жылдығы жөнінде қандай жарлық тарап жатқанынан хабарсызбын. Баспасөз жым-жырт. Қажетті қаржы «табылмауы» да мүмкін. Президент жуықтағы бір сөзінде тойды азайтындар, шығын жасамандар, ғылыми конференция өткізу жетеді депті дегенді естіген едім, әлде сол сөзі басшылыққа алынды ма, кім білсін. Жауаптың қиындығы: Абай ағамыз тірісінде: «...Мен ішпеген у бар ма?!» десе, аруағы естіген шу да аз болмады. 1920-30-ншы жылдары Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов ағаларымыз Абекеңді «Қазақтың Бас ақыны». «Ұлы ақын» деп көкке көтерсе, 1940-50-нші жылдары қайсыбір «мықты» ағаларымыз «Абай – феодализмнің ақыны, буржуазияшыл» деп жерге түсіріп, жер-жебіріне жетті. «Абайшыл, буржуазияшыл» деп Мұхтар Әуезовті аяқтан шалып арпалысса, жас ғалым Қайым Мұхамедхановтың «Абайдың ақындық мектебі» делінген

кандидаттық еңбегін пәршәлап, өзін 25 жылға соттаттатып жіберді. Салыстыру сипатында айтарым осы. Ал Абекеңнің шын мәнінде «Бас ақын», «Ұлы ақын» аталып, ісі қазақ аруағын ардақтағалы алпыс жыл ғана.

Абайдың Ұлы ақын екенінде шәк жоқ. Құдай өзі ғажап дарыннан мүсіндеп бере салған дерсің. Шығыс пен батыстың тарихи тұлғаға айналған, данышпан атанған ақындарының өлеңдерін бірін түпнұсқасынан, бірін аудармасынан оқып келеміз ғой, солармен өрем жеткенінше салыстырсам, меніңше, ойшыл Абаймен тендесері шамалы. Абекеңнің ойшыл ақындығы, ақындық ойшылдығы – бір ғажап әлем! Ахтанов Тахуи ағамен жасы алпысқа толған тойынан кейін бір шүйіркелесіп отырғанымызда: «Ғаббас- жан, мен Абайды енді-енді түсіне бастадым. Қай өлеңін оқысам да, оқыған сайын бір жаңалық табамын!» дегені әлі есімде. Ақиқатты айтты. Меніңше, қазақ әдебиетінің Ұлы Ақыны – АБАЙ! Басқа қай-қайсысын да «ұлы ақын» десек, оны Абаймен қатар қойғанымыз болады. Онымыз жөн емес.

Сөз ыңғайына қарай айта отырайын: соңғы кезде біздің әдеби ортада «ұлы» деген сөз тым арзандап кетті. Көзі тірі ме, әлде марқұм ба, әйтеуір, мүшелтойы, мерейтойы болып жатқан ақын-жазушыларды шетінен «ұлы» деп әспеттеуге әуестеніп алдық. Арнаулы баяндамашы да, сөйлегіштеріміз де «ұлы» деп тарта береміз. Мұнымыз – әбестік!

– Құрметті аға, әсерлі әңгімеге уақыт тауып, оқишау ойларыңызды ортаға салғаныңызға көп рахмет!

Сұхбаттасқан – **Анар ЛЕПЕСОВА.**
(«Түркістан» газеті, 04.06.2015 ж.)

«ЖАС АЛАШТАН» ТӨРТ СҰРАҚ

1. Сіз Алтынбек Сәрсенбайұлының қысқа ғұмырында атқарған ел алдындағы еңбегін қалай бағалар едіңіз, оны кім деп танысыз?

2. Үш адамның өмірін қиған жауыздық әрекетті ресми билік бастапқыда Сенат аппаратының жетекшісі Е.Өтембаевтың, кейіннен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің басшылары – Р.Әлиев пен Ә.Мұсаевтың тапсырысы бойынша жасалды деді. Ал жәбірленуші тарап пен олардың қорғаушылары және тәуелсіз құқық қорғаушы

ұйымдар, белгілі жеке тұлғалар мұны саяси қарсыласқа жасалған террорлық әрекет ретінде бағалады. Он жыл уақыт аралығындағы тергеулер мен әртүрлі соттар осылардың қайсысының дұрыстығын көрсетті?

3. Бүгінгі билік және қоғам бұл оқиғадан қандай сабақ алды, «қой үстіне бозторғай жұмыртқалады» делінген Қазақстанда неліктен осындай қасіреттерге жол берілді? Еркін ойлы, топ бастайтын азаматтарын қорғауға дәрменсіз халықтың тағдыры не болмақ?

4. Ұлттық қасіретке баланған бұл қанды қылмыстың бүге-шігесі түбі толық ашылары анық. Бірақ оған қаниша уақыт бар? Сіз мұны қай кезде болады деп шамалайсыз?

Ж а у а п:

1. Алтынбектің кім болғаны, еліміз бен халқымыздың тарихындағы орны баршаға мәлім ғой, ендеше, ортақ ой-толғамдарды қайталамай, көптеген кездесуіміздің ерекше екеуіне тоқталайын.

Біріншісі. 1996-жылдың қазан айының орта шенінше мен БАҚ министріміз Алтынбек інімді іздеп бардым (жалпы таныстығымыз ол «Өркен – Горизонт» гәзетінің Бас редакторы кезінде басталған). Бұйымтайым шығармашылығыма қатысты еді. Алтынбек кабинетінің орта тұсында жылы жымия қарсы алып: «Ғаб-аға, зейнетке шығыпсыз, есепке түзу болсын, жеңгемнің есеп-шотына түп-тура қырық жыл өткізіп жүріңіз!» деді. «Түп-түгел күйінде ме?» дедім. Иығымнан құшақтай күліп: «Қаламақыңызды жасырып жүргейсіз!» деді. «О, бұның министр ғана айтар ақыл!» дедім. Екеуіміздің күлкіміз жарасып, әңгімеміз жалғасып кетті. Шаруам шешіліп, сөзіміз мен көздемеген арнаға ойысты. Алтынбек ойлана сөйлеп: – Ғаб-аға, өміршіркін біртүрлі болып барады-ау. Социализмнің де, коммунизмнің де не екенін жете біле алмадық. Жарық дүниені жалпы ұранмен жабулап, бәріне еліктеумен, солықтаумен күн кештік. Енді, міне, тәуелсіздік бұйырып еді, «капитализм, қайдасың?!» деп далақтауға кірістік. Өзіміз көрмеген жердің ой-шұңқырына көз жіберуге құлқымыз жоқ. Құр далақтаудан не шығар екен? Қайда барып, не тындырар екенбіз?..» деп кідірді. Мен іштей оқыс таңданып: «Министр басымен бұл қай айтқаны? Елді басқарып отырған өкіметтің, үкіметтің ең пәрменді министрлерінің бірі бұлай десе...», дегенімше ол шырайлы жүзін терезеге бұрып, қабағын сәл шыта үнсіз отырды. Менен жауап күтті ме

әлде?.. «Бұл тірліктің көп құбылысын мен де түсінбей жүрмін. Тек бүйтіп кете бермеспіз, оңалармыз деп үміттенемін. Ойынды ұқтым», – дедім. Ол маған бұрылып: «Бірдің ойы, сөзі түзу болғаннан не шығар. Жарайды, Ғаб-аға, сізді бос сөзбен шаршатпайын, айтарыңыз болғанда хабарласып тұрыңыз... мынау... қиюы қаша бастаған заманда әдебиетіміз саудаға түссе.., – деп түрегеліп: – «шаршатпайын» деп алып тағы шаршатуға кірістім бе, кешіріңіз!» – деді, сәл жымыып. Сол жәйт, «Бірдің ойы, сөзі түзу болғаннан не шығар» дегені әлі есімде.

Екіншісі. Алтынбек 2000-жылы қаңтардың 4-і күні таңертең Астанадан телефон шалып, сәлемдесіп: «Ғаб-аға, ертең Алматыда боламын, сағат 11 шамасында министрліктің жаңа алаңдағы резиденциясында жолықсақ... уақыт жағы қалай?» деді. «Менде уақыт нөпір, артығын сатар базар таба алмай жүрмін» дедім. Рахаттана күлді. Кездестік, кең отырып әңгімелестік. Биліктің бас-аяғында тоғыз жыл бойы жүріп жатқан ар-ұят саудасын естуден, көруден шаршап, шырығып жүргенін ашық айтты. Біреулер сымға жіп байлап, өзінен жоғарыдағылардың табанына тілін төсеп, өз бала-шағасынан бұрын солардың амандығын тілеп, билікке жыл – он екі ай жерік болатын есектірлікпен жүрсе, Ол – Азамат Алтынбек – ар-ұятын, халқына адалдығын қымбат тұтып, еліміздің ертеңіне алаңдаған дос-жолдас тауыпты. Жеріміздің асты-үстіндегі байлықтың жателдік пайдакүнемдердің, өзіміздегі обырлардың құлқынына құйылып кетіп жатқанын тияр жол іздеуге кірісетіндерін паш етті. Құштарлана тындап, қуана қостадым. Қоштасып тұрғанымызда: «Ғаб-аға, жазғандарыңызды оқып жүрмін, дұрыс қой, ал сол ортадан сізді қостап, ең болмаса, он қаламгер шықса, ол да үлкен күш болар еді» деді. Ұқтым, бірақ желп ете алмадым да: «Ол ортада отыз жыл қызмет істедім, қыр-сырларына қанықпын. Он емес, бесеу шықса десеңші» дедім...

Уай, дүние-ай, не шара, Алтынбектің ұзаққа бастаған жолы үзіліп, жас ғұмыры қиылды!.. Үзді ғой! Қиды ғой!..

Алтынбекті, оққағары Бауыржан, аутокөлігін жүргізуші Василий үшеуін... Заманбек Нұрқаділев, Асхат Шәріпжанов, Батырхан Дәрімбетов, Нүри Мұфтах... тағы кімдерді?.. Оларға қол жұмсағандарға лағнет жаусын!

2. Сот десек... Алтынбектің: «Әділ сайлау неге арман?!» дегеніндей, тәуелсіз Қазақстанның соты бәтуасыз билікке әу дегеннен тәуелді

болған байғұс күйінде. Ол Павлодар облысының әкімі Ғалымжан Жақияновты «мемлекетке 2 миллион теңге зиян келтірген үшін» 7 жыл түрмеге кесіп, ал Теміржол министрі Абылай Мырзахметовті «мемлекетке 3,3 миллиард теңге зиян келтірген үшін» 5 жыл шартты жазаға беріп, бостандыққа жібергенде-ақ, соттың сот емес, биліктің «барып кел, айтып кел!» шабарманы екеніне, мысалы, менің көзім жеткен. Ондай соттан «дұрыстықты көрсетуді» күткенше көлбақадан бал сауып алуды ойластыру қисынды болар!

3. Шет-шексіз жалған мақтанының жалауын жағымпаздық желі кернеп, қойының үстіне бозторғай емес, тауық жұмыртқалап жүрген, «экономикасының дамуы бүкіл әлемге өнеге болып тұрған Қазақстанның» қасқа билігі Азаматты қорғауға емес, қорлауға төселіп алғанын соңғы 15 жылда болған қасіреттер және билікке сынап қарағандарды соттап-қаттау жиілеп бара жатқаны айғақтауда емес пе?! Енді «азаматтарын қорғауға дәрменсіз халықтың тағдыры не болмағын» халықтың өзінен сұралық.

4. Қашан, қай ғасырда, қай мемлекетте болсын, бір билік істеген қылмыс сол бетпақ биліктің тұсында ашылғанын оқып білген де, естіген де емеспін.

(06.02.2016)

ПАЙЫМ ПЫРАҒЫ

Сұхбат

Жазушы, сатирик, Халықаралық «Алаш» ссқлығының иегері, «Қазақстанның Құрметті журналшысы» Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫНА сауалдар:

– *Өзіңіз білетіндей, қойдан қоңыр қазақтың кеңдігі, кешірімділігі басқа жұртқа баяғыдан мәлім. «Қағынан жеріген қазақтар-ақ түбімізге жететін шығар» деп ашынуыңызға не себеп болды? (Тарқатып айтып берсеңіз...)*

– Қазақы қалыбымыздан жеріп, ар-ұятын долларға айырбастап жіберген дәлдүріштер бар. Ашық та құпия миллионер, миллиардер болып жатқандар. Маңдай терімен емес, алпауыт әке-көкелерінің «әләуләймен» байығандар. Олардың көкейіндегі «ұран» – «Мен!.. Менікі!.. Маған!.. Өзім!.. Өзімдікі!.. Өзіме!..». Қазаққа қайырым жасауды ұмытқан. Шетелшіл. Онда пәленбай миллион долларға

сатып алған виллалары, сарайлары бар екені тәуелсіз газеттерде нақты дәлелмен жазылды да. Қайырымсыздық дегенде, мысалы, халықаралық ресми тізімдегі: Құлыбаевтар, Өтемұратов, Байсейітов, Сұбханбердин, Смағұловтар көз алдарында пәленбай жыл бойы үйсіз-күйсіз арып-ашып жүрген, немесе ауыр сырқатынан арылу үшін шетелдік айтулы дәрігерге барып емделуге ақша таба алмай, жұртшылықтан баспасөз арқылы көмек сұрауға мәжбүр болған қазақтардың қайсысына олар қол ұшын берді? Өйтіп шарапатын тигізгенін естіген емеспін. Бұлардың, айталық, әрқайсысы миллиардтаған долларының 1 миллион долларына, қалада ма, ауылда ма, тұрғын үйлер салдырып берсе, қаншама адамның өзінен де, ұрпағынан да алғыс алар еді?! Ресми дерек бүгінде біздің мыңға жуық ауыл ауызсусыз отырғанын, жүздеген ауылда электр жоғын айтады. Мынау миллиардерлердің одан хабар-ошары жоқ емес, бірақ бұлар және бұларға ілескен байшыкештер өздерінің ежелгі түп-тамырынан – ауылдан жеріп кетті.

Сондай-ақ, қазағының әсем әнін, әдемі биін, құдіретті күйін батыстық айқай-ұйқайға, даңғаза дабылға, арсыл-күрсілге айыр-бастап, домбырасын, немесе гитарасын сабалап бажылдайтын, қиралаңдайтын, секектейтін қазақ жігіттер мен қыздар көбейіп барады десем, «эстрада жұлдызы» деген арзан атағы бар қыз-келіншектердің көбі бет-ауызын баттастыра бояп, шашын шашып, омырауын ашып тастап тасырандағандарында: «Е, байғұстардың қанында қазақы түйіршіктер қалмаған екен-ау?!» деп еріксіз налимын. Оның үстіне электрлі сан-сапалақ көрініссымақ сайтан ойындай албастылана ауысып тұратын сахна жақтан таңқылдап тарайтын даңғаза «музыка» залда отырғандардың зықысын шығарады. Медицина соңғы жылдары құлағы шала еститін, жүрек соғуы жиілейтін (аритмия) мазасыздыққа ұшыраған жасөспірімдердің көбеюі сондай «концерттерге» барғыштаудың кесірі екенін ескертуде. Міне, қағынан жерігендерді өнер әлемімізде тойтандатып қоюдың рухани «пайдасы»! Мен сахнамыз бен көгілдір экранымызды ұлттық өнерден түйсігі жоқ сазгерсымақ, әншісымақ, бишісымақ, ақынсымақ әбілеттердің жайлауына айналдыруға болмайды, оларды сұрыптайтын арнаулы ресми алқалы топ (комиссия) құрылуы керек деген ұсыныс айтып, бұдан біржарым ай бұрын

Мәдениет министрлігімізге хат жаздым. Әзірше жауап жоқ.

– Кеңес үкіметінің тұсында қазақ сатирасы сынның сардары еді. Ел егемендігін алғаннан кейін сатирамыз дамудың орнына керісінше құлдырап кеткендей... Сонда бүгінгідей сөз бостандығының самалы есіп тұрған тұста өткір сын жазылмай жүр ме, жоқ әлде оған құлақ асар билік жоқ па? Бүгінгі қазақ сатирасының бар мен жоқтың арасында қалып қойғандығы жиі айтылады. Сонда Жазушылар одағына қарасты Сатира қауымдастығы не істеп отыр? Кезінде қоғамдағы келеңсіз көріністер «Ара» журналының сын садағының нысанасына айналғаны елге аян. Журналды өзіңіз басқарып тұрған тұста екі-үш министрлердің тақтан тайғаны да белгілі. Ал, бүгінгі «Араның» бұрынғыдай адуыны бар деп айта аламыз ба?

– Иә, кеңес дәуірінде «Сын түзелмей мін түзелмейді!» деген жақсы қағида болды және ол сөз жүзінде қалмады, қоғамға пайдасы тиді. Ал сынның ауыр жүгін сатира, оның фельетон саласы арқалады. Журналшы жолымды бастаған «Коммунизм туы» (қазіргі «Дидар», Шығыс Қазақстан облысы) гәзетінің «Алтай арасы» атты сатира бұрышы болды. Оның аямай шағуы – нақты дерек бойынша уытты тілмен жазылған фельетоны қандай дәйді болсын сілейтетін, сұлататын.

«Ара» журналын ауызға алдың. Жазушылар одағы құзырындағы Әдеби қордың директоры болып жүргенімде, 1983-жылғы мамыр айында, партияның Орталық комитеті шақырып алып, «партияның солдаты» екенімді қатаң ескертіп, сатиралық «Ара-Шмель» журналының Бас редакторы қызметіне жіберді. Бардым, кірістім. Штатты «тісі жоқ жазғыштардан» тазартып, қазақ жағына: Қажытай Илиясов, Тоқтархан Шәріпжанов, Көпен Әмірбеков, Марат Нұрқалиев, ал орыс жағына: Станислав Малоземов, Владислав Карака, Валера Поляков сияқты әйгілі азулыларды жинап алып, фельетон «базарын» қыздырдық. Айналасы екі жылда журнал таралымы 200 мыңнан 600 мыңға жуықтады. Сыналып омақасқан арамзалар партияның Орталық комитетіне хат жазып: «Жазықсызбын! Арашалаңыз!» деп безектеді. Ондайда біз мақаламызды өзіміз сүйенген құжаттармен бірге: «кейіпкерлеріміз» есепте тұрған жергілікті партия, комсомол ұйымдарына, егер олар қиқандай бастаса: не «Халықтық бақылау», не «Партиялық бақылау» комитеттеріне, не «Партиялық комиссияға» жіберетінбіз. Дерегіміз бұлтартпас болған соң, олар бізді қолдайтын.

Сондай жағдайда сатира, сатириктер беделді болды. Қазір ше? «Тәуелсіздік» тәтті сөз ғой, бірақ бізде тәуелсіздік мына аталған комитеттер мен комиссияларды келмеске кетірді де, бар билікті әкімдерге берді. Бүгінде барлық мәселені іс жүзінде әкімдер шешеді. Олардың сын атаулыны дұрыс қабылдағанын естіген де, көрген де емеспін, керісінше, сынның да, сыншының да үнін өшіруге дайын отырады. Сен жаңа «сөз бостандығының самалы есіп тұрған тұста» дедің. Астарлы әзілің шығар, әйтпесе, қайдағы «самал»?! Сын мақалалары сатирамен көмкерілетін тәуелсіз гәзет-журналдың басына үйірілген қара бұлт қоюланып, зорайып бара жатыр емес пе? Ең соңғы мысал «Адам бол» журналының сотпен жабылып, «Аңыз адам» журналының сотты болып жатқанына тоғыз ай болғаны ғой? Осындай жағдайға ұшырап, жұмыстан қуылып, соттала бастаған соң фельетоншылар бір өзі би-қожа әкімдерге көз алартудан еріксіз тиялды, сатира «зейнетке шығуға» мәжбүр болды. Биліктің тарысын тосқыш гәзет-журналдар деректі сатирадан ғана емес, емеуірінді сықақ өлең-әңгімеден де шошиды: – «Б» дегені Бәкең ғой, «Т» дегені Тәкең ғой?! – деп безінеді. Бұдан: «бүгін сатира жоқ» деген тұжырым жасауға болмайды. Сатиралық өлең-әңгіме жинақтар жыл сайын жеке кітап болып шығып жатыр. Ал Оспанхан Әубәкіровтің шәкірті Мұхтар Шерімнің 4 томдығы күлкіні құрметтейтін көпшілікке тарту етілді! Кейбір гәзеттерде әзіл-сықақ бұрыштары, беттері бар. Апта сайын шығып тұрады. Өкініштісі: оларда деректі сатиралық дүние жоқтың қасы.

Жазушылар одағының Сатира кеңесі, рас, соңғы жылдары үйреншікті кеңселік жұмысты босаңсытып алды, бас қосып мәжіліс жасауымыз болмай жүр, бірақ, мен оны кеңестің өзіміз сайлаған төрағасы Көпен Әмір-Бектің тапсырылған іске селқостығынан демеймін. Себебі, біріншіден, Көпеннің көп күш-жігері, уақыты экономикалық қиыншылықпен жабылған «Ара» журналын қайтадан ашуға жұмсалды. Ақырында «Нұр Отан» партиясының көмегіне сүйенуге тиіс болып, «Ара» әзірше «Айқын» гәзетінің апталық қосымшасы ретінде айына екі мәрте шығып жүргенін білесің. Көп ұзамай жеке отау тігуі мүмкін. Дегенмен, өзің айтқандай, екі-үш министрді креслосынан ұшырып түсірген, басқа да талай «мықтыны» бұғалықтаған баяғы «Ара» қайтып оралмайды. Негізгі бұқаралық

ақпарат құралдарымыз биліктің жалбақай жаршысы болып, қолына құлшына су құйып, ертең түшкіреріне «жәрәкімалланы» бүгін айттып, сыпыра мақтауды малданып, жағымпаздықтың туын желбіретіп жүргенде ендігі «Ара» өз төтесінен өзгеше жол таба алмас. Ал кеңес жұмысын саябырлатты деп Көпенге оншама ренжімейтін екінші себебім, «Қазақ әдебиеті» гәзетінен оқыған да боларсың, Көпен бізбен – Үмбетбай Уайдин екеуімізбен ақылдаса отырып, Садықбек Адамбековтің 90 жылдығын, Оспанхан Әубәкіровтің 80 жылдығын, Сейіт Кенжеахметовтің 70 жылдығын өткізу мүддемізге орай тиісті облыс, аудан басшыларына барып, шаруаның мән-жайын талқылап, мол игілікті іс тындырды.

– *Аға, бүгінгі қазақ айтысына көңіліңіз тола ма? Бұрындары қоғамның ащы шындығын айтып халықтың айызын қандыратын қазақтың айтыскер ақындары (айтысты «Нұр Отан» партиясы қолға алғаннан кейін) Елбасыны мадақтаудан арыға аса алмай қалған сияқты...*

– Екі дізгін, бір шылбыры Жүрсін Ерманның қолына еркін тиген алғашқы жылдары ақындар айтысына айызымыз қанған. Одан бертіңде тыңдаушы – біздің мүддемізден биліктің мақтаншыл мүддесі басым болып, шырылдаған шындық сылдыр сөзге жол босатып, қайран айтыс даңғаза бизнесмендердің «жеңімпаздарға» аутокөлік лақтыру жарысына айналды. Одан соң ақындар айтысының «абызы» Мырзатай Жолдасбеков болды да, бүгінгі билікті дәріптеудің «теориялық бағдарламасы» жасалды.

Енді «мұртқа өкпелеп жүргенде сақал шығып», жуықта «Лақпа айтыс» деген бір пәлекет пайда болғанын естідім. Жетістік-ақ!

– *Қазақтың ақпарат айдынындағы әрбір басылымды қалт жібермей қадағалап отыратыныңызды жақсы білеміз. Бүгінгі қазақ баспасөзінің даму қарқыны қай деңгейде? Тәуелсіз басылымдарымыздың барлығы бірдей ұлттың мәселесін көтеріп, шындықтың бетіне тіке қарай ала ма?*

– Бұл сұрағыңа мұның алдындағы жауабымда: «Негізгі бұқаралық ақпарат құралдарымыз» деп бастап айтқан ойым орайлы ғой деймін.

– *Жүріп өткен өмір жолыңызда өкінетін тұстар бар ма?*

– Құдайға шүкір, өмірімде өкінішті тұстар бола қойған жоқ.

– «Мәңгілік ел» болуды мұрат тұтқан қазақ халқының болашағы қандай болғанын қалайсыз?

– Әлбетте, жарқын болғанын!

– Аға, соңғы сауалым... ыңғайсыздау бола ма...

– Ыңғайланып қалған соң ыңғайсыз болмас, құлағым тосулы.

– Олжас Сүлейменов туралы.

– Көңіліңе алмағайсың, саған ренішім емес, менімен сұхбаттасқандар Олжасты көлденеңдетпей қоймайды, иә, айта ғой.

– Олжас Сүлейменов: Семей полигоны, еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттік тілі, 1986-жылғы Желтоқсан, т. б. мәселеде неге ала-құла пікір айтып жүреді және кейбіреулердің, соның бәрін біле тұра, оның сол қылықтарына орынды, әділ сын айтқандарды: Олжекеңді түсіне алмайды, надан, күншіл, бишара деп, тіпті қанденге, маймылға теңеп бажылдайтындары неліктен?

– Мен Олжаспен айналасқан дос та, аңдысқан дұшпан да емеспін. Жазушылар одағымыздың құзырында қызметтес болдық. Былтыр Одақтың және «Қазақ әдебиеті» гезетінің 80 жылдықтары атап өтілді ғой, мен Алматыдан тыс жүрдім де, қатыса алмадым. Сонда Олжас, естуімше, Одақта 30 жыл істегенін айтыпты, онысы бекер. 15-16 жыл ғана. Әнуар Әлімжанов 1971-жылы Одағымыздың 1-хатшысы болып келісімен штатты кеңейтіп: «Жас әдебиетшілермен жұмыс жөніндегі хатшы» деп, «Шет елдер әдебиетімен байланыс жөніндегі хатшы» деп екі орын қостырып, соңғысына Олжасты шақырып алған-ды.

Қазекемнің: «Ерікті ауызға бөрікті бас сияды» дегені олжастарға қарата айтылғандай. Осы жақында ғана ол: «Толық тәуелсіздік – Қазақстанға қатер» депті. «Сөз-ақ!» Оның алдында қазақ айларының «мамыр», «желтоқсан» аттарын ұнатпай тулады. Сонысын естігенде: «Мұның баяғыда президент болмақ ойы іске аспай қалғаны, бір есептен, дұрыс екен-ау! Егер бола қалса ғой, ең әуелі қазақтың: жыл, ай, апта аттарын өзгертемін деп қиғылық салады екен, құдайдың сақтағаны-ай!» деп күлдім. Мемлекеттік тіл десек, бұл атақты ақын ағаң әлі күнге «орыс тіліне мемлекеттік мәртебе беру керегімен» жүр. Алматы қаласы әкімдігінің іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу жөніндегі шешіміне бірінші болып қарсы шыққаны, «Алматыны» қайтадан «Алма-Ата» деуді қолдағаны есінде шығар. Ал 1986-жылғы Желтоқсан көтерілісіне қатысы, кейін өзі де, жандайшаптары да

айтылып жүргендей, «Уа, бәрекелді!» емес. Сұрапыл екі күннің біріншісінде сол кезде партияның Орталық комитетінде Мәдениет секторын басқарған жазушы Софы Сматаевтың кабинетінде тырп етпей отырған, жастардың алдына шығып сөйлеуіне мүмкіндік беруді талап етпеген. Ол дерек Софының бертінде «Жас алаш» гәзетінде шыққан мақаласында бар. Ақынның одан кейінгі күндері жасаған «ерліктерінің» бірін «Трибуна» гәзетінің былтырғы бір санындағы «Исповедь декабристки» деген материалдан кездейсоқ білдім.

Семей полигонын жабуды Горбачевке ресми жеделхат жазумен талап еткен адам Семей облыстық партия комитетінің 1-хатшысы Кешірім Бозтаев болғанын жазғанымға ақынымыз қатты шамдана қарсы шығып: «Иә, ол партия комитетінің бірінші хатшысы болды, алайда ешкім оның полигонға қарсы күрестің алдыңғы сапында болғанын көрген жоқ!» деп, марқұм Кешекеннің аруағынан аттап кетті. Мұсылманға жат сол астамшылдығын, басқа да ағаттықтарын айтқанымға ақын шіркініміз: «Менің баяндамаларымда аты аталмағанына қитығып жүрген болар» дегені ғой. Ол Жазушылар одағын басқарған жылдары, менің сықақ әңгімелерімді оқи алмағаны былай тұрсын, қазақша сөйлей де алмайтын. Маған таққан «кінәсін» марқұм Лев Гумилевке таққаны да бар. «Тарихқа ақынның көзімен қарау» бос әурешілік екенін ескерткен ғұлама жиеніміз (оның шешесі Анна Ахматова – түрік қызы) атышулы «АЗ и Я» кітабының әдебиғылыми салмағы тым жеңіл екенін айтқан. Соны, сірә, алдыңғы жылы ғой деймін, дос-жолдастарының бірі есіне салғанда Олжас көкең: Мен оны сол кітабымда атаған ғалымдармен қатар атамаған соң ренжігені де, депті. Па, шіркіннің тапқан сылтауын қарасаңшы!.. Түрік тарихының бірегей шежірешісі, түрік тілінің халықаралық деңгейдегі ең білгір зерттеушісі Лев Гумилев олжастардың назарында болуды көкसेгені неткені! Ал ақынның «адвокаттарына» келсек, оларды екі топқа бөлуге болар. Бірінші топтағылар – «Невада-Семей» акционерлік қоғамы Қорының Семей полигонынан зардап шеккендерге көмек беруге деп жинап алып, бірақ семейліктерге бір тиын да бұйыртпай, Шодиев, Машкевич, Ибрагимов, тағы басқасы бар бәрі өзара бөліске салған миллиардтаған доллардан «шотан» алғандар. Екінші топтағылар – Лев Гумилев: «Сколько страниц – столько ляпсусов» деп тұжырған «АЗ и Я»-ны қасиетті, киелі кітап деп құшақтап

жүргендер. Меніңше, жалпы сол жантықтарға көңіл бөлудің керегі жоқ.

– Шынында, аға, қашан болсын жантықтар әділдік үшін жаралмағандар зой. Уақытыңызды бөліп әңгімелескеніңізге рахмет! Жаңа жыл құтты болсын!

– Сендерге мен де тек жақсылық тілеймін!

Гүлмира САДЫҚ,

«Қазақ үні» газетінің жсауапты хатшысы.

10. 12. 2015 ж.

«ҚӘ». «КІТАПТАРЫҢЫЗ ТУРАЛЫ БІР СӨЗ». Сауал.

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ:

– Тұңғыш кітабым – «Мінездеме» (әзіл-сықақ әңгімелер) 1970-жылы 12.000 таралыммен шықты. Одан 1992-жылға дейін жарық көрген 8 жинағымның әрқайсысы 35.000 дана болып басылды. Орыс тіліндегі «Смех и слезы» кітабымның таралымы – 50.000 дана. Ал сол жылдары оқырманға менің аударуыммен ұсынылған: Әзиз Несин, Остап Вишня, Аурелиу Бусуйок жинақтары 10-12.000 данадан болды.

«Өз күнінді өзің көр» қағидалы заман басталған 1992-жылдан беріде менің кітаптарымның да таралымы қаламдастарымның көпшілігіне меже етілген 2.000 дананың шегінен аспады, көбінесе – 1.000 дана.

Бұрынғы жинақтарым республика кітапханалары мен сауда дүкендеріне жетіп жатса, кейінгілерім саны үш есе қысқарған кітапханалардың жартысына да жетпейтін болды.

Менің кітаптарым соңғы 20 жылда тиісті министрліктің қамқорлығымен емес, баспагер інілерімнің, демеушілердің ықыласымен шығып келеді. Аты құбыла беретін министрлігіміздің «қамқорлығына» екі мысал келтірейін:

1. Жасым 70-ке толардан екі жыл бұрын (2003 ж.) министрлікке хат жазып, әзіл-сықақ әңгімелерімнің екі томын шығарып берулерін өтіндім. «Мүмкіндік жоқ» деді. «Мейілдерің!» дей салдым. Бірақ содан қалайда хабардар болған астаналық белгілі қайраткер інілерімнің бірі ол өтінішімді жерде қалдыртпай, 2011-жылы шықпақ кітаптар

тізіміне ендіріпті. Ойымда жоқта жасаған жақсылығын кейін, маған таныс досынан естідім, ал өзі аты-жөнін жария етпеді қалапты. Ол Екітомдығымның 1-кітабы 2011-жылы, 2-кітабы 2013-жылы шықты.

2. Жасым 80-ге толардан біржарым жыл бұрын Мәдениет министрі мен ҚЖО басқармасының төрағасына өтініш жолдап, 2015-жылы атақты Әзиз Несиннің туғанына 100 жыл толатынын, оның аудармашыларының бірі – өзімнің сексеннің сеңгіріне шығатынымды хабарлап, Несиннен аудармаларымның Екітомдығы шығуына қол ұшын беретіндеріне бек сенетінімді айттым. Министрліктен 2014-жылдың күзінде: «2015-жылы шығарып береміз» деген жылы жауап жетті де, 2015-жылдың көктемінде: «тендер өткізбеді» деген «қара қағаз» келді. Тағыда: «мейілдерің!» дей салдым. Олардың ақ тізімінде жоқ екенімді баяғыдан білемін, «басы ауырмайтындардың қасында балтырымды сыздатып» қайтемін?! Министр мені білмейді дейін, ал Нұрлан Оразалин ше? Өтінішімді жолдаған соң телефон шалғанымда: «Ғаб-аға, министрмен сөйлесем, бір реті болар» деді. Сенатор басшымыз сонымен тым-тырыс қалды. «Одақта отыз жыл қызмет істеген, жасы сексенге келген ақсақалымыз!» дей алмағаны, анығы – дегісі келмегені «түсінікті». Оның әу баста Одаққа басшы болып келуіне екі себепші болса, бірі мен едім, соны «ойлап», сірә, «енді ісім түспейді, қайте қоям?..» деген шығар.

Бүгінде: «кітап өтпейді, оқырман жоқ» деген «ғажап білгірлік» пікір бар. Ал оның неліктен екеніне назар аударылмайды да, жаңсақ жорамал жорта береді. Өз басым Алматының 4 кітапханасымен тұрақты қарым-қатнастамын. Қашан барсам да, әсіресе жас оқырмандарды көптеп көремін. Өкінішке қарай, олар қажет еткен жаңа кітаптар табыла бермейді.

Жылда іргелес екі-үш облысқа барып-қайтып жүремін. Әрине, кітап сататын дүкендерде, кітапханаларда боламын. Көретінім – ресейлік әлем-жәлем кітаптар мен журналдар. Қазақ ақын-жазушыларының кітаптары жоқтың қасы. Әсіресе мектеп кітапханаларының қоры ескірген, жаңа кітап алдыруға қаржы тапшы. Яғни, жоқ кітап қалайша «өтпейді», қоры тозған кітапхана атаулыға оқырман неге бара беруге тиіс?

Көркем әдебиетіміздің арқауы, ажары, біздің рухани жан ләззәтіміз – тағлымды кітап десек, оның тағдыры тәлкекке айналып, тағлымды

кітапты таныстық кітап еңсеріп барады. Кейбір қалың қалталылар бүгінгі өзінің, кешегі әке-атасының не кигені, қайда болғаны, не ішіп-жегені, қалай кекіріп-түшкіргені, қалай ұйықтағаны туралы қалың-қалың кітап шығаратын «дәстүр» тапты. «Аузы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» деген мәтелдің заманы туды. «Әдебиетке обал болды-ау!» дейтін басшы-қосшы көрінбегелі қашан?! Өте өкінішті!

2015 жыл, қазан айы.

ҚҰЛЫНШАҚТЫ ҚҰШАҚТАП КӨРДІҢ БЕ? немесе Ғаббас Қабышұлымен телефон-сұхбат

Тілші: – *Ғабеке, ассалаумағалейкүм!*

Ғаббас Қабышұлы: – *Уағалейкүмәссәләм!*

– *Өзіңіз айтқандай, «Айқын» газетінің үйінде бір бөлмесін жалдап тұрып жатқан «Араның» тілшісімін, хал-ахуалыңыз қалай?*

– *Құдайға шүкір.*

– *Бәрімізге ортақ бір қуанышыңыз бар екен, әзіл-сықақ аңгімелеріңіздің Екітомдығы шықты деп естіп отырмыз, құтты болсын!*

– *Ә, иә, шықты. Рахмет!.. Бір томы – естеліктерім, екіншісі – әйгілі түрік көкеміз Әзиз Несиннің жұмсақ-қатты күлкісінің біразы.*

– *Бәрекелді! 80 жылдығыңызға силық болған екен, «ештен кеш жақсы» деп. Қай баспамыздан шықты?*

– *Біздің емес, Түркиәнің баспасынан.*

– *Ол қалай?!*

– *Ол былай: Әзиз Несиннің туғанына биыл желтоқсанда 100 жыл толады. Ол жарықтық біздің «Ара» журналымызбен кұрдас еді. Әзиз бей ескерілер-ау, «Араны» кім елей қойсын... Өзекеңнің бір аудармашысы менің 80-імді жақсы атап өттіңдер, ол үшін және бір рахмет! Мәдениет министрі Асылхан Мұхамедиұлына, Жазушылар одағының басшысы сенатор Нұрлан Оразалинге осы екі датаны айта 2014-жылдың басында, әлгі атышулы тендер дегендерінің алдын ала хат жазып, 10-20 томымды емес, екі томымды шығарып беріңіздер, қолжазбам теріліп дайын тұр дедім. Министрліктен: «2014-жылға болмас, 2015-жылға шығарып берелік», деген жауап жетті. Нұрланмен жабарласып едім, ол: «Ғабеке, естідім, білдім, ми-*

нистрмен сөйлестім, реті келер» дегенді айтты. Сөйтіп, мерейтойыма бір ай қалғанда Министрліктен: «Екітомдығыңыз тендерден өтпеді» деп «сүйіншілеген» төрттекше хат келді.

– *Жөн болмаған екен.*

– Министрлікте, меніңше, ақшаның есеп-қисабына жетіктер көп те, әдебиетіміздің жөн-жосығын білетіндер аз. Мысалы, біздің бұдан он жыл бұрын қайтыс болған үлкен жазушымыздың, ол марқұм ағамыздың аты-жөнін айтпай-ақ қояйын, аруағын мазалап қайтеміз, иә, сол кісінің қызы: «Алдағы жылы әкеміздің 90 жылдығы еді, таңдамалысын шығарып берсеңіздер екен» деп өтінішін жазып алып, министрлікке барыпты. Ол қарындасымның өзінен естігенімді айтып отырмын. Өтінішті оқыған шенеунік: «Таңдамалыны сұрайды екен, жаңағы онысының аты қалай, неменелерін шығаруды жаңағы сұрайды, неше бет, соның бәрін жаңағы дұрыстап көрсетіп, өтінішін жаңағы өзі алып келсін!» депті.

– *Ойбу!*

– «Жаңағы» деген сөзді құрттың малтасынша екі ұртына кезек-кезек жүгіртіп отыратын «сауаттылар» атқа мінген заман ғой.

– *Аға, биылғы мерей тойыңызда университет шақырды ма, сіз журналиштылар факультетінің түлегісіз ғой?*

– Саған әуелі әзілімді айтайын: 80 жыл 6 айдағы мені «аға» демесең де болады, бәрібір жасарта алмайсың, солай ма?

– *Дегенмен...*

– Енді әзіл емесімді айтайын: әзіл-сықақшылардың әділ де адал жоқшысы Темірбек Қожакеев ағамыз болғанын білесің. Сол қамқоршымыз марқұм болғаннан кейін университетті бітіргендердің тізімінен сызылып тасталған сияқтымын. Себебі: университет басшылары мені университеттің пәлен жылдықтарына шақырған емес және менің түглен жылдықтарымда ләм-мим деген емес.

– *«Қызық» екен.*

– Мен Шығыс Қазақстаннанмын ғой, сол облысымыздың басшылары да менің мерейтойларымда үнсіз қалады, екі-үш жыл сайын «жаңарып» жататын обләкімдердің бірі тіпті: «Ойбай, ол кісі оппозицияда емес пе?» деп шошып кетіпті. Ал университет басшы-қосшыларының неден шошынғанын білмеймін. Мені қойшы, әлемнің алпыс шамалы елінде болып, Қазақстанын, қазағын танытып

өткен, республикалық, одақтық, халықаралық әдеби силықтырдың талайын алған және ғұлама әл-Фараби бабамыз хақында, қанжар тілді Махамбет атамыз жайында роман жазған Әнуар Әлімжанов та онда оқымаған тәрізді.

– *Түүһ!..*

-Мен биыл Әнекеңнің 85 жылдығына орайластыра университет ректоры Мұтановқа хат жазып, мақтаньш етулеріне татитын тарихи тұлғаны ескеруді, «Әнуар Әлімжанов оқуларын» ұйымдастыруды ұсындым. Өздері шығарып келе жатқан «Өнегелі өмір» топтамасымен Әнуар туралы кітап шығару жөн боларын, қажет мақала-фотосурет атаулыны түгел тауып бере алатынымды айттым, – жарты жыл өтті, әлі жауап жоқ.

– *Иә, Әнекеңді ескермеген соң... Ал Екітомдығыңыздың Түркиәда шыққаны қалай?*

– Астананың менен ат-тонын ала қашқанын білген «Анкара» баспасы: «Олай болса, Әзекең де, Ғабекең де бізге керек!» деп қолтығымнан алып, төріне бір-ақ шығарды. «Түрксойдағы» Дүйсен Қасейінов, Отарбаев Мәлік пен Алматыдағы баспагер Құныпияұлы Кәдірбек інілерім қолға алды да, екі ай мөлшерінде жарқ етті! Полиграфиялық көркемделуі ғажап сұлу! Бізде өйтіп шығару әлі жоқ. Дүйсен інімнің алғысөз ретіндегі пікірі мен және бір желпінтті! Мәлік інім жүз шақты кітапты өзі алып келіп, тұсаукесерін де өз қаржыларымен өткізіп берді!

– *«Көңілім бір жайланды» дейсіз ғой?*

– Қабағын шытып қазан айы келіп қалса да, көңілім дереу көктем болды! Сен туғанына екі-үш ай ғана болған құлыншақты мойнынан құшақтап, құлағының түбінен иіскеп көрдің бе?

– *Жо-о-оқ...*

– Иістің құдыреті сол ғой, шіркі-і-ін!... Мәлік інім бірінен бірі аса жалтылдаған қос кітабымды ұсынғанда құлыншақты құшақтай алған бала қалпыма түсе қалдым-ау деймін!..

– *Сондай сәулелі сәттеріңіз бұдан былай да бола берсін!*

– Аузыңа – май!

2015 ж.

ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘНГІМЕ

«Әлем әзілі» гәзетінің тілшісі Фатима САҒЫМБЕКОВА
жазушы Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫМЕН кездесті

1. Қысқаша өмірдегіңіз?

– Шығыс Қазақстанның Ұлан ауданындағы Ұранхай ауылында (орнында ең болмаса 1 кірпіш-тас қалмағалы 15 жыл болды) 1935-жылғы көкек айының 9-ншы күні осы дүниеге келіппін (не үшін екенін онда білген жоқпын). Уақтылы: пионер, комсомол, коммунист болғандардың бірімін. Қазақ Мемлекеттік университеті журналистер факультетінде оқып, диплом дегенді алғандардың да бірімін. Қазақ сатирасының жанашыры, жоқшысы, ұстазым, диплом қорғауда жетекші болған профессор Темірбек Қожакеев барда университеттің жиын-жиналысына, әзіл-сықақшылардың (арасында өзімнің де) туған күндерін атап өтуге шақырылып, ай сайын бас қосып, мәре-сәре болып жүрген едік, Темкең фәниге аттанып кеткеннен кейін (2003-жылы) «Темірбек Қожакеев оқуларына 1-2 жыл қатыстық, содан соң университетті мен ұмытпасам да, университеттің ректор, проректор деп аталатын жаңа иелері мені ұмытты. Тым құрыса: «Сен де осында оқыпсың-ау?!» деп, мысалы, былтыр жасым 80-ге толғанда жымырулы еріндерін жыбыр еткізбей қалды. Қайтсын-ай, тәулігіне 24 сағаттың орнына 25-26 сағат істеп, сорпалары шығып жүрген болар!

2. Отбасыңыз жайлы айта отырсаңыз?

– 4 баланың (есепке түзу 2 ұл, 2 қыз) әкесімін, он шақты немеренің атасымын, 5-6 шөберенің бабасымын. Балам саны өспейтінін білем ғой, ал немере-шөберелерімнің әлі де болатынын сезіп, бәйбішем, дәрігер Зада Мүкәрәмқызы екеуіміз құдайдың бергеніне де, береріне де шүкіршілікпен қуанып жүрміз.

3. Балалық шақтан есіңізде қалған қызықты жағдай?

– «Қызыл Ту» колхозында оның бастығы Райымхан ағамен көрші тұрдық. Ол аудандық, облыстық бәйгелерде 1-2-орын алып жүрген атақты Кератты өзі баптаиды, таңертең ауылдан жоғары 1 шақырым жердегі Көкбастауға өзі жетектеп апарып суарып әкеледі. Бір күні: «Аға, мен суарып келейінші!» деп жалындым. Керат өте әдемі, қатты қызығып жүремін, 2-нші сыныпта оқитын кезім. Рахаң алай деп, былай деп біразға дейін жолатпас болды да, ақырында: «Жарайды, бірақ аяңдатып қана барып кел, желдіруші болма, желдірсең, шаба жөнеледі

де, басы қатты, сені бір жерде топ еттіріп түсіріп кетеді, мертігіп қаласың, ұқтың ба?» деп, мені жайдақ мінгізіп жіберді. Иә, аяңдатып барып суардым. Көкбастаудан ауыл көрінбейді, ал арғы жағы жазық иен дала. Қызығып кеттім де, аттың ауыздығын салып, басын далаға бұрып, тақымымды қысып қалып едім, ат лып етіп ала жөнелді. Біраз айнала шапқаннан кейін ат ауылға қарай зымырады. Токтатайын, аяңдатайын деп дізгінді қос қолдап тартып едім, – бой бермеді. Менде жалынан ұстап жабысқаннан басқа лаж қалмады. Ауылда 1 ғана көше бар, ат сонымен төмен қарай зымырады. Төмен жақта жылқы қора бар, соған тартқанын ұқтым да, орта тұстағы үйіміздің жанынан өте бергенімді аңғарып: «Апа! Апа!» деп айғайлап, бақырып жылап та жібердім. Керат қораға кіріп бір-ақ тоқтады, ал мен ыршып түсіп, қорадан ытқып шығып, үйге қарай бездім. Үйге жақындағанымда жүгіре басып келе жатқан апамды көрдім. Мен «апалап» жылап, апам «балапаным-аулап» табыстық. Е, қайран балалық шақта сан қызық-шыжық болды ғой!

4. Еңбек жолыңыздан қысқаша мағлұмат берсеңіз.

– «Тарғын» орта мектебінен кейін облыстық «Алтай большевигі» (қазіргі «Дидар») гәзетінің редакциясына корректордың көмекшісі болып орналастым. Шәкірт жылдарымда өлеңдерім шықты, хат-хабар жазып тұрдым. Редакцияның жауапты хатшысы («жауапсыз хатшы» да болды ма екен?!) Мұқан Әбуғалиевке барып едім, ол: «Ә, Ғаббас Қабышев деген авторымыз сен екенсің ғой?!» деп дереу редакторға (Бейсек Исабековке) жетектеп алып барып, жұмысқа алуға бұйрық жазылды. 3 айдан кейін корректор, 4 айдан кейін әдеби қызметкер, 3 жылдан соң бөлім меңгерушісі, 2 жылдан соң «жаухатшының» орынбасары, 2 жылдан кейін «жаухатшы» болдым. Сөйтіп, 1966-жылы көкек айында «Қазақ әдебиеті» гәзетінің редакциясына әдеби қызметкерлікке қабылдандым. Бас редактор, жазушы Нығмет Ғабдуллиннің ықыласымен. Алматыға келуіме жазушы Кәкімжан Қазыбаев себепші болса, ол шақырған облыстық «Жетісу» гәзетінен бетімді «Қазақ әдебиетіне» дос-жолдастарым ақын Жүмекен Нәжімеденев пен сазгер Шәмші Қалдаяқов бұрып жіберді. Онда бөлім меңгерушісі, «жаухатшының» орынбасары болып, жиыны 8 жыл, одан кейінгі жылдары: Жазушылар одағы құзырындағы Әдеби қорда директор, Көркем аударма алқасында төраға, Одақ басқармасының

2-хатшысы болып, арасында 4,5 жыл «Ара-Шмель» журналын басқаруға «барып-келіп», содан 1996-жылы зейнетке шықтым. Яғни Жазушылар одағымызда 30 жыл қызмет істедім. Одан беріде – бәйбішемнің орынбасарымын, қазіргі қоғамымыздағы «мода» бойынша, әлгі жалақысыз демалысқа шығарылғандардың бірімін.

5. Сатира жанрын неге таңдадыңыз?

– «Әдеби сауатымды» өлеңмен ашқанымды айттым ғой, ал сатираны «таңдауыма» Бейсек Исабековтен кейінгі редакторымыз Бейсенғали Тәйкімановтың әмірі себепші болды. Редакциядағы жолдастарымыздың бірі Қырықбайдың келіншегі балқанақтай ұл тауып, шілдәканаға жиналды. Сәбиге ат қою «сыбағасы» маған бұйырып, ырымдап «Мұхтар» дедім. Мен «жаухатшының» орынбасары едім. Ертеңге шығып жатқан гәзетке кезекші де болатынмын, соған асығып, рұхсат алып, баспаханаға жөнелдім. Ертеңінде жұмысқа сәл кешігіңкіреп барып едім, хатшы-машинкашы қыз редактордың мені іздеттіргенін айтты. Барып, сәлем беріп, үйреншікті орныма беттедім. «Ғаббас, сені құдай сақтапты. Кеше шілдәканының аяғына дейін отырсаң, сенің де шыбының шырылдайды екен, – деп редакторымыз қыжыртқан ұнмен күлді. Тойға барған жолдастарыма көз тастасам: бірінің көзі көгеріп қалыпты, бірінің ұрты ісіңкі, бірінің шекесі бұлтиып тұр. «Не болды?» дедім, шілдәхана иесі жолдасымызға иек қағып. Ол ұзын бойлы, қалқанқұлақ еді, оның құлағына “ен салыныпты”. «Өй, әлгі қайнағам пәле болған жоқ па?! “Баланың атын мен қоям, Алтай қоям!” деп, сен шыққан соң-ақ айқайға басып, ақырында төбелесіп... ол пәле, пәле ол, боксер ол, разряді бар!» деді.

– Жә, осы жетер, – деді редактор, үнін қатайтып, түсін суытып. – Мен сендерді жақсы білемін, сендерде кінә жоқ, ал анау “боксерді” жазалатуымыз керек, сұмдықты шығарған сол ғой! КГБ-ның капитаны болмақ тұрғай генералы болса да, оны көріп алайын! Мүмкін погонын көтере алмай жүрген шығар?! Сен, Ғаббас, осы оқиға туралы фельетон жаз, мен көмектесемін, удай қылып жаз! – деп оң қолының жұдырығымен үстелін нығарлай құшырланып қойды. – Жарайды, тарандар. Рамазан мен Ғаббас, екеуің қала тұрындар, – деді содан соң.

– Беке, фельетон жазып қайтеміз, қажеті не? – деді «жаухатшы» Рамазан Сағымбеков.

– Солай ма? Таяқтың бір ұшы өздеріңе тиеді, ә? Жарайды,

бастығына айтып, басына шерткізіп-шерткізіп қояйын. Бірақ үнсіз қалдыруға болмайды, сен, Ғаббас, шартты фельетон жаз.

– Фельетон жазып көрген жоқпын ғой? – деп безектедім.

– Ештеңе қиындығы жоқ, жазасың, икемің барын сезіп жүрмін, – деді редактор. Сөйтіп, әзіл-сықаққа алғаш қалам тарттым. Кейіпкер атаулының аты-жөндері өзгертілді, шартты фельетон болған соң. Оқиға сол қалпында суреттелді. “Жануар тойы” деген тақырыппен жарияланды. Жолдастарыма, оқырмандарға, өзіме де ұнады. Содан соң сатираға «сатылып», өлеңнің «көңілін қалдырып» кеттім. Санымды сокқан күнім жоқ.

6. Бүгінгі күннің сатирасына көңіліңіз тола ма?

– Сатира жер ауып кеткен жоқ және әрқашанғысынша қуатты. Бір ғана мысал: шымкенттік Мұхтар Шерім – республикамызда балалап жатқан әзіл-сықақ театр саны бүгінде нешеу болса, соның бәрін қазақы күлкімен жарылқай алатын сатирик! Театр қожалары оны жақсы біледі, бірақ көпшілігі Мұхтарға да, басқамызға да жолай бермейді, өздерінің аттарын тек өздері шығаруды көкसेп, шикілі-пісілі «күлкілерімен» әзіл-сықақты 3-4-нші «сортты» етіп тынды. Көрерментындарман жұрттың оны сатириктерден көріп, сырттай «тон пішіп» жүргендері сондықтан. Ал бүгінде сатираға «саптыаяқпен ас беріп, сабына қарауыл қойған» ерекше «қамқоршымыз» – бүгінгі билік, оның жер-жердегі «құлақтары мен көздері». Солардың «арқасында» сатираның зеңбірегі – фельетон «списать» етілді. Үлкен-кіші гәзет беттері одан «тазартылғалы» 20 жыл. Біздің қоғамда фельетондық оқиға «жоқ», табылып жазыла қалса, автордың «бағы жанады», – оған мысал аз емес, өздерің де куә шығарсындар.

7. Зейнетке шыққаннан беріде басыңыздан өткен бір қызықты оқиганы айтып берсеңіз?

– «Қызық» тоса тұрсын, «шыжықты» айтып берейін. Жасым 70-ке толардан 2 жыл бұрын, 2008-жылы, баспаларды бауырына басқан Министрлігіміздің егесіне хат жазып, 5-10 том деп шошындырмай, әзіл-сықақ әңгімелерімнің 2 томын шығарып беруді өтіндім. Құп алмады. Менің «оппозицияда екендігімнен» хабарошарлары бар болса керек, ат-тондарын ала қашты. Жасым 80-ге толардан біржарым жыл бұрын, жоғары мәртебелі екі мырзаға: Мәдениет және спорт министріміз Арыстан Мұхамедіұлы мен Жа-

зушылар одағымыздың егесі сенатор Нұрлан Оразалинге хат жолдап, Әзиз Несиннен аудармаларымның 2 томын шығарып беруді өтіндім. Әзекеңнің туғанына 100 жыл толарын да естеріне салдым. «2014-жылы реті болмас, 2015-жылы шығарып береміз» деген жауап келіп, тұщына бір тамсандым. Содан кейін, 2015-жылдың наурызында, «қара қағаз» келді. Министрге, сірә, спортшы болмағаным ұнамаған шығар, ал екі сөйлеген сенаторға неге ұнамағанымды өзі біліп жүре берсін деп күлдім де қойдым. Алайда, маған құдайдың көзі түзу екен, тәубә, арада екі апта өте бере ТҮРІКСОЙ ұйымының басшысы Дүйсен Қасейінов мырзаның атынан орынбасары Мәлік Отарбаев мырза Түркияның астанасы – Анкарадан телефон шалып, 80 жылдығыма Екітомдығымды шығарып беруге әзір екендерін айтты. 2 том аударманың қолжазбасы жатқан «Ан-Арыс» баспасының директоры Кәдірбек Құныпияұлы мырза хабарласқан екен. «Ұзын сөздің қысқасы» – Астана азар да безер болса да, Анкара ағынан жарыла қол ұшын созды, Екітомдығымды шығарып әкеліп, тұсаукесерін де өздері жасап, төбемді көкке жеткізді. Әжем жарықтық айтушы еді: «Адамның оң иығында періште отырады, сол иығында сайтан отырады. Періште қолтығыңнан демейді, сайтан аяғыңнан шалады» деп. Мен періштемнің үстем екеніне қуандым.

8. Жақсы көретін анекдотыңыз?

Зымырап келе жатқан бір қоянды екінші қоян тоқтатып:

– Не болды, әй, осынша зытып?! Қайда кетіп барасың? – дейді.

– Арыстан түйелердің бәрін тағалауға бұйрық берді!

– Сен түйе емессің ғой?

– Бет-аузыңа қарамай бассалып тағалап тастаған соң түйе емесінді дәлелдеп көр!

9. Өз қоржыныңыздағы әзілдермен таныстыра отырсаңыз (кем дегенде 5-6 әзіл).

– Жо-жоқ, таныстырмаймын, ренжи көрме. Өйтсем, өздеріңе кейін менің жолдауым мүмкін, сендердің жариялауларың мүмкін әзіл әңгімелерім арзандап қалар. Бүгінде алдындағы тамағы, үстіндегі киімі есінеп езуін жиып алғанша қымбаттап, шала ұйқы болып жүрген, «пәлен мен түглен арзандады» дегенді ұмытқан көпшілікке біз де қымбат күлкіні кесектей көлденең тартуға тырысалық!

10. Сіз үшін өмірде басты нәрсе не?

– Фәниге Адам болып келген соң, бақиға Адам болып аттану. Ол – Отбасыңа, Халқыңа, Отаныңа адал болу!

11. «Әзіл әлемі» газетін шығарушыларға, оқырмандарға тілегіңіз?

-Гэзетті шығарушы қаламдастарыма тілейтінім: құдай сендерді жұмыссыз шаршаудан сақтасын, жұмыстан шаршап жүруді жазсын! «Алыстан арбаламай, жақыннан дорбалап» айтсам, оңаша сәттерімде не кітап оқымай, не қалам ұстамай, мәселен, 5 минөт бос отырып қалсам, сол күнім бос өткендей өкініп, дереу әрекеттенемін. Жұмысымнан қатты шаршап жату – тағдырдың маған берген бір ғажап сыйы! Ал «Әлем әзілінің» оқырмандарына тілегім: редакция ұжымымен әрқашан тонның ішкі бауындай болып, гэзеттің күлкі қазаны ортаймасын ойлап, көмектесіп жүруден жалыға көрмендер! Көркем күлкілерің көп болсын!

Қаңтар, 2016 ж.

МАЗМҰНЫ

I бөлім ХАТТАР

| | |
|-------------|---|
| Хаттар..... | 3 |
|-------------|---|

II бөлім СҰХБАТТАР

| | |
|--|-----|
| Ә.Айтбайұлы. «Мысықта сақал неге жоқ?»..... | 256 |
| Э.Джилкибаев. Путь сатирика – сквозь смех и слезы..... | 259 |
| А.Мәнтаева. Жалпақшешейлік халық пен билікті ажырата бастады..... | 263 |
| С.Сыбанбай, Қ.Сәрсенбай. «Б» десең Бәкеңе тиеді, «Т» десең Тәкеңе тиеді...»..... | 270 |
| М.Мәлікөв. «Кұдай көрсін деп көз, айтсыз деп тіл берді»..... | 285 |
| Ү.Зұлхарова. Енжарлықтан шошып жүрмін..... | 290 |
| Г.Садықова. «Қазақстандық ұлтты» көксеушілер – рухани құлдар!..... | 300 |
| Г.Садықова. Мұраттың онысы несі?!..... | 312 |
| Б.Мәкімбай. Мүлгуизм түбімізге жетер!..... | 317 |
| Апан терең, қаза берсең..... | 323 |
| Анық сауалға – қанық жауап..... | 331 |
| Мырзатай Жолдасбековтің, Олжас Сүлейменовтің және басқалардың өрескел қылықтарын неге айтпасқа?..... | 340 |
| «Тістілер мен тырналардың заманы» болып тұр ғой!..... | 358 |
| Ашық әңгіме..... | 366 |
| «Қазаншы» және «Ала қой»..... | 370 |
| Өміріме өкінішім жоқ сияқты..... | 377 |
| К.Жұманұлы. Ораза айындағы ойбөліс..... | 394 |
| Е.Бапи. «Билікті бағалай білмейтін»..... | 401 |
| Біреу сауал..... | 408 |
| А.Көпеева. Жазушы-сықақшы Ғаббас Қабышұлымен сұхбат..... | 411 |
| А.Лепесова. Қоғамда құл мінезден құтылар құлық жоқ..... | 422 |
| «Жас алаштан» төрт сұрақ..... | 434 |
| Г.Садық. Пайым пырағы..... | 437 |
| «ҚӘ». «Кітаптарыңыз туралы бір сөз»..... | 444 |
| Құлыншақты құшақтап көрдің бе?..... | 446 |
| Ф.Сағымбекова. Орайы келген әңгіме..... | 449 |

Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ

ОҢДЫ ОЙДЫ БҮКПЕЛІК!

(Хаттар мен сұхбаттар жинағы)

Редакторы

Т. АЙТБАЙҰЛЫ

Беттеген

Д. ТАЛҒАТ

Басуға 28.09..2016 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60x90 ¹/₁₆. Шартты баспа табағы 28

Есептік баспа табағы 28,5. Таралымы 100 дана.

«Тоғанай Т» баспасы: Алматы қ-сы, Қожамқұлов көшесі 128-39.

Тел.: +7 727 233 62 23, факс: +7 727 390 41 03.

e-mail: ToganayT@mail.ru